

**С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ**

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Павлодарского государственного университета имени С. Торайгырова

ПМУ ХАБАРШЫСЫ

Филологиялық сериясы
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ПГУ

Филологическая серия
Издается с 1997 года

№ 2 (2017)

Павлодар

МАЗМҰНЫ**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ**

Павлодарского государственного университета имени С. Торайгырова

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

о постановке на учет средства массовой информации

№ 14210-Ж

выдано

Министерством культуры, информации и общественного согласия
Республики Казахстан**Бас редакторы – главный редактор**

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Демесинова Г. Х., *к.ф.н., доцент*

Ответственный секретарь

Шахметова Н. А., *к.ф.н.,
ассоц.проф. (доцент)***Редакция алқасы – Редакционная коллегия**

Брицын В. М., *д.ф.н., профессор (Украина)*
 Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Россия)*
 Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*
 Жусип К. П., *д.ф.н., профессор*
 Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*
 Казиминова И. А., *ст. науч. сотр. НАН, Украина*
 Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*
 Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Россия)*
 Ыскак Д., *д.ф.н., профессор*
 Хасанулы Б., *д.ф.н., профессор*
 Нургожина Б. В., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник ПГУ» обязательна

Азамат Т., Жанайхан Е.

Қазақ халқы мәдениеті мен өнерінің биік шыңы сал-серілік дәстүр12

Алпысбаева Қ. Б.

«Алпамыс батыр» жырының жиналу тарихы20

Аюпова Г. Қ.Ақиқат ретінде лингвокультуремалар және олардың
контрастивті-когнитивтік талдауы31**Әділбекова Л. М., Ескермесова Г. А.**

Сөйлем соңына қойылатын тыныс белгілердің қосымша қызметтері43

Балмағамбетова Ж. Т., Кенжеәулова А. С.

Жарнама мәтінінің мәдени лингвистикалық тұрғысы53

Балтымова М. Р.

Тарихи романдардағы билер бейнесінің сомдалуы58

Бегалиева С. Б.Болашақ педагог маманның ақпараттық-коммуникациялық
күзиреттілігін қалыптастыру70**Григорьева И. В.**

Б. Канапьяновтың шығарамашылықта модустық мәндері79

Дюсекенеева И. М.

Аспектлік категорияны тарихи тұрғыдан қарастыруы90

Елікпаев С. Т.

Т. Қожакеевтің қазақ сатирасы туралы зерттеулері97

Жанайхан Е., Азамат Т.

Қазақ этнопедагогикасының ұлттық тәрбиеге қосар үлесі106

Жетпісбаева Б. А., Шункеева С. А.Қазақстан Республикасындағы қазіргі тілдік жағдай
(социолінгвистикалық аспект)114**Жолшаева М. С.**Қазақ тіліндегі статикалық кеңістік қатынастың берілуі:
көмекші есімдер мен үстеулер123**Жүсіпов Н. Қ., Баратова М. Н.**

Мәшһүр Жүсіптің қолжазбаларындағы шешендік өнер129

Зейнулина А. Ф.

Қазақ әдебиеттану ғылымының Абызы132

Зекенова А. Ж.«Тіл мәдениеті және іскери риторика» пәнінде поэтикалық
шығармаларды пайдалану тәжірибесінен141**Ыбыраев М. А., Әубәкір Р. М.**

Ақпараттық қоғамдағы АКТ-ның қалыптасуындағы рөлі147

Ибраева А. Т.

Үшінші мыңжылдықтағы қазақ әдебиетінің көркемдік тағылымы154

Ибраимова Ж. Ж. Қытай тіліндегі сандық категория орыс тілінде сөйлеушілердің көзқарасы арқылы	162
Иост О. А. Әдеби аспектісінің еуразиялық сұрағы бойынша: XVIII ғасырдағы орыс тіліндегі әдеби шығармалары	169
Искакова Г. Н. Дәріс академиялық дискурстың жанры ретінде	177
Исмагулова Г. К., Кулахметова М. С. Құрылымдарға бағынатын және үйлестіру фразеологизмдері	185
Көшекова А. А. Қазақ шешендігінің кейбір мәселелері	197
Қаирбаева Қ. Т. «Бақыт» концептісінің танымдық сипаты	204
Қаирбаева Қ. Т., Жарикова Д. Р., Доскенова Қ. А. Ою-өрнек атауларының символдық мәні	212
Қапасова Б. Қ. Ә. Бөкейхановтың жер мәселесі туралы мақалалары	220
Қапасова Б. Қ., Елікпаев Т. С. Қазақ баспасөзінің тарихы және Қ. Бекхожин еңбектері	231
Қоңыратбаева Ж. М., Тусупбекова М. Ж. Тіл кеңістігіндегі визуалды ақпараттардың прагматикасы (Астана қаласы мысалында)	243
Личман Е. Ю., Жанайхан Е. Белгі және символикалар көшпенділердің ұйымдастырған кеңістік жүйесі	254
Личман Е. Ю., Жанайхан Е. Шығыс мәдениеттеріндегі түстердің символикасы	260
Мустафаева А. А. Араб әскери терминдерінің жасалуының кейбір тәсілдері туралы	266
Мұхаммади Қ. Т. Аналитикалық септіктің қолданыстағы мағыналары туралы	277
Оданова С. А. Грамматикалық жүйенің құрылымдық және функционалды аспектіде зерттелуі	284
Оданова С. А. Ұлттық тілдік тұлға және оның негізгі белгілері	291
Оралбекова А. К. Инклюзивті білім беру жағдайында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдануға даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделі	298
Ордабекова Х. А. Фразеологизмдердің семантикалық және лингвомәдени сипаты	312
Рахымов Б. С., Ельшибекова Н. Х. Қазақ айтысының жанрлық жүйесі	324

Рысбаева Г. Қ. Түркі халықтарының мәдениетіндегі рухани құндылықтар	333
Сатмухамбетова Қ. С., Әділова А. С. Тележүргізушілер тіліндегі модальділік көрінісі	341
Сұлтанова Б. М. Дулат Исабековтің «Тор» пьесасындағы дәуір шындығы	350
Таласпаева Ж. С., Қадыров Ж. Т. Мәдениеттер тоғысында қалыптасқан түр-түс атаулары	361
Түйте Е. Е., Кенжебеков А. Х. Кәсіби бейвербалды амалдар	368
Үсен А. Ә. Қазақ өлеңінің графикалық құрылымы	380
Шабжанова С. К., Картова А. Ш. Тыңдалым дағдыларын қалыптастыру және дамытудың әдіснамасы мен тәжірибесі	391
Шахметова Н. А., Самсенова Г. С. Саяси коммуникация жағдайындағы метафораның когнитивтік сипаты ...	399
Шахметова Н. А., Нажмиден А. Б. Онимдердің фразеологиялық тіркестердегі қызметі (қазақ және орыс тілдерін салыстыру негізінде)	411
Чобанов М. Өзирбайжан-Грузин әдеби байланыстар тарихи даму процесі арқылы	421
Мұқышев К. Ғасырлар тоғысындағы көсемсөзші – Қорабай Жапанов	431

Авторларға арналған ережелер.....	439
-----------------------------------	-----

СОДЕРЖАНИЕ

Азамат Т., Жанайхан Е. Традиция сал-сері на вершине казахской народной культуры и искусства	12
Алпысбаева К. Б. История собирания эпоса «Алпамыс батыр»	20
Аюпова Г. К. Реалии как лингвокультуремы и их контрастивно-когнитивный анализ	31
Адилбекова Л. М., Ескермесова Г. А. Дополнительные функции знаков препинания, которые ставятся в конце предложения	43
Балмагамбетова Ж. Т., Кенжегулова А. С. Лингвокультурологический аспект рекламного текста	53
Балтымova М. Р. Образ бийев в исторических романах	58
Бегалиева С. Б. Формирование информационной-коммуникационной компетентности будущего педагога специалиста	70
Григорьева И. В. Модусные смыслы в художественном творчестве Бахытжана Канапьянова	79
Дюсекенева И. М. Изучение категории аспектуальности в исторической перспективе	90
Еликпаев С. Т. Исследования Т. Кожакеева о казахской сатире	97
Жанайхан Е., Азамат Т. Вклад в национальное воспитание казахской этнопедагогике	106
Жетписбаева Б. А., Шункеева С. А. Современная языковая ситуация в Республике Казахстан (социолингвистический аспект)	114
Жолшаева М. С. Выражение пространственных отношений в казахском языке: служебные имена и наречия	123
Жусупов Н. К., Баратова М. Н. Ораторское искусство в рукописях Машхур Жусипа	129
Зейнулина А. Ф. Мэтр науки казахского литературоведения	132
Зекенова А. Ж. Из практики использования поэтических произведений по дисциплине «Культура речи и деловая риторика»	141
Ибраев М. А., Әубәкір Р. М. Роль ИКТ в формировании информационного общества	147

Ибраева А. Т. Художественные особенности в казахской литературе третьего тысячелетия	154
Ибраимова Ж. Ж. Выражение количества в китайском языке с позиции носителя русского языка	162
Иост О. А. К вопросу о литературном аспекте евразийства: русская словесность XVIII века	169
Искакова Г. Н. Лекция как жанр академического дискурса	177
Исмагулова Г. К., Кулахметова М. С. Идиомы с подчинительной и согласующейся структурой	185
Көшекoва А. А. Некоторые проблемы казахского ораторского искусства	197
Каурбаева К. Т. Определяющая характеристика концепта «Бақыт» («Счастье»)	204
Каурбаева К. Т., Жарикова Д. Р., Доскенова К. А. Символическое значение названий орнаментов	212
Капасова Б. К. Статьи А. Бокейханова о земельной проблеме	220
Капасова Б. К., Еликпаев С. Т. История казахской журналистики и труды Х. Бекхожина	231
Коныратбаева Ж. М., Тусупбекова М. Ж. Прагматика визуальной информации в языковом пространстве (на примере г. Астаны)	243
Личман Е. Ю., Жанайхан Е. Знаково-символическая система организации пространства кочевников	254
Личман Е. Ю., Жанайхан Е. Символика цвета в восточных культурах	260
Мустафаева А. А. О некоторых способах образования арабских военных терминов	266
Мухамади К. Т. О значениях аналитического падежа в словоупотреблении	277
Оданова С. А. Изучение грамматической системы в структурных и функциональных аспектах	284
Оданова С. А. Национальная языковая личность и ее основные признаки	291
Оралбекова А. К. Структурно-содержательная модель подготовки к использованию информационной и коммуникационной технологии будущего учителя начальных классов в условиях инклюзивного образования	298
Ордабекова Х. А. Семантический и лингвокультурологический аспект фразеологии	312

Рахимов Б. С., Ельшибекова Н. Х. Жанровое своеобразие казахского айтыса	324
Рысбаева Г. К. Духовные ценности культуры тюркских народов	333
Сатмухамбетова К. С., Адилова А. С. Явления модальности в речи телеведущих	341
Султанова Б. М. Истина эпохи в пьесе Дулата Исабекова «Сетка»	350
Таласпаева Ж. С., Кадыров Ж. Т. Названия цветов на стыке культур	361
Туйте Е. Е., Кенжебеков А. Х. Профессиональные невербальные средства	368
Усен А. А. Графическое развитие стиха	380
Шабжанова С. К., Картова А. Ш. Методология и практика формирования и развития навыков аудирования	391
Шахметова Н. А., Самсенова Г. С. Саяси коммуникация жағдайындағы метафораның когнитивтік сипаты ...	399
Шахметова Н. А., Нажмиден А. Б. Роль онимов во фразеологических оборотах (на материале казахского и русского языков)	411
Чобанов М. Азербайджано-Грузинские литературные отношения в ходе исторического развития	421
Мукушева К. Корабай Жапанов – публицист на стыке веков	431
 Правила для авторов	439

CONTENT

Azamat T., Zhanaikhan E. The sal-seri tradition as the peak of Kazakh culture and art	12
Alpysbaeva K. B. Analysis of the history of collecting versions of the epic «Alpamys Batyr»	20
Ayupova G. K. Realities as linguacultural units and their contrastive-cognitive analysis	31
Adilbekova L. M., Yeskermessova G. A. Additional functions of punctuation marks at the end of sentences	43
Balmagambetova Zh. T., Kenzhegulova A. S. Linguacultural aspect of advertising texts	53
Baltymova M. R. The image of the bijes (judges) in the historical novels	58
Begalieva S. B. Formation of information-communication competence of the future teacher	70
Grigoryeva I. V. The modus meanings in art of Bakhytzhana Kanapyanov	79
Dyussekeneva I. M. The study of the aspectuality category from historical perspective	90
Yelikpaev S. T. Kozhakeev's researches about the Kazakh satire	97
Zhanaikhan E., Azamat T. Contribution of ethnopedagogy to the national education	106
Zhetpisbajeva B. A., Shunkeyeva S. A. Modern language situation in the Republic of Kazakhstan (sociolinguistic aspect)	114
Zholshayeva M. S. Meaning of space in Kazakh language: functionals and adverbs	123
Zhussupov N. K., Baratova M. N. Oratory in the manuscripts by Mashkhar Zhussip	129
Zeinulina A. F. Maitre of Kazakh literary criticism	132
Zekenova A. Zh. On the practical use of poetic works in the course of «Culture of speech and business rhetoric» subject teaching	141
Ibrayev M. A., Aubakir R. M. The role of the ICT in the establishing of the information society	147
Ibrayeva A. T. Artistic peculiarities in the Kazakh literature of the third millenium	154

Ibraimova Zh. Zh.	
The expression of amount in the Chinese language from the position of the Russian language speaker	162
lost O. A.	
Considering the question of literary aspect of eurasianism: in the Russian literature of the XVIII century	169
Iskakova G. N.	
Lecture as a genre of academic discourse	177
Ismagulova G. K., Kulakhmetova M. S.	
Idioms with subordinate and coordinating structures	185
Kosheikova A. A.	
Some problems of Kazakh oratorical art	197
Kairbaeva K. T.	
The defining feature of the «Bakhyt» («Happiness») concept	204
Kairbaeva K. T., Zharikova D. R., Doskenova K. A.	
The symbolic meaning of the names of ornaments	212
Kapasova B.	
A. Bokeykhanov's articles about the land problem	220
Kapasova B., Yelikpaev S.	
History of Kazakh journalism and works of H. Bekhozhin	231
Konyratbayeva Zh. M., Tusupbekova M. Zh.	
Pragmatics of visual information in the language space (on the example of Astana)	243
Lichman Ye. Yu., Zhanaykhan E.	
Signed-symbolic system is a compound at organization of space of a nomad	254
Lichman Ye. Yu., Zhanaykhan E.	
Symbolic of color in Eastern cultures	260
Mustafayeva A. A.	
Some ways of the arabic military terms formation	266
Mukhamadi K. T.	
About application values of analytical case	277
Odanova S. A.	
Study of the grammatical system in the structural and functional aspects	284
Odanova S. A.	
National linguistic identity and its peculiarities	291
Oralbekova A. K.	
Structural-substantial model preparation for the use of information and communication technology of the future teacher of initial classes in the conditions of inclusive education	298
Ordabekova Kh. A.	
Semantic and lingua-cultural aspects of phraseology	312
Rakhimov B. S., Elshibekova N. H.	
Genre originality of the Kazakh aitys	324

Rysbayeva G. K.	
The spiritual values of the Turkic peoples' culture	333
Satmukhambetova K. S., Adilova A. S.	
The phenomenon of modality in the speech of TV presenters	341
Sultanova B. M.	
Truth of the era in the play of Dulat Isabekov «Grid»	350
Talaspayeva Zh. S., Kadyrov Zh. T.	
The names of colors across cultures	361
Tuite Y. Y., Kenzhebekov A. H.	
Professional nonverbal tools	368
Ussen A. A.	
Graphic verse development	380
Shabazhanova S. K., Kartova A. Sh.	
Methodology and practice of forming and developing listening skills	391
Shahmetova N. A., Samsenova G. S.	
Cognitive interpretation of metaphor in political discourse	399
Shakhmetova N. A., Nazhmiden A. B.	
The role of onyms in the phraseological phrases (on the material of Kazakh and Russian languages)	411
Chobanov M.	
Azerbaijani-Georgian literary relations through historical development process	421
Mukusheva K.	
Korabay Zhananov – publicist at the turn of the century	431
Rules for authors	439

Т. Азамат¹, Е. Жанайхан²

¹п.ғ.к., доцент; ²доктор (PhD), Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты, Павлодар қ.

e-mail: Erkin_z68@mail.ru

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫ МӘДЕНИЕТІ МЕН ӨНЕРІНІҢ БИІК ШЫҢЫ САЛ-СЕРІЛІК ДӘСТҮР

Автор бұл мақаласында қазақ ұлттық өнерін оның тамырын тереңге жіберген халықтық педагогика тұрғысынан таразылап, Қазақстандағы сал-серілердің өнерін бүгінгі ұрпаққа жеткізуді мақсат тұтқан. Сал-серілердің ғашықтық өлеңдерінен, әлеуметтік-мәдени ортаға риза еместігін білдіретін лирикаларынан, астамшыл адамдардың тоғышарлық мәнісіз өміріне арналған жырларынан қазақтың сол кездердегі психологиясы, тәлім-тәрбиесі, білімділік деңгейін көрсете білген. Сол арқылы өнер арқылы тәрбиелеу, білім беру арқылы сал-серілікке дейінгі және одан кейінгі уақыты мен кеңістігіне үңіліп, оны зерделеп, оған тарихи қасидамен қарауға болатынын жазған.

Кілтті сөздер: ұлттық тәрбие, көркем өнер, ұлттық өнер, сал сері, ұлттық дүниетаным, халық әндер, халықтық педагогика, тұрмыс, салт-дәстүр.

КІРІСПЕ

Эстетика туралы әл-Фарабидің теориялық ой-тұжырымдары «Риторика», «Поэзия өнерінің каноны туралы трактат», «Поэзия өнері туралы» т.б. Әсіресе, әл-Фараби өзінің «Музыка туралы үлкен кітап» атты сүбелі еңбегінде «Музыка ғылымының» мәселелеріне ғана арналмай, музыканың эстетикалық-теориялық принциптерін шешуге бағытталған. Музыка – әуез құдіретімен адамның көңіл-хошын жоғары деңгейге көтеріп, оның дімкәс, ауру халін салауатты өмірге ауыстыруға көмегінің барлығын баса көрсетеді. Адам баласының музыка шығару қабілеті, дарындылығы дәрежесінің әртүрлі сатысын көрсетіп береді, адамның жан дүниесіне жақсы, жаман әсер ететін музыкалық жанрларға тоқталады. Өнерді әл-Фараби көркемдік адамның денесі, жаны, рухани жан дүниесінің адамгершілік сұлулығын көрсететін белгі деп санайды. Көркемдікті түсінуді данышпан адам баласы өзінің жасампаз еңбексүйгіштік қасиетімен қолы жетеді деп есептейді. Мұнымен бірге әл-Фараби қайырымды, мейірбан жандардың жәрдеміне сүйену арқылы

сондай көркемдік қабілетке ынталанады дегенді ұсынады. Жалпы өнерге қол жеткізудің өзі – іске, қимылға, белсенділікке ұмтылып, қиыншылықты, өмір жолындағы бөгеттерді жеңе білу деп түсіндіреді. Өнердің өзі тек рухы биік тұлғаға жетілдіріп қоймай, оның заттық мәселелерде де молшылыққа ие болатыны жайлы да атап өтеді. Өнер жасау іс-әрекетінде халықтар достығының, интеграциялық одақтардың берер жемісі ерекше екеніне де тоқталады. Өнер ілімін зердесімен саралап зерттеген әл-Фараби Бакытқа, Құтқа, Дәулетке, Берекеге жетудің төте жолы деп пайымдаған [3].

Қорыта айтсақ, әл-Фараби өзінің ғылыми еңбектерінде өнерге жан-жақты анықтама беріп, оның құрылысына талдау жасап, өнерлі адамның ұтары не дегенге жоғарыдағыдай баға береді.

Абай Құнанбаев өзінің өлеңдері мен қара сөздерінде өнер туралы соны пікірлер айтқан. Мәселен: Құр айғай бакырған, Құлаққа ән бе екен? Өнерсіз шатылған, Кісіге сән бе екен? – деген өлең жолдарын қара сөзге аударудың жөні жоқ қой дей отырып, өнер туралы данышпандық ішкі ой-пікірін түсіну қиын емес. Сол секілді: «Ұйықтап жатқан жүректі ән оятар // Жас балаша көңілді жақсы уатар // Әннің де естісі бар, есері бар // Тыңдаушысының құлағын кесері бар //» деген жолдардан барлық әннің өнер кеңістігінен орын ала бермейтініне тоқталады. Абай Құнанбаев аталған өнерге қатысты талап пен оның белгілі бір шарттарының бар екенін айқын аңғарта отырып, осы аталған ой-тұжырымдарының қорытындысын мына түзілімде ұсынады: «Ақылдының сөзіндей ойлы, күйлі // Тыңдағанда көңілдің өсері бар». Анықтап айтсақ, адамның көңілі өнермен өседі дегенді ұсынған дана ақынның бұл ой өрілімінен өнер сүйер қауымның өзіне күш-қуат рухани нәр алары белгілі болады. Сол себепті кешегі Жанботалар Біржан салдарды үйіне шақырып, бүкіл ауыл алдында беделі артады. Осындай көріністен Азнабайдың күндестігі, бақастығы туып, өнер иесіне қол жұмсау арсыз іске дейін ұласады. Бұл арада өнерді құрал ретінде пайдаланған адамдардың образы шығады. Бұл тұжырымды данышпан өзінің қара сөздерінде дамыта түседі: «Талапты ескермесе, ол жоғалып кетеді. Өнерді күнде тексеру керек». Өнерге қаскүнемдік келтірер залалды мінез-құлық: мақтаншақтық, пайдакүнемдік, жеңілдік, салғырттық. Өнердің ең биіктігін қамтамасыз ететін сезім деген пайымды ұстанады.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Халқымыз барша күйкі тіршіліктің бұғауынан бір сәт өзін ажыратып, көңіл-күйге, рухани медеу, сүйеніш әкелер жоғары әуезді, пафосты жырлармен еңсе көтерер сал-серілер келгенде жұбаныш табар күндерді тосатын. Өйткені, өнер арқылы жігер-қуат, нұрын себер арқалы өлең – жырлар кейбір қасиетті сәттерге жарық сәуле шапағатын себеді. Сондықтан

қазақ халқы сал-серілерге өздерінің ең дәмді тағамдарын, сыйға тартар жоралғыларын сақтап, жол түсіп, келе қалғанда сол рәсімдерін орнымен атқаруға жанын салатын.

Тәуелсіздікке ие болғаннан бергі уақытта мәдени мұрадан Қазақстан мемлекеті жаңа белеске, сапалық деңгейге жетілді. Алайда бұл белес өткен уақыттағы өнермен анықталады, соның ішінде зерттелмеген нысан сал-серіліктің қоғам өзгерістеріне ықпалының болғанын анық байқауға болады. Мұнымен бірге сал-серілік өнерге В. В. Радловтың берген бағасы мен түсінігіне қосыла беруге бола ма? – деген сауалға жауап іздестіруді орынды деп есептедік. Біріншіден, В. В. Радлов: «Сал шор тілінде жерошақ, от орны мәнінде, сағай тілінде шу, дауыстау, дабырлау мәнінде, қазақ тілінде жүрген жерін у-шу, думан қылып, көп сөйлеуші, оғаш киім киюші адам мәнінде қолданылады [4].

Сол секілді Ильминскийдің берген түсінігінше «Сал» деген сөзге «тұлабойым сал-сал басып түсіп барады» деген анықтама береді. Мұнымен бірге еліктеме мағынасында қолданылады дегенді қоса дәйектейді. Біздің байқауымызша, қазақта ән айт дегеннен гөрі, белсенді лексикалық қорда «ән сал» деген тіркес көбірек қолданылады. Бұдан «сал» деген ұғымның бірнеше мәнде қолданылатыны байқалды. Ақындық өнер мен ән салу қатарынан дамытылып, тыңдармандарын баурап алу басымдық рөлде болған. Нәтижесінде, әншілік өнері әсерлі болып келген. Сөйтіп, сал-серілерге тән әрекет өлең жырлаймын делінбей, ән шырқаймын деген мәнде қолданылады. Жалпы сал-серілердің өздеріне тән стильдік ерекшеліктері аңғарылды. Мәселен, Біржан сал: «Атадан Біржан сал боп тудым артық // Аққумен аспандағы ән қосамын» десе, Шашубай: «Ал гармоным, гармоным», ал Кертай ақын: «ән шырқа, жез тіл, сырнай, алдым қолға» секілді жоғары ырғақ пен қарқынды лебізбен өріліп беріледі. Жасыратыны жоқ, сал-серілік өнерге ХІХ ғасырдан бүгінгі күнге дейін дұрыс ақиқатқа сыйымды баға берілмей келгені баршамызға да белгілі. Ал «сері» деген сөз арабтың сир (сейір) – қыдыру, кезу деген сөзінен туып, серуен, сайран салу мағынасына айналып, сонан сері деген келтірінді ұғымға ие болуы мүмкін». Қыпшақ тілінің ХІІІ ғасырдағы ескерткіші Кодекс Куманиксте «сері» (шері) әскер мағынасында қолданылғандығы айтылады. Бұл пікірді С. Е. Малов анықтап берген [4].

Көне дәуірдегі ақындық дәстүрде сал-сері деген айтылмыш тарихи деректер болмағанымен өнердің бұл түрінің генезисі сонау тұрмыс-салт жырларының бір құрамды бөлігі екендігі, оның және өнер тармағына бертін бөлініп шыққанына ешкім шүбә келтірмесе керек. Керісінше, Орта Азия, орыс, Сібір, орта ғасырдағы Европа, көне шығыс тарихында сал, серіге ұқсас ақындық салт болғандығы мәлім.

Сал-серілік өнердің тәрбиелілік мүмкіндігін зерделеуге жол жабық болғаны кешегі тоталитарлық жүйеде оған, төмендегідей пікірлердің

қалыптасуына байланысты. Осыған орай мына бір түйінді қорытынды пайымдауларды ұсынамыз:

Қазақтың сал, серілерін түгелінен халықтық ақын, әншілер деуге болмайды. Шыққан тегі, таптық ортасы жағынан алсақ, Ақан сері мен Жаяу Мұса бірдей емес. Жаяу Мұса – үстем феодал қауымынан қуғын-сүргін көрген нағыз енбекші, «халық ортасынан шыққан» сері ақын. Ал, Ақан сері болса лирикаларында өз дәуірінің күрделі қоғамдық мәселелерін, өмір шындығын кең қамтып жырлай алмады. Кейде діншілдікке де салынады. Тек жастардың бас бостандығын, махаббатын ғана лирикалы көлемде шебер жырлай алады. Міне, осындай идеялық творчестволық қайшылықтары бола тұрса да, Ақан – халыққа ұнамды, лирикалы өлең, ән шығарып таратқан әнші, ақын [5].

Қазақтың бірқатар салдары, байлардың мырзалары болған Иманжан айтқан Башен сал да ірі бай. Он түрлі ат міну, өзінің саяхат жасайтын аралы бар, көл иемдену дәулетті салдың қолынан келетін салт. Бірақ мұндай сал, серілер қоғамдық мәні бар өлең, ән-күй шығарып айта алмаған. Сөзі, ән өнері, көпке ұнаған сал, серілер қалың бұқараның тілегіне, ой сезіміне қонымды, қызықты салттарды қолданған әнші ақындардың творчестволық, өнерпаздық дәстүрінде қаладағы базар, жәрмеңкедегі орыс, татар және басқа халықтардың өнер үлгісі де бар екені даусыз. Кемпірбай, Шолақ, Ағашаяқ, Шашубайлардың спорт, цирк өнеріне берілуі, Жаяу Мұса, Біржан, әсет әндеріне орыс, Украина музыкасы әсер етуі, Ақан сері мен Шашубай өлеңдерінде айқын сезіледі. Мәселен, Ақан сері: «Көптен көп поклон айттым, скажия...» немесе Шашубай: «Он екі звод гармонмен ән салғанда, қасыма қыз-келіншек үймелеген» деп жырлауы әнші-ақындардың негізгі көпшілігі феодалдық қоғамдық ортаға да, патша үкіметінің заң ережесіне үнемі наразы болып қуғынға ұшырауы – бәрі халықтар прогресінің ықпалына байланысты ерекшеліктер болып табылады [6].

Сал, серілердің әрбір лирикалы ән, өлеңдері, белгілі бір поэмалық сюжетке құрылған аңыз әңгімелері бірге айтылып отырады. Мәселен: Ақан серінің «Құлагер» әні, өлеңі оның Құлагері байлардың қыспағынан өлгенде жоқтау ретінде шығарған. «Сырымбет» ақынның ғашығына арналған. Біржан салдың «Жанботасы» өзін Азнабай болыстың поштабайы сабап, домбырасын тартып алғанда ыза болып, өз елінің болысы Жанботаға күйік пен шағым етіп шығарылған. Жаяу Мұсаның «Ақсисасы» Шорман тұқымдары өзін қудалап, тұтқындап, жаяу айдап жер аударғанда айтқан кекті өлеңі, Шолақтың «Ғалиясы», Шашубайдың «Аққайыңы», Естайдың «Қорланы» да осындай мотивпен жырланған [7].

Қазақтың сал, серілерінің ақындық, өнерпаздық қызметінде күлкі, қалжың, сықақ сөздер де көп кездеседі. Сал-серілер үнемі ақындардың айтысына қатысқан... Сал, серілік жағдайында әсіресе, ХVІІІ-ХІХ ғасырда

ең дамыған ақындық өнер. Ол этномәдени тәрбие берудің бір құралы болған және ақындыққа жаңа мазмұн, ажар берген.

Жоғарыда келтірілген түйіндер – Ахмет Жұбановтың сонау кеңестік дәуірдегі тегеурінді заңдылықтардан қаймыға отырып жасаған тұжырымдары. Антогонистік тап қайшылығын бетке ұстау тактикасымен сал, серіліктің өнеріндегі тәлімділік қуатын айту іс-әрекеті аңғарылады. Өкінішке орай, Ақан сері және тағы да басқа серілер мен салдардың өлеңдері тек лирикадан тұрады дегенде, зерттеушінің әдейі негізгі ойдан ауытқушылық сақтығын байқаймыз.

Сал-серілік дәстүрлердің шығу тегін зерттеулердің өзі педагогика саласында айрықша қиындық туғызады. Әрине, Біржан сал мен Ақан серілерге дейінгі дәуірлерде де серілер мен салдардың болғаны анық. Біздің зерттеу еңбегіміздегі алға қойған мақсатымыз барлық сал-серілік құрған тұлғаларды табу мен шұғылданудан гөрі, аты мәшһүр өнер иелерінің әлемін жаңа дүниетаным тұрғысында зерттеу. Олай болса, Біржан сал шығармаларындағы ел мәселесі, қоғам, адам тағдырындағы нелер бір қым-қуыт тауқыметтер мәселелері көтерілмеді деген тұжырымдарға қарсы пікір айтуды жөн көріп отырмыз. Нақтылап айтсақ, бірқатар өлеңдеріндегі заманаға қатысты ой-пікірлерін жіктеп өтейік:

Басымнан дұшпан сөзі асып кетсе,
Сен түгіл, патшаға да бас ұрмаймын.
Кісісін бір болыстың біреу сабап,
Бар ма еді статьяда көрген жерің?»
Қара су есік алды ылайланды,
Бай қылмақ, кедей қылмақ құдайдан-ды.
Камзолдай қысқа пішкен дөңгеленіп,
Дүние өтерінде шыр айналды.
Теміртас, Асыл, Ақық – екі қарғам,
Байлаулы арқандағы қолымды шеш.
Үш жүздің ортасында Біржан едім,
Бұл күнде қойды құдай шалықтатып.

Біржан салдың қоғам жайлы ондағы адамдар туралы ой-тұжырымдарын берілген үзінділер арқылы пайымдау қиын емес. Арқаның ерке де бұла әншісі, салы Біржанның өмірі қорлық қақпағында қапас ғұмыр кешті. Біржанның салдық дәстүріне түсінбеушілікпен қараған өз ортасы, отбасы оның зарлы ән шығаруына қозғаушы күш болады. Қай заманда болмасын сал-серілік өнердің тағылымдық қуатынан, салдық өнерден халық театрға барғандай тұшымды әсер алып, күнделікті күйкі тіршілік тауқыметінен мойындары босап, әжептәуір эстетикалық тәлім алады. Өнермен тәрбиелеудің негізгі мақсаты тарихта қалыптасқан бірнеше ғасырлар бойы

өзін тәрбиелік құндылығын арттырып келе жатқан сал-серілік дәстүріне сүйене отырып, оған берілген жаңсақ пікірлердің дұрыс еместігін аңғарып, сал-серілікке жаңа философиялық тұжырым беру бүгінгі талаптың бір саласы болып табылды. Біржан салдың өнермен тәрбиелеуге және білім меңгертуге қосқан құндылығы мынадай: біріншіден, Біржан салдың еңбектеріне талдау жасалу барысында оның дүниетанымының тірегі-шындықты тайсалмай айтуы; екіншіден, салдық дәстүрді еліне кең ауқымда тұңғыш таратушы, оның эстетикалық қуатын айқындап, халқына жеткізуші; үшіншіден, барлық өлеңдерінде адамға деген сүйіспеншілік идеясын негіз етіп алғаны; төртіншіден, өлеңдерінде адамның қоғамға қатыстылығын айқындағаны. Халқының сүйікті сал-серілері әуезді, сазды әндер шығарып, халқын сүйсіндіргені. Дала сахарасында нотамен үйрететін музыка мектебі болмағанмен, думанды, әнді, сазды әуезді сүйетін еліне әсерлі орындаушысы көңілге қондырып, қуаныш әкеліп отырғаны.

Ақан сері жастайынан білім алуға құштар болған. Ақанның творчестволық жолы алтыбақан, ойын-той, беташар және т.б. басталған. Мұнымен бірге ол – дала өмірінің қызықтайтын жүйрік атын, қыран құсын, алғыр тазысын ұстап, олардың бәріне дерлік өз өлеңдерін арнап, сәнді де салтанатты өнерімен елін баураған тұлға.

Қоғамдық өмір келбетін дала тағдырымен шебер ұштастыра білген Ақан серінің өмірнамасы мен шығармашылығы Біржан салдан гөрі басқашалау. Отбасының пенделерге арналған бақыты үйленіп үй болу мәресіне жете алмаған Ақан серінің көңіліне медеу тұтары – астындағы жалғыз аты. Құлагер Ақанның өзімен қатар танылады. Кешегі бір-бірімен хабар алысу қиын заманның өзінде, сонау кіші жүзге Құлагер «Құлашолоқ» болып жайылады. Атығай, Қарауылды «Құлашолоқтың елі» деп жүрген. Құлагердің аты тағы бір шыққан тұсы Алтай, Аққошқар – Сайдалының бес болысқа сауын айтқан асы болатын болып, Орта жүзден небір сәйгүліктер дайындалған. Бұл атжарыс- бәйгеге Ақан өзінің Құлагерін даярлайды. Үш жүз ат шапқан сол астағы бәйгеде Құлагер жалғыз келеді. Бұл Ақанның мәртебесін биіктетіп, отбасындағы қайғысын (Фатима мен Ұрқияны) ұмыттырады [4].

Құлагер кешегі Қобыландының Тайбурылы секілді халық санасында арғымақ кейпін орнықтырып, ел аузында ол туралы көптеген мәліметтер тараған. Атқа сын айтушылардың бағасына ден қойсақ, Құлагердің жарауы түскенде ілбіп қана жүреді екен де, тек айқай шыққанда ғана қызып шаба жөнеледі екен, ал бәйгі алдында қыдыртып жүргенде оны шабатын ат деп ойлау қиын екен деседі. Ақан осы атшабыстан кейін Құлагердің маң-маң басқанын қызықтап, «Маңмаңгер» өлеңін шығарады. Халық «Маңмаңгер» әнін барлық көңілімен, ниетімен айтатын дәстүрге айналған. Ахмет Жұбанов бұл әнді өте жоғары бағалаған. Әннің жай, сазды, нәзік, жұмсақ мелодиялы,

кербез ырғақпен айтылатынына тоқталып өткен. Екпіні жай болғанымен ол қайғылы, жабыраңқы көңілмен айтылмайтынына мән берген. «Табиғат», «қоғам», «адам» арасындағы диалектикалық тұтастықты сақтай білген сал-серілердің әрқайсысы өзін дүние әлемнің бір бөлшегімін деу ұстанымы бүгінгі жасөспірімдерді тәрбиелеу үшін жол ретінде іс-әрекетке қолданым табауда.

ҚОРЫТЫНДЫ

Адам баласының рухының ізгілікті бағдарда болуы табиғаттағы сұлулыққа сүйсіне де өзіне рахат табуы дер едік. Біржан да, Ақан да жақсы әндерін жүйрік аттарына, алғыр құстарына, ұшқыр тазыларына арнай отырып, адамдардың ішкі көңіл-күйлерінің жоғары пафоста болуына бағдар жасап отырған. Бүгінгі тілмен айтсақ, Біржан, Ақандар, жалпы сал-серілер заттық дүниенің қызығын «жалған» деген ұғымға айналдырып, рухы мен жанын дамытарлық, оған шипа әкелерлік табиғат аясынан өздеріне медеу және тағат іздеген [4]. Өнер иелерінің творчествосымен тәрбиелеуде олардың дала заңына қатысты белгілі қалыптасып қалған тұғырлы, шеңбер кеңістігіне өзінің ерік-жігерін бағындыратын қатал қағидалары жоқтың қасы. Мұның өзінен басқа зерттеу еңбектеріндегідей белгілі бір тәлім мен білімді өнер арқылы меңгерудің санамалап айтар заңдылықтары мен ережелерінің бізге дейін сақталмауы «өркениеттіліктің» белгісі дер едік. Себебі әр тұлғаға өзінің тәрбиесі мен біліктілігін өнер көрсеткіштерімен бағалауға іштей талпынысы түрткі болады. Сал-серілердің аталмыш рухани өнері мен қоғамға деген эстетикалық, этикалық көзқарастарының өзі – басқа қауымның тұжырым-түйіндеріне тәуелді болып келмейтіні таңқаларлық құбылыс. Қоғамдық пікірге өзінің кең даласындай диапазоны кең құлашты өнерін құрбандыққа шалмай, XIX ғасырда оның шарықтау шегіне жетуіне қайсарлықпен қарап тұра білген Ақан сері «перінің қызымен көңіл қосқан», ал Біржан салды «шалыққанды» деген атауға қалдырған дүбаралық төменгі деңгейге құлдырап кеткен сол кездегі қазақтың іштарлық кейпі бүгінгі таңда айдан-анық белгілі болып отыр. Табиғатты Жерұйық, Жер-Ана сапасында қабылдаған данагөй даналардың легі XIX ғасырда азайып, табиғат жұмағынан жанға ем табарлық азын-аулақ саны осындай заман тудырған бұлбұлдарын бағалай алмайтын амалға көшкен еді [8].

Тамырын үңгілеп тереңге жіберген халықтық педагогика тұрғысында таразыласақ, Қазақстандағы сал-серілердің өнері бүкіл халықты тұшымсыз, қауқарсыз, жұтаң өмірден бір сәт болса да ажыратып, пәс болған кірбің көңілдері мен болашығына құлып салған үмітсіз жүректеріне өнер сәулесімен қуаныш нұрын сыйға тартқанын бүгінгі ұрпаққа жеткізу – біздің зерттеуіміздің басымдық ұстанымы. Қарап отырсақ, сал-серілердің ғашықтық өлеңдерінен, әлеуметтік-мәдени ортаға риза еместігін білдіретін лирикаларынан, астамшыл адамдардың тоғышарлық мәнсіз өміріне арналған

жырларынан қазақтың сол кездердегі психологиясы, тәлім-тәрбиесі, білімділік деңгейі байқалады. Мұның өзі өнермен тәрбиелеу, білім берудің сал-серілікке дейінгі және одан кейінгі уақыты мен кеңістігіне үніліп зердемен, тарихи қағидамен қарауымызға мүмкіндік беріп отыр

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Бахтин, М.** Вопросы литературы и эстетики [Текст] / научные издания. – Алматы : Жазушы, 1975. – 256 с.
- 2 **Дюсембинова, Р. К.** Музыкально-эстетическое воспитание школьников средствами казахского народного песенного творчества [Текст] //: автореф. дис... канд. пед. наук. – Алма-Ата, 1992. – 25 с.
- 3 Абу Насыр аль-Фараби. Естественно-научные трактаты [Текст] / научные издания. – Алма-Ата : Наука, 1987. – 282 с.
- 4 **Радлов, В. В.** Образцы народной литературы северных тюркских племен [Текст] / научные издания. в сбор. – 1885. – 167 с.
- 5 **Сарыбеков, Ж.** Воспитание к любви и природе [Текст] / научные издания. – Алматы : Рауан, 1994. – 192 с.
- 6 **Ахметжанова, К.** Традиционная культура как основа идентификации казахского этноса [Текст] //: дис. Док. Философ. / Вост.-Каз. гос. Ун. им С. Аманжолова. – Алматы, 2006. – 256 б.
- 7 **Баймағанбетова, Ж. Т.** Қазақ акын-жыраулар мұрасындағы жас кезеңдеріне қатысты тәлім-тәрбиелік ой-пікірлері (XVIII-XIX ғғ.). [Текст] / – Алматы, 2004. – 148 б.
- 8 **Измайлов, А.** Народная педагогика, педагогические воззрения народов Средней Азии и Казахстана [Текст] / – М., 1991. – 154 с.

Материал 31.05.17 баспаға түсті.

Т. Азамат, Е. Жанайхан

Традиция сал-сері на вершине казахской народной культуры и искусства

Павлодарский государственный педагогический институт. г. Павлодар.
Материал поступил в редакцию 31.05.17.

T. Azamat, E. Zhanaikhan

The sal-seri tradition as the peak of Kazakh culture and art

Pavlodar State Pedagogical Institute, Pavlodar.
Material received on 31.05.17.

В этой статье автор рассматривает искусство казахского народа, в контексте народной педагогики, которое имеет глубокие корни и ставит целью донести традицию сал-серы Казахстана до современной молодежи. Из любовной лирики сал-серы можно наблюдать уровни психологии, воспитания, образования, а так же о недовольстве социально-культурной средой того времени. Автор рассматривает данную тему с исторической и с точки зрения воспитания подрастающего поколения.

In this article, targeted to contemporary people of Kazakhstan, the author provides in-depth research of the Kazakh national art of sal-seri in terms of its pedagogical value. The sal-seri love songs showed the dissatisfaction with the socio-cultural environment, the meaningless life of ignorant and insatiable people through their lyrics, thus depicting the Kazakh psychology, the upbringing and educational level of the people at those times. Furthermore, the author historically tracked the pre- and post-sal-seri impact of arts on education.

ӘОЖ 821.512.122.09:398

Қ. Б. Алпысбаева

ф.ғ.к., жетекші ғылыми қызметкері, М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Алматы қ.
e-mail: alpysbaeva-k@mail.ru

«АЛПАМЫС БАТЫР» ЖЫРЫНЫҢ ЖИНАЛУ ТАРИХЫ

Еңбегіміздің зерттеу нысанасы ретінде «Алпамыс батыр» жырларының жиналу тарихы талданады. Жұмыстың әдістемесін текстологиялық, салыстырмалы-тарихи, құжаттанулық, деректемелі библиографиялық зерттеулер әдісі құрады. Жұмыстың нәтижесін жоғары оқу орындарының студенттеріне, магистранттарға және әдебиеттанушы мамандарға пайдалануға болады.

Кілтті сөздер: фольклор, жыршы, жинаушы, нұсқа, жыр, басылым, батырлық жыр, түпнұсқа.

КІРІСПЕ

Қолжазба қорларында сақтаулы негізгі сюжеттік арқауы ел бірлігі мен жер бүтіндігін, халық амандығы мен азаттығын ұлықтайтын «Алпамыс

батыр» жырларының бағзы заманнан бастап бүгінгі күнге дейін жиналған қолжазбаларын жинақтап, теориялық ізденістермен ұштастыра отырып зерттеп, қазақ халқының жад арқылы ұрпақтан ұрпаққа тарап келе жатқан мұрасының жиналу тарихын (авторлардың тың ізденістері арқылы халық мұрасын жинаушылардың фольклорлық үлгілерді жазып алудағы практикалық қызметі мен өзіндік қолтанбасын, олардың ғылыми маңызын ашу, жинаушылар т.б. туралы нақты деректерді, мәтіндердің сюжеттік, текстологиялық ерекшеліктерін жазу т.б.) баяндау.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Жырдың негізгі идеясы – ру бірлігін сақтаудан туған. Сондықтан да жырда ру бірлігін көздеген, әр рудың арасында татулық болуын мақсат еткен адамдар іс-әрекеттері ардақталады.

Жырдағы бас кейіпкер – Алпамыс. Жыршылар оны ру бірлігін сақтауда, руға қамқор болуда жасаған ерлігін мадақтап, ел-жұртын сүйген шын батыр ретінде суреттейді.

«Алпамыс» жырлары жөнінде алғаш пікір айтып, оған көңіл аударған аударған адам – Ә. Диваев [1]. Ол қазақ халқының арасында «Алпамыс» жырларының кең тарағандығы жөнінде Қазан басылымынан (1899) көп ілгеріде хабардар болған. Ә. Диваев алғаш рет Алпамыстың атын 1896 жылы баспа бетінде айтады [2, 292].

«Алпамыс» жайында кеңестік дәуірде көптеген ғылыми мақалалар мен зерттеу еңбектері жазылды. Бұл орайда, М. Әуезов, С. Сейфуллин, А. К. Боровков, А. С. Орлов, И. А. Чеканинский, В. М. Жирмунский, С. Мұқанов, Қ. Жұмалиев, Х. Зарифов, Ә. Марғұлан, Н. Смирнова, М. Ғабдуллин, Т. Сыдықов, Ә. Қоңыратбаев, И. Сағитов, Р. Бердібаев, С. Садырбаев, Ш. Ыбыраев, Т. Қоңыратбаев т.б. ғалымдар «Алпамыс» жырлары жөнінде ғылыми пікірлер айтқаны мәлім. Олар әр елдің «Алпамыс батыр» жырларын арнайы талдап, шығарманың басты идеялық сарыны, халықтық сипаты, жырдың шығу мерзімі, ұқсастығы, көркемдік ерекшеліктері қандай екендігін ашуға ұмтылды.

«Алпамыс батыр» көп заман бойынша ауызша айтылу арқылы тараған көне жыр болғанымен, тек XIX ғасырдың аяқ кезінде ғана хатқа түсіп, баспа жүзіне шықты. Жырдың бір вариантын Жүсіпбек Шайхысламұлы 1899 жылы Қазан қаласында бастырып шығарды. Содан кейін жырдың осы нұсқасы өзгеріссіз 1901, 1905, 1907, 1910, 1912, 1914, 1916, жылдары қайта басылды.

1931, 1939 жылдары Ж. Шайхысламұлының Қазанда (1889) жарияланған «Алпамыс батыр» нұсқасының мәтіні қарақалпақ версиясымен толықтырылып жарияланды [3, 40-82; 249].

Одан кейін «Алпамыс батыр» жыры өзге де қазақ эпостарымен қатар сан рет қайта басылды.

«Алпамыс батыр» жырының 1953 жылы үш нұсқасы ғана белгілі болса, қазір оның саны оннан астам. Жыр нұсқалары әлі де жинақталып, қолжазбалар қорына түсуде. Қазір Орталық ғылыми кітапхана мен М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қолжазбалар қорында «Алпамыс батыр» жырының Ә. Диваев, Нұрпейіс жырау, Айнабек Нысанов, Рахат жырау, Сүйіншәлі Жанбыршин, Нұрпейіс Байғанин, Әли Оспанов, Еркінбек Ақынбеков, Сұлтанқұл Аққожаев, Әбдірайым Байтұрсынұлы, Келімбет Серғазыұлы нұсқалары сақтаулы.

Осы айтылған нұсқалардың ішіндегі ең көлемдісі және баспа арқылы ел арасына кең тарағаны Майкөт – Сұлтанқұл нұсқасы болып саналады.

Жырдың сюжеттік нұсқалары өзбек, қарақалпақ, татар, башқұрт сынды түркі халықтары мен алтайлықтардың ауыз әдебиетінде сақталуы аталған эпостың тамыры тереңде жатқандығын байқатса керек. «Алпамыс батыр» жыры қызылордалық белгілі жыршы Рахмет Мәзқожаевтың орындауында күйтабаққа жазылған. Аталған жырдың желісі бойынша Өзбекстан мен Қарақалпақстан қаламгерлері пьеса жазса, ал қазақ композиторы Е. Рахмадиев «Алпамыс» операсын сахнаға шығарды.

Қазақтың батырлық жырларының үлгілерінің мол түрін жинап әрі оны өзге халықтарға таныстырушылардың бірі Әбубәкір Диваев (1856-1931) болды. Башқұрт халқының өкілі Әбубәкір Орынбор қаласында дүниеге келіп, сондағы Неплюев кадет корпусының Азия бөлімін бітірген. 1876 жылдан бастап Түркістан өлкесінде әскери қызмет атқарып, кейін Ташент қаласында Әскери-халықтық басқармада қызмет еткен жылдары қазақтың ауыз әдебиетін, ежелгі күнтізбе, астрономия туралы халық ұғымдарын жинап, зерттеп баспа бетінде жариялап отырды. Ол өзі жинап алған эпостық жырларды, ертегілерді, балалар фольклорын, шешендік сөздерді т.б. орыс тіліне аударып, бұл жәдігерлердің мазмұнымен отаршыл ел оқырмандарының да танысуына мүмкіндік туғызды. 1896 жылы Ә. Диваев Сыр бойын, Өмудария мен Хиуа өлкесін, Оңтүстік Қазақстанды аралап, қазақ халқының ауыз әдебиетін жинайды. Осы сапарында Шымкент облысының қарақалпақ бахшысы Жиёмұрат Бекмұхамедовтен «Алпамыс батыр жырының қолжазбасын алады. Диваев бұл қолжазбаны 1897 жылы баспаға дайындап болады. Бұл мәтін «Сборник материалов для статистики Сыр-Дарьинской области» деген жинақта (1901, Т. 10) басылып шығады.

Ә. Диваев бұл қолжазбаны қолына алғанға дейін де «Алпамыс» жырымен кең таныс болғандығы аңғарылады. Зерттеуші 1922 жылы Ташкентте жариялаған «Батырлар жырының» алғы сөзінде былай деп жазады: «Алдарыңызға ұсынылып отырған «Алпамыс батыр» хикаясы Сырдария

облысының қазақтары арасында зор орын тұтады. Қолдан жазылған «Алпамыс батырдың» әңгімесін Сырдария облысының Амудария бөлімінің бұрынғы бастығы М. Д. Разгонов біздің қарауымызға жіберген еді, оған рахмет болсын. Оның бер жағында «Алпамыс батыр» хикаясы Сырдария облысы, Төрткөл болыстық қарақалпақ ақыны (жыршысы) Жиёмұрат Бекмұхамед баласы тарапынан жазылған. Бірақ, «Алпамыс батыр» шын қазақ халқының өлең-жыры болса да, Бұхараға қоныс отырған қарақалпақ ақыны тарапынан жазылғандықтан, ішінде араб, парсы сөздері көп ұшырап еді. Мұны аударған уақытта қолымыздан келгенше сөздің негізгі мәнісіне жақын келуіне тырыстық» [4]. Ә. Диваевтың Мәтінге жазған түсініктемелерінде «Алпамыс» жыры қазақ халқының төл эпикалық шығармасы екенін баса айтады. Оқырман қауымға мәтін түсінікті болу үшін редакция жасайды. Араб, парсы сөздеріне қазақша баламамен ауыстырып отырған. 1909 жылы Ә. Диваев «Алпамыстың» тағы бір нұсқасын қазақшадан орыс тіліне аударады. Ол нұсқа – Шымкент облысының тұрғыны Еркінбек Ақынбековтің қолжазбасынан «Алты жасар Алпамыс» пен «Алпамыс батыр» (351-бума, ОФК) деп аталатын қолжазбасы. Ақынбеков Еркінбек (1863-1918) қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысы, Түркістан ауданы, Күшата ауылында туып-өскен. Түркістан қаласында төрт кластық орыс мектебін бітіреді. Әулиеата, Шымкент уездік басқармаларында тілмаштық қызмет атқарады. Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарынан бастап Кеңес өкіметін нығайтуға атсалысты. Қазақ халқының батырлық, ғашықтық, тұрмыс-салт жырларын жинаумен шұғылданып, Ә. Диваевпен тығыз шығармашылық байланыс жасап тұрды. Жыр мәтіні бір жолды қағазға көк сиямен араб әрпінде жазылған. Шығарма бастан-аяқ әңгіме түрінде баяндалған. Бұл тұста жинаушының орындаушының стилін, материалдың дәйектілігін өте қажет деп білгені аңғарылады. Сондықтан Ә. Диваев жинаған материалдардың біразында «қолжазбадан көшірілген» деген анықтамалар ұшырап отырады.

Бұл басылымға берген түсініктерінде Ә. Диваев: «Существует целая киргизская (казахская) былина, которая напечатана мною под заглавием Алпамыс батыр в Сборнике материалов Сыр-Дарьинской области (1901, Т. 10.) дей келіп, «Алпамыстың қазақтың халық творчествосының төл шығармасы екеніне ерекше көңіл бөледі.

Осы ертегілік нұсқаның орысша мәтінін 1916 жылы «Туркестанские ведомости» газетінде (№ 217-218) «Великан Алпамыс» деген атпен жариялайды [4, 42]. Кейін аталған мәтін 1961 жылы Великан Алпамыс из публикации А. Диваева, Алпамыс батыр кітабында, «Қазақ ертегілерінің» 3-томында (1964) және «Бабалар сөзі» жүзтомдығының 33-томында қазақ және орыс тілінде (Астана: Фолиант, 2006) жарық көрді.

«Алты жасар Алпамыс» жырының көне нұсқа екендігі жөнінде ғылыми еңбектерде аталып жүр [5].

Мәтінге берген түсініктерінде жырдағы этнографиялық жайларға, «Алтын қабақ» тәрізді ойындарға, ыдыс-аяқ атауларына да мән берілген. Сол сияқты жырдың орысша аудармасы қалың көпшілікке арналғандықтан, оқырманға түсінікті болу үшін жырда кездесіп қалатын «календарь», «хизр», «әзірет-әлі» деген аттарға да түсінік беріп отырған. Зерттеуші аударма жасаған кезде мәтін аударармасының дәлме-дәл келуіне және түсінікті болуына үлкен мән берген.

Қазақ фольклортанушыларының кейінгі буыны осы эпостың көпшілікке арналған және де оның орысша, қазақша ғылыми басылымдарын дайындауда Ә. Диваевтың тәжірибесіне сүйенді [6].

Жалғыз «Алпамыс» жыры ғана емес, халық поэзиясының барлық туындыларына ғалым осындай мұқияттылық көрсетіп отырған.

Ә. Диваев ауыз әдебиеті үлгілерінің үлкенді-кішілі қай жанырын жинаса да, оларды ретке келтіріп, орысшаға аударып, түсініктеме жазып, жариялауға асығып отырған. Қай жанрды жинаса да қазақтың тұрмыс-халінен, әдет-ғұрпынан, тарихынан мағұлмат беретін үлгілерін жинаған.

Халық әдебиеті үлгілерін жинаушы Ә. Диваевтың тағы бір ерекшелігін белгілі фольклортанушы, профессор Н. С. Смирнова былай дейді: «Диваевтың фольклорлық жинаушылық қызметіндегі өте маңызды ерекшелігін, қазақ поэзиясының өзіне дейінгі жинаушылардың XIX ғ. мен XX ғ. басындағыларынан оқшаулай түсетін қасиетін атамауға болмайды. Ол – фольклорды жинаудың стационарлық түрі» [7, 18].

Бұдан біз Ә. Диваевтың халық әдебиеті үлгілерін жинауда сан қырлы тәсіл ұқстанғандығын көреміз.

Ә. Диваев жинаған «Алпамыс батыр» шығармасында Жүзбай деген байдың алты жасар Алпамыс деген баласы болады. Жүзбайдың жылқыларына жау шауып, алты жасар Алпамыстың Байшұбарына мініп жауға аттануы, жолда мыстан кемпірдің алдауына түсіп, зынданға тасталуы, хан қызының көмегімен зынданнан шығуы, екі жастың бір-біріне ғашық болуы, ханнан кегін алып, жастардың армандарына жетуі сияқты оқиғалар баяндалады.

«Алпамыс батыр» жырын орындағандардың бірі – Нүрпейіс Байғанин (1860-1945). Ол Жамбыл Жабаевпен замандас ақын, халық жырауы. Өзінің 85 жыл жасаған өмірінің 70-ке жақын уақытын халыққа қызмет етумен өткізеді. Ол халықтың мұң-мұқтажын, арманын жырлады. Оның үлгі, өнеге алған ақын-жыраулары: Абыл, Шернияз, Махамбет, Нұрым, Қашаған, Ығылман, Ақтан, Қазақбай, Сабыр т.б болды. Нүрпейіс Байғанин әрі жырау-орындаушы да әрі талантты суырыпсалма, эпик ақын. Оның Қазан төңкерісіне дейінгі репертуары – негізінен халықтың эпостық жырлары: «Құбығұл», «Қобыланды», «Төрехан», «Алпамыс», «Ер Тарғын», «Қыз Жібек», «Айман – Шолпан» т.б. Нүрпейіс жырау орындаған «Алпамыс батыр» жырын 1964 жылы Ақтөбе облысында жазып

алған – Айнаш Шамшатов. Айнаш Қызылорда педагогикалық институтында аға оқытушы қызметін атқарған. 1964 жылы Сыр өңіріне жүргізілген фольклорлық-этнографиялық экспедицияға белсене қатысып, көптеген жыр, дастан, айтыс үлгілерін жазып алып, институт қорына өткізген. «Алпамыс батыр» жырының қолжазбасы ОҒК-ның (705-бума.) қолжазба қорында сақтаулы. Мәтін бір жолды дәптерге екі түсті сиямен кирилл әрпінде жазылған. Нүрпейіс нұсқасы алғаш рет «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясына жарияланған «Бабалар сөзі» жүзтомдығының 33-томында (Астана, 2006) басылым көрді.

Жырдың сюжет желісі «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырына ұқсас болып келеді. Шығармада фольклорлық дәстүрге сай перзентсіздік мотиві, жат жерге көшу, кейіпкердің алып тұлғасы т.б. мотивтерді үйлесімді пайдаланылған.

Мысалы:

Жауырыны екі кез,

Алақандай екі көз.

Мақтасақ сияр соған сөз,

Толғап қойса мойны кез,

Сауыры жалпақ, жуан сан,

Адамда мықты туған паң – деп Алпамыстың алып тұлғасын шебер суреттейді. Нүрпейіс жырлаған бұл нұсқа толық емес, 7-8 буынды жыр үлгісіне құрылған.

«Алпамыс батыр» жырының бір қолжазбасын 1946 жылы Шымкент облысы, Қарыншы деген жерде қолжазбадан көшіріп алған белгілі ғалым, фольклортанушы Әуелбек Қоңыратбаев. Қоңыратбаев Әуелбек (1905-1986) фольклор, әдебиеттану, тіл, тарих, этнография т.б. салаларда қалам тартып, қазақ руханиятына елеулі еңбек сіңірген. Қазақ фольклоры, көне түркі поэзиясы туралы зерттеу еңбектері, қазақ әдебиетін оқыту проблемаларына арналған бірқатар әдістемелік кітаптары жарық көрді. Мәтін ақ қағазға көк сиямен араб әрпінде түсірілген. Жыршысы белгісіз.

Әуелбек Қоңыратбаев көшіріп алған «Алпамыс батыр» жырының осы нұсқасын қарақалпақ бахшысы Жиемұрат Бекмұхамедов те айтқан. Оның айтуындағы жырды Ә. Диваев жазып алып, Қазан төңкерісіне дейін де, Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында да бастырған.

«Ә. Қоңыратбаев қолжазбасы Жиемұрат версиясының халық арасында жырланғанын және эпостың даму жолдарын көрсететін нұсқа. Ғалымдардың пікірінше екі жыр да Жиемұрат версиясының нұсқалары болып табылады [6]. Бұл – «Алпамыс батыр» жырының толық нұсқасы. Өлең құрылысы 11 буынды қара өлең және 7-8 буынды жыр үлгісі болып келді. Шығарманың мазмұны Алпамыс батырдың Гүлбаршынға үйленуіне құрылған. Қолжазба ОҒК-нің қолжазбалар қорында (351-бума.) сақтаулы. Мәтін «Бабалар сөзі» көптомдығының 33-томында жарық көрді.

«Алпамыс батыр» туралы эпостың Майкөт Сандыбаев нұсқасын Сыр бойының белгілі ақыны Желеу Жақыпұлы (1909-1970) 1948 жылы осы облыста тұратын 80 жастағы Сұлтанбек Аққожаевтың айтуынан жазып алып, 1953 жылы Тіл және әдебиет институтына тапсырған.

Сұлтанбек бұл жырды XIX ғасырдың аяқ кезінде Майкөт ақыннан естіп, жаттап алған. Майкөт – Қазақстанның Оңтүстік шығыс бөлігінде аты әйгілі, эпикалық жырлардың шебері болған ірі ақын. Аққожаев Сұлтанбек (1872-1963) – ақын, жыршы. Ақмола губерниясындағы Құланөтпес өзені бойында туып, жас кезінде әкесімен бірге Түркістан маңайы Қаратау өңіріне көшкен. Сол жерде өсіп, өнген. Жас кезінен-ақ өлеңге, жалпы өнерге үйір болған Аққожаев Сұлтанбек Құлыншақ, Молда Мұса, Майлықожа, Майкөт сияқты атақты ақын, жыршылардан көптеген жыр-дастандарды үйреніп, өз репертуарына енгізген.

Аққожаев Сұлтанбек – қазақтың әйгілі жырларын шебер орындаушы, насихаттаушы. Ақын «Алпамыс», «Қобыланды», «Қыз Жібек», «Шора батыр», «Болат, Жанат» т.б. жырларды нәшіне келтіріп жырлаған.

Желеу Созақ ауданында туып-өскен. Жас кезінен-ақ айтыстарға қатысып, ел көзіне түсе бастаған. 1943 жылы «Халық ақыны» деген атаққа ие болады. Ол Оңтүстік Қазақстан облысынан халық әдебиеті үлгілерін көп жинаған. Жақып қолжазбаларының арасынан «Удостоверение дано акыну Южно Казахстанской области Жакипову Желеу в том, что ему поручается собирание образцов устного народного творчества среди населения Южно-Казахстанской области» деп жазылып сол кездегі Тіл және әдебиет институтының (1960) орынбасары М. Базарбаев қол қойған құжат кездеседі. Бұдан біз Желеудің ауыз әдебиеті үлгілерін тұрақты түрде жинап, қорға тапсырып отырғанын көреміз. Жақыпов Желеу жинаған материалдар Қазан төңкерісіне дейінгі ауыз әдебиеті үлгілері мен Кеңес дәуіріндегі халық шығармаларынан құралған. «Алпамыс батыр» жырының бұл варианты тор көзді дәптерге көк сиямен араб әрпінде жазылған. Машинкаға басылған көшірмесі де бірге тіркелген.

Ақын Желеу жазып алған Майкөт, Сұлтанқұл нұсқасы бірде өлеңмен төгілтіп, бірде қарасөзбен баяндалады. Бұл – «Алпамыс батыр» жырының ішіндегі ең толығы. Жыр негізінен 7-8 буынды өлшеуге құрылған.

Осы нұсқа ең алғаш рет 1957 жылы жеке кітапша болып шықты. 1958 жылы Қазақ әдебиеті мен өнерінің Москвада өтетін онкүндігіне орай қазақ және орыс тілінде қазақтың Мемлекеттік көркем әдебиет баспасынан шыққан «Қазақ эпосы» деп аталатын кітапта және 1959 жылы «Батырлар жыры» атты жинақта басылым көрді.

Аталған жыр мәтіні одан кейін 1961 жылы шыққан «Алпамыс батыр» жырының ғылыми басылымында жарияланды. Осы мәтін 1963, 1968, 1977, 1986 жылдары ешбір өзгеріссіз тағы да басылып шықты.

Бұдан кейін аталған жыр мәтіні түпнұсқа негізінде 2006 жылы «Бабалар сөзі» ғылыми сериясының 34-томында жарияланды. Түпнұсқа ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (50-бума) сақтаулы.

Келімбет Серғазыұлы жырлаған «Алпамыс батыр» жырын Қазақ ССР Ғылым академиясы Тіл және әдебиет институты 1953 жылы ұйымдастырған «Оңтүстік Қазақстан экспедициясы» кезінде институттың Халық творчествосы бөлімінің ғылыми қызметкері Сейтғаппарова Зүбайра Оңтүстік Қазақстанның Түлкібас ауданында тұратын ақын Келімбет Серғазиевтің (1883-ө.ж.б.) айтуынан тор көзді үш дәптерге кирилл әрпінде жазып алған. Жыршы қолжазбаның оң жақ шетіне «Көкбұлақ деп жазып, қолын қойған. Серғазыұлы Келімбет – ақын, жыршы. Ол жас кезінен жазушылардың слеттеріне, сол сияқты ақындар айтыстарына қатынасып өлең-жыр арқылы үгіт бұқаралық жұмыстар жүргізгі үшін 1943 жылы «Халық ақыны» атағы берілген.

Келімбет Серғазыұлы жырлаған «Алпамыс батыр» нұсқасы туралы Н. С. Смирнова, Т. Сыдықов, М. Ғабдуллин, Б. Г. Ерзакович сынды зерттеушілер барлы пікірлер айтқан [8].

Аталған нұсқа мәтіні алғаш рет «Бабалар сөзі» жүзтомдығының 34-томында жарық көрді.

«Алпамыс батыр» (50-бума, ӘӨИ) деп аталатын Рахат нұсқасын Қазақтың Абай атындағы педагогтік институтының үшінші курс студенті Нұрғалиев Қаһарман 1954 жылы Целиноград облысы, Макинка станциясының тұрғыны Ысқақ Жүсіповтің қолжазбасынан жазып алып, сол жылы институт қорына тапсырған. Ы. Жүсіпов бұл жырды 1934 жылы Солтүстік Қазақстан облысының тұрғыны Рахат деген ақынның өз аузынан жазып алған екен. 372-буманың 20-шы дәптерінде Ысқақ Жүсіповтың Тіл және әдебиет институтының директоры атына 1954 жылы 19 қарашада жазған хаты сақтаулы. Бұл хатта: «Биылғы жылы август айында Сіздің институттан келіп, Нұрғалиев Қаһарман менен Алпамыстың жырын жазып алған еді. Сол жігіттен хабар болмай кетті...» деп қолжазбаның тағдырын білгісі келгендігін айтқан. Бұдан біз Ысқақ Жүсіповтың рухани мұрамыздың нағыз жанашыры екенін көреміз.

Халық арасына көп тараған «Алпамыс батыр» жырының бұл нұсқасы Қазан төңкерісінен бұрын жарияланған Жүсіповке жожа нұсқасына ұқсас және қысқарған түрі іспеттес. Жырдың өлеңнен гөрі қара сөзі басым және өзіне тән өзгешелігі де жоқ емес. «Алпамыс батыр» жырының басқа нұсқаларында Тайшық ханның қызы Күлбаршын деп аталса, мұнда Қаракөзайым делінген.

Аталған жыр нұсқасы алғаш рет 2006 жылы «Бабалар сөзі» жүзтомдығының 33-томында жарияланды.

Эпикалық мұраны жинап, баспа бетінде жариялау, зерттеу мәселелерімен айналысқан ғалымдардың бірі – Тұрлыбек Сыдықов (1925-2010). Алматы

облысы Ақсу ауданының тумасы. Ұзақ жылдар бойы еселі еңбегінің және «Қазақ халқының батырлық жырлары» атты ғылыми-зерттеуі үшін Ш. Уәлиханов атындағы сыйлыққа ие болды.

Т. Сыдықов фольклортанушы ретінде 1954 жылғы «Батыс Қазақстан», «Қызылорда – Оңтүстік Қазақстан», 1957 жылғы «Омбы», 1961 жылғы «Павлодар» экспедиция құрамында болып, қазақ халқының көптеген рухани мұраларын жазып алумен қатар, 1954 жылы Айнабек Нысановтан «Алпамыс батыр» жырының бір нұсқасын жазып алады. Айнабек Нысанов (1909-ө.ж.б.) Шымкент облысы, Алғабас ауданы, Көктерек ауылында туып-өскен. Белгілі ақын Нұралы Нысанбаевтың шәкірті. Ол ұстазынан «Мұңдық – Зарлық», «Әмір – Әмзе», «Жетім Құбыл», «Сауда Ишан», «Құлқаныс – Зеберше» т.б. көптеген қисса-дастандарды үйренген. Жылқыбай, Зұлпықар, Италмас, тәрізді ақындарға еріп, өнерін ұштайды. Бала кезінен екі көзі көрмей қалған жырышы өлең-жырды домбыраға, сырнайға қосып арнайы әуенмен айтқан. Құлжабай Төлеуов, Мыңбай Сұлтанбеков, Көпбай Әлімбетов сияқты ақындармен айтысқа түскен. Өлеңдері мен айтыстары жинақтарда, аудандық, облыстық газеттерде жарияланған [10, 328].

Жыршы «Алпамыс батырдың» өзі жырлаған нұсқасы туралы былай дейді: «1930 жылы Көктерек ауылы, Шаян ауданында жаттадым. Кітаптан оқып берумен. Негізі Жүсіпбектікі болса керек. Сұлтанбек деген қиссаға құмар кісі болған еді, сол оқып берді. Ол қисса жинағыш еді, 1940 жылы 46 жасында қайтыс болды. Онан бірнешеуін жаттадым: «Әмір – Әмзе», «Ораз молда», «Қамбар», «Алпамыс», «Орақ – Таған», «Шаһмұрат – Зияда» т.б. Осындай қисса, әңгімеден баспа түрінде 21-н жаттадым» [10].

Айнабек нұсқасының көп жері Жүсіпбек қожа нұсқасына ұқсас болып келгенімен, кейбір айырмашылықтары да бар. Мысалы, Байбөрінің әкесі Құлтайды ер еді деп суреттейді. Ұлтанқұлды Байбөрінің көршісі Сартай дегеннен туады, Ұлтанды Аналық асырады, жастайынан бауырына салды деп баяндайды т.б.

«Алпамыс батыр» жырының Нысанов Айнабек нұсқасы алғаш рет 2006 жылы «Бабалар сөзі» жүзтомдығының 33-томында басылым көрді. Түпнұсқасы ӘӨИ-дің қолжазбалар қорында (50-бума) сақтаулы.

Т. Сыдықов 1957 жылы сәуір айында Шымкент облысы, Түркістан ауданының тұрғыны Османов Әлидің айтуынан «Алпамыс батыр» жырының тағы бір нұсқасын жазып алған. Жинаушының берген мәліметіне қарағанда, Османов Әлидің ұлты – өзбек. Қазақ жерінде туып-өскендіктен, қазақша жақсы сөйлейді. Әли «Алпамыс» жырын Рысбике Құрманбай қызынан жаттап алғанын айтады.

«Алпамыстың» бұл нұсқасы қара сөз түрінде баяндалған шағын әңгіме. Мәтін алғаш рет «Бабалар сөзі» ғылыми басылымының 33-томында жарық көрді.

Батыс Қазақстан аумағынан халық мұраларын ұзақ жылдар бойы жинап, институт қорына тапсырып тұрған жинаушының бірі – профессор Мәтжан Тілеужанов (1927-1995). Ол республикада тұңғыш рет «Этнопедагогика және фольклор» кабинетін ұйымдастырып, ел ішіндегі қолөнер туындыларын жинады.

Қазір институт қорында Мәтжан Тілеужанов 1954-1984 жылдары ел арасынан жинаған фольклорлық үлгілердің сан алуан түрлері сақтаулы. Солардың арасында барлығы – 1600 жолдан құралған «Алпамыс батыр» (77-бума, 1-дәп.ӘӨИ) атты батырлық жырдың мәтіні бар. Мәтжан бұл жыр туралы: «1958 жылы Орынбор облысы, Ақ-Бұлақ ауданы «Интернационал» колхозының №2 фермасында тұратын Сүйінішәлі Жаңбыршин ақынның өз аузынан жазып алдым» – дейді.

Жаңбыршин Сүйінішәлі (1888-ө.ж.б.) – халық ауыз әдебиетінің үлгілерін жинаушы. Руы – кете. Орынбор облысы, Ақбұлақ ауданының Сазды ауылында туған. Жасынан серілікке бой ұрып, Бітеген, Қазмамбет жыраулармен бірге ел аралап, жыр айтқан, ән салған, күй тартқан. Оның репертуарында «Алпамыс», «Қобыланды», «Қарасай-Қазы» т.б. батырлар жыры көп болған. «Жетімтай мен Жетімек» дастаны және «Беташар», «Тойбастар» өлеңдері ауыл арасына кең таралған. Айтысқа да қатысқан.

«Қисса-и Алпамыш» (50-бума, ӘӨИ) деп аталатын қолжазба күйіндегі нұсқаны 1957 жылы Оңтүстік Қазақстан облысының Түркістан ауданы, Горький атындағы колхоздың тұрғыны, Әбдірайым Байтұрсынұлы тапсырған.

Байтұрсынұлы Әбдірайым (1987-ө.ж.б.) – ақын, қазіргі Оңтүстік Қазақстан облысы, Түркістан ауданына қарасты «Аша» деген жерде өскен. Руы – тобықты.

Ә. Байтұрсынұлы бұл жырды 12 жасында Көшер деген ағасынан үйренген. Көшер аталған жырды көнелеу бір қолжазбадан оқып үйреніпті. Әбдірайым осы жырды Қазақстанның 40 жылдық мерейіне тарту етіп, өз қолымен жазып жіберген. Қолжазба бір жолды оқушы дәптеріне қарындашпен араб әрпінде жазылған.

Басқа жырлар секілді «Алпамыс батыр» да бір ғасырдың жемісі емес. Ол өзінің қалыптасу, даму барысында халықтың тұрмыс-тіршілігіне, қоғамдық өміріне және таптық тілектерге сәйкес көптеген өзгерістерге ұшырап, түрлі көзқарастардың көптеген әсерін бойына жинай отырып, біздің заманымызға жеткен жыр.

(жалғасы бар)

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта айтқанда, еліміздің сирек қорларында батырлар жырының ұшан теңіз мол қоры бар. Бұлар әр жылдардағы экспедиция материалдарымен молайып отырады. Сондықтан қолжазба қорларындағы батырлық жырлардың

(Алпамыс батыр) жиналу тарихын баяндап жазу шет ел зерттеушілері, отандық гуманитарлық ғылымдар саласында іргелі зерттеу жүргізетін ғалымдар үшін аса құнды деректер жөніндегі анықтамалық құрал қызметін атқарады. Және түркі тілдес елдермен отандық фольклортанушы ғалымдарға белгісіз жүздеген мәтіннің жиналу тарихын дәйекті етіп дәлелдеуге таптырмайтын дереккөз болып, іргелі зерттеулер жүргізуге мүмкіндіктер туғызады.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 Памятники киргизского народного творчества – Ташкент, 1901. Бұл екінші рет 1922 жылы Ташкент қаласында «Батырлар» деген атпен басылды. / Бастырып шығарушы – Ә. Диваев.
- 2 Записки Восточного отделения Русского археологического общества. 1896. – Т. 2. Вып. 3-4.
- 3 Батырлар. – Ташкент, 1922. – 4-бөлім.
- 4 **Оразаева, Ф. Ә.** Диваев – фольклорист. – Алматы, 2007. – 156 б.
- 5 Алпамыс батыр // Қазақтың ескі әдебиет нұсқалары. 1-бөлім / Бастырып шығарушы: С. Сейфуллин. – Қызылорда, 1931; Алпамыс батыр // Батырлар / Шығарушы – С. Мұқанов. – Алматы, 1939.
- 6 **Ғабдуллин, М., Сыдықов, Т.** Қазақ халқының батырлық жыры. – Алматы, 1972. – 336 б.
- 7 Казахская народная поэзия. – Алма-Ата, 1964. – 185 б.
- 8 **Смирнова, Н. С., Сыдықов, Т.** О казахских версиях «Алпамыс» // Алпамыс батыр. Ғылыми басылым. – Алматы, 1961; Ерзакович Б. Г. О музыкальном воплощении «Алпамыс» в исполнении Р. Мазходжаева и К. Сергазиева // Алпамыс батыр. – Алматы, 1961; Ғабдуллин М., Сыдықов Т. Қазақ халқының батырлық жыры. – Алматы, 1972.
- 9 **Нысанбеков Айнабек.** Қолжазба. Ш. 50 ӘӨИ.

Материал 31.05.17 баспаға түсті.

К. Б. Алтысбаева

История собирания эпоса «Алпамыс батыр»

Институт литературы и искусства имени М. О. Ауэзова, г. Алматы.

Материал поступил в редакцию 31.05.17.

К. В. Alpysbaeva

Analysis of the history of collecting versions of the epic «Alpamys Batyr»

М. О. Auezov Institute of Literature and Art, Almaty.

Material received on 31.05.17.

В настоящей статье рассматривается история собирания эпоса «Алпамыс батыр».

Research object of our study is the analysis of the history of collecting versions of the epic «Alpamys Batyr».

УДК 81' 42

Г. К. Аюпова

к.ф.н., доцент, Евразийский национальный университет имени Л. Н. Гумилева, г. Астана
e-mail: bagira_03_05@mail.ru

РЕАЛИИ КАК ЛИНГВОКУЛЬТУРЕМЫ И ИХ КОНТРАСТИВНО-КОГНИТИВНЫЙ АНАЛИЗ

Статья посвящена контрастивно-когнитивному анализу реалий как лингвокультурам. Выявлены сходства и различия в выражении фоновых знаний реалиями разных народов. В результате анализа сходства и различия в реалиях разных народов выявлено, что между реалиями разных лингвокультурных сообществ наблюдаются симметричные и асимметричные отношения.

Ключевые слова: реалии, виды реалий, лингвокультура, фоновые знания, симметрия, асимметрия.

ВВЕДЕНИЕ

В каждом языке существуют специфические национальные слова и обороты, которые не имеют эквивалентов в языках других народов, «слова из национального быта, которых нет на других языках, потому что нет этих предметов и явлений в других странах» [1, 281].

Слова, обозначающие наименование локальных элементов быта, истории, культуры данного народа, страны, не существующие у других народов, получили в лингвострановедении и теории перевода название реалий.

Согласно словарному определению, реалия есть «предмет, понятие, явление, характерное для истории, культуры, быта, уклада того или иного народа, страны и не встречающееся у других народов; Реалия – также слово, обозначающее такой предмет, понятие, явление; также словосочетание (обычно фразеологизм, пословица, поговорка), включающее такие слова» [2].

Реалии характеризуются исследователями как слова, дающие представления о специфике быта, образе жизни какого-либо народа. Некоторые ученые, так, например, Г. Д. Томахин приводит следующее определение: «Реалии – это названия присущих только определенным нациям и народам предметов материальной культуры, фактов истории, государственных институтов, имена национальных и фольклорных героев, мифологических существ и т.п.» [3], Г. В. Гак предлагает говорить о «словах-реалиях», Г. В. Чернов, Я. И. Рецкер пишут о «безэквивалентной лексике», представляющей собой прежде всего обозначения реалий, характерных для страны исходного языка и чуждых другому языку и иной действительности [4, 5].

В определении понятия «реалии» нам близок подход С. И. Влахова и С. П. Флорина, они определяют их, как «слова и словосочетания, называющие объекты, характерные для жизни (быта), культуры, социального и исторического развития одного народа и чуждые другому, будучи носителями национального и/или исторического колорита, они, как правило, не имеют точных соответствий (эквивалентов) в других языках» [6, 432-433]. Реалии характеризуются нами как лингвокультуремы, так как они дают фоновые сведения о культуре какого-либо народа, отсутствующие у другого народа. Такие сведения выражают знания культурно-специфического плана.

ОСНОВНАЯ ЧАСТЬ

Существует несколько классификаций реалий. Среди них более приемлемой является классификация реалий, данная С. Н. Влаховым и С. П. Флориным. Они выделяют такие виды реалий, как:

- 1) Географические реалии;
- 2) Этнографические реалии: а) быт, пища, одежда, жилье, мебель, транспорт; б) труд, трудящиеся люди, орудия труда, организация труда; в) искусство и культура: музыка и танец, музыкальные инструменты, фольклор, театр, ритуалы, праздники, игры, мифология; г) этнические объекты; д) мера и деньги.
- 3) Общественно-политические реалии: а) административное устройство, населенные пункты его гости; б) органы и носители власти; в) общественно-политическая жизнь, политические организации и деятели, патриотические и общественные движения и их деятельность, социальные явления и движения, звания, степени, титулы, обращения, учреждения, учебные заведения, сословия и пасты сословные знания.
- 4) Военные реалии: подразделения и другие обмундирование, военнослужащие [6, 59-63].

Виды фоновых знаний, отражающихся в реалиях были отобраны нами из лингвострановедческого словаря «Великобритания» Г. Д. Томахина [7], из толковых словарей казахского языка (8), из «Фразеологического словаря

казахского языка» С. Кенесбаева [9], ср.: Группы слов, выражающих фоновые знания:

1. Страноведческие фоновые знания, выраженные в нерасчленном виде, в виде слов, а также целым составом фразеологических единиц и пословиц, поговорок:

1) Наименование традиций, обычаев, обрядов, реалий: ұрын бару, қонақ кәде, ақ сақалды, сары тісті бол (пожелания долгих лет жизни), ақ неке, ала жібін аттамады (не сделал другому зла), алғыс айтты, алла жарылқасын, ата жолы (жоралғысы, алты, кәдесі), аттастырып қойды, ат қойды, ат шапан айып, ат мінгізіп, тон кигізді, ауылдың алты ауызы; байгазы берді, байлар көбейсін (пожелание), баланың тұсауын кесті, бата сұрады, бата оқыр, бесік кертті күйеу (зять, за которого невесту сосватали еще в те времена, когда она еще лежала в бесике), бесік құда, сырға салды, есік көрсетті, қалыңдық ойнады, отқа май құю, той бастар, тоғыз айып тартты, түйе мұрындық беру, so many countries, so many customs (сколько стран, столько и обычаев), Custom is the Plague of wise men and the idol of fools (обычай – наказание для умных), Valentines day, Christmas day, венчание, масленица, пасха, рождество, крестины и др.

2) знания об обществе, стране: а) меры, деньги: ақша, тиын, тенге, пенс, шиллинг, доллар, рубль, копейка, грош, фунт, стерлинг, стоун, верста, ат шаптырым жер, қозы көш жер, иек астында.

3) этнонимимы: тоқа, байгазы, жалаир, керей, арғын, дулат, саксы, норманны, англосаксы, кривичи.

4) знания о реалиях мира: жылан, қасқыр, түйе, сиыр, қой, қарағаш, емен, қайың, медведь, тигр, рысь, волк, лиственница, береза, дуб, осина, polyphemus moth (мотылек), hoop shake, coyote (койот), humminogbird (колибри), honker (канадский гусь), sequoia (секвоя) и др.

5) этнонимы: шапан, қамзол, шонқайма етік, қос етекті көйлек, тақия, қамзол, ферязь, сермяга, панева, сарафан, beans (бобы), apple-pie (яблочный пирог), rutrkip (тыква), smog (смог), cyclone (циклон), и др.

6) прецедентные феномены: Кенесары, Аблайхан, Богенбай, Қамбар батыр, Қазыбек би, Құрманғазы, Ч. Валиханов, Абай Кунанбайұлы, Ф. М. Достоевский, А. С. Пушкин, Авраам Линкольн, the father of the continental congress (отец континентального конгресса) – Бенджамин Франклин, the father of texas (отец Техаса) – Стефан Коин и др.

7) ономастические знания: Алма-ата, Астана, Москва, Ленинград, Сталинград, blue room (голубая зала), chappagniddick (шампановидик), Houston, Hiroshima, Waltergate и др.

8) стереотипные знания (поведенческие стереотипы): сыпайы, ізетті воспитанный, деликатный, bredd-and-betterletter (небольшой подарок и

письмо в знак благодарности), to meet somebody halfway (пойти кому-нибудь навстречу) и др.

9) социокультурные, политические знания: *polling* (голосование), *character* (политик, стремящийся дискредитировать противника), *shipe* (агитационный плакат), *fatcat* (богач, финансирующий избирательную компанию), *blackcapous* (негритянский конус), *freeride* (избирательная компания), *health department* (министерство здравоохранения), *attorney general* (министр юстиции), *the big* (политики большой дубинки), *white house office* (политика белого дома), *the poor* (бедные), *low-income people* (малообеспеченные), *public lands* (общественные земли) и др.

10) прагматические знания: *sәлеметсіз бе, армысыз? здравствуйте, будьте здоровы, introduce, hello, toinvite, goodbye, hoedoyoudo? greetings, topresent, apologies* (извинения), *Good luck* (желаю удачи).

11) знания о мире (образ жизни): *той, кеш, неке қию, тұсау кесу, гулянка, венчание, пір горой, свадьба, крестины, barbecue, baseball, countryclub, clambake, ВУОВ (bring your own booze), вечеринка.*

12) знания невербальные: *почесывание кончиков ушей (жест недоверия), victory* (знак победы), *OK* (указательный и большой палец соединены), *в колечко – знак приветствия, разинутый рот (удивление), глубокий поклон (знак приветствия), рукопожатие.*

Контрастивно-когнитивный анализ реалий разных народов в плане выявления симметрии и ассиметрии лингвокультурем позволяет выявить сходства и различия в выражении фоновых знаний реалиями разных народов. Лингвистами выделяется три вида симметрии: «статическая симметрия отдельного объекта, гомологическая симметрия, выражающая отношения двух объектов, динамическая симметрия, проявляющаяся при развитии объектов [98, 109].

Статическая симметрия позволяет выявить постоянные признаки и элементы языковой системы в плане функционирования, поэтому ее можно охарактеризовать и как функционально-статическую симметрию. Гомологическая симметрия проявляется в отношении двух объектов, динамическая симметрия проявляется при развитии объектов. Ассиметрия системы в функционировании знака проявляется в неравномерности развития тех или иных языковых знаков в какой-либо культуре.

Ассиметрия в функционировании знака проявляется в нерегулярности использования языковых форм для выражения одного и того же значения или разных значений. Функциональная ассиметрия проявляется во вторичных функциях, в функции обобщения (генерализация), транспозиции (переносное значение), десемантизации.

Ассиметрия знака существует как изменение глубинной семантической структуры знаков и разделяется на семантическую структурно-семантическую, избыточности или экономии. При семантической избыточности количество элементов в семантической структуре может сохраняться в разных языках, но в одном языке для обозначения артефакта культуры может использоваться экономное число элементов, в другом для обозначения одного и того же элемента действительности используются номинации разной сложности. Так, сопоставление реалий разных языков показывает их ассиметричность.

Ассиметрия планов языкового знака, проявляется, во-первых, при несходстве явлений и их наименований по трем аспектам: семиотическом, парадигматическом и синтагматическом.

Семиотическая ассиметрия знаков-реалий в разных культурах проявляется в отсутствии данной реалии в других культурах, ср.: например; этнографические реалии в казахской, русской, английской, французской лингвокультурах.

Таблица 1 – Семиотическая ассиметрия реалий в разных культурах, проявляющаяся в отсутствии реалий одного языка в другой культуре

Казахские этнографические реалии	русские	английские	французские
I. Кухня			
Национальная кухня казахов	Национальная русская кухня	Национальная английская кухня	Национальная французская кухня
бауырсақ, таба нан, шелпек, құймақ, көже, ет кеспе, кымыз, шұбат, айран, сүт, саумал, сірне, құйрық-бауыр, тары, жент, талқан, май, қуырдақ, сорпа, жылқы еті, қоян еті, қой еті, құрт, ірімшік, шалап, шай, сүзбе, қатық, жұмыртқа	ржаной хлеб, ватрушки, курник, сметанник, шанежки, травник, гусь, квас, мед, медовая каша, медовуха, тертая редька с хреном, хлеб, калач, блины, оладьи, пельмени.	пудинг, рибай, ростбиф, эль, видки, парфье, «марнье», биг-маг, сэндвич, хот-дог, бекон, тосты, гренки, чипсы, apple-pie (яблочный пирог), антрекот, биштекс, bean roll (булочка), булка (loaf), cheese cake, pea (горох), goose (flesh), cake.	сидр, аперетив, коньяк, птифуры (petit fonnns), рогастики, яйцо-кокот, (les oeufes-cocotte), сыр (le fus comme un cog en pate (как сыр в масле кататься), г р е н а д и н а (g g e n a d i n e, гранатовый сок), апельс (e orangeade, королевские галеты, friends gateaux (сладкие пироги)
II. Одежда			

Шапан, саптама, етік, шонқайма етік, қызыл етік, байпак, камзол, такія, сәукеле, кимешек, тымақ, малакай, бөрік, қақпа шапан, малма шапан, тон, кебіс.	Армяк, сермяга, рубашка, сорочка, юбка, понева, сапоги, лапти, картуз, ферязь, сарафан, брюки, штаны, башмак, пиджак, чепчик, бекеша, кожух, шапка.	Bonnet, cap, costume, dress, trousers, boot, tail-coat, сюртук, батник, джемпер, жакет, юбка, фрак, blouse, jacket, waistcoat	Колет (плотно скроенная куртка с короткими рукавами), пиджак, френч, шляпа, плиссе, волан, корсет, фижмы, вуаль, рубашка, юбка, шоссы (штаны), пурпуэн, платье, костюм, бель эпок, туфли, ботинки, манто.
III. Жилище			
Үй, жолым үй, киіз үй, ақ шаңқан үй, қоңыр төбелі үй, кос, отау, үлкен үй	Дом, изба, хата, шалаш, палата, терем, замок, горница, веранда, передняя, сени, черные сени, коттедж, храм-дом для Бога, хрущевка, барак, коммуналка.	Коттедж, замок, house, dwelling, camping-site, brick house	Замок, дом, мансарда, французы очень любят свой дом, ухаживают за ним, ср: я разворачиваю кольца винтовых лестниц; и словно яблоки из шпалеры, я выращиваю из стен просторную увесистую мебель, созданную как раз для того места, где я ее привил (Р. Роллан. Кола Брюньон)
IV. Наименование посуды			
казан, піспек, ожау, қасық, кесе, тай-казан, шелек, торсық, шөміш, кәкпір, кесе, астау, тегене.	Горшок, ухват, сковорода, кастрюля, чашка, блюдец, ложка, бочка, кадка, кувшин, стакан, чайник, самовар, тарелка, рог, чарка, жбан, кадка	Disk (блюдо), блюдец (sancer), spit (вертель), desanter (графин), can, jag, cauldron (казан), tub (кадка), kneading trough, dough- trough, pot (кринка), chest, coffer (ларь), furniture	pot

Ассиметрия-расхождение реалий наблюдаются в следующих случаях:

1) реалия свойственна лишь одному лингвокультурному сообществу, например, русские реалии: *щи, квас, медовуха*; казахские: *бесбармақ, қатық, ірімшік*, английские: *пудинг, drug, store, pellompages*.

2) реалия присутствует в культуре разных лингвокультурных сообществ, но в одной из них не получает специального обозначения: *hot-dog*-горячий пирожок, в русском языке просто *пирожок*, в русском языке – *оладьи*, в английском – *scope*.

3) в разных лингвокультурных сообществах различные реалии осуществляют сходные функции: *казан, котел; table – стол – дастархан; эль – сидр, квас, қымыз, шұбат, сыта, медовуха, саптама-сапоги, лапти, shoes; барбекю (пикник или прием пищи на открытом воздухе, во время которого угощают жареным на углях мясом), сірне*.

4) сходные реалии функционально различны, например, если черная кошка перебежала дорогу, то у русских это приводит к несчастью, а у американцев – это признак удачи.

В парадигматическом аспекте ассиметрия проявляется в том, что реалия одного языка и реалия другого языка, называющая сходный денотат, являются синонимами, ср.:

Таблица 2 – Парадигматическая ассиметрия

Казахские реалии	Русские реалии	Английские реалии
Дастархан	Стол	Table
үй	дом	house, cottage
казан	котелок, котел	cauldron
сүт	молоко	milk
айран	кефир	yogurt
май	масло	butter, oil
бәліш	пирог	pie
ет	мясо	meat, flesh
балық	рыба	fish
бал	мед	honey
тымақ	шапка	a cap
тон	шуба	fur coat
жейде	рубашка, сорочка	shirt, chemise
шай	чай	tea
гүл	цветок	flower

Кроме того, ассиметрия реалий проявляется в том, что они не выступают как эквиваленты друг друга, так как объем семантики этих слов, представленность их разными звуковыми комплексами будет различными, например, реалия «дом» имеется во всех культурах, но понятие о доме у казаха, русского, англичанина будет разным. Это разные дома. Различными будут и культурные понятия об этих предметах. Реалия «стол» имеется также

во всех культурах: стол – это «кусочек» реального мира. Но у каждого народа понятие стола также разное: стол также обозначается в разных культурах при помощи неадекватных звуковых комплексов (*дастархан, стол, a table, la table*). У казаха стол – это дастархан, скатерть, которой накрывают стол для трапезы, у русских и англичан – это предмет мебели, за которым кушают, сидя на стульях.

В парадигматическом плане ассиметрия проявляется также в том, что не совпадают значения реалий, выражающих фоновые знания в разных языках. Семантические объемы разных реалий, функционирующих в разнообразных лингвокультурных сообществах, не совпадают. Так, в одном языке реалия выражает фоновое значение на основе своего широкого значения, имея минимальный семантический объем, так реалия *жейде* в казахском языке имеет широкое значение, а в русском и английском языках имеет широкий семантический объем, а значение его более узкое, «*рубашка*» – ночная рубашка, *shirt* (рубашка мужская), *chemise* (женская), *chemisenight-gown* (ночная рубашка); русское *госпиталь* (военное лечебное учреждение), а в английском языке *hospital* (больница вообще).

Парадигматическая ассиметрия проявляется также в том, что реалии разных языков могут выступать в межязыковые омонимические отношения. К межязыковым омонимам следует отнести те слова разных языков, которые имеют одинаковое звучание, но разные неадекватные значения, ср.:

Таблица 3 – Парадигматическая ассиметрия межязыковых омонимов

казахское	русское	английское
Балық (рыба свежая, копченая),	Балык (сушеная рыба)	Bulyk (рыба вообще)
Банан (плод)	Банан (плод)	Banana (глупец)
Банка (быдыс) Банк (фин.)	Банка (стеклянная), банка морская. Банк (фин.)	Jar, tin Bank (фин. банк)
Бар (иди)	Бар (заведение) Быстро (спешно)	Bar (заведение) Bistro (заведение)
Көк (синий)	Кок (повар судовой)	Cook (морской), gniff (вихор)
Бор (мел) Калош (обувь) Қарта (пицца) Орда (местопоселение хана)	Блок (техн), блок (мед) Бор (лес) Галоша (обувь) Карта (игральная, географ) Орда (беспорядочная толпа)	Bloc (полит. коалиция) Boron (pine wood) Galosh (судно), sand Horde (толпа)

Контрастивно-когнитивный анализ реалий лингвокультурем разных языков показывает, что реалии могут вступать в родо-видовые отношения, когда в одном языке реалия выступает как гипоним, а в другом как гипероним, ср.:

Таблица 5 – Сопоставление реалий – родовых, видовых наименований

Реалии – родовые наименования (русский язык)	Реалии – видовые наименования (казахский язык)	Реалии – родовые, видовые наименования (английский язык)
Жеребенок	Құлын, тай, сып (2 года), Өк (3 годовик, стригун, двухлетка трехлетка, четверташка, пятилетка	Horse
день	күн	Day morning (утро), one two o clock in the morning (два часа утра), afternoon (после полуденное время), evening (вечер)

Контрастивно-когнитивный анализ позволяет выявить ассиметрию синтагматического плана, когда наблюдаются несоответствия в слитной и аналитической формах выражения реалий. Слитная форма знака отражают одно значение, которая в других случаях выражается раздельно. Аналитическая форма выражает одно значение в совокупности отдельных элементов.

Таблица 6 – Синтагматическая ассиметрия

казахский	русский	английский
Күзету	Сторожить	Watch ovej, keep watch
Шотландия ертегіші	Шотландия сказочник	Land of cakes, the tale-teller, story-teller (страна пирогов)
ыңжықтық	слабохарактерность	weak-willed
шал	старик	old man
балдыз	свояк	brother-in-law
қайын сіңлі	свояченица	sister-in-law
әже	бабушка	grand mother
жұмысшы	работник	workman
торғай	воробей	sparrow

бөлтірік	волчонок	Wolf-cub
дүкен	магазин	food shop
қалашық	городок	small town
уыс	горсть	Hand ful
құлпынай	клубника	strawberry

Синтагматическая асимметрия проявляется также в том, что не совпадают валентные характеристики реалий, так как каждое слово в языках мира имеет свой, присущий только данному языку круг сочетаемости, так понятие *крепкий чай* в казахском языке звучит как *қою шай*, а в английском языке «*сильный чай*» (*strong tea*), *биік шөп* в казахском, *высокая трава* в русском, *длинная трава* в английском – *long grass*. Сочетаемость слов в каждом языке национальна.

ВЫВОДЫ

Таким образом, контрастно-когнитивный анализ реалий в разных культурах показывает, что реалии разных народов выражают не только фоновые знания (предметные, пропозициональные и процедурные), но выражают знания о специфических предметах быта и культуры по-разному. Анализ сходства и различия в реалиях разных народов показывает, что между реалиями разных лингвокультурных сообществ наблюдаются симметричные и асимметричные отношения. Симметричные отношения между реалиями возникают в случае, если предметы быта и культуры народов называются реалиями, по-разному обозначающими предметы, т.е. предметы выполняют сходные функции, но имеют различные обозначения. Асимметричные отношения проявляются в том, что предметы культуры-артефакты могут обозначаться не одними и теми же названиями, а наименоваться при помощи слов, вступающих с инвариантной реалией в синонимические, омонимические, парадигматические отношения. Кроме того, что реалии в разных культурах вступают в синтагматические отношения, когда реализия в одном языке обозначается одним словом, а в другом – словосочетаниями, сложные обозначениями, образованными аналитическим способом.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

1 **Соболев, Л. Н.** Пособие по переводу с русского на французский. – М. : Изд-во лит.на иностр.яз., 1952. – 324 с.
 2 Краткая литературная энциклопедия. – М., 1962-1978.
 3 **Томахин, Г. Д.** Реалии – американизмы. Пособие по страноведению: Учебное пособие для институтов и факультетов иностр.яз./ Томахин Г. Д. – М. : Высшая школа, 1988. – 239 с.

4 **Чернов, Г. В.** Теория и практика синхронного перевода / Г. В.Чернов. – М. : Международные отношения, 1978. – 208 с.
 5 **Рецкер, Я. И.** Теория перевода и переводческая практика: очерки лингвистической теории перевода/ Я. И. Рецкер. – М. : Международные отношения, 1974. – 216 с.
 6 **Влахов, С. И., Флорин, С. П.** Непереводимые в переводе. 3-е изд. – М. : Р. Валент, 2006. – 448 с.
 7 **Томахин, Г. Д.** Лингвострановедческий словарь. Великобритания. – М., 1978. – 336 с.
 8 Қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігі. – Алматы, 2001.
 9 **Кенесбаев, І.** Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы : Ғылым, 1977. – 560 с.
 10 **Верещагин, Е. М., Костомаров, В. Г.** Язык и культура. Изд. 3-е, перераб. и доп. – М. : Русский язык, 1983. – 269 с.
 11 **Тер-Минасова, С. Г.** Язык и межкультурная коммуникация. – М. : Слово, 2000. – 261 с.
 12 **Тер-Минасова, С. Г.** Язык, личность, Интернет // Вестник МГУ. Лингвистика и межкультурная коммуникация. – 2000. – № 4.
 13 **Томахин, Г. Д.** Прагматический аспект лексического фона слова // Филологические науки. – 1988. – № 5.
 14 **Фененко, Н. А.** Язык реалий и реалии языка / Н. А. Фененко; под ред. А. А. Кретьова. – Воронеж : ВГУ, 2001. – 139 с.
 15 **Вежбицкая, А.** Понимание культур через посредство ключевых слов / А. Вежбицкая // Вежбицкая А. Семантические универсалии и описание языков. – М., 1999. – С. 263-305.
 16 **Гак, В. Г.** Языковые преобразования Текст – М. : Школа «Языки русской культуры», 2009. – 368 с.
 17 **Воробьев, В. В.** Лингвокультурология: Теория и методы. – М. : РУДН, 1997. – 133с.
 18 **Гак, В. Г.** Использование идеи симметрии/ассиметрии в лингвистике // Гак В.Г. Языковые преобразования. – М. : Школа «Языки русской культуры», 1998. – 768 с.
 19 **Бурак, А. Л.** Translating Culture. Перевод и межкультурная коммуникация. – М. : Р. Валент, 2010. – 216 с.
 20 **Сулейменова, Э. Д.** Казахский и русский языки. Основы контрастной лингвистики. – Алматы : Демур, 1996. – 208 с.

Г. Қ. Аюпова

Ақиқат ретінде лингвокультуремалар және олардың контрастивті-когнитивтік талдауы

Л. Н. Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.
Материал 31.05.17 баспаға түсті.

G. K. Ayupova

Realities as linguocultural units and their contrastive-cognitive analysis

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana.
Material received on 31.05.17.

Мақала ақиқат ретінде қарастырылып отырған лингвокультуремалардың контрастивті-когнитивтік талдауына арналған. Әртүрлі халықтардың болмысындағы фондық білімдердің ұқсастары мен айырмашылықтары анықталады. Әр түрлі халықтардың ақиқатындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарын талдау нәтижесінде түрлі лингвомәдени қоғамдастықтарында симметриялы және ассиметриялы қарым-қатынас байқалып анықталады.

The article is devoted to the contrastive-cognitive analysis of reality as linguocultural units. Identified the similarities and differences in terms of background knowledge of the realities of different peoples. The analysis of similarities and differences in the realities of different nations revealed that symmetrical and asymmetrical relationships are observed between the realities of different linguistic and cultural communities.

Л. М. Әділбекова¹, Г. А. Ескермесова²

¹ф.ғ.к., профессор м.а., ²PhD докторант, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ.
e-mail: ²gulnar_9.12.81@mail.ru

СӨЙЛЕМ СОҒЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТЫНЫС БЕЛГІЛЕРДІҢ ҚОСЫМША ҚЫЗМЕТТЕРІ

Мақала антропоцентрик бағыттағы зерттеулер қатарына жатады, мұнда тілдегі адам факторы, тілдік тұлғаның жазба мәтінге тыныс белгі қоядағы ұстанымдары туралы сөз болады. Функционалды бағыттағы зерттеулерде тыныс белгілердің мәтіндегі қызметін, қолданысын негізге ала отырып, белгілі бір қағидаларды айқындауды мақсат етіледі. Пунктуацияны функционалды тұрғыдан зерттеу нәтижесінде тыныс белгілердің қойылуы пунктуациялық нормаға қаншалық сәйкес келетіні анықталып, адресант және адресат факторына ерекше мән беріледі. Бұл бағыттағы зерттеулер қазақ тіліндегі пунктуациялық белгілердің қызметін, мағынасын, қолданысын айқындау үшін өте маңызды.

Кілтті сөздері: пунктуация, нүкте, сұрақ белгісі, леп белгісі, адресант, адресат, мәтін.

КІРІСПЕ

Қазақ тіл білімі дамуының нәтижесінде жаңа кезеңдегі инновациялық үдерістердің кең қанат жаюы, өзге тілдердің әсері, эмоциялық-экспрессивтілік бояулардың қанықтығы т.б. пунктуация жүйесіне ерекше ықпал етіп отыр. Заманауи үрдістерге сәйкес тыныс белгілердің қызметі арта түсумен қатар мәтін құрушылар мен қабылдаушылар үшін елеулі қиындық тудыруда.

Жазба тілдің жетілуіне, баспа ісінің дамуына байланысты жазба тіл жүйелі болуы үшін тыныс белгілерді қолданудың өзіндік заңдылықтары, норма қалыптасты. Бұл, әрине, жазба тілдің жүйелі болуына ықпал етті. Академик Рәбиға Сыздық норманың өзіндік критерийлерін былайша негіздейді: «Норма деп тану үшін «әлеуметтік бағалау», яғни сол тілде сөйлейтін қалың жұртшылықтың «дұрыс не дұрыс емес, жағымды, әсем не жағымсыз, орынды не орынсыз» деген танымы, бағасы болуы керек. Нормалылық танымына тұрақтылық (стабильность), д а с т ұ р л і л і к, көпшілікке біршама о р т а қ т ы қ белгілер де кіреді. Бұлар – тілдегі нормалылықтың әлеуметтік категория ретіндегі белгісі. Сөйтіп, ж ү й е л

і л і к, р е т т і л і к болып танылатын норма – тілдің барлық көрінісінде, яғни қолданысының барлық түрінде орын алатын т і л д і к, э л е у м е т т і к категория. Тілдік норма дегеніміз – көпшіліктің қатынас құралы ретіндегі тілдің қолданысында оның әлдеқайда орныққан, дәстүрлі құралдары, амал-тәсілдері, тәртіптері; норма – тіл-тілдің қай-қайсысының да даму (қызмет ету) кезеңдерінің баршасына тән құбылыс» [1, 37 б.].

Пунктуациялық норма – жазушы не оқырманды дұрыс тыныс белгі қоюға немесе дұрыс оқуға мүмкіндік беретін бірізділік. Орфографиялық норма мен пунктуациялық норма бір-біріне жақын, әмбебап: әртүрлі нұсқалы болғанымен, тілдік жүйесі мен коммуникативті нормасы үйлеседі. Жазба тіл «тілдік жүйе – сөйлеу қызметі – тілдік материалдан» құралған үштік қалыптастырады. Жазба тіл тілдік жүйеге, жазба сөз сөйлеу қызметіне, жазу тілдік материалға негізделеді [2, 42 б.].

Антропоэлектік тұрғыдан алғанда, мәтіннің тыныс белгімен бөлінуі болып жатқан іс-оқиғаның жайын айқындамайды, ол жазушының шындықты қалай сезінгенін, қай фрагменттерге басымдық беруді көздегенін, мәтіндегі қай тұсқа айрықша мән бергенін көрсетеді.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Тыныс белгілері қолданылуына қарай үшке бөлінеді:

1) сөйлем соңына қойылатын тыныс белгілері: нүкте, сұрау белгісі, леп белгісі, көп нүкте;

2) сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілері: үтір, нүктелі үтір, жақша, қос нүкте, тырнақша, сызықша;

3) сөйлемнің басына қойылатын тыныс белгілері: сызықша, тырнақша, жақша т.с.с.

Бүгінгі таңда «пунктуация» сөзі тыныс белгілері, олардың қолданысы туралы ілім ретінде ұғынылғанмен, латын тілінде «пунктум» сөзі «нүкте» дегенді білдіреді. Яғни «пунктуация» сөзінің мағынасы бастапқысынан біршама кеңейгенін көреміз. Осы тұрғыдан алғанда, «шет тілдегі сөздерді (халықаралық атауларды) қазақ тіліне мүлде аудармай, сол күйінде алу керек» деушілердің ұстанымы жаңсақ екенін байқауға болады. Халықаралық атау ретінде қолданылып жүрген сөздердің бастапқы мағынасы қазіргі қолданыстағы, коммуникациядағы мағынасымен сәйкес келе бермейді. Әрине, барлық сөзді аудару мүмкін емес (дүниежүзінде сырттан сөз қабылдамай отырған бірде-бір тіл жоқ), алайда қазақ тілінде баламасы табылған жағдайда аударып алу қажет деп есептейміз.

Қазақ тіліндегі нүкте сөйлемнің соңына қойылатын тыныс белгілердің қатарына жатады. Ол мәтіндегі сөйлемді екінші сөйлемнен ажыратады. Сол арқылы мәтінде сөз болған оқиғаны адамның дұрыс қабылдауына

көмектеседі. Яғни нүкте айтылған ой мазмұнының объективті жағымен тығыз байланысты. Сондай-ақ нүкте жазушының (жазумен айналысушы) сұрақ қоймай, ақпаратты боямасыз эмоциямен бергенде, пікірдің мақсатын анықтау үшін қойылады. Бұл жағдайда ол мәтіннің мазмұнын субъективті тұрғыда сипаттайды. Бұдан бөлек нүкте айтылған пікірдің актуалдылығын да білдіре алады. Яғни нүкте, біріншіден, көрсетілген ақпаратты шынайы жеткізу үшін; екіншіден, ойдың субъективті мәнін, негізгі мақсатын сипаттау үшін; үшіншіден, сөйлемнің актуалды мүшеленуін білдіру үшін қолданылады.

Нүктенің стандарттық параметрін былайша сипаттауға болады:

- негізгі қызметі – мәтіндегі сөйлемді басқа сөйлемнен бөлектеу;
- қойылатын нысаны – мәтін;
- мүшелену нәтижесі – сөйлем;
- грамматикалық қызметі – сөйлемнің аяқталғанын білдіру.

Сонымен, нүктенің мазмұн межесі: 1) мәтін/сөйлемнің аяқталғандығын білдіру; 2) сөйлемді хабарлау сипатын көрсету.

Тыныс белгілер уақыт өткен сайын, тіл дамыған сайын реттеліп, жүйеленіп отырады. Тыныс белгілер жүйесі жазба коммуникация талаптарына, әр кезеңдегі мәтіндердің функционалды-стильдік ерекшеліктеріне де байланысты болады. Тыныс белгілер өзіндік өлшем жүйесіне қарай екі топқа бөлінеді: формалды белгі – нүкте; семантизацияланған белгілер – сұрау белгісі, леп белгісі, көп нүкте. Олар өзара тығыз байланысты болғанмен, семантикалық тұрғыдан айырмашылықтары да жоқ емес. Қолданыс барысында тыныс белгілерінің қосымша функциясы пайда болады, алайда ол жүйелік ерекшеліктері өзгергенде ғана болуы мүмкін.

Сұрау белгісі ақпаратты сұрау мақсатындағы пікірдің денотативті ситуациясымен тығыз байланысты, сондықтан аталмыш тыныс белгі сөйлемнің соңына қойылады. Сұрау белгісі сұраулы сөйлемдердің соңынан қойылатын тыныс белгі ретінде танылғанмен, сұраулы сөйлемдердің бәріне бірдей қойыла бермейді. Осыған байланысты Р. Сыздықова «Қазақ тілінің анықтағышы» атты еңбегінде: «Құрмаласқан жай сөйлемдердің алғашқылары сұраулы сөйлем болса, олардан кейін де, сөйлемнің ең соңына да сұрау белгісі қойылмайды, тұтас сөйлемнің типіне қарай не нүкте, не леп белгісі қойылады. Мұндайда сөйлем көбінесе хабарлы болады да, нүкте қойылады: *Бүгін қойды кеш сауып болған ба, немене, ымырт жабылып қалыпты* (М. Әуезов). *Қорыққаның көріп үрейлендіре түскісі келді ме, болмаса шын тістеуге ниет етті ме – қаз қанатын жазып жіберіп, жүгіре ұшып Ботагөзге жетуге айналды* (С. Мұқанов). *Тура келем бе, жоқ па – оны біліп боларлық емес* (С. Мұқанов)», – деп жазады [3].

Сұрау белгісінің контекстік қызметі өте ауқымды. Ол кей жағдайда өзіне айрықша назар аударту үшін сөйлемнің ортасында келуі мүмкін. Сұрау белгісі жазушының сөйлемдегі іс-қимыл, оқиғаға байланысты эмоционалдық

көзқарасын білдіру үшін сөйлем ішінде келуі мүмкін. Сол арқылы сөйлемнің актуалдылығын да көрсетеді. Мысалы: *Комиссия мүшелерінің шешімінің дұрыстығы (?) бірауыздан мақұлданды*. Бұл сөйлемде іс-оқиғаға (шешімнің дұрыстығы) автордың өз бағасы, көзқарасы (күдігі, күмәні) білдірілген. Яғни сөйлем ішіндегі сұрау белгісі пікірдің айкындығын, ақпараттың анықтығын, жазушының ойын нақтылау үшін қойылады.

Сөйлемнің ерекше эмоционалдық бояуын білдіру үшін сөйлемнің соңына бірнеше сұрау белгісі (???) немесе сұрау белгісімен қатар келетін леп белгісі (!!, !?) қойылады. Мысалы: – *Ие, кітап... Ойдан шығару... Сырлау... Соын да мыжушылар бар-ау әлі! Маған тіпті бір алты қырдың астында тұрғандай-ау өзі... Қайда, қайда!?* (М. Әуезов, Шығ.).

Тыныс белгілерінің қайталанып келуі диалогқа қатысушының айтылған ақпаратқа қызығушылығын білдірмейді, ол естіген мәліметке қатысты эмоционалдық бағасын көрсетеді. Әсіресе бұл сұрау белгісінің леп белгісімен тіркесіп келуінен байқалады. Көп жағдайда ол леп белгісі, көп нүктемен қатар беріледі. Кейде екі не одан да көп сұрау белгісі қатар қойылады. Мысалы:

Құдайберді есікке көзімен нұсқап:

– *Адам бола ма?!... Болар ма?.. Інілерің, міне... Кім боларын... не көрерің... қайдан білейің?! – деді* (М. Әуезов, Шығ.).

Сөйлем соңында кездесетін сұрау белгісінен кейін көп нүктенің қойылуы жазушы ұсынған ақпараттың бірнеше жауабы болуы мүмкін екендігін білдіріп, оқырманды өздігінен ойлануға жетелейді. Сөйлемнің ішінде немесе сөйлемнің соңында қойылған сұрау белгісі мен леп белгісі (олардың түрлі комбинациялары, көп нүктемен бірге келуі) диалогтың өзіндік репликасын білдіріп, құбылыстар мен заттарға байланысты эмоционалды бағасын береді, яғни ой-пікірдің субъективті мәнін анықтайды.

Академик Р. Сыздықова «Қазақ тілінің анықтағышы» атты еңбегінде сұрау белгісі, леп белгісі, көп нүкте қатар келгенде, олардың қойылу тәртібін былайша сипаттайды: «Көп нүкте қойылуға тиісті сөйлем лепті не сұраулы болып келсе, әуелі леп белгісі (сондай-ақ сұрау белгісі), одан кейін қатарынан екі нүкте қойылады:

Ой, тәйір алғыр!.. Бұл кім өзі? – деп ашумен сырт айнала беріп Абайды көрді де: – Ой, Абай, сенбісің?.. Ай, шырағым-ай, бір тыныш жерде отырсаң етті!.. – деді (М. Әуезов).

Кейде көп нүкте қойылуға тиісті сөйлем әрі лепті, әрі сұраулы болып келсе, әуелі мағынасына қарай не леп, не сұрау белгілері, олардан соң бір нүкте қойылады:

Ән салған жылқышының дауыстары да кейде шырқала, кейде баяулай естіліп жатады... Ол да маған таныс түндер... Көл ше?!.. Алуа ше?! (С. Мұқанов).

Лептік те, сұраулық та мәні бар сөйлемдерден кейін екі белгі қабат қойылады. Сұраулық мәні басым болса, әуелі сұрау белгісі және керісінше қойылады:

Кешіре көр, тақсыр балық,

Не қылмақсың бұл ессізге?! (А. С. Пушкин).

Отаным, еркелегем өзге кімге?

Өзіңмен нені болсын көргем бірге!

Қалайша қабырғама батпас менің

Басыңа қатер бұлты төнген күнде!? (Ғ. Орманов)» [3].

Леп белгісі мен сұрау белгісінің эмоционалдық реңкі сөйлем ортасында қыстырма сөз ретінде қолданылу арқылы да беріледі. Мұндай жағдайда ол екі жағынан да жақшаға алынады. «Қазақ тілінің анықтағышында» ол былайша көрсетілген: «Қыстырма сөйлем лепті не сұраулы болса, екі жағынан жақшаға алынады да, леп не сұрау белгісі жабылатын жақшаның алдынан қойылады, жақша ішіне алынған қыстырма сөйлем кіші әріптеп басталып жазылады: *Еміс-еміс естуіміше, қыздың бір дұшпаны (неге дұшпан болатыны айтпай-ақ мәлім!)* қызға мен жіберетін өлеңдердің біреуін түсіріп алады (С. Мұқанов).

Жақшаға алынған қыстырмамен аяқталып тұрған сөйлемдерде леп, сұрау белгілері жалпы сөйлемге тиісті болса, олар жақшаның сыртына қойылады:

– *Астапыралда (солай дейтін оның кейде әдеті болушы еді)! – деді Итбай* (С. Мұқанов).

Жақшаға алынған қыстырма сөз не сөз тіркестері бөліп кететін жердегі басқа тыныс белгілері де (үтір, сызықша, қос нүкте) жақшаның сыртына қойылады: *Шыңғыстан Жақып, Шоқан (жұртқа мәлім Шоқан Уәлиханов), Мақы, Махмет туады. Үлкендердің айтуына, Қазақтың әкесі (атын ұмыттым) – ноғайлы деген жұрт* (С. Мұқанов).

Сұрау белгісі мен леп белгісінің тіркесімі кейде сөйлем соңында жақша ішінде берілуі мүмкін. Мысалы:

Еңбек – кеме, матрос – мен кемеде,

Оны сүймек сыбаға пешенеме (!?) (Қ. Шаңғытбаев «Ақын және өмір шындығы»).

Сұрау белгісі мен леп белгісінің әртүрлі комбинациялары (!?, ??!, ?!!) сөйлем ортасында келсе де, жақша ішінде жазылады. Мұндайда қабаттаса қолданылған тыныс белгі қыстырма сөздің орнына жүріп, жазушының (ақынның) оқиғаға көзқарасын білдіреді.

Сұрау белгісінің бірнеше рет қайталанып келуі немесе басқа да тыныс белгілермен тіркесуінің белгіленген ережесі жоқ, сондықтан болып жатқан оқиғаның, іс-қимылдың әсерін, эмоционалдық реңін күшейту үшін оқырманды бейжай қалдырмау мақсатында жазушы тыныс белгілер

комбинациясын өзінің қалауынша қолданады. Және сөйлем ортасында сұрау белгісі, онымен тіркесіп келген басқа да тыныс белгілерінен кейін бас әріппен немесе кіші әріппен жазу ережесі де әртүрлі, тұрақтылық жоқ.

«Қазақ тілінің анықтағышында» академик Р. Сыздық: «Сөйлем соңына қойылған нүкте, көп нүкте, сұрау белгісі және леп белгісінен кейінгі келесі сөйлемнің бірінші сөзі бас әріппен басталып жазылады:

1) *Үш жыл өтті. Жаз күні. Қас қарайған уақыт. Ворошилов атындағы колхозда ұйықтамаған үй кемде-кем* (Ғ. Мұстафин).

2) *Япырау, мынау Тогжан, Тогжаным зой мынау! Ербол-ау, мен қайда тұрмын осы? Мынау үйде мені шақырып отырған Тогжан зой* (М. Әуезов).

3) *Абай жүрегі өзгеше бір еміреніп келеді. Кеуде де талай ыстық, толқын сезімдер сыя алмай, сығылысқандай... Өлең әнге оралып, еркеленіп келеді... Үзіле алмай ыргалады* (М. Әуезов)», – дейді.

Сонымен қатар бірыңғай жеке сөздер не сөз тіркестері ерекше сұрау интонациясымен баса айтылса, олардың әрқайсысынан кейін сұрау белгісі қойылады, сұрау белгісінен кейінгі сөз бас әріппен жазылатыны да сөз болады: *Адам пішіні әрдайым бұған (Абайға) бір тамаша, өзгеше қызық сурет тәрізденетін. Ол кей адамның айғыз-айғыз әжімінен, салбыраған ұртынан, қыртыстанған маңдайынан, бояуы оңан көздерінен, алуан сақал-мұртынан өзіне неше түрлі жанды-жансыз дүние сипаттарын көргендей болатын. Қына басқан сызаты көп тас па? Я селдір тоғай ма? Не көде, көкпек пе? Кейде мал мен аң бейнесі ме? Бәріне де ұқсап кетіп отыратын адам мүсіндері болады* (М. Әуезов). *Жел ме? Аттың жал-құйрығы ма? Жылан ба? Әйтеуір бірдемелер айнала ысылдайды* (С. Мұқанов) [3].

Алайда жазба коммуникацияда парцелляциялық құрылымдар сұрау белгісінен кейін кейде бас әріппен, кейде кіші әріппен жазылып жүр. Мысалы: *Кешке дейін келіп үлгерер ме екен? Үлгермес пе екен? Бүгін осында қона ма? Жоқ, қалаға қайта ма? Ертең келе ме? келмей ме?* – білмеймін. Яғни сұрау белгісін қоюда әркелкілік орын алып, тұрақты нормасы қалыптаса қоймағанын аңғарамыз.

Сөйлем сұраулы болғанмен, сұрау белгісі қойылмайтын тұстар көп кездеседі. Р. Сыздықованың «Қазақ тілінің анықтағышы» атты еңбегінде сұрау белгісі қойылмайтын тұстар былайша көрсетілген: «Сұраулық мағынасы бар бірыңғай сөз тіркестері ерекше интонациямен айтылмаса, араларына үтір ғана қойылады: *Желдің суылы ма, оқтың зуылы ма – құлағымды жанай әлдене ысқырып өтіп жатады* (С. Мұқанов).

...Ішінде сұраулы сөйлем жасайтын элементтері (*ма, ме, ба, бе, па, пе* шылаулары) бар, сәлемдескенде айтылатын сөйлемдерден кейін сұрау белгісі қойылмай, леп белгісі қойылады. Олар тікелей жауап қайтаруды тілемейді, сол сияқты сөздермен қайыра сәлемдесуді ғана қажет етеді. Мысалы:

Сау ма, князь! Жаным, неге

Тұрсың ұқсап бұлтты күнге? (А. С. Пушкин).

Армысыз, ардақты ата! (Ғ. Мүсірепов).

Есенсіз бе! – деді Асқар Айбалаға кеп, кім екенін танымай (С. Мұқанов).

Ал жауап қайыруды тілейтін, таза сұраулық мәні бар, бірақ амандасқанда айтылатын толық сөйлемдерден кейін сұрау белгісі қойылады:

– *Е, Жұмеке, мал-жан, бала-шағаңыз түгел аман ба?*

– *Шүкір Аллаға, аман. Өз үй ішіңіз де есен бе түгел?*

– *Тегіс есен.*

– *Өзіңіздің жүрген жерлеріңіз де, аманшылықта ма екен?*

– *Шүкір, Жұмеке, шүкір. Көпей бәйбішенің дені-қарны сау ма?*

– *Сау...* (Ғ. Мүсірепов)

...Бір нәрсені істеуді біреуден сұрауды, өтінуді білдіретін сөйлемдер сұраулы сөйлем болмайды. Олардан кейін көбінесе нүкте, кейде леп белгісі қойылады: *Есікті жауып жіберші. (Есікті жауып жібересің бе? дегенмен салыстыр). Кітабыңды маған бере тұршы. (Кітабыңды маған бере тұрарсың ба? дегенмен салыстыр).* – *Асқар үйдемісің? – деді Кенжетай сырттан. – Үйдемін. – Шығып кетші. – Қазір* (С. Мұқанов). *«Шықшы іркілмей, бұқпашы баяу. Мені де еліктір, өзің де желпіңші! Мынау нәзік назды қара көздің астына іркіліп, қорғалап тұрған көкішіл қоңыр сәулелі көлеңке сияқты қорғалақ асыл өнеріңді ашы!»* – дейді (М. Әуезов) [3].

Яғни сөйлем сұраулы болғанмен, онда сұрау белгісін нүкте не леп белгісі сияқты тыныс белгілер алмастырады. Тіпті сұраулы сөйлем жасайтын элементтері бар сөйлемдерге де сұрау белгісі қойылмауы мүмкін. Мәселен, ерекше сезіммен (сүйсіну, таңдану, мақтан ету, тіксіну т.б.) айтылған сөйлемдерден соң леп белгісі қойылады:

Жамбылдың аты ақын ба,

Жылгадай жыры ақпаса! (Жамбыл)

Бірақ «жанды» аталатын Есілдің суында тек аяғың мен қолыңды қимылдата білсең болғаны. Көтеріп ала жөнеледі! Тәттілігі қандай сол судың! Салқындығы қандай! Мөлдірлігі қандай! (С. Мұқанов).

Электрге, одан атомға жетсе қайтер еді! – деді *Жомарт* (Ғ. Мұстафин).

Келтірілген мысалдардан тыныс белгілерді қоюда олардың тұрпат межесіне ғана иек артуға болмайтынын аңғарамыз.

Леп белгісі де – экспрессивті-эмоционалды көңіл күйді білдіретін, сөйлем соңында қойылатын белгілердің бірі. Леп белгісі, біріншіден, іс-оқиғаның ақиқат болмысқа қатысты жазушының көзқарасын (яғни ой-пікірдің объективті мәнін) көрсету үшін қолданылады; екіншіден, жазушының іс-оқиғаға қатысын (яғни бағалау компонентін) білдіреді.

Леп белгісі қойылатын сөйлемдердің құрылысы әртүрлі болып келеді: ол бірнеше жай сөйлемнен құралған құрмалас сөйлем болуы да, окшауланып айтылған жеке бір қаратпа немесе одағай сөз болуы да мүмкін. Сондай-ақ қаратпа сөз сөйлем басында келіп, көтеріңкі дауыспен айтылса, одан кейін леп белгісі қойылып, келесі сөз бас әріппен жазылады: *Тогжан! Япырмай, жақсы айттыңыз-ау!* (М. Әуезов, Шығ.). Ерекше мән бере көтеріңкі айтылған атаулы сөйлем сияқты сөздерден кейін де леп белгісі қойылуы мүмкін: *«Иегі ителгеннің тамағындай», – деп қызықтырған, асықтырған қалыңдық! Ділда! Мұның жары!* (М. Әуезов, Шығ.).

Леп белгісі де кейде сөйлем ішінде келіп, жақша ішіне алынады. Мысалы: *«Өзі аса ірі. Екі тізесі аттың екі құлағын қағып (!) келеді. Жалмұрат кірпігі жыпылықтап, бөксе жағы қыпылық қағып (!), жер шұқылап қалды. Балықшылар жарыла (!) күлді. Оның сөзіне Федоров та ылығын (!) қалған сияқты» – деп жазады Ә. Нұрпейісов («Жұлдыз»).*

Мұндай жағдайда леп белгісі, бір жағынан, болып жатқан іс-әрекет, оқиғаның шындыққа қатысын білдірсе, екінші жағынан, ситуация, құбылыс, зат жайындағы ақпаратқа жазушының эмоционалдық бағасын білдіреді, сондай-ақ сөйлемнің өзекті тұстарына назар аударту үшін қолданылады.

Лепті сөйлемде сұраулы мән де қатысса, леп белгісі сұрау белгісімен қабаттасып келеді: *Е, ол белгілі ғой! Жә, әлгілер қайда кетті, жаным-ау?!* (Ғ. Мүсірепов, Шығ.).

Леп белгісінің сөйлемнің соңында басқа тыныс белгілерімен қатар бірнеше рет қойылуы жазушы эмоциясының күрделілігін, интенсивтілігін көрсетеді. Леп белгісі көп нүктемен тіркесіп келгенде, әдетте, леп белгісінен соң екі нүкте қойылады. Алайда кейде леп белгісінен соң үш нүкте қойылатын жағдайда жиі ұшырасады.

Сөйлемдегі ойға байланысты кейде леп белгісінің орнына нүкте не сұрау белгісі қойылады. Осыған байланысты академик Р. Сыздық «Қазақ тілінің анықтағышында»: «Бұйыру, өтіну мәнінде айтылып, баяндауышы II, III жақ бұйрық раймен жасалған сөйлемдердің соңынан автордың қолдануына қарай не леп белгісі, не нүкте қойылады. Ондай сөйлемдер ерекше бір көңіл күйіне байланысты көтеріңкі дауыспен айтылса, лепті болады:

Құнанбай таң атар-атпастан бұйрық беріп:

– Малтықпай тез көшсін! Шұбалмасын! Қатар қозғалсын! Қауырт жөнелсін! – деп, қысқа-қысқа әмірді ауыл басы сайын кісі шаптырып айтқызып жатқан (М. Әуезов).

Абай айыптап, кінәлағандай боп, ақырып жауап берді:

– Ақырмаңыз! Тоқтатыңыз қазір мынау бассыздықты! (М. Әуезов).

Бұйрық, тілек мәнді сөйлем екпінсіз айтылса, нүкте қойылады:

– Сендер үйге бара беріңдер. Ол да үйге тез келсін» [3].

Жазба тілдің жетілуіне, баспа ісінің дамуына байланысты жазба тіл жүйелі болуы үшін тыныс белгілерді қолданудың өзіндік заңдылықтары, норма қалыптасты. Бұл, әрине, жазба тілдің жүйелі болуына ықпал етті.

ҚОРЫТЫНДЫ

Пунктуация семантика, синтаксис, стилистика, интонациямен тығыз байланысты болады. Солардың көмегімен тыныс белгілердің қызметі, мағынасы «толысып», нақтылана түседі. Нүкте, сұрау белгісі, леп белгісі сияқты тыныс белгілер сөйлемді аяқтап, басқа сөйлемдерден ажыратып тұрумен қатар ойды дәл жеткізу, ақпаратты жеткізу құралын үнемдеу, сөйлемді актуалды мүшелеу, логикалық екпінді айқындау үшін қызмет етеді.

Сөйлем соңына қойылатын тыныс белгі мәтін мәнінің өзектілігіне байланысты сөйлемнің ортасына да қойылады. Бұл жағдайда олар үтір, нүктелі үтір, қос нүкте, сызықша секілді тыныс белгілермен алмаса алады. Сөйлем ішінде келген нүкте, сұрау белгісі, леп белгісі эмоционалды комбинациялық тыныс белгілер ретінде көбінесе жақша ішінде беріледі. Сөйлем соңына қойылатын тыныс белгілердің контекстік қызметі де сан алуан: сұрақ белгісі сөйлем ішінде леп белгісімен, көп нүктемен тіркесіп келіп, жазушының болып жатқан іс-қимыл, оқиғаға байланысты эмоционалдық көзқарасын білдіреді, сонымен қатар сөйлемнің актуалды мүшеленуін де көрсетеді. Яғни сөйлем соңына қойылатын тыныс белгілер, бір жағынан, болып жатқан іс-әрекет, оқиғаның шындыққа қатысын білдірсе, екінші жағынан, ситуация, құбылыс, зат жайындағы ақпаратқа жазушының эмоционалдық бағасын білдіреді.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Сыздықова, Р.** Көптомдық шығармалар жинағы. – 8-том. Тілдік норма және оның қалыптануы. – Алматы : Елшежіресі, 2014. – 290 б.

2 **Зиндер, Л. Р.** Очерк общей теории письма. – Л., 1987. – С. 42.

3 **Сыздықова, Р.** Қазақ тілінің анықтағышы. – Астана : Елорда, 2000. – 527 б.

Материал 31.05.17 баспаға түсті.

Л. М. Адилбекова, Г. А. Ескермесова

Дополнительные функции знаков препинания, которые ставятся в конце предложения

Казахский государственный женский педагогический университет, г. Алматы.

Материал поступил в редакцию 31.05.17.

Additional functions of punctuation marks at the end of sentences

Kazakh State Women's Teacher Training University, Almaty.

Material received on 31.05.17.

Данная статья включается в парадигму современных антропоцентрических исследований и позволяет конкретизировать сложившиеся в лингвистике представления о роли человеческого фактора в языке и, в частности, в создании и пунктуационном оформлении текстов, принадлежащих к естественной письменной речи. Функциональное направление предполагает выявление закономерностей употребления знаков препинания с учётом их функционирования в реальных текстах. Функциональный аспект пунктуации предполагает выяснение того, как пунктуационное оформление текста соотносится с существующими пунктуационными нормами и как это оформление оценивается автором и адресатом. Безусловно, подобные исследования представляются необходимым фрагментом общего описания функционального аспекта казахской пунктуации.

This article is included in the anthropocentric paradigm of modern research and allows the authors to specify the current linguistic ideas about the role of the human factor in the language and, in particular, in creating the punctuation and the design of texts belonging to natural writing. The functional area involves the detection of patterns of the use of punctuation with regard to their functioning in real texts. The functional aspect of punctuation involves figuring out how punctuation and text layout relates to the existing norms and punctuationism as a design author and addressee. Of course, such studies are necessary fragment of the overall description of the functional aspect of the Kazakh punctuation.

УДК 81`25

Ж. Т. Балмагамбетова¹, А. С. Кенжегулова²¹д.ф.н., профессор, ²магистрант, Карагандинский государственный университет имени Е. А. Букетова, г. Карагандаe-mail: ²aygul_k78@mail.ru**ЛИНГВОКУЛЬТУРОЛОГИЧЕСКИЙ АСПЕКТ РЕКЛАМНОГО ТЕКСТА**

В статье рекламный текст рассматривается сквозь призму лингвокультурологического аспекта, раскрывается значимость культурной переводческой адаптации рекламного текста, рекламной коммуникации, даются такие понятия как «лингвокультурология», «лингвокультурологический аспект», «рекламный дискурс», приводятся некоторые примеры переводческих решений.

Ключевые слова: лингвокультурология, лингвокультурологический аспект, переводоведение, реклама, рекламный дискурс.

ВВЕДЕНИЕ

Природа перевода обратила на себя внимание, как мы понимаем сегодня, только в прошлом столетии. Все более распространяющиеся индустриализация и глобализация указывают на то, что возрастает важность межкультурной коммуникации.

В середине XX столетия в университетах начали систематически разрабатывать теории перевода, что сопровождалось растущим интересом ученых к процессу овладения языком, а также к психологической и антропологической стороне этого вопроса и перевод стал гигантской индустрией. Технологии достигли уровня, когда переводчики добивались перевода одним нажатием кнопки компьютера, но не тут-то было. Таким образом переводчик получает только разве что сухой буквальный перевод того или иного текста, который лишается красоты и глубины человеческой мысли и человеческой речи. Поэтому открытым остаётся вопрос о том, осуществлять ли буквальный перевод или можно позволить себе некоторую художественную вольность.

Если же говорить о переводе рекламного текста, то на современном этапе развития общества значимость рекламной коммуникации постоянно растёт, причем рекламный процесс пронизывает все сферы жизни. Исследование адаптации иноязычной лексики в разной социальной среде и приёмы её отражения в рекламном дискурсе представляют определённый интерес для анализа рекламного текста. Реклама занимает одну из ведущих позиций

в культурном поле социума, что объясняет важность и необходимость изучения данного феномена не только с позиций философии, психологии, социологии и др., но также и с позиций лингвистики, межкультурной коммуникации и переводоведения.

ОСНОВНАЯ ЧАСТЬ

Реклама имеет свои законы создания, механизмы воздействия, способы языковой организации, интерпретации и перевода. Возможность на материале рекламы проследить особенности предпочтений во многих жизненных сферах и передать эти реалии при его переводе, имеет большое значение для лингвокультурологии как особой междисциплинарной науки и переводоведения, поскольку перевод – это сложный, многогранный процесс, который оказывает большое влияние на понимание и взаимодействие разных культур, а переводчику рекламных текстов необходимо не только владеть языком оригинала и перевода, но и понимать когнитивную картину мира (концептосферу) обоих народов, уметь соотнести статус концептов в исходной и целевой культурах, предвидеть реакцию потенциального потребителя.

Таким образом, лингвокультурология – комплексная научная дисциплина синтезирующего типа, изучающая взаимосвязь и взаимодействие культуры и языка в его функционировании и отражающая этот процесс как целостную структуру единиц в единстве их языкового и внеязыкового (культурного) содержания при помощи системных методов и с ориентацией на современные приоритеты и культурные установления (систем норм и общественных ценностей) [1].

Основная функция рекламного текста всегда является коммуникативной, аппелятивной, убеждающей. Чтобы рекламный текст выполнял свою коммуникативную функцию, он должен быть включен в культурную среду языка перевода [2]. Текст рекламы нацелен на то, чтобы расширить круг реципиентов. Поэтому реклама должна привлекать внимание массового потребителя (реципиента) – в этом функция ее изобразительного ряда. Это диктует запрет на использование в тексте рекламы редких специальных терминов, диалектов, грубого просторечия.

Таким образом, перевод рекламных текстов требует творческих способностей к воспроизводству лингвокультурологических особенностей текста. При переводе рекламных текстов также важным является передача аппелятивной функции в тексте языка перевода. Рекламное сообщение не всегда приходит к потребителю без изменений. Переводчику не всегда удается полностью и точно передать содержание текста оригинала, его стилистические и эмоционально-экспрессивные особенности. При переводе рекламных текстов в первую очередь должна сохраняться прагматическая функция текста-оригинала.

Все стилистические и языковые приемы текста, делающие рекламу эффективной, должны быть переданы в языке перевода, при условии, что прагматика текста-оригинала должна обязательно совпадать с прагматикой текста перевода.

Рекламный дискурс обладает мощным лингвокультурологическим потенциалом. Реклама может служить наилучшим материалом для решения вопросов, относящихся к сфере лингвокультурологии, поскольку обычной практикой рекламодателей, желающих усилить интенсивность позитивной мотивации, является акцент не столько на предмете, сколько на положительных эмоциях, ассоциациях. Рекламодатель стремится с помощью рекламы вызвать нужные ему чувства и образы, и для лингвокультурологии чрезвычайно важно, какие именно образы оказываются привлекательными для представителей той или иной лингвокультуры.

Изучив взаимодействие языка и культуры, можно прийти к выводу, что реклама, будучи результатом деятельности социума, является важной разновидностью массовой коммуникации и накладывает отпечаток на сознание людей.

Своеобразие текстов рекламы заключается также и в том, что они являются средой, где отражаются, культивируются, обыгрываются стереотипные представления о национальном характере народа, например:

Прекрасный чай «Дастархан» – это символ казахстанского гостеприимства и радушия. *Высококачественный чай индийский чай «Дастархан».*

Чай «Дастархан» характеризуется как очень хороший напиток, символ гостеприимства и радушия Казахстана. Казахское гостеприимство, широта души давно известны представителям других народов. Гостеприимство передаётся от поколения к поколению. Не зря у казахов есть пословица: «Гостя разговорами не кормят». В традициях казахского народа встречать гостя, ступившего на порог, всем лучшим, что есть в доме: лучшим мясом, лучшим молоком, лучшим чаем. Прилагательное высококачественное усиливает положительные эмоции. Первая часть сложного слова *высоко* – говорит о высшей степени качества этой продукции, с другой стороны, подчёркивается соответствие этого сорта чая высокому уровню гостеприимства [3].

Ярким примером с таким же подтекстом является реклама моющего средства «Faigu», отражающая обычаи и традиции, которые поражают своей красочностью, богатством смыслового наполнения и в полной мере отражают сущность казахского национального характера – открытого, гостеприимного и стремящегося жить в гармонии с окружающим миром.

Рекламный текст является лингвокультурным страноведческим феноменом, в котором содержится страноведческая информация, передаваемая иконическими средствами в комплексе с вербальными. Так, например, в рекламе университета Нью-Йорка помещено изображение

Empire State Building как одного их архитектурных символов города, как исторического предмета материальной культуры; визуальным сопровождением рекламы американских сигарет Marlboro является изображение ковбоя верхом на лошади, что дает представление о внешнем облике, национальной одежде жителей страны.

Сознанию и языку носителя каждой культуры свойственно наличие стереотипов, которые являются своего рода содержательным центром культуры, ярким ее представителем. В анализируемых нами текстах рекламы достаточно часто встречаются примеры стереотипного отражения действительности.

Стереотипное восприятие американок как эмансипированных, независимых, свободных женщин находит свое отображение в рекламе духов «5th avenue». Слоган «Я – лидер. Свобода – мой мир» соотнесен с изображением на фоне небоскребов широко шагающей, уверенной в себе молодой женщины. Такова рода реклама, по-моему мнению, не подействовала бы на сознание людей, проживающих в странах, где мужскому полу отдаётся большее предпочтение, нежели женскому.

Текст рекламы английского чая – «Lyons. Чай в лучших английских традициях» – сопровождается изображением Вестминстерского аббатства, вызывая у потребителя ассоциации с присущим англичанам консерватизмом, приверженностью национальным традициям, респектабельностью.

Приобретая товар иностранного производства, покупатель как бы приобщается к западному образу жизни, стилю, престижности, респектабельности [4].

ВЫВОДЫ

Представителям иных культур необходимо получить определенные знания о вербальных и невербальных кодах культуры тех, с кем они вступают в коммуникацию. Отсюда актуализируется задача создания специализированных учебных пособий и словарей, в которых бы рассматривались и интерпретировались этнические, религиозные, политические, социальные и художественные символы различных народов и стран. Ведущее значение для достижения взаимопонимания имеет толерантное отношение к существующим различиям между культурами. Большая роль в решении проблем межнационального общения принадлежит политике государства в сфере образования и культуры. Ключевыми идеями должны стать принципы «равноправия и равноценности народов, уважения национального достоинства, необходимости укрепления и совершенствования дружбы народов, систематической культурно-педагогической работы по борьбе с негативными явлениями в этой области» [5].

В рекламных кампаниях на международном рынке важно непременно учитывать особенности национального мировосприятия своего адресата, нужно адаптировать рекламу в соответствии с потребностями местного покупателя, чтобы успешно продавать, необходимо успешно рекламировать; чтобы успешно рекламировать, создатель рекламного текста должен ориентироваться на ценностные ментальные установки того сообщества, в рамках которого этот текст распространяется.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

1 **Тер-Минасова, С. Г.** Язык и межкультурная коммуникация / С. Г. Тер-Минасова. – М.: Слово, 2000. – С. 260.

2 **Смирнова, Т. В.** Социально-коммуникативная природа рекламы. – К.: Collegium, 1998. – №5. – С. 81-130.

3 **Мисяченко, С. В.** Слоган, стандарт и клише в рекламном тексте: автореферат диссертации на соискание ученой степени кандидата филологических наук: 10.02.01 / Мисяченко Светлана Викторовна; [Северо-Казахстанский государственный университет им. М. Козыбаева]

4 **Беликова, А. В.** Журнальная реклама: лингвокультурный и гендерный аспекты: на материале русского и английского языков / Автореферат диссертации на соискание учёной степени кандидата филологических наук. – Краснодар – 2007.

5 **Мустафаева, М. Г.** Этнокультурные основы теории межнационального общения. – Махачкала, 2002. – С. 98.

6 **Ожегов, С. И.** Толковый словарь русского языка. – интернет-ресурс: // ozhegov-online.ru/.

Материал поступил в редакцию 31.05.17.

Ж. Т. Балмагамбетова, А. С. Кенжегулова

Жарнама мәтінінің мәдени лингвистикалық тұрғысы

Е. А. Букетов атындағы

Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағанды қ.

Материал 31.05.17 баспаға түсті.

Zh. T. Balmagambetova, A. S. Kenzhegulova

Linguacultural aspect of advertising texts

E. A. Buketov Karaganda State University, Karaganda.

Material received on 31.05.17.

Мақалада жарнамалық мәтін лингвәдениет тұрғысынан қарастырылып, жарнамалық мәтіннің аударма мәдениетіне қарай бейімделуінің маңыздылығы ашылып, «лингвәдениеттану», «лингвәдениеттану аспектісі», «жарнамалық дискурс» түсініктері беріледі, аударма мәселесінің кейбір мысалдары келтіріледі.

In the article the advertising text is considered through the prism of linguacultural aspects, reveals the importance of cultural translation adaptation of advertising texts and advertising communications, given such a thing as cultural linguistics, linguacultural aspect, advertising discourse and some examples of translation solutions.

ӘОЖ 82.342

М. Р. Балтымова

филол.ғ.к., Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, Ақтөбе қ.

e-mail: mbr76@mail.ru

ТАРИХИ РОМАНДАРДАҒЫ БИЛЕР БЕЙНЕСІНІҢ СОМДАЛУЫ

Бұл мақалада автор алты алашқа аты шыққан ардақты билердің жарқын тұлғаларының тарихи романдарда көркем бейнеленуін талдайды. Мақалада билер мәртебесі, билер институты туралы пікірлер талданған. Тарихи тақырыпқа жазылған І. Есенберлиннің «Көшпенділер», «Алтын Орда» трилогиялары мен Қ. Мұханбетқалиұлының «Тар кезең» романында билер бейнесі тарихи деректер, шын мәнінде бізге жеткен аңыздар мен ауыз әдебиеті үлгілері негізінде жасалғандығы зерделенген.

Кілтті сөздер: образ, тарихи роман, билер бейнесі, шешендік сөздер, тарихи тұлға.

КІРІСПЕ

Қазақ әдебиетінде қазіргі кезеңде байқалатын ұнамды үрдістердің бірі – көне дәуір оқиғалары мен тарихи адамдар өмірінің көркемдік ақиқатын айтуға ұмтылу. Бұл әдебиетіміздегі көрнекті қаламгерлердің осынау ұзақ жылдар мен сан ғасырлардың тарихын бейнелей отырып, сол уақыт ішіндегі белесті

кезеңдерді сұрыптап, белгілі ел билеушілердің, алты алашқа аты шыққан атақты жыраулардың, ардақты билердің жарқын тұлғаларын тарихи негіздегенінен көрінеді. Би және билер соты туралы Ш. Уәлиханов былай дейді: «би атағын беру қазақта халық тарапынан бір сайлау арқылы немесе халықты билеп отырған үкімет тарапынан бекіту арқылы болған емес; тек сот ғұрыптарына әбден жетік, сонымен қатар тілге шешен қазақтар ғана бұл құрметті атаққа өз бетімен ие болып отырған. Мұндай би атағын алу үшін би болам деген қазақ өзінің заң ісіне жетістігі және шешендік қабілеті бар екендігін халық алдында сан рет көрсетуі тиіс болған. Ондай адамдардың атағы бүкіл қазақ даласына тез жайылып, олардың аты жұрттың бәріне мәлім болып отырған» [1, 77-104]. Бұл бойынша қазақ қауымында би атағын алу үшін екі шарт: бірінші – әдет-ғұрып заңын жетік білу, екінші – шешендік қабілеті болуы керек.

Ал ұлы Абай ақын өз заманындағы қазақ билер институтының қызметі туралы: «Бұл билік деген біздің қазақ ішінде әрбір сайланған кісінің қолынан келмейді. Бұған бұрынғы «Қасым ханның қасқа жолын», «Есім ханның ескі жолын», Әз Тәуке ханның «Күлтөбенің басында күнде кеңес» болғанда «Жеті жарғысын» білмек керек», – дейді [2]. Би – рудың билеушісі, әкімі ғана емес, сонымен қатар өз ортасының, уақытының беделді, белді азаматы, ақылшысы. Халқымыздың тарихына көз жіберсек, халықпен бірге жасап келе жатқан жер дауы, жесір дауынан бастап тіршіліктегі дау-дамай атаулының бәрін билер шешкен. Небір қиын мәселелерді байыппен қарап, ақылға салып, әділ шешімін, тура үкімін айтқан аузы дуалы қадірменді адамды би атаған.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Халық өзінің от ауызды, орақ тілді, кара қылды қақ жара әділ билік айтатын шешен билерін ханнан бетер қадірлеп, сыйлап, олардың айтқан кесімді, бітімді сөздерін жадында сақтап келген. Белгілі жазушы І. Есенберлин «Көшпенділер» трилогиясында ел билеген от ауызды, орақ тілді билердің бейнесін жасауда өзіне тән хас шеберлігін көрсетеді. «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы Майқы би» деген қанатты сөзге өзек болған Майқы – Шыңғысты хан көтерген он екі бидің бірі. Трилогияның «Алмас қылыш» романында Майқы би туралы Асан Қайғыдан естиміз: «Әбілқайыр ханның ұлы Шах-Будақ сұлтанның асында түйе жарыс, қатын күрес – бәрі аяқталып, астың ең қызығы, талай жан өкінер, талай бидің намысқа шауып қабырғасы сөгілер жыраулар айтысы басталған-ды. Айтыс төрешісі жүзден асқан ұлы жырау Асан Қайғы. Ол бұл жолы желмаясымен Көкше теңіз тұсын шолып келген-ді. Төреші боларында ол Әбілқайыр ханға: – Атамыз Майқы биден бері бәйгі хан ордасын кім асыра мақтай алса соған беріліп келетін-ді. Бұл жолы ата жолын бұзбақпын. Егер соған көнсең төреші боламын, – деген. Бүкіл ел-жұрты ардақтаған Асан өтінішіне хан да қарсы келе алмаған» [3].

Романда ел билеу ісіне араласқан Ақжол би, Ноғай би, Құба би, Темір би, Арғын би, Қасқалдақ би, т.б. суреттеледі. Әбілқайырдың қол астында Арғын, Қыпшақ руларының белді адамдарының ішінде Ақжол бидің (бұл ел қойған аты, шын аты Дайырқожа) артында тұрған қалың Арғын елі бар. Ал Майсара Қобыланды батырдың соңынан ерген Қызылбас елін шауып, қисса жырына айналған арғы бабасы Қара Қыпшақ Қобыландыдан қалған жаужүрек бықыған айбарлы Қыпшақ жұрты тұр. Арғын руы Ақжол биді ерекше құрметтейді, қадірлейді. Тіпті, Әбілқайырдың өзі де: «Түбірімен жұлынған шөп қана қайта өспейді. Құр үстін шабудың қажеті жоқ: Өзбек Ордасы Ақ Ордаға айналмасын десең, Жәнібек пен Керейді түп-тамырымен құрту шарт, бірақ Арғындармен ымдас руларға сөзін өткізе алатын Дайырқожа – Ақжол би тұрғанда ол мақсатқа жету қиын. Ақжол би Жәнібек пен Керей үшін отқа күйіп, суға батуға бар. Ия, ең алдымен, Ақжол бидің өзін...» – деп Ақжол биден сескеніп, оны құртудың амалын іздестіреді. Сондықтан да Әбілқайыр Ақжол мен Қобыланды арасын астыртын шоқ тастап шиеленістіре түскен. Ақыры бұл оқиға Қобыландының Ақжол биді өлтіруімен аяқталады.

Әбілқайыр Тарланкөкке мініп, қалың нөкерлері мен «хан қорғаны» жауынгерлерін ертіп, қазақтың көне дәстүрін сақтап, Ақжол ауылына көңіл айтуға аттанды. Орда-Базарды қоршай қонған қазақ ауылдарын аралай, Қаракенгірдің етек жағына қаза болған Ақжол биге арнап тіккен үйлерге беттеп келе жатты. Хан атының басын тежей тартып, әлсін-әлсін өзен, көл бойларын жағалай жайлаған қалың елге қарап қояды. Қараған сайын сұрлана түседі. Арғын, Қыпшақ, Найман, Қоңырат, Керей, Уақ ауылдарының маңайында өреде ерттеулі ат, белдікте шошайған найза, сойыл. Әбілқайыр қазақ руларының түрін көріп сескенейін деді. Қобыландыға Ақжолды өлтір деп бекер ақыл бердім де, қалай деп ойлады ол бір мезет.

Құран оқылып біткеннен кейін, Әбілқайыр талғамды сөзбен көңіл айтты. Хан сөзі бітісімен, Қыпшақтың сүбе биінің бірі, топ жарған шешен Құба би:

– Қара бетпін, ағайын – деді. – Ашу үстінде аяулы ұлынды өлтіріп, елге қарар емес, жерге қарар жайым бар. Кессең бас, алсаң жан мінекей, құнын беруге дайынмын, – деді.

Міне осы сөздерден-ақ Ақжол бидің елге сыйлы, от ауызды, орақ тілді, хандар мен патшаларға, олардың жандайшаптарына қарсы шыққанда халықтың сөзін сөйлеп, сойылын қаққан би екенін білеміз.

Батырларды бастап келген Арғын би Қобыландыға:

– Көрмесен көресің! – деді Арғын би даусын көтермей, – байқа, батыр, сен Арғын ұлы Ақжолды өлтірдім деп тым саңғи берме. Ат қазығынан кетпейді, саған да өз үйіріңнен кетпе дейміз. Кетеді екенсің, өз обалың өзіңе! [3].

Әбілқайырды екі жағдай ойландырды. Бірі – Қара Қыпшақ Қобыланды Ақжол биді өлтірсе де, оның қадірін құрта алмауы еді. Ақжол бидің атын

тірідегісінен де ұлғайта түскендей. Кейде тарих адам атымен осылай ойнайды. Тірісінде жоқ даңқты өлгеннен кейін береді. Ақжол би де осындай даңқа ие бола бастаған-ды. Қара Қыпшақ Қобыланды бидің басын алғанмен, оның ұрпақтарға кететін даңқын жоя алмаған. Әбілқайыр хан бұны анық түсінді. Екіншісі – осы Ақжол бидің өлімі өзі ойлағандай Жәнібек пен Керейді құртатын жол болмай шықты. Хан өз қатесін өзі мойындады, бұл өлімнің аяғы үлкен насырға, ел бүлінер дау-жанжалға шабатынына шек келтірмеді. Хан мұны есіне ұстауға тиісті екенін мықтап түйді.

Зерттеуші С. Қ. Мұхтарованың пікірінше тарихи роман жазушылар, соның ішінде І. Есенберлин де: «...өз туындыларында ұлттық болмыстан бөліп алып қарауға болмайтын қазақтың би-шешендерін бейнелеу арқылы Уақыт пен Кеңістік сияқты тарихи-философиялық категорияларға жүгінеді. Қазақ би-шешенінің көркем туындыда сомдалуының дәстүр мен жаңашылдық сияқты философиялық ұғымдар аясында қарастырылуының әр кезеңдегі, әр уақыттағы әр түрлі стильдік даралығымен ерекшеленуі төл әдебиетімізге қомақты үлес қосты», – деп келтіреді [4, 25-26].

«Алмас қылыш» романында Тіленші ұлы Шалкиіз жыраудың:

Алл-алп басқан, алп басқан,

Арабы торым өзіңсің.

Жазылы, алтын, қол кескен

Алдаспаным өзіңсің!

Сен алтынсың – мен пұлмын,

Сен сұлтансың – мен құлмын, – деп мадақтаған Темір би бейнесі кездеседі. Алшын руларының көбі бағындырған, Астраханьды билеген Қасым сұлтанның өз қолы Әмір-әл-умра яғни әскербасы болған, Едіге батырдың шөбересі, Ноғайлы хандығы кезінен би дәрежесінде келе жатқан Темір би де дуалы сөздерімен талай дауды шешкен.

«Жанталас» романында сөздері мiрдiң оғындай өткiр қазақтың би-шешендер бейнесi бiр шоғыр. Романда үш жүздiң берекесi, бас қосар ұйытқысы болған Қазыбек, Төле, Әйтеке сияқты ұлы билердiң тарихи негiздерi бар. Тарихи деректерде Тәуке өзiнiң «Жетi жарғы» деген атақты ережесiмен белгiлi. Ереженi бiр өзi емес, қазақтың алғыр билерiнiң, алаш азаматтарының бас қосқан жиынында дүниеге әкелдi. Трилогияда осы билер бейнесi көрiнiс табады: «Сол кездегi қазақтың алғыр билерi – Қаракесек руынан шыққан, отыздардан жаңа асқан қаз дауысты Қазыбек, үйсiн Төле билер Өз Тәукенiң ордасына жиi келiп, ханның ел билеу iсiне арналған атақты ережесi «Жетi жарғысының» жазылуына көмектестi». Қанша жыл елдiң азаттығы мен бостандығы үшiн жоңғармен арпалысқан Тәуке 1715 жылы дүние салады. Сонда орнына үлкен талас-тартыспен ақыры қазақ билерiнiң қолдауымен Қайып отырады. Бұл арада «басты билер» деп отырғанымыз да – үш жүздiң берекесi болған үш биiмiз.

Тәуке хан Ресеймен қарым-қатынасты жақсартсақ, талай жауға төтеп береміз деп ойлап, қарым-қатынасымызды жөндейік деп, орыс патшасының қарамағындағы Уфа қаласына Тайқымұрын биді бас етіп елшілерін аттандырады. Бұл арада Тайқымұрынды бас етіп жіберудегі мақсаты – би өзінің сөзуарлығы мен көрегенділігімен, тілінен бал тамызатын шеберлігімен қалай да бітімге келтіреді деп ойлаған.

Үш жүзге бас болған Абылай да, кезінде Әбілмансұр деген атпен белгілі болып Төле бидің түйесін баққандығы трилогияда келтірілген. Абылайдың үлкен дәрежеге көтерілуі бидің ықпалы болса керек, себебі би оны үлкен жиындарға қатыстырып, ел басқару ісіне араластырып жүрді. Демек Абылай өміріндегі бидің рөлі ерекше.

«Жанталас» романында есіл ерлерінің жау қолында қаза тапқаны қабырғасына батып, «аһ» ұрып, төсектен басын көтермей жатып алған «Абылайға көңіл айтып, сонау Арқадан қаз дауысты Қазыбек би, Ұлы жүзден, Төле би, Кіші жүзден Бала би келді. Бұл үш бидің келуі Абылайдың үш жүздің елі өзіне көсем ете бастағанының белгісі еді.

Сонда қаз дауысты Қазыбек:

– Уа, Абылай, Үш жүзің аққан өзен еді, солардың табысқан жеріндегі сен бір бәйтерек едің. Бәйтеректі дауыл ұрмас па, жапырағы оның түспес пе, бұтағы оның сынбас па? Құдай ма едің тетігін ұстаған бұл жалғанның, бұның не, бір балам өлді деп жатып алғаның? – деді.

– Жөн айтасың! – деп Абылай басын көтерді» [3, 235].

Осы құдіретті бір ауыз сөз ұлы Абылайды орнынан қозғады. Оны бәйтерекке теңеп, яғни өмірде бәрі өткінші, дауыл соқса, бәйтеректің жапырағы, бұтағы да сынады. Ал қатты бір дүлей дауылда бәйтеректің өзі де құлайтынын Қазыбек би ескерткен сынайлы. Қазаққа сөз керек, сөзді айтатын би керек.

Жазушы романда Қазыбек би бейнесін аша түседі. Халық құрметіне ие болған Қарасақал да ең алдымен Кіші жүз арасында, кейін Қарқаралы маңындағы Қаз дауысты Қазыбек биді сағалап жүрді. Алдымен Қазыбек, артыннан Қаракерей Қабанбай Қарасақалға сый-құрмет көрсетіп, өзіне жеке ұлыс билетіп қолдарында ұстады.

Романның он бойында ерекше көрінетін бидің бірі Қаз дауысты Қазыбек бидің баласы Бекболат би. Ол өзінің шешендігімен, ашуды ақылға жеңдірер сабырлығымен көзге түседі. Абылай бір жәрмеңкеде Қаракесектің жігіті Ботақанды «маған тіл тигізді» деп ұстап әкеліп, тірідей зынданға қамайды, оған шыдамаған Ботақан өзіне-өзі қол жұмсап өлтіреді. Абылайдың басқа да астамшылық, қиянаттарын көріп әзер шыдап жүрген Бекболаттың бұл жағдай тіпті ашу-ызасын тудырады.

– Арғынның бес мейрамының бес мың әскері келе жатыр, – деді жігіт ентіге, – Ботақанның құны үшін Абылайдың басын аламыз дейді.

– Бастап келе жатқан кім?

– Қаз дауысты Қазыбектің баласы Бекболат би.

– Ұлы бидің өзі қайда?

– Көктемнен бері сырқат деген. Арғынның елірген тентектерін баласы Бекболат ертіп келеді [3, 240]. Бұл эпизодтан сексенді алқымдап қалған Қазыбек биді ханның құрметтейтіні көрініп тұр. «Ұлы би» деп атауының өзінде де бір мән бар. Бұдан кейін билер дауы басталып, Абылай өзін кінәлі санап, Бекболат бидің шешендігіне, ақылдылығына риза болып, өлімге қимаған жақсылығын үшін деп құндыз жағалы күзен ішік пен жорға мінгізеді. Бұл арада бір жігіт үшін бүкіл қазақ халқына бас болған Абылайды қалайша өлімге қиямыз деген Бекболат бидің парасаттылығын аңғарамыз.

Сонымен қатар романда Ноғайлының қазық биі Қойсары би мен Хақназар ордасының төбе биі – Ақсопа бидің бейнесі кездеседі. Ақ орданың ханы Хақназардың тұсында өмір сүрген екі би де романда ханмен кездесу үстінде көрінеді. Хақназар әкесі Қасымның зиратына барып құран оқып, басына күмбезді мазар салу мақсатымен Ноғайлы еліне келеді. Бұл елдің би шешендер, жырау ақсақалдары зор құрметпен қарсы алады. Сонда Ноғайлының түп биі болған Қойсары би толғауын бастайды.

– Ойлай берсең – ой да көп, уайым да көп. Ойнай берсең – ой да жоқ, уайым да жоқ! – деп бастады сөзін, – бір жайлауда іргелес, бір керуенде тіркелес ел едік, екі сан қол ертіп Ноғайлыға келуінде, Хақназар хан гәп болар. Әйткенмен сөздің басын сұрақтан бастайын. Кәрі құлақ еміс сөзге де емексиді, әкең Қасымханның зиратына құран оқып, мазар салғалы келген сыңайың бар секілді... Қасым хан саған әке болса, Ноғайлыға хан еді, мазарының басындағы алтын айына дақ түсірмей отырғанымызды кеше көзің көрді, – деп Қойсары би ханға әскермен келуінің төркіні басқа-ау деген тұспалды бір аңғартып өтті... [3, 320]. Қойсары би Қасымның көзін көріп, ерлігі мен ел бастар ақылына тәнті болғанын айтып, Хақназардың ойына алған ісіне ақ жол тіледі. Бұл хан өмірінде және оның игі істеріне билердің дуалы сөздері бастама болатынын жазушы аңғарта түседі.

Сондай-ақ «Жанталас» романында Қоқан әміршілерінің қос биі Ерден мен Нұрбота сөз болады. Қос бидің негізгі ойы Сырдария бойын басып алу. Бұл ойларына бөгет тек Абылай. Ал Абылай осы кезеңдерде қазақ даласының саяси және әскери билігін өз қолында ұстап отыр. Егер ол өлсе, үш жүз тағы бытырап қазақ халқы быт-шыты шығады. Халық деген не? Олардың ойынша басқаратын кеменгері болмаса құр топыр. Сондықтан олар Абылайдың көзін жоюға тырысты. Сол мақсатпен хан ордасына сұрқия Мүлікті жібереді. Дегенмен Мүлік ол ойын іске асыра алмайды. Романда Ерден мен Нұрбота билер жаман ниетімен, сұрқия саясатымен көрінеді. Жазушы қос бидің ойына алған әрекетін әрі қарай өрбіте береді.

Біздің ойымызша, романдағы түрлі оқиғалардың басында, жиын, кеңестерде, екі ел арасында бітімшілік жасау мақсатында немесе астыртын саясаттың басында билер бейнесі көрініс табады. Жазушы Абылайдың қамқорлары болған Толыбай би, Қарауылдың шешені Қожай би, Одаршы би, одан әрі Абдолла қарамағындағы Келдеше би, Жандаулет би, Тұрсын би, Бике би, Баба-сұлтан жанындағы Дүстем билердің бейнесін іс-әрекет үстінде көркем бейнелейді.

1993 жылы 28 мамырда Ордабасында XVIII ғасырдағы әйгілі мемлекет қайраткерлері, қазақ халқының үш ұлы перзенті Төле биді, Қазыбек биді және Әйтеке биді еске түсіруге арналып өткізілген той салтанатында сөйлеген сөзінде Елбасы Н. Назарбаев: «Халықтың үш ұлы перзенттері, даңқты үш дананың – Төле би Әлібекұлының, Қазыбек би Келдібекұлының және Әйтеке би Бәйбекұлының есімдері біз үшін ерекше киелі... үш ұлы би халық санасына тарихтың тар жол, тайғақ кешуінде бірлігінен айрылған елдің ажал құшары туралы ақиқатты сіңіре білді. Үш ұлы би үш жүздің асау мінезді батырларын ақылға шақырып, сол арқылы халықтың жұмылған жұдырықтай тұтас болуына қол жеткізді», – деп қазақ билерінің қоғамдағы саяси ролін айқын көрсетті [5]. ҚР Конституциясының Ата заңымыз деп аталуы да оның ғасырлардан ғасырларға ұласып келе жатқан ата-балар сөзі екендігін көрсетеді.

І. Есенберлиннің «Алтын Орда» тарихи трилогиясында аузы дуалы, сөзуар, сөздері мірдің оғындай өткір қазақтың би-шешендер бейнесі бір шоғыр. Шығармада суреттеліп отырған жыраулар – тарихта болған адамдар. Құрбанғали Халидтың «Тауарих хамсасында» айтылғандай, Майқы бидің ұрпағы абыз жырау Асанқайғы Сәбитұлы Алтын Орда ханы Ұлығ-Мұхамедке сөзін өткізетін билердің бірі болған. Асанқайғы Әбілқайыр ұлысындағы шиеленіскен тартыстың ортасына түседі. Керей, Жәнібек сұлтандар бастаған рулардың Әбілқайыр ұлысынан бөлініп шығуын қолдаушылардың бірі Асанқайғы болды. Ел аузындағы қария сөздің айтуында, Асанқайғы Ордадан бөлінген қазақ руларын Шу, Сарысу бойына, Ұлытау төңірегіне қоныстандыруға атсалысқан. Жыраудың осы қызметін жазушы былай бейнелейді:

Бәсе, – деді күліп Жәнібек, – хан аққу болса, қасына құладындардың жиналуы мүмкін емес қой, ал хан құлады болса, оның маңына аққулар келмесе керекті...

Асанқайғы кенет түксие қалды. Оның кәрлі даусы дала бүркіттің үніндей саңқ етті:

«Құладың құстың құлы еді,
Тышқан жеп жүнін түледі, –
Аққу құстың төресі

Ен жайлап көлде жүр еді.
Аңдып жүрген көп дұшпан
Елге жау боп келеді:
Құладың қуды өлтірсе –
Өз басыңа келеді.
Құлын көп сені өлтірер...».

Хан тағы күлді. Оған Асанқайғы сөзі өрескел көрінді. Тек осыдан алты жыл өткеннен кейін, осында отырған бір құладының жүрегіне қадаған қанжарынан өліп бара жатып, Асанқайғының сөзі кілт есіне түсіп, қарт жыраудың қандай данышпан екенін бірақ білді. Өттең, дүние-ай, тек тым кеш білді. «Асан ата қандай данышпан едің!» деуге де шамасы келмеді [6, 108-109].

Ханға айтқан жырау сөзін Жәнібек қазір түсінуден тым алыс еді. Бірақ бұл толғауды Төре би жақсы ұқты. Оған қарт жыраудың әр сөзі жүрегіне қанжардай қадалып жатқандай еді. Жәнібек Төре бидің боп-боз боп сұралана қалғанын енді көрді.

Хан әңгіме бетін тағы бөтенге бұрды. Ол тағы ештеңе болмағандай күле сөйледі.

– Уа, Асан ата, көптен бері сұрамақ едім, деді ол, – Әлемнің тең жартысын алған Шыңғыс хан да дүние салды. Күн шыққанда көмескі тартқан ай тәрізді, дүниеге бөтен ұлы жиһангер келсе, біздің атамның да атағын тот басады. Әлемнің тең жартысын билеген ұлы Шыңғыс ханға да шын өлім осылай келеді. Ал байлық деген қолдың кірі, жусаң кетеді. Ал ханның артында ордасы қалады. Сол орда қайтсе өлмейді.

Құлаққа ұрған таңдай тына қалған сарайда, енді шерлі үнге бөленген Асанқайғының шаршағандай даусы шықты.

«Ел бастаған билеріңнің, Жәнібек,
Ой өрісі теңіздей терең келсе,
Алыстағыны қырандай көре білсе,
Ханға дұрыс қатесіз ақыл берсе,
Халқың тарығып күйзелмес-ті,
Алтын Орда мәңгі-бақи күйремес-ті».

Төре алдындағы билердің басы төмен түсіп кеткен. Ханға да, Асанқайғыға да қарай алмай, бір-біріне ақырын әлденелерді күбірлейді. Тек Төре би ғана жауын көрген күзендей ширғығып Асанқайғыны жеп қоярдай, тасырая түскен [6, 110-113].

Жанындағы ақылшы жыраудың сөзіне ден қоймаған хан дүниеден өтті. Алтын кеселі рашиян шарабы хандарға ғана тиген. Алтын тәжіні, кіреуке, торқа шапанды хандар киген. Ал халық болса, етегімен су ішкен, етігімен қан кешкен. Мықтылар үшін, мықтылардың әулеті үшін бірін-бірі қырған,

жау санап өз бауырларына қарсы тұрған. Сол себептен де әлемнің жартысын алып жатқан Алтын Орданың аспанға шарықтаған айбарлы атағына қарамай, сонау өз заманын – зар заман деп атаған халқының көзі, құлағы ұлы жырау Асанқайғы:

«Бүгінгі күн зарлы күн,
Бүгінгі күн кәрлі күн,
Буыршын мұзға құлаған,
Бәйтерек жерге сұлаған,
Аққу қанатынан қайырылған,
Жалғзынан ана айырылған, – десе керек-ті.

Сол себептен де ол халқына, қой үстіне боз торғай жұмыртқалаған қиялы тудырған Жерұйығын іздеп, желмаясын еңкілдете желіп, сағым қуып кете барды [6, 120-121].

Әдебиетімізде тарихи романдар легін жаңа туындымен толықтырып, айтулы тұлғаларымыздың көркем бейнесының галереясын толықтырған Қ. Мұхаметқалиұлының «Тар кезең» романының бас кейіпкері С. Датұлы сөзге шешен, ойы жүйрік, көреген қолбасшы, әрі батыр, әрі би еді. Тар кезеңде жерге байланысты туындаған шиеленісті оқиғалар барысында айбарлы әрі намысты азаматтардың халық қамы үшін тәуекел деп атқа қонуы бұл романға арқау болған, мұнда Байбақты Сырым батыр бастаған Кіші жүздің ХУІІІ ғасырдың аяғындағы ұлт-азаттық көтерілісі бейнеленген және сол қозғалыстың шынайы шежіресі зерделенген. «Тар кезең» романы – «қазіргі қазақ прозасының көркемдік қазынасын байытқан эпикалық құнды туынды. Тәуелсіз Қазақстанның жаңа әдебиетін бұрын толық назарға алынбай келген ұлттық-азаттық күрескері батыр, Би Сырым Датұлы және ол бастаған күрескерлер бейнелеріне арналған эпикалық тарихи туынды ұрпақтарды ұлттық-отаншылдық рухпен тәрбиелеуге ықпал етері ақиқат» [7].

Романда Сырым би ел, жер тағдыры жайлы былай тебіренеді: «Тек әуелі жан түкпірінен Айрауықтың ащы күйіндей аңыраған бір азалы сарын бас көтеріп келе жатқанын ғана байқаған. Сәлден кейін сол бір өзегін өртеп, өн бойын шымырлатқан азалы сарын тұрлаусыз мына жалғанның опасыздығын паш етіп, бастарынан кешкенді қара қобызбен кейінгіге күңірене толғаған бағзыдағы бабалардың өксік пен өкінішке толы жыры мен зарына айналып, оқыстан «А-а-ай-и-и-и»-лап, ышқынып, мұның көкірегінен ал кеп ақтарылсын-ай... тоқтаусыз боздасын-ай!!!

...А-а-ай-и-и-и!!!

Бұ қоныс жеті жұрттан қалған қоныс,
Ноғайдың көшіп талақ салған қоныс.
Қазтуған, Асан қайғы, Орақ, Мамай,
Біз түгіл, солардан да қалған қоныс.

Бұ қоныс жеті жұрттың кеткен қоныс,
Ноғайдың көшіп талақ еткен қоныс.
Кәмелсіз қонған елін көп тоздырған –
Қайырсыз осы секілді неткен қоныс?!
Бидің алқымына әлдене кептеліп қалғандай, лықсыған өксігін өзі әзер тежеп тұр (Ішіндегі қара қобыз қылғына қиқылдайды... ыңыранады ышқынып!).

...Әуелі бұ қоныстан Ноғай кетті,
Баласы мұсылманның нобай кетті.
Қазтуған, Асан қайғы, Орақ, Мамай
Әрі өтіп Тесіктаудан солай кетті.
Артынан Телағыс пен Нәрік кетті,
Өзіне ерген жұртты алып кетті.
Жер қарап он екі жыл желмаямен
Асан би дүнияны...а-а-ай-и-и-и!!! Шолып кетті.

Бидің жүрегі шымыр-шымыр, шымыр-шымыр-шымырлап қоя берді. «Апыр-ай,мынау не сұмдық еді?! Жеті жұрт ауған бұ қоныстың бұларға да қайырсыз болғалы тұрғаны ма, сонда?! ...» [8, 134-135].

Осы үзіндіде көріп тұрғандай, автор Сырым бидің ішіндегі шер-шеменді берудің тың әдісін тапқан. Адам ішіндегі қара қобыздың қылғына қиқылдауы жазушы жонған жаңа образ болып табылады.

Сырым бидің халық арасында таралған шешендік сөздерінің бір саласы Нұралы ханға айтқандарымен байланысты. Бұл ретте халық қамын ойлаған батыр әрі би Сырым: «Халық – көл, хан – құс. Ел – орда, хан – қонақ. Көл құссыз да күнелтеді, құс көлсіз күнелтіп көрсін. Орда қонақсыз да өмір сүреді, қонақ үйсіз өмір сүріп көрсін», – деп халық қамын хан беделінен жоғары қояды.

Халқымыз үшін бағасы кемімес ұлттық құндылықтарымызға айналған І. Есенберлиннің тарихи трилогиялары сарқылмас қазына. Тәуелсіз мемлекеттігінің іргетасын қалаған бүгінгі және келешек ұрпаққа еліміздің өткен кезеңдерде бастан кешірген оқиғаларын, ел бастаған көсемдерін, қол бастаған батырларын, сөз бастаған дана билерін, ақын-жырау, шешендерін білу қажеттілігін өтеуде Қ. Мұханбетқалиұлының «Тар кезең» романы өз қызметін атқарып келеді. Жас буынды отаншылдыққа, ерлікке, намысшылдыққа баулитын осындай туындыларға халық бағасы берілді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Тарихта болған әйгілі тұлғаларды көркем шығармада бейнелеудің бір қиындығы – олардың халқы үшін жасаған ерліктеріне әділ баға беріп, халық алдындағы шын бейнесін дұрыс жасау керек. Себебі оқырман қауым тарихи

тұлғаның көркем шығармада суреттелген бейнесіне қарап, оның характеріне қанық болуды қалайды. Тарихи романшы тарихи адамдардың қатысуымен болған тарихи оқиғаны суреттеп қана қоймайды, тарихи адамдарды мұндай тарихи оқиғаны жасауға итермелеген себептерді, мотивтерді де көрсетеді. Тарихта болған жекелеген оқиғаларды халық өміріндегі маңызды күрделі басқа құбылыстармен тығыз байланыста, сабақтастықта бейнелейді. Себебі халықтың өткен өмірінде айтарлықтай үлкен маңыз-мәні жоқ шағын оқиға ірі құбылыстармен байланыста, сабақтастықта бейнеленсе, сол байланыс пен сабақтастықтың нәтижесінде өмір құбылыстарына тән ең басты, мәнді белгілерді айқындап, толықтырып ажарын аша түсуге қызмет етеді.

Тарихи тақырыпқа жазылған І. Есенберлиннің «Көшпенділер», «Алтын Орда» трилогиялары мен Қ. Мұханбетқалиұлының «Тар кезең» романында билер мен жыраулар бейнесі шын мәнінде бізге жеткен аңыздар мен ауыз әдебиеті үлгілері негізінде жасалған. Жазушылар тарихи тұлғаның болмыс-бітімін халықтың қалауымен жасап бере алған.

Тарихта болған әйгілі тұлғаларды көркем шығармада бейнелеудің бір құндылығы – олардың халық үшін жасаған ерліктеріне әділ баға беріп, халық алдындағы шын бейнесін дұрыс жасау керек. Себебі оқырман қауым тарихи тұлғаның көркем шығармада суреттелген бейнесіне қарап, оның характеріне қанық болуды қалайды. Автор тұлғалардың қатысуымен болған оқиғаны суреттеп қана қоймайды, сонымен қатар тарихи оқиғаны жасауға итермелеген себептер мен мотивтерді көрсетеді.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Валиханов, Ч. Ч.** Собрание сочинений в 5-и томах. – Алма-Ата : «Казахская Советская Энциклопедия», 1985. – Т. 4. – 461 с.

2 Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Аудармалар мен қарасөздер. – Алматы: «Ғылым», 1977. – 2-т. – 312 б.

3 **Есенберлин, І.** Көшпенділер /Тарихи трилогия. – Алматы : «Көшпенділер», 2004. – 760 б.

4 **Мұхтарова, С. Қ.** Қазақ тарихи прозасындағы би-шешендер образы: филол. ғыл. канд. ... автореф.: 10.01.02. – Алматы, 2000. – 28 б.

5 **Назарбаев, Н.** 1993 жылы 28 мамырда Ордабасында ХҮІІІ ғасырдағы әйгілі мемлекет қайраткерлері, қазақ халқының үш ұлы перзенті Төле биді, Қазыбек биді және Әйтеке биді еске түсіруге арналып өткізілген той салтанатында сөйлеген сөзі // Егемен Қазақстан. – 1993. – 1 маусым

6 **Есенберлин, І.** Алтын Орда: Тарихи трилогия. 2-ші, 3-ші кітап. – Алматы : Жазушы, 1983. – 480 б.

7 **Тебегенов, Т.** «Тар кезең» – эпикалық құнды туынды // Ана тілі. – 2012. – 22 желтоқсан.

8 **Мұханбетқалиұлы, Қ.** Тар кезең. Тарихи роман. – Алматы : Мереке баспасы, 2012. – 584 б. – 40 сурет.

Материал 31.05.17 баспаға түсті.

М. Р. Балтымова

Образ бийев в исторических романах

Актюбинский региональный государственный университет
имени К. Жубанова. г. Актобе.

Материал поступил в редакцию 31.05.17.

M. R. Baltymova

The image of the bijes (judges) in the historical novels

Aktobe Regional State University named after K. Zhubanov, Aktobe.

Material received on 31.05.17.

В данной статье автор анализирует художественное изображение известных казахских бийев в исторических романах. В статье рассматриваются труды ученых о статусе бийев, об институте бийев. На материале исторических трилогий «Кочевники», «Золотая Орда» известного писателя Ильяса Есенберлина и исторического романа «Смутные времена» Кажығалия Муханбетқалиұлы осмысливаются, что при изображении образов бийев использованы исторические факты, легенды и другие тексты устного народного творчества.

In the given article the author analyzes the artistic image of the famous Kazakh bijes (judges) in the historical novels. In the article the works of scientists about the status of bijes (judges) and bijes' (judges) institute. On the material of a historical trilogy «Nomads», «The Golden Horde» by the famous writer Ilyas Esenberlin and the historical novel «Time of Troubles» by Kazhygaliy Muhanbetkaliuly comprehended that the image of bijes (judges) images used historical facts, legends and other folklore texts.

С. Б. Бегалиева

п.ғ.д., профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,
Алматы қ.

e-mail: Sbegalieva@mail.ru

**БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ МАМАННЫҢ
АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ
ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

Бұл мақалада болашақ педагог мамандардың кәсіби құзіреттілік мәселелері мен ақпараттық-коммуникациялық құзіреттілігін қалыптастыру мүмкіндіктері қарастырылған.

Кілтті сөздер: болашақ маман, ақпараттық-коммуникациялық құзіреттілік.

КІРІСПЕ

Бүгінгі үздіксіз әрі қарқынды өзгеріп отыратын әлемде функционалды сауаттылық – адамның әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық өмірге белсенді қатысуы үшін негіз болып қаланып қоймай, «өмір барысында білім алуға» ықпал ететін маңызды әрі басты фактор болып табылады.

TIMSS, PIRLS халықаралық бағдарламалары үш бағытта бағаланатыны баршаға аян – оқыту мен жазудың сауаттылығы, математикалық сауаттылық және жаратылыстану сауаттылығы. Соған байланысты, білім сабақ барысында ақпараттық технологиялар мен оқыту тәсілдерін тиімді қолданумен байланысты. Бұл мұғалімдерден үнемі шығармашылық ізденісте, жаңашылдыққа оқу, «өмір бойы білім алу» ұстанымы бойынша жұмыс жасауды талап етеді. Мұнда мұғалімдерде таңдау үшін еркіндік берілген. Мұндай тәсіл мұғалімдерге ақпараттық және коммуникативті технологиялардың ғажайып әлемін ашып көрсетеді. Үздіксіз білім алып, АКТ қолданудың дағдыларын жүзеге асыра отырып, педагогикалық кадрлар жаңа инновациялық технологияларға есік ашады.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

«Біліктілік» және «құзыреттілік» сөздерінің мағынасын жақсырақ түсіну үшін сөздіктердің көмегіне жүгінелік. Мұнда «біліктілік – білімді игеру, адамның белгілі бір саладан хабардар болуы», сонымен қатар, «белгілі бір әрекеттер, кәсіби міндеттер т.б. орындаудағы біліктілігі, мәртебесі мен құқығының болуы»

деген анықтама берілген. Сөздіктерде берілген анықтамаларда біліктілікке берілген мұндай сипаттама кез келген адамға емес, өзінің кәсіби ортасында мәртебеге ие маманға ғана қатысты екендігі айқын. Яғни, сауаттылыққа қарағанда, мұнда еңбек нарығындағы кәсіби және әлеуметтік бейімделу міндеті емес, кәсіби іс-әрекеттің жоғары деңгейі туралы сөз болып отыр. «Құзыреттілік» (латын тіліндегі *competentis* – *қабілетті* сөзінен шыққан) – белгілі бір пән немесе оқыту барысында қалыптасқан білім, дағды және шеберліктердің жиынтығы, сонымен қатар белгілі бір нақты әрекетті орындауға деген қабілет деген мағына береді. Басқаша айтқанда, бұл – құзыреттіліктердің белгілі бір саласы мен жауапкершіліктің белгілі бір аясы. Терминдерден шатаспас үшін, біліктілік – шкала атауы, ал құзыреттілік – шкаладағы деңгейлер деп белгілеу керек.

А. К. Маркова кәсіби құзіреттіліктің түрлерін жан-жақты сипаттап, өзінің еңбектерінде құзіреттіліктің түрлерін былай зерделейді.

1 Арнайы, немесе әрекеттік кәсіби құзыреттілік әрекетті жоғарғы кәсіби деңгейде меңгеруді сипаттайды. Ол тек арнайы білім ғана емес, сонымен бірге оны тәжірибеде қолдана алуды білдіреді.

2 Әлеуметтік кәсіби құзыреттілік кәсіби қоғамдастықта қабылданған кәсіби қарым-қатынас тәсілдері мен бірігіп кәсіби өзара әрекеттестікті қолдану жолдарын меңгеруді сипаттайды.

3 Тұлғалық кәсіби құзыреттілік өзін өзі дамыту мен өз ойын білдіру әдістерін, кәсіби деформацияға қарсыласу құралдарын меңгеруді сипаттайды. Бұнда маманның өзі кәсіби әрекетін жоспарлау, өздігінен шешімдер қабылдау, проблеманы көре алу қабілеті де кіреді.

4 Жеке кәсіби құзыреттілік өзін өзі реттеу, кәсіби өсуге дайындық, кәсіби картаюға қарсы тұру, тұрақты кәсіби уәждемесінің тәсілдерін меңгеруді сипаттайды [1].

Рассмотрение инвариантного значения несовершенного вида является затруднительным, поскольку, как подчеркивает М. Я. Гловинская, «несовершенный вид в своих частных значениях может обозначать как действие «незаконченное, не достигшее предела» (актуально-длительное), так и действие «законченное», «достигшее предела» (общефактическое, настоящее историческое). Узуальное значение охватывает оба типа действия» [6, с. 194–195].

Р. Якобсон в своей статье «О структуре русского глагола» приводит различные точки зрения русских исследователей середины XIX века. А. А. Шахматов, например, утверждает, что «несовершенный вид означает обычное, неквалифицированное действие-состояние». Позиция А. Х. Востокова состоит в том, что «совершенный вид показывает действие с означением, что оно начато или кончено», тогда как несовершенный

вид «показывает действие без означения начала и конца оному». Сам Р. Якобсон высказывает свою точку зрения на категорию вида следующим образом: «Беспризнаковый характер форм несовершенного вида является, очевидно, общепризнанным. Можно было бы сказать точнее, что формы совершенного вида в противоположность формам несовершенного вида указывают абсолютную границу действия. Мы подчеркиваем «абсолютную», так как глаголы, обозначающие повторяющиеся начинания и завершения многократных действий, остаются несовершенными (захаживал). Нам кажется чересчур узким определение, даваемое теми исследователями, которые ограничивают функцию форм совершенного вида обозначением недлительности действия; ср. такие глаголы совершенного вида, как *понастроить, повытalkingать, нагуляться*, в которых указывается на завершение действия, однако отсутствуют какие-либо указания на его «точечный» или «непродолжительный», «кратковременный» характер» [8].

Как отмечает А. В. Кравченко семантический инвариант «предела» и «целостности» применяется только к базовым глаголам СВ и производным суффиксальным глаголам СВ, но не объясняют значение приставочных глаголов СВ [9, с. 54].

Помимо теории вида русского глагола, основывающейся на понятии инвариантного значения, существуют и другие подходы к изучению видов. Я. Ставницка выделяет теории, основывающиеся также на варианном значении. Данные теории подчеркивают невозможность нахождения семантического параметра, способного объяснить все употребления совершенного вида (Timberlake 1982; Thelin 1984). Кроме того, лингвист выделяет в отдельную группу теории, связанные с использованием языка семантических толкований, которые включают не только видовое, но и лексическое значение (Апресян 1980; Гловинская 1982, 2001; Падучева 1986, 1996), или логический подход к проблеме видового противопоставления (Breu 1980; Schpak-Dolt 1977). Я. Ставницка объясняет сущность видовой оппозиции, опираясь на концепцию, связывающую видовые значения с фазисными [10].

Е. В. Падучева предлагает свое толкование совершенного и несовершенного видов, основанного на методе семантического толкования. Форма СВ означает: «в некоторый момент t до момента речи не было Р; в момент речи – Р'», форма НСВ означает: «Р имеет место в момент речи и будет иметь место некоторое время после», где «Р – это может быть свойство, соотношение, состояние, процесс, деятельность, в зависимости от лексической семантики глагола» [11, с. 8]. Е. В. Падучева в краткой и убедительной форме, на наш взгляд, представила свою формулировку, отражающую современные подходы в изучении языковых явлений.

Г. М. Зельдович критикует «инцептивную» теорию описания категории вида и теорию предельности и выдвигает свою модель, в которой формы СВ имеют семантику однократности действия, противопоставляясь неоднократным формам НСВ [12]. А. К. Киклевич находит слабые стороны в данной теории, указывая на то, что «в выражениях с глаголами СВ мыслится некоторое множество ситуаций – неясно, как можно обнаружить эту множественность, например, в предложениях с однократными глаголами» [13, с. 145].

Представитель когнитивного подхода А. В. Кравченко выдвигает свою теорию инварианта совершенного и несовершенного вида. Данная теория заключается в том, что аспектуальные оппозиции отражают разные когнитивные статусы событий, выражаемых глагольными парами: наблюдаемые события категоризируются аспектуально маркированными формами глаголов, во время как аспектуально немаркированные глаголы категоризируют событие безотносительно к наблюдаемости данного события [14, с. 1].

Как указывают авторы учебника «Введение в русскую аспектологию» Анна А. Зализняк, А. Д. Шмелев, для имперфективного члена видовой пары событийное значение является «тривиальным» и не содержит ничего «нового» по сравнению со значением, выражаемым перфективным членом. Также имперфективному члену может быть присуще значение «нетривиальное», т.е. значение процесса или состояния. Ученые делают вывод о том, что для парных глаголов несовершенного вида их «онтологический потенциал» (например, событие и процесс, событие и состояние, только процесс, только состояние и т.д.) определяет семантический тип видовой пары, в которую он входит [15, с. 429].

ВЫВОДЫ

В результате обзора значительного числа работ, посвященных вопросу поиска определений семантического инварианта совершенного и несовершенного вида глаголов, наиболее обоснованным, на наш взгляд, является поиск более развернутых формул, а именно комбинации признаков, для совершенного и несовершенного вида, которые созданы на основе обобщения значений множества конкретных глаголов данного вида.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

- 1 **Пешковский, А. М.** Русский синтаксис в научном освещении. – М. : Языки славянской культуры, 2001. – 544 с.
- 2 **Маслов, Ю. С.** Очерки по аспектологии. – Л. : Изд-во ЛГУ, 1984. – 263 с.

3 **Виноградов, В. В.** Русский язык (Грамматическое учение о слове). – М. : Высшая школа, 1986. – 639 с.

4 **Иванов, В. В.** Историческая грамматика русского языка: учеб. для студентов пед. ин-тов по спец. «Рус. Яз. и лит.» – 3-е изд. перераб. и доп. – М. : Просвещение, 1990. – 400 с.

5 Русская грамматика-80 // Под ред. Н. Ю. Шведовой. Т.1. – М. : Наука, 1980. – 784 с.

6 **Гловинская, М. Я.** Семантические типы видовых противопоставлений русского глагола // Современный русский язык: хрестоматия. В 3 ч. Ч. 2 Словообразование. Морфология / авт.-сост. Т. Н. Волынец, В. Л. Леонович, И. С. Ровдо. – Мн. : БГУ, 2005. – 242 с.

7 **Бондарко, А. В.** Вид и время русского глагола (значение и употребление). – М. : Просвещение, 1971. – 239 с.

8 **Якобсон, Р.** О структуре русского глагола. Избранные работы. – М. : Прогресс, 1985. – 460 с. <http://www.lingvotech.com/jakobson-85c>. 04.12.2014.

9 **Кравченко, А. В.** Глагольный вид и картина мира // Известия РАН. Сер. литературы и языка. – 1995. – № 1. – С. 49-64.

10 **Ставницка, Я.** Перфективность / имперфективность / фазовость // Opera Slavica XV, 2005, 4. – С. 18-26.

11 **Падучева, Е. В.** О семантическом инварианте видового значения глагола в русском языке // Русский язык в научном освещении. – М. : Языки славянской культуры. – 2004. – № 2 (8). – С. 5-16.

12 **Зельдович, Г. М.** Семантика и прагматика совершенного вида в русском языке // Вопросы языкознания. – 2002. – № 3. – С. 30-61.

13 **Киклевич, А. К.** Притяжение языка. Т. 1. Семантика. Лингвистика текста. Коммуникативная лингвистика. – Олыштын, 2007. – 412 с.

14 **Kravchenko, A. V.** A new cognitive framework for Russian aspect. P.121. – <http://cogprints.org/4000/>

15 **Зализняк Анна А., Шмелев, А. Д.** Лекции по русской аспектологии. – Munchen : Sagner, 1997. – 152 с.

Материал поступил в редакцию 31.05.17.

И. М. Дюсекенева

Аспектiлiк категорияны тарихи тұрғыдан қарастыруы

Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті, Семей қ.

Материал 31.05.17 баспаға түсті.

I. M. Dyussekeneva

The study of the aspectuality category from historical perspective

Shakarim State University, Semey.

Material received on 31.05.17.

Мақалада аспектiлiк категориясына анықтама берiледi. Етiстiк категориясына аспектiлiк категориясының негiзi ретiнде ерекше көңiл бөлiнiп, қарастырылады. Аяқталған және аяқталмаған етiстiк түрлерiнiң инвариантiлiк мағынасын анықтаудағы түрлi амалдар қадағаланады.

The article gives the definition of the category of aspectuality. Special attention is paid to the category of aspect as a core component of the category of aspectuality. There are traced various approaches in defining invariant meaning of perfective and imperfective aspect.

ӘОЖ 80

С. Т. Елiкпаев

ф.ғ.к., профессор, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.

Т. ҚОЖАКЕЕВТІҢ ҚАЗАҚ САТИРАСЫ ТУРАЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІ

Мақалада ғалым Темірбек Қожакеевтің сатира туралы зерттеулері қарастырылады. Ғалымның қазақ әдебиеті мен баспасөзіндегі сатираның ерекшеліктері мен әр кезеңдік сипаттары жайындағы пікірлері талданады.

Кілтті сөздер: сатира, баспасөз, газет, тарих, қоғам, мәселе, ұлттық, саяси-әлеуметтік, зерттеу, т.б.

КІРІСПЕ

Қазақ сатирасында өзгеше стильдерімен белгілі болған ақын-жазушылар, қаламгерлер шығармаларын зерттеген ғалым Темірбек Қожакеевтің зерттеулерінің мазмұны мен тақырыбы, көтеретін түйткіл мәселелері сан алуан. Т. Қожакеевтің ғылымдағы орны қазақ әдебиетіндегі саатира жанрының көркемдігін ашуға арналады.

Сатиралық шығармалардың зерттелуі орыс, шетел ғылымында ертеден жасалғанымен де, қазақ ғылымында алғаш рет терең зерттелеген – Темірбек Қожакеев.

«1941 жылғы «Шетел сөздерінің сөздігінде»: «Сатира – болмыстың жағымсыз құбылыстарын ащы күлкіге айналдыратын көркем әдебиеттің тегі (род)» делінген. Енді біреулер сатираны нақты өмір елестерін, болмыс сәттерін суреттеп, жазып, айтып берудің әдіс-тәсілі ғана деп түсіндіреді. Мысалы, сатираны көп зерттеген, бұл түрдің үлкен теоретигі Я. Эльсберг: «Сатира – болмысты әдебиет пен өнерде көрсетудің бір әдіс-тәсілі» дейді. «Үлкен совет энциклопедиясында» да осы анықтама берілген» [1, 4].

Сатираның орыс және шетел ғылымындағы зерттелуіне Т. Қожакеев кең көлемде тоқталады [2].

Сатира терминінің шығу тегіне назар аударатын, бірнеше ғылыми еңбектерді салыстыра зерттейді. Соның ішінде сол кезеңдегі сатираны кеңінен қарастырған Д. Николаев [4], Л. Ершов [5], У. Гуральниктердің [6] ғылыми ойларына көп үңіледі.

Ғалым осындай анықтамаларының қатарына келесі топтарды қосады.

1 Д. Ушаковтың редакциялауымен басылған «Орыс тілінің түсіндірме сөздігінде»: «Сатира – өмірдің жағымсыз құбылыстарын күлкілі, келемеж түрде көрсететін әшкерелеуші әдеби шығарма» деген анықтама.

2 С. Бонбидің басқаруымен 1940 жылы басылған «Поэтикалық терминдер сөздігінде»: «Сатира қоғамдық дерттерді келемеж етуді немесе әшкерелеуді мақсат ететін әр түрлі (роман, әңгіме, фельетон, эпиграмма т.б.) әдеби шығарма» тұжырымы.

3 А. Квятковскийдің «Сатира – болмыстағы жағымсыз құбылыстарды сынап, әшкерелеуді, күлкі етуді мақсат етіп көркемсөзбен немесе өлеңмен жазылатын көркем әдебиеттің түрі» түйіндерін береді. Сонымен ғалым сол кезеңдегі сатираны зерттеген, кеңестік кезеңдегі жүйеге түскен бес анықтаманы өзара қатар береді. Осы арқылы барлығына ортақ сипаттарды анықтап ашады.

Ғалым анықтамаларға ортақтық – қоғамдық қызметінде екендігін ашады. Ғалым бұл қоғамдық қызметтің белгілерін төмендегі қалыпта ашып береді.

1 « ... сатираның қоғамдағы жағымсыз болмыс, құбылыстарды, адам бойындағы ұнамсыз мінез-қылық, әдет-тәртіптерді әшкерелеп, күлкіге жығу, келемеж ету идеясымен жазылатыны жөнінде әдебиет зерттеушілерінің пікірлері бір арнаға саяды...» [1, 5].

2 Сатиралық шығармаларда пафос болатындығын барлық зерттеушілер айтады.

Бұл анықтамалардың өзіндік ерекшеліктері де бар.

1 Сатираны бірі әдебиет тегі (род) деп береді.

2 Өмірдің жеке елестерін суреттеудің әдіс-тәсілдері.

3 Әшкерелеуші әдеби шығарма.

4 Көркем әдебиеттің өзіндік түрі.

Осындай жіктелістерді талдап, жіліктей отырып, ғалым өз тұжырымын ұсынады. Т. Қожакеев сатираның үлкен әдеби жанр түрі екендігін айта келіп, оның жанрлық сипаттарына төмендегідей белгілерді береді.

1 Қоғамды суреттеу, оның болмыс-құбылыстарына үңілу мүмкіншілігінің мол екендігін айтады.

2 Әдебиеттің бір тегі де бола алады. Ақын-жазушылар қоғамдағы күлкілі жағдайларды ала отырып, сыққық тілмен, өзіндік стильмен жазылған, таза сатиралық шығармаларды ұсынады. Бұл әдебиет тегі болу қызметіне көтерді.

3 Қоғамды зерттеу, суреттеудің эстетикалық ұстанымдары, көркемдік әдіс-тәсілдері қолданылады.

4 Сатира қиялдауға да, шарттылыққа да, кездейсоқтыққа да, түсінбестікке де, әсірелеуге де негізделеді.

5 Ішкі жанрлық түрлерінің сипаттарына қарай: шарждауға, карикатуралауға, гротекс, сарказм, иронияға сүйенеді.

6 Сатирада кекексің, күлкі қылу, мазақ ету, үкім айту, ішкі қиналысты аңғарту, жан-дүниені ашу, күрсініс, әділдік, қаттылық, лирикалық сезім мен ғылыми талдау тоғысып жатады.

7 Сатира қарама-қайшылықтардың бірлігінен туындайды.

8 Авторлық шеберлік осылардың қайсысын қандай деңгейде көтере алғандығымен анықталады.

Сатиралық шығармалардағы авторлық шеберліктің озық үлгілері деп табылатын әлемдік әдебиеттер мысалдар келтіреді: Аристофанда – қайғылы үн, Щедринде – өмірді трагедиялық сезіну, Гогольде – күйзеліс, А. Чеховта – күрсініс.

9 Таза сатиралық шығармалар эпосқа да, лирикаға, драмаға да жатпайды. Дербес тек ретінде де көрінеді.

10 Сатира кей тұста жеке бір эпизод, көркем бейнелерді суреттеп берудің тәсілі ғана ретінде қолданылады.

11 Сатира кейде стильдік ағым (тенденция) дегенді білдіреді.

12 сатиралық шығармаларды жазатын авторлар бойында тазалық, тұрақтылық, ізгілік, игілік т.б. адамгершілік қасиеттері мол, өз қадірін біле алатын адамдар ғана бара алады.

13 Сатира қоғамды күні өтіп бара жатқан жайттарды суреттейді. Онда трагедиялық, комедиялық, драмалық уәждер (мотивтер) орын ала береді.

Ғалым сатира жанрларын бірнеше түрлерге жіктейді:

- шенеу (сарказм);
- кекту (ирония);
- іліп-шалып әзілдеу (шарж);
- бұра суреттеу (карикатура);
- мыскылдау (юмор).

Бұлардың қоғаммен байланысын келесі тұрғыда қарастырады.

1 Сатира, юмор – қоғамдағы болмыс-құбылыстарды ұзақ зерттеудің жемісі.

2 Сатира, юмор – белгілі бір қоғамдық дүниетанымның, саяси-әлеуметтік көзқарастың көрінісі.

3 Әзіл, қалжың сөз қақтығысы, пікір таласы, тапқырлық жарысы ретінде туады.

4 Сатира мен юмор жалпы қоғам мүшелерінің барлығына бағыттала береді. Әзіл, қалжың нақты бір адамдарға арналады.

Ғалым сатираны қалай зерттесе де, оның қоғамдық қызметінде, ортаға әсеріне көңіл аударады. Зерттеулерінде қоғаммен біртұтаста алып қарастырады. Сонымен бірге Т. Қожакеевтің «Сатираның қоғамдағы қызметі» деген атпен жазылған туындысы да бар.

Ғалым қоғамның негізгі мақсаты – адам жаны, адам парасаты үшін күрес, биік мақсатарға ұмтылу екендігінен бастайды.

«Адам – жаңа қоғамды орнатушы ғана емес, әрі оның иесі, басқарушысы. Қоғамның заң-тәртібін, міндет-мақсат, бағыт-бағдарын оның өзі белгілейді. Белгілейді де: олардың орындатылуын бақылайды, жүзеге асырылуы үшін күреседі» [1, 124].

Еңбек жазылған кезең Кеңестік социалистік қоғам болғандықтан да, қоғамның негізгі заңы конституцияның қоятын талабы мен беретін құқығы аясында өнер мен, қоғам байланысы ашылады.

«Жаңа адам үшін күрестің... әлеуметтік-саяси мән-маңызын ескер отырып, партия мен үкіметіміз совет адамдарын жан-жақты етіп, үйлесімді дамытуда құрал біткеннің бәрін жұмылдыруда. Солардың сапында сатира да тұр. Бұл ретте бүгінгі қазақ сатирасы адамтану проблемаларын қозғауды бірінші қатарға шығарды» [1, 128].

Ғалым сатираның қоғамдық қызметін төмендегідей сипатарымен ашады.

1 Адамдардың сана-сезім, мінез-құлқындағы ескінің сарқыншақтарына мол үңілу (Т. Құлиясовтың «жарықтық... тартынбайды», «Қара қалпак», «Соңғы үкім», «Кесілген бұрым», Е. Айтмағанбетовтің «Өзгерген телеграмма», «Табылған туыс», К. Әмірбеков «Жоғалған туыс» т.б.).

2 Сатира қоғамдағы жағымсыз әдет-дағдыны әшкерелеп жатса, екінші жағынан соған қарсы күресушілерді насихаттайды (Ғ. Қабышев «Бұл кім

ғо», С. Адамбеков «Құмдағы жиын», Ж. Алтайбаев «Менің қуанышы», О. Әубәкіров «Телефон» т.б.).

3 Кей тұстарда сатира ең жағымсыз бейнелерді біріне-бірін қарсы қояды. Екі жақтың да бар келі, бет-бейнесі ашылады (О. Иманәлиев «Сыңар кебіс», Ү. Уайдин «Бархолка базары», Қ. Шыңғысов «Мінез» т.б.).

Ғалым сатираның қоғамдық қызметіне назар салуда оның халықты жақсылыққа насихаттап, жаңа әдет-дағды мен адамгершілік істерге үндеу, жамандықтан жиренуге үйрету үшін қолданылуы керек дегенді алға тартады. Сатираның қоғамдық қызметінің тәрбиелеу міндетінің екі жағы бар дейді. Оның бірі – жамандықты көрсетіп, одан аулақ болуға үндесе, екіншісі – қоғамдағы еңбегімен, биік адамгершілік істерімен үлгі болатын жандарды насихаттау қажеттігін ескертеді. Осы тұста ғалым Кеңес өкіметі кезінде ерен еңбектерімен, асқан қажыр-қайраттарымен көпке үлгі болған Социалистік Еңбек Ерлері Кәмшат Дөненбаева, Ұлбала Алтайбаева, Жансұлтан Демеев, Алтынбек Дәрібаевтардың аттарын атап, үлгі етіп, сатирадағы жаман қылық, жат мінезді адамдарға қарсы қойылуы керек дегенді айтады.

Қоғамның келіскен, толыққанды адамдарын тәрбиелеу үшін сатирада қолданатын әдістердің қатарына сыналатындарды күлкімен келемеждеп әшкерелеу. Күлкі – сатира құралы, оның ерекше белгісі, сатиар өз көркем бейнелерін жай ғана мазақ етіп қоймайды. Олардың болашағы жоқ екендігіне басқалардың көздерін жеткізу үшін де қолданылатындығын айтады. Осы тұста ғалым сатира арқылы қоғамды тәрбиелеу міндеттерінің дәлелі ретінде Н. Г. Чернышевскийдің «Күлкілі нәрсе өз құнымызды білуді үйретеді, өз қадірімізді сезіндіреді», болгар сатирик-драматургі С. Стратиевтің «Күлкі мен үшін қара бастың қамы емес, көрермендердің өмірлік белсенді позициясын қалыптастыру, оларды тоғышарлық, өркөкіректік, селқостыққа қарсы ояту қамы», А. В. Луначарскийдің «Күлкі – белгілі бір таптың әлеуметтік өзіндік тәртібін нығайтуда немесе бір таптың басқа таптарға қысым көрсетуінде қарымды қару» деген пікірлерін келтіреді. Барлық пікірлер сол заманның, қоғамның идеологиясына негізделіп, саясаттың талап-тілектерінен шыққаны анық.

Ғалым күлкіні екіге бөледі:

- өмірдегі күлкі;
- өнердегі күлкі.

Өмірдегі күлкі – айналадағы болмыс, құбылысқа қатынасымыздың немесе кері жауабымыздың нәтижесі. Кей тұстарда еш мақсат, міндеттерді алға қоймай-ақ көрініс беруі мүмкін.

Өнердегі күлкі – белгілі бір мақсат қоюдың міндет белгілеудің нәтижесі. Бұны дүниетаным басқарады, сатира бұл тұста басты рөл атқарады.

Өнердегі сатирада нақты бір идеяны оқырман мен көрерменге жеткізу, автордың ұстанымын білдіру болады да, ал күлкі оқырмандардың белгілі бір ой тудыруына себепші болары анық.

Сатираның қоғаммен қатынасы дегенде ғалым қажетті шарт деп келесілерді анықтайды.

1 Кез келген сатирадан қоғам, заман лебі аңғарылуы шарт.

2 Сатира халық мүддесін, халық мұқтаджын суреттеуі тиіс.

3 «Сатира кім не істеді, неге істеді, не болды, қалай болды деген сұрақтарға жауап берумен ғана шектелмеу керек, дер иелері осыны істеуге қалай қалыптасты, неге мәжбүр болды; бұған жеткенше, осынша құлдырағанша қандай жолдардан өтті. Қазір ол сүйеніш, тіректі кімнен, неден тауып отыыр деген сұрақтарға жауап беруге міндетті» [1, 147].

4 Көркемдік бояудың нақтылығы. Сатира тек кемшілікті көрсетіп, сынап жазу ғана емес.

5 Сатиралық бейнелердегі өмірлік шындықтың сақталуы.

6 Оқиға мен әрекет табиғилығы.

7 Сатира сынына қоғамның құлақ асуы, сол арқылы әр ұйым, мекемеға ұстамды пікір, баға беру, қалыптастыру.

8 Сатиралық материалдар жарияланған баспасөз орынның сол материал бойынша қоғамдық ой туындауын, қоғам ішінде әсері, ықпалы болуын қадағалау.

Осы тұста ғалым баспасөз рөліне барынша мән береді. Газет-журналдардағы «Біздің дабылымыздан кейін», «Сынап едік, нәтиже қандай?», «Бізге жауап береді?», «Бізге хабарлайды», «Газет сынап еді, не істелді?» деген айдарлардың қоғамдық пікірді ояту, жұртшылық үшін әрқашан бар жазылғанды ұмытпай, баспасөз өзі де жауапты болып, есебін беріп отыруның маңызын айтады.

Сатиралық шығармалардың қоғаммен байланыс тұсында Т. Қожакеев С. Дөнентаевтың «Заман кімдікі?», С. Торайғыровтың «Бір адамға» өлеңдерін келтіреді. Қоғамдағы бар шындықты, бар бояуымен, көркемдікпен, барынша дәл және нақты берген сатиралық шығармалар. Қазіргі сатиралық шығармалар да осылардан үлгі алуы керек дейді.

Ғалымның қоғам мен сатиралық шығармалардың арасындағы байланыс, сатираның қоғамдық қызметі туралы пікірлері барлық еңбектерінде кездеседі. Т. Қожакеев кез келген сатиралық шығарма туралы айтып, ол туралы пікір, талдаулар жасар тұста оның қоғамға әсері мен ықпалы қандай болды, қандай тұсты суреттеді деген мәселеге басты көңіл бөледі.

«1970-80 жылдардағы қазақ сатирасы» деген еңбегіде бұған дейін кітаби ақындар деп бөлек қаралып, әдебиеттен көп алшақ кеткен бір топ каламгерлердің шығармашылығындағы сатиралық туындыларға мән береді.

Аталған кезең ақын-жырауларының, жыршыларының шығармаларындағы сатиралық туындыларды:

– сатиралық хикая;

– сатиралық дастандар;

– сатиралық арнаулар деп бөледі.

Бұндай бөлініс қоғамдағы сипаттарды, түрлі кереғар тұстарды көрсету, суреттеу үшін қажет болғандығын жазады.

Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының «Шайтан саудасы» («Шайтанның саудасы» осылай берілген). Хикаядағы 10 қашыр, 5 есекке өгірік пен жалғанды, мекер-хайла, тәкаппарлық, зорлық-зомбылық, арамдық-сұмдық сияқтыларды артып, базарға келе жатқан малғұнға шайтанның жолығуы туралы баяндалады. Мәшһүр-Жүсіп бұл сатирасында алыпсатарларды да, ұлықтарды да, байлар мен қожа-молдаларды да өткір сынағанын жазады. Осындай мысалдарды М. Қалтаевтың «Ишандар хақында», «Қожалар хақында» деп аталатын сатираларында көркем суреттеледі.

Ғалым 19-ғасырдың екінші жартысындағы кітаби ақындар деп, шығармашылықтарына біржақты баға беріліп келген қаламгерлердің туындыларындағы ерекшелік – сықақ дастандарға талдау жасайды. Қоғам өзгерісі, қоғамдық сананың жаңа бағытқа бет бұра бастағандығы – қожа, молда, ишандардың бұрынғыдай тек біржақты жақсы бейнеде суреттелеп қана қоймай енді жан-жақты көркем қалыпта қоғаммен бірге алынады.

Ғалым сатираны қоғамның бөлінбес бір бөлшегі ретінде қарастырады. Бұны ғалым жоғарыдағы теориялық ойларымен, нақты тұжырымдарымен бекітіп қана қоймайды, қазақ ұлттық сатирасының тарихи кезеңдерімен сабақтастыра дәлелдейді. Әр кезең, әр заман, әр дәуір, әр жылдардың өзіне сатиралық тақырыптары мен соған қажет идеялары болғандығын зерттейді. Бұл қоғам мен сатира байланысы немесе қоғам сұранысына қарай сатиарның өзекті мәселені алдыға шығаруы деуге болады. 19-ғасыр ақындарынан бастап 20-ғасыр басындағы ақындардың шығармашылығы туралы алғаш пікір айтқан ғалым Б. Кенжебаевтың: «Ақын бір жағынан өз заманынан жериді: оның кем-кетігін, кертартпа, ескілік, теңсіздік, зорлық-зомбылық сияқты дертін сынайды, жерден алып, жерге салып сөгеді, мазақ етеді, оларға кектенеді. Мұны ол кейде ишаралап, аллегория, басня түрінде, кейде ашықтан-ашық мысқыл, сықақ түрінде айтады. Сол үшін де Сұлтанмахмұттың революциядан бұрынғы шығармаларында басня, аллегория, фельетон түрлері едәуір орын алады», – деп жазды ол» [3, 17] пікірін келтіре отырып, кең көлемде С. Торайғыров сатирасына тоқталады. Ақынды Абаймен салыстырады. Абаймен ой бірлігін, пікір ұқсастығын, тұжырым үйлесімін айтады.

XX-ғасыр басындағы әдебиетте Абай дәстүрін жалғастыра отырып, сатираны жаңа белеске көтерген ақын – С. Дөнентаев. Сатиралық

шығармалары арқылы ғасыр басындағы қайраткерлерінің алдына шықты деген әдебиетші Қ. Шәменовтің пікірін келтіре отырып, Т. Қожакеев, С. Дөнентаев сатира мен юморды қоғам суретін ашудағы шығармашылық әдіс-тәсіл ретінде қолданған жазушы деген баға береді.

Қазақ сатирасын дамытуда жекелеген ақын-жазушылар шығармашылығының еңбегін бағалап қана қоймай, ғалым баспасөздің де орының ерекше болғандығын «Айқап» журналы арқылы дәлелдейді.

«Айқап» журналының 20-ғасыр басындағы қазақ сатирасын дамытудағы қызметі ерекше сөз етуге лайық. Ол қазақ публицистикасын тудырумен қатар, сын-сықағымызды да ілгерлетті. 1912 жылғы 3-номерінен өзінің етек жағындағы (подвал) материалдарын «фельетон» деген рубрикамен жариялай бастады. Онда жол-жөнекей очерктер, суреттемелер, әр түрлі тақырыптағы мақалалар, сын корреспонденциялар беріп жүрді. 1913 жылдың ортасынан журнал «фельетон» деген өзінің әдебиет бөлімін атады. Сол бөлімде бірсыпыра сықақ шығармалар жарияланды» [3, 42-43].

«Айқап» журналының қазақ сатирасын дамытудағы орнын төмендегідей көрсетеді.

1 Сықақ әңгімелерді дамытты.

2 Сықақ әңгімелердің өз ерешеліктері болды: көркем бейнелердің аты-жөні, оқиғаның болған жері, мезгілі ойдан шығарылды.

3 Журналдың прозалық сықақтарында публицистикадан гөрі беллетристикалық баяндау басым болды.

4 Пейзаж мол кездеседі.

5 Сатиралық әңгімелер күлкіге құрылмаған.

6 Сықақ-монологтар жазыла бастады: «Болыс бол» мен Абайдың «Болыс болдым, мінеки»)

7 Сатиралық шығармалар аударылып басылды. Ж. Сейдалиннің «Әке мен бала» (ағылшыннан), А. Баржаксин «Ұзақ қарға» (А. Чеховтан), И. Крыловтан бірнеше сатиралық шығармалар аударылды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Темірбек Қожакеев қазақ ұлттық сатирасының қоғаммен тығыз байланыстылығын ашады. Бұл байланыс сатираның қоғамдық қызметіне қатыстылығы ашылады. Әр кезең сатирасын қоғаммен, әлеуметтік, саяси ортамен байланысты екендігін анықтайды.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Қожакеев, Т. Шығармалары. Т. 2. – Алматы : Айғаным, 2014. – 283 б.

2 Қожакеев, Т. Қазақ сатирасы, – Алматы : Жазушы, 1970. – 192 б.

3 Николаев, Д. Смех – оружие сатиры – М. : Наука, 1962.

4 Ершов, Л. Ф. Из истории советской сатиры – М. : Советская энциклопедия, 1961.

5 Гуральник, У. Смех – оружие сильных – М. : Наука, 1961.

6 Қожакеев, Т. Шығармалары. Т. 3. – Алматы : Айғаным, 2014. – 285 б.

Материал 31.05.17 баспаға түсті.

С. Т. Еликпаев

Исследования Т. Қожакеева о казахской сатире

Павлодарский государственный университет
имени С. Торайгырова, г. Павлодар.

Материал поступил в редакцию 31.05.17.

S. Yelikpaev

T. Kozhakeev's researches about the Kazakh satire

S. Toraighyrov Pavlodar State University, Pavlodar.

Material received on 31.05.17.

В статье рассматриваются труды Темірбек Қожакеева о сатире. Анализируются научные труды ученого об специфике и роль сатиры в обществе.

In the article the works by Temirbek Kozhakeev about satire are considered. Scientific works of the scientist about the specifics and the role of satire in society are analyzed.

Е. Жанайхан¹, Т. Азамат²

¹доктор (PhD); ²п.ғ.к., доцент, Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты, Павлодар қ.

e-mail: ¹Erkin_z68@mail.ru

ҚАЗАҚ ЭТНОПЕДАГОГИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ТӘРБИЕГЕ ҚОСАР ҮЛЕСІ

Қазақ этнопедагогикасының мақсаттары мен міндеттерін айқындайтын педагогика ғылым жүйесіндегі қазақ этнопедагогикасының орнын айқындап көрсеткен.

Этнопедагогиканың көзін нұсқалы түрде табу үшін фольклор мен ауыз әдебиеті нысандарын жете талдап, ішінен дәстүрді, салт-ғұрыпты, ырымдар мен жоралғыларды, тыйым сөздерді жеке-жеке саралап, оның бірнеше нұсқасын салыстырып, өте ұқсас түрін заңдастыруды бүгінгі зерттеушілердің негізінде қарастырған.

Ұлттық сананың бір құрамы этномәдени тәрбие беру бүгінгі таңда қайта жаңғырту үдерісі, бүгінгі жас ұрпаққа тәрбие берумен қатар этномәдени білімдендірудің концептуалдық негізіне байланысты бірнеше педагогикалық тірек, субстанция болатын ұғымдарды айқындаған.

Кілтті сөздер: этнопедагогика, ұлттық тәрбие, тұрмыс, салт дәстүр, этникалық құндылық, ұлттық мінез, ұлттық сана, халықтық педагогика, мәдени мұра, ұлттық дүниетаным.

КІРІСПЕ

Қазақ этнопедагогикасы қазақтың халықтық педагогикасын зерттейді. Қазақ этнопедагогикасының объектісі: ұлттық және тұрмыстық дәстүрі, этнопедагогикалық мәдениет.

Қазақ педагогикасының пәні – қазақтың этникалық тәрбиесі – адам өмірінің соңына дейін үзіліссіз жүретін процесс. Нәтижесі: этникалық құндылықтарды меңгеру, оның этноәлеуметтік алатын рөлі, этникалық нормасы, этникалық сананың қалыптасуы, өз халқына, оның тарихына, тіліне, мәдениетіне сүйіспеншілігі.

Қазақ этнопедагогикасының мақсаттары мен міндеттері: педагогика ғылым жүйесіндегі қазақ этнопедагогикасының орнын айқындау мен қазақ этникалық тәрбиесінің ерекшелігін зерттейді, тәрбиеге этноұлттық тұрғыда келудің мәнін ашып, ұлттық мінез-құлық, ұлттық сананы қалыптастырудың ерекшелігін зерделейді [3].

Негізгі қызметі: танымдық; ата-баба тәрбиесі заңдылығының мәні, халықтық педагогика тәжірибесіне талдау және сипаттау, мақсаттары, әдіс-тәсілдері және т.б.; ұлттық дүниетанымын, ұлттық ділін қалыптастыру; елжандылыққа, қазақ халқының тарихы мен тіліне деген сүйіспеншілікті тәрбиелеу; ұлттық мәдени құндылықтар негізіне тәрбиелеу. Отбасындағы этникалық жағымды тәжірибелерді дәріптеу; қазақ халқының өзіне тән тұрмыстық дәстүрін сақтау.

Жалпы ғылыми әдістері: талдау, жинақтау, жалпылау, жалқылау, аналогын табу, жаңа өзгерістерге бейімделу, салыстыру, бақылау, өлшеу.

Қорыта келгенде, қазақ этнопедагогика ғылымы халықтық педагогиканың бүгінгі күнге дейінгі сараланған нысаны. Ол нысан белгілі бір заңдылықтар мен қағидаларға жүгінеді.

Этнопедагогика ілімінің пайда болуына бірден-бір мол материал қазақ халқының ежелгі дәуірден бүгінгіге дейінгі жинақталған тәлім мен тәрбиеге, білім мен ғылымға қатысты дәстүрлері, салты, ғұрпы, ырым-жоралғылары болмақ.

Этнопедагогиканың көзін нұсқалы түрде табу үшін фольклор мен ауыз әдебиеті нысандарын жіті талдап, ішінен дәстүрді, салт-ғұрыпты, ырымдар мен жоралғыларды, тыйым сөздерді жеке-жеке саралап, оның бірнеше нұсқасын салыстырып, өте ұқсас түрін заңдастыру бүгінгі зерттеушілердің алға қойған мақсаты.

Әрине, мұндай жұмыстар, ғылыми-зерттеу еңбектер жүргізіліп келеді. Десек те, этнопедагогиканың көзін тұрақты, түбегейлі тұрғыда ғылыми негіз ретінде алу болашақ өмірге де тапсырыс.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

«Тәрбие», «Дәстүр» ұғымдарында өзара байланыс, ұқсастық бар. Бұл түсініктердің негізінде белгілі бір ақпарат бейнеленген, олар оқу орындары, отбасы және қоғам арқылы санаға жетеді. Солай дегенмен дәстүрде тұрақтылық бар. Бірақ, дәстүр тұрақтылығы қоғамдағы, өмірдегі ерекшеліктерге орай заманауи жағдайда басқа ұлттардың, тұтас елдің дәстүрлеріндегі ұқсастыққа байланысты байып, дамып отырады. Барлық елдерде ұлттық дәстүрлер халықтардың адамгершілік және эстетикалық құндылықтары ретінде ұрпақтан ұрпаққа жетіп келеді. Дәстүр рухани және материалдық құндылық, салт және кітаптар арқылы ұзақ сақталады [4].

Қазақ халқының педагогикасының ғасырлар бойы қалыптасуы зерттеліп келді. Қазақ халқының ішкі этникалық құрылымы: 7 ата, жүздер, ру, ақсақалдардың, шамандардың, бақсылардың, ақын-жыраулардың, сал-серілердің рөлі, би-шешендердің, ақсақалдардың үкіміне, ақыл-кеңесіне қалтықсыз бағыну. Ең негізгі мінез-құлық: қан туыстығының сезімі,

бірлік және туыстық бірауыздылық; біріне-бірінің қамқорлығы, үлкен адамдарды сыйлау, құрметтеу, ата-баба рухын қадірлеу, дәстүрді сақтау – этнопедагогиканы 4 қайнар көзі [5].

Бұның бәрі халықтық психологияда көрініс тауып, этнопсихологияда зерттеледі. Этнопсихология – адамдардың психикалық, этникалық ерекшеліктерін, ұлттық мінез-құлқын, ұлттық сезім мен санасын, ұлттық стереотиптерді және т.б. зерттейтін ғылым.

Ұлттық психология мынандай құрамдардан тұрады: ұлттық мінез, балаларға сүйіспеншілік, кеңпейілділік, еңбексүйгіштік, қонақжайлылық т.б.

Ұлттық мінез-құлық – халықтың тарихи тәжірибесінде қалыптасқан дағды және әдеттер жиынтығы; барлық қасиет сапалардың бірлігі (барлық адамға тән) және барлық халықтың қасиет сапаларының ерекшелігі. Ұлттық сана – «біз, олар» деген ұғымды түсіну, адамдар қауымдастығындағы өзінің орнын түйсінуі, өз ұлтының шығу тегін білу және оған деген сүйіспеншілігі, оның жетістіктерін қадірлеу, әртүрлі тілдердің жалпы тілдің, халық шығармашылығының қайдан шыққанын білу және т.б.

Ұлттық қызығушылық пен қажеттілікті (өз ұлтының қызығушылығына оң көзқарас) мойындау; ұлттық тағамға, табиғатқа, ат қоюдың дәстүрін ескеру [5].

Ұлттық салт-дәстүрлер – тұрмыстық норма, әлеуметтік, мәдени тұрақтылық болып табылады. Ұлттық сезім – халықтың қажеттілігіне құбылыстар мен заттардың қарым-қатынасының үйлесушілігі, үйлеспеншілігі; Ана тіліне сүйіспеншілік; адамгершілік, эстетикалық, интеллектуалды сезімдердің қосындысынан тұрады. Этнопедагогиканың тірегінің негізі – этнопсихология. Ұлттық психология халықтың ділін анықтайды. Ұлттық психологияның тарихи өзгерістерге ұшырап отыратындығы байқалады.

«Мәдениет» деген ұғым белгілі бір халықтың ұлттық сипатына қатысты дара, ұжымдық іс-әрекетті жүзеге асырудың сұрыпталған барлық құралдарының жүйесін білдіреді. Оны төмендегі жіктемемен айқындауға болады:

1 Заттық мәдениет – зат-нәрсе, қару, киім, тамақ, сән, құрылыс, өсімдіктер.

2 Рухани мәдениет – білім, адамгершілік, дәстүр, құқықтық норма, халық шығармашылығы, діни сенімдер, адамның миына әсер ететін түрлі ақпараттар.

3 Мәдениет – түрлі социумдардың ділдік негізі, оның өзіндік эквиваленті. Мәдениет – жалпы халықтарға, этникалық топтарға ортақтықты бөліп алушы нысана [6].

Этномәдени тәрбиесі адамдардың бойына ізгілікті қабілет сеуіп, әртүрлі халықтардың мәдени сәйкестілігін аңғару, сақтау мәдениетін арттыруға септігін тигізеді.

Әлем қауымдастығында адамды өмір бойы өзін-өзі тәрбиелеу және тәрбиелену тенденциясы саралану үрдісінде төмендегілер ескеріледі.

Тәрбие мәселелерін жүзеге асыруда бала-бақшалар, мектептен тыс мекемелер, ұйымдар, мектептер мен жоғары оқу орындарындағы сабақтастық дәстүріне төмендегі жіктемеелердің мәні зор;

– адамның өмір бойы өзін-өзі тәрбиелеу үрдісі;

– адамның әлеуметтік, өзара іс-әрекеттік, техникалық, табиғаттық және әлемдік қарым-қатынастағы тәжірибесін ұдайы байыту арқылы қажеттіліктерін өтеу.

Тәрбиенің мұндай түрі әрбір адамның планетарлық ойлауын дамытып, азаматтық қауымдастықтың өткеніне, бүгінгісіне және болашағына қатысты болатынын сезіндіреді.

Тәрбие жүйесі – белгілі бір әлеуметтік құрылым шеңберінде өзара байланыстық мақсаттың және тәрбие үдерістерін ұйымдастыру ұстанымдары мен оларды қабылдау кезеңдерін жүзеге асырудың (отбасы, мектеп, жоғары оқу орындары, мемлекет) және әлеуметтік тапсырысты орындау логикасының жиынтығы [6].

Кез келген тәрбие жүйесі нақты қоғамның бейқам болмайтын және өзінің мәнін сақтап тұрған деңгейде жалғасады. Сондықтан, ол нақты-тарихи сипатта болады.

Тәрбие процесі елгезек, ұшқыр, сондай-ақ, кезеңдік сипаты бар олардың басты құралы жүйесі мына төмендегідей:

– дене тәрбиесі, мінезді қалыптастыру, ерікті дамыту;

– адамгершілік тәрбиесі және жақсы үлгіде оқыту;

– еңбек тәрбиесі;

– білім алушының теориялық та, практикалық та сипаты бар құштарлығын және мүддесін дамыту [7].

Тәрбиенің сапалы амалы ретінде еңбек, орта және өсіп келе жатқан адамның айналасы алынады. Бұл жүйе тәрбиеленушінің өзіндік ерекшеліктерін және жеке тұлғасын дамытуға, адамның даралығының қалыптасуына бақылау жасауға бағытталған.

Этникалық мәдениет – халықтар мәдениетінің жиынтығы, күнделікті өмірлік іс-әрекетіне қатыстылығын (Қазақ елінің табиғатқа ыңғайланып, онымен үйлесімдікті өмір сүруі, оны қорғауы) іске асыратын нысан.

Әр ұлттың мәдениеті оның жеріне, географиясына, ортасына, әлеуметіне, дәстүріне, қоғамына, өзіндік сана-сезім өрістеріне қатысты дамиды. Қазақ халқының мәдениеті өзінің кәсібі мен шаруашылығының заңдылықтарына қарай өркендеп келеді.

Бірақ, ол өзінің барлық көлемі мен ауқымын өзгертіп, қоғам өзгерістеріне қарай бейімделіп, екшеліп, сұрыпталып отырады.

Қорыта келгенде, этникалық мәдениет ықылым заманнан жинақталған мәдени тоғындардың сұрыпталып, замана өзгерістеріне қарай ұшталып отыруымен құнды.

Мәдениетникалық білім беру кеңістігі әр қоғамда әртүрлі дамиды. Мемлекеттік білім беруге қамқорлығы мәдени мәртебенің деңгейіне қатысты жүзеге асып отырады. Оның көрінісін мынадай деректемелерден көреміз:

- 1) Білім беру дағдарысы (80 ж.);
- 2) Қазақстан Республикасындағы этноұлттық жағдаяттар;
- 3) 30-жылдардағы ұлттық мектептердің жойылуы;
- 4) Ұлттық тілді білмеушілік;
- 5) Жатсыну;
- 6) Кез келген ұлттардың өмірлік тәжірибесінің бірегейлігі;
- 7) Білім берудің көпмәдениеттілік тәжірибесі;
- 8) Эвроцентризм мәселелері.

Жіктемемен берілген 8 мәселе этномәдени білімді таза күйінде жүзеге асыруға үлкен кедергі келтіріп келеді [7].

Ұлттық тіл және этникалық мәдениет білімі – үйлесімді дамудың негізгі бөлімі дей отырып, этномәдени білімінің мәні айқындалынуы көзделеді. Білім берудің әлемдік деңгейіндегі жалпыадамзаттық құндылықтар дәстүрі мен ұлттық тәлім-тәрбиенің жүйесін қалыптастыру ұдайы этномәдениетке үстемдік етеді.

Тәрбие берудің қазіргі заманға тән талабы өзге мәдениетті тану, онымен өзін байыта түсу секілді іс-әрекетпен байланысты. Мәдениеттердің өзара ұштастығы, әсері жағдайында ғана әрбір жекеленген мәдениеттердің принциптері мен ерекшеліктері айқын толыға береді. Этномәдени тәрбие оқыту мен тәрбие жүйесінің жай ғана бөлшегі емес, мәдени және тілдік саналуандық идеяға негізделген техникалық және ақпараттық жарактанудың әлемдік деңгейін дәстүрлі мәдени құндылықтармен үйлестіретін оқыту мен тәрбиенің ұлттық жүйесін құру дегенді білдіреді.

Мектеп жасына дейінгі балаларды бүкіләлемдік тәрбиелеу міндеттеріне ынталандыру және оларды тұлғалық мәдени тілдік қажеттілігін қанағаттандыру төмендегі іс-әрекет арқылы жүзеге асады:

- барлық адамдардың теңдігі мен құқысына сый-құрмет көрсету;
- бүкіл әлем балаларымен қауымдастық, ынтымақтық сезімде болу;
- күш пен биліктен басқа мүдделерді көздеу;
- сұхбатқа қатысушыны ұғу мен оның қарым-қатынасқа түсе алу іскерлігі, қайшылыққа келген тұсты әміршілдікпен, зорлықпен шешпеу;
- өзінің мәдени дәстүрлерін түсінудің дағдысы, басқаларды құрметтеу, ескішіл ағымнан сақтану;

– этномәдени білім – бұл білім моделі, ұлттық мәдениет пен тілінің және өзіндік этнотоптың тұрмыстық жағдайлары мен басқа халықтардың мәдениетін меңгерудің бағдары кеңейді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта келгенде, этномәдени білім алдымен ұлттық сипатта дамып, содан кейін 14 жастан әрі әр ұлттың, әлемдік халықтардың мәдениетін меңгеруге ұмтылдырады. 14 жасқа дейін әр ұлт өкілінің баласы өзінің ана тілінде этникалық мәдени дүниетанымын өркендетуге міндетті [5].

Ұлттық сананың бір құрамы этномәдени тәрбие беру бүгінгі таңда қайта жаңғырту үдерісінен өтіп отыр. Сөйтіп, әлеуметтік-мәдени бағыттағы өзгерістерге сәйкес жоғары сынып оқушыларын эстетикалық талғамға тәрбиелеудің және этномәдени білімдендірудің концептуалдық негізіне байланысты бірнеше педагогикалық тірек, субстанция болатын ұғымдардың мәні айқындалды: теория, генезис, прагматика, мәдениет, өнер, білімдендіру, оқыту, тәрбиелеу, эстетикалық талғам, парадигма, принцип, заңдылық, стратегия [8].

Теория грек сөзінен алынған *tuocogio* (энциклопедиялық, философиялық сөздіктерде) байқау, зерттеу, сонымен қатар ұлттық сана-сезімді, эстетикалық талғамды айқындайтын, жинақтайтын дүниетаным, мұраттар жүйесі деп көрсетіледі.

Генезис – сал-серілік өнердің шығу тарихы.

Прагматика – сал-серіліктің ізгілікті өнегесін іс-әрекетке қосу.

Мәдениет – оқушылардың сал-серілік өнерінен үлгі алуы.

Өнер – сал-серілікке қатысты нысандарды іріктеу.

Қағида – сал-серілік өнер арқылы тәрбие берудегі жүйеленген, сабақтастық принциптерді қолдану.

Жоғарыдағы ұғымдар этномәдени тәрбие берудің негізіне бағдар жасауға қозғаушы күш.

Заңдылық – стандарттағы талаптардың мектептен тыс жұмыстарда ұтымды пайдалану.

Стратегия – бұл әр ұлттың этномәдениетінің тәрбиелілік деңгейін шетел кеңістігіне байланыстыра алу іскерлігі.

XXI ғасырға аяқ басқан Қазақстан Республикасы мәдениет саласында күрделі тарихи бетбұрыстар мен түбірлі қоғамдық жаңарулар мен жаңғырулар тұсында өмір сүріп отыр. Осы ретте қазақ халқының мәдени мұрасының өнер саласындағы дамудың тарихи сипатын айқындап берерлік бірқатар ғылыми еңбектер жарық көрді.

Мәдени мұраның бір құрамы салдық-серілік дәстүрдің қоғамдағы алатын белгілері, тәрбиелік мүмкіндіктері ашылып, жаңа әдіснамалық бағытпен

мектептен тыс жұмыстардың белсенділік ұстанымда ұйымдасуына жаңа жағдай жасалып отыр. Осының негізінде өнер саласынан жасөспірімдердің біліктілігін оятудың инновациялық технологиялық негіздердің туу себептерін айқындап алу және оны зерттеушілерімізде эстетикалық ұтымды тәрбие үдерісіне жаңа ғылыми-педагогикалық дүниетаныммен қарауды ойластырдық.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Маргулан, А.** О носителях древней поэтической культуры казахского народа [Текст]// Маргулан А. // М. О. Ауэзов: к его 60-летию. – Алма-Ата, 1959. – 121с.

2 **Косиченко, А. Г.** Наука и ее методологии в культурном контексте [Текст]// Методология науки в контексте восточной и западной культур. – Алматы, 1998. – С. 6-25.

3 **Ильминский, И. И.** Материалы к изучению киргизского языка. [Текст]/. – СПб., 1861. – 300 с.

4 **Апсаттаров, Р. Б.** Национальные процессы: особенности и проблемы [Текст] / научные издания. – Алма-Ата : Ғылым, 1995. – 245 с.

5 **Турсунов, Е. Д.** Древние типы носителей казахского фольклора [Текст] / научные издания. – Алматы, 2003. – 206 с.

6 **Жарықбаев, Қ., Наурызбай, Ж.** Қазақтың ұлттық тәлім-тәрбие атауларының түсіндірме сөздігі. [Текст] / – Алматы: Ғылым. – 1993. – 234 б.

7 **Табылдиев, Ә.** Қазақ этнопедагогикасы. [Текст] / – Алматы : Санат, 2001. – 284 б.

8 **Исмаилов, А. Э.** Народная педагогика. [Текст] / – М., 1991. – 255 с.

Материал 31.05.17 баспаға түсті.

E. Zhanaikhan, T. Azamat

Вклад в национальное воспитание казахской этнопедагогике

Павлодарский государственный
педагогический институт, г. Павлодар.
Материал поступил в редакцию 31.05.17.

E. Zhanaikhan, T. Azamat

Contribution of ethnopedagogy to the national education

Pavlodar State Pedagogical Institute, Pavlodar.
Material received on 31.05.17.

Определив цели и задачи казахской этнопедагогике, определить место казахской этнопедагогике в системе науки педагогике.

В статье рассматривается фольклор и устная литература, чтобы выявить сходство и закономерности традиций, обычаев и обрядов, суеверия, запретных слов на основе современных исследований.

Этнопедагогика одна из составных частей в воспитании национального сознания является возражающимся процессом.

There is specified the placement of ethnopedagogy in the Kazakh Education Science through defining its goals and commitments.

In order to define the original source of ethnopedagogy in a signable form, there are analysed, compared and grouped acute forms of folklore and folklore traditions, customs and rituals, ceremonies and superstitions, as well as forbidden words based on today's research.

There is defined the role of ethnopedagogy in establishing national consciousness in the process of revival of ethnic and cultural education for younger generation today, several conceptual framework of the cultural educational and pedagogical support, as determined by the substance of the concepts.

Б. А. Жетписбаева¹, С. А. Шункеева²

¹д.п.н., профессор, декан Факультета иностранных языков; ²м.п.н., ст. преподаватель, Карагандинский государственный университет имени академика Е. А. Букетова, г. Караганда
e-mail: ¹zhetspisbajeva@mail.ru, ²saule_shunk@mail.ru

**СОВРЕМЕННАЯ ЯЗЫКОВАЯ СИТУАЦИЯ
В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН
(СОЦИОЛИНГВИСТИЧЕСКИЙ АСПЕКТ)**

Данная статья рассматривает вопрос языковой ситуации в Республике Казахстан с позиций социолингвистики, анализирует предложенную отечественными социолингвистами характеристику сложившейся за годы независимости языковой ситуации в республике. Особое внимание в статье уделяется проблеме функционирования и расширения сферы влияния государственного языка, а также вопросам функциональности языков этнических групп, проживающих в Казахстане.

Ключевые слова: языковая ситуация, социолингвистические исследования, билингвизм, диглоссия, языковая политика.

ВВЕДЕНИЕ

Языковая ситуация находится в центре внимания ряда как гуманитарных, так и лингвистических дисциплин, таких как социальная антропология, социология, политология, психология, лингвистика, этнолингвистика и др. Описание языковых ситуаций, их типология являются актуальными задачами социолингвистических исследований. Решение данных задач позволяет с одной стороны раскрыть основы и характер языковой политики государства, с другой стороны оценить перспективность тех или иных её направлений, и, наконец, в-третьих, прогнозировать тенденции развития и функционирования языков в определенном социуме. Другими словами, решение данных задач имеет большое практическое значение,

В современной науке нет общепринятого и единого понимания языковой ситуации. Анализ научно-лингвистической литературы позволил нам проследить эволюцию научной интерпретации понятия «языковая ситуация» и установить, что практически все исследователи этого феномена (В. А. Аврорин, Л. Л. Аюпова, А. Н. Баскаков, В. А. Виноградов, Г. А. Зограф, Л. Б. Никольский,

В. А. Чернышев, А. Д. Швейцер и др.) под языковой ситуацией понимают как совокупность взаимодействующих языков, так и совокупность определенных структурных компонентов этого взаимодействия. Наиболее существенными признаками структурных компонентов взаимодействующих языков являются их функциональная нагруженность и социальный статус [1, 12].

В социолингвистике понятие «языковая ситуация» определяется как совокупность форм существования языка (языков, региональных койне, территориальных и социальных диалектов), обслуживающих континуум общения в определенной этнической общности или административно-территориальном объединении [2, 481].

В плане языкового и культурного многообразия этносов, мирно проживающих на одной территории, современный Казахстан представляет огромный интерес для исследования с точки зрения социолингвистики. Именно здесь можно наблюдать самые разнообразные проявления языков народов Казахстана и последствия языковой политики – политики Российской империи, языковой политики СССР в разные периоды его истории, наконец, языковой политики суверенного Казахстана и всего постсоветского пространства.

ОСНОВНАЯ ЧАСТЬ

Рассматривая языковую ситуацию в Республике Казахстан с позиций социолингвистики, в целом, можно характеризовать ее как экзоглоссную, несбалансированную, диглоссную и демографически неравновесную [3, 142].

Под экзоглоссной языковой ситуацией принято понимать совокупность языков, равнозначных в функциональном отношении. Экзоглоссная языковая ситуация, в свою очередь, может быть поделена на следующие два вида: а) сбалансированная экзоглоссная ситуация, при которой составляющие ее языки юридически равноправны, хотя они могут несколько различаться объемом своих частных коммуникативных функций, и б) экзоглоссная несбалансированная ситуация – ситуация, при которой языки распределены по сферам и социальным группам [4, 58].

Действительно, с точки зрения экзоглоссности, Казахстан в настоящее время является государством, в котором существует подлинное многообразие языков. По данным авторов социолингвистического справочника «Языки народов Казахстана» Э. Д. Сулейменовой, Н. Ж. Шаймерденовой, Д. Х. Акановой в функциональных целях в Казахстане используется свыше ста языков, а именно – 126 языков. В то же время, говоря об их функциональности, необходимо отметить несбалансированность языковой ситуации, так как языки народов этнических групп, проживающих в Казахстане, неравнозначны по объему выполняемых ими функций.

Одной из важных проблем социолингвистических исследований является проблема социально-психологических аспектов билингвизма и диглоссии. Определение понятия «билингвизм» с позиции социолингвистического подхода сводится к следующему: в условиях билингвизма два языка сосуществуют друг с другом в рамках одного коллектива, который использует эти языки в различных коммуникативных сферах в зависимости от социальной ситуации и других параметров коммуникативного акта [2, 482].

Если с определением понятия «билингвизм» или «двуязычие» в ученой среде наблюдается относительное сходство (У. Вайнрайх, Р. Т. Белл, Л. Блумфилд, В. В. Виноградов, Л. В. Щерба, А. Д. Швейцер, Л. Б. Никольский, В. А. Аврорин, О. С. Ахманова и др.), то понятие «диглоссия» рассматривается лингвистами по типу отношения между билингвизмом и диглоссией. Так, Ч. А. Фергюсон противопоставляет явление диглоссии билингвизму, в то время как другие языковеды едины во мнении, что диглоссия является разновидностью несбалансированного двуязычия (Е. М. Верещагин, Н. Б. Мечковская и др.). Например, по мнению В. А. Виноградова диглоссия есть ничто иное как «одновременное существование в обществе двух языков или двух форм одного языка, применяемых в разных функциональных сферах» [5, 32].

Таким образом, диглоссию можно рассматривать как особый вариант билингвизма. Для диглоссии характерна ситуация несбалансированного двуязычия, при котором значительная часть населения может оперировать более чем одним общественно признаваемым кодом, при этом между данными кодами имеется функциональное разделение, что и является существенным отличием диглоссии от двуязычия. Такое функциональное разделение подразумевает использование языков или подсистем одного языка в официальных ситуациях, таких как законодательство, делопроизводство, переписка между государственными учреждениями и т.п., или в повседневных бытовых ситуациях общения, например, в семье, кругу друзей и т.п. В первом случае используется государственный или официальный язык (многоязычное общество) или литературная форма национального языка (одноязычное общество), во втором – другой язык, не имеющий статуса государственного или официального, иные языковые подсистемы, такие как диалект, говор, жаргон.

Компонентами диглоссии могут выступать разные языки, в случае языковой ситуации Казахстана это казахский, русский и другие языки национальных этносов; разные формы существования одного языка (литературный язык – диалект), что, собственно, не актуально в условиях Казахстана ввиду отсутствия ярко выраженных диалектов; разные стили языка (например, книжный – разговорный или «высокий» – «низкий»). В

современной языковой ситуации Казахстана можно наблюдать разграничение в употреблении разных стилей языков, в частности, казахского языка: литературный, книжный, высокий стиль используется преимущественно в научной, публицистической и художественной, официально-деловой сферах; в обиходно-бытовой же сфере преобладает употребление разговорного казахского языка. Кроме того, отдельные граждане, как титульной, так и не титульной национальностей, владеют государственным языком только на уровне разговорного. Так, согласно результатам социологического опроса, проведенного на странице интернет-портала www.soyle.kz в начале 2014 года Фондом развития государственного языка с целью выяснения уровня владения государственным языком среди молодежи, 10,3 % респондентов указали, что владеют государственным языком только на уровне разговорного [6].

Языковая ситуация в Казахстане формируется, в первую очередь, за счет функционирования казахского языка, имеющего статус государственного, во вторую – за счет функционирования русского языка, имеющего статус языка межнационального общения, а также за счет стремительно распространяющегося билингвизма. При этом в большинстве случаев в функциональных языковых парах на первый план выступает казахский язык, а на второй – русский, что позволяет говорить о казахско-русском билингвизме титульного населения республики. Не редки случаи, когда первым (родным) языком выступает национальный язык не титульных этносов Казахстана, в этом случае мы говорим о национально-казахско-русском полиязычии. В процентном соотношении в этом полиязычии разных этносов, исключая таджиков и узбеков, доминирует русский язык [7, 119].

Оросте числа билингвов в Казахстане за последние годы свидетельствуют многочисленные социологические исследования. Так, например, международное исследовательское агентство «Евразийский монитор» в период с 2004 по 2010 гг. проводила социологический мониторинг социальных, в том числе языковых, настроений и предпочтений населения стран постсоветского пространства. По итогам ежегодных опросов выяснилось, что количество билингвов в Казахстане растет из года в год. Так, если в 2005 г. 51 % казахстанских респондентов указали на то, что дома говорят в равной степени на титульном и русском языках, то в 2010 г. их количество в процентном соотношении составило уже 63%. При этом, среди молодежи в возрасте от 18 до 24 лет в 2005 г. билингвов было 42 %, в 2010 г. их количество равнялось 61 % [8].

Несмотря на тот факт, что численность титульной национальности (казахов) на начало 2015 года по официальным оценкам достигла 66,01 % от общего числа населения (для сравнения – в 2009 году согласно данным переписи населения

численность казахов составляла 63,1 %) [9]; на проведение последовательной национальной политики, направленной на возрождение национальных ценностей, усиление роли казахского языка, необходимо констатировать, что наиболее распространённым языком в Казахстане продолжает оставаться русский язык: согласно данным переписи 2009 года 94,4 % населения страны указали, что понимают устную русскую речь, 84,8 % населения умеют читать и писать по-русски, 3,4 % только читать. В то же время понимают казахскую устную речь 74 % населения страны, умеют читать и писать по-казахски 62 % населения, а 2,9 % только читать [9]. В настоящее время русский язык продолжает доминировать в информационной и социально-экономической сферах. Это свидетельствует о том, что государственный статус казахского языка в стране реализуется не в полной мере. Делопроизводство и служебное общение на государственном языке в ряде государственных и большинстве негосударственных учреждениях носит вторичный характер. Исходным языком большинства документов по-прежнему остается русский язык; перевод делопроизводства на государственный язык породил лишь институт перевода с русского на казахский язык [10, 181]. Однако необходимо подчеркнуть, что в последнее время в таких сферах, как законодательство, государственное управление, образование, наука, культура, средства массовой информации казахский язык начинает применяться все более активно.

Проблема расширения сферы влияния государственного языка, на наш взгляд, заключается не в последнюю очередь в состоянии современного казахского языка, проблемах его развития. Речь идет о расширении внутреннего потенциала казахского языка для отображения новых социокультурных реалий путем взаимодействия с другими мировыми языками [10, 180]. При этом, однако, нельзя отказываться от уже существующих и укоренившихся в языке заимствований и интернациональных слов, которые включают в себя специальные термины большинства наук, названия технических устройств (например: Интернет), разного рода экзотизмы.

Языковая ситуация в Казахстане обусловлена не только функционированием казахского и русского языков, но и использованием языков других национальных групп, проживающих в республике. В Казахстане существуют учреждения образования, где воспитание и обучение детей осуществляется на национальных языках не титульных этносов. Так, например, в республике действуют 2 детских учебных заведения с узбекским языком обучения; 190 воскресных школ этнокультурных объединений, где изучаются родные языки 30 этнических групп; 62 общеобразовательные школы с узбекским, 14 – с уйгурским, 2 – с таджикским языками обучения. Кроме того, действуют 1 корейский, 1 немецкий, 1 узбекский и 1 уйгурский театры [11]. Несмотря на это потребности этнических групп в воспитании

и обучении в детских садах и школах на родном языке удовлетворяются не в полной мере.

В развитии билингвизма и языков в целом значительную роль играет языковая политика государства. Проблема языковой политики – совокупности мер, предпринимаемых государством, партией, классом, общественной группировкой для изменения или сохранения существующего функционального распределения языков или языковых подсистем, для введения новых или сохранения старых языковых норм – занимает особое место среди проблем социолингвистики [2, 482]. Вопросы языковой политики и функционирования языков в Республике Казахстан регулируются рядом законодательных и нормативных документов, в частности, Конституцией Республики Казахстан (от 30 августа 1995 г.), Законом «О языках в Республике Казахстан» (от 11 июля 1997 г.), различного рода программами (Концепцией языковой политики РК, Государственной программой функционирования и развития языков на 2011-2020 гг. и др.).

Так, гармоничная языковая политика выступает центральным понятием в Государственной программе функционирования и развития языков в Республике Казахстан на 2011-2020 годы. Она призвана обеспечить полномасштабное функционирование государственного языка как важнейшего фактора укрепления национального единства при сохранении языков всех этносов, живущих в Казахстане. Другими словами, консолидирующая роль отведена казахскому языку: со временем казахский язык должен стать языком межнационального общения [11]. В то же время наряду с государственным языком во всех государственных учреждениях, в органах местного самоуправления официально употребляется русский язык, что гарантирует ему в перспективе сохранение тех социальных функций, которыми он обладает в настоящее время, в полном объеме. Это – один из основных источников получения информации по разным областям науки и техники, средство коммуникации с ближним и дальним зарубежьем. Кроме того, государство закрепляет за собой обязанность способствовать созданию условий для изучения и функционирования языков народа Казахстана [11].

Все вышесказанное, в том числе результаты переписи населения 2009 г. и официальные данные, представленные на государственном сайте Правительства Республики Казахстан <http://www.stat.gov.kz>, подтверждают озвученную выше характеристику сложившейся в Казахстане языковой ситуации, ее экзоглосный несбалансированный, диглосный характер.

В свою очередь, в социолингвистической литературе выделяют следующие виды несбалансированных экзоглосных языковых ситуаций:

а) двухкомпонентная языковая ситуация. Ее компонентами являются местные языки, обслуживающие обиходную речь, и язык-макропосредник.

Под местными языками понимаются языки национального меньшинства в многонациональном государстве; территориальные диалекты и обиходно-разговорная речь города или городское просторечие в однонациональном государстве. Местные языки используются главным образом в устном неофициальном общении. Под языком-макропосредником понимается язык, который, прежде всего, обслуживает межнациональное общение в многонациональном государстве, или такая форма национального языка, которая обеспечивает общегосударственное общение в многонациональном государстве [4].

б) трехкомпонентная языковая ситуация. Компонентами такой языковой ситуации являются местные языки, региональные языки, язык-макропосредник. Под региональным языком понимается язык, не имеющий статус общего языка в данном государстве. К региональным языкам относятся: 1) языки наций и других крупных этнических общностей, имеющих литературную форму; 2) бесписьменные языки крупных народностей [4].

в) четырехкомпонентная языковая ситуация, которая представляет собой совокупность местных языков, региональных языков, языка-макропосредника, религиозных и/ или профессиональных языков [4].

ВЫВОДЫ

Изучение казахстанскими социолингвистами языковой ситуации в Республике Казахстан неразрывно связано с общими тенденциями и направлениями исследования данного вопроса в лингвистике, социологии и других отраслях знаний, и направлено на решение широкого комплекса проблем, связанных с социальной природой языка, его общественными функциями, механизмом воздействия социальных факторов на язык и той ролью, которую играет язык в жизни общества. Характеризуя языковую ситуацию в Казахстане, многие социолингвисты (Сүлейменова Э. Д., Шэймерденова Н. Ж., Смағұлова Ж. С., Ақанова Д. Х., Алтынбекова О. Б. и др.) определяют ее несбалансированный экзогlossenный характер. При этом дальнейшая характеристика по видам несбалансированной экзогlossenной языковой ситуации нами не была обнаружена. Является ли языковая ситуация в Казахстане двух-, трех- или четырехкомпонентной? Ответ на данный вопрос пока остается открытым. Последующие социолингвистические исследования в области языковой ситуации в Республике Казахстан должны дать исчерпывающий ответ на данный вопрос.

Таким образом, современная языковая ситуация, сложившаяся в Казахстане за годы независимости, требует объективных научных исследований языковых процессов, протекающих в разных регионах страны,

а также выработки механизмов по созданию оптимальной языковой среды. При этом должны учитываться как фактическое распространение языка, так и его реальные возможности по расширению социальных функций.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

1 **Жетписбаева, Б. А., Шункеева, С. А.** Современная языковая ситуация в условиях казахстанского полиязычия [Текст]/ Б. А. Жетписбаева, С. А. Шункеева // Язык и литература в социокультурном пространстве 2. Language and Literature in the Socio-cultural Medium Vol. 2. Международный сборник научных трудов. – Savaria University Press – Szombathely, Венгрия, 2016.

2 **Швейцер, А. Д.** Социолингвистика [Текст] // Лингвистический энциклопедический словарь. – М., 1990.

3 **Сүлейменова, Э. Д., Шэймерденова, Н. Ж., Смағұлова, Ж. С., Ақанова, Д. Х.** Словарь социолингвистических терминов [Текст]. – Астана : «Арман-ПВ», 2008. – 392 с.

4 **Боева-Омелечко, Н. Б.** Краткий толковый словарь социолингвистических терминов [Текст]. – М. : Готика, 2004. – 60 с.

5 **Виноградов, В. А.** Диглоссия [Текст]// Лингвистический энциклопедический словарь/ Гл. ред. В. Н. Ярцева. – М. : Сов. Энциклопедия, 1990.

6 [Электронный ресурс]. – <http://inform.kz/>

7 **Алтынбекова, О. Б.** Этноязыковые процессы в Казахстане [Текст]. Монография. – Алматы: Экономика, 2006. – 416 с.

8 **Алияров, Е., Мамырайымов, Т.** Основные тренды в современной языковой сфере Казахстана в среднесрочной перспективе [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <http://www.sarap.kz/index.php/ru/rubikon/326-osnovnye-trendy-v-sovremennoj-yazykovoj-sfere-kazakhstan-v-srednesrochnoj-perspektive.html>

9 [Электронный ресурс]. – <http://www.stat.gov.kz>

10 **Момынкулов, Ж. Б.** Развитие казахского языка в период независимости Республики Казахстан [Текст] / Ж. Б. Момынкулов // Ученые записки Таврического национального университета им. В. И. Вернадского. Серия «Филология. Социальные коммуникации». – Т. 24 (63). – № 3. 2011. – С. 176-183.

11 Государственная программа функционирования и развития языков в Республике Казахстан на 2011-2020 годы [Текст]. – Астана, 2011.

Б. А. Жетпісбаева, С. А. Шункеева

**Қазақстан Республикасындағы қазіргі тілдік жағдай
(социоллингвистикалық аспект)**

Академик Е.А. Бөкетов атындағы
Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағанды қ.
Материал 31.05.17 баспаға түсті.

B. A. Zhetpisbajeva, S. A. Shunkeyeva

Modern language situation in the Republic of Kazakhstan (sociolinguistic aspect)

Academician E. A. Buketov Karaganda State University, Karaganda.
Material received on 31.05.17.

Берілген мақалада социоллингвистика тұрғысынан Қазақстан Республикасындағы тілдік жағдаят талқыланған, тәуелсіздік жылдарында республикасындағы тілдік жағдаяттың қалыптасуы жайлы отандық социоллингвистердің ұсынған сипаттамаларын саралаған. Мақалада мемлекеттік тілдің қалыптасуы мен кеңею аясындағы мәселелерге ерекше назар аударылған, сондай-ақ Қазақстанда тұратын этностық топтардың тілдерін қалыптастыру мәселесін қамтыған.

This article discusses the language situation in the Republic of Kazakhstan from the standpoint of sociolinguistics, the authors have analyzed characteristics of the current socio-linguists in the years of independence, the language situation in the republic proposed by domestic sociolinguists. Special attention is paid to the problem of functioning and expansion of the sphere of influence of the state language, and on the functionality of languages of ethnic groups that are living in Kazakhstan.

М. С. Жолшаева

ф.ғ.д., доцент, Сулейман Демирель атындағы университеті, Алматы қ.
e-mail: maira.zholshayeva@sdu.edu.kz

**ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ СТАТИКАЛЫҚ КЕҢІСТІК
ҚАТЫНАСТЫҢ БЕРІЛУІ: КӨМЕКШІ ЕСІМДЕР
МЕН ҮСТЕУЛЕР**

Мақалада қазақ тіліндегі кеңістік қатынастың функционалды-семантикалық өрісінің лексикалық қабатын құрайтын көмекші есімдер және олардың функционалды-семантикалық ерекшеліктері антонимдік қатынастағы «асты» және «үсті» сөздері арқылы талданып көрсетіледі. Сонымен қатар, қазақ тілін практикалық тұрғыдан оқыту барысында кеңістік мағынаны білдіретін көмекші есімдердің тілді меңгерудің деңгейлері бойынша игерілу реті функционалды-семантикалық өрістегі орналасу орны арқылы түсіндірілген.

Кілтті сөздер: кеңістік қатынас, көмекші есімдер, функционалды-семантикалық өріс, үстеулер, параметрикалық сөздер.

КІРІСПЕ

Кеңістік – заттың қоршаған ортаға қатысты алғандағы орналасуы немесе қозғалыс орны. Кеңістік қатынас екі түрлі: статикалық және динамикалық болады. Қазақ тілінде кеңістік қатынастар тілдік жүйенің лексикалық қабатынан да, грамматикалық жүйесінен көрінеді. Қазақ тіліндегі кеңістік мағына лексика-грамматикалық тәсіл арқылы берілуге бейім болып келеді. Тіл үйрету процесінде оқу материалы ретінде кеңістік қатынасты түсіндіруде функционалды-семантикалық өріс теориясын басшылыққа алу тиімді.

Функционалды-семантикалық өріс дегеніміз – белгілі бір семантикалық категорияға негізделіп, семантикалық қызметінің ортақтығына қарай өзара әрекеттес келетін грамматикалық және лексика-грамматикалық, сондай-ақ әр түрлі аралас (лексика-синтаксистік т.б) тілдік құралдар тобы [1, 11 б.].

Қазақ тіліндегі кеңістік мағынаны беретін лексикалық бірліктерді профессор З. Күзеева мета сөздер деп атап, оларды төртке топтастырады: абсолют мағыналы кеңістік сөздер – *кеңістік, орын, аумақ, ендік, аймақ* және т.б.; кеңістіктегі бағытты білдіретін сөздер; релятив мағыналы *ортасы, жоғары, төмен, арты, жаны* және т.б.; кеңістік өлшемді білдіретін

параметрикалық есімдер – ұзындық, ұзын, қалың, қалыңдығы, ені, биіктігі, кең, биік және т.б. [2, 89-90 б.].

Қазақ тіліндегі кеңістік мағынаны беретін лексикалық бірліктер қолданылу белсенділігі бойынша бір-бірінен ерекшеленеді. Біз мақалада кеңістік қатынастың функционалды-семантикалық өрісіндегі лексикалық бірліктерге, атап айтқанда үстеулер, көмекші есімдер және параметрикалық зат есімдердің функционалды-семантикалық ерекшеліктеріне тоқталамыз.

Кеңістік қатынастың функционалды-семантикалық өрісінің ядросында көмекші есімдер мен мекен үстеулер орналасады. Ал параметрикалық зат есімдер негізінен ғылыми мәтіндерде ойды жеткізуге қатысты негізгі көрсеткіштер болып табылады, тұтастай алғанда жалпы кеңістік қатынастың функционалды-семантикалық өрісінде шеткері аймақта орналасады.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Үстеу – қимыл-әрекеттің мекенін, орнын және бағытын білдіреді [3, 547 б.]. Үстеу сөздер осы семантикалық ерекшелігіне байланысты кеңістік мағынаның екі түрлі статикалық та, динамикалық та сипатын білдіреді. Ал динамикалық сипатты беруінің өзі іштей екіге сараланады: нысанға жақындауды (*бері*) және нысаннан алыстауды (*ары, әрмен*) көрсетеді. Сонымен қатар, кеңістіктің статикалық сипатын да бере алады: *осында, мұнда, анда*. Осымен байланысты болса керек, профессор З. Күзекова «үстеулер кеңістік мағынаны үш өлшемде бере алады» деп жазады [2, 90 б.]. Статикалық кеңістік қатынас заттың және қимылдың орнын, мекенін білдіреді және мұндай мағынаны білдіретін үстеулер қатарына *осында, мұнда, төменде, жоғарыда* сөздері жатады. Мысалы: – *Мен мұндамын, – деп қатарда тұрған жігіттердің арасынан Бақтияр шыға келді (М. Ғабдуллин). Осында тұрып жатқанымызға үш жылдан асып барады (М. Сатыбалды). Менің қолшатырым жоғарыда қалып кетті.* Динамикалық кеңістік мағына заттың кеңістіктегі қозғалысымен байланысты анықталады және оған *әрі, бері, әрмен, бермен, ары-бері* сөздері жатады. Сонымен қатар, мұнда үстеуі де кейде контекстке қарай әрі статикалық, әрі динамикалық кеңістік қатынасты сипаттайды. Мысалы: *Мұнда, мұнда кел, – деп қолын бұлғап шақырды («Жыл – он екі ай»).*

Көмекші есімдер – қазақ тіліндегі кеңістік қатынасты берудің басты құралдарының бірі. Ең алдымен көмекші есімдерге тән ерекшеліктерге тоқталайық:

1) көмекші есімдер зат есімдердің шеңберінде қарастырылатын сөздер болып табылады;

2) көмекші есімдердің дербес лексикалық мағынасы солғындап, олардың білдіретін мағынасы белгілі бір дәрежеде өздері қатысты болған сөздермен тіркесіп келгенде нақтыланады;

3) қазақ тілінде барлық көмекші есімдер қазіргі қалпында көмекші сөз ретінде қолданылғанда тәуелдік жалғауы тұлғасында келеді, ал онымен қатысты айтылатын зат есім ілік септік тұлғасында тұрады;

4) кеңістік мағыналы көмекші есімдер зат есімдермен түйдектеліп келіп, кеңістіктегі орынды нақты, дәл көрсету қызметін атқарады.

Жалпы қазақ тіліндегі көмекші есімдерді М. Оразов екіге бөліп қарастыруды ұсынады: кеңістік мағынада ғана қолданылатын көмекші сөздер және әрі кеңістік, әрі мезгілдік мағынада қолданылатын көмекші есімдер. Басқа көмекші есімдер арқылы берілетін мағыналар осы негізгі екі мағынаға қосымша болып табылатындығын айтады [4, 15 б.].

А. Ысқақов көмекші есімдердің синтаксистік қызметі мен морфологиялық формаларында бір-бірінен айтарлықтай айырмашылықтары болмайтындығын ескере отырып, оларды семантикалық жағынан ғана жіктеуді ұсынады. Ғалым семантикалық жағынан жіктегенде көмекші есімдердің бір-біріне мәндес және қарсы мәндес болып келетіндігін ескеру қажеттігін айтады [5, 208 б.].

Жалпы кеңістік мағыналы көмекші есімдерді заттың асты және үсті, іші және сыртын, жаны мен айналасын сипаттайтын сөздер алты топқа бөлуге болады. Қазақ тіліндегі көмекші сөздер мыналар: *алды, арты, асты, айналасы, төңірегі, жаны, қасы, маңы, тұсы, үсті, сырты, іші, ортасы, басы, түбі, ұшы, қарсысы* және т.б..

Асты – көмекші есімі. Мағынасы жағынан *үсті* сөзіне антонимдес болып келіп, заттың жерге қараған жағы дегенді білдіреді. Түсіндірме сөздікте бұл сөзге мынадай анықтама берілген: «Заттың үстіне қарама-қарсы жағы, беті» [6, 44 б.]. Бұл осы *асты* сөзінің негізгі мағынасы кеңістік мағынаны білдіру болып табылады. Қазақ тіліндегі асты сөзінің функционалды-семантикалық өрісі мынандай:

1) Заттың үстіңгі бетіне қарама-қарсы төменгі жағы, кеңістік мағына: *Диванның астына лақтыру, қандай «жоғары мәдениет, биік интеллект» (Д. Исабеков);*

2) *Асты* сөзі киім атауларымен тіркесіп келіп, бір заттың сыртынан немесе сыртындағы заттың ішінде, астында деген мағынада қолданылады. Мысалы: *Шапанның астынан тұншыға сылдырлаған шолпының да мөлдір үні құлақта тұр (М. Әуезов);*

3) Қыр, төбе сөздерімен тіркесіп келіп, арғы жағында деген мағынада қолданылады: *Мына қырдың астында менің туған ауылым.*

4) Ағаш және ағаш түрлерінің атауларымен тіркесіп келіп, кеңістік мағынасында қолданылады және осы жағдайда *түп* сөзімен синонимдес болып келеді. Мысалы: *ағаштың асты – ағаштың түбі.*

Үсті – көмекші есімі. Қазақ әдеби тілінің 15 томдық түсіндірме сөздігінде бұл көмекші сөздің дефинициясы былайша анықталған: «Үсті – бір заттың астына қарама-қарсы жағы, үстіңгі беті, жоғарғы жағы [7, 87 б.].

Заттың үстіңгі жағына қатысты кеңістік білдіретін *үсті* көмекші есімі: – біріншіден, *беті* сөзімен синонимдік қатар құрайды: *үстелдің үсті* – *үстелдің беті*;

– екіншіден, *асты* көмекші есімімен антонимдік қатар құрайды: *орындықтың үсті* – *орындықтың асты*;

– үшіншіден, *үсті* сөзі мәнмәтінде түрлі мәнде қолданылады. Қазақ тілінде бұл аталған көмекші есім ілік септік тұлғасындағы зат есімдермен матаса байланысып келіп, негізінен кеңістік мағынаны білдіргенімен, басқа да функционалды-семантикалық ерекшеліктерге ие болып келеді. Атап айтқанда, төмендегідей мағыналарда да қолданылады:

1) бір заттың жоғарғы немесе үстіңгі жазық беті: *төсектің үсті*;

2) адамның өн бойы, үсті-басы: *Үстіме әдемі көк көйлек киемін*;

3) бір нәрсенің сыртынан деген мағынада: *көйлектің үстінен орамал жамылыпты*;

4) қасы, маңы деген мағынада: *Ауылдың үстінен үлкен жол өтеді*;

5) біреу туралы деген мағынада: *Менің үстімнен шағым айтыпты*;

6) оқиғаның болып жатқан мезгілін көрсету: *сабақтың үстінде хат жазу*. Талданып отырған көмекші сөздің қолданыстағы мағыналары мұнымен шектелмейді. Бізге қажеті *үсті* көмекші етістігінің кеңістік мағынаның білдіру болғандықтан, басқа мағыналарына тоқталуды жөн санамадық.

Осында көрсетілген *үсті* сөзінің бірнеше қолданыстағы мағынасының ішінде көрсетілген алғашқы төрт мағынасы кеңістік мәнді білдіреді. Бұл мағыналарды қолданыстық жиілігіне қарап, функционалды-семантикалық өріске орналастыратын болсақ, кеңістік өрісінің ядросы ретінде бірінші заттың жоғарғы беті деген бірінші мағынасы орналасады. Мысалы: *Бағанадан байқап тұрғам, маған бастықтың аттың үстінде отырғаны бір түрлі қызық көрінді. Шіркін, сол кезде жер үстінде біздерден бақытты жан болды ма екен?! Қашан барсаң, жинаусыз төсектің үстінде шалқасынан түсіп, домбырасын тықылдатады да жатады*.

Кейде *үсті* сөзінің қандай мағынада, кеңістік мағынасында немесе мезгілдік мағынаны білдіруі үшін қолданылғаны мәнмәтін арқылы ғана айқындалады. Мысалы: *Дастарқан үстінде әр үйден келген бауырсақ, туралған таба нан, қазан жаппа, ірімшік-құрт, сүтке шыланған талқан* (С. Мұратбеков). *Дастарқанның үстінде біраз ән шырқалды* (М. Сатыбалды). Сонымен қатар, соңғы сөйлемде *үсті* сөзімен түйдектеліп келген тіркес әрі кеңістік, әрі мезгілдік мағынаны да білдіреді. Яғни *Ән қашан шырқалды?* және *Ән қайда шырқалды?* деп те сұрауға болады. Тағы бірер мысал: *Мен сабақ үстінде отырып не оқып, не қойғанымды білген жоқпын* (С. Мұратбеков). *Шай үстінде әңгімелеріміз ұсақ-түйек үй тірлігі*

төңірегінде: «Су әкеліп қойдың ба?», «Отын жардың ба?» тәріздес болды да, қоңыр сиыр туралы ешқайсымыз жарып ауызға алмадық (С. Мұратбеков). Осы сөйлемдерде асты сызылған сөздер кеңістік мағынамен қатар, мезгілдік мағынаны да білдіріп тұр.

ҚОРЫТЫНДЫ

Кеңістік қатынастың үстеу сөздер арқылы берілуінде мынандай ерекшелік бар: *біріншіден*, үстеулер кеңістіктегі орынды дәл және нақты анықтамайды, олардың семантикалық құрылымында сілтеп көрсету мәні ғана бар. Ал нақты кеңістіктегі орынды білдіру үшін үстеу сөздер контекстке немесе жағдаятқа, тіпті кейде екеуіне де тәуелді болып келеді. *Екіншіден*, үстеулер кеңістік мағынаның екі сипатын да, статикалық әрі динамикалық кеңістік мағынаны бере алады. Олардың нақты қандай кеңістік мағынаны білдіруге қызмет етіп тұрғандығы тағы да контекст және жағдаят арқылы анықталады. Осымен байланысты *үшіншіден*, тіл үйрету үдерісінде А1 деңгейінде үстеулердің статикалық кеңістік мағынаны беру қызметін ғана, басқаша айтқанда *осында, мұнда, жоғарыда, төменде* сөздерінің зат орналасуы мен қимылдың өту орнын көрсету мағынасын ғана оқу материалы ретінде алған дұрыс. Ал динамикалық кеңістік мағынаны білдіруі сәйкесінше келесі деңгейлерде қарастырылады.

Ал *үсті* көмекші есімі ілік жалғаулы зат есіммен түйдектеліп келіп, *біріншіден*, нақты кеңістік мағынаны білдіреді; *екіншіден*, мезгілдік мағынаны білдіреді; *үшіншіден*, кеңістік әрі мезгілдік мағынаны білдіреді. Соңғы жағдайда, аталған көмекші есімнің қандай мағынада қолданылғаны сөйлеушінің прагматикасына байланысты болып келеді. Енді *үсті* көмекші есімінің кеңістік мағынасының тіл үйрету үдерісінде қай деңгейде қандай мағынасының берілгені дұрыс деген сауалға келсек, кеңістік мағынаның көмекші есім сөздер арқылы берілуін А1 деңгейінде берілмегені дұрыс деп санаймыз. Өйткені мұнда екі сөздің тіркесімі және олардың аранайы грамматикалық тұлғаларда, «бірінші сөздің ілік септігінде келуі + көмекші есім» келуі тіл үйренушіге біршама қиындық туғызады; екіншіден, А1 – деңгейінде кеңістік қатынастың лексикалық бірліктерінің ішінен өрісте мекен үстеулерді, атап айтқанда *осында, мұнда* сөздері орналасады.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Теория функциональной грамматики: Введение. Аспектуальность. Временная локализованность. Таксис. – Л. : Наука, 1987. – 352 с.

2 **Күзекова, З. С.** Қазақ тілінің функционалды практикалық грамматикасы. – Астана, 2015. – 180 б.

3 Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана, 2002. – 784 б.

4 **Оразов, М.** Көмекші сөздер. – Ташкент : Наурыз, 1997. – 185 б.

5 **Ысқақов, А.** Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, 1964.

6 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. 2-том. А-Б. – Алматы : Арыс, 2006. – 744 б.

7 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. 15-том. Ү-Я. – Алматы : Қазақ энциклопедиясы, 2011. – 824 б.

Материал 31.05.17 баспаға түсті.

М. С. Жолшаева

Выражение пространственных отношений в казахском языке: служебные имена и наречия

Университет имени Сулеймана Демиреля, г. Алматы.

Материал поступил в редакцию 31.05.17.

M. S. Zholshayeva

Meaning of space in Kazakh language: functionals and adverbs

Suleyman Demirel University, Almaty.

Material received on 31.05.17.

Пространство относится к числу важнейших категорий, являющейся наряду с понятием времени основной формой существования материи. В языке пространственные отношения отражены в лексике, грамматике. В статье рассматриваются наречия и служебные имена и их функционально-семантические особенности как один из средств выражения пространственных отношений в казахском языке. Функционально-семантические особенности служебных имен анализируются на примере таких слов, как «асты» и «үсті».

Category of space is one of the most important grammatical and semantic categories as well as category of time representing the fundamental form of existence. Category of space is represented on both grammar and lexical levels. The article is dedicated to specific functionals and adverbs representing the aforementioned categories in Kazakh language (on the material of such words as «asti» «usti»).

UDC 398.2/574/

N. K. Zhussupov¹, M. N. Baratova²

¹Doctor of philological sciences, professor; ²candidate of philological sciences, professor, S. Toraighyrov Pavlodar State University, Pavlodar
e-mail: ¹nartai1970@mail.ru; ²baratova.muhabbat1970@mail.ru

ORATORY IN THE MANUSCRIPTS BY MASHKHUR ZHUSSIP

This article explores the oratory in the manuscripts by Mashkhur Zhussip.

Keywords: Kazakh literature, folklore, history, collection work, samples.

INTRODUCTION

The investigation of the literary heritage left by Mashkhur Zhussip has started only recently. Such mistakes as the lack of attention to the identity of the folklore bearer or the correction of the folklore texts are close to naught in the manuscripts by Mashkhur Zhussip. This fact proves that his works represent the treasure house of Kazakh folklore study, literature and history.

On how he had found the samples and who the compositions had been collected from the author tried to give the information to the best of his ability. For example, in the story «Zhirenshe men khan» [1] the character says «may one year of your life turns into thousand years» (the equivalent – may your shadow never grow less), and the meaning is explained. The implication is that even if one dies, his good deeds will remain. This thought has its continuation in the story «Qazaqtyn buryngydan qalghan sozderi» [2]. It says that Abylai khan asked the question «what never dies?»; that an unknown man found the right answer, etc.

MAIN PART

In the story «Adam ham onyn gummyry» (the human and his life) (1889, 6-7) depicted the person who asked God to give him another thirty years of life. He also wanted to take the years of life from the dog, donkey and monkey. God met his wish, and the man acquired a longer life, but with the years of the animals he obtained their character and behavior [3].

Mashkhur Zhussip did not confine himself to just giving the full plot of the composition, he also described the medium and surroundings of the people who performed them, and he tried to transmit the assumptions and thoughts of common people. The multitude of historical works concerning the lives of khans, batyrs and bis shows us scale of his collection work.

In the story that begins as follows: «Bizdin qazaq halqynyn...» (1890, 46) Mashkhur Zhussip wrote about Shon bi, the son of Edige bi, who after the death of his sovereign Tursyn khan was so inconsolable that he spent three days by his grave crying over the future of Kazakh people. At the end of the story Mashkhur Zhussip: «Predictably, Shon bi died soon after that and the time of Kenesary arrived, people were easily swayed, they wavered and did not know what to do, the rich such as Quandyq, Suinduktegi Aznabai, Sapaq whose herds of horses numbered seven thousand head were deprived of their wealth. That was the time of privation and hardship» [4]. The moral is that the prosperity and wellbeing of people depends on the ruler.

Some of the articles were published in «Dala Ualaiaty» along with «Aiqa» journal (1912, 7, 146-154; 1912, 8, 170-175) [5]. They contained the author's assumptions on the everyday life, education, peasantry, etc.

In general, Mashkhur Zhussip's collection work, his publications in the newspaper «Dala Ualaiaty», his research works in the field of History, Economics, Ethnography, Geography, the History of Language, etc. were of a great value for Kazakh culture, they present the source of information for future generations.

Some of Mashkhur's folklore samples were published in the book «Saryarqany kimdiki ekeni», which saw the light in 1907 in Qazan city when he was still alive. This work was included into the first volume of the collection of selected compositions in 1990 (compiled by S. Dautov). The poems were printed in full while the works in prose were abridged half as large. In the variant published in 1990 after the lines «On san nogai bulgen son, Ormanbet bi olgen son, bul Saryarqany qalmaq...» instead of three dots should have been the word Qatysyban (Qatysyban – Dzungar khan – N. Zh.)

This work embraces and reflects the author's social and philosophical thoughts and assumptions, his world outlook, his historical evaluation, the consideration of its advantages and disadvantages, his edifications to the succeeding generations, etc. It also contains the legends about Olzhabai, Shon bi, Zhasybai batyr, Uaq-Nurken bai, etc.,

CONCLUSION

In conclusion, we can say that Mashkhur Zhussip's work in collecting and publishing the folklore samples, his contribution into the study of Kazakh folklore and Kazakh literature cannot be overestimated.

REFERENCES

- 1 DUG, 1989. – P. 468.
- 2 The same. – P. 476-478.

3 The same. – P. 138-140.

4 DUG, 1994. – P. 170.

5 Аіқап. (compiled by Subkhanberdina U., Dautov S.). – А. : Kazakh encyclopedia, 1995. – P. 106-109, 298, 304-305.

Material received on 31.05.17.

Н. Қ. Жүсіпов, М. Н. Баратова

Мәшһүр Жүсіптің қолжазбаларындағы шешендік өнер

С. Торайғыров атындағы
Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.
Материал 31.05.17 баспаға түсті.

Н. К. Жусупов, М. Н. Баратова

Ораторское искусство в рукописях Машхур Жусипа

Павлодарский государственный университет
имени С. Торайгырова, г. Павлодар.
Материал поступил в редакцию 31.05.17.

Бұл мақалада Мәшһүр Жүсіптің қолжазбаларындағы шешендік өнер жан-жақты қарастырылады.

В данной статье рассматривается ораторское искусство в рукописях Машхур Жусипа.

А. Ф. Зейнулина

ф.ғ.к., профессор, Қазақ тілі кафедрасының меңгерушісі, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.

e-mail: akbura66@mail.ru

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТТАНУ ҒЫЛЫМЫНЫҢ АБЫЗЫ

Аталмыш мақалада академик С. Қирабаевтың шығармашылық жолы мен қазақ әдебиеттану ғылымына сіңірген еңбегі туралы қарастырылады. Жазушы, ұстаз-ғалым, әдебиеттанушы, сыншы ретіндегі авторлық идеясы мен шығармашылық әлеуетіндегі көркемдік әлеміне талдау жасалынады.

Кілтті сөздер: әдебиеттану, сыншы, әдеби мұра, көркемдік әдіс, авторлық идея, әдеби дәстүр, қазақ әдебиеті тарихы.

Қазақ әдебиеттану кеңістігінде Серік Қирабаев кеңестік дәуірде әдебиет тарихын зерттеу мен әдеби үдеріске сын жазуды қатар алып жүрген бірегей ғалымның бірі. Ғалым әдебиет тарихына ағартушы қаламгер Спандияр Көбеевтің есімін танытып, 1958 жылы ол жөнінде монография жариялады. Сыншы әдеби үдеріске өз жаңашылдығымен келді, Ғабиден Мұстафин мен Мұқан Иманжановтың қаламгерлік қабілет-қарымын анықтады. 1956 жылы «Ғабиден Мұстафин» атты сыни-ғұмырнамалық әліптемесі жарық көрді. Ал 1959 жылы ол Мұқан Иманжановтың шығармаларын жинастырып, алғысөз жазып жариялады. 1960 жылы сыншының «Өрлеу жолында» атты жинағы жарық көрді. Ғалымның бұл жылдардағы зерттеуінің бір бөлігі С. Сейфуллин шығармашылығымен байланысты. Зерттеушінің 1962 жылы «Сәкен Сейфуллин» атты монографиясы басылып шықты. Серік Смайылұлы осы кезеңде орта мектептің 9 және 10-сыныптарына арналған «Қазақ әдебиеті» оқулығын ыңғайлап жазған ғалым – ұстаз. Бұл шақты академик былай деп еске алады: «50-жылдардың басында Қазақстанды «ұлтшылдықпен күрес» науқаны биледі. Мектеп оқулықтарынан «қателер» тауып, Қажым, Есмағамбет сынды ағаларымызды ұстап әкетті. Мектеп оқулықсыз қалды. Сол кезде оқу министрлігі мені, Мүсілімді, Айқынды, Зейнолланы жинап алып, оқулық жаздырды. Кейін Қажекендер айдаудан келді. Ол кісіні авторлардың бірі ретінде қалдырғанымда, қарсы болғандар кездесті. Мен дәлелдеп атын қалдыруға себепші болдым. Сөйтіп, өзі дүниеден өтсе де, оқулықтардағы аты жаңа оқулық авторлары шыққанша түскен жоқ». Бұл ғалым – ұстазымыздың білім мен ғылым кеңістігіндегі үлкен ерлігі!

Ғалым сонымен бірге, жоғары оқу орнының оқытушылары мен студенттеріне арнап «XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті» (Б. Кенжебайұлымен бірігіп), «Кеңес дәуіріндегі әдебиет» атты оқулық та жазды. Профессор С. Қирабаевтың оқулығынан сан мыңдаған қазақ шәкірттері әдебиет пен әдебиеттанудың жүйелі білімін алды.

Негізінен, академик С. Қирабаевтың ұстаздарына деген құрметі, ниеті бәрімізге үлгі. Мысалы, ол академик Қ. Жұмалиевті «іркері болмайтын, барын шәкірттерінен аямаған ұстаз» деп бағаласа, С. Аманжолов, А. Ысқақов, Т. Нұртазин, Ш. Сарыбаев сынды профессорларды «үйреткені көп ұстаздарым» деп ардақтап еске алады.

Ол сонымен қатар ұлттық әдебиетіміздің алыптары Мұхтар Әуезов, Сәбит Мұқанов, Ғабиден Мұстафин, Ғабит Мүсірепов сияқтылармен Серік ағамыз үзеңгілес жүріп, олармен сыйлас, құрметтес болып, қазақ әдебиетіне бір адамдай еңбегін сіңірді. Жазушылар одағының маңызды шараларының ортасында жүрген ғалым әдеби қауым туралы ықыласты сөзін төмендегіше жеткізеді: «Қырық жылдан астам жазушылар ортасында болып, одақ жұмысының қыры мен сырына қанығу мен үшін үлкен өмір мектебі еді».

Қаламгер сол тарихи 1950-жылдардан бері ұлт баспасөзінің, Міржақып Дулатұлы айтқандай, «ұлт үмесінің», қайнауында жүрді. Алғаш «Пионер» журналын (қазір «Ақ желкен») басқарды, кейін «Социалистік Қазақстан» (бүгінгі «Егемен Қазақстан») газетінің бөлімін меңгереді. 1958 жылдан күні бүгінге дейін өзі түлеп ұшқан ҚазПИ-де ұстаздық етеді. Академик Қ. Жұмалиевтен кейін жиырма жыл осы оқу орнының қазақ әдебиеті кафедрасына жетекшілік етті. Бес жылдай институттың проректоры болды. 1988 жылдан 1995 жылға дейін Ұлттық Ғылым академиясының М. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтына басшылық жасады. Осы ірі ғылым ордасының директоры бола жүріп, институттың Абайтану бөліміне жетекшілік етті. Астанада Елбасының бастамасымен Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті ашылғанда, өзінің ұлттық білім беру идеясымен аталмыш оқу орнының әдебиеттану және алаштану саласын қалыптастырып дамытуға қол ұшын берді.

Жоғарыда аталған ірілі-ұсақты қызмет дәрежесіне С. Қирабаев табан ақы, маңдай терінің, адал еңбегінің арқасында жетті. Ол әруақытта білім мен ғылым жолында таза жүріп, тек білімділік пен біліктілікті бағалау арқылы, адамгершілік құндылықтар ұстанымымен өмір сүрген тау тұлға.

Серік Қирабаев – сынды дөп, шын айтатын сыншы. Көркем сөз критигі ретінде Серік Смайылұлы 1950-жылдардан Тәуелсіздік кезеңіне дейінгі әдебиетте өз үні бар жасамыз та, жас та ақын-жазушылардың шығармаларына әділ талдау жасады. Әдебиетші Мұқан Иманжанов пен Жұмағали Саин шығармашылығындағы шеберлік мен жазушылық

ерекшелікті 1950-жылдары-ақ алғашқылардың бірі болып айтты. Сондай-ақ ол қазақ прозасының кербұғысы атанған Оралхан Бөкеев прозасындағы психологизм моделін, Ә. Кекілбаев, М. Мағауин, Б. Қыдырбекұлы, т.б. романдарындағы тарихи шынайылық пен көркемдік шешім мәселесін, Қ. Аманжолов, Ә. Тәжібаев, С. Мәуленов, Х. Ерғалиев, Ф. Онғарсынова, Т. Молдағалиев, Қ. Мырзалиев поэзиясындағы лиризм, пафос, философиялық ой-толғам жайын жан-жақты қарастырды.

Зерттеуші С. Қирабаев әркез әдебиеттің өткен жолы мен қазіргі бағыт-бағдарын салыстыра отырып талдау жүргізе білді. Бұл ретте ол XVIII-XIX ғасыр ақын-жазушыларының шығармаларына, әсіресе «зар заман» әдебиетінің өкілдеріне, Абай мен оның төңірегіндегі ақындарға, Шоқан мен Ыбырайға, Сәкен, Ілияс, Бейімбет, Мұхтар, Сәбит, Ғабит мұрасына қайта-қайта оралып, өз тұсындағы қаламгер еңбегіне алдыңғылардың биігінен қарады. Әдебиетіміздегі көркемдік пен шеберліктің эволюциясына ғылыми сипаттама беруде нағыз әдебиеттанушы ретінде еңбек етті. Ғалымның «Өрлеу жолында», «Октябрь және қазақ әдебиеті», «Әдебиет және дәуір талабы», «Революция және әдебиет» (2 том), «Шындық пен шығарма», «Талантқа құрмет», «Әдебиетіміздің ақтаңдақ беттері», «Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет», «Тәуелсіздік рухымен», «Тарих және әдебиет», «Өмір тағылымдары», т.б. кітаптары әдебиеттану әлемін талдау мен пайымдау жағынан, сын сонар жаңашылдығымен толықтырылып отырды. Әдебиеттану кеңістігіне жаңа серпіліс әкелген байсалды сыншы болды.

Сыншы, әдебиеттанушы және ұстаз ретінде бағаланып жүрген Серік ағамыздың тағы бір ерекше шығармашылық қыры – журналистік қызметі. Өйткені қаламгердің бұл қасиетінің анық байқалған кезеңі сонау жас шағында болған еді. С. Қирабаев жас шағында қаламы ұшқыр журналист ретінде таныла білді. Абай атындағы педагогикалық институттың студенті болып жүрген кезінен-ақ, 1940 жылдардың аяғынан бастап мақалалары баспасөз беттерінде жиі жарияланады. Қазақ мемлекеттік баспасында, республикалық «Пионер» (1952-1955 жж.) журналының, «Социалистік Қазақстан» (1955-1958 жж.) газетінің редакцияларында, он жылдан астам уақыт журналистика саласында еңбек етеді. Одан кейінде әдебиет, өнер, мәдениетке қатысты өзекті мәселелер бойынша мәні зор мақалаларын жариялап отырады. Өзінің «Өмір тағылымдары» атты мемуарлық еңбегінде айтқандай, баспасөз үлкен шығармашылық мектеп ретінде болғанын жиі айтып жүреді.

Ол өзінің журналистік ұстанымымен қоғамдағы рухани мәселелерді дер кезінде жазып, көпшілік талқысына сала білуімен ерекшеленеді. Сондықтан С. Қирабаевты журналист ретінде де біліктілігі мен білімділігі жоғары екенін мақтанышпен айта аламыз. Ол – Қазақстан Ұлттық ғылым академиясының академигі, Қазақстан мемлекеттік сыйлығының және көптеген мемлекеттік

марапаттаулардың иегері, филология ғылымдарының докторы. Осынша атақ-даңқына қарамастан, ғалым күнделікті өмірде адал да қарапайым, еңбекқор да кішіпейіл жан. Әсіресе, ол өзінің шәкірттерінің еңбектеріне таза баға бере білетін, жазған дүниенді сабырлықпен оқып шығып, сызып, қырнап тастамай, мынадай пікірге қалай қарайсың, мына материалға көңіл бөлсең, деген ескертулермен ғылымға жетектеп апаратын, іздентіретін білім мен ғылымдағы рухани әкеміз.

Серік Смайылұлының өмір жолы Қазақ Елінің зиялы қауымы үшін де, жастары мен жалпы қарапайым халқы үшін де тұтасымен үлгі өнеге. Әдеби үрдістерді зерттеп-зерделеуге тыным таппастан белсене араласып жүруі, ұлтымыздың рухани құндылықтарының сабақтастығы мен жаһандану кезеңіндегі ұлттық болмысының сақталуы – нағыз ұлтжанды зиялы азамат екенін, қоғам қайреткері екенін танытады.

Қазақ Елі тәу етер Тәуелсіздік тұғырын орнатып, өшкенін жандырып, жоғалтқанын тауып, жаңғыртып жатқан кезеңде де Серік Смайылұлы бос отырған жоқ. Оның үлкен зор еңбегі – Алаш әдебиетінің ақталып, қазақ ұлттық қоғамы мен мәдениетіне қайтару, «ақтаңдақ» тұлғаларды тарихқа ендіру мәселесі болды. Ұлықты ұстазымыз Серік аға тиісті орындардан қаржы тауып, ғылымға бой ұрған, ынтасы бар жастарды Мәскеу, Петербор, Орынбор, Омбы, Ташкент, Қазан, Уфа, т.б. қалалардың архивтеріне жіберіп, Шәкәрім, Ахмет, Әлихан, Ғұмар, Мәшһүр Жүсіп, Мағжан, Смағұл, Қошке, Жүсіпбек, Міржақып сияқты ұлы тұлғалардың еңбектерін, оларға қатысты құжаттарды жинауы, соларға сараптама жасап, ғылыми айналымға ендіруі – нағыз көрегенділік пен ұлылықтың белгісі. Сол кезде осы есімдер зерттелініп, қолға алынбаса, ұлттық әдебиетіміздің жаңғыруы екі талай еді. Сол үшін де бүгінгі жаңа заман ұрпағының алғысы зор деп білеміз. Мәселен, өзіме сөз зергері, аудармашы, драматург, сан қырлы өнер иесі Алаш қайраткері Жүсіпбек Аймауытов шығармашылығын зерттеуді бергенде алғашқыда қобалжығаным рас. Бірақ ардақты да сүйікті ұстазым, ғылымдағы рухани әкем Серік Смайылұлының жетекшілігімен бұл іске үлкен сеніммен кірістім. Әдебиеттану ғылымының қыр – сырын меңгертіп, зерттеу аппаратын құрастырудың шеберлігін, ойлау мен іздену, өзіндік пайым жасау, түйіндеп, қорытындылай білу шеберліктерін үйреткен абзал ұстаз. Аудиторияда шәкірт алдында дұрыс білім беру, білетінге салмай, әруақытта жаңашыл болып, тек ізденіп еңбек ету керек, ұлттық әдебиет пен мәдениет арқылы ұрпақ жалғастығы болады деген ұстаз қағидасы мен үшін, өзге шәкірттері үшін де өзгермейтін ұстаным, заңды қағида.

Академик Серік Қирабаев ғылымда өзіне де өзгеге қатаң талап қоя білетін шыншыл ғалым. Оған дәлел мына бір сұхбатын келтірейік:

Қазір уақыт өзгерді. Біз ол уақытта әдебиеттің партиялық принципіне берік болдық. Жасыратын ештеңесі жоқ, соған қызмет еттік. Бірақ, алғашқы

мақалаларымнан кейін ұлтшылдықты ашық сынауға бара қойғам жоқ. Көбінесе жекелеген әдеби шығармалар туралы шолу мақалалар жазуға көштім. Біз өзімізше әдебиетке жаңаша көзқарас тұрғысынан баға беруге тырыстық. Жасыратын түгі жоқ, жеке шығармалар жөнінде артық-кем пікір айтқан тұсымыз болды. Соның ішінде өзімнің Қасым шығармашылығы туралы артық айтқаным бар. Мен өзім Қасымның шығармашылығын қатты жақсы көрдім, жоғары бағаладым. Сүйіп оқыған ақынымның бірі осы Қасым Аманжолов еді. «Қазақстан» деген өлеңі ерекше ұнайтын, «Құпия қыз» поэмасының көп жерін жаттап та алған едім. Ол менің әдеби сауатымды ашқан ақын еді. Бірақ, партияның тапсырмасы қатал, Қасымды сынауға тура келді. Соның өзінде де Қасымның концепциясын, идеологиялық принципіні жамандамай, көбінесе жекелеген сөздері туралы жаздым. Кейін Қасымның партиялығы қаралды. Баяндама жасау маған тапсырылды. «Осыған дейін жазған мақалаңды негізге аласың» деді. Қашқақтап едім, болмады. Жиналыс орысша өтетін болды да, мақаламды аударған кезде көп тұсын жұмсартып жібердім. Баяндамамды «Шығармашылық адамының іздену жолында қателіктер болады, бірақ Қасым – үлкен ақын» деген сөзбен түйіндедім. Соны Қасым айтып кетіпті. Бұл туралы кейін архивтік жазбаларынан оқыдым. Күнделігіне «Жас сыншы Қирабаев партияның айтқанына ермей, шындықты айтты» деп жазыпты. Мен сол уақыттағы кінәмді жуу үшін кейін Қасымның шығармашылығы туралы біраз мақалалар жаздым. Жүз жылдығында Қарағандыға дейін барып, баяндама жасадым. 90 жылдығында Қарқаралыға бардым. Қасым – біздің тәуелсіздігіміздің ақыны. Ол біздің ұлттық тәуелсіздігімізді қорғады. Совет Одағының құрамындағы барлық елдерді өз азаматтары, өз ұлтынан шыққан басшылары басқарды. Ал қазақ халқын соғысқа дейін қазақтан басқаның бәрі биледі. Қазақтардың Мәскеу түбіндегі ерлігінен кейін ғана ел басына Шаяхметов келді. Кеңес Үкіметі қазақ жігіттерінің намысынан, батылдығынан, мықтылығынан оу бастан қатты қорқатын. Сол үшін қудалап, жойып отырды. Қасым сол алыптарымыздың жалғасы еді. Соғыстағы қазақтардың ерлігі Қасымның ел намысы туралы еркін жырлауына мүмкіндік берді. Әбділдә Тәжібаев пен Қалижан Бекхожиннің шығармаларында да патриоттық рух басым болатын. Елуінші жылдары сол елдік жырлары үшін олар қайтадан қуғын көрді, сыналды. Горбачевтің «қайта құру» кезеңінде біз оларды барынша ақтап алуға күш салдық. Қасымдардың шығармашылығына ғылыми тұрғыдан да жаңаша баға беруге тырыстық. – деп, нағыз сыншылдық мінезін танытады. Тіпті ол уақыт ағымына қарай сөйлеп, жазғанын шын мойындап, нағыз ғылымдағы тазалығын көрсетеді. Және оны сөзбен емес іспен ақтап, аталмыш ақындардың ұлттық әдебиеттегі орнын табуға ересен еңбек еткенін де көреміз.

Белинский айтқандай, «сын деген – абырой аз жанр». Ал сын туралы Серік ағамыз былай толғайды – Бұл өзі дәрі сияқты, ішкенде ащы, бірақ

денсаулыққа керек. Сын әдебиет үшін қажет. Соған қарамастан, кейінгі жазушылардың көпшілігі сынды көтере алмайды. Қазір сынды жоққа шығаратындар да бар. Қазіргі қазақ әдебиетін әлемдік деңгейге көтерілді деп толық сеніммен айта аламын. Ал ол бірінші сындының сындының шын болғанында.

Расында да, сын – жолы ауыр жанр. Сын жолындағы ғалымның үлкен ерлігі – сыншы Мұхаметжан Қаратаев кезінде қазақ зиялыларының 1936-37 жылдардағы қуғын-сүргіннің кезінде біраз арыстарымыздың ұсталып кетуіне тікелей ықпалы болғанын, бірақ кейін өзі де сол жүйенің құрбаны болғанын ескере отырып, ақылмен, үлкен сабырлықпен сараптай келе, өте білімді екенін бағалап, «Бұл – заманның қателігі» деп ақтап шыққаны да бар. Бұл ісі далаға кеткен жоқ. Ақталып келген – сыншы Мұхаметжан Қаратаев Ғылым академиясында бірге қызмет атқарып, әдебиеттану ғылымына үлкен еңбегін сіңірді.

Әр ұлттың ұрпағы алғашқы ұлттық білімін мектепте алады. Ал сол мектептің беретін білімінің оқулығы дұрыс жазылып, тіл мен әдебиет оқулығының мазмұны дұрыс құрастырылса, онда алатын білім де жүйелі болады. Осы ретте ғалым – ұстаз Серік Қирабаевтің еңдегі зор және ерекше!

Оқулық әдебиеттік оқу және әдебиет тарихы болып бөлінеді. Жеке шығармаларды оқыту 5, 6, 7-сыныптарда жүреді. 8-сыныптан бастап тарихи әдебиет оқытылады. 8-сыныпта XVIII ғасыр мен XIX ғасырдың бірінші жартысы, 9-сыныпта XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасыр әдебиеті оқытылады. 10-сыныпта Кеңес әдебиеті тұтастай оқытылады.

Серік Смайылұлы жоғарғы мектепте жұмыс істегендіктен Кеңес әдебиетінен дәріс оқыды, оқулықтар жазды. Академик бүгінгі күнгі оқулық жасаушыларға көңілім толмайтынын үлкен ренішпен айта келіп, мынадай пікір білдіреді: - Баяғыдан қалыптасқан әдістеме бар. Атақты Рыбникова деген әдіскер болған, біз де сол бойынша оқытатынбыз. Мысалы, Мұхтар Әуезовтің жалпы шығармаларының тарихына аз-кем тоқталып, негізгі бір шығармасын талдауға беретін. Сол арқылы бүкіл әдеби процесті көрсететін. Жазушы көп, барлығы оқулыққа енгісі келеді. 700 жазушы бар, оның барлығын кіргізе алмайсың. Кілең фамилия балаларға білім болмайды. Ол ойда да қалмайды. Өкінішке қарай, соңғы бағдарлама сол бағытпен кетті. «Қазақ әдебиетіндегі прозаның дамуы», «Поэзияның дамуы», «Сынның дамуы» деп тарихына тоқталып, фамилияларды тізіп шыққан. Ол дұрыс емес. Негізгі іріктеліп алынған жазушылар сол дәуірдің әдебиетін таныта алатындай болуы керек.

Өзімнің билігім жүріп тұрған кезде 10-сыныпта XIX ғасырдың әдебиетін оқытып, 11-сыныпты тұтастай Кеңес әдебиетіне арнауды ұсындым. Ондағы ойым, баяғы дәуірлеу кезі, соғыс кезінде, соғыстан кейін деген

принциптерді жойып, жалпы ғасыр бойындағы әдебиеттің жаңалықтарын көрсету еді. Ол негізінен өзін ақтады. Қазіргі 10-11 сыныптарда сол бағытпен оқытылып жатыр. Ал жазушыларды іріктеуде ол принцип сақтала бермейді. Кеңес әдебиеті кезіндегі шығармаларды қысқартыңқырап, оның орнына 60-жылдарда шыққан жазушыларды шағындап болса да, бір-бір шығарма төңірегінде енгізуді мен қолдадым.

Қазір бірқатар жазушылар жөнінде айтылады. Бірақ, ары кеткенде екі сағат, әйтпесе бір сағат көлемінде ғана. Осыдан 1-2 ай бұрын бағдарламаға өзгеріс енгізілгенін айтып, оқулықтарды қайта қарап беруімді өтінді. Бағдарлама бекітіліп кеткен екен. Бекітпес бұрын бізге көрсетіп, ақылдасу керек еді, ондай болмады. Илияс Есенберлинді алып тастапты да, орнына аса танымал емес бір жазушыны енгізіпті. Илияс Есенберлин деген фигура ғой! Қазақтың тарихы туралы қаншама шығарма жазды! Осыған наразылығымды білдіріп, оқулыққа автор болмайтынымды айттым. Міне, ар алдына, Отан алдында, ұрпақ алдында, әдебиет алдындағы тазалық пен жауапкершілік деген осындай-ақ болар!

Академик ағамыздың елден бір еркеше қасиеті – естелік жаза білуі. Өзі айтпақшы, естелік жазуға өмірдің өзі итермелейді екен дегендей, ғылым мен әдебиеттегі замандастары туралы ғана емес, сонымен бірге қоғам және мемлекет қайраткерлері туралы жазған көптеген естеліктері бар. Ол – Естелік керек. Адамды тек көркем шығармасымен ғана тани алмайсың. Өмірінің кейбір деректерін жарыққа шығару арқылы адамдығын, басқа мінез-құлқын білесің. Оның үстіне, естелік жазуға итермелейтін жағдай болып тұрады. Мәселен, Нұртас Оңдасынов болсын, Илияс Омаров, Бәйкен Әшімов болсын, Өзбекәлі Жәнібеков болсын, шетінен терең ойлы, парасатты, ел ағасы атанған азаматтар еді. Бүгінгі күнгі қазақ интеллигенциясының өкілдері арасында елге сыйлы, ұлтқа тұтқа болатын азаматтар. Ал олармен әр түрлі жағдайларда кездесіп, сұхбаттастық. Олардың ерекше пейілдері естелік жазуға итермелейді, – дегені сөз жоқ, Бүгінгі, ертеңгі ұрпақ үшін керек екеніне, танымдық үшін табылмайтын рухани қазына екеніне жанымызды сендіреді, көзімізді жеткізеді.

Серік Смайылұлы – ұлттық ғылым мен әдебиеттің жанашыры. Оған дәлел бүгінгі абыз жасына келсе де, қажырлы еңбек етіп жүрген сергек жанды ұлт білімпазы. Ол бүгінгі әдебиет үрдісі туралы былай ой толғайды: - Қазіргі әдебиет ғылымы публицистикаға қарай кетіп барады. Оған да түсіністікпен қарау керек шығар. Белинскийдің «әдебиетте жанрлардың шекарасын мемлекеттің шекарасын көрсеткендей сызып көрсету қиын», – дегені бар. Бір жанрдың бір жанрға ықпалы заманның үні. Бірақ бізде әдебиеттің ғылыми мазмұнын ашудың орнына баяндау басым. Ғылымның адамы азайып кетті. Кадр жоқ. Әдебиет ғылымы солай күн көріп жатыр. Біздің заманымызда, бізден кейін де қаншама жап-жас жігіттер осы салаға ойысты. Б.Майтанов,

Б. Ыбырайым, Қ. Әбдәзұлы, Ж. Дәдебаевтар қандай жақсы келіп еді ғылымға. Осыдан кейінгі буыннан бұндай шоғырды көре алмай жатырмыз. Әдебиетті зерттеп бір баспа табақ мақала жазу үшін, кемінде жүз баспа табақ кітап оқуың керек. Олар жөнінде жазылған еңбектермен танысу керек. Елдің бәрі содан қашады. Қашқаннан соң өткен тарихты білмей шығады. Әдебиет зерттеушінің тарихи мәліметтерді, әдеби процессті жақсы білу қажет деген жанашырлық, жан ауыртарлық пікір білдіреді.

Сөзінің шыны бар, алаңдауға тұрарлық жағдай. Тіпті бүгін БҒМ дайындаған жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру мамандықтарының тізбесінде «Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті», «Қазақ әдебиеттануы» мамандықтарының жоқ болуы – Қазақ елінің ұлттық білім мен ғылымының дамуына қойылған тосқауыл демеуіңе шараң жоқ! Ендеше қазақ әдебиеттануының болашағының жоқ болуы да осыдан болар деп тұспалдай беріңіз... Ғалымның жан айғайы да осы!

Филология ғылымының докторы, профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстанның мемлекеттік сыйлығының иегері, Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының академигі, Қазақстанның және Қырғызстанның Еңбек сіңірген ғылым қайраткері, Қазақстан білім беру ісінің Құрметті қызметкері Серік Смайылұлы Қирабаевтың өмірі Қазақ Еліне адамзаттық өнеге.

Бір басында тектілікті, ірілік пен іскерлікті асқақтатар сан қасиеттер тоғысқан, сонысымен де елінің көшелі бір азаматы болып, есімі жақсылар мен жайсаңдардың қатарында аталып жүрген ардақты да ұлықты ұстазымызды бұл күнде 90 жастың шыңына шығып, Қазақ Елін қуантып отыр! бәрімізді қуантып отыр. Терең білім, берік ұстаным, іскерлік қабілет және үлкен азаматтық парасат Сізді зор құрметке бөледі. Сіздің жаныңыз жомарт, қамқор да талапшыл аяулы рухани әкеміз ретіндегі абзал қасиеттеріңіз тәнті етпей қоймайды. Өмірлік еңбек пен тұрмыс тәрбиесі, жеке басыңыздың кіршіксіздігі Өзіңіз, отбасыңыз үшін ғана емес, қатар жүрген әріптестеріңіз, тілектес дос-жаран үшін де зор мақтаныш, абырой, жас ұрпақ бала-шағаңыз үшін нағыз өмір мектебі екендігі даусыз. Мағыналы да мәнді, парасаты да өнегелі ғұмырыңыз құтты болып, көзіңізден от кетпесін, жүрегіңізден жылу кетпесін дей отырып, Елге етер еңбегіңіз, келер ұрпаққа берер тәліміңіз алдағы уақытта жалғасын табады деп сенім білдіреміз.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Кәкішев, Т.** Қазақ әдебиеті. Сынның тарихы. – Алматы, 1994. – 358 б.
- 2 **Қабдолов, З.** Таңдамалы шығармалар. Екінші том. – Алматы, 2003. – 54 б.

- 3 **Ғабдуллин, Н.** Уақыт сыры. – Алматы, 1981. – 138 б.
 4 **Нұрғалиев, Р.** Телағыс. – Алматы, 1986. – 220 б.
 5 **Қирабаев С.** Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы : «Қазығұрт», Т. 1, 5, 6, 7. 2007.

Материал 31.05.17 баспаға түсті.

А. Ф. Зейнулина

Мэтр науки казахского литературоведения

Павлодарский государственный университет
 имени С. Торайгырова, г. Павлодар.
 Материал поступил в редакцию 31.05.17.

A. F. Zeinulina

Maitre of Kazakh literary criticism

S. Toraighyrov Pavlodar State University, Pavlodar.
 Material received on 31.05.17.

В статье рассматривается научно-литературный, творческий путь литератора – ученого, критика С. Кирабаева, проводится краткий анализ его литературно-исследовательских, литературно-критических, педагогико-преподавательских трудов. Также проанализированы его учебно-методические, методические труды, в которых рассматриваются проблемы обучения литературе, описываются особенности современной казахской литературы, литературно-критических статей современных писателей, периодов развития национальной литературы.

Scientific – literary path and creativity of the scientist and critic of S. Kirabayev is regarded in the given article, a short analysis of his scientific-literary, literary – critical, pedagogical works is being carried out. The analysis of his methodical works is given, where the problems of teaching literature are considered, and his research describing the features of Kazakh literature, literary – critical articles of contemporary writers in the period of national literature development.

ЭОЖ 81'271

А. Ж. Зекенова

ф.ғ.к., доцент, «Қазақ мемлекеттік құқық университеті», Астана қ.
 e-mail: azhar_2010@mail.ru

«ТІЛ МӘДЕНИЕТІ ЖӘНЕ ІСКЕРИ РИТОРИКА» ПӘНІНДЕ ПОЭТИКАЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ ТӘЖІРИБЕСІНЕН

Мақалада ҚазМҚУ университетінде заң мамандығында оқитын студенттерге оқытылатын «Тіл мәдениеті және іскери риторика» пәнінде қолданылған поэтикалық туындылар мен оларға қатысты тапсырмалар қарастырылған. Көркем дүниелер, әсіресе, жырғаулардың толғаулары айтылым, жазылым, сыни ойлау дағдыларын қалыптастырып, дамытатыны анықталған.

Кілтті сөздер: тіл мәдениеті, іскери риторика, әдістеме, поэтика, тапсырмалар.

КІРІСПЕ

Әдеп басы – тіл, демекші, қазіргі замандағы кез келген мамандықтың иесін, ең алдымен, білгірлігі мен сауаттылығы ерекшелендіретіні анық. Сондықтан Қазақстанның бірнеше жоғары оқу орындарында ана тілінде дұрыс сөйлеу, сауатты жазу, көпшілік ортада өзін өзі таныстыра алу машықтарын дамытушы «Тіл мәдениеті және іскери риторика» пәні енгізіліп, жүргізілуде. Бұл жас мамандардың біліктілігі мен білгірлігін, шешен әрі көсіле сөйлеуін, кез келген стильде орфографиялық талаптарға сай мәтінді құрастыра отырып, жазуын дағдыландырады. Осы бағыттағы мақсатқа қол жеткізуде жаттығу жұмыстары мен практикалық сабақтарда қолданылатын тәсілдердің маңызы айтпаса да түсінікті. Солардың бірі – поэтикалық туындыларды пайдалану. Әдіс-тәсілдердің теориялық мәніне тоқталуды кішігірім мақала көлемі көтермес (бұл туралы мәліметті интерактивті әдіс арқылы тіл мәдениетін арттыру мәселесі сөз болған еңбектерден табуға болады). Сол себепті нақты, тәжірибеде семинарларда қолданылған практикалық мәнді айтылым, жазылым, сыни ойлау дағдыларын арттыратын жаттығу жұмыстарына тоқталуды жөн санадық.

М. О. Әуезов 1927 жылдың өзінде ең алдымен жырау деген атаққа ие болған «творчество өкілдерінің» өз ортасында ерекше салмағы бар, қоғамдық тұлға екендігін байыптайды, негізгі атқарар «функциясы өлеңшілік емес, елге

басшылық істеп, басалқы айту болатын», олар хан қасындағы «қалың елдің ішінен қосылған қариялар кеңесінің өкілдері» деп тұжырымдайды. Біздіңше, әсіресе, заң мамандықтарындағы студенттерді осы арнадағы туындылармен таныстыра отырып, олардың ұлттық билік айту, ел басқару, шешен болу қабілеттеріне қатысты танымдық дүниесін арттыруға мүмкіндік бар. Бұл орайда әдебиеттанушы Е. Ысмайылов та жыраулардың ерекшелігі ретінде, адам баласы басындағы қайғыны, зарды, ел ішіндегі ауыртпалықты толғау, әлеуметтік, елдік мәселелерді көтеру, болашақты болжау, ақыл-өсиет айту, шешендік түйін жасап, терең ой қозғау екенін айтқан.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

«Дала көшпенділерінің философы» Асан қайғының тәрбиелік, имандылық, адамгершілік мәндес «Еділ бол да, Жайық бол; Ешкімменен ұрыспа; Жолдасыңа жау тисе; Жаныңды аяп тұрыспа... Түсіп кетсе, қайтесің; Түбі терең қуысқа» [1, 26] деген өлең жолдарын білім алушыларға ұсынып, осы ойды өз сөздеріңізбен аяқтаңыз деген тапсырма берілгенде, 50 студенттің 90 %-ы адал болу, адамдық борыштан аттамау, досқа сенімді болу, жомарттық пен кеңдік мінез сипаттары туралы жазса, тек 10 %-ы ғана бұл қасиеттердің ел басқарар тұлғада болуы керектігін айта отырып, мысалға Абылайханды келтірген, әрі мақсат – татулық пен елдің амандығында екенін айтқан.

Біз ұсынған жырлардағы әзіз, салмағыл, нәпсі, нараду, ғаріп, мүрит, азғын, қылшан, наушар, мехман т.б. с.с. сирек кездесетін архаизмдерге айналған сөздер мен желке тері құрысу, ақ шортан қарағай басын шалған заман, ен жайлау, қарадан қатын алу, елеуреп сөйлеу, құладын қуды өлтіру, іздеп, қоныс көру, кеңессіз сөз бастау, не білсін, ашу – дұшпан – түбі терең қуысқа түсірер деген сияқты ұғымдардың астары мен мәнін ұқтыру арқылы қазақ тілінің байлығын, көркемдігін, фразалық тіркестердің молдығының арқасында сөз түрленуін, мүмкіндігінше, көрсеттік. Осындай тіркестерді өмірде қалайша пайдалануға болатынын ұқтыру үшін белгілі бір жағдаяттарды ойдан құрастыру тапсырмасы орындалған-ды.

Өзін өзі сипаттау, біреуге сипаттама жасау, болмаса мінез-құлқын ажырата білу, кейде психологиялық портрет сомдай білуге үйрету үшін мадақ жырының шебері Қазтуғанның туындыларынан «Мадақ жыры» дегенді пайдаландық. «Үстаса қашағанның ұзын құрығы; Қалайылыған қасты орданың сынығы; Билер отты би соңы; Би ұлының кенжесі; Буыршынның бұға шайнар азуы; Бидайықтың көл жайқаған жалғызы; Бұлұт болған айды ашқан; Мұнар болған күнді ашқан; Мұсылман мен кәпірдің; Арасын өтіп бұзып дінді ашқан; Сүйінішұлы Қазтуған!» [1, 28] деген мысалын беріп, осы сипаттамаға қарап, өз портретіңізді жазыңыз деген тапсырма берілді. Мұндағы шарт бойынша ақылды, мейірімді, сұлу, ажарлы, ержүрек т.б. сияқты қарапайым

сөздерді емес, фразеологиялық тіркестерді пайдалана отырып, жасау қажет болатын. Мысалы, екі иығына екі жігіт мінгендей, қарға тамған қандай, аузы аузына жұқпайтын, тепсе темір үзетін, жұтып қоярдай сұлу, азамат ердің баласын жабыққанын білдірмес, шаһид кешсе, өкінбес, тастай берік т.б.

Жыраулығына батырлығын ұштастырған Доспамбет жыраудың «Қоғалы көлдер, қом сулар» деп басталатын жыры ер жігіттің не нәрсеге өкінбейтініне, не нәрсені бекерге кетті демейтіндігіне арналған. Арман туралы ойды аяқтауға бағытталған тапсырмаға осы жырдан «Кілең бұздай кілшитіп; Көбелер киген өкінбес; ...Құрама қапшық көп қымыз; Құйып ішкен өкінбес; Бетегелі Сарыарқаның бойында; Соғысып өлген өкінбес» деген үзінділерді алып, соларды жалғастырып, өз арман-өкініштеріңіз бар ма, болмаса, не істегенде адам өкінбейді деп ойлайсыз деген сияқты тапсырманы бергенде студенттерде көбінесе, сыни ойлану, өз ойын жинақтауға, іс-әрекеттерді жоспарлауға, сол арқылы эсседегі жоспарды құруға қабілеттері дамидынына көз жеткіздік. Тіпті, кей жағдайда шамалары келгенше өлең жолдарымен тапсырманы жалғастырғандары да жоқ емес. 50 студенттің арасынан осы өлең жолдарын өкінбес деген сөздермен аяқтап, ұйқастыра білген 15 шақты студент бірден байқалды. Бұл сөз құдіретін түсінген қазақ халқының көркемдікке жақындығы – гендік деңгейде сақталып кел жатқанын дәлелдесе керек-ті.

Ақтамберді жыраудың «Балаларыма өсиет», Бұқар жыраудың «Тілек» деген толғаулары берілгенде тілекпен не өсиетпен ойды жалғастыру керек болатын. Мұнда кейбіреулер бата жазса, кейбіреулер өзінің қатары, замандасына не істеу керек, не істемеу керектігін жазған. Жазылған жұмыстарды негізге алсақ, жалпы білім алушылардың көпшілігінің оқуын тамамдап, жақсы адам болу мұраты жүрек түкпірлерінде ұялағанын байқадық. Себебі, арасында қарапайым оқуды жақсы аяқтаудан бастап, ел мүддесін ойлайтын, тағдырына немқұрайлы қарамайтын азамат болу қажеттігі үддесінен шығуға тырысатындар да бар. Бұл-бір. Екіншіден, «Тілек» жырындағы алғашқы бес тілек мұсылмандық пен адамгершілік қасиеттеріне, ең бастысы, Алладан медет сұрауға арналған: бірінші тілек – Алланың қаһарына ұшырамау, екіншісі – біреудің сөзіне ермеу, содан таяқ жемеу, төртіншісі – ауырмау, дені сау болу, бесіншісі – намазды қаза жасамай, уақытында оқып отыру. Жыраудың бұл туындысының негізгі өзегінде өмірлік құндылықтар, дүниелік ойлар философиялық ақыл-өсиет нақылмен қатар, имандылық және моральдік берік ұстанымдармен өріліп жатыр. Сондықтан бұл шығарма арқылы білім алушыларға имандылық пен адамгершілік ұстанымдарын сіңіруге болады.

Қазақ халқы жақсы не жаман хабарды тура мағынасында айтпай, астарлы оймен, мысалмен жеткізгені мәлім. Қазіргі күннің өзінде үлкен кісілер астарлы сөзбен қалжындасатынын көруге болады. Бірақ мұндай

деңгейде тілдің мәйегін ұққан, шешен сөйлей білетіндер ғана пікірлесе алмақ. Осы қабілетті дамыту мақсатында Үмбетей Тілеуұлының «Бөгембай батыр өлімін Абылай ханға естірту», Қарашаш сұлудың өлімін Жиреншеге естірту сияқты туындылар пайдаланылды. Екі-екі студенттен бөліп, оларға бір-бірімен астарлы мағынада диалог құру тапсырмасы берілген.

Бұған қоса Шалкиіздің Жалп, жалп ұшқан жапалақ; Асқар, асқар, асқар күн; Балпаң, балпаң басқан күн; Ор, ор қоян, ор қоян; Жел, жел есер, жел есер, Ақтамбердінің балпаң, балпаң басарсың; Балпаң, балпаң кім баспас; Күлдір-күлдір кісінетіп; Бұқар жыраудың Ай заман-ай, заман-ай; Бұл, бұл үйрек, бұл үйрек деген сияқты тіркестерін тапсырмаға қосқанда білім алушының сөзді қайталай қолдану арқылы ол сөзге өзгеше реңк беруге болатынына назар аудару мақсаты қойылды. Бұл тапсырмада студенттер тақырыптық тапсырмаға сай қайталама сөздерді жазу арқылы өз ойларындағы мақсаттары мен ендігі семинарда талқылағысы келетін тақырыпты ашқан болатын. Жоғарыда аталған осы екі тапсырма мәндес, сондықтан диалог құрудағы мақсаты мен нәтижесі бірдей-дерлік.

Келесі тапсырма «Ойды жалғастыру» деп аталады. Дүниеде мәңгілік тұрақты өмір сүретін ештеңе жоқ. Тек: «Жақсының аты өлмейді, Өлімнің хаты өлмейді», – деп біледі Бұқар Қалқаманұлы [1,104]. Осы сөзден кейін одан басқа тағы не өлмейтініне қатысты сұрау салынды. Кейбір студент ата-ананың қадірі, тәрбиесі, кейбірі ұрпақ жалғастығы, кейбірі терең білім өлмейді деп шешті.

Келесі тапсырма ғаламторда жүрген әлемдегі ең қысқа әңгімелерге қатысты. Бір ғана сөйлеммен берілген бұл әңгімелердің мағынасы терең болған соң тапсырма ретінде беруді жөн көрдік. Тапсырма шарты: Мына қысқа әңгімелерді жалғастырып, ой жалғап, 5-6 сөйлеммен оқиғаны ашып беріңіз. Ой не осы сөйлемнен басталуы, не аяқталуы керек. Бұл тапсырмаға 7-8 минут уақыт беріледі.

1 Айнаға қарағанда әп-әдемі адам сияқтымын...; 2 Су бетіндегі бейне маған жымың қақты...; 3 Ол әйелін өлтірген қылмыскерді қасықпен тамақтандыруда...; 4 Сынған терезеде «Жас жұбайлар» деп жазылған...; 5 Кешір солдат, біз аяқ киімді сыңарымен сатамыз...; 6 Бүгін мен тағы да анаммен таныстым...; 7 Мен арманымды таптым, ол таппады...; 8 Саяхатшы құтқару белгілерін беруде. Жер естімеді...

Осындағы сөйлемдердің арасында ең үлкен қызығушылық тудырғаны үшінші және жетіншісі болды. Үшінші сөйлем ҚазМҚУ студенттерінің кәсіби қырынан қызықтырды. Себебі олар заң мамандығында оқиды. Ал жетінші сөйлем көбінесе диплом алу мен мамандық таңдау, яғни оқуға түсумен байланысты болды. Өйткені тапсырманы орындаған 50 студенттің 90 %-ы бұл сөйлемді осы мағынада ғана ашқан.

Бұл тапсырмадағы сөйлемдер бір қарағанда қарапайым сияқты. Бірақ астарында терең ой жатқаны айдан анық. Мысалы, біріншісінде адам айнаға қарағанда өзін әдемі сезінгенімен, жүрегін оттай өртейтін өкініш бар екені сезіледі. Ал су бетіндегі бейне тек жүрегі қуаныш не қайғыға толған не ақыл-есінен адасқан адамға ғана көрінуі мүмкін. Яғни, ол адамның басынан белгілі бір оқиға өткені айқын. Бірақ қандай екенін ойлап, тауып, құрастыру білім алушының өз құзіретінде.

ҚОРЫТЫНДЫ

Сонымен қорыта келгенде, «Тіл мәдениеті және іскери риторика» пәнінде поэтикалық туындыларды пайдаланудың артықшылықтары бар екеніне көз жеткіздік. Жоғарыдағы тапсырмалар білім алушылардың тіл жатықтығы мен тазалығын сақтауға ұмтылдырғанын байқадық. Кейбір тұста ұлттық мүддеге қатысты, патриоттық сана-сезімдерді де оятқан кездері жоқ емес. Әрине, жазу барысында сауаттылыққа қатысты қателіктер түзетілді. Алайда мұндай тапсырмалар «Тіл мәдениеті және іскери риторика» пәніне қатысты студенттердің қызығушылығын арттырып, шешендік қабілеттені шыңдауға алып келгені нақты тәжірибемізде көрініс тапты. Осы айтылғандарды ескере отырып, мынандай тұжырымдар жасауға болады: көне ғасырлардан мұра болып қалған жыраулар поэзиясының көркем дүниелері білім алушылардың, біріншіден, танымдық талғамын кеңейтіп, сөздік қорының молаюына септеседі. Себебі, мұнда олар көнерген сөздер мен олардың мағыналарымен танысады. Екіншіден, риторикалық сұраққа не жыр мағынасына қарай ойыңызды жазыңыз деген тапсырма негізінде сыни ойлау дағдылары қалыптастырады. Мұнда логикалық ойлау қабілеті мен жазылымның машықтарын жаттықтыруға мүмкіндік мол. Үшіншіден, толғау-жырлардан мәндік реңк пен ұйқастық жолдың мәнін күшейту амалы арқылы берілген қайталама негізінде өз ойын құрастыруға арналған тапсырма мен әрі жырдан үзінді жатқа айтуға қатысты тапсырма айтылым дағдыларын дамытады. Білім алушылар қазақ тілінің орфоэпиялық заңдылықтары негізінде дұрыс сөйлеу мен демді дұрыс алуды (техникалық) үйренеді. Тіл мәдениетін оқытуда осы үш қажетті дағдыларды қалыптастырып, дамытуда поэтикалық туындылардың орны ерекше маңызды екендігіне көз жеткіздік.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Бес ғасыр жырлайды: 2 томдық. – Алматы : Жазушы, 1989. – Т.1. – 384 б. – ISBN: 5-605-00358-5 (Т.1); ISBN 5-605-00454-9.

A. Zh. Zekenova

Из практики использования поэтических произведений по дисциплине «Культура речи и деловая риторика»

Университет КАЗГЮУ, г. Астана.
Материал поступил в редакцию 31.05.17.

A. Zh. Zekenova

On the practical use of poetic works in the course of «Culture of speech and business rhetoric» subject teaching

KAZGUU University, Astana.
Material received on 31.05.17.

В статье рассмотрены поэтические произведения и задания к ним, использованные на занятиях по дисциплине «Культура речи и деловая риторика, изучаемой студентами специальности «Юриспруденция» Университета КАЗГЮУ. Выявлено, что художественные произведения, особенно стихосложения жырау помогают в становлении и развитии навыков устной речи, умении писать, критическом мышлении.

This article dwells upon poetic works and the assignments referred to them which have been applied in the course of «Culture of speech and business rhetoric» subject teaching studied by «Jurisprudence» students at KAZGUU University. It was found out that works of art, namely versification of zhyrau, greatly helps to set up and develop the skills of verbal speech as well as writing and critical thinking abilities.

М. А. Ибраев¹, Р. М. Әубәкір²

¹к.ф.н., доцент; ²магистрант, Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар
e-mail: ¹mai232710@gmail.com; ²s011arm@mail.ru

РОЛЬ ИКТ В ФОРМИРОВАНИИ ИНФОРМАЦИОННОГО ОБЩЕСТВА

Статья рассматривает роль и место информационно-коммуникационных технологий в становлении информационного пространства суверенного Казахстана. Особую актуальность теме исследования придает, то, что в нем использованы самые последние источники и стратегические документы в контексте развития ИКТ в Казахстане. Сделан вывод о своевременности выбора углубления социально-экономических реформ казахстанского общества через интенсивное усовершенствование информационно-коммуникационной отрасли в свете Послания Президента РК «Третья модернизация Казахстана: глобальная конкурентоспособность».

Ключевые слова: информационные технологии, инфраструктура, модернизация, информационный ресурс, коммуникационный вектор,

ВВЕДЕНИЕ

В 1997 году была обнародована стратегическая программа «Казахстан-2030» и в декабре этого же года в рамках реализации программы Президентом республики был подписан указ «О формировании единого информационного пространства Республики Казахстан». Затем с интервалов в один год были приняты постановления Правительства «О Концепции единого информационного пространства РК» и «О развитии единого информационного пространства РК». Данные правовые акты стали основой для развития казахстанской информационной среды. С целью развития информационно-коммуникационных технологий (ИКТ) в 2001 году была принята «Государственная программа формирования и развития Национальной информационной инфраструктуры Республики Казахстан». Одна из задач документа – создание и развитие качественного информационного потенциала, отвечающего уровню социально-экономического развития страны;

Безусловная необходимость интеграции с мировым информационным пространством и развитие своего единого информационного пространства

(ЕИП РК) требовала принятия неотложных организационных мер в рамках национальной политики формирования информационной инфраструктуры.

Прежде всего, нужно было создать общенациональную телекоммуникационную сеть страны, позволяющую объединить различные системы и комплексы связи, обеспечить гражданам доступ к соответствующим информационным средствам, обмену информацией в новых форматах и технологиях

ОСНОВНАЯ ЧАСТЬ

В настоящее время в мировом сообществе утвердилось общепринятое понимание термина «единое информационное пространство» – как совокупности баз и банков данных, технологий их введения и использования, информационно-телекоммуникационных систем и сетей, функционирующих на основе единых принципов и по общим правилам, обеспечивающим информационное взаимодействие организаций и граждан, а также удовлетворение их информационных потребностей [1].

Основными задачами государственной политики в сфере формирования информационной инфраструктуры были определены:

- развитие современных отечественных средств ИКТ;
- модернизация и создание новых отечественных производств, средств и систем, телекоммуникационных сетей;
- внедрение спутниковых информационных ресурсов, интеграция с зарубежными информационными системами транснационального масштаба;
- привлечение рыночных механизмов, создание конкурентной среды в области информатизации и телекоммуникаций [2].

Потенциал ИКТ вошел в число государственных приоритетов.

Руководство нашей страны уделяет особое внимание вопросам формирования инфраструктуры как определяющему фактору вхождения Казахстана в мировое информационное пространство на правах равного партнера. И в этом плане имеющиеся тренды говорят о хороших перспективах развития информационных ресурсов и качественного улучшения информационных услуг. Интенсивный рост информационной инфраструктуры – необходимое условие и объективная закономерность, присущая любому развивающемуся обществу, в росте его потребностей в информационном обеспечении.

Появление в начале 90-х годов нового понятия – национальные информационные ресурсы – было обусловлено растущей зависимостью технически развитых стран от потоков информации (экономической, политической, военной, культурной и, конечно же, масс-медиа), а также от уровня развития средств передачи и обработки информации.

Информационный ресурс – единственный на Земле ресурс, который постоянно растет и увеличивается, причем, в геометрической прогрессии, в отличие, скажем, от водных или энергетических ресурсов. Изучение этого феномена плавно перекочевало из дисциплины «Основы информационной культуры» в предмет «Проблемы информационной безопасности». А в контексте процесса глобализации о возрастающей роли радио, телевидения, интернета в жизни мирового сообщества будут говорить еще долго.

Многие специалисты – футурологи (Фукуяма Ф., Белл Д., Тоффлер О. и др), предполагают, что и само столетие будет названо «информационным» [3].

Понимание интенсивности развития всех сфер жизнедеятельности XXI века невозможно вне контекста повсеместного роста и влияния ИКТ. Развитие и становление мирового рынка инфокоммуникационных услуг тесно связано с развитием информационного общества, IT-технологий и процесса информатизации общества.

Если 20-30 лет назад идея информационного общества (ИО) казалось целью далекого будущего, понятием, скорее, абстрактным, то сегодня – это конкретная реальность, объективная модель общественного развития.

Примером тому развитие и стремительно развивающиеся страны Азии, Европы, Америки.

Да, в конце XX века дискуссии специалистами – футурологами о неизбежности ИО носили теоретический характер. В настоящее время вопросы ИО решаются в практической плоскости в разных странах и регионах мира. Информационное влияние в существующих постиндустриальных обществах растет разными темпами, но общие закономерности развития уже выявлены. В таких реалиях именно информационная составляющая, коммуникационные технологии оказывают решающее влияние на развитие всех стран и отдельных регионов.

Различных концепций и теорий по проблемам ИО очень много. Динамика развития стран на любом уровне – от национального до интегрированного в глобальное информационное пространство – ставит новые проблемы. Исследователи осмысливают, коммуникационные и технологические аспекты ИО, проецируя их на отдельно взятый регион (изучая, к примеру, феномен «азиатских тигров») или рассматривая проблему более локально.

Термин «информационное общество» введен в обиход японскими специалистами – группой по научным, техническим и экономическим исследованиям во главе с профессором Токийского технологического института Ю. Хаяши, созданной японским правительством в 1966 году с целью выработки перспектив развития экономики страны. Так они охарактеризовали общество, в котором в больших объемах циркулирует высокая по качеству информация и есть все необходимые возможности

для ее хранения и использования. Интересующая информация быстро распространяется по требованиям заинтересованных людей и организаций и выдается им в удобной для них форме.

Существует и ряд других признаков: это глобальный характер информации; информационные потоки уже не скованы государственными границами и другими барьерами; ограничение свободного распространения информации наносит вред имиджу корпорациям и странам, пытающимся внести такие ограничения; воздействие информации на развитие жизнедеятельности человека неуклонно растет; появляются новые формы занятости; растут трудовые ресурсы, занятые в информационной отрасли.

По мнению А. И. Ракитова, общество считается информационным, если любой индивид, группа лиц, предприятие или организация в любой точке страны и в любое время могут получить за соответствующую плату или бесплатно на основе автоматизированного доступа и систем связи любую информацию и знания, необходимые для их жизнедеятельности и решения личных и социально значимых задач [4].

Глобальное информационное общество формируется локально и в разных странах этот процесс идет с различной степенью интенсивности и особенностями, движение к ИО – это общий тренд как для развитых, так и для развивающихся стран. Каждая страна идет к ИО своим путем в зависимости от исторических, политических, социально-экономических и культурных условий.

Новые техникокоммуникационные средства предопределили невиданные в прошлом возможности воздействия на читателей и слушателей; оперативность и масштабы охвата потенциальной аудитории стали беспредельными. Масс-медиа кардинально поменяли характер взаимоотношений в изменяющемся мире.

Такой феномен как «социальное программирование», уже требует пристального изучения. Исследователи предрекают грядущую эпоху «медиаократии» – власти ИКТ, которые будут не столько отражать и комментировать действительность, сколько интерпретировать и создавать ее по своим лекалам и пожеланиям, подчинять своим целям.

В этой связи видный теоретик информационной науки профессор С. Х. Барлыбаева предупреждает: «Модернизация страны может быть успешной при сохранении обществом своей идентичности в условиях информационной глобализации, что достигается в процессе баланса между внешними и внутренними обстоятельствами, между импульсом извне и внутренним потенциалом общества к совершенствованию. Разработку национальной политики в области информационной и вещательной индустрии можно рассматривать как важный компонент развития страны и вхождения ее в международное информационное пространство» [5].

В стратегическом курсе Казахстана определен свой вектор развития информационного общества и формирования медиа-пространства страны. Есть четкое понимание, что информационные ресурсы становятся все доступней, оперативней, в конкурентной борьбе они используют новые приемы и методы, оказывающие большое воздействие на экономику и общество.

Концепция информационного общества в Казахстане дает четкое видение целей и первоочередных мероприятий по обеспечению общественного развития, намечены конкретные пути их реализации, а продвижение общенациональной информационной политики способствует объединяющим идейным началом страны, где поэтапно модернизируется материально-техническая база информационного общества.

В своем Послании народу Казахстан «Третья модернизация Казахстана: глобальная конкурентоспособность» Президент страны Нурсултан Назарбаев первым приоритетом выделил технологическую составляющую развития экономики.

Развитие казахстанского сектора информационных технологий в контексте переживаемой в мире «Четвертой промышленной революции» становится основой конкурентоспособности государства. «Мы должны культивировать новые индустрии, которые создаются с применением цифровых технологий. Это важная комплексная задача. Необходимо развивать в стране такие перспективные отрасли, как 3D-принтинг, онлайн-торговля, мобильный банкинг, цифровые сервисы, в том числе в здравоохранении и образовании, и другие. Эти индустрии уже поменяли структуру экономик развитых стран и придали новое качество традиционным отраслям. В связи с этим поручаю Правительству разработать и принять отдельную программу «Цифровой Казахстан» [6]. Следует отметить, что этот документ будет разработан еще в ходе выполнения второго этапа государственной программы «Информационный Казахстан-2020». Это еще раз подчеркивает то значение, которое придается ИТ-отрасли на пути вхождения в Казахстан число тридцати самых развитых стран мира.

ВЫВОДЫ

Интенсивное развитие новых информационных и телекоммуникационных технологий придает принципиально новое качество трансграничному информационному обмену и становится движущей силой экономических, социальных изменений в мире. Оно уже оказывает значительное влияние на отношения между странами на мировом уровне. Таким образом, благодаря информационной революции, развернувшейся на фоне процессов глобализации, можно говорить о том, что мир вступает в новую стадию своего развития.

В настоящее время формирование информационного общества происходит под воздействием нового поколения ИКТ в сочетании с процессами глобализации и усиления конкуренции в этой сфере. Компьютеры, интегрированные системы, кабельная, спутниковая, цифровая и другие виды связи, видеоустройства, программное обеспечение, научные исследования с неизбежностью изменяют иерархию общественных ценностей, производство и жизнь.

ИКТ оказывают решающее воздействие на изменения, которые происходят в социальной структуре общества, экономике, духовной жизни.

Информационная субкультура перешла на новый качественный уровень, затрагивая не только корпорации, но и регионы, континенты: Казахстан, реагируя на вызовы времени, сделал информационно-коммуникационный вектор развития приоритетным направлением стратегии модернизации страны: именно уровень информационной среды определяет способность устоять в конкурентной борьбе высокотехнологичного XXI века.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

1 **Сарсенбаев, А.** Новое информационное пространство Республики Казахстан: проблемы и перспективы. – Алматы : Акыл кітабы, – 1998. – С. 3.

2 Государственная программа формирования и развития национальной информационной инфраструктуры Республики Казахстан / Указ Президента РК от 21.11.03 г. № 1232 <http://www.akorda.kz>.

3 **Фукуяма, Ф.** Доверие: Социальные добродетели и путь к процветанию. – 2004.

4 **Ракитов, А. И.** Философия компьютерной революции. – М. : Владос. 1991. – С. 32-33.

5 **Барлыбаева, С. Х.** Перспективы развития информационной индустрии. – Мысль – № 1. – 2014. – С. 27.

6 **Назарбаев, Н. А.** Третья модернизация Казахстана: глобальная конкурентоспособность / Послание Президента РК народу Казахстана [Электронный ресурс]. – <http://www.akorda.kz/ru>.

Материал поступил в редакцию 31.05.17.

М. А. Ыбыраев, Р. М. Әубәкір

Ақпараттық қоғамдағы АКТ-ның қалыптасуындағы рөлі

С. Торайғыров атындағы
Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.
Материал 31.05.17 баспаға түсті.

М. А. Ibrayev, R. M. Aubakir

The role of the ICT in the establishing of the information society

S. Toraighyrov Pavlodar State University, Pavlodar.

Material received on 31.05.17.

Мақалада тәуелсіз Қазақстанның ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың ақпараттық кеңістіктегі қалыптасуын, оның рөлі мен орнын қарастыру көзделген.

Баяндаманың өзектілігінде жаңа шыққан ақпарат көздері мен стратегиялық құжаттар қолданылып, Қазақстандағы ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың контекстік дамуы болып табылады. Уақытылы таңдалған қорытындыға сәйкес тереңдетілген әлеуметтік-экономикалық реформа, мемлекеттің қоғам өміріндегі үдемелі ақпараттық-коммуникациялық өнеркәсіпті жетілдіруге бағытталған, Қазақстан Республикасының Елбасы жолдауында «Қазақстанның үшінші жаңғырыуы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» деп көрсетілген.

The article considers the role of the information communication technology in establishing of the information space in independent Kazakhstan. The relevance of the research is aided by the use of the latest ICT resources and strategic documents in Kazakhstan. A conclusion is made of the timely choice to deepen the social and economic reforms in Kazakhstanian life through intense improvement of the information communication industry in the light of the President's message «The third modernization of Kazakhstan: global competitive society».

А. Т. Ибраева

магистрант, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті,
Павлодар қ.

e-mail: aiko_tarbinovna@mail.ru

ҮШІНШІ МЫҢЖЫЛДЫҚТАҒЫ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ КӨРКЕМДІК ТАҒЫЛЫМЫ

Аталмыш мақалада қазіргі қазақ әдебиетінің даму кезеңдері мен ұлттық таным аспектілері мен көркем характердің сипатталу ерекшеліктері қарастырылады. Көркем әдебиеттегі қаһармандардың суреттелу болмысының көркемдігі анықталады.

Кілтті сөздер: ұлттық дүниетаным, көркем бейне, ұлттық сана, жазушылық шеберлік, тарихи таным.

КІРІСПЕ

Қазақ Елінің Тәу етер Тәуелсіздігімен ұлттық әдебиетіміз жаңа ақын – жазушылардың есімдерімен толықты. Бұлар – азат ойдың иелері. Олар жаңа заман тынысымен тыныстап, қоғамның ұлттық болмысын танытатын, азат елдің өмір – тіршілігін суреттейтін қаламгерлер келді. Олар – Светқали Нұржанов, Жанат Әскербекқызы, Айгүл Кемелбаева, Нұржан Қуантай, Жарас Сәрсек, Бауыржан Бабажанұлы, Әділ Ботпанов, Әмірхан Балқыбек, Думан Рамазан, Маралтай Райымбекұлы, Нұрлан Мәукеұлы, Дидар Амантай, Қуат Бораш, Талғат Ешенұлы, Әділбек Ыбырайымұлы, Дәурен Қуат, Сәкен Сыбанбай, Дәурен Берікқажыұлы, Жанарбек Әшімжан, Әлібек Шегебай, Бақытжан Алдияр, Бақыт Беделхан, Есей Жеңісұлы, Бекжан Әшірбаев, Саят Қамшыгер, Алматы Исаділ секілді талантты ақындар мен жазушылар. Бұлар – тәуелсіздіктің алғашқы он жылдығының жемісі (1991-2001). Дәл осы жылдары еліміздің экономикалық жағдайы да қара халыққа үлкен ауыртпашылық әкелді. Нарық кезеңінде ұлттық әдебиетке алтын көпір болып келіп, аға буыннан әдеби жалғастық сабақтастығын үлкен сеніммен қабылдап алып, тұрмыстық жағдайға қарамай, тіршіліктің мың тірлігімен санаспай, әдебиетке адалдық танытқан бұл қаламгерлер – Қазақ Елінің «өлара» кезеңнің қайсар сарбаздары еді.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Тәуелсіздіктің екінші онжылдығы да осал емес. 2001-2011 жылдар аралығында әдебиет айдынына Ырысбек Дәбей, Дәулеткерей Кәпұлы, Қанағат

Әбілқайыр, Жанар Абсадық, Торғын Тұрлыбаева, Нұрлан Жұмахан, Данияр Саламат, Асхат Жалбағай, Бану Дәулетбаева, Әміржан Әбдіхалықұлы, Алмас Темірбай, Айнұр Әбдірәсілқызы, Бауыржан Халиолла, Қалқаман Сарин, Ақберен Елгезек, Ұларбек Дәлей, Ықылас Ожай, Бауыржан Қарағызұлы, Тоқтарәлі Таңжарық, Бейбіт Сарыбай, Ерлан Жүніс, Дархан Бейсенбек, Ринат Қайыртауұлы, Ергали Бақаш, Мирас Мұқашев, Қанат Әбілқайыр, Мақсат Мәліков, Серікбол Хасан, Нұрлан Құмар, Жандос Байділда, Бақытгүл Бабаш, Мадина Омарова, Аягүл Мантаева, Құралай Омар, Айнұр Шамшейітова, Лира Қоныс, Назира Бердалы, Танакөз Толқынқызы, Асылзат Арыстанбек, Айжан Табаракқызы, Мақпал Мыса, Эльмира Ерікқызы, Индира Кереева, Ерболат Әбікенұлы, Мирас Асан, Алмас Нүсіп, Әлібек Байбол, Арман Әлменбет, Қанат Тілепбергенов, Жеңісбек Кәкенов, Сержан Зәкерұлы, Сағадат Ордашева, Ақерке Асан, Әсем Қоспағарова, Динара Мәлік, Үміт Зұлхарова, Жанат Жаңқашұлы, Қуат Қиықбай, Саян Есжан, Жасұлан Серік, Алтыншапақ Хаутай, Шарафат Жылқыбаева, Ержан Тоқтар, Азамат Тасқара, Олжас Қасым, Қайсар Қауымбек секілді жастар лек-легімен келді. Бұл жастардың кейбірін ғалымдар тұрмақ, оқырмандар да білмейді. Бұл тізімге енбей қалған жастар да болуы заңдылық. Басты себеп: біз де оқырман ретінде оларды әлі оқымадық. Ашығын айтқанда, танымаймыз!

Тәуелсіздіктің үшінші онжылдығының кіндігін кескендер де бар. Олар 2011 жылдан бері әдеби аренаға танылып қалған жасөрендер. Атап айтсақ, Мерген Тоқсанбай, Мақпал Сембай, Мақпал Төребек, Құндыз Жұбаева, Ботакөз Бексары, Салтанат Қожа, Шерхан Талап, Айбол Исламғалиев, Асылан Тілегенов, Батырхан Сәрсенхан, Нұртас Тұрғанбекұлы, Манас Қайыртауұлы, Әлішер Әлімжан, Еламан Хасен, Марғұлан Ақан, Тұрсынбек Башар, Жандарбек Жұмағұлов, Мейіржан Жылқыбай, Серік Қантаев, Алпамыс Файзолла, Жанайдар Болатбекұлы, Жәнібек Қойтай, Ләззат Мақаш, Нұргүл Қалимолда секілді жас қалам иелері. Бұл тізім мұнымен таусылмайды. Әлі де жалғасады. Жалғаса бермек... «Әлімсақтан басталып кіріспесі, ахиретте нүктесі қойылады» (Айбек Қалиев) дегендей, біздің бағзы заманнан басталған әдебиетіміздің өміршең боларын осындай жас толқындардың жыл сайынғы қаулап келіп жатқан лектерінен байқаймыз.

Тәуелсіздік алғаннан бері атамекеніне қандастарымыз келе бастады. Олар – қазақтың байырғы салт-дәстүрі мен тілін, дінін сары майдай сақтаған нағыз қазақы бауырларымыз. Олар – қазақ әдебиетіне үлкен серпіліс әкелді. 1921 жылдан бері КСРО құрамында болған біздің еліміз айналасы жетпіс жылдың ішінде «орыстанып» кеткен еді... Осындай олқылықтарымызды толтырған атамекеніне оралған бауырларымыз! Мысалы, Шүкір Хамай, Абай Мауқарұлы, Құл Керім Елемес, Дәулетбек Байтұрсын, Жәди Шәкенұлы, Есенгүл Кәпқызы, Ақын Алақанұлы, Тоқтарәлі Таңжарық, Ырысбек Дәбей,

Бақытгүл Баймолдақызы секілді қандастарымыздың шығармаларын оқи отырып, байырғы қазақтың мәдениетін, тілін көре аласыз.

Жастардың «Жас толқын», «Жас дәурен» серияларымен «Жалын», «Жазушы» баспасынан жарыққа шыққан поэзиялық, прозалық кітаптарын түгелдей болмаса да, сексен пайызын оқып, тауыстық. Есімдері елге таныла қоймаса да ұлт атынан өмірдің мазмұнын шебер суреттейтін ақындар мен жазушылар бар. Араларында өздерінің шығармашылық шеберліктерімен сәтті танылып жүргендері декездеседі. Идея, сюжет болғанымен, тілдік тұрғыдан ақсайтындары да бар. Бәрін өте жақсы демесек те, кейбір шығармалары сәтсіздікке ұшырағандары да бар. Оған әдебиеттік көркемдік талдау жасап, сыни тұрғыдан зерделеу бүгінгі сыншылар мен оқырмандардың еншісінде.

Солардың ішінде тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында қызықты қысқа сөжетті шығармаларымен таныс болған, өзінің шығармашылық ерекшеліктері бар біраз жазушылардың шығармаларына тоқталып көрейік. Мысалы, жазушы Айгүл Кемелбаеваның «Жетінші құрлыққа саяхат» атты повесі, Бейбіт Сарыбайдың «Рауғаш ерте гүлдейді», «Қараторғай» хикаялары балалар әдебиеті оқулығына еруге әбден тұрарлық еңбектер. Дидар Амантайдың «Гүлдер мен кітаптары», «Шайтан мен шайыры», Жанарбек Әшімжаннның өлеңдері және тағы басқа ақын-жазушылардың туындылары да ЖОО студенттеріне арналған «Қазіргі қазақ әдебиеті (Тәуелсіздік кезеңі)» оқу құралы мен хрестоматиясына, тіпті мектеп оқулығына енгізсек артық болмайды. Өйткені аталмыш шығармаларда қазақ халқының мінез – құлқы, ұлттық болмысы, өмірдегі қам – қарекеті осы заманғы қоғам әлектінің психологиясымен танылады.

XX ғасырды көбіне былай жіктейміз: 1) 1917-1940 жж 2) 1940-1960 жж 3) 1960-1990 жж. Бірінші кезеңге Б. Кенжебаевтың, Ө. Әбдіманұлының «XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті» оқу құралын пайдаланамыз. Екінші кезең – соғыс жылдарындағы қазақ әдебиеті. (С. Қирабаев, С. Мақырұлы, Т. Сыдықов т.б. ғалымдардың зерттеулерін басшылыққа аламыз). Үшінші кезең – өркендеу кезеңі. (Профессор Ж. Ә. Аймұхамбеттің оқу құралы сәйкес келеді).

Негізі әдебиеттанудың өзекті мәселелерімен айналысатын бас мекеме – М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты. ҚР Білім және ғылым министрлігі болашақ «әдебиетші» мамандарға жандары ашыса, оқу бағдарламасы, оқу құралын реттестіру шараларын осы институттың құзырына берсе дұрыс болар еді. Біздің ойымызша, Тәуелсіздік кезеңдегі қазақ әдебиетінің даму кезеңдерін былайша жіктегеніміз дұрыс болар.

1 Тәуелсіздіктің алғашқы он жылдығындағы қазақ әдебиеті (1991-2001).

2 2001-2011 жылдардағы қазақ әдебиеті

3 2011-2020 жылдардағы қазақ әдебиеті.

Болашақта осы аталмыш кезеңдер бойынша қазақ әдебиетінің проза, поэзия, драма т.б. жанрларының дамып өркендеуіндегі жетістіктеріне баға бере отырып, оның оқылым, таралым, танылым саясатын мейлінше жақсартып отыруымыз қажет.

Қазіргі таңда көптеген мүшайралар мен әдеби байқаулар жиі өтуде. Бұны – әдебиет үшін жасалған жақсылық, жазушы үшін қамқорлық деп ұғыну керек! Мысалы, жас қаламгерлерге арналған «Алтын қалам», «Аңсар», балалар әдебиетін қолдауға арналған «Дарабоз», «Балауса», «Жауқазын» байқаулары секілді әдеби бәйгелердің санын да арттыру керек! Қазір – жаһандану дәуірі. Жаһандануға қарсы тұратын антивирус – әдебиет! Осындай жаңа технологиялар дамып жатқан кезеңде әдебиетті насихаттауға, жазушыларды қолдауға арналған «Әдебиет порталы» интернет жобасы – қаламгердің шығармашылығын танытуда жақсы қызмет жасап жатыр.

Қазір әдеби сынды айту мен жазу да үлкен әдеби білімділікті, көркемдік танымды қажет етеді. Себебі әдеби сыншылардың бағасы арқылы көркем шығарманың жазылу ерекшелігін танимыз. Өткен ғасырдағы көркем шығармаларды, әдеби құбылыстарды осы әдеби сынның шын болуы арқылы, әдеби пікірлердің тың шынайы талқыланып жариялануы арқылы танып біліп жаттық.

«Әдебиет порталы» – тұтас бір одақтың қызметін ғаламтор арқылы атқарып жатқанын айта кеткеніміз артық болмас. Оны өздеріңіз көріп-біліп отырсыздар. Ақиқатында, қаламгерлерді мемлекет қамқорлығына алу керек! Жағдай жасалса ғана әдебиет өркендейді, дамиды.

«...Уақыт қарқыны зымыран. Күні кеше өткен сияқты уақиғалар бүгінде тарих беттеріне айналып та үлгірді. Бұл жаңа мемлекет пен жаңа қоғамның дүниеге келуінің азапты толғаққа толы, сонымен бірге ғаламат сәті еді. Сол сәт әлі аяқталған жоқ, бірақ ең қиын белестерден аса білдік. Ең қиын жылдар дәл қазір артымызда қалды, сондықтан да мен еліміздің еңсесі биіктей беретініне сенемін...», – деп Елбасы Н. Ә. Назарбаев айтқандай, көркем әдебиеттің басты құралы – тарих тағылымы, қоғамдағы адам келбеті, оның дүниетанымы.

Еліміздің сан ғасырлық тарихында мақтаныш тұтар, бүгінгіміз бен келешегіміз үшін ғибрат алар, кеудемізге қиналғанда үміт отын жағар оқиғалар мен Отан алдындағы адал қызметінен үлгі алар ұлы тұлғалар аз болмаған. Олардың қатарына: қазақтың ұлт болып ұйысуы мен оның ұлан ғайыр ата-қонысының (этникалық территориясын) қалыптасуын; ұлттық мемлекеттігіміздің бастауы – Қазақ хандығының құрылуы мен дамуын; өзі отырған тағы емес, билеп отырған халқының бағын ойлап, жау қолына тойтарыс берген хандар мен оларға ел мен мемлекет тұрғысынан ақыл-кеңес берген, кемшілікті айта білген ұлы билер дәстүрлерін; ата-бабаларымыздың елімізге, халқымызға тән өзіндік шаруашылық жүргізу жүйесін қалыптастыруын,

таңғажайып этномәдени үлгілерін жасау арқылы әлемдік өркениетке қосқан алып үлесін, батырларымыздың жер мен ел тәуелсіздігі мен ата-қоныс тұтастығын сыртқы, тіпті қала берді ішкі жаулардан қорғаған үлгісін жатқызуға болады. Алла Тағала біздің елімізге осыншама кең жерді нәсіп еткенін түсінуге ұмтылсақ, ұшқан құстың қанаты талатын осынау ұлан ғайыр Алтай мен Атырау аралығын ата-бабаларымыз ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен қорғап келген. Ата жауымыз болған сан жылдық қарсылас жоңғарлардан даламызды арашалап қалған батырлардың ерлігі туралы дәстүрлі тарихи жырлар Исатай, Махамбетке байланысты мұралар, Ресей патшасының отарлау саясатына қарсы көтерілген ұлт-азаттық қозғалыстың басты кейіпкерлері туралы жыр-дастандар біздің ұлттық сана-сезімімізді көтереді.

Азаттық қазақтың ежелгі арманы еді. Түлкі бұлаң тарихтың нешеме бұрылысында ел азаттығы үшін талай тарланның тақымындағы тер кеппеді. Ат үстінде өткен ғасырлар көп болды. Қазақтың соңғы ханы Кенесары азаттық үшін күресте айрықша қылыш сермеді. Қаша ұрыс салып жүргенде қапы кетті. Ханның басы қанжығада кете барды. . . Ата дініміз ислам болғандықтан, мұсылмандық сабырлықпен, ұстамдылықпен соғысқан Кенесары жауынгерлері әуелі «Алла» деп, содан кейін «Абылай», «Ақжолтай» деп, өз ерлерінің қадірін бағалай біліп, ұранға айналдырғаны мәлім. Әуақтарын ұран қылғанда ол есімдерге Алланың ерекше нұры түскенін мойындап, сол арқылы сол кезде қажет рухани күштің әсерін сезінгендері белгілі. Бізге бүгін қажет жігерліктің, батырлықтың, біліктіліктің, адалдықтың, Отансүйгіштіктің мысалдары өткен тарихи оқиғаларымызда жатыр. Ел басына күн туғанда даналығымен, батырлығымен, парасаттылығымен ел мұңын, халық сырын, тарих үнін түсіне білген, халықтың басын қосқан, халық мүддесі жолында, табандылығында, тапқырлығын да таныта білген хан Абылай Қазақ халқының күшін тасытты, мәртебесін көтерді, Қазақ елін аса іргелі елге айналдырды. Батырларын, елін сүйген ерлерін, ақын-жырау өнерпаздарын достық – бірлікте ұстап, оларды жүзге бөліп жармады. Жауын торғайдай тоздырып, тарыдай шашып, ірімшіктей іріткен, қоқандап қоңқылдаған Қоқанмен де, қалың кара Қытаймен де, ормандай орыспен де тіл табысқан бабамыздың даналығының арқасында, осы біз өмір сүріп отырған аяулы Отан – Ұлы Дала мекені сол бабалардың сақтап қалған, бізге қалдырған асыл мұрасы екені сөзсіз.

Айдын шалқар, күміс сулы бұлағым, Жасыл – желек ат көрінбес құрағым. Мыңғырған мал даласында жайылған, Бабалардың болған сондай тұрағы. Бұхар, Қоқан бұл байлыққа қызықты, Орыс патша арам ойлы бұзықты. Қорған салып, жерін алып, қуса өзін, Сонда көрген сорлы Қазақ шыжықты. Қазақта жер қалмады патша алмаған, Елін, жерін, малын тегіс жалмаған. «Қойға тиген қасқырдай» боп қазақтың, Отаршылдық қыр соңынан қалмаған. . . Халық басына осындай қиын-қыстау заман зары туған шақта, Қазақ қауымының бас көтерген

батыр да ержүрек перзенттері елдің елдігін, ердің ерлігін сақтап қалды. Абай, Шоқан, Ыбырай дәуірін қылыштан гөрі қаламның қуатты екенін дәлелдейді.

XIX ғасырдың соңы XX ғасырдың басын ала бере тарих сахнасына қазақтың оқығандары шықты. Ол кезде Отанымызда кеңестік кезең орнаған еді. XX ғасырдың 20-жылдарының екінші жартысында күшейген Сталиндік әміршіл-әкімшіл жүйе қоғамның тарихи заңдылықтарына қайшы келетін эксперименттер жасағанын бірінші кезекте айтар едік. Олар бүкіл КСРО-ны, оның ішінде Қазақстанды да қамтыды. Бұл сынақтардың басты бағыттары мынадай болды: ауыл шаруашылығын күштеп ұжымдастыру және соның негізінде байлар мен ауқатты шаруаларды тап ретінде жою; аса тез қарқынмен елді индустрияландыру (бұл шара негізінен колхоздарға зорлап кіргізілген шаруаларды аяусыз қанау есебінен жүргізілді); мәдени-рухани салада, демографиялық саясатта, ұлт мәселесінде жергілікті (ұлт аймақтарындағы) халықтарды орыстандыру; қоғамдық саяси өмірдің негізгі салаларында тек қана коммунистік идеологиялық үстемдігін орнату. Осылардан туындайтын және басқа да ірілі-ұсақты шаралар болды. Тоталитарлық тәртіп жүзеге асырған халыққа жат саясат аса зор, қасіретті зардаптар әкелді: жаппай отаршылдықтың салдарынан Қазақ халқының жартысына жуығы қырылды; өзінің атамекенінен басқа елдерге ауа көшті, тіл мен діл, дін мен ұлттық сезім, таным жойыла бастады; қазақ халқы өз жерінде ұлттық азшылыққа айналды.

Ахмет, Әлихан, Міржақып, Мағжан, Мұстафа, Смағұлдар алаш туы астында ел болуға, мемлекет құруға шақырды. Сұлтанмахмұттың «Өлер жерден кеттік біз, бұл заманға жеттік біз» деп жапанға жар салатын кезінде ұлт зиялылары не істеу керек, қайтеміз, қалай ел боламыз? – деп ойын он саққа, қиялын қырық саққа жүгіртті еді. Сонда Әлихан Бөкейхан «Автономия, бізге керегі – автономия!» деп қайта-қайта шырылдап, телеграмма салумен болды. Сондағы ойы «мемлекет құрып алайық, мемлекетіміз болса, қалғанының бәрі болады» деген асыл арман-ды. Қазақ автономиясын жариялағанда алаштың арыстары «міне, ел болдық, еркіндік өз қолымызға тиді» деп бөркін аспанға атты. Алайда, бұл қуаныш ұзаққа бармады. Қазақтың еркіндігінен қорыққан қызыл империя көсемдері алаш туы астына бірікендердің бәрін біртіндеп құртты. Ең алдымен Жүсіпбек Аймауытовты атты. Қалғандарын, қияндағы Шәкәрімнен бастап қаладағы Қазақ оқығандарын түгел қырды. Мұстафа Шоқай шетел асты. . . Алашорда партиясына мүше болғандардан жалғыз Мұхтар Әуезов қана аман қалды. . . Алаш деген сөзді тарихи санадан өшіру әрекеті басталды. Дүниедегі ең жек көрінішті сөзге айналдыруға тырысушылардың «енбегі» зая кеткен жоқ. Өлі күнге дейін кейбіреулер алаш дегенде селк ете қалады. . . Қазақтың өз билігі өз еркінен кеткен соң кара халықты қалай қорлаймыз деп қызыл империя аса қиналған жоқ. . . 1932-1933-тің ашаршылығы қолдан жасалды. . . 1936-1937-нің қырғыны әдейі

істелді. 1937-1938 жылдары яғни, бір жылдың ішінде 125 мың Қазақ зиялысы қырылған. Жоғары білімді қазақтың бетке ұстайтын азаматтарының бар кінәсі – көзі ашық болғаны, өз ұлтының намыс-сезімін жақтағандары ғана.

Бүгінгі ұлттық сана-сезіміміздің құны осыншама құрбандықпен келгенін есте сақтағанымыз жөн болар еді. Осы асыл азаматтардың үзілген жас, қыршын өмірлері, орындалмаған үміттері, армандары бізге аманат сияқты болып көрінеді. «Мен үшін Отаным адал солдат болудан артық бақыт жоқ», – деп Ислам Жеменей айтқандай, Отан қорғау жолында 1941-45-ші жылдары ең көп қырылған Қазақ солдаттары еді. Ұлы Отан соғысына Қазақстаннан 1 миллион 196 мың адам қару асынып, майданға аттанды. 700 мың адам еңбек армиясының сапында болды. Соғыстан тек 410 мың Қазақстандық жауынгер ғана оралды. Осыншама нәубеттің ішіндегі ең сұмдығы – 1949 жылдан Қазақ халқы атом полигондарының сынағына тасталды. Қазақ қоян құрлы болған жоқ. XX ғасырда дүние жүзіндегі бір де бір ел Қазақ көрген азапты көрген жоқ. Қазақ Елі – ядролық қарудың қасіретін әлем бойынша ең көп тартқан ел. Оның талай ғасырға жететін тарихын қозғасақ, бабалардың басынан кешкенін көзге елестетсек, көздің жасын тия алмаспыз. Атом сынағынан аман өттік, бұл заманға да жеттік.

ҚОРЫТЫНДЫ

құрылымдарды жатқызады. Б. Б. Фортуно өзінің зерттеуінде Редекердің дискурсивті маркерге берген анықтамасын қарастырады: «...a word or phrase that is uttered with the primary function of bringing to the listener's attention a particular kind of linkage of the upcoming utterance with the immediate discourse context. An utterance in this definition is an intonationally and structurally bounded, usually clausal unit», яғни айтылғалы тұрған сөйленімнің дискурстық контекстпен байланысын тыңдаушының назарына ұсынатын маңызды қызметі бар сөз немесе сөз тіркесі. Бұл анықтамадағы сөйленім интонациялық және құрылымдық жағынан байланысқан, әдетте клаудық бірлік [10, б. 61].

Д. Шиффрин өзінің «Discourse markers» деген кітабында дискурсивті маркерлердің функциясының «add to discourse coherence» (дискурстық байланыс) түзудегі рөлін қарастырды. Сонымен қатар дискурсивті маркерлердің ұйымдастырудан басқа, семантикалық және прагматикалық мағынасын да зерттеді [11, б. 326]. Дәріс ауызша академиялық дискурс жанры болғандықтан, оның берілуі жазбаша түріне қарағанда осы дискурсивті маркерлер, сонымен қатар сөз байланыстыратын жалғаулықтардың қолданылуын қажет етеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта келгенде, дәрістің ауызша академиялық дискурстың жанры болып қалыптасуы үшін оның стилі, құрылымы мен жоғарыда аталып өткен дискурсты байланыстыру, ұйымдастыру және бөліп көрсету үшін қолданылатын дискурсивті маркерлердің рөлі айқын. Дәрістің осы қасиеттерін әртүрлі түрде өзіне тән ерекшеліктері мен ұқсастықтары болады. Көптеген зерттеушілер дәрісте қолданылатын дискурсивті маркерлердің екі тілдегі қолданысын салыстырмалы-салғастырмалы түрде қарастырып, олардың арасындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды анықтап, ерекшеліктерін ашып көрсетеді. Мысалы, Б. Б. Фортуно ағылшын тілі мен испан тілінде оқылатын дәрістердің ерекшеліктерін анықтаса, Мартин дель Позо ағылшын тілінде дәрістердің құрылымы мен ондағы дискурсивті маркерлердің ағылшын тілі екінші тілі болып табылатын студенттерге жеткізілу кезінде тыңдалым арқылы түсінудегі рөлін қарастырады. Біздің зерттеуімізде қазақ тілі мен үштұғырлы тіл саясаты талап ететін ағылшын тіліндегі дәрістерді, олардың өзгешеліктері мен ұқсастықтарын анықтау келесі зерттеу жұмысымыздың мақсаты болып табылады.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Луцинская, О. В. Обучение студентов неязыкового вуза иноязычному профессиональному общению на основе дискурсного подхода //

Академический дискурс и дискурсивный подход в преподавании иностранных языков. – Минск : БГУ, 2015. – С. 56-58.

2 **Арутюнова, Н. Д.** Дискурс // Лингвистический энциклопедический словарь. – М., 1940. – 136 с.

3 **Карасик, В. И.** О типах дискурса [Электронный ресурс]. – URL: <http://rus-lang.isu.ru/education/discipline/philology/disrurs/material/material2>.

4 **Бурмакина, Н. Г.** Дискурсивно-интегративные и культурно-конвенциальные характеристики академической коммуникации: дис ... канд филол. наук.: 10.02.19. – Красноярск, 2014. – 217 с.

5 **Rezerova, N., Chubarova, Yu.** Discourse elements in English academic discourse // Journal of language and education. – 2016. – №1. – P. 56-64. [Electronic resource]. – URL: <http://old-ojs.hse.ru/index.php/jle/article/view/22877>.

6 **Зубкова, Я. В.** Конститутивные признаки академического дискурса // Известия ВГПУ. – 2009. – № 5. С. 28-32.

7 **Martín del Pozo, M. Á.** Discourse markers and lecture structure: their role in listening comprehension and EMI lecturer training // Language Value. – 2016. – V. 8. – № 1. – P. 26-48.

8 Академический дискурс и дискурсивный подход в преподавании иностранных языков. – Минск : БГУ, 2015. – 96 с.

9 **Fortanet Gomez, I., Belles Fortuno, B.** Spoken academic discourse: an approach to research on lectures // Volumen Monograico. – 2005. – P. 161-178 [Electronic resource]. – URL: http://www.academia.edu/4358590/Spoken_Academic_Discourse_An_approach_to_research_on_lectures.

10 **Belles Fortuno, B.** Academic discourse markers: A contrastive analysis of the discourse marker then in English and Spanish lectures // Verbeia. Revista de estudios filológico. – 2016. – № 1. – P. 57-78.

11 **Schiffrin, D.** Discourse markers. Cambridge: Cambridge University Press, 1987. – P. 364.

12 **Belles Fortuno, B.** Discourse markers within the university lecture genre: a contrastive study between Spanish and North-American lectures: PhD dissertation. – Castellion, 2006. – 333 p.

Материал поступил в редакцию 31.05.17.

Г. Н. Искакова

Лекция как жанр академического дискурса

Казахский национальный университет
имени аль-Фараби, г. Алматы.

Материал 31.05.17 баспаға түсті.

G. N. Iskakova

Lecture as a genre of academic discourse

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty.

Material received on 31.05.17.

В статье автор анализирует дефиниции понятий дискурса и академического дискурса, который является видом институционального дискурса. Рассматривая стиль, структуру и дискурсивные маркеры лекции, выявляет их роль и функции в формировании лекции как основного жанра академического дискурса.

In the given article the author analyzes the definitions given to the notion of discourse and academic discourse that is a type of institutional discourse. Considering style, structure and discourse markers of lecture there is revealed their role and functions in the formation of lecture as a genre of academic discourse.

УДК 81'276.11

G. K. Ismagulova¹, M. S. Kulakhmetova²

¹candidate of philology science, professor, Kostanay State Pedagogical Institute, Kostanay; ²candidate of philology science, associate professor, S. Toraihyrov Pavlodar State University, Pavlodar
e-mail: ¹Gulnar.ism@mail.ru; ²mira67@rambler.ru

IDIOMS WITH SUBORDINATE AND COORDINATING STRUCTURES

English and Russian languages are rich in idiomatic expressions that are part of phraseological units. It is an important fact that not only the lexical meaning is essential in the comparison of idioms in English and Russian. Grammatical features affect the translation of phraseology that is discussed in this article.

Keywords: idiomatic expressions, phraseological units, subordinate structure, coordinating structure.

INTRODUCTION

The phraseology of language is a subject of special attention of linguists of the different countries on an extent all last century. Idiomatic phraseological

expressions – one of the most specific sides of the language, which comparative studying represents huge scientific interest and demands, respectively, specific approach of research.

Relevance of research of idiomatic expressions in comparative aspect in modern English and Russian languages is caused by more and more keen interest to phraseology as the phraseology already transfer long ago from the periphery with a lexicology to the central situation and represents an invaluable and richest source of preservation of national features and reflection of active cross-cultural communications in their language manifestation. The description of criteria of allocation of idiomatic expressions from all of a number of PU as brightest and concentrated owners of all signs of phraseology allows carrying out their classification that, undoubtedly, is a necessary condition for deeper studying of idiomatic of language.

The goal of this analysis is comparative research of idiomatic expressions by means of carrying out the structural, semantic-thematic grammatical features analysis of this type of phraseological units in modern English and Russian languages.

Nominative phraseological unites include phrasems, in other words – idioms of a word-group type and expressions with a structure of a subordinate clause, both – with defining word and without it, possessing nominative value. In English nominative phraseological unites according to structural-semantic approach are subdivided into some subclasses.

Subclass A.

Closed and completely reconceived nominative phraseological unites-idioms with constant dependence of their components have following structural types:

Idioms with subordinate structure

Substantive idioms with subordinate structure are represented by several types of syntactic forms:

Prepositional and nominal formations, i.e. combination of a noun with a pre-positive attribute (or without them) by means of pre-positional sentence subordinative interconnection. The following prepositions are used for this purpose: about, among, at, before, behind, between, for, from, in, of, on, out of, to, with, within, without.

Haven't seen any of your folks for a month of Sundays [1, p.45]. – Не видела ваших родственников целую вечность.

There's always room at the top and people like you and me ought to help each other [2, p.70]. – Место на Олимпе всегда найдется, и такие люди, как вы и я, должны помогать друг другу.

The combination of adjective (participle I or participle II) and a noun is observed in unmodeled expressions with uniting emphasis and separate writing, having lexical variants or structural synonyms:

I suppose I must have sounded a bit like a stuffed shirt. I do sometimes, I suppose [3, p.69]. – Должно быть, я выглядел как надутый индюк. Полагаю, со мной это иногда происходит.

The wind is quite strong and there are white horses at sea [3, p. 85]. – Ветер довольно сильный, и по морю бегут белые барашки.

Slow-coach – тугодум.

Combination of a noun, adjective and a verb in infinitive.

The week before Lady Weatherby had given a large party and neither she nor Henry had been invited. It had been a bitter pill for Alice to swallow, she had always prided herself on being particularly close to Eleanor Weatherby [4, p. 120]. – На прошлой неделе леди Ветербай устраивала вечер, куда ни Эллис, ни Генри не были приглашены. Это оказалось горькой пилюлей для Эллис, поскольку она всегда гордилась тем, что была особенно дружна с Элеонор Ветербай.

Combination of a noun and a verb in infinitive form.

I asked: «What did he want?» and Ann said: «A shoulder to cry on». «Bill wanted to pour out his heart,» she said [5, p. 71]. – Я спросил «Что ему нужно?» Анна ответила: «Поплакаться в жилетку». Потом добавила: «Биллу нужно излить душу».

Also there is a small number of substantive idiomatic expressions with the subordinative structure, being used only in a negative form.

«You will agree with me that he is not everybody's money». «There may be something in what you say, sir» [6, p. 21]. – «Вы же согласитесь со мной, что он не совсем по вкусу», – «Наверное, в том, что вы говорите, сэр, действительно что-то есть».

He said he could find other girls – she was the only fish in the sea. She was only a kid... not old enough to realize she wasn't the only pebble on the beach [5, p. 80]. – Он сказал, что может найти себе других девушек – на ней свет клином не сошелся. Она же была еще совсем ребенком и не понимает, что у него таких хоть пруд пруди.

Adjective idiomatic expressions with subordinative structure are presented by the following models:

The Adjective comparisons incorporating the paired conjunction as... as. Comparisons are always two-component structures where the first component usually is variable with direct or figurative sense, and the second is presented by a lexeme or a combination of lexemes with figurative reconsideration. Components are combined by means of conjunction as ... as, thus in some cases, in so-called elliptic sentences (the answer to a question, for example), the first part of the conjunction can be omitted. Idioms are represented by the comparative structures, which second component isn't motivated, however the number of such comparisons in English is limited.

Nothing seemed to put her out. She was always as merry as a grig [7, p. 194]. – Ничто не выводило ее из себя. Она всегда была весела.

You gave me books to read. But I couldn't read them: they are as dull as ditch water [8, p. 83]. – Ты давал книги мне почитать. Я не смог их прочесть, это же тоска смертная.

...She's been describing his symptoms to me, and the case is as plain as a pikestaff: bad blood poisoning [7, p. 41]. – Она описывала мне его симптомы, и было ясно как дважды два – четыре, что это отравление.

He was as dead as a doornail. [9, p. 27]. – Он не подавал никаких признаков жизни.

Combination of an adjective, preposition and a noun, and also similar combinations beginning with a preposition. The quantity of expressions of this structural type in English limited.

He enjoyed his trip and arrived in the pink and has been full of beans ever since! [10, p. 247]. – Путешествие ему очень понравилось, он приехал в отличном настроении и полный энергии.

Adverbial idiomatic expressions with subordinative structure are presented by the following models:

1) adverbial comparisons – phraseological unite is in a postposition or in a preposition to a verb;

2) comparative phrasemes, beginning with the conjunctions like, as if, this type of phraseological unites is the most figurative and those from them which have no options treat idioms;

3) adverbial idiomatic expressions with subordinative structure can be represented by double-peak and three-peak intensifiers with a structure of a subordinate clause. In a form it is fixed subordinate clauses.

In English there are four intensifiers of this kind: two double-peak – as you please, as they come and two three-peak – as the day is long, as they make them. All these expressions are intensifiers of adjectives and, as a rule, strengthen the meaning of a word to which they relate to, instead of specifying it. These expressions are translated into Russian by various words, the meaning generality of which consists in specifying the rarity, exclusiveness of any phenomenon, value strengthening. All these intensifiers are exposed to full expressional reconsideration, their value is complete, intensifying and demotivated.

Tom Orbell was as clever as they come [11, p. 16]. – Том Орбелл на редкость умён.

This man Howard was as stupid as they come [11, p. 194]. – Этот человек Хорвард – дурак, каких мало.

He smiled at me as cheery as you please [5, p. 31]. – Он улыбнулся мне исключительно приветливо.

He's straight and honest as they make 'em [12, p. 73]. – Он на удивление прямолинейный и честный.

Verbal idiomatic expressions with subordinative structure in English are presented by verbal phraseological unites of non-comperative character.

He knew ... that the Athelnys lived from hand to mouth, and with their large family had neither space nor money to entertain a stranger [13, p. 96]. – Ему было известно, что семья Афелии перебивается с хлеба на квас, и с учетом того, что их семья большая у них не было ни лишнего места, ни денег принимать у себя посторонних.

He was a man of his word and would always help a lame dos over a stile. – Он был человек – слово и всегда выручит из беды.

My note, as the saying goes, drew blood [11, p. 10]. – Моё замечание, как говорится, задело его за живое.

«You're a philosopher, Mr. Black». «No, no. I just know enough not to start kicking against the pricks» [3, p. 30]. – «Вы – философ, мистер Блек». «Нет, нет. Я просто не лезу на рожон».

I hope you weren't talking shop. I hate talking shop [14, p. 49]. – Я надеюсь, вы не говорили о работе. Я ненавижу говорить об этом.

Verbal phraseological unites can express the object, object and circumstantial relations which are structurally represented by several constructions:

1) the combination of a verb with a noun where the noun can have prepositional or aches post-positional modifiers.

If you made a fool of yourself you must eat a humble pie. Your wife doesn't strike as a sort as women to bear malice [13, p. 97]. – Если вы сами сделали из себя посмешище, вам придется проглотить обиду. Ваша жена не из тех женщин, которые таят злобу в себе.

They can't bear any one who cries stinking fish, whatever his object. – Она не могла смириться ни с одним, кто по любому поводу выносил сор из избы.

– Дай огню. Старик закурил, поглядел на солнце, застрявшее по ту сторону коряги [15, p. 12].

2) The number of verbal phraseological unites with prepositions in English is also big:

In her kittenish moods, which she cultivated with a strange lack of sense of congruity, she liked to throw out hints about kicking over the traces [16, p. 36]. – В игривом настроении, которое возникло у нее в результате странного отсутствия чувства гармонии, она любила бросаться намеками, пускаясь во все тяжкие.

It isn't easy to get a place there for a foreigner, but I've put out some feelers [17, p. 34]. – Для иностранца там трудно приобрести участок, но я всё же пушу пробный шарик.

Now, you tell Perry I want to talk with him, he's sitting on a volcano [17, p. 97]. – Теперь ты скажешь Пери, что я хочу поговорить с ним, он словно сидит на пороховой бочке.

For English is characterized by existence of such verbal phraseological combinations which represent one of structural types of idiomatic expressions. Phraseological combinations are usually characterized by existence of direct meaning of the expression, describing, for example, gestures or movements. As a result of loss of direct meaning the phraseological combination is considered as idiomatic expression. For example:

Hagward welcomed a subject in which hard facts used not to disconcert him: when feeling is the gauge you can snap your fingers at logic, and when your logic is weak that is very agreeable [18, p. 53]. – Хогвард переёл разговор на тему, в которой упрямые факты не смущали бы его – о чувствах, которые словно таксометр противоречат логике, и о том, что когда почти нет логики – очень удобно.

Morton had charm. I had no doubt that in a day or two he would find his feet [18, p. 120]. – Мортон был обаятелен, и я не сомневался, что через пару дней он встанет на ноги.

Idioms with coordinating structure

Substantive idioms with coordinating structure in English fall into two groups: two-membered, consisting of two components and poly-membered, consisting of three and more components. Two-membered and poly-membered substantive idiomatic expressions are characterized by the existence of different types of coordinating links:

Connecting and coordinating link usually combines the components of two-membered idiomatic expressions:

a) In the pair-synonymous expressions, where as a result of loss of distinction between synonyms as a part of phraseological unites, the decreasing of lexical meaning is observed. For example:

«Married life is not all beer and skittles, I don't mind telling you!» [16, p. 11]. – «Жизнь прожить в браке – не поле перейти, не мне говорить вам об этом»

In the ebb and flow of world events even the great figure seemed small [15, p. 86]. – В калейдоскопе происходящих в мире событий даже крупная фигура кажется незначительной.

b) In substantive phrasems, which components belong to the same part of speech (an exception – enough and spare), components of idiomatic expressions can be expressed in singular or plural, thus the number in which the components of idiomatic expressions is set, is fixed.

Both components are in singular:

He could convey and spread a sense of ease and good nature and give and take among all [12, p. 30]. – Где бы он не появлялся, повсюду воцарялась атмосфера непринужденности, добродушия и начинался обмен любезностями.

Both components are in plural:

But it's only natural, isn't it, to want to hear the ins and outs a case like this [3, p. 98]. – Это ведь естественно, не правда ли, хотеть узнать все тонкости этого вопроса.

First component is in plural, second – in singular:

There was a feeling... that in very truth the time for cakes and ale in this world was all over. It was this feeling that made a residence in Ireland at that period so very sad [19, p. 44]. – Казалось, что суть истины в том, что время для веселья в этом мире закончилось. Именно это ощущение в тот период сделало проживание в Ирландии невыносимо грустным.

c) In the phrasems which components aren't linked under meaning out of this expression:

Will you ask for money when we divorce? Jack said, grinning. An arm and a leg, Carlotta said. In that case. Jack said, I suppose we'd better stay married [8, p. 75]. – «Ты будешь просить деньги, если мы разведемся?» – с усмешкой спросил Джек. «Бешенную сумму», - ответила Карлотта.

«В таком случае, нам лучше не разводиться», заметил Джек.

d) In the phrasems which include two and more proper names:

But don't think... that I am genial ass that can be worked by every Tom, Dick and Harry [12, p. 30]. – Но не думай, что я полный осёл, которым может помыкать первый встречный.

Connecting and adversative link is observed in paired antonymous phrasems or in phrasems with the components opposed to each other:

With many ups and downs – he was after six months in sight of his goal [4, p. 124]. – Шесть месяцев взлётов и падений приближали его к цели.

Components of substantive idiom can enter the cause and effect relations in which the first component indicates the reason, the second – the consequence:

«I congratulate you,» he heard the doctor say, «It was touch and go» [15, p. 56]. – «Поздравляю Вас» – он услышал слова доктора, – «вы были на волоске от опасности».

Adjective expressions with coordinating structure aren't formed on structural-semantic model, and they are steady formations with the reconsidered meaning. Among the adjective of phraseological unites with coordinating structure two-membered expressions prevail, and phraseological unites with more difficult structure, according to L. V. Kunin are rather exceptions:

I said, «Bertha is unduly economical at times. She's penny wise and pound foolish» [17, p. 45]. – Я ответил: «Берта временами чрезмерно экономна. Экономна в мелочах и расточительна в крупном».

For adjective phraseological unites with coordinating structure in English the variability of components isn't common, that allows to consider them as idiomatic expressions. Syntactic links at full reconsideration of adjective expressions are usually weakened.

Connecting link is traced in the adjective idiomatic expressions, that have paired synonyms in their structure, and also in idioms where components belong to rather close semantic sphere;

The girl sneered. «Oh, him! He was a-braggin. High and mighty» [19, p. 66]. – «О, нет! Он был хвастуном, всесильный и всемогущий».

A man's got to keep himself alive and kicking or where would his business be? [20, p. 91] – Человек должен быть цел и невредим, иначе что будет с его делом?

Connecting and adversative link is observed in idiom, that has paired antonyms in its structure:

Don't be absurd, Darsley... You can't expect a fellow to look very spick and span after two days on the island [20, p. 94]. – Не будь смешон, Дарсли... Не стоит думать, что парнишка будет выглядеть с иголочки после двух дней, проведенных на острове.

In adjective idioms with coordinating structure we can find connecting-separating link:

You see, I'm not at all romantic... I'm just a common or garden business man [18, p. 19]. – Как видишь, я далеко не романтик... Я самый обыкновенный деловой человек.

Adverbial idiomatic expressions with coordinating structure in English are presented by two-component and poly-component phraseological unites which can be introduced by a preposition or without preposition:

Two-component non prepositional idioms:

I lived in France for ten years, off and on [21, p. 30]. – Я прожил во Франции с перерывами десять лет.

It's her mania – getting stout, she fights it tooth and nail [15, p. 156]. – Вбив себе в голову, что она полнеет, она изо всех сил пытается бороться с этим.

... When he went home, he argued it back and forth in his own mind until he fell asleep [11, p. 94]. – Когда он возвращается домой, он снова и снова прокручивал это в голове, пока не уснул.

Two-component idioms, introduced by preposition:

They were caught in the constantly narrowing space between hammer and anvil [10, p. 100]. – Пространство, в котором они оказались, становилось всё уже и уже. Они чувствовали себя словно между молотом и наковальней.

The money came in dribs and drabs [10, p. 100]. – Деньги поступали по крохам.

Poly-component adverbial idioms consist of three or more components and could be introduced by a preposition or to be non-prepositional:

I did not realize till you swallowed Horst's flattery, hook, lint and sinker, that you needed an anchor more than I [22, p. 74]. – Я не понимал, что тебе надежда нужна больше, чем мне, пока ты не проглотил лесьт Хорста целиком и полностью.

He's between the devil and the deep sea, as it strikes me [16, p. 20]. – Меня поразило, что он находится в безвыходном положении (между двух огней).

Components of the adverbial phraseological unites can be connected by the following types of coordinating links. Connecting and coordinating link is met in the pair-synonymous idioms, in phraseological unites, which components belong to the close semantic sphere:

The sun rose in leaps and bounds, jerking itself upward as though it were in a great hurry to rise above the tops of the pines [17, p. 40]. – Солнце стремительно поднималось, как будто оно спешило возвыситься над соснами.

Yet, over and above the desire to criticize was the desire to understand why Mako had accepted Lanny's dismissal of them so meekly [16, p. 98]. – К тому же, помимо желания раскритиковать, было желание понять, почему Мака с таким смирением принял увольнение Ленни.

He is hand and glove with the vicar [3, p. 130]. – Он находится в дружеских отношениях с приходским священником.

Connecting and coordinating link also are very common for idioms, that components are not connected under the meaning out of the considered expression:

Realizing... that she was now left high and dry without a penny, Reina appeared to be shuttled between fear and rage. [11, p.93] – Понимая, что она осталась на мели, без единого пени в кармане, Рейна испытывала то ярость, то страх.

Connecting and adversative link is observed in adverbial phraseological unites, beginning with the preposition between:

It'll give me a chance to show what I can do, and between you and me and the gate-post, I think I can do a great deal [12, p. 40]. – У меня появится шанс показать, на что я способен и, между нами говоря, думаю, что у меня все получится.

Separating-coordinating link is specific for such idiomatic expressions, that, as a rule, express the circumstances under which the action is carried on:

The moment he told me he was a bachelor I made up my mind that by hook or by crook I was going to marry him [12, p. 101]. – В тот момент, когда он сказал, что он-холостяк, я решила всеми правдами и неправдами выйти за него замуж.

I have a job which brings in thirty dollars a week, rain or shine [10, p. 40]. – У меня появилась работа за тридцать долларов в неделю при любых обстоятельствах.

Verbal idiomatic expressions with coordinating structure in English usually consist of two components and are characterized by a constant dependence of their components and full figurative reconsideration. This type of phraseological verbal phrasemes is stipulated by two types of coordinating links – connecting and coordinating link and separating and coordinating.

Synonyms are united by connecting and coordinating link, which are a part of idiomatic expression, thus they lose the semantic distinctions:

«What does this mean?» Ma said. «Answer me, Morris Stroup!» Pa hemmed and hawed for a while, trying to think of something to say [17, p. 52]. – «Что это значит?» – спросила мама. «Отвечай, Моррис Струп!» – промямлил отец, некоторое время колебался, что же сказать.

In some verbal idioms with connecting and coordinating link the components are not synonyms:

I'll let go your arm – and then cut and run for your life! [23, p. 97] – Я отпусти твою руку, и тогда вы бегите со всех ног навсегда!

By means of separating and coordinating link a number of verbal phraseological unites, a small amount in English is presented:

We've got to sink or swim together, and somehow or other we're going to swim [3, p. 19]. – Мы должны быть вместе, пан или провал, мы победим.

By that character his play would stand or fall [7, p. 4]. – С этим персонажем пьеса будет иметь или полный провал, или успех.

It should be noted that verbal phraseological unites with coordinating structure and characterized by form changing of a verbal component that is shown in a verb, that possesses a certain number of tenses, voices.

CONCLUSION

Thus, we analysed the idiomatic expressions of English and Russian languages correlated to the sentence. In our classification of the idiom with a structure of the sentence are allocated from the total amount of nominative phraseological unites on the basis that only some proverbs and, even in more degree, sayings are a source of replenishment of idiomatic of English and Russian languages.

So, having considered structural features of idiomatic expressions in English and Russian languages on a material of examples from the Russian and foreign fiction, we came to the following conclusions.

The idiom isn't just simple combination of words: the unity of idiomatic meaning is expressed in impossibility of its separating into components so that one of lexical components could realize individual nominative meaning, possible for it in usual (out of this combination) use, without modification of idiom meaning.

It is important to note that components of idioms, being words by their form, don't possess signs of words in function. And therefore they can't be considered as separate meaning elements, but only as jointly realizing the meaning elements, representing one complete nominative unit. In this regard it should be noted that the idiomatic expression, realizing its nominative function, in the sentence carries out a certain syntactic role, thereby defines its grammatical correlation.

In English we can observe more or less accurate structural classification of idioms which covers, first of all, closed completely reconsidered nominative phraseological unites. Components of idiomatic expressions can be connected by means of coordinating or subordinative link. Considering structural features of the idioms which are grammatically correlated to the phrase, in English and Russian languages all idioms can be subdivided into substantive, verbal, adverbial, adjective and interjection.

REFERENCES

- 1 **Cusak, D.** Say no to death. – М. : The Higher School Publishing House, 1994.
- 2 **Smollett, T.** Humphry Clinker. – М. : Wordsworth Classics, 1991.
- 3 **Christie, A.** Selected Detective Stories. – М. : Manager, 2000.
- 4 **Collins, W.** The woman in white. - Moscow: Penguin popular classics, 1992.
- 5 Grimm Grimms' Fairy Tales. – М. : Penguin classics, 1995.
- 6 **Wilson, C.** The mind parasites. – М. : Penguin popular classics, 1992.
- 7 **Maugham, V. S.** Moon and sixpence. – М. : Менеджер, 1998.
- 8 **Shaw, B.** The Comedies. – М. : Progress, 1991.
- 9 **Goldsmith, O.** The Vicar of Wakefield. – М. : Wordsworth Classics. -1996.
- 10 **Poe, E. A.** Selected Tales. – М. : Penguin popular classics, 2001.
- 11 **Shelley, M.** The last man. – М. : Wordsworth Classics, 1996.
- 12 **Dreiser, T.** A gallery of women. – М., Higher School, 1991.
- 13 **Maugham, W. S.** Theatre. – М. : Менеджер, 4-е изд., 2000.
- 14 **Austen, J.** Pride and prejudice. – М. : Wordsworth Classics, 1996.
- 15 **Galsworthy, J.** A modern comedy. Book I. – The white monkey. – М. : Progress, 1996.
- 16 **Abrahams, P.** The path of thunderstorm. – М. : Higher School, 1984.
- 17 **Chesterton, G. K.** Theater Brown Stories. – М. : Penguin popular classics, 1995.
- 18 Classical English short stories 1930-1955 / selected and introduced by Derek Hudson. - Oxford New York, 1990.
- 19 **Steinback, J.** The winter of our discontent. – М. : Progress, 1986.
- 20 **Priestly, J. B.** Dangerous Corner. – М. : Penguin popular classics, 1995.
- 21 **Shaw, B.** The Comedies. – М. : Progress, 1991.

Material received on 31.05.17.

Г. К. Исмагулова¹, М. С. Кулахметова²**Құрылымдарға бағынатын және үйлестіру фразеологизмдері**¹Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты, Қостанай қ.;²С. Торайғыров атындағы

Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.

Материал 31.05.17 баспаға түсті.

Г. К. Исмагулова¹, М. С. Кулахметова²**Идиомы с подчинительной и согласующейся структурой**¹Қостанайский Государственный

Педагогический Институт, г. Костанай;

²Павлодарский государственный университет

имени С. Торайгырова, г. Павлодар.

Материал поступил в редакцию 31.05.17.

Фразеологизмдердің бір бөлігі болып идиоматикалық сөйлемшелеріне ағылшын мен орыс тілдері бай болып табылады. Салыстырмалы талдауда тек лексикалық мазмұны ғана мыңызды деп саналмайды. Яғни, идиомдардың грамматикалық ерекшеліктері фразеологизмдерге әсер ету проблемалары осы мақалада қарастырылады.

Английский и русский языки богаты идиоматическими выражениями, которые являются частью фразеологизмов. Сравнивая идиомы в английском и русском языках важен факт, что лексическое значение имеет существенное значение. В данной статье обсуждается проблема влияния грамматических особенностей на фразеологизмы при их переводе.

А. А. Көшекova

ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор м.а., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ.

e-mail: koshekova71@mail.ru

ҚАЗАҚ ШЕШЕНДІГІНІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Бұл мақалада қазақ хандығының құрылуы, өркендеуі, дамуы, шешендіктің өнердің ауызша және жазбаша түрлері кеңінен сөз болып, шешендіктің белгілі уақыт шеңберімен шектелмейтіндігі дәлелденген. Шешен сөздердің авторларын анықтап, түркі халықтарына ортақ шешен сөздер талданған. «Түгел сөздің түбі бір, туп атасы Майқы би» мен Аяз би шешендігі сөз болады.

Кілтті сөздер: Қазақ хандығы, шешендік өнер, фольклорлық мұра, толғау.

КІРІСПЕ

Қазақ хандығы 1457 жылы Керей мен Жәнібек сұлтандар қол астындағы ру-тайпалармен Шу өңіріне келіп қоныстанған кезден бастап құрылды. Бұл оқиға жөнінде тарихшы Мұхаммед Хайдар Дулати «Тарих-и-Рашиди» атты еңбегінде: «Ол кезде Дешті Қыпшақты Әбілхайыр хан биледі. Ол Жошы әулетінен шыққан сұлтандарға күн көрсетпеді. Нәтижесінде Жәнібек хан мен Керей Моғолстанға көшіп барды. Есенбұға хан оларды құшақ жая қарсы алып, Моғолстанның батыс шегіндегі Шу мен Қозыбас аймақтарын берді. Олар барып орналасқан соң, Әбілхайыр хан дүние салды да, өзбек ұлысының шаңырағы шайқалды. Ірі-ірі шиеленістер басталды. Оның үлкен бөлігі Керей хан, Жәнібек ханға көшіп кетті. Сөйтіп, олардың маңына жиналғандардың саны 200 мыңға жетті. Оларды өзбектер – «қазақтар» деп атады. Қазақ сұлтандары 870 жылдары (1465-1466) билей бастады...» деген мәліметтер береді [1].

Әбілқайыр ханға наразы сұлтандар, әмірлер, ру-тайпа басылары өз руларымен бірге Керей мен Жәнібекке келіп қосылады. 1458 жылдың көктемінде Керейді ақ киізге көтеріп хан сайлайды. Аз уақыттың ішінде қазақ хандығының халқының саны 200 мыңнан асып кетеді. Бұдан соң ұзақ жылдарға созылған қазақ хандығының территориясын кеңейту, бүкіл қазақ ру-тайпаларын бір мемлекетке біріктіру үдерісі басталады. Қасым хан, Хақназар хан, Тәуекел хан, Тәуке хандар қазақ мемлекеттілігін нығайту, жерін кеңейту процестерінде орасан зор рөл атқарады.

Әрине, қазақ хандығы әр замандарда Қазақстанның территориясында өмір сүрген түркі тайпалары құрған әрқилы мемлекеттік құрылымдардың мұрагері екені белгілі. Қазақ халқы осы аумақты мекендеген түркі тайпаларынан, басқа да этникалық топтардан пайда болды.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Қазақ шешендік өнері де, қазақ халқының қалыптасуымен, оның қоғамдық-әлеуметтік өмірінің, тілінің, ауызша және жазбаша әдебиетінің дамуымен тікелей байланысты болды. «Қазақ шешендік өнерінің жалпы шешендік өнерден өзіндік ерекшеліктері бар. Ең алдымен, қазақ шешендерінің сөздері ауызекі айтылып, ауызша таралған, қағазда емес, халық жадында сақталған. Сондықтан да олар бастапқы қалпында емес, бізге, кейінгі ұрпаққа ұзын-ұрғасы, үзік-жұрнағы ғана жеткен, олардың өзі де ауыздан-ауызға ауыса жүріп, өңдеу-жөндеуге ұшыраған, әлденеше ұрпақтың, талай таптың санасынан, сарабынан өткен, сөйгіп, қысқарып, ұстарып, жалпы халық шығармасына айналған...» деп жазады Б. Адамбаев [2, 41].

Дегенмен, қазақ шешендігінің қазақ халқының этногенезіне қатысқан ежелгі сақ, ғұндардан, одан соңғы түркі тайпаларынан бастау алатынын да ескеру қажет. Қазақ хандығының тұсында, одан соң қазақтар Ресей Империясының құрамында болған кезеңде халқымыздың шешендік өнерінің көп бөлігі ауызша жасалды. Бірақ, біздің шешендік өнеріміз тек ауызша түрде болған жоқ және билер шешендігімен шектеліп қалған жоқ. Кеңес заманында, одан соңғы еліміз тәуелсіздік алған дәуірде халқымыздың шешендік өнері негізінен жазбаша дамыды, тіпті, бейне немесе дыбыс жазуға да түсірілді. Шешендік өнеріміз тоқырап қалған жоқ, керісінше үнемі өсіп-өркендеп, дамып келеді. Мысалы, Айтақынның Жібекпен айтысындағы әзіл-қалжың тудыру үшін шетел терминдерін өте сәтті пайдаланған жырды қазіргі шешендіктің өзіндік бір үлгісі деуге болады:

Өркениетке жетем деп,
 Болыпты цивилизация...
 Ауылдан жаппай көштік деп,
 Атандық урбанизация...
 Бірігіп бәрін шештік деп,
 Болдық қой глобализация.
 Осының бәрін меңгерген,
 Құшынастай емделген
 Бұл қазақ қандай нация? [3]

Сондықтан, қазақ шешендігін белгілі бір уақыт шеңберімен шектемей, оны біздің жерімізде адам қоғамы пайда болған кезде өмірге келіп, үнемі дамып өркендеп келе жатқан, алдағы кезде де жалғаса беретін үздіксіз процесс деп қарау керек.

Соған қарамастан, ықылым заманнан бергі алдыңғы түркі, одан соңғы қазақ шешендік сөздерінің басым бөлігі ауызша жасалып, ауыздан-ауызға тарағаны да тарихи шындық. Әрине, біздің халқымыз ежелден көшпелі халық болғандықтан көне заманнан бері ауызекі түрде жасалған шешендік сөздердің басым бөлігі хатқа түспей із-түзсіз жойылап кетті де, бізге азғанасы ғана жетті. Бірақ, сол жеткен мұраның өзі өте мол, өте құнды дүние. 2004 жылдан бері баспадан шығып келе жатқан «Бабалар сөзі» жүзтомдық сериясында тек қана фольклорлық мұралар қамтылған екен. Ғалымдар авторлық ауыз әдебиет үлгілерін кейін жеке қарастырамыз деп шешім қабылдапты. Себебі, бұл серияны жобалау кезінде сирек қорларда жинақталған фольклорлық туындылардан ғана жүз том дайындауға болатындығы анықталған. Осыншама көп қазынаның бәрі алдағы кезде әдебиет немесе тіл білімі бойынша ғана емес, шешендік ғылымы тұрғысынан да талданып, тиісті қорытындылар жасалады деп ойлаймыз.

Тағы бір ескеретін жәйт, егер шешендік дегенді айтыс-тартыс, билік айту, жер-дауын ел дауын шешу сияқты шеңберде ғана қарастырмасақ, бұдан бөлек, адамның өз ойын шұрайлы тілмен әрлеп, әдемілеп жеткізуін, сөзден кесте тоқуын да шешендік өнердің бір саласы деп мойындасақ, қазақтың көркем сөзін, ауызша және жазбаша әдебиетінің көп үлгілерін шешендік тұрғысынан зерттеп-зерделеу қажеттігі туындайды. Айталық, Қазтуған шешеннің өзіне арнаған мына мадақ жырының қазақ шешендік сөзінің асыл жауһары екені даусыз:

Бұдырайған екі шекелі,
 Мұздай үлкен көбелі,
 Қары ұнымы сұлтандайын жүрісті,
 Адырнасы шәй жібек оққа кірісті,
 Айдаса – қойдың көсемі,
 Сөйлесе – қызыл тілдің шешені,
 Ұстаса – қашағанның ұзын құрығы,
 Қалайылаған қасты орданың сырығы,
 Билер отты би соңы,
 Би ұлының кенжесі,
 Буыршының бұта шайнар азуы,
 Бидайықтың көл жайқаған жалғызы,
 Бұлыт болған айды ашқан,
 Мұнар болған күнді ашқан,
 Мұсылман мен кәуірдің
 Арасын өтіп бұзып дінді ашқан
 Сүйінішұлы Қазтуған!

Қазақ шешендігінің ежелгі сақ, ғұн дәуірлерінен, руна жазуларынан бастау алғанын өткен тарауларда атап өттік. Ал, халық ауыз әдебиетіндегі шешендік үлгілері туралы айтар болсақ, хатқа түспегендіктен оның ең көне үлгілерінің қайсы дәуірге жататынын тап басып айту қиын. «Шешендік сөздердің қайсысы қай уақытта шығып, қалай қалыптасқанын кесіп-пішіп айту қиын. Алайда, біз білетін қазақ шешендерінің атасы – Жиренше. Ел аузында сақталған шешендік сөздердің ең көнесі де – Жиренше есімімен байланысты» деп жазады Б. Адамбаев [4, 9]. Бұдан бөлек ғалым Жиренше, Қарашаш, Алдаркөсе, Қожанасыр сияқты есімі шешендік сөздермен байланысты аталатын қаһармандардың жиынтық образдар екенін атап өтеді.

Кей жағдайларда ауыз әдебиетінде айтылатын шешендік сөздердің авторларын, нақты қайсы адамның айтқанын анықтау да оңай емес. Бұл туралы ауыз әдебиеті шығармаларын жинап, зерттеген С. Сейфуллин былай деп жазады: «Пәлен бидің сөзі екен деген сөздің көбін осы бидің өз жанынан шығарған сөзі деп бекіте айту қиын. Өйткені бір бидің сөзін екінші би жатқа алып өзінікі қылып айта берген. Осы күні бір рудан «пәлен би айтқан екен» деген сөздерді тексеріп келсең, ол биден талай жыл бұрын басқа бір би айтқан сөз болып шығады» [5, 144].

Ғалым Б. Абылқасымов біздің шешендеріміз айтатын толғаулардың туысқан түркі халықтарда да кейде сол күйі айтылатынын атап көрсетеді. Мысалы, мына қазақ толғауы мен башқұр кобайыры сөзбе-сөз дерлік сәйкес келіп тұр:

Асқар таудың өлгені –	Бейек таузын улгене –
Басын мұнар шалғаны.	Башын мунар алғаны.
Ай мен күннің өлгені –	Ай мен кондон улгене –
Еңкейіп барып батқаны.	Тоннороп байып барғаны.
Қара жердің өлгені –	Қара ерзен улгене –
Қар астында қалғаны.	Қар астында қалғаны [6, 82].

Б. Абылқасымов: «Қазақтарда «Бұл заманда не ғарып?» деген өлең жолымен басталатын толғаулардың бірнеше мәтіндері бар. Солардың Асан қайғы айтыпты деген бір толғауы қырғыздардың бір санатымен сөзбе-сөз дерліктей сәйкес келеді» дейді де, олардың мәтінін келтіреді:

Замандасы болмаса,	Қаз ордоғу болбосо,
Қариялар болат тез ғарып,	Айдын шалқар кол қарып.
Қадырын жеңге білмесе,	Эл жайылып конбосо,
Бойға жеткен қыз ғарып,	Бетегелуу бел қарып.
Ел жағалай конбаса,	Ақылдаш жене болбосо,
Бетегелі бел ғарып,	Бойго жеткен қыз қарып,
Қаз-үйрегі болмаса,	Курбалдашы болбосо,
Айдын шалқар көл ғарып.	Карыя болор тез қарып [6, 81].

Мұнда тек толғаудың жолдары ғана орындары ауысып тұр. Түркі халықтары шешендігін салыстыра отырып, зерттейтін болсақ мұндай үлгілерді көптеп кездестіретін едік. Түбі бір түркі болғандықтан бұл түсінікті де. Осындай себептерге орай қазақ шешендігін талдап, зерттеген кездері туыстас түркі халықтарының да шешендік үлгілерімен салыстырып отыру керек сияқты.

Түп дерегі белгісіз, кейде фольклорлық қаһармандарға телініп қойылатын шешендік сөздермен бірге, қайсы бидің, қайсы шешеннің қай кездері айтқанына дейін белгілі шешендік үлгілері де көп. Айтушысы белгілі ең көне шешендік сөздер қазақта Майқы бидің есімімен байланысты. «Түгел сөздің түбі бір, түп атасы Майқы би» дейтінұлағат осы жәйтті әйгілеп тұрғандай. Ұлы ақын Абай Майқы биді Шыңғысты хан көтеруге қатысқан он екі бидің бірі дейді. Көне шежірелерді бажайласақ Майқы би Шыңғыс заманында өмір сүрген, ханның сенімді кеңесшілерінің бірі болған. Әділ билік жүргізгені үшін, болашақты болжай білетін көріпкел адам болғаны үшін халық оны әулие деп таныған.

Бір аңыздарда ноғайлар көшіп кеткеннен кейін, Ормамбет би қайтыс болған соң, Майқы би қазақтардың басын қосып, халықты үш жүзге бөлген екен дейді. Майқы би өз заманандағы барлық билердің көш басшысы, бүкіл түркі тектес халықтардың бас биі болғанға ұқсайды. Сондықтан да оны түрік тектес елдер, әсіресе, татар, башқұрт, қарақалпақ, өзбек халықтары бас биіміз деп санаған. Майқы би айтыпты дейтін сөздердің бірсыпырасы терең мағыналы болғандықтан да ел арасында мақал-мәтелге айналып кеткен. Майқы би айтқан:

Әлі заман өзгерер,
Өзгергенін көз көрер.
Еркек билік тұл болар,
Сиыр пұл болар.
Еркек жасып и болар,
Қатын тұлданып би болар... [7, 16].

– деген сөздерден оның алысты болжайтын көріпкел, әулиелегі аңғарылады. Майқы бидің толғауларында қазақ халқына тән ұлттық мінез-құлық, адамдардың жақсы, жаман қасиеттері сөз болып, елдің ауыз бірлігі, бақ-дәулетті өмір сүруі мәселелері жырланады.

Қазақ халқының тағы бір ардақты тұлғасы әділ биі, шешені, ақылгөй абызы Аяз би Жаманұлының (шамамен XII-XIII ғасыр) ғұмырнамасы туралы әрқилы деректер бар. Қазыбек бек Тауасарұлы өзінің «Түп-тұқияннан өзіме дейін» атты кітабында Аяз биді және оның серігі Құмырсқа батырды «Майқы би дәуірінде өмір сүрген, Майқы Мәнұлының он жағында отыратын сенімді ақылгөй билер еді», деп жазады. Ғалым Б. Адамбайұлы өзінің «Алтын сандық» атты кітабында «Аяз би де тарихи адам. Ол қырық жылдай Хиуа

ханының қойын жайған, сауатты, білімді кісі болған. Хиуа хандығының шежіресін жазып жүргенін біліп, хан өзіне уәзір етіп алған. Кейін Аяз би Хиуаға хан болған» деген мәліметтер береді.

Аяз бидің есімімен байланысты айтылатын ертегіде елу жасына дейін әркімнің қойын бағып жүрген бір жаман адам өзінің ақылының арқасында елдегі ең сұлу қызға үйленіп, ақыр аяғында сол елді басқаратын хан болады. Ертегі былай аяқталады: «Елі отыз күн ойын, қырық күн тойын қылып, Жаманды ақ киізге салып, хан көтерді. «Жаман таққа мінген соң, ешбір соғыссыз, бес хандықтың қонысын біріктіріп, ел арасында достық орнатыпты», – дейді. Әр ханның адамдары өз елінен әділдік таппаса, бұған келіп, қосыла беріпті. Сол уақыттан бастап әділдігі үшін бес ханның елі Жаманға: «Аяз би» деп ат қойып, сол аты өле-өлгенше қалды дейді. Аяз би әділ болды. Тура билік етті нашарларға қарасты. Баяғы өзінің жыртық тоны мен жаман тымағын ордасының мандайшасына шегелеп қойды. Кейде хандықпен көңілі ауытқып, тура жолдан таяйын десе, шегелеулі тоны мен тымағына қарап: «Ай, Аяз, баймын деп аспа, ханмын деп таспа! Аяз әліңді біл, құмырсқа жолыңды біл!» – деп, көңілін басушы еді дейді».

ҚОРЫТЫНДЫ

Бұл ертегінің ең басты идеясы – жарық дүниедегі ең бағалы, ең қадірлі нәрсе ақыл-парасат, білім мен білік, ақылды болсаң барлық аңсаған мұратыңа жетесің дегенді дәлелдеу. Ертегідегі тағы бір айтылған үлкен ой – елді басқаратын хан өте ақыл-парасатты, шешен болуы, ел-жұртты соғыссыз біріктіріп, достық орнатуы тиіс, өзі қара қылды қып жарған әділ, нашар жандарға қарасатын қайырымды болуы тиіс. Ол ешқашан менсенсіп, асып-тасып кетпеуі керек, қара халықпен тең, кішіпейіл болуы керек. Бұл образды идеалды қазақ ханының бейнесі деуге болады. Байқап қарасақ, «Аяз би» ертегісінде үлкен ой, терең мән жатыр. Оның тәрбиелік мәні де өте зор.

Жоғарыда айтқанымыздай қазақ шешендік өнері әлі де терең зерттеуді, зерделеуді қажет ететін ұшан-теңіз ұлы мұра. «XIII-XIX ғасырлар арасында ғұмыр кешіп, билік айтқан, артына аталы сөздер қалдырған шешен-билер көп-ақ. Зерттеушілердің қаламына іліккен атақтыларының саны 150-ден асады, жинастырылып, зерттелмей қалғандары қаншама!» деп жазады Г. Қосымова [8, 110]. Шешендік сөз бен адамның ақыл-ойының, парасатының астасып, бірлесіп, біге қайнап жататыны белгілі – ақылсыз, өресі тар, білімсіз жаннан шешен сөз де, көсем сөз де шықпайды. Сондықтан, ойын көркем тілімен кестелей білген шешендігімен аты шыққан көшпенділердің қай заманда да ақыл-парасаты кемел, ойы терең болған.

Халқымыздың шешендік өнеріне тағы бір тән қасиет – қазақ шешендігінің адамды таң қалдырып, тәнті ететін ерекшелігі – қарсыласын

уытты сөзімен, қисынды уәжбен, бұлтартпас дәлелдермен тізе бүктіре білуінде ғана емес, қас қағым сәтте айтатын ойын өлеңге, жырға айналдырып, ұтымды ұйқас құрап, қысқа да, нұсқа тез жатталатын толғау, жыр түрінде айта білуінде. Көне антикалық дәуірде де поэзиялық шығармалар арқылы қоғамдық мәселелерді көтеруге тырысушылықтың болғанын білеміз.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Қазақ хандығының құрылуы. Қазақ хандығы. XV-XVII ғ. Ортағасырлық Қазақстан. Қазақстан тарихы. «Қазақстан тарихы» порталы. [Электрондық ресурс]. – <http://e-history.kz/kz/contents/view/507>.

2 Большой энциклопедический словарь (БЭС). – 41 с.

3 **Сыздық, Р. С.** Айтыс – ауызша әдеби сөздің ерекше түрі. <http://www.tbi.kz/pages/kyzmetkerler/galymninjekeparakshsasy/syzdyk.html>.

4 Қазақтың шешендік сөздері: құрастырған, толықтырған, өндеген Балтабай Адамбаев. – Алматы : «Ана тілі» баспасы, 2006. – 9 б.

5 «Қазақ әдебиеті». 4 қаңтар. – 144 б.

6 **Абылкасимов, Б. Ш.** Жанр толғау в казахской устной поэзии. – Алматы : Наука, 1984. – 81-82 с.

7 **Торекүлұлы, Н.** Қазақтың 100 би-шешені. – Алматы, 1995. – 16 б.

8 **Варзонин, Ю. Н.** Политическая риторика и политическая лингвистика: предпосылки и пути развития. – Тверь : Тверской государственный университет. – 110 с.

Материал 31.05.17 баспаға түсті.

А. А. Көшекбаева

Некоторые проблемы казахского ораторского искусства

Казахский государственный женский педагогический университет, г. Алматы.
Материал поступил в редакцию 31.05.17.

A. A. Koshekova

Some problems of Kazakh oratorical art

Kazakh State Women's Teacher Training University, Almaty.
Material received on 31.05.17.

В этой статье рассматриваются создание Казахского ханства, возникновение, процветание и дальнейшее развитие казахского ораторского искусства. Ораторское искусство определяется как

вид устного народного творчества и выявляются особенности и типологические свойства устного и письменного народного творчества. Анализируется ораторское наследие Майки би и Асан би.

This article discusses the creation of the Kazakh Khanate, emergence, prosperity and further development of the Kazakh oratorical art. Elocution is defined as a type of oral national creativity and identifying characteristics and typological properties of oral and written folklore. Examines the oratorical legacy Maiki bi bi and Asanas.

ӘОЖ 80:74.01/.09

Қ. Т. Қаирбаева

ф.ғ.к., доцент, Астана медицина университеті, Астана қ.
e-mail: adon70@mail.ru

«БАҚЫТ» КОНЦЕПТІСІНІҢ ТАНЫМДЫҚ СИПАТЫ

Бұл мақалада автор «бақыт» концептісінің танымдық сипатын тіл деректері негізінде ашып көрсетеді.

Кілтті сөздер: қазақ мәдениеті, ұлттық дүниетаным, ұлттық құндылықтар, ұлттық рух, концепт.

КІРІСПЕ

Бар халық осы әлемді қабылдайды, бірақ оны әртүрлі елестетеді. Бұл орайда ол тілде көрініс табады. Демек, тіл – таным бәйтерегі. Сондықтан ол қаншалықты мәуелі болса, ғалам моделі ұлт санасында соншалықты дамыған болып есептеледі. Ал ғалам бейнесі дегеніміз не? Г. Гачев барлық халыққа тән құндылықтар (өмір, нан, жарық, баспана, отбасы, сөз, өлен) әртүрлі қарым-қатынаста орын алады, бұл – барлық халықтарға тән айрықша құрылым ұлттық бейнені, қысқаша түрдегі – ғалам бейнесін құрайтындығын негіздейді. Ал философ әрі лингвист Г. В. Колшанский ғалам бейнесіне жеке танымды, белгілі бір табиғи құбылысқа қатысты жағдай, эстетикалық құндылықтарды ақиндайтын шексіз тұрмыс көріністерін жатқызады. Яғни ғалам бейнесі адамның әлемді тануының өзегі болып табылады. Әртүрлі тілдерде ғалам бейнесі өзгеріп отырады. Осылайша, ғаламның тілдік бейнесі арқылы «әлемді тіл арқылы танудың» түрлілігі туралы шешімге келуге болады. Бұл орайда лингвистика Гумбольдтың тілді әлемді шарлайтын дөңгелек ретінде қолдану жөніндегі айырықша ой-пікірін негізге алады. Бұл орайда ғаламның

тілдік бейнесін зерттеу бағытындағы ізденістер ұлттық сипатқа ие жеке концептілерді қарастырумен сипатталады. Соның бірі – «бақыт» концептісі.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Бақыт деген не, осы өмірде адамдардың бақытты, бақытсыз болуы неге байланысты деген сауалдарға қай заманда да, қай халық та жауап табуға ұмтылған. Бұл – бүкіл адамзатты толғандыратын және әр кезеңдегі аға ұрпақтың да, жас буынның да өз көзқарасын білдіріп, соны пікір саралайтын мәңгілік көкейтесті мәселесі. Оның шешуін табуға деген ұмтылыс «бақыт» ұғымына сәйкес жүз түрлі анықтама мен теориялық тұжырымдарды алға тартты [1, 13].

Сан ғасырлар бойы «бақытқа» ұмтылған әр халық осы жолда қандай қиындықтарға тап болса да, ұрпағының бақытты болуын аңсап, өмір жолының өткелсіздігін тілеген. «Адам ұрпағымен мың жасайды» деп түйіндеген халқымыз мың жылдық ғұмырында қашан да бақыт құсының мәңгілік баяндылығын арман еткен. Осы үміт, осы тілек өмірдің мәнін арттырып, «құс ұшуға, адам бақытты болуға жаралған» деп, бақытты болуға ұмтылдырған.

Бақыт мәселесін қазақ мәдениетіне, рухани дәстүрлері мен ұлттық психологиялық ерекшеліктеріне, өзіндік тағдыры, тарихи ғұмырына сәйкес қарастыру, басқа халықтардан өзгешелігін емес, оның бақыт төңірегіндегі өзіне тән, тамыры тереңге кеткен ұлттық көзқарасын тану болып табылады. Мұның өзі жалпыадамзаттық сипат пен әр ұлттың рухани байлығын, сол арқылы өзіндік болмысын айқындауға жол ашады. Жалпы алғанда, осы арқылы жалпыадамзаттық болмыстағы ұлттық және ұлттық болмыстағы жалпыадамзаттық сипатты көрсету мүмкіндігі туады [1, 13].

Бақыттың кілтін табуға деген ұмтылыс сонау ықылым заманнан бері адамның көңіл түкпірінен орын алып, белгісіз сапарларға аяқ бастырған (ертегі кейіпкерінің бақыт құсын іздеуге жолға шығуы, бақ іздеді т.б.). «Ұлттық дүниетанымда бармақтай ғана «бақ» адамның өмір бойы бақытты болуына жеткілікті: «Бармақтай бақ берсін» деген тілек осыны көрсетеді» [2, 18].

Қазақ менталитеті, дәстүрлі ұлттық құндылықтар, халықтың сан ғасырлық рухани-адамгершілік тәжірибесі осы «бақыт» ұғымының аясында ажарлана түседі. «Тіл дегеніміз – ұлттық рух» деген В. Ф. Гумбольдт тұжырымына сүйене келе, «бақыт» концептісінен ұлттық рух болмысын, халықтың жан қалауын терең тануға болады. Бұл орайда концепт – әлем туралы жүйелі білімнің жеке тұлға тарапынан шындықтағы нысана туралы білетін, елестететін, ойлайтын фрагменті. Ю. Н. Караулов концепт ұғымын екі жақты мәнге ие тезаурус элементі ретінде көрсетеді: бір жағынан, ол – лексикалық бірлік, екінші жағынан, фреймдегі әлем бейнесін айқындайтын

дескриптор. Ал фрейм белгілі бір жағдайға байланысты жадыда сақталған ассоциациялар жиынтығы болып табылады.

Бақыт – араб сөзі. 1 Бақ, зор, қуаныш, шаттық, 2 Адамның өмір қызығы мен қуанышына, рахатына қанағаттану дәрежесін танытатын этикалық ұғым [3, 646]. Бақыттың негізінде адамның өмірі мағыналы және нәтижелі болған кездегі өз болмысына деген ризашылық сезімнің қалыптасуы жатыр. Бақыт – көпмағыналы ұғым. Оның басты түсініктері: 1) бақ-дәулет, «қолға қонған құс», ырыздық; 2) қуаныш, ләззат, рахат; 3) жақсылыққа, ізгілікке жету, даналық; 4) өмірден өз орнын табу, толыққанды тұлғаға айналу (ҚҰӘ).

Бақыт турасындағы халықтық ұғым-түсініктер тілдік метафоралар, фразеологизмдер, мақал-мәтелдер, бата-тілектер негізінде айқын көрініс табады. Мәселен, *бағы артты/асты/, бағы байланды, бағы бар, бағы жанды, бағы қайтты, бағын асырды, бағына ұшырады, бағын ашты, бағын байлады, бағын /базарда/ сынады, бақ айналды, бақ ауысады, бақ берді, бақ дарыды, бақ қонды, бақ жұлдызы, бақ кейде тауып қонады, кейде ауып қонады, бақ кетпесін, бақ қарап, қызыр назар салды, бақ қарасын, Қызыр дарысын, бақ құсы, бақ тайды, бақта байлау жоқ, бақ таластырды, бақ тапты, бақ тұрды, бақты тепті, бақ іздеді, баянсыз бақ бақ-береке, бақ-дәреже, бақ-дәулет, бақ-дәулеті толды, басынан бақ-дәулет ұшты, бақкүндес, бақкүндестік, баққұмар, баққұмарлық, бақсыз, бақсыздық, бақ-талай, бақ-талайына қарай, бақ-талайынан көрді, бақ-талайсыз, бақ-талап, бақытқа бөленді, бақытқа жетті, бақыт қонды, бақыт құшағында, бақыт құшты, бақыт тайды, бақыт таңы, бақыт тапты, бақытты маңдайға (басқа) тепті, бақыт тіледі, бақыты ашылды (жанды), бақыты бар, бақыты баянды, бақыты қара/қараң, бақыты алдында, бақытына қарай, бақытынан айырылды, бақытын көре алмады, бақытын тапты, бақытын түсірді, бақытын ұрлады, басынан бақыт құсы ұшты, баянсыз бақ т.б.*

Бақыт – адамның өзіне байланысты емес, қазақ ұғымында Алланың құлына берген сыйы, ырыздығы, бізге бағынбайтын тағдыр. Осыған байланысты тілші Ислам А. былай деп көрсетеді: «Бақ» жаратушының адамның белгілі бір іс-әрекетіне қарай немесе жайдан-жай беріле салынады деген түсінік бар. Адам жаратушыға жалынып бақ сұрайтыны да содан: «Таудай талап бергенше, бармақтай бақ бер» (Салыстыр: «Бап шаппайды, бақ шабады») [2, 18]. Яғни адамның бақытты болу, болмауы бір жаратушыға байланысты, өмірде бақытты, бақытсыз адамдардың болуы сондықтан деп түсініледі. «*Батыр ортақ, бақ жалқы*». Осымен байланысты тілдік деректер төмендегідей: *бақ берді, бақ дарыды, бақ қонды, бақ жұлдызы, бақ кейде тауып қонады, кейде ауып қонады; бақ кетпесін, бақ қарап, Қызыр назар салды, бақыт тіледі, бағы жанды, бағы бар, бақ қарап, Қызыр дарысын т.б. фразеологизмдер*. Халықтық бата-тілектерде де бақытты Жаратқаннан

тілеу орын алған: «*Уа, жаратқан, жарылықа, Бақ-дәулетін аумас қыл!*», «*Алла берсін зор бақты!*», «*Толған айдай бағы артсын, Абыройы тағы өссін!*», «*Ізет-абырой, бақ-дәулет, Қызыр қарап, бақ қонып, Не тілесең, Соның бәрін қабыл ет!*», «*Бата бердім, бақ тіледім, Ақ дастарқан басына. Я, құдайым, шын тіледім, Келсін деп менің қасыма!*», «*Бастарыңа бақ берсін, Не берсе де, нақ берсін!*», «*Асың, асың, асыңа, Бақыт қонсын басыңа!*», «*Бақ берсін, Бас берсін, Өміріңе ұзақ жас берсін. Сағың сынбасын, Бағың нұрлансын!*», «*Бақ-дәулетің шашылып жатсын, Қазаның асылып жатсын*», «*Бақ-дәулет берсін бастарыңа, Ғұмыр берсін жастарыңа!*», «*Қыдыр қолдасын, Басыңа бақыт орнасын, әумин!*», «*Бақ бер, бәледен сақта. Қауіптен, қатерден сақта*», «*Бастарыңа айырылмас бақ қонсын, Мейірбанды Алла сендерге жақ болсын!*», «*Тәңірі жас жұбайларды шат өмірмен жарылықасын. Бақыттары арылмасын*». М. Қашқари сөздігінен осыған дәлел болатын мақалды кездестіреміз: «*Бақыт-дәулет берсе Тәңір қолына, сәтті күндер туады оның жолына*». «*Тәңірім берсе құлына бақ, құт-дәулет, ісі оңалып, көтерілер күнде өрлеп!*».

Этнограф-ғалым Ө. Жәнібеков еңбектеріне сүйенсек, түркілердің түсінігінде, құс – аспанның, балық – судың, ағаш – жердің белгісі. Құс жоғарғы әлемнің бейнесі ретінде танылып, өзіндік бернеге ие болған. Сонымен қатар түркі тайпаларының тотемдері ретінде Орта Азия мен Қазақстан көшпенділерінің діни және әлеуметтік көзқарастарының қалыптасуына әсер еткен. Нақты айтқанда, құс – жоғарғы әлем символы ретінде халық ұғымында әрқашан жақсылық, сәттілік мәнінде түсініледі. Мұның өзі *бақ сүйген пендесіне құс болып қонады* деген нанымды қалыптастырып, *басына бақыт құсы қонды, бақыт құсы басыңа қонсын* т.б. тіркестерді дүниеге келтірді. Яғни халық түсінігінде «бақыт» ұғымы *құспен* ассоциацияланып, тіпті түсінде көрген құсты да жақсылыққа, үлкен қуанышқа жорамалдауына жол ашты. Мысалы: «Алпамыс батыр» жырында:

*Бүгін жатып түс көрдім,
Түсімде ғажап іс көрдім,
Қуат жәрдем пірлерден
Сондай бүгін күш көрдім
Жібек баулы ақ сұңқар
Қондырыптын қолыма.*

Бақыт – жақсылық, сәттілік, қуаныш, тілектің қабыл болуы: *бақ-дәулеті толды, бақытқа бөленді, бақытқа жетті, бақыт қонды, бақыт құшағында, бақыт құшты, бақытына қарай, бақ-талайына қарай, бағы артты, бақыт таңы, бақыт тапты, бағына ұшырады, бақ-дәулеті толды т.б. фразеологизмдер*, «*Басыңа бақ қонғанда, елден асқан данасың. Басыңнан бақ тайғанда, қалыбыңа барарсың*», «*Бағың шауып тұрғанда, Биен егіз туады*.

Бағың қайтқан шағыңда, Ешкің қысыр қалады, Малыңа індет шабады» тәрізді мақал-мәтелдер.

Бақыт – еңбекпен, өнермен, біліммен, бірлікпен табылатын байлық: *бақ-береке, бақ-дәреже, бақ-дәулет, «Қайратты ерде мал тұрар, өнерлі ерде бақ тұрар», «Өнерлі қол – бақытқа жол», «Бақыт кілті еңбекте», «Ер дәулеті – еңбек», «Татулық – табылмас бақыт», «Көптен бақыт құтылмас», «Өзін-өзі білген ер бақытты, өзін-өзі билеген ел бақытты», «Еңбек пен бақыт егіз», «Қатты жерге қақ тұрар, қайратты ерге бақ тұрар».*

Қут бәлгусі білік.

Бақыттың белгісі білім (М. Қашқари сөздігінен).

Сен оқисың, бақыттысың сондықтан,

Оқу деген – маған болды енді таң.

Бақыттысың, пісер сенің жемісің,

Көгересің еңбек етіп ел үшін (Мұқағали).

Бақыт – жақсылыққа, ізгілікке ұмтылыс, өзгелер үшін өміріңді арнау: *бағын асырды, «Жамандықты көп қуған бір бәлеге жолығар, Жақсылықты көп қуған бақ-дәулетке молығар», «Құтты қонақ келсе, қой егіз табады, Құтсыз қонақ келсе, қойға қасқыр шабады».* Осыған сәйкес Спиноза: «Бақыт – бұл ізгіліктің өзі», – деп көрсетеді [4, 331]. Әл-Фараби: «Бақыттың мәні – парасаттылықта, әркімнің өз алдында игілікті мақсат қоя білуінде... адамның өз мінез-құлқын, іс-әрекетін ерікті түрде өзгертіп, игілікке бағыттап отыруында», – деп тұжырымдайды. «Адамда жақсы қасиет болмаса, оған бақ та, бақыт та қонбайды (Ж. Баласағұн).

Адамдығың көрсетпесе жарқылын,

Қоршар сені салқын шаттық, салқын үн.

Ешкім рух байлығынан бөлініп

Шын бақытқа жеткен емес, жарқыным !

** * **

Пенделіктен кете алмайсың,

Ұлт перзені аталмайсың,

Шын бақытқа жете алмайсың,

Күреспесең бақыты үшін өзгенің (М. Шаханов).

«Халық арасында ең мәнді бата тілек: «Бағың ашылсын». Әсіресе «бақ» қыз балаға, әйел адамға бағышталатынын байқауға болады. Оның прагматикалық интенциясы әйел бағының тұрмыс құруымен, бала сүюмен айқындалады. Той-жоралғыларда үлкен жастағылардың жас жұбайларды маңдайынан сүйіп, бақ тілеуі бақ маңдайда жазылады деген түсінікпен ұштасып жатыр: *маңдайының ырысы бес елі, маңдайына біткен, маңдайына сыймау т.б.* Бақытсыздық та маңдайда орналасады деп түсінген: *маңдайының соры бес елі, сор маңдай* [3, 19]. Осымен байланысты Ғ. Есім былай дейді:

«Бақыт туралы көп ойлағанда бір түйгенім – бақыт әйел затының тағдыры деген түсінік. Бақыт әйел санасына өте үйлесімді. Бақытты біз жастарға тілесек, соған қоса әйел затына орай айтса жөн. Бақыт әйел затына ауадай қажет сана. Қазақ қыз балаға «бақытың ашылсын» деп жатады. Осы тілекте терең мән бар. Оның мәнісі, сенің дүниеге әйел заты болып келгеніңнің өзі бақыт. Әйел затының басты асыл қасиеті – дүниеге адам келтіру. Одан артық адамзат үшін қандай бақыт керек» [5, 197]. Тіліміздегі деректер осыны айқындайды: *бағын ашты, бақ тапты, бақ тұрды, бақыты ашылды (жанды), бақыты бар т.б.*

Жайлы бір түнде жас ана

Бөбегін баяу тербейді.

Аналық мейірім толғана

Жүрегін шаттық кернейді.

Кіршіксіз сәби жатса тек

Жұп-жұқа беті үлбіреп.

Бақытты менің жаным деп

Иіскеп те ана үлгіреді (Мұқағали).

Ананың жылы жүрегі мен ыстық алақанына бөленудің өзі – асқан бақыт.

Аяулы анам, асыл анам, мен деген,

Өтті-ау өмірің қасіретпен, шерменен.

Сенсің, анам, бақытым да, барым да!

Тастамасын сені от пен жалыңға!

** * **

Анашым !

Жаратылдың бағыма шын. «Анашым» (Мұқағали).

Сол сияқты ер адамның жақсы жар табуын қонған бақ деп бағалаған: «*Әйел – үйдің құты», «Ер жігіттің аты жақсы болса бір бақыт, Алған жары жақсы болса мың бақыт», «Жақсы жұбай – жарым бақыт», т.б.* Ұрпағы үшін өмір сүретін халыққа тәлімді, тәрбиелі, бала-шағалы болу асқан бақыт: «*Үш баласы бардың Бұқарда құты, Қорасанда қолы бар», «Бақ қонатын адамның ұлы етті, қызы көрікті болады».*

Ұйықта, ұлым, ұйықта, бөпем, қасыңдамын,

Керек емес, дүния, асылдарың!

Бақыт, байлық – барлығы менің үшін

Сенің бір кеп мойныма асылғаның (Мұқағали).

Адамның балалық шағын да бақытқа балаған.

Бақытты сонау сәби шақ,

Ескерусіз өтіпті-ау!

** * **

Бақыт деген сенің бала кездерің

Бақытсыз-ақ бақытты боп жүргенің (Мұқағали).

Бақыт – жеке өзі, дара, өмірдің бір қыры ретінде емес, бақытсыздық пен қиыншылық арақатысында қабылданады, адам бақыттың мәніне бақытсыздықпен өлшеу арқылы көз жеткізеді. Адам баласына бақыт, қуаныш бір сәттік, өткінші, мезеттік болып қана көрінеді, ол көшпелі, тұрақсыз деп танылады: *бақ айналды, бақ ауысады, бақта байлау жоқ, басынан бақ-дәулет ұшты, бақыт тайды, бақыты қара/қараң, басынан бақыт құсы ұшты, баянсыз бақ, бағы қайтты, бағы байланды. «Бақ келді деп таспа, жау келді деп саспа», «Көлдің құты кетсе, Құтаны үш күн бұрын кетер», «Бақыт шыбын сияқты – бірде гүлге қонса, бірде көңге қонады» т.б.* Бақыт – көктемгі бұлт сияқты. Ол – көрген түстей, ұшқан құстай өте шығады (А. Иүгнеки). «Өмір мынау, бақ пен қайғы күнде жарысқан, Ақ тілекпен қол бұлғайсың әркез алыстан» (М. Шаханов). Бұл да бақыт ұғымының бір қыры. Мұның бір себебі бақытты бағаламау, қанағат етпеу деп түсініледі: *бақытты маңдайға (басқа) тепті, бақты тепті, «Ер бақыттың қонғанын білмейді, ұшқанын біледі».* «Кім бақытты бағаламаса, сол бақытсыздыққа жақындайды» (Ибн Сина). «Сонда бақыт деген не? Бақыт деген адамның адам болып өмір сүруі, одан асқан нендей бақыт бар. Бірақ бұны ешкім місе тұтпайды, сөйтіп бақытты сағымға айналдыруға ынталанамыз. Сірә, Абайдың « алдамшы болмай бақ қайда» дегені осы орайда айтылған ой болса керек» [5, 196].

*Бақыт деген немене бұл, немене екен, немене,
Мен шықпаған заңғар шың ба, мен мінбеген кеме ме?»
Деп қиялдап әр биіктен көрсетіптіз бекер бой,
Қымбаттым-ау, сөйтсек бақыт қанағатта екен ғой.
Егер бүгін аласарса мекеніңнің шоқтығы,
Оған себеп – қанағатсыз адамдардың көптігі* (М. Шаханов).

Осымен байланысты Ғ. Есім былай деп жазады: «Бақыт сағым сияқты қолға түспейтін, бірақ соған жетуге адамды ынтық ететін – феномен. Суфизм ілімі, осы бақыттың сағым, қолға түспейтінін еске алып, тәуба деген түсінік енгізген [5, 195]. Яғни қазақи танымда адамның бақытты болуы тәубаға келуімен тығыз байланысты.

ҚОРЫТЫНДЫ

Бақыт сезімі осылайша халық жүрегінен орын алып, рухани күштің, жақсылықтың, ізгіліктің, сәттілік пен үйлесімділіктің, жарқын болашақтың, үміт пен сенімнің, адами қуаныш пен қанағаттың, бір сөзбен айтқанда, өмірдің мәнділігін арттыратын, алға жетелейтін, баға жетпес құнды қазына екендігін тануға болады. Сондықтан да бақыттың мәні ғасырлардан-ғасырларға ұласып, ұлттың ұлылығын, ұрпақтың кемелденуін арттыратын ұлы күш екені даусыз. Қазақ санасының көкжиегі тіл арқылы осыны көркемдеген.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Джидарьян, И. А.** Представления о счастье в русском менталитете. // Психологический журнал. – 1997. – том 18, № 3. – С. 13-15.
- 2 **Ислам, А.** Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті. Филол.ғыл.докт.ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған дисс. авторефераты. – Алматы : Б.ж., 2004. – 50 б.
- 3 Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. – Алматы : Арыс, 2006. – 2 т. – 744 б. – ISBN 9965173494.
- 4 Философия. Құрастырған Т.Ғабитов. – Алматы : Қаржы-Қаражат, 2002. – 352 б. – ISBN 57427-0314-7.
- 5 **Есім, Ғ.** Сана болмысы. – Алматы : Қазақ университеті, 2005. – 309 б. – ISBN 9965128952.
- 6 **Қашқари, М.** Түбі бір түркі тілі («Диуани луғат ит-турк»). – Алматы : Ана тілі, 1993. – 192 б. – ISBN 563000888.

Материал 31.05.17 баспаға түсті.

К. Т. Каурбаева

Определяющая характеристика концепта «Бақыт» («Счастье»)

Медицинский университет Астана, г. Астана.

Материал поступил в редакцию 31.05.17.

К. Т. Kairbaeva

The defining feature of the «Bakhyt» («Happiness») concept

Astana Medical University, Astana.

Material received on 31.05.17.

В статье рассматриваются определяющие характеристики концепта «Бақыт» / «Счастье», основанные на языковых сведениях.

The article considers the defining features of the «Bakhyt» / «Happiness» concept based on linguistic particulars.

Қ. Т. Қаирбаева¹, Қ. А. Доскенова², Қ. А. Доскенова³

¹ф.ғ.к., доцент; ²пед.ғ.к., доцент; ³аға оқытушы, Астана медицина университеті, Астана қ.

e-mail: ¹adon70@mail.ru

ОЮ-ӨРНЕК АТАУЛАРЫНЫҢ СИМВОЛДЫҚ МӘНІ

Бұл мақалада ою-өрнек атауларының символдық мәні сараланып көрсетіледі.

Кілтті сөздер: антропоэзектік бағыт, ұлттық болмыс, ою-өрнек, қолөнер туындысы, дүниетанымдық мән, символдық мағына, лингвокреативті ойлау жүйесі.

КІРІСПЕ

Бүгінгі күнде халықтың алтын тұғыры, рухани-мәдени қазынасы ретіндегі тілді зерттеудің ауқымы кеңейіп, өркені өсіп отыр. Оған себеп: тілдің өз бойында бүкіл тарихты, төл мәдениетті, ұлттық таным мен талғамды, мінез бен көзқарасты, сана мен салтты, дәстүр мен даналықты, сенім мен нанымды сақтап, берік тұтуында. Басқаша айтқанда, әр тіл – өз ұлтының бойтұмары іспетті тұнып тұрған қасиетін белгілейтін таңбалық жүйе. Осыған сәйкес тілдік жүйенің құрылымдық бірліктері тек дәстүрлі лингвистиканың ғана емес, этнолингвистика, лингвоэлеуметтану, лингвомәдениеттану, психоллингвистика, когнитивтік лингвистика т.б. ғылым салаларының зерттеу нысанына айналып отыр. Мұның өзі тіл табиғатына терең бойлап, жан-жақты қарастыру нәтижесінде тілдік жүйе құрылымының сипатын айқын тануға жол ашты. Сондықтан да тілді қарапайым таңбалық жүйе деп қарастыру ол туралы түсінікке кереғар әсер етеді және зерттеу мүмкіндіктерін шектейді. Тіл, көнеден айтылып келе жатқандай, таңбалар жүйесі ғана емес, ол осы жүйені көмкерген мәдениет. Сондықтан да қазіргі тіл білімінің антропоэзектік бағытына сәйкес, ол – әр халықтың ұлы мұрасы, ұлттың тарихи жетістігі.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Тіл – мәдениетті тану кілті, рухани және материалдық мәдениеттің қалыптасуына қатысатын үлкен күш, мәдениет ескерткіші, ұлт өмірінің айнасы. Ол мәдениеттің жалпы сипатын анықтайды, негізгі ақпаратты жинайды, сақтайды және жеткізеді. Осыған сай тіл әрбір этнос мәдениетінің өзгешелігін, екінші жағынан, тіл шеңберінде мәдениеттің ұрпақтан-ұрпаққа

жалғасын қамтамасыз етеді. Тіл қазіргі, келер ұрпақты үлкен бір тарихи арнаға, бүтіндікке байланыстырады. Осымен байланысты қазақ этносының «ұлттық болмысын» танытатын, халықтың когнитивтік-этикалық, рухани-эстетикалық көзқарастарын зерделеуге мүмкіндік беретін, тіл әлемінің бір тұғыры – ою-өрнек атаулары. Этнолингвист-ғалым Ж. А. Манкеева сөзімен айтқанда: «Зергерлік, әсемдік бұйымдар, тұрмысқа қажетті түрлі дүниелер адамдардың тіршілік керегіне жарап қана қоймай, өздерінің әдемі өрнектері мен сан қырлы, терең сырлы бояу, бедер үлгілерімен талай ұрпақты таң қалдырып, сол арқылы эстетикалық тұрғыдан рухани мәдениетіміздің қалыптасуына септігін тигізіп, тәрбиелік, танымдық қызметін де өтейді. Осындай ғажап төл мұрамыздың атауларының бай сырларына үңіліп, талдап анықтау, оларды рухани қажетімізге айналдыра білу – ұлт санасын жаңғыртатын ұлттық қазына» [1,120]. Яғни қазақ ою-өрнегі – халықтың ғасырдан-ғасырға жалғасып, сары алтындай сақталған, бүгінгі күнге дейін өз қасиетін жоғалтпай, керісінше заманауи үлгіде дамып, өркен жайып келе жатқан өшпес мәдениет үлгісі, қасиетті өнері. Академик Ә. Марғұлан оларды сақ, үйсін, ғұн, түрік, қаңлы, қыпшақ секілді көне көшпелі тайпалар өнерінің негізінде қалыптасқан дүниетанымдық ой-толғаныс көрінісі деп тұжырымдайды [2, 83]. Ою-өрнекке байланысты этнограф-ғалым М. С. Мұқанов: «Декоративті-қолданбалы өнердің көрінісі ретіндегі халықтық ою-өрнек көптеген ғылымдар үшін бастау болып табылады. Ою-өрнек қоршаған дүниеге деген адамдардың интеллектуалдық және эстетикалық көзқарасы»,– десе, ою-өрнектің шығуына байланысты этнограф-ғалым Л. К. Попов ол қоршаған ортаға еліктеуден емес, оны өзіне бағындыру мақсатынан туғандығын баса көрсетеді [3, 12, 22]. Г. Гачев ою-өрнек элем құрылымының ырғағы туралы халықтың ойы екендігін негізге алады [4,49]. Яғни ою-өрнек, кез келген әшекей халқымыздың айналадағы қоршаған ортаны тануынан, бейнелеуінен туған қолөнер туындысы. Қазақ халқының ұлттық бұйымдарының барлығынан ою-өрнектің небір ғажайып үлгілерін көруге болады, тіпті әртүрлі заттарды (үй-іші мүліктерін, тоқыма бұйымдарын, киім-кешек, еңбек құралдары, ұлттық аспаптарды, қару-жарақтарды т.б.), архитектуралық ғимараттарды ою-өрнексіз елестету мүмкін емес те тәрізді, себебі жүйелі ырғақпен қайталанып отыратын әрі үйлесімділікке құрылған ою-өрнектер әсемдік пен сәндік, өң берумен қатар өзіндік дүниетанымдық мәнді айқындайды. Қараған сайын ой-қиялың оянып, жігерің тасып, ою-өрнектер арқылы берілген сұлулық әлеміне, ақыл-ой дүниесіне, хас шебердің көркемдік пайымды кестенің бізі, өткірдің жүзі арқылы өрнектеген өресіне, керемет туындысына таң қаласың. Қуанышы да, қайғысы да жан-жануар, аң, құс, ай, жұлдыз, күн, тау, тас т.б. байланысты деп түсінген халықтың сол сезімдері қолөнер туындыларында қалыс қалмай,

дәл бейнесін бермей-ақ, кейбір сипаттары арқылы да таным-түйсіктерін баян етіп, оны киелендіріп, қадірлей білгені көрінеді. Осымен байланысты қазақ колөнерінде кездесетін ою-өрнек төрт топқа бөлінеді. Бірінші топ – зооморфтық, жан-жануарлар дүниесін білдіретін ою-өрнектер: *қошқармүйіз, қос мүйіз, сыңар мүйіз, арқар мүйіз, марал мүйіз, түйетабан, жарқанат, құсқанат, түйемойын, тіс, жыланбас, түлкібас, итқұйрық, бөрікөз, таңдай, тіс, жіліншік, омыртқа, қаңқа, сынықмүйіз т.б.* Екінші – өсімдік тәрізді өрнектермен әсемдеу: *үшжапырақ, төртқұлақ, гүл т.б.* Үшінші – геометриялық ою-өрнектер: *тұмарша, қостұмарша, қос дөңгелек, ирек, ирексу, төртбұрыш, саты, ботакөз т.б.* Төртінші – аспан әлемін, жер-дүние сырын суреттейтін өрнектер: *шұғыла, жұлдыз, күн, күнкөз, шеңбер, дөңгелек, шимай, төртқұлақ т.б.* Бұл орайда космогониялық өрнек қамтитын екі түрлі мәселе бар. Біріншісі – бұл өрнектердің дүниенің құрылымдық жүйесін білдіруі, мұның өзі, негізінен, мифологиялық дүниетаныммен байланысты. Екінші мәселе – мәңгілік қозғалыстағы табиғат және табиғат құбылыстарының бедерленуі.

Ою-өрнекке оранған ортада адам өзіне бір рухани күш-қуат, ләззат алып, әлдеқандай бір тылсым күштің қорғауында тұрғандай сезінеді. Ою-өрнекке байланысты мақал-мәтелдерден, мәселен, *«ойсыздан оюшы шықпайды», «оюды оя алмаған ойланбаған», «ою ойғанның ойы ұшқыр», «ою ойған, сызу да сызады», «үлгісі көптің өрнегі көп, өрнегі көптің ермегі көп», «дұрыс ойған ою бұруға келмес», «өнеріне қарай өрнегі», «мәні бар істің сәні бар» т.б.* ою-өрнектің дәлдікке, есепке, үйлесімділік пен жарасымдылыққа, әсемдік пен көркемдікке құрылып, ерекше парасат пен ойлылықты, ақылдылық пен зеректікті, сабырлылық пен жылы жүректі, шабыт пен шеберлікті, ептілік пен іскерлікті қажет ететінін тануға болады. Осыншалық қасиет пен қабілетті керек ететін ою-өрнек өнері халықтың сұңғыла пайымы мен көркемдік танымын айғақтай түседі. Ол, бір жағы, сиқырлы күшке ие болса, екінші жағынан, бақыт пен сәттіліктің рәмізді белгісі. Ою-өрнекке берілген әрбір атау арқылы ою-өрнектің тал бойында жасырын жатқан сырды, маңызды да мағыналы ойды ашуға болады. Осыған сәйкес В. фон Гумбольдттың: *«...Язык – это объединенная духовная энергия народа. ...Через многообразие языков для нас открывается богатство мира и многообразие того, что мы познаем в нем; и человеческое бытие становится для нас шире, поскольку языки в отчетливых и действительных чертах дают нам различные способы мышления и восприятия», «Разные языки – это отнюдь не различные обозначения одной и той же вещи, а различные видения ее», – деген пікірлерінің мәні зор [5, 349].* Бұл тұжырымды ою-өрнек атауларына да қатысты айтуға болады, халық шеберлері колөнер туындысына ат қоюда да көрегендік танытқан. Ою-өрнек атауларына негіз болған атау – тілдегі

атауыш мағынадағы сөздің негізінде қалыптасқан екінші атауыш мағынадағы сөз, мұнда ол тура мағынадан өзге қосымша, символдық мағынаға ие болады (мүйіз, қошқармүйіз, төртбұрыш, гүл т.б.). Бұл орайда сөз және сөз-символ екі түрлі таңба емес, сол сөздің өзінің екі түрлі қызметі, яғни лингвистикалық таңба символдық қызметті атқарғанда ғана, оны символ деп атай аламыз. Р.Авакова: *«Символдық мәнге ие сөздердің табиғаты ерекше, ол ерекшелік символ-сөздердің танымдық, ұлттық мәдени, фондық мағыналарын сол тілде сөйлейтін халықтың дүниені тануы мен құбылыстарға баға берумен, әлемнің тіл бейнесімен тығыз байланысты екендігі», – деп түйіндейді [6, 70].* Яғни атауыш мағынадағы сөз нақтылыққа, даралыққа ие болса, символдық мағынадағы сөз жалпылыққа, біртұтастыққа ие. Осы қасиеті арқылы ол дүниені біртұтастыққа байланыстырып, көз алдына бүтін бір сурет бейнесін елестетеді. Демек, символдану лингвокреативті ойлау жүйесіне негізделеді де, екіншілік, коннотациялық жанама мағынаның тууына себеп болады. Ал коннотация – тілдік бірлік мағынасындағы жасырын әрі қосымша ерекше компонент, дүние туралы білім мен белгіленетін заттың эмотивті қабылдануын, семантикадағы субъектілікті байланыстырады. Ол әрбір тілге тән әрі маңызды ұлттық ойлаудың ассоциациялық ерекшеліктерімен айқындалады.

Өз бойына ерекше символдық мән жасырған ою-өрнектерден (*құстың, гүлдің, жануарлардың т.б. тұспалданып берілуі*) адамзат дүниесінің табиғатпен біте қайнасқан көне заманнан келе жатқан қарым-қатынасын, бөлінбес бірлігін көруге болады. Мұның өзі сұлулық әлеміне жол табу, нәзіктік пен сұлулықты сезіне білу, әдемілік дүниесінде өмір сүру деп те айтуға болады. Қалай десек те, әрбір ою-өрнек ұлттың дүниені түйсінуден хабар беретін рухани қазына, ғасырлар бойы жинақталған ақыл-ойдың кені екені сөзсіз. Мәселен, *мүйіз* – қазақ оюының ең көне мәнері. Ою-өрнектің бұл элементі мүйізді мегзеуден шыққан. *Мүйіз* ою-өрнегі кейде ұсақ, кейде ірі болып келеді. Ұсақ түрлері ағаш, сүйек, мүйіз сияқты нәзік колөнер саласында қолданады. Ірі түрлері сырмақ, текемет, алаша, кілем, сәулет өнерінде сан түрлі мәнерде қолданылады. Мүйіз элементтері «аймүйіз», «қосмүйіз», «сыңармүйіз», «сынықмүйіз», «қырықмүйіз», «маралмүйіз», «еркешмүйіз», «қошқармүйіз» т.б. түрлерге бөлінеді. «Мүйіз» өрнегі үй жиһаздарында (кілем, сырмақ, текемет, алаша, көрпе, тұскиіз), тұрмыстық заттарда (саба, күбі, торсық, сандық т.б.), сондай-ақ қару-жарақтарда (қынап, оқшантай, садақ), киім-кешек, ат әбзелдерінде (ертоқым, айыл) қолданылады.

Осымен байланысты киізден жасалған бұйымдардағы *қошқармүйіз* өрнегі байлықты, молшылықты білдірген, ал *қырықмүйіз* өрнегі мал басының көбеюін білдіретін белгі ретінде кең тараған. Моңғол мәдениетін зерттеуші ғалым Н. Н. Жуковская: *«Қошқармүйіз оюы барлық көшпендіге*

мәлім және ол байлықтың, ұрпақ көбейтудің көне белгісі», – деп көрсетеді [7,168]. Ө. Марғұлан *қошқармүйіз* оюы туралы: «Қошқардың байлық пен сәттіліктің символы ретінде бейнеленуі, әсіресе, қазақ өнерінде айқын сақталған, әртүрлі вариантта кездесетін *қошқармүйіз* өрнегі – қазақ ою-өрнегінің негізгілерінің бірі. «Қошқармүйіз» бейнесі көнеден бері белгілі. Оның негізінде жануардың тотемдік мәнге ие болуы жатыр. Алғашында ол құпия (магиялы) мәнде болса, кейін бірнеше ғасыр өткен соң биліктің символы болды. Сұлтандардың белгісі таулы қошқар (арқар), оның серіппе тәріздес бейнесі көне тотемді бейнелеуге апаратын», – дейді [8,191]. Ал этнограф ғалым Ө. Диваевтың мәліметі бойынша, қоралы қойдың алдынан һәм ішінен аралап өту дұрыс емес, себебі қой жүрген жерде Қызыр пайғамбар жүреді дейді. Яғни қой түлігі жер бетіндегі жақсылықтың, бақыттың белгісі болып, ортаңғы әлемдегі барлық тірліктің иегері ретінде түсініледі. Демек, қошқармүйіз оюы сәттіліктің, байлықтың, ұрпақ жалғастығының, тек қана материалдық емес, рухани байлықтың да белгісі болған. Бүгінгі күні бұл ою көк туымызды көріктендіріп тұрғаны белгілі.

Қазақтың ақын қызы Ф. Оңғарсынова:

Түрін-ай текеметтің, асыл қандай

Үңілдім үнсіз ғана басымды алмай.

Келе ғой қошақаным өзіме деп,

Әжем кеп сыйпағандай шашымнан жай.

Күйімді кеісеңдер-ау сол беттегі,

Тұрғандай ана көңіл тербеі мені.

Жан бітіп жайраңдады жан-жағымнан,

Қазақтың қошқар мүйіз өрнектері, – деп ұлттық мұрамызды қадірлеуге үндейді. Келесі бір өлең жолдарында: Сен мені түсінсеңші.

Түсінер деп жыр-маржан төгіледі.

Қошқармүйіз әжемнің теруіндегі

Сөз тізбегі кеудемде өріледі, – деп толғайды.

Қазақ оюында мал мен аңның қос мүйізін, түйенің қос өркешін, биенің қос емшегін бейнелеу тек симметриялық тепе-теңдіктің ғана емес, сонымен қатар береке-бірліктің, көбеюдің символын білдіреді. Осыған сәйкес өркеш ою-өрнегі түйенің қос өркешін бейнелейді. Ол сырмақ, текемет, тұскиіздерге салынатын ою-өрнек композициясында көбірек кездесетін элемент.

Халық шеберлерінің пікірінше, күннің символы–«дөңгелек», дүниенің төрт бұрышының символы – «төртқұлақ», күн сәулесі, жұлдыздар бейнесі, ай символы «шұғыла» оюы арқылы беріледі. О. Сүлейменов: «Ою-өрнек дөңгелектерінде кеңістік пен уақытта әлемді танудың символдық мәні бар, дөңгелек сызықтар кеңістіктің кеңдігі мен еркіндігін танытады, мұнда екіжақты интеллектуалдық: дөңгелек ою уақыт қозғалысын беретін

эмоционалды мазмұн мен көшпенді қабылдауындағы өзгеріссіз және мәңгі әлемді тұжырымдайды», – дейді [9, 287]. Ө. Жәнібеков дөңгелекті шеңберлер «құпиялылыққа оранған» әлем кеңістігінің символы екендігін атап көрсетеді. Мұның өзі халық түсінігіндегі мәңгілік өмір, мәңгілік қозғалыспен астарласып жатқаны байқалады. Бұл исламға дейінгі Тәңірлік діннің көрінісі болып табылады.

Күнге байланысты ою-өрнек қазақ киімдері мен әшекейлерінде орталық орынға ие болған. Әсем кестеленген «күн шеңбері» хандардың, халыққа қадірлі адамдардың шапанының арқасына салынған. Яғни «асыраушы» мағынасын білдіреді. «Менің арқамда күн көріп жүрсін» деген қарапайым қазақтың сөзінің тұжырымы тәрізді танылған.

Осымен байланысты *күнкөз, шеңбер, дөңгелек пішінді бедерлі әшекей, шимай, төртқұлақ* тәріздес өрнектер – әлемдік кеңістіктің, әлемнің төрт бұрышының, мәңгілік қозғалыстың, үзілмес өмір жолының белгісі.

Қазақ оюларының ішіндегі күрделі өрнектердің бірі – *тұйық*. Бұл ою сәулет өнерінде, бау-басқұрларда түрліше пайдаланылады. Тұйық оюының сырттай кескіні тасбақаға ұқсас болғандықтан, ол халық арасында *тасбақа ою* деп тараған. *Тасбақа ою немесе тұйық ою* – мәңгіліктің символы. Тасбақа ұзақ жасайды, көне заманнан көшпенділер оны кие тұтқан. Бейіт басындағы сынтастар көбінесе тасбақа бейнесіндегі тасқа қашап орнатылатын болған. Тұйық оюын батырдың, ханның киіміне, жауырынына, қалқанына салатын болған. Бұл – мәңгілік өмір мен бақыттың белгісі. Бұл ою–байырғы ою-өрнек үлгілерінің бірі. Тасбақаға байланысты ерекше көзқарасты корей мәдениетінен де кездестіреміз. «Тасбақа–корей халқының символ–тотемі. Ол–ақылдылық пен даналықтың бейнесі. Тасбақаның үстінде тұру» (стоять на черепахе) екі түрлі мағынаны: жоғары ғылыми дәрежеге ие болу және тыныштық пен жетістікті иелену дегенді білдіреді [10, 10].

Қазақтардың тоқу өнерінде кездесетін *сұлама* өрнегі де – мәңгіліктің символы. Сұлама – кең көсіліп жатқан жазықтық деген мағына білдіреді. Бұл оюды тоқылу ерекшелігіне қатысты «басы, аяғы жоқ ою» деп те атайды. Олай дейтіні – өрнектің қай шетінен бастап тоқыса да өрнек қате түспейді. *Бас-аяғы жоқ, шексіз* деген мағынаны білдіреді.

Өсімдіктерге қатысты ою-өрнекке байланысты Ө. Жәнібеков еңбегінде: «Лотостың бейнеленуі – ұрпаққа деген ілтипатты, бақыт пен сәттілікті тілеудің символы. Гүл қауашағы бар әрі күн сәулесіне нұрланған «бітпес» өрнегі – шексіз қозғалысты, мәңгілік өмірді білдірумен қатар, әлемдегі өзара байланыстылықты, бірлікті, үйлесімділікті көрсетеді. Бұдан халықтың әлем құрылымын елестетуі, өмірдің мәні көрінеді», – делінген [11, 84]. Демек, аты айтып тұрғандай, өмірдің тоқтап қалмайтыны, дүниедегі барлық құбылыстардың диалектикалық қозғалыста, дамуда болатыны көрсетілген.

Қазақтың шебер қыздары сүйіспеншілік сезімдерін орамалға кестелеген ою-өрнек арқылы жеткізген. Яғни ғашықтар арасындағы нәзік сезім ою-өрнек негізінде өрнектелген. Бұл, бір жағынан, қыз бала тәрбиесінің негізі, әдептілік белгісі болса, екіншіден, қазақ мәдениетінің, менталитетінің айқын көрінісі. Ақиық ақын Мұқағалиша жырласақ:

*Жабырқаймын жанымнан арылғанда
Қымбатсың, беторамал, жанымнан да.
Адал қол сені тіккен маған арнап
Сол үшін тазарақсың арымнан да.
Бетінде кестелеген гүл жапырақ,
Аяулы алтыннан да қымбаттырақ,
Қорғаймын, қызғанамын сені, орамал,
Етіндей жүрегімнің бір жапырақ.
Кестелі төртбұрышты болатындай,
Досым менен сырласым болатындай.
Жел тисе, нәзік гүлі бетіндегі,
Қалтырап жүрегіммен соғатындай.
Аяулысын алам деп еске немен,
Сүюін шын дәлелдеп кестеменен.
Сүйгенінің ұмытпас айғағы етіп,
Тек саған ой-қиялын дестелеген.*

Өлең жолдарына зер сала отырып, өз ұлтын жан-тәнімен сүйген екі ақынның, екі элитарлық тілдік тұлғаның тіл байлығының бір бөлшегі ұлттық ою-өрнек атауларын жыр жолдарына өзек етіп, сол арқылы қазақ мәдениетін дәріптеп, қазіргі оқырманның ұлттық санасын жаңғыртуға, ұлттық рухын көтеруге ат салысқанын, ұлттық қазынаны өз бойларына сіңіріп, сусындап өскен сөз зергерлерінің сол байлықты ұрпағына аманат ететіндігін айқын көруге болады. Ұлт зиялыларының зиялылығы осында жатса керек.

ҚОРЫТЫНДЫ

Ғалым Ж. А. Манкеева сөзімен түйіндесек: «Халықтық қолөнер – өзінің көркемдік мағынасымен, бітім қасиетімен ғасырдан-ғасырға мұқият сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отыратын алтын қазына. Қолөнер үлгілері тек эстетикалық объект емес. Ол халықтың белгілі бір тарихи кезеңдегі таным-түсінігінен, өмір салтынан, әсемдік туралы талғамынан хабар беретін этноақпараттық қазына. Сондықтан да ата-бабаларымыздың ежелден дәріптеп, қастерлеп келген ұлттық өнерінің тегін тектеу, болмысын сипаттау, оның озық үлгілерін көркемдік білім беру саласында ұтымды пайдалану тек болашақ ұрпақ тәрбиелеудің таза педагогикалық қағидаларына сай ғана емес, жана ұрпақтың санасында ұлттық мәдениет пен рухтың алтын тамырларын сіңіріп, таныту үшін ерекше маңызды» [1, 97].

Қорыта келе, айтарымыз – ою-өрнектің қай түрін алсақ та, онда халық түсінігінің, дүниені түсінуінің белгісі, өзіндік үміті мен арманының елесі жатыр. Ал ою-өрнектің ішіндегі ең көп тарағаны, сүйіктісі – қошқармүйіз оюы. Яғни молшылықты, байлықты, ұрпақ көбейтуді мақсат етудің белгісі дегіміз келеді.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Манкеева, Ж. А.** Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың танымдық негіздері. – Алматы : «Жібек жолы» баспа үйі, 2008. – 356 б. – ISBN 9965-759-95-2.
- 2 **Жұбанов, Е. Қ.** Эпос тілінің өрнектері. – Алматы, 1978. – 184 б. – штрих код: 2100100592202.
- 3 **Муканов, М. С.** Казахская юрта. – Алма-Ата, 1981. – 224 б. – штрих код: 708002010.
- 4 **Гачев, Г.** Национальные образы мира. – М., 1988. – 448 с. – ISBN 5941860099.
- 5 **Гумбольдт, В. фон.** Язык и философия культуры. пер с нем. языка. – М. : Прогресс, 1985. – 451 с. – штрих код: 2100100290511.
- 6 **Авакова, Р.** Фразеологиялық семантика. – Алматы, 2003. – 152 б. – ISBN 9965122075.
- 7 **Жуковская, Н.** Категории и символика традиционной культуры монголов. – М., 1988. – 194 с. – штрих код: 2100100280635.
- 8 **Маргулан, А.** Казахское народное прикладное искусство. Т. 1. – Алматы, 1986 – 256 с. – ISBN 5898405887.
- 9 **Сүлейменов, О.** Азия. – Алматы, 1992. – 295 б. – ISBN 5-605-01378-5.
- 10 **Хан, Н. К.** Образные средства в произведениях русскоязычных корейских писателей Казахстана. Авторефер. канд. филол. наук.: 10.02.01. – Алматы, 2002. – 25 с.
- 11 **Жәнібеков, Ө.** Уақыт керуені. Алматы, 1992. – 192 б. – ISBN 5-605-00959-1.

Материал 31.05.17 баспаға түсті.

К. Т. Каирбаева, Д. Р. Жарикова, К. А. Доскенова

Символическое значение названий орнаментов

Медицинский университет Астана, г. Астана.

Материал поступил в редакцию 31.05.17.

The symbolic meaning of the names of ornaments

Astana Medical University, Astana.

Material received on 31.05.17.

В статье рассматриваются символические значения названий национальных орнаментов.

The article considers the symbolic meanings of the names of national ornaments.

ӘОЖ 070

Б. Қ. Қапасова

ф.ғ.к., профессор, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.

e-mail: kapasova1970@mail.ru

**Ә. БӨКЕЙХАНОВТЫҢ ЖЕР МӘСЕЛЕСІ ТУРАЛЫ
МАҚАЛАЛАРЫ**

Мақалада Ә. Бөкейхановтың XIX-ғасыр соңы мен XX-ғасыр басындағы Ресейдің қазақ жерін отарлау мақсатында жүргізген реформаларына қатысты туындағын жер мәселесіне қатысты ойлары талданады.

Кілтті сөздер: жер, қоғам, ұлт, саясат, мәселе, билік, реформа, еркіндік, жарлық, экономика, т.б.

КІРІСПЕ

Қазақ қоғамында Ә. Бөкейхановтың саяси, қоғамдық-әлеуметтік еңбегінің орны өзгеше. Ұлт қайраткерінің еңбектерінің үлкен бір саласы жер мәселесіне қатысты ойлары. Бұл саяси қайраткердің ғұмырлық, ұлт алдындағы басты ісінде. Жер тәуелсіздігі мен ұлт тәуелсіздігін қатар алған Ә. Бөкейханов бұл туралы терең зерттеулер жасайды.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Қазақ зиялыларының ұйытқысы, ел көсемі Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханов 1866 жылы бұрынғы Семей облысы, Қарқаралы уезі, Тоқырауын

болысының 7-ші ауылында туған. Қазіргі Қарағанды облысының Ақтоғай ауданының елді мекені.

1992 жылы тәуелсіздіктен кейін туған жеріне қайраткер есімі есімі берілді. Арғы тегі Шыңғыс ханнан, оның үлкен ұлы Жошыдан тарайды. Атасы қазақ Көкжал Барақ атаған беделді, сыйлы және қайрат-күші, тегеурін мінезімен халық есінде қалған. Қазақтың соңғы хандарының бірі Бөкей – Көкжал Барактың баласы.

Бөкейден Батыр, одан Мырзатай, одан Әлиханның әкесі Нұрмұхамед туады.

Әлиханды әкесі тоғыз жасында Қарқаралыдағы жергілікті молданың қолына оқуға береді. Бірақ зерделі бала молда оқуынан гөрі осы Қарқаралыдағы мектепте оқудың артықшылығын түсініп, қаладағы үш кластық бастауыш мектепке өз еркімен ауысып алады. Мектепті бітірген соң үш жылдық училищеге түсіп, оны үздік аяқтап шығады. Он алты жасар Әлихан 1888 жылы Омбы техникалық училищесіне оқуға түседі.

Үздік оқыған алғыр шәкіртіне риза болған ұстаздары оның ары қарай оқуына мүмкіндік жасайды. Дала генерал губернатор кеңсесінің ұсыныс хаты жазылып, қазақ қауымдастығының 200 сом стипендиясы төленетін болып, 1894 жылы Ресей империясының сол кездегі бас қаласы Санкт-Петербурдағы Орман шаруашылығы институтының экономика факультетіне түседі. Санкт-Петербурда студенттердің саяси, әдеби, экономикалық және тағы басқа үйірмелердің жұмысына араласады. Түрлі студенттік толқуларға қатысады.

Ресей астанасындағы түрлі көзқарас, ел еркіндігі, жаңа қоғам орнатуға құлшыныс идеялары екі ғасырға жуық Ресей империясының отарындағы халқының ауыр тағдыры қатты толғандыра бастайды. Елінің қараңғылық пен надандықтың шырмауындағы ауыр халі, отарлық езгінің халықты төмен санап, экономикалық, шаруашылық, рухани жағынан езгіге алуынан құтылудың жолын көреді. Бұл жол халқына білім мен мәдениет керек екенін елдің тұрмысын, мәдениетін, білімін көтеруді талап ететін еді. Сондықтан да жас кезінен елін азаттыққа алып шығу, мәдениет пен жаңа қоғам құндылықтарын үйретуді өзінің алдына мақсат етіп қояды.

Ә. Бөкейханов Ресей империясының қазақ даласына жүргізген отаршылдық саясатына деген өзіндік көзқарасы қалыптасқан, марксизмнің экономикалық қағидаларымен қаруланған, саяси астыртын күрестің түрлері мен әдістерін үйреніп, білген, күрес тартыстан біршама тәжірибесі бар саяси күрескер болып, Омбыға оралады.

Омбыда қаланың саяси әлеуметтік, қоғамдық жұмысына белсене араласады. «Народная свобода» (Халық бостандығы) партиясының қатарына өтеді. Өзі қазақ зиялылары мен саяси белсенділерінің арасында осы партияның шағын тобын ұйымдастырады.

Әлиханнның саяси көзқарасының пісіп, жетілуіне, белгілі саяси, қоғам, мемлекет қайраткері, қазақ ұлт-азаттық қозғалысының ұйымдастырушысы, көсемі ретінде танылуына, саяси күрескер ретінде шыңдалу мектебі осы Омбы қаласында өтеді. Қайраткер өмірбаянныңда Омбыдағы күндер ерекше ықпал етеді.

1905 жылдан бастап Ресей конституциялық-демократиялық партиясының (кадеттер) мүшесі болады. Ә. Бөкейханов осы партияның қазақ бөлімшесін құруды мақсат етеді. Жаңа ұйым құру мақсатымен Оралда, Семейде жиындар өткізеді.

1905 жылы тарихтың жарқын беттері болып қалған, Қарқаралы петициясын ұйымдастырушылардың бірі болады. Қарқаралыдағы патша өкіметінің отаршылдық саясатына қарсы өткен қозғалысқа 14 500 қатысып адам қол қояды.

Осы 1905 жылдан бастап қайраткердің беделі өседі. 1905 жылы Әлихан Бөкейханов Семей облысы қазақтарының атынан Бірінші Мемлекеттік Думаға депутат болып сайланды. Ә. Н. Бөкейханов өз жұмысын бастаған кезде Дала өлкесі генерал-губернаторының негізсіз жарлығымен, 3 ай Павлодар абақтысында отырып, Бірінші Мемлекеттік дума жұмысына қатыса алмайды. Абақтыдан шығып Санкт-Петербургға жеткенде, Дума патшаның үкімімен таратылып, оның біраз мүшелері наразылық актісін қабылдау үшін сол кездегі Финляндияның Выборг қаласына жүріп кеткен еді.

Ә. Н. Бөкейханов Выборг қаласына барып, үндеуге қол қойды. Осы үндеу үшін жазаға тартылып, Санкт-Петербург сот палатасының төтенше мәжілісінің шешімімен 3 айға Семей түрмесіне жабылды.

1906 жылы Омбыдан шығатын кадеттік «Голос степи», «Омич» және «Иртыш» газеттерінде, 1908 жылы Санкт-Петербурда жарық көрген меньшевиктік «Товарищ», кадеттік «Речь», «Слово» газеттерінде қызмет атқарды.

1909-1917 жылдары «Дон егіншілік банкі» бөлімшесінде жұмыс істеді. 1911-1914 жылдары қазақ халқын ояту, үгіт-насихат жұмыстанрын жүргізу мақсатында «Қазақ» газетін ұйымдастырады. А. Байтұрсынов, М. Дулатовтармен бірге газеттің жалпы ұлттық деңгейге көтерілуіне еңбек сіңірді.

20-ғасыр басында халықты отаршылдықтан құтқару, жаңа қоғам орнату мақсатын көздеген екі ағымның болған. Біріншісі – Бұқар мен Түркістан өлкесіне бет бұрған дәстүршіл, панисламшыл ағым болса, екіншісі негізінен Батыс өркениетін үлгі тұтқан жаңашыл, пантүркішіл ағым. Батыс үлгісін жөн санаған ағымның ұйытқысы Әлихан бастаған орыс мектептерінен тәлім тәрбие алған озық ойлы қазақ зиялылары болды.

Топ саяси ұстамдылық танытып, Ресей империясына қарсы ашық күреске шығудың әлі ерте екенін анық түсінеді. Күрес жолдарының алғашқы кезеңі

халықтың сана сезімін оятатын жағдай жасау керек деп білді. Осы мақсатқа бар күш жұмылдырады. Жұмыстың ойдағыдай жүруіне жандармерия басқармасы мүмкіндік бермейді. Үкіметке, саясатқа қарсылық деп, бірталай қуғынға түседі, түрмеге қамалады. Студент кезінен сенімсіз саналып, тізімге ілінген патша билігінің тарапынан бақылауда жүрген Әлихан Бөкейханов Семей түрмесіне қамалады. Самар қаласына жер аударылады. Ендігі жерде ғылыми-шығармашылық қызметпен айналысуға ғана рұқсат береді.

1916 жылы жер аудару мерзімі аяқталған соң, Самардан Орынборға келеді. Бұл қалада Әлихан бірден қаланың қоғамдық, саяси өміріне араласады. Қаладағы қазақтар атынан қалалық думаға депутат болып сайланады. Қайраткердің бұдан кейінгі ғұмыры Алаш идеясын жасап, Алшорда партиясын құру идеяларына жалғасып кетеді.

Ұлы қайраткер мағыналы өмірін халқының азаттық алып, еркін ел болуына арнады. Соңғы демі біткенше сол мақсат жолында жасаған қызметтері де алуан түрлі.

Ресей жергілікті және қалалық қоғам қайраткерлері съезінің делегаты, Ресейдің I Мемлекеттік думасының және мұсылман халықтары съезінің депутаты, IV Мемлекеттік Думаның мұсылмандар фракциясының Бюро мүшесі болды. 1917 жылғы Ақпан төңкерісінен үлкен үміт күтеді. Дегенмен, Ақпан төңкерісі қазақ сияқты халықтарды жарылқай алмады.

Жаңадан құрылған Уақытша үкімет, сонымен бірге өзі мүше кадет партиясы қазаққа автономия беруге қарсы болады. Жер мәселесі жөнінде декеліспеушіліктер болады. Сондықтан да, Ә. Бөкейханов кадеттер партиясынан шығады. Өзімен бірге қазақтан сайланған тоғыз өкілді бастап Томск қаласындағы Сібір автономистерінің құрылтайына қатысады. Болашақ Сібір республикасының құрамында Қазақ аутономиясы құрылмақ болады. Құрылтайдан оралысымен Әлихан қазақ тарихындағы тұңғыш саяси ұйым Алаш партиясын ұйымдастыруға кіріседі.

1917 жылы желтоқсан айында бүкіл қазақтардың құрылтайында Алаш автономиясы жарияланады. Ә. Бөкейханов алғашқы Қазақ республикасының тұңғыш төрағасы болып сайланады.

1917 жылдың қарашасында билікке большевиктер партиясы келеді. Қазақ даласын өз уысынан шығарғысы келмеген отарлық ой большевиктер үшін де жат емес болатын.

1919 жылы большевиктер өкіметі бұрынғы алашордашыларға кешірім жасайды. Осыдан кейін Ә. Бөкейханов қалған өмірін ғылыми зерттеушілікке арнайды. Бірақ 1926 жылы екі рет тұтқындалып, түрмеге қамалады.

Қайраткердің ұлт алдындағы беделінен қорыққан большевиктер өкіметі оны Қазақстанға жолатпай, Ә. Бөкейхановты Мәскеуге жер аударды.. Он жыл үй қамауында отырған Әлиханды 1937 жылы жалған жаламен 67 жасында Мәскеуде ату жазасына жазасына кеседі.

1989 жылы мамырда КСРО Жоғарғы сотының қаулысы бойынша ақталды.

Ә. Бөкейханов үлкен білім иесі болған. Қазақ халқының ерекшеліктерін, танымын, дәстүрін жақсы білген. Халықтың болашағы үшін қажет рухани байлық пен адамгершілік негіздерін, материалдық игіліктердің орнығуының басты қажеттіліктерін айқындап берген. Өз қоғамындағы билік пен халық арасының қажеттіліктерін, қоғам қайшылықтарын, шаруашылық сипаттарын біле отырып, болашақ ұлтқа қажет тұстарда бірнеше ойларды негізгі етеді.

Ә. Бөкейханов қазақ қоғамы үшін қажет тұстар деп:

1. Білім алу, оқу ісін жетілдіру.
2. Өнер, кәсіп үйрену.
3. Мәдениеті дамыған, білімі асқан елдерге бет түзеу.
4. Қазақ билігінің тәуелсіздігі.
5. Дін еркіндігінің болуы.
6. Әдебиет пен тарихты ел дамуына жарату.
7. Халықтың жерге иелегін толық қамтамасыз ету сияқты тұстарға баса назар аударды.

XIX ғасырдың соңында Омбы орман шаруашылығы училищесінде оқытушылық қызмет атқарады. Ғылыми жұмыстармен айналысады. 1896 жылы көрнекті ғалымдардың ұсынысымен Орыс Географиялық қоғамы Батыс-Сібір бөлімшесінің толық мүшесі болып сайланды.

Әлихан Бөкейханов – «Россия. Жалпы географиялық сипаттама» атты көп томдық еңбектің қазақ даласына арналған 18 томының авторларының бірі. Ғылыми жұмыспен қатар қоғамдық-әлеуметтік саяси қызметтерге де белсене араласады. Солардың ішіндегі ең көлемдісі – 1904 жылы қазақ даласына ішкі Ресейден қоныс аударушылар үшін алдын-ала қоныс аудару жағдайын зерттеп, оны әзірлеу мақсатындағы Ф. А. Щербина экспедициясымен бірге болуы.

1911-1914 жылдары Ә. Бөкейханов «Жаңа энциклопедиялық сөздіктің» 4-21 томдарына автор ретінде қатысты.

Қайраткер еңбектерінің бір тақырыбы – қазақ жеріне қатысты. Қазақ жері 1868 жылғы әкімшілік-территориялық реформаға сәйкес қазақтардан тартып алынады. Бұл тұстағы Ресей билігінің отарлық саясатын жаңа бағытта жүргізу идеясына қатысты болды.

Әкімшілік-территориялық реформа бойынша қазақтардан жер тартып алынып, оны мемлекет жері деп жариялады. Бұл негізінен қазақ даласына ішкі Ресейден көшіп келетін қоныс аударушылар үшін дайындалған шара болатын. Қазақ үшін жер ең негізгі байлығы болып саналады. Бұл ата-бабадан қалған мұра болса, екінші жағы мал шаруашылығы үшін жайылым көзі. Жерді жаңа бөліністерге салып, қазақ даласын қайта әкімшіліктерге бөлді.

Әр ру, тайпа өкізінің ата-бабсынан қалған жерлерінен айырылды. Қазақтарды құнарсыз, топырағы сортаң, малға жайсыз жерлерге шығарып тастады. Кей тұстарда қазақтардың өздері солай кетуге мәжбүр болды. Ішкі Ресейден келген қоныс аударушыларға жақсы жайылымды, шұрайлы жерлер бөлініп берілді. Қазақ ішінде бірнеше қарсылықтар мен толқулар болды. Бірақ барлығы күшпен басылды.

Қазақ жеріне арналған мақалаларының бірі – «Қазақ» деген атпен 1913 жылғы «Қазақ» газетінде басылған.

«Біздің қазақ баласы орыс патшасының қол астында тоғыз болыс, бір губернияда» – деп басталып, әр облыс, губерниядағы сандры айтылады.

«Бәрі (бұл 1908 жылғы губернатор обзорындағы есеп) – 4 миллион 499 мың 664 адам.

1898 жылғы есепте қазақ затынан қазақ тілімен сөйлейтін адамның саны 4 миллион 84 мың. Бір жылғы адам баласының таза өсімі мыңға 15 адам. Он жыл аралатып екі есеп алғанда Көкшетау уезінің қазағы мыңға бір жылда 25 адам қосылып өскен. Бұған қарағанда қазақ баласының өсімі өзге халықтардан артық болмаса, кем емес, қазақ жұрты мыңға 15-тен өсіп, 1897 жылы орыс қол астындағы қазақ 4 миллион 84 мың деп есеп қылынса, 1913 жылда 5 миллион 64 мың болады. Бұл есепте Жетісу қырғыздар да бар» [7, 27].

Халық санын айтып, ендігі жерде қандай жерлерді мекен етеді деген мәселелерді қозғайды. Қазақтың бүгінгі саны мынандай, ертеңгі өсімі мынандай болады деп келіп, осы халық қай территорияны мекен етеді, олардың қазіргі мекендеріне қарай жер бөлініс қалай болады деген тұстар қарастырылады.

Әлихан Бөкейханов жоғары білімді экономист және саяси істерге қатысушы қайраткер, экспедиция материалдарымен таныс, ғылым талдау жүргізе белетін зерттеуші ретінде терең сараптау жасап қана қоймай, қазақтың болашақ ісін ойлайды. Сондықтан да, еңбектерінде ең бюастысы халықтың өсіміне, әлеуметтік жағдайына назар аударады. Бұл әлеуметтік жағдай қазақ үшін жермен тікелей байланысты екені де белгілі.

«Киргизы» деп аталатын мақаласында әкімшілік-территориялық реформадан кейін қазақ жерін толығымен мемлекеттік деп белгіліп, тек қазаққағы белгілі ата-тек ұрпақтары ғана жерді өз меншігінде қалдырды. Бұл Ресей империясы үшін қазақты іріту, өз ішінен бөлу, бірлік пен ынтымақтан айыру болатын. Осы саясатпен халықты бөлшектеп, бұған дейін ру-тайпа құндылықтарны бұзды. Осы істің, саясаттың астарын ұққан қайраткер өз мақаласында «была пожалована земля за сомнительные для киргизского народа заслуги» деуі кімнің алдындағы қызмет екендігін меззейді.

«Киргизы считают всю степь своею, в ней нет и пяди земли, на которой не пастись бы, в то или иное время года, киргизский скот; разумеется, за

исключением негодных для пастбища мест, коими изобилует киргизская степь. По закону же вся земля, на которой живут киргизы, считается, как уже выше было отмечено, казенной. По горькой иронии судьбы право собственности на землю в степи имеют только несколько лиц из среды киргиз, предкам которых была пожалована земля за сомнительные для киргизского народа заслуги» [5, 297].

Қазақ пен қоныс аударушылардың арасындағы құқықтық теңсіздіктер қазақтардың әлеуметтік жағдайын төмендетті. Халықтың нашар жерлерге аударылуы, малға жайылымның тарлығы, құнарсыз топырақ т.б. ішкі қайшылықтарды да тудырады. Осыған байланысты туындаған көптеген құарсылықтардың себептерінің бірі – қазақтардың жер тануға қатысты өз түсініктері барекендігін айтады. Бұл жер бөлінісі дөң, қырқа, тау, өзен, көл сияқты географиялық нақты өзгешеліктермен айқындалады. Ал қоныс аударушылар үшін таным басқа. Олар үшін қолдарындағы қағаз құқықтық күші бар. Сондықтан да артық құқықтық ерекшелікті жете біледі, пайдаланады да. Осындай қайшылықтардан туындайтын қазақтардың шарасыз күйін анықтап жаза отырып, олардың танымымен санасу керектігін түсіндіреді.

«Киргизы признают лишь естественные границы земли: хребты гор, луга, реки, озера, увалы, долины-водостоки. Крестьяне же, считая за предел владения вспаханную борозду, совершенно не понимают своих киргизских соседей. На этой почве обычно и возникают столкновения, начинающиеся с перехода киргизского скота через межу крестьянского надела и его потравы. Крестьяне загоняют скот, берут выкуп, и притом настолько крупный, что киргизы стараются при первой же возможности уйти от такого соседства куда-нибудь, хотя бы на новом месте пришлось арендовать или покупать пастбища. И так как крестьяне злоупотребляют иногда своим правом и загоняют скот, пасущийся и не на их земле, а лишь вблизи межи, на земле киргиз, то последние стали сеять вокруг крестьянского надела окаймляя его, таким образом, своей пашней. Киргизы мстят переселенцам по своему, выкрадывая у них скот. В этом отношении между киргизами установилось своего рода молчаливое соглашение» [3, 296].

Ә. Бөкейханов өмірбаянындағы үлкен істердің бірі – Щербина экспедициясы құрамында болған материал бойынша жазған еңбектері құрайды.

Қайраткер қазақ үшін экспедиция рухани материалдарды жинап реттеуімен артық болғандығын айтады. Бірақ экспедицияның нендей кемшіліктері болғандығын да жазады.

«Экспедиция собрала богатейший материал по первобытной культуре киргизов и издала материалы о киргизском хозяйстве в 13 томах.

Но и это не спасло киргиз от потери существенных угодий, пашни, покоса и водопоя, отводившихся в надел крестьянам. Впрочем, это были обычные в русской жизни «маленькие Недостатки механизма». Как ни обширна киргизская степь, лучшие земли ее заняты киргизскими кыстау – поселками, пашнями и покосами. И чины Переселенческого Управления вместо того, чтобы самостоятельно исследовать свойства почвы, просто отнимали пашни и пастбища у киргиз, доверяя агрономическим знаниям последних и полагая, что занятые ими земли должны оказаться пригодными для крестьян.

Благодаря такому оригинальному методу, иные киргизы трижды теряли свои пастбища и пашни, невольно играя роль разведочных агентств Переселенческого Управления» [5, 302].

Әлеуметтік-экономикалық зерттеу үшін ғана емес, саяси-құқықтық реттеулер үшін де Ресей империясы үшін Щербина экспедициясының маңызы үлкен болды.

1896-1903 жылдар аралығындағы белгілі статист Ф. А. Щербина басқаруымен далалық облыстарды зерттеуге байланысты экспедиция шығады. Экспедиция жұмысының материалдары барлығы 13-томдық «Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и разработанные экспедицией по исследованию степных областей» басылымына енген.

«Свод материалов по киргизскому землепользованию, собранных и разработанных экспедицией по исследованию степных областей» бюджет мәселесіне арналды.

XIX-ғасырдың соңы мен XX-ғасырдың басындағы экспедицияның, 1896-1903 жылдардағы. Ф. А. Щербина экспедициясының бағдарламасы 17 тараудан, 93 мәселелерден тұрады.

Негізгі 17 тарауында:

- 1 Рулық бастама.
- 2 Шаруашылық ауылдардың тарихы.
- 3 Жерді пайдалану формасы.
- 4 Мал шаруашылығы.
- 5 Пішен шабу, жер өңдеу, бақташылық және бау егіп өсіру.
- 6 Орман және тоғайлы жерлер, жерді жалға беру.
- 7 Өнеркәсіп және жалақы.
- 8 Алым салық және борыш.
- 9 Қырғыз отбасының ерекшелігі.
- 10 Ортақ шаруашылық істер.
- 11 Сауда, несие.
- 12 Халықтың қажеттілігі.
- 13 Табиғи-жаратылыс жағдайы қарастырылады.

«Қырғыздардың (қазақтардың) жерді пайдалану материалдары...» деп аталатын зерттеу жұмысы 1896 жылы мамыр айында басталды. Ф. Щербина зерттеуінен кейін жүргізілген қайта зерттеулерге қатысты Әлихан Бөкейханов «Қазақ» газетінде «Бұрынғы қазаққа Щербина нормасымен қалған жерді мінеп, неше қайтара кішірейтіп, шұнтитып, көшпелі қазаққа деп жаңа норма шығарды...» – деп патша үкіметіне нала болған пікірін білдіреді [11, 54].

Белгілі статист А. А. Кауфман Ә. Н. Бөкейханның экспедициядағы еңбегінің маңызын ерекше атайды. Зерттеудің әдістемесіне қатысты: «...уақытша комиссияның жергілікті қазақтарға қажетті жер нормасын, олардың шаруашылығына қажетті жер мөлшерін анықтамақ тұрмақ, ол туралы жалпы түсініктері де болған жоқ», деп комиссия мүшелерінің көшпелі қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінен ешбір хабарсыз екендігін тілге тиек етті [4, 57].

Жер мәселесі – қазақ үшін қашан да ең қадірлі, өзекті мәселе. Осы тұста биылғы 2016 жылдың көктемдегі, сәуір айларында басталған жерге қатысты пікірлерде қазақ халқы осыдан бір ғасырдан сағам бұрын Щербина экспедициясы құрамында болған ұлы қайраткер, асқан білімді Әлихан Бөкейхановтың ерлігін қайта еске алды. Бұл туралы ақпарт құралдарында жазды. Мысалы солардың бірінде қайраткер ісін ерлік деп үлгі етеді.

«Біз басты ресурс жерді тиімсіз пайдаланудамыз. Тек сіздердің үш облыстарыңызда ғана пайдаланымайтын 3,5 млн. гектар жер анықталды. Жалға алған, бірақ пайдаланбайды. Бұған жол беруге болмайды. Жалпы, еліміз бойынша 14 млн. гектар ауыл шаруашылығы жері, оның ішінде 5 млн. гектар жайылым жер пайдаланылмайды», – деп атап өтті Мемлекет басшысы. ҚР Президентінің алға тартқан деректеріне сәйкес, Қазақстанда шамамен 180 млн. гектар жайылым жер бар. Оларда бүгінде 6 млн. гектарында ірі қара, 15 млн. гектарында қой-ешкі өсірілуде. Ал, Австралияда 20 млн. гектар жайылымда 27 млн. ірі қара мен 90 млн. қой өсірілетін көрінеді.

Елбасымыз бұл сөзді неге айтты? Шындығында да қазақ жері игерілмей жатыр ма? Ол жер иесіз болса, оның егесі кім болмақ? Қазір бұл мәселе әлеуметтік желілерде де (қараңыз: <https://www.facebook.com/profile.php?id=100003387158087&fref=ts>) кең көлемде талқылануда? Олардың бір бөлігі Мемлекет басшысының бұлай айтуына жерден тапшылық көріп отырған Қытай еліне барған сапары себеп болды десе, екінші тарап «Ресей қазақ жерін сұрап отырған болар» деп долбарлайды. Әрине, Елбасымыздың атына негізсіз кір келтіретін мұндай пікірлер орын алмау үшін Мемлекет басындағы «көкелер» ойлануы қажет. Осындай кезде алаштың айтулы ұлы Әлихан Бөкейхановтың ерлігі еске түседі. Ол 1896-1903 жылдар аралығында Щербина экспедициясына мүше болып, қазақ жерін отарламақ болған орыс

отарлаушыларына «қазақтың жерінде бос жатқан ұлтарактай жер жоқтығын» ғылыми негізде дәлелдеп, қауіптің бетін бір қайтарып тастаған еді» [5].

Ә. Бөкейханов қазақ жерінің ұлттық құндылық екендігін өз танымымен ғана емес, ұлт танымымен өлшейді. Сондықтан да «Материалы по киргизскому землепользованию, собранные и обработанные экспедицией под руководством статистика Ф. А. Щербины» деп аталатын мақаласында: «Исходя из этих данных, мы можем принять, не опасаясь нарушить интересы киргиз, для площадей общего пользования те же нормы, которые нами получены для примизимовочных территорий, т.е. 15 десятин на хозяйство в месяц для 1 группы районов, 17 десятин для 2 группы, 11 десятин для 3 группы и 22 десятины 4 группы районов» [5, 257].

Қазақ жерін, соның ішінде Қарқаралы уезі негізінде бірнеше топтарға бөле отырып, оның жер жағдайына қарай бірнеше топтарға бөледі. Осы топтарды қазақтың қай кезде, қандай мақсатқа пайдаланатынын жазады. Жазып қана қоймай, Ә. Бөкейханов оны мал басымен есептейді. Оны қыстауда пайдаланатын, жайлауда пайдаланаты және шабаныдық ретінде пайдаланатын жерлері екендігін жазып, қазақ жерінде артық жер жоқ. Барлығын қазақ толық өз қажетіне жаратып, пайдаланып отыр деген деректі береді. Деректі беріп қоймай, нақты дәлелмен көрсетеді.

19-ғасырдың аяғы мен 20-ғасырдың бас кезіндегі реформаның екінші бір қазақ үшін қауіпі – қазақ жерлеріне қалалардың түсе бастауы болатын. Қазақтардың уездерге бағындырып, Ресей патшасы билеудегі оңтайлы әдісті жасады. Бұл бүкіл патшалық үшін бір жүйені орнықтыру болатын. Сондықтан да қазақты да осы жүйеге көшіру мақсатында губерния, уездерге бөлініп, губерния мен уезд орталықтары салына бастады. Қала салынған соң, қазақтың мал жайылым жері тарылары сөзсіз. Жатақтардың салынуы қала мәдениетін дамыту үшін қажет болғаны белгілі. Бірақ жайылым жер үшін қолайсыздығын да ескеу керек еді. Осы тұста қазақ зиялылары жердің ерекшеліктері туралы, олардың 20-ғасыр басындағы қандай қажеттіліктерге, қандай сипаттарға қарай бөлінетіндігін анықтап жазды. Сондай мақалалардың бірі – «Жер мәселесі», Кабинет жеріндегі қазақтар» деп аталады.

«Кабинет жері дейтін жер – орыс патшасының өз мүлкі Том губерниясының Алтай округіндегі кабинет жерінің ішінде.

...1899 жылы 31 майда Алтай округіндегі бұрынна отырған елге жер берілсін деген закон шыққан еді. Осы закон бойынша Құлынды, Қарасуықта отырған Қосайдар Қыпшаққа 15 десятинадан ер басына есеп қылып жер берді. Бұл қазақтар күні бүгінге дейін Семей облысы, Павлодар уезі, Орық болысының жазуында. 1911 жылы кестіріп алған жері Баянауыл уезінде, Том губерниясында.

Бұларға жер кесіп берген төрелер өткен февральда көршілес мұжық старшыны арқылы мағлұм қылған: жер қазақтіік деген акті қағазды

(Землеотводная запись) қазаққа береміз, бірақ әуелі мынау қастарындағы мұжыққа бөлек-бөлек болып жазылындар, егер жазылмасаңдар, сендерге жер тимейді, Семей облысына көшеміз деген ақазқтар бұрынғыдай Семей облысында тұрып жер (надел) алмақ» [4, 32].

«190-статьяда жоғарыдағы жер бекітетін акті селениеге беріледі деген. Жер беретін төрелер осы статьяны арқа тұтып, қазаққа қала сал деп отыр. Алтай округіндегі жоғарыда айтылған татар, төлеңгіт қыстауы Құлындыдағы қыпшақ қыстауынан көп болмайды., бұлар қазақтан артығырақ көшпелі. Құлындыдағы Қыпшақ жаз киіз үй тігіп отырғаны болшмаса, жзарытып көшпейді. Бұл 190-статьяда төлеңгіт, татар қала салсын, жер акті соған беріледі деген жоқ» [2, 33].

Қазақ жерінің заңсыздықпен тартып алынып жатқаны да, түрлі заң негізінде алынып жатқаны да жазылды. Қайраткер қазақтың өзін өз жері үшін өзінің үні, дауыс болуы керектігін, өздерінің жерін қорғай алатын тұжырымдары болуы қажеттігін айтады. Халықты қоғамдық сананы қалыптастыруға, ортақ пікір, ой айтуға бағыттайды. Бұл жолда «Қазақ» газетін пайдаланады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта келгенде, қайраткер Ә. Бөкейхановтың XX-ғасыр басындағы публицистикалық еңбектері қазақ жерінің пайдасы үшін, оның өз ұлтына қызмет етуі үшін керек деген ойлармен тұжырымдалды.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 Әлихан Бөкейханов. Шығармалар. – Алматы : Қазақстан, 1994. – 381 б.
- 2 Қойгелдиев, М. Алаш қозғалысы. – Алматы : Ғылым, 2008. – 358 б.
- 3 Қырықбай, А. Тарих және баспасөз – Алматы : Білім, 2011. – 258 б.
- 4 Қойгелдиев М. Тарих – күрес алаңы – Алматы : Дәстүр, 2015. – 388 б.
- 5 Әлихан Бөкейхан. Шығармаларының толық жинағы // Құр. Ж. С. Акқұлұлы. – Астана : Сарыарқа, 2009. – 555 б.
- 6 Нүрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы : Ататек, 1995. – 256 б. (5 б.).
- 7 Қазақ» газеті // Құр. Субханбердина Ү., Дәуітов С., Сахов Қ. – Алматы : Қазақ энциклопедиясы Бас редакциясы, 1998. – 560 б.

Материал 31.05.17 баспаға түсті.

Б. К. Капасова

Статья А. Бокейханова о земельной проблеме

Павлодарский государственный университет
имени С. Торайгырова, г. Павлодар.
Материал поступил в редакцию 31.05.17.

В. Карасова

A. Bokeykhanov's articles about the land problem

S. Toraighyrov Pavlodar State University, Pavlodar.
Material received on 31.05.17.

В статье анализируется статья А. Бокейханова о земельной проблеме казахов в конце 19 века и начале 20 века.

In the article there are analyzed A. Bokeykhanov's works concerning land problems of Kazakhs at the end of the XIX century and the beginning of the XX century.

ӨОЖ 070.1(574)

Б. Қ. Қапасова¹, Т. С. Елікпаев²

¹ф.ғ.к., профессор; ²ф.ғ.к., профессор, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, Павлодар қ.
e-mail: ¹kapasova1979@mail.ru

ҚАЗАҚ БАСПАСӨЗІНІҢ ТАРИХЫ ЖӘНЕ Қ. БЕКХОЖИН ЕҢБЕКТЕРІ

Мақалада қазақ баспасөзі тарихы және баспасөз зерттеушісі ғалым Қайыржан Бекхожин еңбектері талданады.

Кілтті сөздер: баспасөз, газет, тарих, қоғам, мәселе, ұлттық, саяси-әлеуметтік, зерттеу, т.б.

КІРІСПЕ

Баспасөздің, оның ішінде газеттің әлеуметтік қоғамдық өмір саласындағы орнын, қызметтерін саралап берген ғалым-зерттеуші А. Байтұрсынов 1913 жылы «Қазақ» газетінің алғашқы санында: «Газет-жұртқа қызмет ететін нәрсе, олай болатын мәнісі жұрттың білімді, пікірлі, көргені көп көсемдері,

оқығаны көп адамдарды газет арқылы халықтың алдына түсіп, жол көрсетіп, жөн сілтеп, басшылық айтып отырады», – деген болатын [1.10].

А. Байтұрсынов «Қазақ» газетінің оқырмандарына арнау сөзінде былай жазды: «1907 жылғы санаққа қарасақ, Ресейде сол жылы 2173 есімді газет пен журналдар шыққан екен. Оның 1396 рус тілінде, 867 басқа тілде деген деректер бар» [2].

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Қазақ қоғамының барлық рухани, материалдық құндылықтарын көтеріп, ұлт санасын көтерген ақпараттық әлемнің тарихы әлі де болса терең зерттей түсуді қажет етеді. Қазақ мерзімді баспасөзінің Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңін қайта қарау – уақыт талабы. Төл баспасөзіміздің Алаш кезеңі еліміз тәуелсіздік алғанға дейін ғылыми тұрғыдан бір жақты ғана бағаланды. Әлі де терең қарастыратын тұстар мол. Бұның бірнеше тұстарын атауға болады.

1 Қазан төңкерісіне дейінгі қазақ мерзімді баспасөзі ұлттық мүддені көтеріп, елдің біртұтастығын мен шынайы бостандығы жолындағы бірден-бір күрес құралына баспасөзде айналдыру қажеттігін ұқты. Бұл таптық мүддені қолдайтын кеңестік тоталитарлық жүйе идеологиясы қайшы келген еді. Сондықтан да ұлт зиялыларының елдік бағыттағы басылымдарға тарихи шындық тұрғысынан зерттеу жүргізуге тыйым салды. Баспасөздегі ұлттық мүддені көтерген зерттеушілер мен ғалымдарға түрлі тосқауылдар қойды. Ел таихындағы бұл бағыттағы зерттеушілер «ұлтшыл» деп айыпталып, қуғын-сүргінге ұшырады.

2 Қазан төңкерісіне дейінгі газет-журналдардың толыққанды зерттеу жасау мүмкіндігі болмауының келесі бір себебі – қазақ жазуының ғасыр басында бірнеше рет өзгеруі де себеп болды. Ұлт әліпбиі (графикасы) арабшадан латыншаға (1929), одан кириллица жазуына (1940) көшірілді. Бұл – тарихи құнды мұрағаттарды ұлт игілігіне жаратуда үлкен кедергілердің бірі. Әліпбидің ауысуы кейінгі ұрпақ үшін мұрағат материалдарын түпнұсқалық негізде оқуға қиындық келтіріп отыр.

3 Ұлттың құнды рухани мұрасы болып табылатын Алаш баспасөзінің материалдары мұрағаттарда әлі де көпшілігі ашыла қойған жоқ. Халықтың асыл мұралары кеңес елінің әр қиырынан толық жинала қоймағаны белгілі.

Алғашқы қазақ мерзімді баспасөзі туралы мәселе көтерген ұлт қайраткерлері М. Дулатов, С. Сәдуақасов, М. Әуезовтер екені анық.

М. Дулатов «Еңбеші қазақ» газетіне жариялаған «Баспасөзіміз не күйде» атты мақаласында Қазақстанда шығатын газет-журналдардың арасынан жастардың «Өртен» газетін атап, жалпы баспасөзді дамытудың әдіс-амалдарын көтереді.

С. Сәдуақасов өзінің ғылыми-публицистикалық «Жастарға жаңа жол» деп аталатын еңбегінде Қазан төңкерісіне дейін жастардың «Бірлік»

ұйымының «Балапан» жазба журналын шығарғандығы жөнінде мәліметтер келтіреді.

Баспасөздің рөлін арттыру үшін РК(б)П Қазақ өлкелік комитетінің секретариаты мен ұйымдастыру бюросы 1925 жылы наурыз және қазан айларында, 1926 жылы 2 сәуірде «Жетекші қазақ баспасөзі» деп аталатын қаулы сегіз қабылдайды. Осы қаулыларды негізге ала отырып, партия органдары баспасөзге басшылық жасап, газет, журнал редакцияларына партияның саясатын насихаттауға қабілетті қоғам қайраткерлерін тартты. 1926 жылы 10 мамырда өлкелік партия комитетінің жаңадан құрылған баспасөз бөлімінің меңгерушісі болып Т. Рысқұлов тағайындалады. Қазақстанда баспасөз саласын дамыту жайында бірқатар мақалалар жазып, жастар баспасөзін дамыту мәселелерін жан-жақты талқылады.

Қазақ халқы тарихының кейбір мәселелерінің баспасөзде көтерілуі, халықты білімге, өнерге баулып, олардың рухани дүниесінің өсуіне ұлт зиялылары, ағартушылар, ақын-жазушылар өз үлесін қосып отырған.

С. Мұқановтың «Қазақ халқының мақтанышы» – атты мақаласында қазақ халқының өнер-білімге жетудің, оны меңгерудің жолын сызған қазақ тарихында Шоқан, Абай, Ыбырайлардың еңбектері айтылады. Олардың кейінгіге қалдырған насихаттары оқу-білім үйрену, жаңа заман жаршысы болу екендігін айтады. Біздің заманда өнерлі, білімді болам деген адамға, соған апаратын жол атаулының бәрі де жарқын, даңғыл екендігіне жар етіп, соын мақтан еткен жазушы С. Мұқанов халықты білімге, өнер шыңына өрлеудің жолын көрсетеді. Бұл қазақ баспасөзінің тарихында насихат, үгіт, ақыл беру дәстүрінің үздік үлгісі болып қала береді.

Қазақ баспасөзі ісіне байланысты деректерді Кеңес өкіметі Коммунистік партиясының съезд, пленум, конференциялары қаулы-қарарлары және баспасөз мәселелеріне қатысты құжаттар мен материалдарынан, статистикалық жинақтардан, баспасөз материалдары мен мұрағат құжаттарынан, ғылыми және саяси әдебиеттерден кездестіруге болады.

20-ғасырдың бас кезінен басталған қазақ баспасөзі 20-жылдардың басында өркен жайып дамыды. Қазақ баспасөз саласын дамытуға қазақ зиялылары А. Байтұрсынов, М. Сералин, М. Қаратаев, М. Әуезов, Н. Құлжанова, М. Дулатов, М. Қазанғапов, А. Асылбеков, Ш. Тоқжігітов, Т. Рысқұлов, Б. Майлин, Ж. Аймауытовтар және т.б. белсене қатысты.

Қазақ баспасөзінің мәселелері «Қазақ», «Айқаптан» басталып, «Еңбекшіл қазақ», «Қазақ тілі» газеттері мен «Қызыл Қазақстан», «Шолпан» журналдарында және басқа мерзімді басылымдарға жарияланған мақалаларында айқын көтерілді.

Мерзімді баспасөз тарихы ғалым С. М. Бабинцев пен А. Сексенбайұлының еңбектерінде қарастырылып, 20-ғасыр басындағы кезеңі әсіресе

20-30-жылдардағы мерзімді баспасөз, яғни қазақ және орыс тілдерінде шығып тұрған газеттер мен журналдар туралы құнды мәліметтерге талдау жасалды.

Кеңес өкіметі 20-ғасыр басындағы қазақ мерзімді баспасөзінің көптеген басылымдарын жауып тастады. Ұлттық құндылықтарды көтеріп, халық тілегін жазған газет-журналдарға «ұлтшыл» айыбымен зерттеуден тыс қалды.

«Қазақ», «Алаш», «Сарыарқа», «Ұран», «Бірлік туы», «Жас азамат» сияқты газет журналдарда жарық көрген А. Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы, Ә. Бөкейхан, М. Шоқай, Х. Досмұхамедұлы, М. Тынышбайұлы, Х. Ғаббасұлы, С. Қожанұлы, Н. Төрекұлы, Т. Шонанұлы т.б еңбектерінде ұл қайраткерлерінің халық тілегі, ұлттық мүддені көтере жазған публицистикалық мақалалары зерттеуден тыс қалды. Тек тәуелсіздіктен кейін ғана ғылыми айналымға түсіп, өзінің тісті бағаларын алып та үлгерді.

Төл баспасөзіміздің тарихын ежелгі тас ескерткіштердегі ақпарат үлгілерінен бастап, 19-ғасырдың екінші жартысына дейінге аралықтағы түрлері Кеңестік дәуір (1917-1990) мен 1991 жылдан басталатын тәуелсіздік жылдарына дейінгі қалыпта қоғаммен байланыста көп өзгешелік бар екені белгілі.

Қазақ баспасөз тарихын зерттеу журналистикада да өріс алды. Бұл зерттеулердің басты кемшілігі қазақ баспасөзінің қалыптасуы мен дамуы таптық тұрғыдан қарастырылды. Баспасөз дамуы коммунистік идеологияны дәріптеуіне қарай түсіндірілді.

Қазақ баспасөзінің тарихын зерттеу 20-ғасырдың 40-жылдарындағы Қайыржан Бекхожиннің «Дала уәлаяты газеті – бірінші қазақ газеті» деген тақырыптағы кандидаттық диссертациясынан бастау алады.

«50-жылдың басында қазақ баспасөзінің тарихын зерттеуде жаңа серпіліс пайда болды.

20 жж. жарық көрген кеңестік мерзімді басылымдар тарихын қарастырған Б. Кенжебаев пен Х. Бекхожиннің ғылыми еңбектері кітап болып басылып шықса, ғалым С. Н. Имашев Қазақстандағы жергілікті баспасөзді қалыптастыру мен нығайтудағы коммунистік партияның рөліне қатысты кандидаттық диссертация қорғап, жариялаған еңбектерінде 1917-1925 жылдар аралығында орыс, қазақ тілдерінде шыққан басылымдардың партияның ұсынған міндеттерін орындау барысы мен журналист кадрларын даярлаудағы бағыттарын ашып көрсетпекке талпыныс жасады. Алайда оның зерттеу еңбектерінде коммунистік партия идеологиясын дәріптеу, кеңестік-партия баспасөз тарихын марксизм-ленинизм еңбектері мен пленум шешімдеріне сүйене негіздеу, таптық-партиялық методологиялық көзқарас тұрғысында бағалау орын алды [3, 6].

Баспасөз тарихын зерттеуші Т. Амандосов Верный қаласында 1918 жылдан бастап қазақ және орыс тілдеріндегі газеттер шықты. Бұл

басылымдар үкіметтің қаулыларды насихаттағанын айтып, іс-шараларын нақтылайды. Онда көтерген мәселелерді талдайды. Т. Қожекеев пен Б. Кенжебаев бірлесе шығарған кітапта 20-30 жылдары шыққан газет-журналдардың қалыптасу барысына тоқталады. Осы кезеңдегі әр газет пен журналдарға қысқаша мазмұндама беріп, баспасөз ісінің теориясы мен тәжірибесінің түйінді мәселелерін шешуге атсалысты.

60-70 жылдары Н. Сыздықов, М. Бурабаев, Х. Бекхожин, Т. Амандосов және т.б. авторлардың бірлесе жазған еңбектері, сондай-ақ С. Н. Имашевтің монографиялық еңбегі жарияланды. Бұл кітаптарда Қазақстанда қалыптасқан мерзімді баспасөз тарихының рөлі нақтылана көрсетілді. Мерзімді баспасөздің Кеңес халқын тәрбиелеудегі идеологиялық бағытына баса баға берілді.

Қазақ баспасөзінің қалыптасу тарихын зерделеуде ғалым Қ. Н. Бекхожиннің монографиясы басқа еңбектерден жаңашылдығымен ерекшеленді.

Автор 1860-1930 жылдардағы қазақ баспасөзінің пайда болуы, қалыптасуы мен даму жолдарын талдайды. Еңбекте әр кезеңдерде шыққан газет-журналдардың қазақ қоғамындағы алған рөлін анықтап көрсетеді. Әр басылымның үкіметтің, қоғамның мерзімді баспасөзді дамытудағы қойған міндеттері мен нұсқауларын орындаудағы қызметін, орнын, мәнін айқындайды.

Қазақ журналистикасын Кеңестік кезеңіне қатысты зерттеулерде баспасөз саласының қалыптасуы туралы А. И. Юрко, Е. П. Прохоров, С. С. Матвиенко, Г. А. Кожевников, В. В. Ученова, Н. Исмаилов, Е. Т. Таиева және т.б. ғалымдардың еңбектері жарияланды. Бұл еңбектерде Кеңес жүйе дәріптеліп, ұлттық құндылықтарды дамытудағы баспасөз маңызына назар аударыла қоймады. [4].

Баспасөзде қазақ мерзімді басылымдарына арналған К. Ақтамбеков, С. Нығметов, Б. Қорқытов, Т. Қожекеев, А. Сейітовтардың мақалалары жарық көрді. Бұл мақалаларда ғасыр басындағы кейбір газет-журналдардың шығуы мен олардың редакторлары, тілшілері жайында мәліметтерді көрсете отырып, бұл басылымдардың еңбекші тапты коммунистік рухта тәрбиелеудегі маңыздылығы нақтыланды.

Зерттеуші А. Ыдырысов Қазақстан компартиясының 1926-1932 жж. партия-кеңес баспасөзін одан әрі дамыту қызмет барысына арналған кандидаттық диссертация қорғап, Қазақстанда баспасөзді қалыптастырудағы партияның басшылық рөлі мен үкіметтің қаулы-қарарларын орындаудағы үгіт-насихат бөлімдерінің қызмет барысын ашып көрсетсе, ал Л. М. Ахметова кандидаттық диссертациясында Қазақстан баспасөзіндегі әйелдердің рөлі мен оларды социалистік құрылысқа жұмылдырудағы партияның рөлін айқындаған [5].

М. Дулатов «Еңбекші қазақ» газетінің 1923 жылғы 5 мамырдағы нөміріндегі «Баспасөз үммесі» атты мақаласында: «Төңкерістің алдында Россияда 2500 шамалы газет, журнал шығатын еді. Орыстан өнерлірек жұрттардың газет, журналы мұнан да көп еді, ...қазағы, қырғызы бар Қазақстан, Түркістанды қоса санағанда бұл күнге шейін шығып, тоқтаған һәм шығып тұрған газет, журналдар мыналар», – дей келе, 42 басылымның атын атайды.

80-90-жылдары мерзімді басылым беттерінде 20 ж. басында жарық көрген кейбір басылымдар мен олардың қызметкерлері жайында М. Арғынбаев, Б. Мұстафин, Т. Смақов, Қ. Ажаров және т.б. мақалалары жарық көрді.

1985 жылы С. Н. Имашевтің «Свет ленинских идей» деп аталған таңдамалы еңбектерінің жинағы басылады. С. Имашев Қазақстандағы баспасөздің қалыптасуы мен даму барысы, республикадағы ең алғашқы газеттер, азамат және халық шаруашылық, социалистік құрылыс кезеңін коммунистік идеялармен байланыстырады [6].

Ғалымдар Қ. Н. Бекхожин, С. Қ. Қозыбаев, С. С. Матвиенколар қазақ журналистикасының тарихы турасында жазған еңбектерінде 1917 жылдан бастап Қазақ АКСР-де орыс және қазақ тілдерінде шыға бастаған газет-журналдарға тоқталған. Бұл еңбекте авторлар мерзімді басылымдардың шығу, пайда болу тарихы мен оның айдарлары жөнінде мәліметтер мен түсініктер береді [7].

Қазақ баспасөзін зерттеу барысы 90-жылдардан бастап жаңа аранға ауысты.

Ғалымдар С. Қозыбаев пен Ж. Бекболатов «Өмір айнасы» атты еңбектерінде «Социалистік Қазақстан» газетінің 20-30 жылдардағы қызметі мен онда көтерілген мәселелерді талдауға назар аударады. Еңбек коммунистік партия идеологиясы мен асыатының үстем еткен кезеңінде жазылды. Әрі «Социалистік Қазақстан» газетінің өзі де басты идеолог басылым болатын, сондықтан да болар, газеттің ұстанып отырған бағытын «партиялық пен идеялық, партияның революциялық қайта құру саясатын одан әрі жүзеге асыру жолындағы күрес, жолымызға бөгет болатын кемшіліктерді батыл сынау» деп көрсеткен [8].

1991 жылы Қазақстанның егемендік алуымен ұлттық журналистика коммунистік идеологияның ықпалынан арылды. Баспасөздің ұлттық құндылықтар мен гуманитарлық, демократиялық қағидалар мен жалпыазаматтық құндылықтар бағытында дамуы мәселене жаңа көзқараспен бағалауды алға шығарды. Бұл журналистиканың дамуына кең мүмкіндіктерге жол ашты.

Тәуелсіздік жылдары баспасөз мәселесіне арналған Т. Қожакеев, Қ. Аллаберген, Ж. Нұсқабайұлы, Ф. Оразайдың еңбектері жарық көріп, ұлттық баспасөз тақырыбын жаңа мазмұнда игеруге жол ашты [9].

Қазақ баспасөзі тақырыбында іргелі талдаулар, тың тұжырымдар қалыптастырған деректанушы ғалым – Қ. Атабаев. Ғалымның «Қазақ баспасөзі Қазақстан тарихының дерек көзі (1871-1918)» атты монографиялық еңбегі осы салаға арналған. 19-ғасырдың екінші жартысы мен 20-ғасыр басында жарық көрген қазақ басылымдарының ерекше құнды жазба дерек көзі екендігін дәлелдейді. Мерзімді басылымдар деректанулық талдау жасас, жұмыс тәсілдері мен жолдарын ұсынады. Тың тұжырымдар беріп, пайымдаулар жасайды.

Деректануға арналған оқу құралында мерзімді басылымдар жаңа дерек көздерінің маңызды түрі ретінде қарастырылып, олардың ерекшеліктері мен маңызы және бүркеншік есімдер туралы толымды тұжырымдар айтады [10].

Қазақ журналистикасының тарихыны зерттеуші Ү. Субханбердина, С. Дәуітов, Қ. Саховтар «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетіндегі материалдарды жүйеледі. Осының негізінде талдап энциклопедиялар құрастырды. «Қазақ» энциклопедиясында «Қазақ» газет бетінде басылған материалдар жинағы жүйеленген. Кітапқа 1913-1918 жылдардағы «Қазақ» газетінде жарияланған тарихи, саяси-әлеуметтік, қоғамдық, мәдени, әдеби тқырыптардағы материалдар енген. Ғалымдар еңбегі мазмұнының құндылығымен қатар, танымдық, тәрбиелік мәнімен де қымбат. «Қазақ» кітабы: «1913 жылы, 1914 жыл, 1915 жыл, 1916 жыл, 1917 жыл, 1918 жыл, «Құрастырушыдан», «Қазақ» газетіне қастысты мұрағаттық құжаттар, есімдер көрсеткіші, «Бүркеншік есімдер көрсеткіші», «Ашылмаған бүркеншік есімдер» деген тарауларға бөлініп, осы тақырыптар бойынша зерттеулер жасалған [2].

Бүгінгі қазақ журналистикасы тарихының зерттеулері бірнеше салаларға бөлуге болады.

- 1 Кезеңдік зерттеулер.
- 2 Тақырыптық зерттеулер.
- 3 Жанрлық зерттеулер.
- 4 Жеке авторлардың тарихына қатысты зерттеулер.
- 5 Өңір, аймақтарға бөле отырып жүргізілген зерттеулер.
- 6 Жекелеген ғалымдар еңбектеріне талдау жасаған ғылым еңбектер.
- 7 Мерзімді баспасөздің жеке түрлеріне талдау жасаған зерттеулер.

Қайыржан Нұрғожаұлы Бекхожин 1910 жылы Павлодарда туған. Бекхожин–қазақ журналистикасын зерттеуші ғалым. Қазақ Ұлттық Университетінде ұлттық баспасөз, ақпарат саласының мамандарын дайындағын білікті ұстаз, қазақ журналистикасын қалыптастырушылардың бірі.

1942 жылы Қазақ мемлекеттік университетін бітіреді. Қайыржан Бекхожин – 1965 жылы тарих ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін қорғайды, 1976 жылдан профессор.

Алғашқы журналистік қызметін аудандық «Колхоз» газеттеріне хат-хабар жазудан бастап, 1929 жылы Павлодар округтік «Кеңес туы» газетінен бастайды. Павлодар округтік «Кеңес туы», «Колхоз» газеттерінде тілшілік қызметте жүрген публицистикалық қызметінің алғашқы кезеңінде елді ұжымдастыруға жұмылдыру, кедей тапты, бұқараны жаңа тұрмыс, социалистік шаруашылыққа насихаттау, ауыл өмірін жақсартуға үгіттейтін шағын хабар, мақала, очерктерін жазады.

30-жылдары саяси-шаруашылық науқандарға белсене қатысады. Ел өмірімен танысып, халық мұң-мұқтажын, рухани байлықтарны ерте таниды. 20-ғасыр басындағы Қазақстан ауыл тілшілерінің қозғалысына қатысты.

Еңбек жолын бастаған шақта 1939 жылы Павлодар қаласындағы Округтік тұтынушылар одағында мәдениет қызметкері болады.

1931 жылдан Павлодар аудандық №14 ауылдық кеңес төрағасы, 1932 жылы Семейге келіп, 1935 жылға дейін әртүрлі кеңестік өкіметтің басшылық қызметтерін атқарады.

Семей облыстық «Екпінді» газетінде 1935-1939 жылдары қызмет етеді. Ұлы Отан соғысы жылдарында 1942-1945 жылдары Қостанай облыстық «Большевиктік жол» газетінің редакторы болады.

Ұлы Отан соғысы аяқталған соң, 1945-1979 жылдары Қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетінің аға оқытушысы, деканы, кафедра меңгерушісі болып қызмет атқарып, қазақ журналистерінің алдыңғы легін тәрбиелейді.

20-ғасырдың басында қарқынды дамыған ұлттық бағыттағы қазақ журналистикасы репрессиядан кейін, одан кейінгі Ұлы Отан соғысы жылдарынан соң өз дамуын тежегені белгілі. Кеңестік идеология ұлттық мүддені емес, коммунистік саясатты алға шығарып, халықтың рухани байлықтарынан қол үздірді. Осы кезде Қ. Бекхожин алдыңғы қатарлы, ұлт мақсаттарына, мұраттары жолында қызмет ететін шәкірттер тәрбиеледі.

Қайыржан Нұрғожаұлының 60-тан астам ғылыми мақалалары мен «Қазақ баспасөзінің даму жолдары (1860-1930 жылдар)» атты монографиялық кітабы қазақ ғылымына қосқан баға жетпес үлес. Сонымен бірге қазақ журналистикасының негізін жасаушы ретінде құнды еңбектер авторы деп бағаланады.

Бекхожиннің «Қазақ баспасөзінің даму жолдары (1860-1930 жылдар)» атты монографиясы – қазақ баспасөзінің жетпіс жылдағы тарихын терең зерттеген көлемді де, құнды, маңызы жоғары зерттеу. Бұл монографияда ғалым қазақ баспасөзінің пайда болу, қалыптасу және даму тарихын нақты баспасөз дәлел-дәйектерімен ғылыми негізде зерттеп шығады. Сонымен бірге бұған дейін зерттеу назарына алынбаған, қазан революциясына дейін жарық көріп тұрған газет-журналдар қызметіне ерекше тоқталады.

«Түркістан уәләятының газеті», «Дала уәләятының газеті», «Қазақстан» газеті, «Айқап» журналдары туралы толымды да қажетті ой-тұжырымдар жасайды. Аталған баспасөздің қазақ руханиятындағы қызметі мен ұстанған бағытына талдау жасайды.

Ғалым еңбегінің маңызы Кеңес кезеңінде бұған дейін басылымдарды шығарушылар ұлтшыл, авторлары керітартпа, бағыты саяси идеологияға жат деп келген басылымды терең зерттеп, аталған газет-журналдарға объективті баға бере білуінде.

«Түркістан уәләятының газеті», «Дала уәләятының газеті», «Қазақстан» газеті, «Айқап» журналдарының авторлары 20-ғасыр басындағы қазақ халқының саяси бостандығын, рухани еркіндігін жазды. Ұлттың оқу-ағарту, өнер үйренуіне назар аударды. Халықтың тұрмысы мен шаруашылығының жайын зерделеді. Жұртқа ой салатын, көңілдеріне қозғау түсіретін толғамды пікірлер айтты, тұжырымдар жасады. Сондықтан да ғалым Қайыржан Бекхожинді Кеңес өкіметі саясатына қарсы келді деп, «байшыл-ұлтшыл керітартпа бағыттағы басылымдарды дәріптеуші» деген айып тағылды. Түрлі талқылаулар мен ғалымдық, саяси ұстанымына қатысты қысым көрсетілді.

Ғалым Қайыржан Бекхожиннің қазақ баспасөзінің жанашыры ретінде ұлт басылымдарын жинаушы, оны қадірлеуші, кейінгі ұрпаққа жеткізуші де. Бұған дәлелді «Садақ» туралы зерттеуінде ғалым Т.Кәкішұлы айтады [20].

«Садақ» журналы сияқты алғашқы қазақ оқығандарының басылымы «Ұранға» да қатысты осы ойлар айтылады. «Ұран» газеті туралы қазақ тарихында мәліметтер болғанымен, оның шығарушылар мен авторлар, басылым туралы мағлұматтар жеткіліксіз еді. Кейіннен басылымды тауып, зерттеп, ғылыми айналымға түсірді. Осы тұста ғалымда басылым туралы алғашқы мәлімет айтушылардың бірі – Қайыржан Бекхожин екендігін айтады.

Қ. Бекхожин 1964 жылы шыққан кітабына толықтырулар енгізеді.

Қазақ баспасөзінің хронологиялық жылдарын 1958 жылға дейін жазады. Қазақ баспасөзінің қалыптасу тарихына, 1860-1958 жылдар аралығындағы әрбір басылымдарға қысқаша тоқталады.

Қазақстанның экономикалық, саяси және мәдени құрылысындағы өзгерістердің орыс және қазақ тілдеріндегі баспасөзде тартылу, насихатталу жайын анықтауға көңіл қойды. Дегенмен еңбектің Кеңестік жүйеде жазылғандығынан да, таптық-партиялық идеология ықпалы болғаны анық.

Қазақ баспасөзі тарихын зерттеудің аталған қиындықтары туралы айтқан кезде аталған саяси, әлеуметтік, қоғамдық және басқа да кедергілерге қарамастан, ауыртпалықтарды жеңе білген ұлттық журналистика ғылымының негізін қалаушылардың алдыңғы легіндегі ғалым Қайыржан Бекхожиннің еңбегіне қатысты.

Қазақ журналистикасының білімі мен ғылымының қалыптасып, дамуына мол үлес қосқан үлкен ұстаз, зерттеуі мен зерделеуі терең ғалымның ғылыми еңбегі Алаш баспасөзімен байланысты. Алаш қайраткерлері туралы айтуға тыйым салған кеңестік әкімшілік-әміршілдік жүйенің күшейіп тұрған шақта шындыққа араша түсуге талпынысы ерлікпен пара-пар екені сөзсіз.

Профессор Қ. Бекхожин қазақ баспасөзінің тарихын екі дәуірге бөлсе, ғалымның әріптесі, профессор Ә. Ыдырысов та зерттеу еңбектерінде дәл осылай қарастырды. Бұл жөнінде профессор Ыдырысов: «1870-1917 жылдар аралығында шығып тұрған газеттер мен журналдар-қазақ қоғамының Ресей патшалығының тұтас отарлау езгісіне түскен заманға сәйкес келді. Сондықтан ол халықты шын мәнінде біртұтас ұлт етіп біріктіру күресін уағыздайды, жүргізе де ұйымдастыра алмады. Табиғаты жағынан-балаң күйде, ұйымдық жағынан негізсіз, сипаты жағынан жалтақ, жағымпаз, екіжүзді, қорқақ, тұрақсыз, жалпысөзді болды» деп жазды.

Қазақ журналистикасының екінші дәуірі бұл – «Қазан төңкерісі» деп аталатын 1917 жылдан кейінгі, 1985 жылға дейінгі 80 мыңға жуық әкімшілік-әміршілдік, коммунистік-кеңестік аралық. Қазақ баспасөзінің үшінші кезеңі деп 1985-1991 ж аралығы мен тәуелсіздік алған жылдан бастап бүгінгі күн аралығын атайды.

Қазақ баспасөзінің өткен жолына қатысты қалыптасқан ой-тұжырымдар қазақ журналистикасының тарихына арналған зерттеулер мен оқулықтарда ғалым Қ.Бекхожин зерттеулеріне дейін жоққа тән болатын.

20-ғасыр басындағы басылымдарда қазақ зерттеушілері мен ұлт зиялылары арасында қазақ баспасөзінің қызметіне, жайына, бағытына арналған еңбектер баршылық болатын.

20-ғасыр басындағы ұлт зиялылары – «Ұлт ұстазы» болуымен қатар қазақ баспасөзінің негізін қалаушылар. К. Бейсенбаев, Қ. Бекхожин, Ү. Субханбердина сияқты ғалымдар қазақ баспасөзінің тарихына арналған алғашқы зерттеулерге ден қойғандар ұлт зиялылары болды. Бұл ғалымдар баспасөз тарихын зерттеп қана қоймай, оның қазақ қоғамы үшін қызмет ету жолында аянбай еңбектенді.

Ғасыр басындағы ұлт зиялыларының ерлігі мен еңбегі ұлт мүддесі үшін қайта жанданды. А. Байтұрсынов, М. Дулатов, М. Сералиндер басылымдардың ұйымдастырушысы да, редакторы да, авторы ретінде ауқымды жұмыстар атқарды. Алғашқы қазақ басылымдарының хал-ахуалы, бағыт-бағдары, көтерген мәселесі, халық арасына таралымы туралы М. Дулатов бірнеше мәрте қайыра жазды. Осылайша, қазақ баспасөзінің тарихын зерттеуге алғаш ден қойған ұлт зиялылары да баспасөздің зерттеуші, жианушы, сол басылымдардың авторлары туралы терең пікір айтушылар да болды.

Қазақстанның журналистика, тарих салаларында баспасөз тарихын зерттеу проблемасы тек 40-жылдың соңында ғана қолға алынып, әдебиетші ғалым Қ. Бекхожин «Дала уалаяты» -қазақтың тұңғыш газеті» атты кандидаттық диссертация қорғап, 1888-1902 жылдар аралығында шығып тұрған бұл газеттің көтерген мәселелерін айқындап берді. Ұлттық баспасөз тарихының білгір маманы Б. Кенжебаевтың қазақ баспасөзінің тарихына арнап 50-жылдардың басында «Қазақ баспасөзі тарихынан» атты еңбегінің маңызы айрықша екендігі даусыз. Бірақ бұл еңбек шығысымен бірден сынға ұшырап қуғындалды.Сынға ұшыраған қазақ баспасөз тарихына арналған басқа да ғылыми еңбектер аз болмады. «Социалистік Қазақстан» газетіне жарияланған мақалада «Қазақ баспасөзінің тарихын зерттеудегі өрескел қателіктер»аттымақала жарияланды: «Бұл еңбектер халқымыздың тандау -талғамына сай емес, тарихи шындық бұрмаланған, бұқпа-жалтағы көп, маркстік-лениндік тұрғыдан баяндалып жазылмаған құнсыз еңбектер» -деді оның авторлары Б. Қорқытов пен Ә. Досбаев,- «Қазақ баспасөзінің тарихын зерттеудегі мұндай қателер мен бұрмалаушылықтарды ақырына дейін шешіп, идеология майданын зиянды шығармалардан батыл тазарту керектігін алға тартады. Осындай қатаң қадағалаудың кесірінен ұлттық баспасөз тарихын объективті тұрғыдан зерделеу мүмкіндігі жабылып, зерттеушілер әкімшіл-әміршіл жүйе, кеңестік идеология аясынан шыға алмады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта келгенде, ғалым Қайыржан Нұрғожаұлы Бекхожин – қазақ журналистика тарихын зерттеуші. Ғалым еңбектері қазақ журналистикасының терең талданған, ұлттық санаға әсер еткен басылымдарын талдауымен өзгеше.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Қырықбай, А.** Тарих және баспасөз – Алматы: Білім, 2011. – 258 б.
- 2 «Қазақ» газеті // Құрастырушылар: Субханбердина Ү., Дәуітов С., Сахов Қ. – Алматы : Қазақ энциклопедиясы Бас редакциясы, 1998. – 560 б.
- 3 **Смагулова, С. О.** «20-ғасырдың 20-30-жылдарындағы қазақ мерзімді баспасөзі: шығу тарихы мен деректік маңызы». Тарих ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның Авторефераты. – Алматы, 2010.
- 3 **Мажитов, С. Ф.** Формирование исторического сознания в Республике Казахстан: реалии и перспективы // Современное состояние и перспективы развития исторической науки Казахстана и России: Сборник материалов Междунар. науч.-практ. конф. / Под ред. С. Ф. Мажитова. – Алматы : Тарих тағылымы, 2008. – 424 с.

4 **Ыдырысов, А.** Қазақстан коммунистік партиясын 1926-1932 жылдардағы республика партия-совет баспасөзін одан әрі дамыту жөніндегі қызметі: т.ғ.к. дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 1972. – 196 б; Ахметова Л. М. Қазақстан баспасөзінің әйелдерді социализмге жұмылдыруы. – Алматы, 1974. – 193 б.

5 **Ыдырысов, А.** Қазақстан коммунистік партиясын 1926-1932 жылдардағы республика партия-совет баспасөзін одан әрі дамыту жөніндегі қызметі: т.ғ.к. дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 1972. – 196 б; Ахметова Л. М. Қазақстан баспасөзінің әйелдерді социализмге жұмылдыруы. – Алматы, 1974. – 193 б.

6 **Имашев, С. Н.** Свет ленинских идей. Избранные труды. – Алма-Ата : Казахстан, 1985. – 472 б.

7 **Бекхожин, Х. Н., Козыбаев, С. К., Матвиенко, С. С.** Очерки истории журналистики. – Ч. I. – Алма-Ата : Казахстан, 1988. – 192 с.

8 **Қозыбаев, С., Бекболатов, Ж.** Өмір айнасы. – Алматы : Қазақстан, 1990. – 88 б.

9 Қырықбай Аллаберген, Жарылқасын Нұсқабайұлы, Файзолла Оразай. Қазақ журналистикасының тарихы. – Алматы : Рауан, 1996. – 244 б.

10 **Атабаев, Қ.** Қазақ баспасөзі – Қазақстан тарихының дерек көзі (1870-1918). – Алматы: Қазақ университеті, 2000. – 358 б. Атабаев Қ. Деректану: Оқу құралы. Толықтырылып 2 бас. – Алматы : Қазақ университеті, 2007. – 272 б.

11 Қазақ баспасөзінің қара нары. [Электрондық ресурс]. – <http://thenews.kz/2011/03/05/753894.html>

12 **Тоқмәмбетов, Т., Ахметова, А.** «Ұран газеті – Алматы мен Астанада» [Электрондық ресурс]. – <http://danakaz.kz/uran-kitaby-astana-men-almatyda>

Материал 31.05.17 баспаға түсті.

Б. К. Карасова, С. Т. Еликпаев

История казахской журналистики и труды Х. Бекхожина

Павлодарский государственный университет
имени С. Торайгырова, г. Павлодар.

Материал поступил в редакцию 31.05.17.

В. Карасова, С. Еликпаев

History of Kazakh journalism and works of H. Bekhozhin

S. Toraighyrov Pavlodar State University, Pavlodar.

Material received on 31.05.17.

В статье анализируется история казахской журналистики в 1940-1980 гг. Рассматриваются труды ученого Хайыржана Бекхожина.

The article analyzes the history of Kazakh journalism in 1940-1980s. We consider the works of the scientist Hayyrzhan Bekhozhin.

ӘОЖ 81'373.233

Ж. М. Қоңыратбаева¹, М. Ж. Тусупбекова²

¹ф.ғ.к., профессор м.а.; ²п.ғ.к., доцент, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.

e-mail: zhanarkon@mail.ru

ТІЛ КЕҢІСТІГІНДЕГІ ВИЗУАЛДЫ АҚПАРАТТАРДЫҢ ПРАГМАТИКАСЫ (АСТАНА ҚАЛАСЫ МЫСАЛЫНДА)*

Мақалада ҚР-ның бас қаласы – Астана урбанонимиясы тіл кеңістігіндегі визуалды ақпараттардың, оның ішінде эргонимдер жүйесінің прагматикалық сипаты талданады. Тілдік визуалдылықты танытушы негізгі бірлік ретінде іскери қызмет орындарының атаулары қарастырылып, қала кеңістігіндегі тілдердің жұмсалым үдерісі сарапталады. Тілдік визуалдылықтың тұтастай бейнесін зерттеу мақсатында жергілікті тұрғындар арасында жүргізілген әлеуметтік сауалнама нәтижелері талдауға түсіп, түйіндер жасалады.

Кілтті сөздер: тілдік визуалдылық, тіл саясаты, ономастикалық кеңістік, урбанонимия, визуалды ақпарат, тілдерді қолдану үдерісі, тілдік жоспарлау, визуалды репрезентация.

КІРІСПЕ

Тілдерді қолдану үдерісі тіл кеңістігіндегі визуалды ақпараттардың бойында ерекше көрініс табады. Біздің көзқарасымызша, Қазақстанның тілдік кеңістігі қарқынды даму үдерісін бастан кешуде. Ол мемлекеттік бағдарламалардың қойған міндеттерін орындауға қызмет етеді. Сондықтан тіл саясаты мен тілдік жоспарлау бағдарламалары аталмыш кеңістікті қалыптастырудың тетігі болып саналады. Аймақтың, қаланың не болмаса

* Мақала «Разработка принципов научно обоснованной номинативной политики г. Астаны в контексте формирования казахстанского ономастического пространства» атты ҚР БЖҒМ-нің мемлекеттік гранты аясында әзірленді (2015-2017 жж.).

ауылдың тілдік ерекшеліктері тіл саясатын жүзеге асыруда, көбінесе, дифференциалды тәсілді талап етеді. Басқаша алып қарағанда, әрбір аймақтық бірлік жалпы мемлекеттік стратегияның бір бөлшегі болып табылады, ал жекелеген аймақта немесе қалада өтіп жатқан тіл үдерістері жалпы заңға сәйкес жүргізіледі.

Тілдік кеңістік тіл саясаты мен тілдерді қолдану теориясы зерттеулерінің орталық өзегі бола отырып, салыстырмалы түрде көңіл аударуға тиіс жаңа сала болып саналады. Бастапқыда бұл бағытты зерттеушілердің көпшілігі сөйлеушілерге емес, оларды қоршаған ортаға көп көңіл бөлді. Дегенмен, тілдік кеңістікті зерттеуші тіл аспектісі әр қырынан қарастырылады. Мәселен, тұтастай тілдік кеңістікті Ч. Лэндри мен Р. Борхес (1997), тілдік кеңістікті қоғамның символдық құрылымы ретінде Э. Бен-Рафаел (2006), қоғамдағы тілдік кеңістікті А. Акиндел (2011), тілдік кеңістікті мультилингвалдылықтың жаңа тәсілі ретінде С. Гертер (2016) тұрғысынан қарастырады. Тілдік кеңістік мәселесі, сонымен қатар, К. М. Веремьеваның еңбегінде (2011), Н. Г. Асмустың жұмысында виртуалды және коммуникативті кеңістіктің тілдік ерекшеліктері (2005), Б. Я. Шарифуллинның зерттеуінде қала тілін қарастыруда тілдік тәжірибе мәселесі (2010), Ф. Медведевтің еңбегінде аймақтың тілдік кеңістігі мен оның жеке тұлғаға ықпалы мәселесі (2012), Л. Е. Трушинада қала кеңістігіндегі визуалды мәтіндердің интерпретациясы мәселесі (2000) және т.б. қарастырылды.

«Тілдік кеңістік» ұғымы лейблдер, белгілер, нұсқаулықтар, кітап атаулары, мекеме атаулары, ғаламтор тілі және т.б. әртүрлі зерттеу нысаны ретінде қарастырылған жұмыстарда өте жиі қолданылады. Бұл терминді алғаш Ч. Лэндри мен Р. Борхес анықтады [1]. Олар: «Тілдік кеңістік – қоғамдық жол белгілерінің, жарнама тақталарының, көше атауларының және белгілі бір аймақтың немесе қала аумағының тілдік кеңістігін қалыптастыру мақсатында біріккен мемлекеттік мекемелердің қоғамдық белгілерінің тілі», - деп сипаттама береді [1, 23-49]. Э. Бен-Рафаельдің пайымдауына, тілдік кеңістік «белгілі бір географиялық орында орналасқан дербес мекеме нысанының я болмаса қоғамдық орындардың сыртқы немесе ішкі жағында орналасқан хабарландыру не кез келген белгі» [2, 51]. Демек, тілдік кеңістікті зерттеу тілдің қоғамдық ортада жазбаша түрде пайдаланылуымен байланысты.

Көшелердің және қала ішілік нысандардың атаулары «тілдік визуалдылықтың» басты бөлшегі болып табылады да, белгілі бір тілдік ортаны қалыптастыруға ықпалдасады. Тілдік визуалдылықтың бойында адамдардың қарым-қатынасына өз ықпалын тигізетін заңнамалық күш бар [3]. Тілдік визуалдылықтың заңнамалық күші елдің тіл саясатында бекітіледі. Бұрынғы Кеңестер Одағының көптеген елдері, оның ішінде Қазақстан да, мемлекеттік тілді енгізу арқылы, оқу үдерістеріне үш тілділікті

енгізу арқылы, тілдік кеңістікті өзгерту арқылы (қайта атау беру үдерісі) тіл саясатында үлкен өзгерістерді басынан өткерді.

Тілдік визуалдылық көптеген ғалымдардың еңбектерінде қарастырылады (Бакхаус, 2005; Плесис, 2011; Ванденбург, 2016; Буз, 2009; Азаруаху, 2016). Р. Бакхаустың пікірінше, тілдік визуалдылық қандай атауларды қолданысқа енгізу керек және оларды қалай қолдану қажет деген мәселелерді визуалды түрде көрсететін тіл корпус болып саналады [4, 53]. Яғни, тіл саясаты мен тілдік визуалдылықтың арасында белгілі бір логикалық байланыс болуы тиіс. Тілдік жоспарлауға қатысты кез келген әрекет тілдік кеңістіктегі тілді айқындауда визуалдылықтың негізгі зерттеу аспектісі болып есептеледі. Сондықтан барлық кеңістік бекітілген ереже бойынша қалыптасып, бақыланады. Мысалы, Токиода қоғамдық орындарға атау беріп немесе оларға қайта атау тағу үшін жұмыс істейтін тілді пайдаланудың арнайы нұсқаулық кітабы (мануал) бар. А. Плесис (2011) өз жұмысында тіл саясаты, тілдік визуалдылық және географиялық атаулардың өзара байланысын қарастырады. Автордың пікірінше, тілдік визуалдылық аталған байланысты талдауда маңызды рөл атқарады, ал географиялық атаулар оның зерттеу нысаны болып табылады. Р. Ванденбрук (2016) көптілді кеңістіктегі тілдік визуалдылық мәселесін қарастырады (Брюссель, Белгияның астанасы). Автор тілдік визуалдылыққа француз, ағылшын және дат тілдерінің әсерін зерттейді. С. Буз (2009) ҚАҚ (қалалық ақпараттық қызмет көрсету) бағдарламасының көмегімен тілдік визуалдылықты зерттейді. А. Азаруаху (2016) Израил қалаларындағы херб, араб, ағылшын тілдеріндегі көше атауларының көп тілді саясатын қарастырады және херб-орыс-араб-ағылшын тілдері секілді көше атаулары мен маңдайшаларындағы тілдердің жаңа иерархиясын жасап шығарады. Автордың пікірінше, дәл осы көшелерде көрініс табатын тілдерді таңдау мәселесі мен тілдердің иерархиясы тілдік визуалдылықты танытады.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Қазақстандағы күрделі де сан қырлы этнотілдік жағдаяттардың қалыптасуына XIX ғасырдың соңындағы Қазақстанның Ресейге қосылуы, мемлекеттік шекараның бірнеше рет қайта қаралуы, кеңестік кезеңге дейінгі, кеңестік кезеңдегі, кеңестік кезеңнен кейінгі мемлекеттік-саяси құрылымның ерекшеліктері және елдің тұтас халықтығына, қоғамдық жүйенің түбегейлі өзгеруіне, тәуелсіз Қазақстан қоғамы мен экономикасының модернизациялануына себепкер болған соңғы жылдардағы жағдайлар айтарлықтай ықпал етті.

Қазақстанның тілдік жағдаятындағы экзоглоссалдық Э. Д. Сүлейменованың (2002), Ж. Смағұлованың (2009), Б. Хасановтың (2011), Д. Х. Аханованың (2010), Ш. К. Жарқынбекованың (2012) және басқа да

отандық лингвист ғалымдардың еңбектерінде сипатталады. Бұл ғалымдардың тұжырымдауы бойынша, бүгінде Қазақстанда әртүрлі генетикалық топтар мен құрылымдық типтерге жататын 126 тіл өмір сүреді екен.

Қазақстан Республикасының Ата Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі қазақ тілі болып табылады, ол – негізгі ұлттың тілі. Бұл мәселе 1997 жылы қабылданған «Қазақстан Республикасындағы тілдер жөнінде» (4-бап) (ҚР-ның 1997 Заңы) атты ҚР Заңында бекітілген. Мемлекет өзінің тіл саясатын жүзеге асыруда негізгі ұлттың санының өсуіне және мемлекеттің өзін-өзі тану үдерісіне байланысты қоғамдық өмірдің әлеуметтік-экономикалық саласының барлығында мемлекеттік тілдің қызметін атқару үшін қазақ тіліне жағдай жасауды мақсат етіп қойды. Орыс тілі жергілікті басқару органдары мен мемлекеттік ұйымдарда қазақ тілімен бірдей қолданылатын ресми тіл мәртебесін алды [5].

Қазақстанда Тәуелсіздіктің келуімен және жаңа идеялардың тууымен негізгі ұлттың мәдениеті мен тілінің деңгейін көтеру қолға алынды. Отандық лингвист ғалым Э. Д. Сүлейменова атап өткендей, «соңғы жиырма жылдағы қарқынды демографиялық өсу айтарлықтай алға жылжуға алып келді. Қазіргі Қазақ елінде тілдерді қайта топтастыру жүріп жатыр, ең алдымен, оларды қолдану мен оқытудың салмағы өзгерді. Бірінші қатарға, әрине, мемлекет пен қоғамның қолдауын бірдей тапқан қазақ тілі шықты. Ағылшын тілін кәсіби салада, тіпті күнделікті өмірде оқытып, қолдануға мән беріле бастады, қытай, араб және түрік тілдерін үйренушілердің қатары көбейді, өзбек, тәжік, ұйғыр тілдерін оқытатын мектептердің саны артты. Қазақстандағы орыс тілінің қолданыс еркшеліктері алға шықты» [6, 21-25; 7].

Сонымен, елдегі тілдік жағдай, ең алдымен, қазақ-орыс екі тілді қолданысы есебінен (негізгі ұлттың 75 % өкілі орыс тілінде сөйлейді), екіншіден, орыс тілділер есебінен (орыстар, белорустар, украиндар, поляктар, немістер, кәрістер және т.б.) және ұлттық-қазақ-орыс екі тілділер есебінен (өзбектер, ұйғырлар, түріктер, күрдтер, тәжіктер, шешендер және т.б.) қалыптасуда [8]. Демографиялық және коммуникативтік жағынан түрліше орын алатын диаспоралардың тілі елдің өзіндік этнотілдік ландшафын құра отырып, бір мемлекеттің аймағында тағдырлары тоғысқан әртүрлі халықтардың көп қырлы тарихынан көрініс береді. Дегенмен, Қазақстандағы тілдік жағдаяттың өзіндік сипаты әртүрлі тілдерде қатынас жасауды емес, екі үлкен әріптес тілдерді – қазақ және орыс тілдерін бірыңғай коммуникативтік кеңістікте қолдануға шығарды.

Қарқынды өзгеріп отырған геосаяси және экономикалық реалийлер қоғам алдына жаңа міндеттер қояды. Бүгінде жаһандану мен әлемдік кеңістікті интеграциялау факторы ретінде көптілділік қоғамдық дамудың басым бағыттарының бірі ретінде саналады. Заманауи тіл саясатының

басты міндеті көптілділікті қалыптастыру болып табылады. Сол себепті мемлекеттік тілді, этникалық тілдерді, ұлтаралық тіл ретінде орыс тілін және кәсіби әрі мәдениетаралық коммуникация тілі ретінде ағылшын тілін сақтап, дамытуға аса көңіл бөлінуде.

Бұл мақсаттар адамзат өмірінің барлық саласына тарап отыр деуге болады. Алайда қоғамның барлық саласын жаулап алатын көптілділікті қалыптастыруға бағытталған реформалар, бір жағынан, әлемдік деңгейдегі бәсекеге қабілеттілікті арттыруға жетелесе, екінші жағынан, мемлекеттік және этнолингвистикалық сәйкестілікті қалыптастыруда үйлесімсіздік туындатуы мүмкін. Сол себепті өтіп жатқан үдерістер жаңа тілдік жағдаяттардың және геосаяси жағдайда орын алып отырған сол немесе өзге тілдің рөлі мен мәнін қарастырудың қажеттілігін көрсетуде.

Легкий танк	الدبابة الخفيفة	Воздушные силы (ВМС)	القوات الجوية
Специальные войска	القوات الخاصة	Воздушный бой	القتال الجوي
Стрелковое оружие	الأسلحة الخفيفة	Морские перевозки	النقل البحري
Тяжелая артиллерия	المدفعية الثقيلة	Групповой прыжок (с парашютом)	القفز الجماعي
Пушка (сир.)	المدفع الطويل	Бомба замедленного действия	القنبلة الزمنية
Срочное погружение	الغطس السريع	Запасная взлетно-посадочная полоса	الإحتياطية
Точное бомбометание	القصف الدقيق		
Сухой паек	الجرابة الجافة		

Другой особенностью военной терминологии арабского языка является употребление наречий. Среди них «سري جداً» – совершенно секретно, «ببطءة جناصمة» – воздушно-десантная дивизия (Ир.), «مستقلًا» – «действовать самостоятельно», «طيران منخفض جداً» – бреющий полет, «عسبان عدا» – сознательное неповиновение, «القوات المنقولة جوا» – воздушно-десантные войска, «تجزأ عمقا» – эшелонироваться в глубину.

Среди частей речи не исключено и использование предлогов, среди них «إلى», «فوق», «من», «ضد» и т.д. Например:

- إلى الأمام! – вперед! (команда)
- إلى الأمام سرا! – Шагом – марш! (команда)
- تحت السلاح! – за оружие! (команда), в ружье! (команда)
- للضرب! جاهز – к бою готов! (доклад)
- ضد الدبابات – противотанковый
- ضد المشاة – противопехотный
- فوق سطح البحر – над уровнем моря
- فوق النقل – арт. большой мощности
- صاروخ موجه من الأرض إلى الأرض – управляемая ракета класса «земля-земля»

صاروخ موجه من الجوى الأرض – управляемая ракета класса «воздух-земля»

Что касается имен числительных, употребляемых в военной терминологии, то их количество невелико. Для перевода воинских званий со словом «старший» используется порядковое числительное «أول» первый.

- ملازم أول – старший лейтенант (досл. «первый лейтенант»)
- ملازم ثان – младший лейтенант (досл. «второй лейтенант»)
- سرعة أولية – начальная скорость (досл. «первая скорость»)

Участие глаголов в образовании арабской военной терминологии, следует отметить, активное. Конечно, в формировании любой военной терминологии, предпочтение отдается существительному по сравнению с другой частью речи. Глаголы, используемые в арабской военной терминологии, можно классифицировать таким образом:

- 1 Глаголы, образованные от иноязычных заимствований
- 2 Общеупотребительные глаголы, используемые в военных текстах
- 3 Глаголы, являющиеся составной частью команд

К глаголам, образованных от иноязычных заимствований относим:

- صكر – располагаться лагерем, военизировать;
- بندق – стрелять;
- آتمت – автоматизировать;
- أين – ионизировать.

Ко второму типу относятся глаголы производимых пород, используемых в военной терминологии, например:

- لغم – закладывать мины, минировать;
- جهز – снаряжать, вооружать;
- أثر – влиять, действовать;
- على نتيجة المعركة – влиять на исход боя;
- أخر – откладывать, задерживать;
- التهجم – задерживать наступление;
- أدى – исполнять, совершать;
- التحية العسكرية – отдавать честь;
- جند – вербовать, набирать (в армию), призывать;
- ألف – согласовывать, настраивать (радио);
- ألف – повреждать, уничтожать, выводить из строя;
- التكبير – выводить технику из строя;
- أحال – передавать, переводить;
- إلى الاستداع – увольнять в запас;
- إلى التقاعد – увольнять в отставку;

أبهم – шифровать;
 تبدل – меняться, сменяться;
 إطلاق الرصاصات – вести перестрелку;
 تراجع – отступать;
 تراسف – строиться в линию, равняться;
 انسحب – выходить из боя, совершать отход;
 اتطج – принимать положение для стрельбы лежа;
 احتل – оккупировать;
 اخترق – прорывать, пробивать;
 الجبهة – прорывать фронт;
 الحصار – прорывать блокаду;
 استأسر – сдаваться в плен;
 استأنف – возобновлять;
 الهجوم – возобновлять наступление.

Особую группу глаголов в военной терминологии, составляют команды, образующиеся путем использования глаголов в повелительном наклонении.

Например:

إلى الأمام مر! Шагом – марш!
 استرخ! – Вольно!
 تفرق! – Вольно! Разойдись!
 تقدم! – Прямо!
 علق سلاحك! – На ремень!
 تجمع! – Становись!
 يسار در! – Налево!

Таким образом основные средства терминообразования арабской военной терминологии:

- а) аффиксация
- б) основосложение
- в) субстантивация масдаров, причастий, прилагательных

а) аффиксация

а) Основные модели аффиксации при образовании военных терминов:

Имя места и времени (مفعّل، مفعّل):

موضع – позиция;
 موقع – гарнизон;
 مجلس – трибунал;
 محرك – траектория;
 مركب – судно, корабль;
 مرصد – наблюдательный пункт.

Имена, обозначающие название орудий, инструментов, приспособлений

(مفعّل، مفعّل، مفعّل):

مصوات – громкоговоритель;
 مسمار – винт, болт;
 مسبار – зонд;
 مرفع – подъемное устройство, подаватель;
 مدفع – пушка;
 مركبة – машина.

Имена существительные, обозначающие названия орудий или машин

(مفعلة):

طرادة – крейсер;
 صفارة – свисток;
 زلاجة – ползун, движок;
 غلاية – котелок;
 غواصة – подводная лодка;
 غنارة – пистолет, револьвер;
 رشاشة – пулемет.

Имена действия (масдар) (مفعّل، مفعّل، مفعّل، مفعّل):

(مفعّل، مفعّل، مفعّل):

قتل – поражение;
 لغم – мина;
 تبدل السلاح – перевод в другой род войск;
 دفاع – оборона;
 إطلاق – стрельба, выстрел;
 تطوع – добровольное поступление на воинскую службу;
 تجاذب – сила, сцепление;
 انفجار – взрыв;
 احتلال – оккупация;
 استسلام الإشارة – получение сигнала (тревоги, сбора)

Имена деятеля (مفعّل، مفعّل):

قناص – стрелок, снайпер;
 بحار – матрос;
 براد مدافع – орудийный мастер;
 حرباء رقيب – сержант;
 قنبا – капитан;
 لاهم – минер;
 قلع الخرطوش – извлекатель патрона;
 قائد – командир, начальник.

Также есть имя деятеля, образующееся путем прибавления к основе заимствованного из турецкого суффикса «*حي*». К примеру:

توبة – дежурство → *توتحي* – дежурный;

مدفع – артиллерийское орудие → *مدفعحي* – пулеметчик, башенный стрелок. В настоящее время данная модель в арабской военной терминологии малоупотребительна, как и имена уменьшительные (*تعيلة لعل*):

رشيش – пистолет-пулемет;

شعلة – взрыватель, пистон;

برج – башенка, турель.

б) Основосложение представляет собой образование термина/слова от двух слов и более, причем в каждом из производящих слов усекается одна и более букв, остальные же присоединяются друг к другу, образуя одно слово, вокализованное в соответствии с существующими в языке моделями. К терминам, образованным этим способом, относятся, например:

برمائية – амфибия;

كهربائي – гидроэлектрический;

باشجاويش || *باششاويش* – старший сержант;

يوزيائي – капитан.

в) Субстантивация масдаров, причастий, прилагательных

В арабской военной терминологии отмечаются случаи субстантивации масдаров, которые в этом случае приобретают форму множественного числа. Например:

أدوات – имущество;

مخابرات – разведка;

تجهيزات – снаряжение, обмундирование.

В результате субстантивации причастий некоторые арабские военные термины приобрели форму множественного числа женского рода:

طائرات – авиация;

قاذفات – бомбардировочная авиация;

معدات – техника.

Субстантивация прилагательных происходит в результате компрессии терминологического словосочетания. Возможность использования прилагательного (относительного) в качестве второго члена изафетной конструкции):

القوات الجوية || *الجوية* – ВВС (военно-воздушные силы);

معدات الجوية – техника ВВС;

مركبات البرية – машины пехоты, СВ (сухопутных войск);

ВЫВОДЫ

В образовании военных терминов современного арабского языка активное участие принимают способы образования терминов, такие как семантический (лексико-семантический), морфологический, синтаксический, заимствование, характерные и другим языкам. Однако в арабском терминообразовании, в частности в терминообразовании военного подязыка, наблюдается функционирование подспособов формирования терминов, характерных арабскому языку, которые были рассмотрены в данной статье. Военные термины образуются при помощи масдара, имени места и времени, имени оружия, причастия действительного залога и причастия страдательного залога и их субстантивации.

СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ

1 **Губанов, Ю. П.** Структурно-семантическая характеристика арабской военной терминологии (на материале военной терминологии Сирии и Египта): автореф. ...канд. филол. наук. – М., 1974.

2 **Недоспасова, М. Е.** Вопросы развития современной арабской терминологии: автореф. ...канд. филол. наук. – Тбилиси, 1964.

3 **Мустафаева, А. А.** Формирование и функционирование арабской военной терминологии. Маг. дисс. на соиск. акад. степ. магистра. – Алматы, 2008

4 **Стрелковский, Г. М.** Теория и практика военного перевода: Немецкий язык. – М., Воениздат, 1979.

5 **Данилов, И. С.** и др. Арабско-русский и русско-арабский военный словарь. – М., 1965.

6 **Косторов, А. Д.** Русско-английский и англо-русский военный словарь. – М., Восток Запад, 2007.

7 **Костров, А. Д.** Русско-английский и англо-русский военный словарь. – Москва-Хабаровск-Минск, 2002.

8 **عبد.أ.ح.مهديس شريف الحضري المعجم العسكري المصور الإنجليزي-عربي مكتبة حيدري** 2004 م

Материал поступил в редакцию 31.05.17.

А. А. Мустафаева

Араб әскери терминдерінің жасалуының кейбір тәсілдері туралы

ӘЛ-Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті, Алматы қ.

Материал 31.05.17 баспаға түсті.

Some ways of the arabic military terms formation

al-Farabi Kazakh National University, Almaty.

Material received on 31.05.17.

Қазіргі араб тілінде жүйеленген терминологиялық жүйелердің арасында әртүрлі кішігірім жүйелерді қамтитын әскери терминологияның алатын орны ерекше. Мақалада араб әскери тілінің бірқатар термин жасау жолдары, соның ішінде ең өнімді және өнімсіз тәсілдері қарастырылады.

Among the unified terminological systems of the modern Arabic language there is distinguished the military terminological system, which includes various subsystems for the kinds of troops, military ranks, weapons and others. The article discusses some ways of terminological formation in the Arab military sublanguage, in particular considers the most productive and the least productive ways of Arab military terms formation.

ӨОЖ 811.512.122, 36

Қ. Т. Мұхамәду

ф.ғ.к., доцент, «Филология» кафедрасы, Сүлейман Демирель атындағы университеті, Алматы қ.

e-mail: Kuralay_sdu@mail.ru

**АНАЛИТИКАЛЫҚ СЕПТІКТІҢ ҚОЛДАНЫСТАҒЫ
МАҒЫНАЛАРЫ ТУРАЛЫ**

Мақалада аналитикалық септіктің қолданыстағы мағыналары грамматикалық тұлғалардың мағыналық-жұмсалымдық әлеуетін танататын функционалды грамматика тұрғысынан қарастырылып, септіктің аналитикалық тұлғаларының өздерінің негізгі бұрыннан бар мағынасына жаңа мағына үстеп, белгілі бір қолданыста ғана өзге туынды мағынаға ие болатыны тілдік деректер негізінде талданған.

Кілтті сөздер: функционалды грамматика, тілдік бірліктер, септік жүйесі, аналитикалық септік, аналитикалық формант.

КІРІСПЕ

Жалпы септік тұлғаларының қолданылатын аясы да, атқаратын қызметі де мейлінше кең, әрі олардың сол қолданыста беретін мағыналары да әртүрлі. Әрине кейде қолданыстағы, сөйленімдегі мағынасы сол бір ғана контекст ыңғайында көрінуі де мүмкін. Басқа контексте, басқа сөйленімде ол мағынаны бермей, басқа мағына беретін кездері де болады. Соған қарамастан олардың мағынасының қолданыстық тұрғыдан сипатталуы маңызды және олардың сол бір мағынасының бір ғана сөйленімде табылуының өзі оның жұмсалымдық әлеуетін көрсетеді.

Септіктің синтетикалық тұлғаларының қолданыс ыңғайындағы мағыналары тілде аз болса да айтылып келеді. Септік жалғауларының ауысып қолданылуының өзі олардың қолданыстық мағыналарын ашып бере алады. Септік жалғауларының ауысып қолданылуы түркі тілдерінде бар құбылыс. Қазақ тілінде септік жалғауларының алмасуы туралы ғалым Ф. Мұсабекова «Септік жалғауларының алмасуы қолданылуы» деген мақаласында септік жалғауларының ауысып қолданылуы мағынаны мүлде өзгертіп жібермегенімен, мағынаға азда болса стильдік өзгеріс енгізеді деп санайды [1]. Сондай-ақ ғалым кез келген септік жалғаулары бірімен-бірі алмаса бермейтінін, алмастырып қолдану белгілі бір жағдайларда ғана болатынын айта келіп, барыс пен табыс, барыс пен жатыс, барыс пен көмектес, көмектес пен шығыс, көмектес пен жатыс т.б. септіктердің

бірін-бірі алмастыратындарын мысалдармен дәлелдейді. Ғалымның келтірген мысалдарынан бір-екеуін келтіре кетейік: *Бұрын түнде барып жүргенде, маңынан (маңына) жүргізбейтін Есімбектің аю төбеттері үріп, алдымыздан шықты.* Ғалым осы мысалды келтіре отырып оның қолданыстағы мағынасын былайша түсіндіреді: «Осы контексте маң сөзі шығыс септігінде тұрғанда, «аю төбеттерден әрірек, алыстау» деген ұғым туса, барыс септігінде тұрғанда, «алшақ, алыс» деген ұғым тумайды, «таяурақ деген мағына береді» [1, 87 б.].

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Септіктің аналитикалық тұлғалары сөйлеу тілінде өздерінің негізгі мағыналарын белгілі бір қолданыста басқа мағынаға ауыстыра алады, басқаша айтқанда, бір аналитикалық тұлғалы сөз өзі тіркескен сөзіне орай басқа бір мағынаны білдіреді. Жалпы бұл жағдай тілде бар, ол тек септіктің аналитикалық тұлғаларына ғана қатысты емес, ол сол сияқты септіктің синтетикалық тұлғаларына да тән.

Септіктің аналитикалық тұлғасының қолданыстағы мағыналары дегеніміз - олардың өздерінің бойында бұрыннан бар негізгі мағыналарына қосылып, бірақ сол мағынаны өзгертпейтін, әртүрлі грамматика-семантикалық тәсілдер арқылы жасалған, белгілі бір қолданыста ғана берілетін туынды мағыналары.

Аналитикалық тұлғаларының қолданыстық аясы кең, оның белгілі бір стильде қолданылуының өзі оның әртүрлі қызметін ашып бере алады.

Септіктің аналитикалық тұлғаларының қолданыстағы қызметіне олардың ісқағаздар стилінде қолданылуын айтуға болады. Әсіресе септеулік арқылы жасалған аналитикалық септік іс қағаздар стиліне тән бола келіп, өте жиі қолданылады және іс қағаздар стиліне ресмилік сипат береді. Сондықтан септіктің аналитикалық тұлғалары іс қағаздар стилінде стандартты, дайын тілдік бірлік ретінде қолданылады. Ғалым Л. Дүйсембекованың пікіріне сүйенсек, «Іс қағаздар мәтіндеріндегі кейбір қалыпқа түскен стандарт сөздер шылаулардың тіркесуімен, дайын күйінде жұмсалады. Мысалы, туралы, жайында, жөнінде септеуліктері зат есіммен, заттанған сөздермен, басқа да іс қағаздар тілінде қолданылатын құрылымдармен тіркесіп, белгілі бір іс-әрекет, оқиғаның не жөнінде айтылғанын білдіреді. Бұл септеуліктердің ең жиі қолданылатын бөлігі - өкілеттік құжаттар. Өкілеттік құжат мәтіндерінің тақырыпшалары аталған шылаулармен келген сөз тіркестерінен тұрады. Тақырыпшалар іс қағаздар стиліне тән қысқалық пен дәлдік негізінде мейлінше қысқа және нақты құрылып, не туралы? не жайында? не жөнінде? деген сұрақтарға жауап береді. Бұлар іс қағаз мәтіндерінде жиі қолданылатындықтан жинақталып, нақтыланып стандарт қалыпқа түскен» [2, 130-131].

Септік категориясы тұлғаларының қолданыстағы мағыналары – ғылымда толық ашылды деуге келмейтін мәселе. Сондықтан оған арнайы тоқтаудың мәні зор. Өйткені қазіргі тіл ғылымында антропоэзеттік парадигма шеңберіндегі зерттеулерде тіл тек жүйе ретінде ғана емес, тіл мен адамның, тіл мен танымның, тіл мен мәдениеттің байланысы, оның ішінде – сол тілдің иесі – адамның орны түрлі ғылым салаларда жан-жақты қарастырылуда. Осы тұрғыдан келгенде, жеке тілдік бірлікті қызметтік тұрғысынан функционалды грамматика аясында зерттеу арқылы сол тілдік бірліктің адамның жұмсауындағы түрлі қызметін танытудың маңызы күшті. Мысалы: *Құрекеңнің сондағы айтатыны зой:*

– *Әй, Шәра, алдымен ауылдағы балаларға бәтіңке, Хадишаға да туфли алайық. Апама ақ шәйдіден жаулық (Ш. Жиенқұлова); Апама қиын болды, түнімен ұйықтамайды («Жұлдыз»); Тамақтанып отырып апама бар жайды айтып ем, ол жылады (Ш. Жиенқұлова)* Осы мысалдарда **апа** сөзі барыс септік тұлғасында тұр. Барыс септігі бағытты, мақсатты білдіреді деп танылады. Бірақ жоғарыда алынған сөйлемдерде ол өзінің тілдік жүйедегі мағынасынан өзгешелеу мағыналарды білдіріп тұр. Бірінші сөйлемде апама сөзі қабылдаушы мәнін, екінші сөйлемде белгілі бір күйдің иесі болып тұр, үшінші сөйлемде объектілік мағынаны білдірген. Бірақ осы аталған мағыналарды білдіріп тұрған сол барыс септіктегі сөздің өзі емес екені анық. Ол мағыналар сөйлемнің құрылу ыңғайына сай қалыптасқан, ол белгілі бір сөйлемнің аясында ғана сол мағынаны білдіріп тұр. Бірақ сол мағыналарды барыс септігі арқылы ажыратуға болады. Басқаша айтқанда, әртүрлі мағынаны жасап тұрған барыс септігінің өзі емес, ол мағыналарды тудырып тұрған белгілі бір синтаксистік құрылымдар, бірақ сол мағынаны тануда барыс септігі нысан ретінде, негіз етіп алынады.

Ғалым Б. Шалабай: «Сонымен, бір септік формасынан байқалатын түрлі мағыналар мен оларды тудырудың семантикалық-синтаксистік алғышарттары лексика мен грамматиканы, синтаксис пен морфологияны бір-біріне қарсы қоятын әрі байланыстыратын теориялық мәселелерді (әрі септіктердің мағыналарын да) талқылауға септігін тигізеді» – дейді [226, 10 б.]. Олай болса, септік ол бір ғана тіл білімі саласының, бір ғана тіл деңгейінің қарастыратын мәселесі емес, ол тілдің әртүрлі деңгейінің басын қосатын зерттеу нысаны болғандықтан функционалды грамматиканың негізгі мәселесі. Сондықтан бұл мәселеге арнайы тоқталу қажет. Септеулікті аналитикалық форманттардың тілдік жүйедегі мағынасынан өзге қолданыс ыңғайындағы мағыналары да бар. Ол мағыналар әртүрлі жағдаятқа байланысты болады.

Кейбір сөйлемдерде шылауларды түсіріп қолдансақ, сөйлемнің мағынасы өзгеріп шыға келеді. Бірақ ол нақтылы бір сөздерге, контекске

ғана тән болып келеді. Аналитикалық форманттардың өзінің белгілі бір нақты грамматикалық мағынасы болады. Ол мағына тіркескен сөзге де, кейде сөйлемге, тіпті мәтінге де қатысты болады. Өйткені сөзде, сөйлемде, я мәтінде берілетін ой ыңғайына қарай сөйлеуде аналитикалық форманттар таңдалынып алынады. Яғни сөйлеуші тілде бар нәрсені ғана сөйлеуде өз қажетіне қарай жұмсайды, қолданады. Мысалы, *Ол көпке дейін өксігін баса алмай солқылдап жылап тұрды* (О. Бөкей). Осы сөйлемдегі *дейін* шылауын алып тастап айтсақ, сөйлем мәні былайша өзгеріп кетеді: *Ол көпке өксігін баса алмай солқылдап жылап тұрды* (О. Бөкей). Бұл сөйлемде «көпке» деген көп адамға деген мәнге ие болып тұр.

Сөйлем мазмұнына сай өзгеше мағынаға реңкке ие болу басқада аналитикалық форманттарға тән құбылыс. Сол сияқты «*талайға*» деген сөзге тіркескен септеулік шылауды түсіріп қолдансақ та сөйлемнің мәні өзгеріп шыға келеді. Мысалы, *Сыбызғыдан ең әуелі қоңыр үн шығып, талайға дейін майда, алаңсыз, мамыра халден хабар беріп...* (О. Бөкей). Сөйлемдегі «дейін» септеулігін түсіріп айтсақ, ондағы ой былайша өзгерген болар еді: *Сыбызғыдан ең әуелі қоңыр үн шығып, талайға майда, алаңсыз, мамыра халден хабар беріп...* (О. Бөкей). Мұндағы «*талайға*» деген де көп адамға, талай жанға деген мағынаны беріп тұр. Бұл айтылғандар септеуліктердің қолданысының мағынаға әсерінің күшті екенін анық көрсетіп тұр. Ал сол септеуліктерді келтірілген мысалдардағыдай алып тастап айтқанда, сөйлемдегі сөздердің тек қана грамматикалық мәніне нұқсан келіп қана тұрған жоқ, ол сол сөйлемдегі сөздің лексикалық мағынасына да өзгеріс енгізіп тұр. Әрине бұл сияқты сөздің лексикалық мағынасына қатысты өзгеріс белгілі бір қолданыс ыңғайында ғана болады.

Және көп жағдайда шылауларды түсіріп айту бейберекет сөздердің тобын ғана қалыптастырады, сөздерде ешбір мағыналық үйлесім болмайды. Мысалы, *Сонда ғана баяғыда Жаманашының басында егін суғарып жүріп, бір литр сүт үшін бекер тілдегенімді түсініп, аяғына жығылдым* (О. Бөкей). Осы сөйлемдегі үшін септеулігін алып тастап айтсақ, сөйлемдегі үшін септеулігімен байланысқан сөздер арасында басқаша мағынаға ие болар еді және ондай қолданыстың болмайтынын қазақша сөйлей алатын кез келген адам түсінер еді: *Сонда ғана баяғыда Жаманашының басында егін суғарып жүріп, бір литр сүт бекер тілдегенімді түсініп, аяғына жығылдым* (О. Бөкей). Сондай-ақ ғалым Т. Сайрамбаев айтқандай: «...шылаулар өзі қатысты сөздердің мағынасын айқындаушы деген пікірімен бірге енді кейде ондай қасиеттеріне қоса шылаулар өзі қатысты сөздің синтаксистік қызметі мен байланысу формасын айқындағы басты фактор дейтін қосымша пікір айту керек» [73, б 6]. Осы айтылғандардың өзі-ақ септеуліктердің қолданысындағы мән-мағынаның түрліше сипат алатынына

дәлел бола алады. Олай болса септеулікті аналитикалық форманттардың сөйлеу үдерісіндегі белгілі бір контекст ыңғайындағы мағыналары талдау нысаны болатынын байқатады.

Сол сияқты *үшін* аналитикалық форманты қолданыста себеп және мақсат мағынасынан өзге біреуге, бір нәрсеге арналғандық мағынасын білдіреді. Мысалы: *Ол ағайындар арасындағы тақ үшін таласты үдете түсті* («Жұлдыз»).

Көп жағдайда септеуліктерді түсіріп қолдану грамматикалық мән-мағынаға ғана әсер етеді. Мысалы, *Ұлжан кешке дейін он кіріп, он шықты* (Ә. Тарази). Осы сөйлемде дейін септеулігін түсіріп қолдансақ, сөз жоқ мағынаға айтарлықтай әсер етіп тұр, бірақ сөйлемнің лексикалық мағынасына әсері болмайды. Тек сөйлемнің грамматикалық мағынасында өзгеріс болады: *Ұлжан кешке он кіріп, он шықты* (Ә. Тарази). Бұл жағдайда грамматикалық мезгіл мәнінде аздаған ерекшеліктің бары байқалады. Алғашқы сөйлемде «*кешке дейін*» деген аналитикалық тұлғалы сөзде ұзақ уақыт білінсе, «*кешке*» дегенде уақыт белгілі бір шекті, шаманы ғана білдіреді, яғни соншалықты ұзақ уақыт емес екені байқалады.

Грамматикалық мағынадағы өзгеріске мына бір мысалды келтірейік: *Тунғатардың осы үйге қарай бет алғанын анық сезді* (Ә. Тарази). Осы алынған сөйлемдегі «*үйге қарай*» деген аналитикалық тұлғалы сөздегі *қарай* септеулігін алып тастап, сөйлемді былайша басқаша айтсақ: *Тунғатардың осы үйге бет алғанын анық сезді* (Ә. Тарази). Мұнда «*үйге қарай*» дегенге жалпы бағыт мағынасы бар болса, «*үйге*» дегенде нақты бағыт мағынасы бар.

Атау тұлғалы сөзбен келетін *сайын* аналитикалық формантының арасына кейде өзге сөз түсіп қолданылады. Ең көп қолданылатын сөз – *өткен*. Мысалы: *Мен таң қалғаным жоқ, өйткені, шынында да мұндай жаңа типпен жобаланып салынған сәулетті селолар саны күн өткен сайын көбеюде.* (О. Бөкей); *...мені дүниеге әкелуші, жарылқаушы ием баяғыдай алып емес, күн өткен сайын шау болып шөгіп, күн өткен сайын ұғымдағы асқарлы тұлғасы мүжіліп, кішірейіп бара жатқандай еді* (О. Бөкей). Бұл қолданыстардың «*күн сайын*» деген аналитикалық тұлғалы сөзден айырмасы – мезгілдің белгілі бір уақытта ғана қайталануы ғана емес, өткен уақыттың шегінің көп екенін байқату үшін қолданылады.

Аналитикалық сөзге демеулік шылаудың тіркесі үнемі мағынаға әсер етеді. Бұл жағдай жоғарыдағы көмекші есімді аналитикалық форманттарға да қатысты екені байқалды, ол септеулікті аналитикалық септіктерден де орын алады. Кейде қолданыста *үшін* септеулікті аналитикалық септік мақсат мағынасымен қоса даралау мәнін үстейді. Бұл жағдайда *үшін* формантына-ақ демеулігі тіркеседі. Мысалы: *Солар үшін – а қ басымды қалқайтып жүруге тиіспін* (А. Мекебаев); *Жүректі шым-шым еткізе терең гасырлар*

қойнауына алып жүре беретін осы увентюра үшін – ақ мен Брусиловскийдің рухына бас ием (Ш. Жиенқұлова). Бұл сөйлемде даралау мәнін жамап тұрған бірлік-ақ демеулігі.

Бұл айтылғандардан қазақ тіліндегі аналитикалық септіктің қолданыстағы мағыналарының түрліше болуы оларға тіркескен сөздерге тікелей байланысты екені көрінеді. Мысалы, *Осыдан кейін – ақ сүменін сүйретіп, сыртқа беттеді* (А. Мекебаев); *Түске дейін-ақ олар әлгі ертегідегідей дүкенге салтанатпен барып, өз карточкаларының барлық шаршысына тиесілісін сыпыра алып кетеді* (Е. Брусиловский); *Төзімім сол жерге дейін – ақ жетті* (А. Мекебаев). «Осыдан кейін» деген аналитикалық тұлғалы сөзге –ақ демеулігі жалғанып, даралау мәнін қосса, екінші сөйлемдегі «түске дейін» соңғы сөйлемде «сол жерге» деген аналитикалық септіктегі сөзге –ақ демеулігі тіркесіп, тағы да даралау мағынасын білдіреді. Ғалым Ғ. Шақаманның айтуынша, –ақ және –ау демеуліктері тек септеуліктермен ғана тіркеске түсе алады, олар бір ғана шылау түрімен тіркесе алатын демеуліктер қатарын құрайды. Жоғарыдағы мысалдарда –ақ демеулігі септеуліктермен тіркесіп қолданылған. Демеуліктің бұл түрінің тек септеуліктерге ғана тіркесетіні мәлім болғанындай, септеулік арқылы жасалған аналитикалық септікке –ақ демеулігі тіркесіп, қолданыста даралау мағынасын беруі заңдылық болып табылады. Өйткені –ақ демеулігі септеулікті аналитикалық форманттарға тіркесіп, даралау мағынасын беруі тек бір контекст немесе белгілі бір сөйлеу үдерісіндегі жағдай емес. Ол барлық септеулікті аналитикалық формантпен тіркескенде осы мағынаны бере алады.

-нен кейін аналитикалық форманты қолданыста бір нәрсенің ретін білдіреді. Мысалы: *Темкеңнен кейін қорқатын бір адамымыз бар, ол – бухгалтер Сахаров* (Ш.Жиенқұлова); *Және менен кейін Жібек пен Төлегеннің дуэті айтылатын* (Ш.Жиенқұлова). Бұл алынған мысалдарда –нен кейін аналитикалық форманты өздерінің негізгі мағыналары саналатын мекен я мезгіл мағыналарын білдіріп тұрған жоқ, «Темкеңнен кейін», «менен кейін» деген аналитикалық тұлғадағы сөздер бір нәрсенің ретін, тәртібін білдіріп тұр. Ол контекстен де анық байқалады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Сонымен, септіктің аналитикалық тұлғаларының өздерінің негізгі бұрыннан бар мағынасына жаңа мағына үстеп, белгілі қолданыста ғана өзге туынды мағынаға ие болады. Бірақ ол өзінің негізгі мағынасынан мүлде алшақтап кетпейді, өзінде бар мағынаны сақтай отырып жаңа үстеме мағынаны иеленеді. Сондай-ақ септіктің аналитикалық тұлғасындағы сөзді жасаушы аналитикалық форманттың өзі тіркескен негізгі сөздің семантикасына сай өзге мәнге ие болатынын тұстары да бар. Септіктің

аналитикалық тұлғаларының тілдік жүйедегі мағыналарының ауысуы да белгілі бір қолданысқа байланысты. Ендеше онда туындаған, пайда болған мағыналар да қолданыстық мағына болып табылады. Ал мұның өзі олардың қолданыстағы мағыналарының көп екендігіне байқатады. Осымен байланысты олардың мағыналарын толық қамту мүмкін емес.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Мұсабекова, Ф.** Септік жалғауларының алмасып қолданылуы // Қазақстан мектебі. – 1972. – № 1, 87-88 б.

2 **Дүйсембекова, Л.** Қазақ іс қағаздары. А., 2006. – 329 б.

3 **Шалабай, Б.** Қолданымдық грамматика туралы // Қазақ грамматикасының өзекті мәселелері. – Алматы : «Кие» Лингвоелтану инновациялық орталығы, 2007. – 54-73 б.

4 **Шақаман, Ғ.** Демеулік шылаулардың функционалды сипаты. – Павлодар, 2001. – 92 б.

Материал 31.05.17 баспаға түсті.

К. Т. Мухамади

О значениях аналитического падежа в словоупотреблении

Университет имени Сулеймана Демиреля, г. Алматы.

Материал поступил в редакцию 31.05.17.

К. Т. Mukhamadi

About application values of analytical case

Suleyman Demirel University, Almaty.

Material received on 31.05.17.

В статье рассматриваются значения аналитического падежа в словоупотреблении с точки зрения функциональной грамматики, указывающей на значительно-употребляемый потенциал грамматических форм, добавленное новое значение на основное имеющееся значение самих аналитических форм падежа проанализировано на основе языковых фактов, доказывающих, что данное значение приобретает другое производное значение в определенном употреблении.

In this article the value of analytical case is reviewed in the context of functional grammar, which reveals potential meaning-application of

grammar units. In certain cases of usage analytical units of the case adds new, derivative meaning to the expression of their existing, known meaning. This is analyzed through valid data on the basis of language.

ӘОЖ 811.512.122`37

С. А. Оданова

ф.ғ.к., қауым. профессор, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ.
e-mail: sagira68@mail.ru

ГРАММАТИКАЛЫҚ ЖҮЙЕНІҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ ЖӘНЕ ФУНКЦИОНАЛДЫ АСПЕКТІДЕ ЗЕРТТЕЛУІ

Мақалада қазақ тіл біліміндегі грамматикалық жүйенің құрылымдық және функционалды тұрғыдан зерттелуі, олардың ерекшелігі, айырмашылық белгілері қарастырылған. Олардың зерттеу мақсаттары мен принциптері, зерттеу әдістері, функционалды бағыттарына түсінік беріліп, талдау жасалады.

Кілтті сөздер: грамматика, құрылымдық грамматика, функционалды грамматика, дәстүрлі грамматика, тұлға, форма, мазмұн, ситуация, контекст.

КІРІСПЕ

Тіл жүйелі-құрылымдық тұрғыдан қарастырылғанда грамматика тар мағынада тілдің морфология және синтаксис деңгейлерінің жиынтығы, ал кең мағынада барлық тіл бірліктерінің құрылымдық ұйымдасуы (строение) дегенді білдіреді. Тіл функционалды аспектіден қарастырылғанда грамматика тілден тыс ақиқат немесе объективті шындық туралы ақпаратты жеткізу үшін бір сөйленім бойында түрлі тіл деңгейі бірліктерінің өзара әрекеттес келуі деп анықталады. Құрылымдық грамматиканың да, функционалды грамматиканың да зерттеу нысаны тіл болғанымен, айырмашылығы зерттеу мақсаттары мен принциптерінде.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Қазақ тілі білімінде енді ғана қалыптасып келе жатқан функционалды грамматиканың жеке ғылым саласы ретіндегі ерекшелігі төмендегі принциптерді айқындағанда көрінеді:

- 1 құрылымдық (жүйелілік-категориялық) принцип;
- 2 функционалды принцип [1, 38].

Осы екі принципке сәйкес зерттеудің екі қыры анықталады. Бірінші қыры – грамматикалық тұлға-бірліктер мен категориялардың жүйесін және олармен байланыста болатын лексика-грамматикалық және сөзжасамдық құбылыстарды айқындайды. Мұны былайша түсіндіруге болады. Кез келген адам сөйлеу барысында, қарым-қатынас барысында белгілі бір тілдің механизмін пайдаланады. Ал механизм сол тілдің құрылымы мен құрылысының жүйесінен тұрады. Екінші қыры сөйлесім кезінде қатысатын тілдің түрлі деңгейлеріндегі элементтердің заңдылықтары мен ережелерінің жүйесін анықтайды. Зерттеудің бұл қыры зерттеу барысында тілдің жүйесі мен сөйлеу жүйесін, парадигматика мен синтагматиканы, тұрақтылық пен дамуды байланыстырады. Ол қарым-қатынас кезінде белгілі бір сөйлесім жағдайына байланысты нақтылық көрініс алады. Бұл зерттеудің екі қыры бір-бірімен ажырамас бірлікте болады. Кез келген тілдік тұлға-бірліктер сөйлесім (речь) барысында жұмсалынады, нақтыланады, тілдің өзге де түрлі деңгейіндегі элементтермен ұйымдасып қызмет атқарады. Тілдік тұлға-бірліктердің функционалды сипаты да осыдан көрінеді.

Құрылымдық грамматикада тіл статикалық қалыпта, ортамен байланыссыз қарастырылады. Мұндағы орта деп отырғанымыз – тілден тыс, сөйлеу ортасы.

Тілдік орта екі түрлі болады:

- 1) жүйелі-тілдік немесе парадигматикалық орта, жүйе (категория немесе топ);
- 2) сөйлеу ортасы, яғни контекст және сөйлесу немесе сөйлесім жағдайы [2, 23].

Парадигматикалық ортаға қарағанда, сөйлесім ортасы, жағдайы күрделірек. Осыған байланысты функционалды грамматикада категория, функционалды-семантикалық өріс, ситуациялық немесе жағдай категориясы ұғымдары қолданылады. Жүйе мен ортаның байланысы қызметке бағынышты. Орта көмегісіз тілдің тұлға-бірліктері қызметін атқара алмайды. Функционалды-семантикалық категория белгілі бір семантикалық функцияны (темпоралдылық немесе модалдылық т.б. қатынастарды білдіру қызметі) атқаратын әр деңгейлі тілдік құралдардың жүйесі. Функционалды-семантикалық категориялар құрылымы жағынан алғанда өріс ретінде қаралады. Сондықтан «функционалды-семантикалық категория (ФСҚ)», «функционалды-семантикалық өріс (ФСӨ)» терминдері қатар қолданылады [3].

Морфологиялық категориялар – функционалды-семантикалық категориялардың бастау негізі. Морфологиялық шақ категориясы қимылдың өту мерзімін (темпоралдық мағына) білдіретін ең негізгі тілдік құрал. Темпоралдық

мағынаны анықтауда бірінші кезекте етістіктің шақ категориясының морфологиялық көрсеткіштері негізге алынады. Келесі кезекте осы мағыналық өрісті жасауға қатысты тілдік элементтер анықталады. Мысалы, қазақ тілінде темпоралдылықтың функционалды-семантикалық өрісіне етістіктің шақ категориясы негіз болады да, *қазір, кеше, бүгін, ертең* сияқты лексикалық бірліктер шақ формаларымен өзара сәйкестеніп, өрістік мағына құрауға үлес қосады. Лексикалық бірліктердің семантикалық сипаттары, олардың грамматикалық орталығы – етістіктің шақ формалары болып табылатын функционалды-семантикалық категорияға меншіктілігі анықталады.

Функционалды грамматикада тіл сөйлеу деңгейінде, динамикалық тұрғыда қарастырылады. Мұнда тілдік бірліктер мен тіл жүйесінің сөйлеудегі қызметі, жұмсалымы сөйлеу жағдаятымен, контекспен бірлікте алып зерттеледі. Сөйлеу жағдаяты тілден тыс, ал контекстік немесе сөйленімдік орта тілдік болып табылады. Бұдан біріншіден, ортаның екі түрлі – тілдік орта және сөйлеу ортасы (тілдік емес) болатындығы, соңғысының күрделі екендігі көрінеді. Екіншіден, тілдік бірліктер қызметі үшін міндетті түрде ортаның қажет екендігі. Басқалай айтқанда, тілдік бірліктердің жұмсалымы белгілі бір ортада жүзеге асады. Бірақ функционалды грамматикада функция ұғымының түрліше айқындалуымен байланысты лингвистикада бірнеше функционалды бағыт бар. Солардың бірі дәстүрлі грамматикаға жақын, семасиологиялық немесе формацентристік деп аталатын бағытта зерттеу «формадан ⇒ мазмұнға қарай» жүргізіледі. Яғни форманың мағынасы мен жұмсалым заңдылықтарына назар аударылады. Екіншісі «мазмұннан ⇒ формаға қарайғы» бағытта зерттейтін грамматика. Мұндай грамматиканың негізінде сөйлеу актісінің құрылымы жатады. Өйткені бұл бағыт сөйлеушінің сөйлеу әрекетімен тығыз байланысты. Сөйлеуші өз ойын жеткізу үшін барлық тіл деңгейінен өзара әрекеттес құралдардың қажеттісін таңдап алып, оларды белгілі бір тәсілмен ұйымдастырады, яғни «мазмұннан ⇒ формаға қарай» жүреді. Сөйлеуші жеткізген хабарды түсіну үшін тыңдаушы ақпарат берушінің тілдік құралдарды қандай заңдылықтар бойынша таңдап алғанын «формадан ⇒ мазмұнға қарай» жүріп айқындайды. Тілдік фактілерді сипаттауда «мазмұннан ⇒ формаға қарайғы» бағыт негізгі болып табылады да, грамматика құрылымын айқындайтын «формадан ⇒ мазмұнға қарайғы» бағытпен бірлікте қаралады [3].

Функционалды грамматиканың тіл ғылымы жүйесінде дәстүрлі грамматикамен зерттеу объектілері бір болғанмен, зерттеу әдістері мен зерттеу мақсаттары әртүрлі. Дәстүрлі грамматика морфология және синтаксис деген үлкен екі саланы қамтитын болса, функционалды грамматика ондай қатаң тәртіпке бағынбайды. Оның ауқымы әлдеқайда кеңірек. Функционалды грамматика мен дәстүрлі грамматиканың айырмашылық белгілерін салыстырмалы түрде былай көрсетуге болады:

Кесте 1

Дәстүрлі грамматика	Функционалды грамматикасы
1 Дәстүрлі грамматика тұлға-бірліктер мен категорияларды сипаттайды. Бұл дәстүрлі грамматиканың статикалық қырын көрсетеді.	1 Функционалды грамматика айтылым кезіндегі тілдің әртүрлі деңгейдегі тұлға-бірліктерін сипаттайды. Бұл функционалды грамматиканың динамикалық қырын көрсетеді.
2 Дәстүрлі грамматика тілдің грамматикалық жүйесіндегі деңгейлерді жеке-жеке алып қарастырады. Мысалы: морфология, жай және құрмалас сөйлем синтаксисі т.б.	2 Функционалды грамматика тілдің функционалды-мағыналық бірлігіне сүйене отырып, белгілі бір мағыналық тұтастықты қарайды. Осыған байланысты функционалды грамматиканың принциптері анықталады: форма → мағына, мағына ↔ форма немесе құрал → қызмет, қызмет → құрал.
3 Дәстүрлі грамматика тілдік тұлға-бірліктердің, грамматикалық категориялардың жалпы тіл жүйесіндегі өзіндік орны зерттеледі.	3 Функционалды грамматика функционалды бағыт ұстанады: тілдің әр деңгейіндегі тұлға-бірліктерді сөйлеу қызметіндегі заңдылықтары тұрғысынан қарастырады (яғни кешенді түрде)
4 Дәстүрлі грамматика әр жүйені жеке деңгей ретінде қарастырады. Сондықтан ол деңгейлік және оның әр бөлімі бір жүйе болып табылады.	4 Функционалды грамматика негізінде интергенерациялық тұрғыдан келеді. Сондықтан ол түрлі деңгейлі және көпжүйелі болып келеді.
5 Дәстүрлі грамматика белгілі бір форма мен мағынаға олардың жүйесіне сүйенеді.	5 Функционалды грамматикасы семантикалық категорияларға сүйенеді.
6 Дәстүрлі грамматикада парадигматика маңызды қызмет атқарады.	6 Функционалды грамматикада синтагма маңызды қызмет атқарады.

Алайда екеуі де тілді жүйелік-құрылымдық тұрғыдан қарастырады.

Функционалды грамматика зерттеу нысаны мен сипатына қарай:

а) тілдік бірліктердің жүйесін талдайды;

ә) айтылым мен сөйлесім кезінде жүзеге асатын мағына қызметін талдайды.

Бұл талдаулар мынадай компонентер:

а) функционалды семантикалық өрістің тілдегі жүйелер өрісіндегі құрылымын сипаттау;

ә) категориялық жағдайлардың түрлерін сипаттау (аспектуальдық, каузалдық т.б.) арқылы жүзеге асады. Олар белгілі бір ФСӨ айналасында топталып, өзінің мазмұнның айтылым кезінде көрсетеді [3].

Грамматиканың аталған екі типі талдау әдістері жағынан да ерекшеленеді. Жүйе теориясында талдаудың екі түрі көрсетіледі: біржүйелік талдау және көпжүйелік талдау. Біржүйелік талдау дәстүрлі грамматикаға тән саналады да, түрлі тіл деңгейіне жататын бірліктер өзара байланыссыз талданып, сипатталады. Соның негізінде тілдің әрбір деңгейі жүйелі түрде сараланып зерттеледі. Мысалы, морфологияда сөз таптары, сөз формалары, морфемалар; синтаксисте сөз тіркестері, сөйлем; лексикологияда сөз т.б. Бұл іспеттес талдаулар жеке форма мен оның мағыналық ерекшелігін жете, терең тануға мүмкіндік береді.

Функционалды грамматикада тіл деңгейі бірліктеріне талдау кешенді түрде жүргізіледі. Мұнда тіл деңгейлері арасындағы байланыс ортақ семантика арқылы жүзеге асады. Мазмұнды беруге қатысатын әр деңгей элементтері жеке дара емес, мағыналық тұтастықта алып талданатындықтан, бұл функционалды грамматиканың, бір жағынан, деңгейлі (дәстүрлі) грамматикадан ерекшелігін көрсетсе, екінші жағынан, құрылымдық сипаты бойынша «түрлі деңгейлі», басым сипатына қарай «жүйелі-үйлестіруші» грамматика деп аталуына негіз болады. Дәстүрлі грамматикада әр тіл деңгейі – фонетика, лексикология, морфология, сөзжасам, синтаксис жеке-жеке алынып, ондағы тілдік бірліктердің өзіндік ерекшеліктері жете ашып көрсетілетіндіктен тілде ол «жүйелі-саралаушы» деген сипатқа ие болып келеді.

Белгілі бір ой өзара әрекеттес тілдік құралдар жұмсалымының нәтижесінде берілетіндігін ескерсек, семантикалық категорияны белгілі бір семантикалық функцияларды атқару үшін өзара әрекеттес болуға қабілетті әртүрлі тілдік құралдардың жүйесі деп анықтауға болады. Басқаша айтқанда, семантикалық категория – түрлі тілдік құралдармен берілетін ой мазмұны жүйесінде көрінетін бірліктер мен элементтер. Мәселен, аспектуалділік семантикалық категориясы уақытқа қатысты қимылдың ішкі өту шегін, ағымын сипаттайды. Бұл – оның мазмұн межесі. Мазмұн тілдік құралдар көмегімен берілетін сана жұмысының нәтижесі болып табылады. Дәстүрлі грамматикада қимылдың өту сипаты категориясының немесе шақ категориясының т.б. жалпы мағынасы мен ішкі мағыналық реңктерінің грамматикалық формалармен берілуі ғана негізге алынады. Бірақ тілдегі қолданысы кең қимылдың өту сипаты немесе шақ т.б. категорияларды

«формадан \Rightarrow мазмұнға қарайғы» бағытта зерттеумен қанағаттануға болмайды. Себебі олардың лексикамен де, сөзжасаммен де, грамматикамен де тығыз байланысты «семантикалық өрісінің шеңберін» жекелеген грамматикалық көрсеткіштер аясында ғана тану жеткіліксіз. Өйткені тіл өзінің барлық құралдарының жиынтығы арқылы ғана адам таныған әлем бейнесін бере алады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Сонымен, функционалды грамматика:

– тілдік жүйе мен оның элементтерінің қалай, не үшін қызмет ететіндігін айқындауды мақсат етеді;

– тілдік бірліктердің сөйлеудегі жұмсалым потенциалын оны жүзеге асыратын ортамен байланыста қарастырады;

– әртүрлі тіл деңгейі бірліктерінің қызметі жағынан өзара байланысы мен өзара әрекеттестігі сияқты т.б. мәселелерді зерттейді.

Функционалды грамматиканың дәстүрлі грамматикадан айырмашылығы, біріншіден, грамматиканың бірліктілік (единства грамматики) принципінде. Бірліктілік түрлі грамматикалық элементтердің басқа тілдік құралдармен тығыз байланыстылығынан көрінеді, олар бір-бірімен байланыса отырып, тығыз қарым-қатынаста бір парадигмалық жүйе құрайды да грамматикалық бірліктер өздері қызмет ететін ортамен қарым-қатынасқа түседі, солардың ықпалымен қызметін де түрлендіреді. Функционалды грамматиканың екінші бір айырмашылығы оның жүйелік-интегративтік принципінде, атап айтқанда, түрлі тілдік деңгейлердің бірліктерін белгілі бір ортақ қызмет аясында біріктіреді, тілдік жүйелікті көрсетеді, ал дәстүрлі грамматикада грамматикалық бірліктер морфология, синтаксис салаларына тарап кетеді. Осы соңғы айырмашылық мына бір жағдайды айқындай түседі; функционалды грамматика дәстүрлі грамматиканы толықтырады, ол тілдік тұтастықты, жүйелілікті толыққанды көрсете алады және де оның сөйлеу тіліндегі қызметін ашады. Толықтырушылық қатынас тілдік деңгейлердің ара байланысынан көрінеді. Мысалы, морфологиялық шақ категориясының формалары – шақтық қатынасты осы шақ, келер шақ, өткен шақ деп жалпылап білдірсе, оны нақтылай түсіп, мағынасын толықтыратын – лексикалық, лексика-грамматикалық бірліктер. Жеке тілдік деңгейлік тұлғалар өз алдына жеке-дара қызмет етпейді, олар бірлесіп, бір жүйеге бірігіп, тілдік ортада бірінің мағынасын бірі түрлендіріп, толықтырып тілдің негізгі когнитивтік, коммуникативтік қызмет атқарады.

- 1 Қазақ тілінің функционалды грамматикасы. 1-кітап. – Алматы, 2010. – 338-406 б.
- 2 Қазақ грамматикасының өзекті мәселелері. – Алматы : Арыс, 2007. – 316-351 б.
- 3 Қазақ тілінің жұмсалым грамматикасы. Монография-оқулық. – Алматы, 2016. – 508 б.
- 4 **Исаев, С.** Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс, 2008. – 624 б.

Материал 31.05.17 баспаға түсті.

C. A. Odanova

Изучение грамматической системы в структурных и функциональных аспектах

Казахский государственный
женский педагогический университет, г. Алматы.
Материал поступил в редакцию 31.05.17.

S. A. Odanova

Study of the grammatical system in the structural and functional aspects

Kazakh State Women's Teacher Training University, Almaty.
Material received on 31.05.17.

В статье рассматриваются изучение грамматической системы в структурных и функциональных аспектах их особенности, отличительные признаки. Их принципы и цели исследования, методы исследования, даны понятие функциональных направлений, анализ.

The article examined the study of the grammatical system in the structural and functional aspects their features, distinguishers. Their principles and research aims, research methods, the concept of functional directions, analysis is given.

C. A. Odanova

ф.ғ.к., қауым. профессор, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ.
e-mail: sagira68@mail.ru

ҰЛТТЫҚ ТІЛДІК ТҰЛҒА ЖӘНЕ ОНЫҢ НЕГІЗГІ БЕЛГІЛЕРІ

Мақалада адам ұғымына жан-жақты түсінік беріле келіп, оған тұлға ретінде талдау жасалады. Коммуникативтік тұлғаның құзыреттері (тілдік, коммуникативтік, прагматикалық) сараланады. Ұлттық тілдік тұлға тілдік тұлғаның ұлттық мәдениет, ұлттық психологияны терең меңгеруі нәтижесінде қалыптасатыны туралы баяндалады.

Кілтті сөздер: адам, тұлға, коммуникативтік тұлға, тұлғаны қалыптастыратын факторлар, тұлғаны әлеуметтендіру процесі, тілдік құзырет, коммуникативтік құзырет, прагматикалық құзырет, ұлттық тілдік тұлға.

КІРІСПЕ

Қазіргі уақытта тіл білімінде антропоөзектік бағыт үстемдік алып, адам факторына ерекше мән беріліп отыр. Осыған байланысты тілдің ойлау жүйесі мен адамның іс-әрекетіне ықпалы, сонымен қатар адамның тілге әсері, тілдегі адам факторына ерекше мән берілуде. Сол себепті адамның қалай қарым-қатынас жасайтыны, ақпаратты қалай өңдейтіні, мәтінді қалай қабылдап, түсінетініне ерекше мән беріліп, тілдік құбылыстардың коммуникативтік жағына қызығушылық артып отыр. Адам қоғамы болған жерде тіл де болады. Тіл адамдар арасындағы қарым-қатынас құралы ретінде қызмет атқарып, қоғамдық мәнге ие болады. Тіл арқылы адам қоршаған ортаны қабылдап, өзіндік дүниетанымы қалыптасады. Сөйлермен ретінде адамда «индивид» (жеке адам), «тұлға», «субъект» ұғымдары өзінше көрініс тауып, адамның үш қырын көрсетеді: адамның өзіне қатысы, қоғамға және қоршаған ортаға, айналасына қатысы.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Адам – түрлі ғылымның нысаны. Ұғымның күрделілігіне байланысты жалпыға ортақ анықтамасы жоқ. Адамға берілген анықтамалар өте көп әрі алуан түрлі. Адам «индивид» (жеке адам), «субъект», «тұлға» ретінде сипатталады. Алуан түрлі болу себебі – адамды қай тұрғыдан сипаттауына байланысты. Адам психикалық ерекшеліктеріне байланысты, басқа адамдармен қарым-

қатынас жасауына қарай психологияда зерттеледі, әлеуметтік ерекшеліктері, қоғамдық қызметіне байланысты адам әлеуметтануда, сондай-ақ философияда да сөз болады. Тұлғаны сипаттаған кезде ең алдымен адамның әлеуметтік ерекшеліктеріне ерекше мән беріледі. «Совет энциклопедиялық сөздігінде» *тұлға* сөзіне: 1 Таным әрекеті бар қарым-қатынас субъектісі, 2 қоғам немесе қауымдастық мүшесі, – деген анықтама берілген. Адамның өзіндік ерекшеліктері туралы Д. Кішібеков пен Ұ. Сыдықов былай деп жазады: «Адамның бойындағы кісілік қасиеттердің *үш дәрежеде болатынын* аңғару қажет: 1) Әрбір адам – ең алдымен адамзат қауымының мүшесі. Шыққан нәсілінен, ұлтынан, табынан, жынысынан, туған жерінен тәуелсіз есті адамның барлық өкілдеріне ортақ жалпы адамзаттық қасиеттер болады. Олардың қатарына қуану, қайғыру, балажандылық, ананы сүю, арамдық-зұлымдықтарға, әділетсіздікке теріс қараушылық, махаббат, жек көрушілік, әділдікті ұнату т.б. рухани-психологиялық қасиеттер жатады. 2) Әр адамның физиологиялық ерекшеліктерінен жоғары жүйке жүйесінің қызметтерінен туатын және оның тек өз басына тән психологиялық өзгешеліктер. Бұлар оның мінез-құлқында, сезім көрінісінде, қызба жандылында, қимылдары мен жүріс-тұрысында, сөйлеу ыңғайында, сыртқы әсерлерге қайтаратын жауаптарында, бөтен адамдармен қарым-қатынасында т.б. тіршілік әрекеттерінде байқалады. Осы қайталанбайтын ерекшеліктерінің арқасында әр адамның басқаларға ұқсамайтын өзіндік қырлары туады. Бұл қырлардың негізі физиологиялық ерекшеліктерде жатқанмен, оған, әрине, өмір сүру ортасы да елеулі ықпал жасайды. 3) Адам белгілі бір елде, тарихи дәуірде, белгілі дәрежеге жеткен материалдық және рухани мәдениет жемістерімен сусындап өседі. Оның шыққан әлеуметтік (таптық), этникалық (ұлттық) ортасы болады. Сол дәуірде, тарихи ортада қалыптасқан білім-тәрбие жүйесінен тағылым алады. Осылардың бәрі қосылып адамның жан-дүниесінде өзіндік ізін қалдырады. Және сол уақыт ішінде анықталып, ерекшелене келіп, тұрақты рухани қасиеттерге айналады» [1, 236].

Адамның көпқырлылығына, өзіндік ерекшеліктерінің молдығына байланысты ол ақыл иесі, қоғам мүшесі, тұтынушы, еркін адам ретінде сипатталады. Ал коммуникация теориясы үшін адамның сөйлеуші ретіндегі қызметіне ерекше назар аударылады, яғни адам коммуникативті тұлға ретінде сипатталады. *Коммуникативті тұлға* ұғымын нақтылау үшін алдымен *тұлға* сөзінің философиядағы, әлеуметтану, психология, лингвистикадағы (тілдік тұлға) қалай сипатталатынын анықтап алу қажет. Аталған ғылым салаларының зерттеулеріне иек арта отырып, тұлғаны басқа адамдармен қарым-қатынас жасай алатын, қоғамда өзіндік орны бар, әлеуметтік ерекшеліктермен қатар өзіндік ерекшеліктері бар тұтас құбылыс ретінде сипаттауға болады. Алдымен *адам*, *тұлға*, *даралық* ұғымдарын нақтылап алу қажет. Адам – адамзат дамуының жоғары сатысындағы, биологиялық және

әлеуметтік сипаттар бірлігінен құралған тіршілік иесі. Биологиялық құбылыс болғандықтан, адам биологиялық және физиологиялық заңдылықтар бойынша дамиды, ал әлеуметтік құбылыс ретінде ол қоғамның дамуымен байланысты болады. Осыған байланысты «Философия» оқулығында былай делінген: «Адамда екі түрлі: табиғи (биологиялық) және қоғамдық (әлеуметтік) сипат болады. Әрине, адамның басты қасиеті – оның әлеуметтік сипаты. Адам мен қоғам бірлікте. Тек қоғамда ғана адам өзін-өзі әлеуметтік құбылыс ретінде көрсете алады. Адамды адам еткен еңбек дейтін болсақ, сол еңбек нәтижесінде адамның санасы, тілі пайда болды. Олай болса, еңбек, сана, тіл – бәрі де қоғамдық құбылыс, олар қалыптасқан, даму тарихы бар» [1, 242].

Тұлғаны қалыптастыратын факторларды сипаттай келіп, Д. Кішібеков пен Ұ. Сыдықов былай деп жазады: «...Адамның қоғам мүшесі есебінде есейіп, ер жетуі, толысуы, кісілік қасиеттерінің қалыптасуы деген ұғым мен оны тәрбиелеу деген ұғым бір-бірімен түгелдей сәйкес келмейді. Алғашқысы кең ұғым. Себебі адамның бойында ылғи да қоғамдық маңызы зор, тек қажетті қасиеттер қалыптаса бермейді. Әйтпесе тәрбиеленудің қажеті болмас еді. Олай болса, кісілікті қалыптастыратын нақты әлеуметтік ортаның мәні, құрылымы қандай? Ең әуелі адам мен қоғамның жалпы байланысын ескеруіміз керек. Яғни, адам өмір сүріп, іс-әрекет жасап отырған қоғамның мәні, даму деңгейі, сипаты қандай? Бұл фактор, әсіресе, жас адамның қалыптасуында шешуші рөл атқарады. Ғылымда оны шартты түрде макроорта деп атайды. Екінші фактор – микроорта. Оған микроортаның нақты адаммен тікелей байланыста болатын бөлігі, яғни отбасы, ұжым, қоғамдық ұйымдар және адамның еңбек ету, оқу уақытысынан тыс өзі пікірлесетін, араласып тұратын ортасы, дос-жарандары жатады. Үшіншіден, білім және тәрбие беру процесі. Төртіншіден, өзін-өзі тәрбиелеу. Осы аталған факторлардың мән-мағынасы, өзара байланысы, тұтастығы мен бірлігі адамның кісілік болмысын анықтайды» [1, 234]. Ғалымдар *тұлға* сөзінің орнына *кісілік* сөзін қолданғаны байқалады. Мақаламызда *тұлға* сөзін мақсатты түрде қолданып отырмыз. Оның басты себебі бұл сөздің (*тұлға*) «личность» мәнінде тұрақтанып қалуына байланысты. Сондай-ақ бұл сөздің қатысуымен *коммуникативті тұлға*, *тілдік тұлға* сияқты терминдер де жасалған.

Тұлға мен қоғамның арақатынасы әлеуметтануда зерттеледі. Тұлғаның өзіндік ерекшеліктеріне – дүниетанымы, құндылықтары, әлеуметтік қатынастары, жауапкершілігі, дербестігі, мемлекеттік, қоғамдық істерін жатқызуға болады. Барлық адам тұлға бола бермейді. Тұлға ретінде қалыптасу үшін адамға біраз уақыт керек болады. Ол – әлеуметтену нәтижесі. Әлеуметтену үдерісінің адамның қоғамдық қызметіндегі орны туралы Д. Кішібеков пен Ұ. Сыдықов былай деп жазады: Кісінің қалыптасуы оның әрекеттену және басқа адамдармен ой алмасу процесінде өтеді. Бұл процесі

индивидтің *әлеуметтендіру процесі* деп атауға болады. Әлеуметтендіру индивидке сырттан еріксіз танылатын жай емес, керісінше, оның белсенді араласуымен, өзінің қимылы мен мінез-құлқын қоғам талабына лайықтап, үнемі дұрыс жолға салып, өзгертіп отыруы арқылы іске асады. Соның арқасында адамда өз мінез-құлқын, әрекетін басқа адамдардың сондай қылықтарымен салыстыра бағалау, сөйтіп өзінің кім екенін түсіну, философия тілімен айтқанда, өзін-өзі тану қабілеті жетіледі [1, 234].

Тұлға жеке адам дамуының, тәрбиенің нәтижесінде, әлеуметтік нормалар мен дағдыларды меңгеру нәтижесінде қалыптасады. Әлеуметтену барысында адам:

1) тілдік құзыретке ие болады, яғни тілдің лексикалық, грамматикалық, фонетикалық заңдылықтарын меңгеріп, сөз байлығын көбейтіп, сөзді орынды қолданады, грамматикалық нормаларды реттеп, тіл мәдениеті мен дискурс (мәтін мен сөйленісті дұрыс құру) қағидаларын игереді.

2) Коммуникативті құзыретке ие болады. Ол әлеуметтік, мәдени тәжірибе жинақтап, сөйлесу заңдарын, коммуникативтік әрекет принциптері мен қағидаларын, әңгімелесу стратегиясы мен тактикаларын, тілдік және коммуникативтік актілердің икемді жүйесін меңгереді.

3) Прагматикалық құзырет нәтижесінде тілдік тұлға мынадай дағды, шеберліктерге ие болады:

а) тіл жүйесін, грамматикалық және лексикалық нормаларды меңгереді;

ә) мәтіндік және стильдік деңгейдегі тіл жүйесін меңгереді;

б) сөйлесу, тақырып, стиль, жанр деңгейіндегі тілдік туындыларды қолданудың әлеуметтік нормаларын меңгереді;

в) күрделі мәтіндер құрылып (өтініш, негіздеме, есеп, мектеп оқушысының не студенттің шығармасы, реферат, кәсіби, ғылыми, публицистикалық, ресми-іскери қызмет т.б.), күрделі мәтіндерді қабылдай алады (ғылыми, ресми-іскери, публицистикалық т.б.). Бұл ретте әсіресе көркем мәтіндерді қабылдап, түсініп, түсіндірудің (интерпретациялаудың) орны ерекше.

г) сөйлесу барысында серіктестердің әлеуметтік және психологиялық ерекшеліктері айқын болады;

д) деңгейлік және қызмет позициясындағы этика, этикет нормалары сақталады. Әрбір тілдік тұлғаның коммуникативті, әлеуметтік және психологиялық қызметі болады, олар бірігіп, түрлі сөйленістер мен дискурс мәтіндерде жүзеге асатын тілдік әрекет нұсқаларын түзеді.

Тілдік тұлға бүгінде тіл білімінде түрліше аталып жүр. Нақты айтсақ, *субъект* (әлемді танушы және әлемді өз сөзінде бейнелеуші), *индивид*, *мәтін авторы*, *тілді ұстанушы информант*, *актив*, *пассив информант*, *айтушы/тыңдаушы*, *идиолект*, *автор бейнесі*, *интеллектуал*, *автор образы*, *ақынның өз образы* т.т. Бұл атаулар түрлі ғылымдардың адамның санадағы деңгейін

зерттеуден туған. Дегенмен бұл мәселелерде ала-құлалықтар жеткілікті, себебі әртүрлі ғылым салалары қиюласып, тоғысып, даму үстінде болғандықтан, тілдік тұлғаны өзіндік тұрғыдан анықтауға тырысады. Ю. Н. Караулов орыс тіл білімінде тілдік тұлға табиғатын құрылымға жинақтап анықтайды [2, 234]. Соған сүйеніп, тілдік тұлғаның астарында мәтінді жасаушы және қабылдаушы адамның ерекшелігі мол қабілетінің жиынтығы жатыр деп санаймыз. Олар: а) тілдік-құрылымдық қиындық дәрежесімен; ә) шындық болмыстың терең және нақты бейнесімен; б) анықталған мақсат бағыт-бағдарлығымен өзгешеленеді. Бұл анықтамада адамның қабілеттілігі мен өзі жасаған мәтін ерекшелігі ұштасып жатыр. Бұл пайымдау тілдік тұлға сипатының барлық негізгі синтезі үшін қажет болса, бір жағынан тілдік тұлғаны тануға арналған басқа ұғымдарға қарама-қарсы. В. А. Маслованың көрсетуінше, тілдік тұлға мазмұнына мынадай компоненттер енеді: 1) құндылық, дүниетанымдық, тәрбие мазмұны компоненті, яғни құндылықтар жүйесі және өмірдің мәндері; 2) мәдениеттану компоненті, яғни тілге деген қызығушылықтың тиімді құралы ретінде мәдениетті игеру деңгейі; 3) құндылық, тұлғалық компонент, яғни, әр адамда бар терең жекелік қасиеттер [3, 119]. Осы ерекшеліктерге байланысты тілдік тұлға мәселесі жалпы тіл білімінде түрлі бағытта зерттеліп келеді, кешенді және идиолекті (бір адамдық тұлғалар) [В. Г. Нерозняк], этносемантикалық тұлға [С. Г. Воркачев], элитарлы [А. Г. Баранов], орыс тілдік тұлғасы [Ю. Н. Караулов] тілдік және сөйлеу тұлғасы [Ю. Е. Прохоров, Л. П. Клобукова] батыс және шығыс мәдениетінің тілдік тұлғасы [Т. И. Снитко], сөздік тілдік тұлғасы [В. И. Карасик], эмоционалды тілдік тұлға [В. И. Шаховский]; психолингвистикалық [И. А. Бодуэн де Куртенэ], лингводидактикалық; философиялық [В. Виноградов], қазақ тіл білімінде – Ф. Оразбаева, Н. Уәли, Қ. Жаманбаева, А. Ислам, О. Жұбаева, Н. Аитова, Г. Имашева, Т. Ермакова т.с.с.

Адресанттың адресатқа хабар беру қажеттілігі – табиғи болмыстан туған рухани қажеттілік. Бұл қажеттілік табиғи, ұлттық, шынайылыққа ие болмаса, халық санасында тілдік тұлға ойлары, сөздері жатталып қалмас еді. Қазірдің өзінде хатқа түсіп жатқан әртүрлі шығармалардың өздерін, олардың адресаттарының ойларын халық қабылдай бермейді. Сол себепті тілдік тұлғаға тән қасиет халық көңілінен орын таба білуі шарт. Г. Имашева тілдік тұлға қалыптасуы үшін төмендегі алғышарттардың болуы тиіс деп есептейді: 1 ұлттық тәрбие (отбасылық тәрбие); 2 ұлттық тілдегі өлшемдер (қабылданған, қабылданбаған құндылықтар); 3 мәдени ақпарат (салт-дәстүр, әдет-ғұрып); 4 рухани сана (дін қағидалары); 5 үлгі тұтатын тұлғалар (Абай, Шоқан т.б.); 6 озық білім жүйесі; 7 тектілік интеллектісі. міне, осы қасиеттерді бойына жинаған индивид, саналы адам дәрежесінен тұлға одан әрі тілдік тұлға дәрежесіне көтеріле алады. Тілдік тұлға дегеніміз ұлттық

ойлау ділі бар, ұлттық тілдің дамуына өз әсерін тигізуші, қоғамдық интеллект [4, 16].

Н. Уәли тілдік тұлғалардың әдеби тілді игеру, пайдалану деңгейі бірдей емес екенін ескерте келіп, тілдік тұлғаларды төрт типке бөледі:

1) әдеби тілді шығармашылық деңгейде тұтынатын тип. Бұлар элитарлық тілдік тұлғалар;

2) әдеби тілдің ауызша, жазбаша нормаларын сақтай білетін, ара-тұра кодификацияланған нормадан қате жіберетін, сөйлеу тілі мен кітаби тіл элементтерін кей тұста айқын аңғара алмайтын мәдени-тілдік орташа тип. Сан жағынан басымы да осы орташа әдеби тип;

3) негізінен әдеби сөйлеу тілін қолданатын, арасында қарапайым сөйлеу тіліне тән элементтерді қосып сөйлейтін тілдік-мәдени тип. Сан жағынан, шамамен, орташа типтен кейінгі орында;

4) қарапайым сөйлеу тілімен сөйлейтін, бейәдеби элементтер мен диалектизмдерді қолдана беретін коммуниканттар [5, 52].

Тілдік тұлғаның өзіндік болмысына сәйкес қалыптастырған, енгізген түрі, сөз саптауы, ойы, көзқарасы эталондық сипат дәрежесіне көшеді де, оның тілін зерттеудің арқауы бола бастайды. Бұл көбінесе тілдік тұлғаның дәстүрлі вербальды-семантикалық деңгейінде байқалатыны даусыз. Тілдік тұлға сөйлеу барысында бірнеше қызмет атқарады. Атап айтқанда, фатикалық, ақпараттық, әсерлік. Фатикалық тілдік құралдар арқылы қарым-қатынас барысында белгілі бір қоғамда қалыптасқан сөйлеу әдебінің үлгілері байқалады. Сол арқылы адамның мәдени деңгейі де көрінеді. Ақпараттық қызмет тұлғаның білік-дағдыларын, аялық білімінің деңгейін көрсетеді, тұлғаның зияткерлік қабілеті байқалады. Адамның эмоциясы мен еркі тыңдаушыға әсер етуінен байқалады. Осымен байланысты Ислам Айбарша былай дейді: «Тілдік тұлғаның мазмұнына келсек, оны құндылықтар жүйесінен тұратын дүниетанымдық, мәдени және жеке тұлғалық компоненттер құрайды... Тілдік тұлғаның табиғаты тұлғаның ұлттық мәдени сипатымен тікелей байланысты. Ұлттық тілдік тұлға лексика-семантикалық деңгейде ғана сипатталып қоймай, сонымен қатар ол ұлттық мәдени құндылықтарды, ұлттық мәдени ділді, ұлттық психологияны меңгерген және оны келер ұрпаққа бере алар тұлға екендігін баса айтқымыз келеді» [6, 11].

Тіл тұтынушысы сапасына көтерілмеген тұлғаның тілдік тұлғаға да, коммуникативтік тұлға қатарына қосылуға да мүмкіндігі жоқ. Бірақ адам баласы қалай болғанда да қандай да бір тілдің тұтынушысы, белгілі бір тілге қатысты алғанда ұлттық тілдік тұлға, демек, соған қатысты коммуникативтік тұлға бола алады. Егер тілге қатысты лингвистикалық құзыреттілікке ие тұлға бір тіл үшін тілдік тұлға (өз ана тіліне қатысты), ал екіншісіне қатысты тек тіл тұтынушысы сапасында болады (екінші тілде түсінеді, белгілі деңгейде

пайдаланады, бірақ нормаға сай қолданып, еркін көсіліп сөйлей алмайды, еркін қарым-қатынасқа түсе алмайды). Тіл тұтынушысына тән лингвистикалық құзыретті де, тілдік-мәдени құзыретті де, коммуникативтік құзыретті де адам дискурсы барысында күрделі коммуникативтік жағдаятта игереді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Сонымен, ұлттық тілдік тұлға белгілі бір этнолингвомәдени қауымдастықтың өкілі, этнотілдік танымды жеткізуші болып табылады. Ұлттық тілдік тұлға тілдің көмегімен ұлттық мәдениет пен психологияны игеру арқылы адамның әлеуметтенуі нәтижесінде қалыптасады. Ұлттық тілдік тұлғаның тілдік санасы этномәдени қауымдастықтың тілдік түсінігімен тығыз байланысты болады.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Кішібеков, Д., Сыдықов, Ү.** Философия. – Алматы, 2000. – 236 б.
- 2 **Караулов, Ю. Н.** Русский язык и языковая личность. – 7-е изд. – Москва : ЛКИ, 2009.
- 3 **Маслова, В. А.** Введение в когнитивную лингвистику. – М. : Флинта / Наука, 2004. – 296 с.
- 4 **Имашева, Г.** Міржақып Дулатұлы шығармаларындағы «Ғаламның тілдік бейнесі»: филол. ғыл. канд... автореф.: 10.02.02. – Алматы, 2007.
- 5 **Уәли, Н.** Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: филол. ғыл. докт... дис.: 10.02.02. – Алматы, 2007. – 329 б.
- 6 **Ислам, А.** Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті (салыстырмалы - салғастырмалы лингвомәдени сараптама): филол. ғыл. докт. ... дис. : 10.02.19. – Алматы, 2004. – 338 б.

Материал 31.05.17 баспаға түсті.

С. А. Оданова

Национальная языковая личность и ее основные признаки

Казахский государственный женский педагогический университет, г. Алматы.

Материал поступил в редакцию 31.05.17.

S. A. Odanova

National linguistic identity and its peculiarities

Kazakh State Women's Teacher Training University, Almaty.

Material received on 31.05.17.

В статье поясняется с разных сторон само понятие человек и анализируется как личность. Дифференцируются компетенции (языковой, коммуникативный, прагматический) коммуникативной личности. А также излагается о том, что в результате тщательного освоения национальную культуру, национальную психологию формируется национальная языковая личность.

In the article there are analyzed the different parties and the very concept of a person as an individual. Differentiated the competences (linguistic, communicative, pragmatic) of a communicative personality. It sets out that the result of careful development of the national culture, national psychology formed national linguistic identity.

ӘОЖ 004:001.8:376.1

А. К. Оралбекова

3-курс PhD докторант, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы қ.
e-mail: ali.ya84@mail.ru

ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ЖАҒДАЙЫНДА БОЛАШАҚ БАСТАУЫШ СЫНЫП МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУҒА ДАЯРЛАУДЫҢ ҚҰРЫЛЫМДЫҚ-МАЗМҰНДЫҚ МОДЕЛІ

Бұл мақалада инклюзивті білім беру жағдайында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдануға даярлаудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасаудың мүмкіндігі мен әдіс-тәсілдері айқындалды.

Кілтті сөздер: болашақ бастауыш сынып мұғалімі, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, құрылымдық-мазмұндық модель.

КІРІСПЕ

Педагогтың кәсіби қызметін жүзеге асыру даярлығы оқу орнында білім алу барысында қалыптасады және болашақ маманның кәсіби құзіреттілігін көрсеткіші болып табылады. Әсіресе бастауыш білім беру аясында жұмыс жасайтын педагогтар үшін бұл аса маңызды, өйткені баланың

білім алу үдерісінің алғашқы қадамдары мектептің алғашқы сатысында қалыптасатыны белгілі.

Кәсіби даярлықты жүзеге асыру барысындағы жағдайлар психологиялық және педагогикалық аспектермен байланысты болып келеді. Психологиялық аспектер зерттелініп жатқан феноменнің ішкі сипаттамасын топшылайды, жеке тұлғалық ерекшеліктерін ескере отырып, оның қабілеттеріне назар аударады, ал педагогикалық аспект үдерістердің, құбылыстардың, қасиеттердің дамуының механизмдері мен факторларын қарастырады.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Модель объектіні біртұтас құрылым ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Модель – бұл «...зерттеу объектісін бейнелеп немесе жарыққа шығара отырып оны меңгеру бізге осы объект туралы жаңа ақпарат алатындай етіп түсінудің орнын алмастыруға септігін тигізетін ойша ұғындырылатын немесе материалды жүзеге асырылатын жүйе» [192, 10]. Үлгінің көмегімен объектінің құрылымдық бөліктерінің өзгерістерін алдын ала болжауға болады. Сөйтіп, үлгі бастауыш сынып мұғалімдерді дайындау үдерісін көз алдымызға айқын елестетуге септігін тигізеді.

Модельдің мақсаты – инклюзивті білім беру жағдайында ақпараттық-коммуникациялық технологияларын қолдануға даярлау үдерісін жүзеге асыруға теориялық негізді құрастыру. Болашақ педагогты кәсіби даярлауда үлгілеудің әртүрлі тәсілдері бар (Н. В. Кузьмина, М. И. Дьяченко, Л. А. Кандыбович). Біз солардың ішінен екі компоненті: құрылымдық (үдерістің мазмұны, мақсаты мен нәтижесі) және функционалды (ұстанымдар, кезеңдер, критерийлер, деңгейлер т.б.) біріктірілген үлгіні таңдап алдық.

Модельдің мазмұнында инклюзивті білім беру жағдайында бастауыш сынып мұғалімдерді ақпараттық-коммуникациялық технологияларын қолдануға дайындау үдерісі үшін барынша тиімді болып табылатын тәсілдер көрініс тапты. Бастауыш сынып мұғалімдерді кәсіби іс-әрекетте оқытудың ақпараттық-коммуникациялық технологияларын қолдануға дайындау үдерісіне оң ықпал ететін тәсілдің бірі – **құзіреттілік** тұғыр. В. М. Авдеев құзіреттілік тұғырды «білім беру үдерісінің мақсаты, мазмұны мен логикасын айқындайтын, хабардар болу, дағды, мағыналық бейімделу, бейімделу мүмкіндіктері, өзгермелі іс-әрекеттің тәжірибелері мен тәсілдерінің жүйелі кешенін дамытуға бейімделген жалпы ережелердің жиынтығы» деп түсіндіреді [1]. Ғалым-зерттеуші Мұхамбетжанованың пікірінше «Модель – материалдық нысан түрінде құрылымды имитациялайтын программа күйінде құрастырылады да қарастырылатын нысанның жұмыс жасауын зерттеу үшін қолданылады. Модельге қойылатын негізгі талап – оның қасиеттерінің негізгі нысанға сәйкес келуі, яғни барбарлығы»

Қазіргі таңдағы жоғары білім беру жүйесі айқын гуманистік бағытта дамып келеді. Бұл өзара қарым-қатынас жасаудағы авторитарлы сипаттан шығып және болашақ бастауыш сынып мұғалімі тұлғасының белсенділігі мен құндылығын мойындауға, жеке тұлғалық білімге деген қажеттілік мен тұлғалық дамуға деген қажеттілікті қанағаттандыратын тек білім мазмұнына бағдарлы дайындықтан ауытқудан көрініс береді. Шығармашылық тұлғаны қалыптастыру психология (П. П. Блонский, И. С. Кон, Д. Б. Эльконин және т.б.) және педагогика (В. А. Сухомлинский, В. А. Слостенин т.б.) бойынша ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған. Педагог кадрларды дайындаудың тұлғалық-бағдарлық үдерісі білім алушылардың өз бойындағы тұлғалық әлеуетін ашу, дамыту және басқаларға көрсетуіне ықпал етуге бағытталған (Т. И. Шамова, Т. М. Давыденко).

Өз тұлғасының әртүрлі жақтарын терең түсіну – болашақ бастауыш сынып мұғалімінің ерекше білім алуға деген қажеттілігі бар балаларға адамгершілік қарым-қатынасына қажетті алғышарт, педагогикалық іс-әрекет барысында туындаған қиындықтарды жеңу үшін мүмкіндіктерді жұмылдыру болып табылады. Денсаулығында ақауы бар, яғни мүмкіндігі шектеулі балаларға арнайы білім беруде бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби дағды мен білім секілді жоғары тұлғалық қасиеттері аса қарқынды сұранысқа ие болып отыр (Т. Л. Корженевич, Л. А. Ястребова т.б.).

Аксиологиялық тұғыр болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің жалпыадамзаттық құндылықтарға бағдарынан байқалады, адамды жалпыадамзаттық құндылықтарды анықтайтын қабілетті ең жоғарғы құндылық деп мойындау және оның тұлғалық және қоғамдық қажеттіліктерін қанағаттандыру. Қазіргі таңдағы психологиялық-педагогикалық ғылымдарда жалпы рухани-адамгершілік тәрбие парадигмасы өзгерістерге ұшырады, адам тұлғасын жетілдіруге негізделген модельден биологиялық және әлеуметтік деңгейлерге, болмыстың рухани деңгейінің тіршілік етуін мойындайтын, адамды тұтастай түсіну моделіне көшу орын алды (Б. С. Гершунский, Ш. А. Амонашвили, В. И. Волынкин, В. П. Зинченко, Д. М. Маллаев, М. Щетинин, Е. В. Бондаревская, Т. И. Петракова және т.б.).

Ізгілік педагогикасы бойынша Мәскеу қаласында өткен (2012 ж.) «Мұғалім, мені шығармашылыққа шабыттандыр!» атты 11-ші Халықаралық педагогикалық оқулар кезіндегі өзінің баяндамасында Ш. А. Амонашвили «рухани ізгілік» ұғымын енгізудің маңыздылығына тоқталды: «Өз санамызға руханилықтың өлшемін қабылдап, соның негізінде ойлау өте маңызды. Материалистік философия ойлау негіздері ретінде үш өлшемді құптайды – уақыт, материя, кеңістік. Ұлғайған сана осы өлшемдердің алдына тағы бір өлшемді – руханилықты қояды, оның өзегі жоғары бастауға деген сенім болып табылады. Рухани өлшем педагогиканы даналықпен толықтырады

және болашаққа бағыттайды. Педагогикадағы жаңа ұғым – бұл рухани ізгілік. Ол бүкіл білім беру жүйесі арқылы өтіп, оның негізі болуы тиіс. Руханилық, ізгілік, сүйіспеншілік, мейірімділік, бейбітшілік, игілік ұғымдарының негізінде педагогикалық сананы өзгерту ғана білім берудегі кедергілерді – қоғамдағы рухсыздық пен өнегесіздікті жеңуге мүмкіндік береді»**.

Ғалымдар педагогика ғылымында қазіргі заманғы білім берудің жаңа парадигмасы тәжірибеде аксиология тұғыры бойынша адамның ішкі әлеміне бағдарланып, оның құндылығын, түрткісін, еркін сезінуге әсер етеді.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдануға кәсіби даярлауында, сол секілді тәжірибелік педагогикалық іс-әрекетте қолдану білім алушылармен өзара қарым-қатынас жасаудың тұлғалық-бағдарлы стилі дегенді білдіреді. Мүмкіндігі шектеулі тәрбиеленушілермен тұлғалық бағдарлық қарым-қатынас оқытудың ақпараттық-коммуникациялық технологияларының мүмкіндіктерін іс-әрекеттің педагогикалық түрінде толыққанды жүзеге асыруға қабілетті.

Іс-әрекеттік (П. Я. Гальперин, А. И. Леонтьев, С. Я. Рубинштейн, Д. Б. Эльконин) және тұлғалық бағдарлы тұғырлар өзара тығыз байланысты. Білім алушы оқу іс-әрекетінің субъектісі болып табылады. Ол осы іс-әрекетті жоспарлап, ұйымдастырып, түзетіп отырады. Сондай-ақ, адам баласы тәжірибелік іс-әрекеттер арқылы тұлғалық дамып отырады. Бұны ғалым С. Л. Рубинштейн сана мен іс-әрекет байланысы ұстанымы деп атады. Осыдан келіп педагогика мен психологияда іс-әрекеттің субъективтілігі туралы ұстаным қалыптасты (К. А. Абдульханова-Славская, В. В. Давыдов, А. В. Петровский).

Іс-әрекеттік тұғыр болашақ маманның кәсіби-педагогикалық әрекетін қалыптастырудағы теориялық және тәжірибелік дайындықтың бірлігін көрсетеді. Білім беру жүйесінің тәжірибеге бағдарланған мазмұны дайындау пәндері бойынша теориялық білімдердің әрекеттің педагогикалық түрінің дағдыларымен өзара байланысын қамтамасыз етуге септігін тигізеді. Іс-әрекеттік тұғырды педагог кадрларды дайындауда жүзеге асырумен байланысты студенттердің педагогикалық іс-тәжірибесінің мәселелері кең қарастырып, бірінші курстан бастап әртүрлі іс-тәжірибе түрлерін өту мәселесі сөз етіліп келеді (Г. В. Бабина, Н. А. Чевелева, Л. А. Черкасова, С. Н. Шаховская, А. Г. Шембель т.б.).

Контекстік тұғыр (А. А. Вербицкий және т.б.) іс-әрекеттік тұғыр теориясының дамуы болып табылады. Ол оқу әрекетінен кәсіби әрекетке өту дегенді білдіреді. Контекстік тұғырға негізделген педагогикалық технологияда «... оқытушының оқыту немесе білім беру әрекетінен студенттің таным әрекетіне ауысуы жүзеге асады, ал білім беру үдерісі...»

** Ш.А. Амонашвили. Вдохновение и творчество – путь обновления образования // 11 Международные педагогические чтения, М., 2012

мақсатты біріктіру – теориялық және практикалық ойлау, болашақ кәсіби маманның тұлғасын дамыту бағытында ұйымдастырылған тұлғаралық өзара қарым-қатынас пен диалогтық қарым-қатынас ретінде қарастырылады» [2].

Контекстік оқытудың мынадай сипатты ерекшеліктері бар. Олар біздің зерттеу жұмысымызда маңызды орында: студент белсенді іс-әрекеттік ұстанымды қабылдайды; болашақ бастауыш сынып мұғалімі тұлғалық белсенділігінің әлеуеті енеді; студент оқу ақпараттарын өзінің іс-әрекеттерін реттеп отыру құралы ретінде қолдану тәжірибесін жинақтайды (соңғысы білімді іс-әрекетте қолданудың арқасында кәсіби сипатқа ие болады); білімді игеру болашақ кәсіби іс-әрекет контексінде, яғни педагогикалық үдерісте жүзеге асып, кәсіби дайындаудың уәждемелік компонентін қалыптастырып, білім беру үдерісінің тұлғалық мәнге ие болуына септігін тигізеді; кәсіби дайындау үдерісінің ортасында – студенттің тұлғасы тұрады, және оның шығармашылық жеке тұлғасының қалыптасуына аса мән береді.

Бұл зерттеу жұмысымызда инклюзивті білім беру жағдайында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерді ақпараттық-коммуникациялық технологияларын қолдануға даярлау үдерісі студенттердің іс-әрекетінің екі басты формасына сүйенетіні сөз етіледі. Олар:

Біріншіден, кәсіби іс-әрекетке дейінгі (кәсібиге дейінгі) форма – аудиториялық сабақтарда әртүрлі педагогикалық ситуацияларды құрастыру;

Екіншіден, оқу-кәсіби форма, атап айтқанда, болашақ маманның кәсіби іс-әрекетінің ортасы болып табылатын педагогикалық тәжірибе.

Арнайы курстың аясы мен пәнаралық байланысты күшейту **модулды** тұғыр мен оның басты ерекшелігі – оңтайлығын пайдаланудың маңызына негізделеді. Т. И. Шамова модулды тәсілді – оқыту үдерісін білім алушы модулден тұратын оқу бағдарламасымен жұмыс жасайтындай етіп ұйымдастыру деп түсіндіреді [3, 4]. Г. В. Селевконың ойынша, модуль – әдістемелік материалдарымен бірге оқу курсы мазмұнының қатысымды автономды бөлігі [5].


Әрбір модуль біртұтас мазмұннан алынбаған, керісінше, оқу ақпаратының біртұтас бірлігі болып табылатын ақпараттың бір бөлігі болып табылады. Модулды технологияның дәстүрлі технологиядан маңызды айырмашылығы – жеке бағдарламаларды құрастыру және болашақ мамандардың өздігімен әрекет етуін белсендендіру мүмкіндігі.

Біздің зерттеу жұмысымызда дайындықтың мазмұнын модулды ұйымдастыру студенттерге білім беруде пәнаралық тәсілдің маңыздылығын түсінуге негізделген. Модулдерді қасиетті мазмұны бойынша интегративтермен толтыру студенттердің жүйелі білімді жалпыға бірдей білім беру және пәндік дайындық пәндеріне қарай пайдалануды талап етеді. Айталық, үшінші курс студенттеріне бағытталған модулдердің бөлігінің

мазмұны бастауыш сынып мұғалімдердің қызметінде кәсіби іс-әрекетінің ерекшелігін бейнелеуі керек. Оған негіз – «Бастауыш білім беруді АҚТ-ны қолдану», «АҚТ-ны оқыту әдістемесі», «Инклюзивті білім беру» т.б. пәндері бойынша жүйелі білімдер. Сөйтіп, оқытудың ақпараттық-коммуникациялық технологиялары туралы жүйелі білімдер пәнаралық байланыс пен пәннің мазмұнының интеграциясы дегенді білдіреді.

Біз сөз еткен тұғырлар қарастырылып отырған бағыт бойынша даярлықтың мазмұнын нақтылауға септігін тигізеді. Біз даярлықтың мазмұнындағы үш негізгі бағытты белгілеп көрсеткіміз келеді. Олар: теориялық; тәжірибелік; тұлғалық. Әрбір осы бағыт болашақ бастауыш сынып мұғалімдерді инклюзивті білім беру жағдайында ақпараттық-коммуникациялық технологияларын қолдануға даярлау деңгейлерінің белгілі бір компонентін қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

Осы интегративті білімді жүзеге асыруға даярлықты қалыптастыру үлгісі – біртұтас білім. Оның құрамына мынадай блоктар біріктірілген (Сурет 1 – Инклюзивті білім беру жағдайында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-коммуникациялық технологияларын қолдану даярлығының моделі): талдамалы-сараптамалық блок – болашақ мамандарды даярлаудың жай-күйі мен олардың даярлығының қажеттіліктері мен сұраныстарын анықтау; мазмұндық-технологиялық – мақсатқа қол жеткізудің педагогикалық технологиясы; нәтижелік-диагностикалық – мақсатқа қол жеткізуді бағалау.



Сурет 1 – Инклюзивті білім беру жағдайында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-коммуникациялық технологияларын қолдануға даярлау моделі

Мақсатты айқындайтын міндеттер мыналар:
 – инклюзивті білім беру жағдайында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдануға даярлықтың қазіргі жәйін анықтау;
 – инклюзивті білім беру жағдайында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдануға даярлықтың психологиялық, педагогикалық ерекшеліктерін айқындау;
 – инклюзивті білім беру жағдайында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдануға даярлығын қалыптастыру

Арнайы курс ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану даярлығының қажетті формалар, әдістер мен құралдарын айқындайды. Жұмыс түрлері білім берудегі тұлғалық-бағдарлық тұғырына сәйкес таңдалды. Дәстүрлі жаппай жұмысының өзара әрекеттесу формасы шектеулі. Бұл жұмыс формасындағы оқытушының көзқарасы мен іс-әрекетін жаңа ақпаратты жеткізу (проблемалық лекциялар, ақпараттық-коммуникативті технологияларды қолдана отырып, лекция оқу, тапсырмалар мен жаттығуларды жасау) үшін қолдануға міндетті етті. Басты жұмыс түрі – шағын топтармен жұмыс жасау болды. Мұндай форманың маңыздылығы инклюзивті білім беру жағдайында оқытудың ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданудың даярлығын жалпыпедагогикалық бағыт деңгейінде студенттерді дайындауды бір-бірімен тығыз өзара әрекеттесуімен түсіндіріледі. Студенттер топтарға бөлініп, бір-бірімен ынтымақтастық барысында жеткіліксіз білімі мен дағдысын қалыптастыруға мүмкіндік алды. Шағын топтармен жұмыс жасаудың тағы бір себебі – даярлықтың мазмұны мен оның кәсіби бағыттылығы мәселесіндегі айырмашылықтарды анықтау.

Жұмыстың жеке тұлғалық түрі білім алушының өз қарқынында әрекет етуіне және қалыптасқан біліктіліктерін толыққанды көрсетуіне септігін тигізді. Жұмыстың тағы бір маңызды формасы – индивидуализацияланған, яғни жекеленген – оқытушының ақпараттық-коммуникативті технологияны қолдану жағдайындағы рөлдеріне негізделді (кеңесші, серіктес).

Басты тәсілдер ретінде белсенді оқыту тәсілдері таңдап алынды. Бұл тәсілдер дәстүрлі, бірақ қазіргі заман қоғамының талаптарына сәйкес барынша жетілдірілген тәсілдермен (айталық, проблемалық дәріс, проблемалық семинар т.б.) бірге қолданылды. Соған байланысты, әрбір модульдің мазмұнын таңдау үдерісінде проблемалық жағдаттар анықталды. Оларды шешуге болашақ бастауыш сынып мұғалімдердің белсенділігі бағытталды.

Проблемалық жағдаяттарды құрудың тәсілдері мынадай:

- проблемалық сұрақтар құру,
- стандартты емес кәсіби міндеттерге ұсыныс жасау т.б.

Проблемалық жағдаяттың мәні – карама-қайшылықта (қажет етілген мен ақиқаттылық, мақсат пен құралдар т.б. арасындағы).

Күзиреттілік тұғырда кәсіби мәселелер білім мазмұнының бірлігі болып саналады. Кәсіби мәселелердің жиынтығы кәсіби дайындаудың мазмұнының «өзегін» құраса, кәсіби күзиреттіліктің қалыптасу кезеңдері мазмұнды «күшейте түсудің» логикасын анықтайды. Кәсіби мәселелер материалды меңгерудің әртүрлі деңгейлеріне сәйкес келеді: жалпы түсінік, меңгеруді тереңдету және кәсіби іс-әрекеттің стандартты ситуацияларында шешім қабылдай алу, меңгеруді тереңдету мен стандартты емес ситуацияда жаңа тәсілдерді қолдану арқылы шешім қабылдау. Кәсіби мәселелерді шешу үдерісінің мұндай сипаттамасы оқытудың ақпараттық-коммуникациялық технологияларын қолдануға даярлық деңгейін айқындауға септігін тигізеді.

Бұл жұмысымызда жағдаяттарды (белгілі бір жағдай, қалыпты құрайтын шарттар мен ережелердің сәйкестігі) емес, педагогикалық жағдаяттады қарастырамыз. Соңғысы «баланың қалыптасуында педагог тәрбиелік мақсатта қолданатын педагогикалық (соның ішінде дидактикалық) шарттарының жүйесі» ретінде анықталады. Педагогикалық жағдаяттың айырмашылығы – ондағы педагогтың ролінде. Педагогикалық жағдаят – ерекше білім алуға деген қажеттілігі бар тәрбиеленушінің даму ортасы.

Кәсіби мәселелерді шешу дегеніміз көбінесе, проблемалық педагогикалық жағдаятты білдіреді. Себебі бұл мәселелердің туындауының шарты жаңа тәсілді қолдануды талап етеді. И. Я. Лернер шығармашылық әрекет тәжірибесі тек қана проблемалық типті ситуацияны шешу барысында қалыптасады [6].

Оқыту құралдары – сыртқы қоршаған әлемнің таным үдерісін жеңілдететін негіздері болып табылады. Оқытудың ақпараттық-коммуникациялық технологиялары инклюзивті білім беру жағдайында туындаған мәселелерді шешу үшін қолданғанда – кәсіби дайындықтың маңызды құралына айналады. Сонымен қатар, біз технологияларды қолдана отырып жүргізілген сабақтардың бейнежазбасын да пайдаландық. Оқытудың ақпараттық технологияларына негізделген білім беру технологиялары екі топқа бөлінеді: 1 Локалды компьютерлерге негізделген технологиялар (компьютердің өзі және оның бағдарламалық қамтылуы, оқу құралдары, дидактикалық материалдар); 2 Локалды желі мен жаһандық Internet желісін қолданатын желілік технологиялар (оқу құралдарының электронды нұсқасы, дидактикалық материалдар, аудио-, бейнематериалдар).

Аудиториялық дәріс сабақтарында бірінші топтағы технологиялар негізгісі болып табылады (көрнекіліктер т.б.). Тәжірибелік сабақтарда екінші топтағы технологиялар жиі қолданылған, себебі компьютерлерді локалды желіге қосу уақытты үнемдейді.

3 Нәтижелік-диагностикалық блок. Бұл блоктың құрамына компоненттер, өлшемдер көрсеткіштері мен деңгейлері қарастырылған.

Өз жұмысымызда біз болашақ бастауыш сынып мұғалімдерді инклюзивті білім беру жағдайында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану даярлығында мынадай компоненттерін айқындап, ұсынамыз:

Тұлғалық-мотивациялық компоненті. Бұл компонент – болашақ бастауыш сынып мұғалімдердің жеке тұлғалық кәсіби маңызды қасиеттерінің қалыптасуы (ерекше білім алуға деген қажеттілігі бар білім алушылармен эмпатикалық қарым-қатынас, балалармен өзара қарым-қатынас жасаудың жеке тұлғалық үлгісіне бейімделуі т.б.). **Өлшемдері** болашақ мамандардың ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану көмегімен білімі мен біліктерін, әр түрлі жаттығулар мен тапсырмаларды орындауға деген ынтасы мен ықыласы. **Бұл компоненттің көрсеткіштері** өзінің кәсіби шыңдалу қажеттілігін сезіну, ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балаларға деген эмпатикалық қарым-қатынасын жасауға деген ынтасы, оқу үдерісінде өзін-өзі дамыту мен жетілдіруді жете түсіну, өзін-өзі басқару мен белсендіру, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды өзінің мүмкіндіктеріне орай қолдануды бейімдеу қызығушылығы, инклюзивті білім беру жағдайында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану ықыласы, әлеуметтік күзиреттіліктерді қалыптастыруына ынталанушылығы мен ұмтылысы.

Ғалымдардың көп бөлігі бірінші қатарға бастауыш сынып мұғалімдердің эмпатиялық қасиеттерін қояды (Ю. Н. Кулюткин, З. С. Максимова, Г. С. Сухобская т.б.). З. С. Максимова эмпатия толеранттылықпен бірге болашақ бастауыш сынып мұғалімдері үшін мүмкіндігі шектеулі балалармен гуманистік (адамгершілік) қарым-қатынас жасаудағы ең маңызды әрі басты ұстаным болуы тиістігін айтады. Н. А. Абрамова эмпатия қасиетін бастауыш сынып мұғалімдердің кәсіби біліктілігін дамытуды басқару үлгісі деп түсіндіреді. И. Г. Синельникова мен Л. В. Кузнецов кәсіби маңызды қасиеттерге талдау жасай отырып, ішінде ең басты әрі маңызды қасиет деп эмпатияны көрсетеді. И. В. Бакунова педагогқа аса қажетті мынадай ерекше қасиеттерді атап көрсетеді: мейірімділік; көмекке дайындық; сезімталдық (тәрбиеленушілердің қажеттілігі мен қызығушылығын сезіне білу); шығармашылық тұлға болу т.б.

Когнитивтік компонент туындаған кәсіби мәселелер мен міндеттерді ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың көмегімен шешу үшін қажетті теориялық және тәжірибелік-бағдарлық білімдердің сапасын сипаттайды. **Бұл компоненттің көрсеткіштері:** Инклюзивті білім беру туралы жалпы түсініктер мен ерекше қажеттіліктері бар балалармен жұмыс жасаудың психологиялық түсінігі болуы мен білім беру ортасында

АҚТ-ны қолдану туралы білімдерінің негіздерін білуі. Бұл компоненттің көрсеткіштері мүмкіндігі шектеулі балалардың ерекшеліктері туралы білімдерді меңгеруі; инклюзивті білім беруде АҚТ-ны қолдану негіздері туралы білімдерді жетік білуі; АҚТ құралдарын қолданудың әдістемесі туралы білімдердің қалыптасуы; кәсіби іс-әрекетінде шығармашылықты дамыту; коммуникативтік және ұйымдастырушылық дағдыларды игеру, мүмкіндігі шектеулі балаларға АҚТ қолданудың кемшіліктерін ескеру керек, яғни физиологиялық зақымдануынан қорғау ережелерін білуі.

Операционалдық-әрекеттік компонент туындаған кәсіби мәселелерді ақпараттық-коммуникациялық технологиялар көмегімен шешудің тәжірибесі, дағдысының көлемі мен сапасын қамтиды. Бұл компоненттің өлшемі болып Әр түрлі компьютерлік мүмкіндіктерді пайдалану, білім беру ортасына АҚТ құралдарын бейімдеу, жаңа компьютерлік бағдарламаларды жасау біліктері мен дағдылары. Бұл компоненттің көрсеткіштері: инклюзивті білім беру жағдайындағы АҚТ-ны пайдаланудың жаңа тенденцияларының күзіндеттіліктерін дамыту дағдылары; халықаралық тәжірибені ескере отырып, оқыту үдерісінің жаңа бағдарламалық-әдістемелерді саралауда өзіндік дербес тәсілін жасау іскерліктері; ақпараттық технологиялар арқылы оқу-практикалық модульдерді жасап шығару; балалардың ерекше қабілеттерін ескере отырып, компьютерлік бағдарламаларды пайдалану дағдыларына үйрету; ашық ақпараттық білім беру кеңістігінде мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытудың тиімді бағдарламаларын саралай алу және тапсырамаларды жасау біліктіліктері.

Когнитивті және операциялық-әрекеттік компоненттердің қажеттілігі педагог мамандарды даярлаудағы іс-әрекеттік тұғырдың басты ұстанымдарына сүйеніп, айқындалады. Рефлексивтік компоненттің өлшемі бұл кәсіби мәселелерді ақпараттық-коммуникациялық технологиялар көмегімен шешуді өздігімен бақылау, компьютерлендірілген инклюзивтік ортада әрекет етудің нәтижелігі мен өніміне өздігімен талдау жасау. Бұл компоненттің көрсеткіштері: өздігімен білім алу және өзін-өзі дамытуды басқару, өзін-өзі бақылау, өзін-өзі түзетіп отыру, кәсіби іс-әрекетке бағытталған ой қорытындысы, өзінің іс-әрекеттерінің нәтижесін өзі талдау бағалай алу.

Кесте 1 – Инклюзивті білім беру жағдайында болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-коммуникациялық технологияларын қолдану даярлығының өлшемдері, көрсеткіштері және оны бағалау әдістемесі

Өлшемдері	Көрсеткіштері	Әдістемесі
Болашақ мамандардың ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану көмегімен білімі мен біліктерін, әр түрлі жаттығулар мен тапсырмаларды орындауға деген ынтасы мен ықыласы	-өзінің кәсіби шыңдалу қажеттілігін сезіну, ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балаларға деген эмпатиялық қарым-қатынасын жасауға деген ынтасы; -оқу үдерісінде өзін-өзі дамыту мен жетілдіруді жете түсіну, өзін-өзі басқару мен белсендіру, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды өзіннің мүмкіндіктеріне орай қолдануды бейімдеу қызығушылығы; -инклюзивті білім беру жағдайында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану ықыласы, коммуникативтік күзіндеттіліктерді қалыптастыруына ынталанушылығы мен ұмтылысы.	-Эмпатияға қабілеттілік деңгейін диагностикалау үшін сауалнама; (А.Мехребиан, Н.Эпштейн); -педагогтардың балалармен қарым-қатынас барысында оқу-тәртіптік немесе тұлғалық үлгісіне бағдарлануы туралы сауалнама. (В.Г.Маралов бойынша);
Инклюзивті білім беру жағдайында туындаған кәсіби мәселелер мен міндеттерді ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың көмегімен шешу үшін қажетті теориялық және	-ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балалардың психологиялық ерекшеліктері туралы білімдерді меңгеруі; -инклюзивті білім беруде АҚТ-ны қолдану негіздері туралы білімдерді жетік білуі; -АҚТ құралдарын қолданудың әдістемесі туралы білімдердің қалыптасуы; -коммуникативтік және ұйымдастырушылық дағдыларды игеру.	ЖОО студенттеріне арналған «Даярлықтың танымдық және тәжірибелік іс-әрекеттері» сауалнама
Инклюзивті білім беру жағдайында туындаған кәсіби мәселелерді ақпараттық-коммуникациялық технологиялар көмегімен шешудің тәжірибесі, дағдысының көлемі мен тәжірибелік-бағдарлық білімдердің сапасы	-инклюзивті білім беру жағдайындағы АҚТ-ны пайдаланудың жаңа тенденцияларының күзіндеттіліктерін дамыту дағдылары; -халықаралық тәжірибені ескере отырып, оқыту үдерісінің жаңа бағдарламалық-әдістемелерді саралауда өзіндік дербес тәсілін жасау іскерліктері; -ақпараттық технологиялар арқылы оқу-практикалық модульдерді жасап шығару; -балалардың ерекше қабілеттерін ескере отырып, компьютерлік бағдарламаларды пайдалану дағдыларына үйрету; -ашық ақпараттық білім беру кеңістігінде мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытудың тиімді бағдарламаларын саралай алу және тапсырмаларды жасау біліктіліктері.	ЖОО студенттеріне арналған «Даярлықтың танымдық және тәжірибелік іс-әрекеттері» сауалнама
Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар көмегімен инклюзивтік ортада әрекет етудің нәтижелігі мен өніміне өздігімен талдау	-өздігімен білім алу және өзін-өзі дамытуды басқару, -өзін-өзі бақылау, өзін-өзі түзетіп отыру, -кәсіби іс-әрекетке бағытталған ой қорытындысын жасай алу; -өзінің іс-әрекеттерінің нәтижесін өзі талдай және бағалай алу.	«Өзін өзі бағалау» тесті

ҚОРЫТЫНДЫ

Кестеде көрсетілген әдістемелердің көмегімен болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану даярлығын қалыптастырудың өлшемдер мен көрсеткіштері тәжірибе барысында деңгейлерін анықтауға мүмкіндік берді.

Жоғары деңгей. Инклюзивті білім беру жағдайында болашақ мамандардың ақпараттық-коммуникациялық технологиялар қолдану туралы қажетті білімдері жоғары деңгейде меңгеруі, ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балаларға деген эмпатикалық қарым-қатынасын жасауға деген ынтасы зор, оқу үдерісінде өзін-өзі дамыту мен жетілдіруді жете түсініп, өзін-өзі басқару мен белсенділігі дамыған, АҚТ құралдарын қолданудың әдістемесі туралы білімдері терең қалыптасқан, ашық ақпараттық білім беру кеңістігінде мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытудың тиімді бағдарламаларын құрай алатын, өзін-өзі білімдендіру мен өзінің іс-әрекеттерінің нәтижесін терең талдай алатын толық қалыптасқан болашақ маман.

Орта деңгей. Инклюзивті білім беру жағдайында болашақ мамандар ақпараттық-коммуникациялық технологиялар қолдану туралы қажетті білімдері жеткілікті деңгейде меңгеріп, ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балаларға деген эмпатикалық қарым-қатынасы орташа, оқу үдерісінде өзін-өзі дамыту керектігін түсінетін, өзін-өзі басқару мен белсенділігі бар, АҚТ құралдарын қолданудың әдістемесі туралы білімдері бар, бірақ оны толық деңгейді іске асыра алмайтын, ашық ақпараттық білім беру кеңістігінде мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытудың тиімді бағдарламалары туралы білімдері толық емес, туындаған кәсіби міндеттерді шеше білу іскерліктері бар, өзін-өзі дамытуы мен өзін-өзі жетілдіру үшін күш салуды қажет ететін өзін-өзі талдауы мен бағалауы толық қалыптаспаған болашақ маман.

Төмен деңгей. Инклюзивті білім беру жағдайында болашақ мамандар ақпараттық-коммуникациялық технологиялар қолдану туралы қажетті білімдері төмен деңгейде меңгерген, ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балаларға деген қарым-қатынас шектеулі, инклюзивті білім беру жағдайында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды тәжірибе жүзінде қолдану ықыласы төмен, өзін-өзі басқару мен белсенділігі қалыптаспаған, АҚТ құралдарын қолданудың әдістемесі туралы білімдері таяз, ашық ақпараттық білім беру кеңістігінде мүмкіндігі шектеулі балаларды оқытудың тиімді бағдарламалары туралы білімдері қалыптаспаған, өзін-өзі дамытуды және өзін-өзі жетілдіруді қажет ететін, өзін-өзі талдауы мен бағалауы қалыптаспаған болашақ маман.

Жоғарыда айтылғандарды зерделей келе, модель бұл біздің зерттеу жұмысымыздағы негізгі бір танымдық әдіс ретіне қарастырылды. Сөйтіп, қорыта айтқанда болашақ бастауыш сынып мұғалімдерінің ақпараттық-

коммуникациялық технологияларды қолдану даярлығының құрылымдық-мазмұндық моделі талдамалы-сараптамалық, мазмұнды-технологиялық, нәтижелі-диагностикалық блоктарынан, тұлғалық-мотивациялық, когнитивтік, операционалды-әрекеттік, рефлексивтік компоненттерден соған сәйкес өлшемдері мен көрсеткіштерінің жоғары, орта, төмен деңгейлері анықталды.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Авдеев, В. М.** Компетентностный подход в конструировании современных образовательных моделей /В. М. Авдеев // Социально-гуманитарные знания. – 2006. – № 6. – С. 235-240.

2 **Вербицкий, А. А.** Развитие мотивации студентов в контекстном обучении: монография /А. А. Вербицкий, Н. А. Бакшаева. – М. : Исследовательский центр проблем качества подготовки специалистов, 2000. – 200 с.

3 **Шамова, Т. И.** Модульное обучение: опыт, перспективы /Т. И. Шамова. – М. : Изд-во МПГУ им. В. И. Ленина, 1998. – 172 с.

4 **Шамова, Т. И.** Основы технологии модульного обучения /Т. И. Шамова // Химия в школе. – 1995 г. – № 2. – С. 14-17.

5 **Селевко, Г. К.** Современные образовательные технологии /Г. К. Селевко. – М. : Народное образование, 1998. – 271 с.

6 **Лернер, И. Я.** Дидактическая система методов обучения /И. Я. Лернер. – М. : Знание, 1976. – 64 с.

Материал 31.05.17 баспаға түсті.

А. К. Оралбекова

Структурно-содержательная модель подготовки к использованию информационной и коммуникационной технологии будущего учителя начальных классов в условиях инклюзивного образования

Казахский национальный педагогический университет имени Абая, г. Алматы.

Материал поступил в редакцию 31.05.17.

А. К. Oralbekova

Structural-substantial model preparation for the use of information and communication technology of the future teacher of initial classes in the conditions of inclusive education

Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty.

Material received on 31.05.17.

В этой статье рассмотрены методологические основы формирования структурно-содержательной модели подготовки к использованию информационной и коммуникационной технологии будущего учителя начальных классов в условиях инклюзивного образования

This article discusses the methodological basis for the formation of structural and content model of training to the use of information and communication technology of the future teacher of initial classes in the conditions of inclusive education

ӘОЖ 81`367.4

Х. А. Ордабекова

ф.ғ.к., доцент, Сулейман Демирел атындағы университеті, Алматы қ.
e-mail: hafiza_1975@mail.ru

ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ СЕМАНТИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ЛИНГВОМӘДЕНИ СИПАТЫ

Бұл мақалада автор қазақ тіліндегі фразеологизмдер жүйесін лингвомәдени аспект тұрғысынан қарастырады, тұрақты тіркес құрамындағы лексемалардың семантикалық құрылымына талдау жасайды, сол арқылы фразеологизмдердің синтагматикалық қатынасы ақындайды. Кез келген сөздің фразеологиялық мағынасы тұрақты тіркесімділікпен айқындалатыны дәйектеледі.

Кілтті сөздер: фразеологизмдер, лингвомәдени талдау, лексикалық номинация, семантикалық талдау, синтагматикалық қатынас.

КІРІСПЕ

Тіл тасымалдаушыларының қоршаған ортаны тану, оны қабылдау әрекеті ұлттық-мәдени ерекшелікпен тығыз байланысты екендігі белгілі. Тілдік ерекшеліктер туралы айтқанда негізгі деп танылатын үш факторға назар аударған жөн: *табиғат, мәдениет және таным*. Осы факторларды жеке-жеке қарастырып көрелік.

Бірінші фактор-табиғат. Адамзат баласы өзі таныған жан-жануарға, өсімдіктерге, жергілікті ортаға, өзі сезінген табиғат құбылыстарына атау

береді. Табиғат немесе табиғи жағдайлар адамның тілдік санасындағы қабылдау әрекетін, тіпті түр-түс құбылыстарының қалай қабылданатынына дейін басқарып отырады.

Екінші фактор – мәдениет. Мәдениет – адам баласының өзі жасаған, өзі қалыптастырған дүниесі. Материалды және рухани мәдениет құндылықтары, әлеуметтік-тарихи, эстетика, мораль т.б. құндылықтар әрбір әлеуметтік қоғамда әр тілде көрініс табады. Сондай-ақ, тілдік ерекшеліктер ұлттық салт-дәстүр, фольклорлық-мифологиялық және символикалық ұғымдармен байланыста келеді.

Үшінші фактор – таным әрекеті. Әрбір адамның әлемді не қоршаған ортаны қабылдауының рационалды, сезімдік және рухани тәсілдері әртүрлі. Түрлі халықтар үшін әлемді түйсіну, ұғыну жолдары бір-біріне сәйкес келе бермейді. Бұл туралы тілдік сана ерекшеліктері мен таным әрекеті нәтижелері көрініс тапқан тілдік ұғымдар жүйесін негізге алсақ жеткілікті. Таным әрекетінің тілдік жүйеге әсерін В. Гумбольдттың айтуыбойынша, «зат, құбылысты түрлі тәсілдер арқылы көру» деңгейінен байқауға болады. Әлемдік лингвистикада В. фон Гумбольдт концепциясынан бастау алатын антропоэзектік зерттеулер қазақ тіл білімінде Ә. Қайдар, М. Копыленко, Р. Сыздық, Е. Жанпейісов, Н. Уәли, Т. Жанұзақ, З. Ахметжанова, Ж. Манкева, Г. Смағұлова, Б. Момынова, А. Салқынбай сынды тілші-ғалымдар тіл тарихы, лексикология, этнолингвистика, когнитология, лингвомәдениеттану салалары тарапынан ғылыми зерттеулер жүргізіп келеді.

Қазақ фразеологиясының ғылыми-теориялық негіздемесін жасаған І. Кеңесбаев өз зерттеулерінде тұрақты тіркестердің о бастағы шығу негізін экстралингвистикалық факторлармен байланыстырып қарастыруды ұсынады. Қазіргі таңда тілдің фразеологиялық жүйесіне байланысты лингвистикалық зерттеулер антропоэзектік парадигма негізінде жүргізілуде. Антропоэзектік парадигма адам баласының сөйлеу тілін оның дүниетаным жүйесімен, аялық білім жүйесімен бірлікте қарастырып, тілдік жүйені күрделі ассоциативті-вербальды құрылым ретінде қарастырады. Адамзат баласы өзін айнала қоршаған ортадағы зат, нәрсе, құбылыс, іс-әрекеттің сапа-қасиетін көру, есту, иіс сезу, сипап сезу және дәм сезу мүшелері арқылы түйсініпқабылдайды, оны санада тілдік бірліктердің көмегімен бекітеді. Қабылданған ақпаратты өзінше жаңғыртып, жаңа сапада қайта жасауға талпыныс жасайды, қорытады, баға береді, осылайша әрбір ұлттың ғаламдық тілдік бейнесі және әр этносқа тән ғаламның ұлттық тілдік бейнесі түзіледі.

Тіл және мәдениеттің өзара қатынасы туралы Н. Уәли: «Адамдар ақиқат дүниені өзінің ана тілі арқылы ғана тани алады, біле алады және көре алады. Ақиқат өмірді тілде бейнеленгендіктен ғана көре аламыз, тани аламыз. Тілде бейнеленбеген нәрсе ақиқатта да жоқ. Әрбір тіл ақиқат дүниені өзіне тән

ерекше тәсіл арқылы бейнелейді», – дейді [1, 18]. Айтылған ой-пікірдің дәлелі ретінде Н. Уәли *қадамына гүл біту* деген тұрақты тіркестің фразеологиялық мағынасын «жүрген жерің құт, берекелі болсын» қазақ халқының географиялық орналасу жағдайымен байланыстырады. Қазақ халқының жері көбіне шөлейтті және шөлді жерлер болып келеді, орманды алқап, шұрайлы жерлердің салыстырмалы түрде аз кездесетіндігімен байланыстырады. Жақсы тілек мәнді фразеологизмнің қазақ халқының дүниетанымы, яғни ғаламның тілдік бейнесі арқылы қалыптасқандығын айтады. Демек, тіл мен ұлт мәдениетінің тоғысуынан туындаған фразеологизмдер жүйесінен ұлттық ділді, ұлттық дүниетанымды айқындауға болады.

Е. Жанпейісов «Этнокультурная лексика казахского языка» еңбегінде «Абай жолы» эпопеясындағы этнографизмдердің қолданысын қазақ халқының ұлттық болмысы мен ұлттық мәдениеті арқылы түсіндіріп, сол тілдік бірліктердің мәдени семасына түсініктеме береді. Мәселен, *шүлен тарату* тұрақты бірлігінің құрамындағы «*шүлен*» лексемасына Е. Жанпейісовтың еңбегінде «*қара халық үшін дайындалып, соларға үлестірілетін тамақ*» деген түсінік берілген [2, 80]. Өзінің еңбегінде ғалым Д. Е. Еремеевтің «Этногенез турок» деген еңбегінде «шүлен» сөзіне байланысты мынадай этнолингвистикалық дерек келтіреді: «...Хотя обычаи при султанов Рума сформировались в основном под персидским влиянием, старый быт огузов, наложил сильный отпечаток на их придворный быт. При вступлении султана на престол устраивался пир (шәлен), на котором бей племени занимали места за обрядовым столом согласно установленному обычаем огузов «местничеству»: по порядку племен правого и левого крыльев. Каждый бей получал полагавшийся ему обычаем кусок жертвенного мяса из определенной части туши» [3, 81]. Сонымен қатар Е. Жанпейісов «Абай жолы» роман-эпопеясында «шүлен» сөзінің «*дарқан, қайырымды*» мағынада қолданысқа түскендігін атап көрсетеді. Мысалы: *Шөлдегі жалғыз алтын терегім, Шөлден шүлен боп туған сергегім*. Демек, қазақ халқының дәстүрлі тілдік санасында бұл тіркес әлеуметтік тұрмысы нашар отбасыларға материалдық тұрғыдан жәрдем беру (мал, ақша, бұйым, тамақ үлестіру), әлсіздерге қамқорлық көрсету, қайырымдылық көрсету сынды ақпаратты иеленетін тілдік таңба саналады. *Шүлен таратқан* адамдардың ел арасындағы абырой-беделі артып, ол жайлы түрлі мақтау әңгімелер айтылған. Дәстүрлі қазақ қоғамында орын алған бұл салт өз мәнін жоғалта қойған жоқ, себебі қазіргі қазақ қоғамында қайырымдылық шарасы ретінде қайта көрініс тапқан.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Кез келген тілдегі фразеологизмдер жүйесі – халықтың географиялық орналасу жағдайынан, ұлттық дүниетаным жүйесінен, ұлттық салт-

дәстүрінен, адамгершілік заңдылықтарын, кәсібі мен тұрмыс-тіршілігін, мінез-құлқы мен ұлттық ойлау жүйесінен ақпарат беретін тілдік бірліктер. Демек, қоршаған ортада өмір сүретін адамзат баласы табиғат әлемі туралы о баста өз тілінде ассоциативті қабылдаулар жүйесін түзеді, мұндай ассоциативті қабылдаулар жүйесі тілде метафораланған ауыс мағына, коннотациялық мағына, тенеулер, тұрақты тіркестер арқылы бейнеленеді.

Академик Ә. Қайдар: «Кез келген этностың тілінде оның басынан өткен бүкіл өмірінің өрнегі жатыр. Халықтың, яғни этностың шын мәніндегі болмысы мен дүниетанымы оның тілінде ғана сақталады. Әртүрлі заттың, құбылыстың атауы, сыр-сипаты, қоғамдық қатынастар, әдет-ғұрып, салт-сана мен дәстүрлер жайлы мағлұматтардың бәрі де кейінгі буындарға тек тіл фактілері арқылы ғана, яғни тілдегі сөздер мен сөз тіркестері, фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер, аңыз-ертегілер арқылы келіп жетуі мүмкін», – дейді [4, 56].

Тұрақты сөз тіркесінің немесе оның құрамындағы мағынасы күңгірттенген сөздердің мағынасын академик Р.Сыздық өзінің «Сөздер сөйлейді» атты еңбегінде қазақ халқының ұлттық дүниетаным жүйесімен, ұлттық салт-дәстүр, қазақ халқының заттық және рухани мәдениетімен байланыстыра отырып, тілдік бірліктердің этимологиялық, уәждік және этнолингвистикалық мағынасын ашып, жан-жақты талдау жасайды. Мәселен, *мойнына бұршақ салу* тұрақты тіркесінің қазақ халқының наным-сенімімен байланысты пайда болғандығын, әрі оның этнолингвистикалық уәжін былайша түсіндіреді: «...өте ертедегі наным-сенім бойынша тәңірі мен әулие-әмбиелерден бір нәрсені қатты тілегенде адамдар мойнына көбінесе шылбыр, арқан, жіп, белбеу сияқтыларды салатын болған» [5, 73]. Оған «Қыз Жібек» жырындағы мына жолдар дәлел бола алады:

Көк сандалдың шылбырын

Мойнына орап салады,

Бір құдайға зар етіп,

Мінәжат қып тұрады.

Мұнда Қыз Жібектің Сансызбай мен Қорен қалмақтың жекпе-жегінде Сансызбайдың мерт болмауын құдайдан тілеп, сұрап тұрғандағы сәті бейнеленген. Р. Сыздық *мойнына бұршақ салу* тіркесінің құрамындағы *бұршақ* сөзінің мағынасын түсіндіруде С. Қасимановтың «Қазақ халқының қолөнері» деген еңбігіне сілтеме жасай отырып былайша көрсетеді: «Көгеннің желісіне өткізілген лақ, қозы байлайтын шағын бүлдірге жіп, бір жақ басы түйіншек, екінші жақ басы – ескен жіптің тұйық ілмегі» [6, 214]. Олай болса, тілдің лексика-фразеологиялық жүйесі арқылы әрбір ру-тайпаның, халықтың, ұлттың қоршаған ортанытануы мен қабылдауы, осы әлемге деген көзқарасын бағамдауға болады.

Әрбір халық, әрбір этнос өзін қоршаған ортадағы түр-түс ұғымын өзінше танып, өзінше таңбалайды. Ш. Жарқынбекова қазақ этномәдени болмысындағы түр-түс ұғымы туралы мынадай пікір білдіреді: «В казахских цвето-концептах наиболее ярко представлены пространственный и временной коды, что связано с образом жизни и восприятием окружающей действительности еще со времен кочевничества» [7, 193]. Мұны тіліміздегі *сары жайлау, қоңыр тіршілік, көк найза, ақ өлім* сияқты тұрақты тіркестер дәлелдейді. Қазақ мәдениетінде ақ және қара түстері өзара бинарлық оппозиция құрайтыны белгілі. Тілдік санада *қара* түсі әрі жағымды коннотациялық мәнді (атамекен, күштілік, мықтылық, әдемілік, киелілік, қасиеттілік, тұяқ), әрі жағымсыз коннотациялық мәнді (қараңғылық, жалғыздық, қайғы, өлім, ыза, кек, лас, кедей, бақытсыздық, сиқырлық) иеленеді. Мәселен, *қара шаңырақ, қара нан, қара су, қара домбыра, қара орман* (қасиетті, киелі); *қара халық, қара жұрт*, (қарапайымдылық, көпшілік), *қара есекке теріс мінгізу* (жамандық, бақытсыздық), *қара жел* (суықтық) т.б. *Қара киім, қара машина* дегенде қара сөзі денотативті ақпарат арқылы уәждік белгісін сақтайды, ал *қара шаңырақ, қара нан, қара су* дегенде денотаттық деңгейден алыстай түседі де, коннотаттық мағынасы үстемелене түседі, әрі лексикалық және грамматикалық құрылымы жағынан шектеліп, тұрақтылыққа ие болады.

Қазақ халқы жанға жайлы, құлаққа жағымды естілетін дауысты «қоңырдауыс» атауымен таңбалайды. Қазақ халқының тілдік санасында санасында *қоңыр* түсі *жермен, ағашпен* ассоциацияланады, ал жер мен ағаш тіршілік, құнарлылық пен өнімділіктің белгісі саналады. Мысалы: *қоңыр дауыс, қоңыр домбыра, қоңыр қобыз, қоңыр саз, қоңыр үн, қоңыр күй, қоңыр күз, қоңыр жел, қоңыр көз* және т.б. Күнделікті қоңырқай тірлікпен қатар, жұмсақтық, нәзіктік, мейірімділік, сүйкімділік пен әсемдік, тыныштық пен сабырлылық қазақ халқының дәстүрлі тілдік санасында «қоңыр» лексемасымен таңбаланады. Себебі *қоңыр түс* бірнеше түстердің қосындысынан тұратындықтан, көзге бірден түсетін ашық емес, әрі қара түс сияқты жабық та емес, көзге жайлы көрінетін, адам жанына сыйлайтын тыныштығымен ерекшеленеді. Бұл көзқарасты тілші-ғалым З. К. Ахметжанованың мынадай пікірімен дәйектеуге болады: «Традиция умеренности в оценке чего-либо, характерная для казахов, отчетливо прослеживается в сравнении с коммуникативным поведением русских, чеченцев, уйгуров, немцев» [8, 19].

Түр-түстің түрлілігі айнала қоршаған ортадағы заттарды көру және оны қабылдау қабілетінің семантикалық белгілерімен уәжделеді. Кез келген тілде белгілі бір түс атаулары тұрақты түрде қолданыла келе тұрақты ассоциацияларға ие болады. Қоршаған ортада өмір сүретін адамзат баласы

табиғат әлемі туралы о баста өз тілінде ассоциативті қабылдаулар жүйесін түзеді, мұндай ассоциативті қабылдаулар жүйесі тілде метафораланған ауыс мағына, коннотациялық мағына, теңеулер арқылы бейнеленеді.

Фразеологизмдер типологиясын тілші-ғалымдар білдіретін мағынасына, құрылымдық ерекшеліктеріне, атқаратын қызметіне қарай топтастырады. Фразеологизмдер жүйесін теориялық тұрғыдан қарастырғанда тұрақты тіркес құрамындағы компоненттердің семантикалық тұтастығын негізге алатын екі ғылыми бағыт ерекше назар аудартады. Фразеологизмдер жүйесіне байланысты кеңінен танылған лингвистикалық мектептің бірі – академик В. В. Виноградовтың лингвистикалық мектебі саналады.



Сурет 1 – Фразеологиялық бағыттар

Қазақ тіл білімінде фразеологизмдер жүйесіне қатысты өзіндік лингвистикалық концепцияларымен ерекшеленетін екінші мектеп – М. М. Копыленконың лингвистикалық мектебі. М. Копыленконың тілдік зерттеулерінде фразеологизмдер жүйесі мен оның жіктелімі туралы жан-жақты, әрі толық ғылыми ақпарат беріледі. Ғалымның көрсетуінше, фразеологизмдердің зерттеу нысаны ретінде тұрақты тіркес құрамындағы бірліктердің семантикалық тұтастығы басшылыққа алынуы тиіс, өйткені тілде абсолютті түрде еркін тіркесімділік кездеспейдігі соған сәйкес фразеология жеке ғылым саласы ретінде Д¹ денотаттық мағынадан грация жолымен К³ коннотаттық мағынаға дейінгі барлық тіркесімділік түрлерін негізге алынуы тиіс. Ұсынылған концепция бойынша, тұрақты тіркес құрамындағы бір не бірнеше лексемалардың тіркесімі арқылы тура мағынаның тілдік санада қайта өңдеуден өту арқылы ауыс мағынаны иелену үдерісін қарастыруға негізделген. Біздің пікірімізше, М. Копыленконың ұсынған концепциясы фразеологизмдердің шығу тегі мен оның жұмсалымдық қызметін динамикалық аспектіде қарастыруға негізделген. Дегенмен, қазақ

тіл білімінде фразеолог-ғалымдар тарапынан В.В.Виноградовтың жіктелімі басшылыққа алынады.

М. Копыленконың ұсынған фразеологиялық концепциясында фразеологизмдерді «лексема» (сөздің дыбыстық жағы) және «семема» (сөздің ішкі мазмұндық жағы, сөздің лексика-семантикалық варианты) терминдерімен байланыста қарастырады. М. Копыленко тұрақты тікрестердің семантикалық құрылымындағы денотативті және коннотативті ақпараттардың қолданысын былайша сипаттайды: «Денотативті семема ретінде (Д¹, Д² деңгейінде) қоршаған ортадағы зат, құбылыс, іс-әрекеттердің шынайы белгілерімен ассоциациялық қатынаста болатын алғашқы аталым, түбір сөздер неекіншілік аталым, туынды сөздерді, яғни жеке тілдік бірліктерді танымыз. Ал коннотативті сема денотативті семемаларға ие лексемалардың семантикалық тіркесімділігінің кеңеюі негізінде түзіледі. Коннотативті семамаға ие лексемалар өз бойында қосымша мағыналарды таңбалайды дей келе, коннотативті семемалар таңбалайтын зат нәрсе, құбылыс туралы жаңа көзқарасты ұсынады. Салыстырыңыз: *туча* – грозовая, большая, темная и *туча птиц*, т.е. много птиц, но они летят большой, темной массой. К¹ және К² семемалар денотативті семемамен уәждік байланысы бер не жоқтығымен ерекшеленеді, ал К³ лексемасының денотативті семамен байланысы үзілген болып саналады» (9, 25). М. Копыленко мен З. Попова фразалық тіркесімділік құрамындағы семемалардың, яғни мағынаның макрокомпоненттерінің өзара байланысуы негізінде мынадай типтерін ұсынады: 1) Д¹Д¹; 2) Д¹Д²; 3) Д²Д²; 4) Д¹К¹; 5) Д²К¹; 6) К¹К¹; 7) Д¹К²; 8) Д²К²; 9) К¹К²; 10) К²К²; 11) Д¹К³; 12) Д²К³; 13) К¹К³; 14) К²К³; 15) К³К³ [9,124].

Фразеологизмдер жүйесінің синтагмалық қатынасы туралы қазақ тілінің лексикалық синтагматикасы мәселесін қарастырған Ғ.Хасанов былай дейді: «Фразеологияның синтагматикалық аспектісінде тұрақты тіркестердің тіл бірлігімен заттық, ұғымдық, коннотаттық, эмпирикалық, факультативті, селективті мағыналық бөліктерінің бір-бірімен үйлесіп келу нормалары ескеріледі. Тұрақты тіркестер өте күрделі синтагматикалық байланыстар жүйесінде жасалатындықтан, олар туғызатын лексикалық мағына да күрделі құрылымды болып келеді. Тұрақты тіркестердің синтагмалық қатынасы өз ішінде әртүрлі байланысу типтерін құрайды» [10, 346]. Демек, тұрақты тіркестер құрамындағы лексемалардың өзара мағыналық тұтастығы фразеологияның синтагмалық қатынасын құрайды.

Бір ғана етістіктен не сын есімнен Д¹ деңгейінде түрлі омонимдік лексемаларды таңбалай алатынымыз сияқты, Д² деңгейінде түрлі әлеуметтік топтар түрлі зат, құбылыс, әрекет атауларын таңбалауға болады. Мәселен, В. В. Дудченко өз еңбегінде Д¹ және Д² деңгейінде түрлі семалық белгілердің негізінде қоршаған ортадағы ұқсас нәрселерді таңбалауға болатындығын көрсетеді:

Глазок (уменьш.) в Д¹ – орган зрения человека, животного.

В Д² – глазок – отверстие в двери для одного глаза;

– углубление в картофелине, дающее росток;

– яркое пятно на кыле бабочки;

– яркое пятно в рисунке ткани.

Д² деңгейіндегі семемалар Д¹ деңгейіндегі семемалармен (көру құралы, тереңдік, анықтық, мөлдірлік) өзара байланыста екені жоғарыда берілген мысалдардан айқын көрінеді (11, 135).

Қазақ тіліндекөз лексемасының семантикалық құрылымына назар аударайық. Адам көзінің пішіні шар тәрізді, шамалы қысыңқы келеді. Көз не көз алмасының 96 % шыны тәріздес дене құрайды және бұл сыртқы жағынан үш қабықтан қапталған. Сыртқы ақ түсті қатты және мықты қабығы *ақ қабық (склера)* деп аталады. Ол көздің ішін механикалық зақымдаулардан қорғайды. Склераның алдыңғы мөлдір бөлігі *қасаң қабықша* деп аталады. Көздің екінші қабығы әр адамда әр түске боялған сұр, қоңыр, қара, көк *түсті қабық* жатады. Осы түсті қабықтың сыртқы мөлдір қабығының ортасында *қарашық* деп аталатын тесік болады. Жарық қарашық арқылы көз алмасының ішіне түседі. Түсті қабықтың артында мөлдір серпімді дене – көз бұршағы бар. Көз бұршағының диаметрі 8-10 мм-ге жуық, әрі кішкентай келеді. Ал көз ұясы немесе көз шарасы – көз алмасы орналасқан сүйекті қуыс (kazmedic.kz сайтынан алынды).

Қазақ әдеби тілінің сөздігінде «көз» сөзінің екі тура мағынасы және 12 ауыс мағынасы берілген.

Көз Д¹ – адамның, жан-жануарлардың көру мүшесі.

Көз Д² – анат. Адамда, барлық омыртқалы жануарларда және кейбір омыртқасыз жануарларда жарық әсерін қабылдайтын мүше.

Қоршаған ортаны танып, оны қабылдауда және қабылданған нәрсені тілдік санада бекітуде «көз» таңбасы метафоралық, метонимиялық және синекдохалық тәсіл арқылы көптеген фразеологизмдердің қалыптасуына ықпал еткен. Д¹ және Д² деңгейіндегі барлық денотативті семемалар, яғни бір лексеманың бойындағы семалық белгілер К¹және К²деңгейіндегі семемаларды туғызуға қабілетті. Көз сөзінің негізінде туындаған фразеологизмдердің семантикалық құрылымына талдау жасайық.

Көздің сыртқы формасының шар тәріздес дөңгелектігі метафоралық тәсіл, яғни сапа ұқсастығы негізінде ою-өрнекпен әсемдеп жасалған, шеңберлі әшекейді «көз»деп атайды; Д² деңгейінде адам, жан-жануарлардың *көз ұясының үлкенді-кішілі* болып келуіне орай кез келген торлы заттардың тесігін, иненің жіп өткізетін тесігін де «көз» деп атайды; Д² семемасының негізінде К¹ деңгейіндегі *көз ↔ белгілі бір орналасу шегі бар жер* ассоциациялық қатынасы (көз не көз алмасының сүйек қуысына орналасуы)

негізінде *бұлақтың көзі* (бұлақтың су қайнап шығып жатқан жері, қайнар тесігі). Мұндағы коннотативті уәжделген семема Д¹ және Д² семалық белгілері дамуының негізінде жасалған. Мағынаның дамуы Д¹ және Д² семдік жүйесіндегі қандай да бір семалық белгілердің санада қайта өңдеуден өту арқылы, сол семалық белгілердің иерархиялық өзгерісіне байланысты туындайды. Мұндағы К¹ семемасы денотатты тікелей бейнелей алмайды, К¹ семемасы сол денотатты өзге бір денотат образымен сәйкестендіріп таңбалайды: *дүниенің көзі, қаражаттың көзі, көзін табу*.

Адам не жан-жануарлар көзінің *«мөлдірлігі, әдемілігі»* сынды семалық белгісі негізінде Д²К¹ деңгейіндесұлулық ұғымын *бейнелеуде: жәудір көз* (мөлдіреген әдемі көз), *қарақат көз* (қарашағы қап-қара), *қой көз* (қоңыр түсті әдемі көз), *құралай көз* (құралайдың көзі сияқты әдемі), *қара көз, күлім көз, жүзiктің көзінен өткендей, айнам көз* (сұлу, шырайлы, сүйiкті) тұрақты тіркестері қалыптасқан.

Жарықтың қарашық арқылы көз алмасының ішіне түсуі арқылы адам не жан-жануарлардың көзі қоршаған ортадағы зат, нәрсе, іс-әрекетті көруіне негіз болады. Күннен тарайтын сәулені, жарықты қабылдайтын бірден-бір ағза көз болғандықтан, әрі күннің тіршілік көзі екендігін ескерер болса, қазақ халқының тілдік санасында *күннің көзі* сынды тілдік бірлігі қалыптасқан. Сондай-ақ, адамның көзі бірден-бір ашық тұратын ағза болғандықтан, оны түрлі зақымданулардан қорғай білу керек. Көзге қатты соққы тиген кезде шартты рефлекс негізінде көзден оттың жарқ ете қалуы (вспышка секілді) табиғи құбылыс, дәл осы фрагментті сипаттауда тілімізде *«көзінен оты жарқ етті»* деген тіркес қалыптасқан. Ал коннотаттық макробөлік денотаттық семемалардың бір-бірімен байланысып жатқан тұрақты түрдегі синтагматикалық байланысынан көрініп, өзіндік түрге ие болады. Мысалы: *тауық көз* дегенде (Д¹ – Д¹) типінен екі заттық мәндегі лексемадан бірлесіп туған жаңа коннотаттық бөлік пайда болады. Бұл семема (К¹) типіне енеді де, денотаттық мағына бөліктері жоғалып, *«түнде көзі нашар көретін»* деген коннотаттық семалар негізгі фразеологиялық мағына береді [10, 345].

Демек, қоршаған ортада өмір сүретін адамзат баласы табиғат әлемі туралы о баста өз тілінде ассоциативті қабылдаулар жүйесін түзеді, мұндай ассоциативті қабылдаулар жүйесі тілде метафораланған ауыс мағына, коннотациялық мағына, теңеулер, тұрақты тіркестер арқылы бейнеленеді.

Түркі халықтарының, оның ішінде, қазақ халқының дүниетанымы бойынша, қоршаған орта *от, су, ауа, топырақ* сынды төрт элементтен құралған. От – жылулық, тіршіліктің символы, сол себепті қазақ тілінде *отбасы, от анасы* деген ұғымдар қалыптасқан. Ал сол жанып тұрған отты өшіру – тіршіліктің бітуі, өлім сияқты семиотикалық, әрі символдық мағынаны иеленеді. Мұны тіліміздегі *«көзінің нұры сөнді», «көзінің оты*

өшті» деген тұрақты тіркеспен таңбаланғанын байқаймыз. Осындағы *от ↔ жалын, нұр* өзара ассоциациялық қатынасы бойынша *көзінің оты бар* (алғыр, жігер-қайратқа толы), *көзі оттай жану* (нұр шашу), *жанары жалын атты, көзінен от ойнады; көзіне оттай басылды, көзін шоқ қарыды (жананына жақын тарту ұғымын)*.

Қандай да бір лексеманың К¹ мәртебесіне ие болуы Д¹ және К¹ образдарының өзара үйлесімділігі негізінде К¹ семемасы екінші бір атауды, соған сәйкес коннотативті семеманы иеленеді. Ал коннотативті семема белгілі бір лексеманың екінші бір лексемамен тіркесімділігі арқылы туындайтын бағалауыштық мәні бар, образдылыққа ие қосымша ақпаратты таңбалайтын сипатқа ие. Мәселен, мергендік, көздің өткірлігі ұғымын таңбалауда (К¹Д² деңгейінде) *өткір көз, қырағы көз, жылан көз (өткір, жылтыраған шүңірек көз)* тұрақты тіркесін өзге де синонимдік қатармен жеткізуге болады: *көзі тұздай, құралайды көзге атқан мерген, көзінің оты бар*. Мұнда ортақ ұғым сақталған, бірақ әрбір тіркестің білдіретін экспрессивті мәні әртүрлі, сондай-ақ келген сөздің фразеологиялық мағынасы тіркесімділікпен айқындалатынын дәйектейміз. Осылайша, «көз» лексемасы адамның қоршаған ортаны көру, тану, қабылдау әрекетін жүзеге асыратындықтан, адамзат баласына тән қасиеттерді, іс-әрекеттерді сипаттауда көптеген тұрақты тіркестер қалыптастырған. Мұны төменде берілген тілдік фактілер арқылы дәйектеуге болады:

- *үлкендік ұғымы*: бадырақ көз, бадана көзді сауыт;
- *жылау әрекетінің түрлі белгілерін сипаттауда қолданылады*: екі көзі бұлаудай болу, екі көзі добалдай, көзінің қарашығын суалдыру, көзінің жасын көл қылу, көзін сулау, көзін жасқа толтыру, көзінің жасын бұршақтай домалатты;
- *ұзақ күту ұғымын бейнелеуде*: екі көзі төрт болу;
- *алғырлық ұғымын бейнелеуде*: көзінің оты бар;
- *тірек, сүйеніш ұғымын бейнелеуде*: оң көзі;
- *жалтылық ұғымын бейнелеуде*: төрт көзі түгел.
- *ұйықтамау ұғымын бейнелеуде*: танды көзбен атыру, көзі шырадай ашылу;
- *адамның ашулы, ызалы кезін сипаттауда*: оқты көзімен атты, көзі шатынады, жанары жалын атты, көзінен от ойнады, көзі шарасынан шығу;
- *қорқу ұғымын бейнелеуде*: көзі алақандай болу, көзі шарасынан шығу;
- *арақашықтық ұғымын бейнелеуде*: қас пенкөздің арасында, көзді ашып-жұмғанша; көзден екі елі таса қылмау;
- *назар аудару ұғымын бейнелеуде*: көзі түсті, көзімен тесіле қарау, көз тоқтату, көзін сүзу; көз тігу, көз алмай қарау, көзін қадау;
- *назарын басқа жаққа аудартуды бейнелеуде*: көзі тайды, көзін тайдырып әкету;

- *ғайып болу ұғымын бейнелеуде*: көзден бұлбұлдай ұшу, көзден таса болу;
- *өлім ұғымын бейнелеуде*: көзінің нұры сөнді, көзінің оты өшті, көзін жою, көзін құрту;
- *қорлық көрсету ұғымын бейнелеуде*: көзін ою, көзін шығару, көзін көгерту;
- *амандық ұғымын бейнелеуде*: көзі тірі,
- *сұқтану ұғымын бейнелеуде*: көзі тұнды, көзі өңменінен өту, көзінің сұғын қадау, көзінің құртын салды;
- *ақылдылық, парасаттылық ұғымын бейнелеуде*: ойлы көз, ой көзмен тыңдау,
- *құрмет тұту ұғымын бейнелеуде*: көзінің ағы мен қарасындай, көзінің қарашығы;
- *менменсу, дандайсу ұғымын бейнелеуде*: көзін шел басу, көзінің еті өсу,
- *жақтыртпау ұғымын бейнелеуде*: ала көз (қарасынан ағы мол үлкен көз), ала көзбен ату, көз қырымен қарау;
- *арық, жүдеу ұғымын бейнелеуде*: көзі шүңірею, шүңірек көз,
- *теріс пиғыл көрсету ұғымын бейнелеуде*: көзіне шөп салу;
- *құлық ұғымын бейнелеуде*: бармақ басты, көз қысты;
- *таныс, жақын адам ұғымын бейнелеуде*: көз көрген, ескі көз, көне көз т.б.

ҚОРЫТЫНДЫ

Сонымен, лексемалардың өзара тіркесімділігі белгілі бір шектеулерге негізделеді, ал шектеулі тіркесімділік уақыт өте келе не тұрақты, не идиомалық сипатты иеленуі мүмкін. Кез келген сөздің фразеологиялық мағынасы тіркесімділікпен тығыз байланысты. Заттар мен құбылыстар туралы білім қорындағы ақпараттардың алмасуы, өңделуі – адамның танымдық әрекеттерінің жемісі. Мұндай танымдық әрекеттерге адамның субъективтік тәжірибесіне негізделген құбылыстар мен объектілер арасындағы ассоциациялық қатынастар негіз болады. Тілдік бірліктердің семантикалық аясы адам танымы, аялық білім жүйесі, күнделікті өмір сүру тәжірибесі негізінде толығып, дамып, тіл бірліктерінің концептуалдық мазмұнын кеңейте түседі.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Уәли, Н. М.** Фразеология және тілдік норма. – Алматы : Республикалық баспа кабинеті, 1998. – 128 б. – ISBN 5-8380-1612-4.
- 2 **Жанпейісов, Е. М.** Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясының тілі. – Алматы : Ғылым, 1976. – 168 б. – ISBN9965-666-59-8.

- 3 **Еремеев, Д. Е.** Этногенез турок. – Москва : Главная редакция восточной литературы, 1971. – 274 с. – ISBN5-232-00732-7.
- 4 **Қайдар, А. Т.** Структура односложных корней и основ в казахском языке. – Алматы : Арыс, 2005. – 304 с. – ISBN9965-17-220-X.
- 5 **Сыздық, Р.** Сөздер сөйлейді. – Алматы : Арыс, 2004. – 208 б. – ISBN 9965-17-197-1.
- 6 **Қасиманов, С.** Қазақ халқының қолөнері. – Алматы : Қазақстан, 1995. – 240 б. – ISBN9965-768-15-3.
- 7 **Жарқынбекова, Ш. К.** Концепты цветав казахской и русской лингвокультурах. – Алматы : Қазақ университеті, 2004. – 219 б. – ISBN 9965-688-30-3.
- 8 **Ахметжанова, З. К.** Очерки по национальной концептологии. – Алматы : Елтаным, 2012. – 285 с. – ISBN978-5-406-01433-2.
- 9 **Копыленко, М. М., Попова З. Д.** Очерки по общей фразеологии. // Копыленко М. М. Избранные труды по языкознанию. – Алматы: Институт языкознания им. А. Байтұрсынова. Т. 1 – 443 с. – ISBN 978-601-7293-03-1.
- 10 **Хасанов, Ғ.** Қазақ тілінің лексикалық синтагматикасы. – Алматы : Үш қиян, 2009. – 488 б. – ISBN 978-601-7194-01-7.
- 11 **Дудченко, В. В.** Семантическое словообразование по семе «часть» // Теория и практика обучения иностранным языкам в высшей школе. – Воронеж, 1974.

Материал 31.05.17 баспаға түсті.

X. A. Ordabekova

Семантический и лингвокультурологический аспект фразеологии
 Университет имени Сулеймана Демиреля, г. Алматы.
 Материал поступил в редакцию 31.05.17.

Kh. A. Ordabekova

Semantic and lingua-cultural aspects of phraseology
 Suleyman Demirel University, Almaty.
 Material received on 31.05.17.

В этой статье автор рассматривает семантические особенности лингвокультурологического аспекта казахской фразеологии. Лингвокультурологический подход к изучению фразеологии предполагает описание связей между явлениями культуры и семантикой фразеологизмов, отражающих национально-культурную специфику фразеологической картины мира в разных

языках. Проанализирована семантическая структура лексем в составе устойчивых выражений и тем самым определены синтагматические отношения фразеологических единиц.

In this article the author is considering Kazakh phraseology as lingual-cultural aspect; phraseology in any language defines the nation's world view, national psychology and national mentality. Linguistic-cultural approach to the study of idioms suggests description of links between the phenomena of culture and semantics of idioms, which reflect the national and cultural identity of idioms in the world and different languages. Relations between the phraseological units were defined through analysis of semantic structure of lexical units comprising them. Any word's phraseological meaning is defined with phrase of expression.

ӘОЖ 398 (574)

Б. С. Рахымов¹, Н. Х. Ельшибекова²

¹ф.ғ.д., профессор; ²магистрант, Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағанды қ.
e-mail: ¹berik_aktubek@inbox.ru; ²naz_erke.92@mail.ru

ҚАЗАҚ АЙТЫСЫНЫҢ ЖАНРЛЫҚ ЖҮЙЕСІ

Бұл мақалада қазақ айтысының жанрлық жүйесі жан-жақты қарастырылады.

Кілтті сөздер: айтыс, қазақ ауыз әдебиеті, мүшәйра, мұғалқат, ақын.

КІРІСПЕ

Ел әдебиетінің қалыптасуы мен дамуына үнілген зиялы қауым өкілдерінің назарда ұстаған сөз өнерінің бір саласы – айтыс. Бұл пікіріміздің дәлелді жауабын қазақ ауыз әдебиетіне назар аударған Еуропа саяхатшылары мен ғалымдарының күнделіктері мен жазбалары, толғамды ой-пікірлері және халқымыздың дарынды перзенттері Ш. Уәлиханов, А. Құнанбаев, Ы. Алтынсарин еңбектерінен бастап құнды қазынамызды қызыға зерделеген А. Байтұрсынов, Х. Досмұхамедұлы, М. Әуезов, С. Сейфуллин, С. Мұқанов, Е. Ысмайлов, М. Ғабдуллин, Ғ. Мүсірепов, Қ. Жұмалиев, Ә. Қоңыратбаев, Ә. Марғұлан, Б. Адамбаев, М. Дүйсенов т.б. еңбектері береді. Киелі өнердің құдіретін түсіндірудің бұдан әрі жалғасы Р. Бердібаев, Ә. Дербісәлин,

Н. Төрөқұлов, Е. Тұрсынов және айтыстың шығу тегі мен дамуына қатысты арнайы зерттеуші М. Жармұхамедұлы ізденістерімен жалғасып келеді. Зерттеуші ғалымдардың қай-қайсысы да айтыс тек қана қазақ халқында ғана емес, бізбен туыстас қырғыз, қарақалпақта, алтайлықтарда және айтыстың айрықша дәстүрі «мүшәйра» деген атпен сақталған Үнді, Иран елдері мен арабтардағы «мұғалқат» және т.б. елдерде бар екендігіне назар аударады. Сөйтіп, сол айтыстардың қатарында қызыға қарайтыны қазақ айтысы екендігі мәлім. Ғылыми тұжырымдардың түйіні – айтыс суырыпсалмалық өнердің бір парасы екендігіне иландырады.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Қазақтың дарынды ғұламасы Ш. Уәлиханов: «Поэзияға, әсіресе суырыпсалмалық өнерге деген бейімділік барлық көшпелі халықтарға тән», – дей отырып, «Бұл монғол, түрік ұрпақтарына да тән қасиет. Бұған олардың көшпелі бейғам өмірі себепкер ме, яки үнемі әсем табиғаттың құшағында жүріп, көгілдір ашық аспан мен шет қиыры жоқ құлпырған жасыл даланы сезінудің әсерінен бе, кім білсін, дала көшпенділері ақындық пен сезімталдыққа жан-тәнімен бейім тұрады» [1], – деп жазуы талай тексерушілерді терең ойға қалдырған. Бұған қоса, «Ақындық қабілеті жағынан қазақтар бірінші орын алады» [2], – деуі тағы да Шоқан тарапынан айтылған еді. Бұл тұжырымның дәлелді екендігін қазақ фольклорына зер салған басқа халықтардың зерделі өкілдері де анықтай түскен. Мәселен, академик В. В. Радлов: «Қазақтар қашанда мүдірмей, кідірмей, ерекше екпінмен сөйлейді. Өзінің ойын дәл және айқын ұғындыра отырып, өз сөзін белгілі мөлшерде мәнерлеп бере біледі. Тіпті, ауызекі сөйлесіп отырғанның өзінде оның сөйлемі мен кестелі өлең жолдары мен шумақтары секілді ұйқасып, үйлесіп кететіндігі сонша, нағыз өлең екен деп таң қаласың» [3], – дейді. Екшеп айтқанымыз болмаса, мұндай тұжырым мен пайымдаулар Ә. Диваев, А. В. Затаевич, А. Янушкевич тарапынан да айтылған. Ал, айтыстың ерте дәуірде туғандығын айғақтайтын екі түрлі негіз бар. Біріншісі, халқымыздың ертеден келе жатқан тұрмыс-салт жырлары, шешендік сөздер, батырлық, ғашықтық, тарихи жырлардың сюжеттерінде айтыс кездеседі. Екінші, көне дәуір әдебиетіне үнілген белгілі ғалымдар Ғ. Айдаров, Ә. Марғұлан, М. Жолдасбеков т.б. зерттеулерінде М. Қашқаридың «Диуани лұғат-ат түрік» атты еңбегіндегі «Жаз бен қыстың айтысы», Ж. Баласағұнның «Құтты білік» дастанындағы шындыққа құрылған таласты, Қожа Ахмет Иассаuidің «Диуани хикмет» жинағындағы «Жұмақ пен Дозақ айтысын» орынды атап көрсеткен еді. Бұның бәрі айтыстың ерте дәуірде туғандығына кәміл сендіріп, толық түсіндіретіндігін М. Жармұхамедұлы еңбегі де анықтай түседі [4]. Сонымен, суырыпсалмалық өнердің бастауы тым ертедегі дәуірлердің аясында жатқандығы анықталған.

Қазақ халқының өткен өміріне көз салып, оның тілін, дінге көзқарасын, мінез-құлқын, тәлім-тәрбиесін, тарихын, ән-күйін жете түсінгісі келгендердің бәрі де қисынды жауапты суырыпсалмалық өнерден табады. Бұған біздің ХХ ғасырға дейінгі рухани қазыналарымыз жауап береді. Алысқа бармай-ақ, қазақтың есте сақтау қабілетінің өте жоғары екендігін Елбасының шет елдердегі кездесулеріндегі берген сұхбаттары, сөйлеген сөздеріндегі өз елінің әлеуметтік салалар бойынша экономикалық көрсеткіштерін жатқа айтатындығы талайларды таңқалдырып, тамсандырғанын теледидардан жұрт сан мәрте түсінген. Ендеше, бүкіл қазақ елінің өкілінің бұндай қасиеті сол халықтың болмысында жатқаны даусыз. Басқа жұрттың жүрегінен жол табар жылылық, біздің халыққа сондай ірілікпен келмек. Дәл осы бір ерекшелік еліміздегі басқа да қалаулыларымыздың бойынан табылатындығы да талассыз. Есте сақтаудың ең пәрменді көрсеткіштері – зеректік, зейін мен дағдыда жатса, оның өнімді өркені өнерден танылады.

Қазақ айтысы – суырыпсалмалық өнердің бір биік өресі, әділдік пен әділетсіздіктің тайталасы, шыңғырған шындықты шырқата айтатын шыңдағы шынары. Әр кез, әр шақта айтыс та қайта түлеп, жаңарып жаңғырып отырған. Алашқа аттары белгілі Ахмет, Халел, Сәкен, Мұхтар, Сәбит және тағы басқаларымыз дәл осы тұрғыдан айтысты «Әдет-ғұрып айтыс» және «Ақындар айтысы» деп үлкен екі салаға топтастырған [5].

Айтыс туралы аталы сөз айтқан академик М. О. Әуезовтің халық ақындарының өзі суырыпсалмалық өнер бәсекесін екі салаға жіктеп, оны «түре» және «сүре» деп жүйелейтіндігін түсіндіргені мәлім. Анығын айтсақ, бұл айтыстың шығу тегі мен дамуын дәлелдейтін өнер бәсекесінің талғамнан туған тектік тұжырымы. Себебі, «аспанды – Ата, жерді – Ана» тұтқан халық асылдың тегін жұптай білген. «Түре тартысы» іштей қайымдасу және қара өлең айтысы болып екіге бөлінеді. Айтыстың шығу тегін білдіретін қайымдасуға «Жар-жар», «Бәдік», «Су өлең», «Жер өлең», «Тау өлең» жарыстарын жатқызуға болады. Шын мәнінде «Жар-жар», «Бәдік» өлеңдерінің бастапқы үлгілеріне үңілсек, ұйқастың біркелкі «жар-жар» немесе «көш-көш» болып келетіндігін ескерсек, айтыстың мәтіндеріне байланысты оған тиянақты түйін жасау қиын емес. Мысалы:

Жігіттер:

Құтты ұяда бой жетіп гүлдендіндер жар-жар,

Жігіт үшін жаралған гүл едіңдер жар-жар!

Қыздар:

Жігіт деген құрғырың бұзып апты жар-жар,

Бақшамыздан бір гүлді үзіп апты жар-жар!

Жігіттер:

Құлын өсіп ертең-ақ тай болады жар-жар,

Жалғыз гүлің бақшаға айналады жар-жар!

Қазақ айтысының көпшілік арқылы орындалатындығын жар-жар, бәдік анықтаса, жастар арасындағы әзіл-қалжың, шынайы махаббат сезімі мен жер, суға, туған өлке, өскен жерге қатысты сүйіспеншілік мадақ өлеңдері арқылы көпшіліктен дараланып, нәтижесінде сөз сүлейлері арасында кәдімгі бәсеке туған. Халық қолдауымен жеке дара өнер бәсекесі одан әрі дамып, түре тартысының ендігі бір тегі қара өлең жарысы қалыптасқан. Қайымдасу мен қара өлең бәсекесінің бір-бірімен сабақтасуы және басқа жүйеге ауысуын «Қыз бен жігіт айтысы» айғақтайды. «Қыз бен жігіт» айтысының бастапқы үлгілері қайымдасу арқылы қалыптасса, келе-келе қара өлең арқылы дамытылып келесі жүйеге көшкен. Мәселен:

Жігіт:

Ақ көйлектің жағасы,

Ақ боз аттың тағасы.

Сен сияқты қыздардың,

Бір-ақ тиын бағасы.

Қыз:

Ақ көйлектің жағасы,

Ақ боз аттың тағасы.

Біз сияқты қыздардың,

Алтыннан болар бағасы.

Бұның қайымдасу үлгісі екендігі талас тудырмайды. Ал, ару қыз бен жампоз жігіт арасындағы қара өлең жарысына мысал келтірейік.

Жігіт:

Өлеңге жас күнімнен қойдым қадам,

Ұмытар ескі досын кейбір адам.

Сөзім бар айтатұғын оңашада,

Қасында болмағанда бөтен адам.

Қыз:

Өлеңге мен де өзіндей қойдым дүкен,

Қой іздеп бөрі жортар бүкең-бүкең.

Ойында сөзің болса оңаша айтар,

Түйе боп түнде келіп үйге сүйкен [6].

Халық өлеңдерінің тектен-түрге түрленуін, түрдің басқаша түрге ауысуын мұқият қарап жүрміз десек те, айтыстың жанрлық жүйеге көшулері әлі де талмай тексеруді тілейді. Мәселен бір кездегі «Біржан мен Сара айтысын» қыз бен жігіт айтысына жатқызғанымызды көрсетеді. Шындығында, ол айтыс ақындардың сайысы болатын. Сонымен, қара өлең жарысына «Қыз бен жігіт айтысы», «Ақындардың мысал айтысы» жатады деуге дәйек бар. Жанрлық жағынан бұл екі айтыстың толық қалыптасқанын жиған-тергендеріміз нақтылайды. Қара өлең таласының тамаша үлгісі «Ақындардың мысал

айтысы» күні бүгінге дейін дәйекті ізденісімізге арқау болмағаны өкінішті. Түркі әлемінің шежіресі М. Қашқаридың «Жаз бен қыстың айтысына» тоқталуы тегін емес. «Ақындардың мысал айтысы» тақырыптық жағынан «Мал мен иесінің айтысы», «Өлі мен тірінің айтысы», «Аң мен аңшының айтысы» болып бөлінеді. Бұл ақындық жолға түскен өнерпаздың тікелей өз тарапынан да, өзін ұстаз тұтқан шәкірттерін сынауда да қолданған тәжірибесі іспеттес. Айтыстың бұл түріне қатысты әлі де зерттеудің қажеттігі күн тәртібінен түспеуге тиіс. Әзірше айтарымыз «Ақындардың мысал айтысының» өз алдына жеке жанр екендігін ескеру керектігі еді. Сөз жоқ, қазақ айтысының биік шыңы «ақың» деген атақты жеңіп алатындардың арасындағы үлкен әлеуметтік мәселелер көтеретін өнер жарысы, анықтай айтсақ – «сүре сайысы» екендігі аян. Жанрлық жүйесі жағынан сүре сайысы – «Ру айтысы», «Жұмбақ айтысы», «Дін айтысы», «Салт айтысы» болып ерекшеленеді. Кезіндегі кеңестік дәуірдің дүрсілі тізгінді тарта ұстатқандықтан «Дін айтыстары» өз мәнінде жинақталмай қалған. Бұлардың бәрі де бүгінгі айтысқа дейінгі суырып-салмалық дәстүрдің жеткен межесі. Ежелгі айтыстың соңғы жасындай жарқылы мен найзағайдай жарқылы 1943 жылы Қарағанды қаласында көрінгендігі орынды бағаланып келеді. Ұлы Отан тақырыбы жан-жақты ашылған айтыстағы Жамбыл, Доскей, Илияс, Қайып, Көшен, Шашубай, Болман т.б. өнері дәстүрлі айтыстың рухын қайта тірілкендей әсер қалдырғандығына дау жоқ. Бұдан кейінгі айтыстың кеңес дәуіріндегі шынайы дәстүрлі тарихы Нұрлыбек, Есдәулет, Маясар, Болман, Қалқа, Манап, Әсімхан, Әбікен, Қалихан, Назиха, Сара, Шолпандармен жалғасын тапты. Аталған айтыстардың өзекті тақырыбына социалистік жарыстың әсері, екпінді еңбек, Кеңестік қоғамның мұрат-мақсаттары айналғаны анық. Айтыстың дәстүрлік мазмұны өзгермесе де, тақырыптық арқауы ауыларалық, ауданаралық, облыстық айтыстар болып ерекшеленеді. Тың тақырып, жаңа мазмұнмен айтыстың аясы кеңейді десек те, жалған ақпар, жаңсақ түсінік, «ұраншыл идеялар» айтыстың өзін басқа арнаға бұрып жіберді. Ендігі уақытта алдын-ала жазып алған айтысты жаттап айту керек болды. Керек болса, қағазға қарап отырып айтысатын «актер» ақындар сахнаға шықты. Қасиетті өнердің қасіретке айналып бара жатқанын аңғарған М. О. Әуезов былайша толғанады: «Айтыс – дәстүрлі ақын мектебі, шеберлікті шыңдайтын ең қатал да қатаң сын тезі. Талай тарлан ақындар осы сыннан мүдірмей өткенде ғана шын ақын атағын алатын. Бүгінгі айтыста қолданылып жүрген алдын ала жазып айтысу тәсілі ақынды қиынды жеңуге бейімдемей, қайта ақын болудың оңай жолын іздеуге бейімдейтін сияқты» [7], – деп жазуы, «Шаңыраққа қара» деген абыздың аталы сөзіндей болып естіледі.

Қазақ айтысының қалпына келе бастауы 1980 жылдардан басталады. Суырып салмалық негіздегі шырайлы айтыстың мән-мағынасы Қалихан,

Көкен, Мағираш, Надежда, Манап, Айтуған, Қасымхандардың өнер сайыстары арқылы жандана түсті. 1989 жылғы Алматыдағы өткен халықаралық айтыс та айтары бар ақындарды алашқа танытты. Айтыстың теледидар арқылы тұрақты көрсетіліп, жұрттың көңілінен шыға білгендігі баспасөз беттерінде де аз айтылған жоқ. Жаттанды жарыстан – суырып-салмалық сайысқа дейінгі жүйріктер жарысы бірде жүдеп, енді бірде қайта түледі. Қазіргі айтыстың керегесін кеңейтуге Ж. Ерман сүбелі үлес қосса, рухани құндылықты қастерлейтін С. Қирабаев, Р. Бердібаев, Ә. Кекілбаев, Ө. Жәнібеков, М. Жолдасбеков, Р. Нұрғалиев, С. Қасқабасов, А. Сейдімбек т.б. қайраткерлеріміз өнер бәсекесінің мәртебесін жоғарылатуға күш салды. Нәтиже баянсыз емес. Суырыпсалмалық өнер жарысы жаңа бір жауынгерлердің легімен толысты. Жұрт ықыласына бөленген Ә. Қалыбекова, Ә. Беркенова, Қ. Әбілев, Ш. Ділдебаев, Е. Асқаров, Д. Жұмасейітов, Б. Әлімжанов, Қ. Бердіғалиев, С. Құсанбаев, А. Бұлғақов, М. Сейтқазинов, А. Әлтаев, М. Тазабеков, Қ. Мақсұтов, М. Қосынбаев, А. Қалиев, Б. Шойбеков, Ш. Айдаров, Ә. Сыздықов, А. Тұрсынбаева, Ж. Құтжанова, А. Ілеубаева, Ж. Болтанова т.б. есімдері бүгінгі айтыста алдымен аталады.

Қалыптасқан қазіргі айтыста да бұрынғы түре жарысының түрлері орын алады. Аталған ақындардың қай-қайсысы болсын қайымдасу мен қара өлең бәсекесін бастан өткерді. Бұл тұрғыда алдымен «Қыз бен жігіт» айтысын ауызға аламыз. Айтыс жанрының дәстүрлі осы үлгісін дамытуда «Есенқұл мен Надежда», «Жадыра мен Қабдыжәлел», «Серік пен Алтынқұл», «Жібек пен Аманжол» араларында қылықты қыз бен жайсаң жігіттің жарасымды тартысы болғанын орынды атап өтуге тұрарлық. Қазіргі айтыстағы тақырыптық таңдау арқылы қалыптаса бастаған айтыстар ретінде «Жеңге мен қайын», «Балдыз бен жезде», «Аға мен іні» болып жарысқа түсетін бәсекелерді атауға болады. Бұған «Әселхан мен Әзімбек», «Жаниба мен Қонысбай», «Әселхан мен Ерік», «Жадыра мен Аманжол» т.б. айтыстарды қаперге аламыз. Дәстүрлі тақырыптардағы бұл айтыстардың басты ерекшелігі мұндағы жағымды әзіл мен қалжың, үйлесімді юмор мен сатира арқылы көрермен көңілінен шығып келеді. Сондай-ақ сөз болып отырған айтыстарда еліміздегі ерлік пен бірлік, дала мен қала өмірі, экологиялық ахуалдар сынға алынады. Ежелгі айтыста да бұндай тақырыптардағы сөз сайысы бар екені даусыз. Алайда, ақындардың «Жеңге мен қайын», «Жезде мен балдыз» т.б. болып жұптасқан бұрынғы бәсекеде қызды-қыздымен бейпіл сөздер де айтылатындығы және онда әлеуметтік жайлар көріне бермейтіндігі белгілі. Қазіргі айтыста жеңге мен қайын, аға мен іні, балдыз бен жезденің жарасымды әзілдерімен қатар, ауыл мен қала, өмірдегі жақсылық пен жамандық туралы мәселелер көтеріледі. Рас, айтыста тұтқиылдан сұрақ қою, оған ұтымды жауап беру бұрыннан бар дәстүр. Бұл бүгінде ұмыт қалмаған. Айталық:

Әселхан:
 Қайнысы жеңгесінен абай болар,
 Кезегі бұдан соң да талай болар.
 Бір сұрақ сынау үшін берейінші,
 Жақсы өлең, жаман өлең қалай болар?,-
 десе, оған Әзімбек былай жауап береді:
 Қайныңыз бір еркелеп жорғалады,
 Жақсының өлендері мол болады.
 Елінің жүрегінен шыға берсе,
 Жақсы ақын, жеңешетай, сол болады.
 Қайынды жеңіп таста шыдамаса,
 Алдыңа «жеңгетайлап» құламаса.
 Жаман өлең, жеңеше, сол болады,
 Ойпырмай бар халыққа ұнамаса!

– деген жауабын ұтымсыз дей алмаймыз. Дәл осындай өнер диалогы арқылы

Жаниба мен Қонысбайдың айтысында:

Абайдың қиналып тұр сүйікті елі,
 Тұнжырап Мұхтар шыққан биіктері.
 Адамдар саулығына алаңдаймын,
 Әзірге өліп жатыр киіктері,-
 Немесе Әселхан мен Еріктің айтысындағы:
 Намыс жоқ, ездік қысқан жан-жағынан,
 Халықпыз, сірә, дауа бар ма оған?
 Ермаққа ескерткіш сап қала бердік,
 Ұялмай Сәтбек батыр аруағынан.
 Ермақтың ескерткіші құру керек,
 Аруағы Ер Сәтбектің ұру керек.
 Ағайын, Ермақ сұмды қарғағанда,
 Бәріміз орнымыздан тұру керек,

– деген шумақтардан Құлмамбет пен Жамбылдың, Біржан мен Сараның жолын жалғастыратындар барлығына үкілі үмітпен қарайсың.

Сондықтан, жеңге мен қайын, балдыз бен жезде, аға мен іні арасындағы бұндай өмірлік мәні мен мағынасы бар бәсекелерді – «Қазіргі салт айтысы» деп қарау дұрыс секілді.

Ал, айтыстың теледидар арқылы берілуі шын мәнінде өнердің өресін кеңейтті. Біріншіден, ақындардың бұл өнерге кездейсоқ келмегенін танытса, екіншіден, зерделі қауымның өз ой-пікірлерін бүкпесіз айтып, айтыстың дамуы мен қалыптасуына жол ашты. Жер-жерде өнер жарысы қолдау тауып, балабақша бағдарламаларына енді. Мектептерде бұған құлшыныс көрсетті. Жоғарғы оқу орындары арасында айтыс айырықша көрініп, соның

нәтижесінде қазіргі айтыстағы жаңаша түр – «Студент-жастар айтысы» қалыптасты. Бұның нақты жауаптарын ҚарМУ мен ҚазМУ, Евразия ұлттық университеті мен Әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университетіндегі болып өткен өнер жарыстары дәлелдейді.

Ежелгі айтыстағы биік белестің анықтамасы – ақындар айтысы. Қазіргі айтыста таза әлеуметтік мәселеге үн қосып, еліміздің тәуелсіздік жолындағы жетістіктері мен кемшіл тұстарын әр қырынан ашып, байыпты бағалауларға құрылған жүйелі жыр жарыстары барлығына талас жоқ. Бүгінгі ақындардың айтысына Қонысбай, Шынболат, Әзімбек, Аманжол, Мұхаметжан, Бекарыс, Мәлс, Әбілқайыр, Айбек т.б. арасындағы суырыпсалмалық сайыстарды атауға болады. Сайып келгенде, ежелгі қыз бен жігіт айтысы, қазіргі салт айтысы, студент жастар айтысы, ақындар айтысы болып жалғасып жатқандығын көреміз. Бүгінгі суырыпсалмалық сайысқа ауыл-қала, ел мен жер, тәуелсіздік тұлғалары, өзгерген өміршең жаңалықтар арқау болған. Сындарлы сын айтылған айтыстардағы уақыт шектеуге қатысты кемшіліктерден де қорытынды шығарылып, «Әбілхайыр мен Айнұр», «Мұхаметжан мен Айбек», «Маржан мен Аманжол» т.б. айтыстары өтті. Теледидардағы айтысты тамашалаған жұрт Ж. Ерманға қатысты «айтысты тоқтатып тастайды», «айтыс аяқталмай қалды» тағы басқа міндер тағады. Шындығында солай ма? Жоқ. Біздіңше, көрермен көпшілік «айтысты неге тоқтатты?», «оның себебі неде?» деген сауалдарға толғануы да керек сияқты. Айтыстың басы-қасында жүрген Ж.Ерман болса, сол айтыстың қалай бітетіндігін немесе айтыстың өз жүйесінен айырылып бара жатқанын, сонымен қоса өткен айтыстағы қайталаулар орын алғанын білгендіктен де тоқтатуы мүмкін. Өнер жарысын тұрақты жүргізушісі мен тыңдаушының таңдауы мен талғамы сәйкес келе бермейтіні кездейсоқтық емес. Мұның дәлелін айтыстың мәтіндерін жарыққа шығарып, білікті мамандардың талдауы арқылы баспасөз беттерінде көз жеткізуге болады.

Ендігі бір талассыз шындық бүгінгі айтыскер ақындардың бір-бірінен сөзден есе жібергенін ескермей, екілене тоқтамай, тайталасулары. Айтыстың ең басты ерекшелігі жауаптасып жарысу болса, оның нәтижесі жүйелілікке жетелейді. Үтірдің соңғы нүктесі қойылады. Кейде жаттанды пікірлерге жол берілуі, өнердің осы ерекшелігін ескермегендіктен туады. Суырыпсалма өнердің дәстүрін түсінбеген қазылар алқасы болса, жөнсіз жаттанды сөздерге баға беру арқылы әділетсіздікке ұрынады. Кейде ақындар – сахнада, қазылар – көрерменнің алдында айтысып жататындығына тосқауыл керектігі осыдан туады. Бұл аса күрделі мәселе екендігі даусыз.

ҚОРЫТЫНДЫ

«Айтпаса сөздің атасы өледі» демекші, айтыс ақындарына жазба ақындарының орынсыз қызғаныш, жалған пікірлер пайымдаулары ұшырасады.

Айтыстың болашағына мән бермеудің қателігі мен қатерлігі осында жатқаны жасырын емес. Әр халықтың өміршең салт-дәстүрі бар десек, өнердегі бізге бұйырған биік суырыпсалмалық өнер жарысы. Ал, оны қадірлеп, қастерлеу баршамыздың борышымыз. Халқымыздың жаһандану кезеңінде өзгелердің жем-сауына түсіп кетпеуін ескерсек, онда қазақтың салт-дәстүрін, өнерін барынша жандандыру қажет. Бұл мәселеде айтыс та алатын орынын анықтаған.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Уәлиханов, Ш.** Собрание сочинение в 5 томах. – Алма-Ата, 1964. Т. 3. – С. 414.
- 2 Сонда.
- 3 **Радлов, В. В.** Образцы... Ч. 3. СПб, 1870. – С. 17.
- 4 **Жармұхамедұлы, М.** Айтыс өлеңдерінің арғы тегі мен дамуы. – Алматы : Мұраттас, 2001. – Б. 293.
- 5 **Байтұрсынов, А.** Ақ жол. – Алматы : Жалын, 1991. – Б. 409; Досмұхамедұлы Х. Аламан. – Алматы, 1991. – Б. 176; Сейфуллин С. Қазақтың әдебиет нұсқалары. I жинақ. – Қызылорда: Қазақстан, 1931. – Б. 284; Әуезов М. Айтыс (қазақ әдебиеті тарихы). I том, I кітап. – Алматы, 1960. – Б. 671-714; Мұқанов С. Айтыскер туралы (Айтыс. I том. – Алматы, 1965. – Б. 17-35.)
- 6 Айтыс. – Том 2. – Алматы, 1986. – Б. 43-44.
- 7 Қазақ әдебиеті тарихы. I том, 2 кітап. – Алматы, 1969. – Б. 235.

Материал 31.05.17 баспаға түсті.

Б. С. Рахимов, Н. Х. Ельшибекова

Жанровое своеобразие казахского айтыса

Карагандинский государственный университет
имени Е. А. Букетова, г. Караганда.

Материал поступил в редакцию 31.05.17.

B. S. Rakhimov, N. H. Elshibekova

Genre originality of the Kazakh aitys

E. A. Buketov Karaganda State University, Karaganda.

Material received on 31.05.17.

Статья посвящена синкретическому характеру современного состязания акынов. Автор рассматривает сегодняшнее состязание акынов как динамичное развитие прошлого и доказывает некоторые недостатки айтыса нашего времени.

The article is devoted to syncretic character of the modern akyn competition. The author examines up-to-date akyn competitions as a dynamical development of the past and also proves some lacks of the modern aityses.

ӘОЖ 415.61

Г. Қ. Рысбаева

ф.ғ.к., профессор м.а., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті,
Алматы қ.

e-mail: guldarhan@inbox.ru

ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ РУХАНИ ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Бұл мақалада автор түркі халықтарының мәдениетінің гана емес, сонымен бірге бүкіл дүние жүзі мәдениетінің тарихында елеулі орын алатын ескерткіштердің бірі – бүкіл әлемге әйгілі болған VIII ғасырдағы Орхон-Енисей ескерткіштеріндегі яғни Күлтегін, Тоныкөкке арналған ескерткіштегі жазулардан «Алла», «Құдай», «Тәңірі» культтік сөздерінің әлемнің тілдік бейнесі тұрғысынан қарастырады. Орхон-Енисей ескерткіштері бір емес, бірнеше түркі тілдеріне ортақ, жалпы түркілік мұра. Түркі халықтарының мәдениетінде адам есімдеріне де үлкен көңіл бөлінген. Культтік лексемалардың антропонимиялық қордағы үлесін қазақ тіліндегі есімдер гана емес, араб, парсы тілдерінен енген антропонимдер де құрайды. Араб-парсы тілдерінен енген «Құдай», «Алла», «Тәңірі» культтік лексемалар негізгі тірек компонент қызметін атқарып, «берді», «берген» деген етістіктермен тіркесіп келіп Аллаберген, Тәңірберген, Құдайберген, Жасаған берген, Аллаберді, Құдайберді, Тәңірберді сияқты ер адамдардың есімдері жасалады.

Кілтті сөздер: Орхон-Енисей ескерткіші, культтік сөздер, Алла, Құдай, Тәңірі.

КІРІСПЕ

Бүгінгі ғаламдастыру, жаһандандыру саясатының аясында әлем бейнесінің көрінісі саналатын тіл – ең алдымен дүниенің көрінісін, бейнесін сипаттайды, таңбалайды. Рухани дүниенің жаңғыруы – халықтың әлеуметтік-

психологиялық, ұлттық болмысы, мәдени, тұрмыстық, дүниетанымдық жағдайына байланысты қалыптасатын жалпыхалықтық құбылыс. Халықтық дүниетаным көрінісі мен дәстүрлі жолы тіл арқылы ұрпақтан-ұрпаққа беріліп, ұлт өмірінің желісі үзілмей келеді. Түбі бір түркі дүниесінің ортақ құндылығы саналатын түркі жазуы – тарихы ортақ, тағдыры ұқсас түркі тілдес мемлекеттердің тарихи мұралары, мәдениет және тіл тұрғысынан алғанда аса құнды қазына екенін бағалай білу, таныту – кезек күттірмейтін негізгі міндеттердің бірі. Түркі халықтарының тарихына қатысты ғылымда қыруар еңбектер жазылған. Атап айтқанда В. Томсен, В. В. Радлов, Н. Х. Оркун, С. Е. Малов, Т. Текин, С. Г. Кляшторный, В. А. Лившиц, А. Н. Кононов, В. Д. Кормушин, Г. Клосон, В. Атлай, А. Фон Гавен, А. М. Щербак, Е. Э. Бертельс, А. Н. Самойлович және қазақ ғалымдары Ш. Уәлиханов, А. Байтұрсынов, С. Сейфуллин, М. Әуезов, С. Мұқанов, Ғ. Айдаров, С. Аманжолов, Ә. Құрышжанов, Қ. Жұмалиев, М. Ғабдуллин, Ә. Марғұлан, Б. Кенжебаев, Ә. Қоңыратбаев, М. Жолдасбеков, С. Қасқабасов, Ғ. Мұсабаев, Қ. Өмірәлиев, Қ. Сартқожаұлы, және т.б. ғалымдар түркі тілдес халықтардың ортақ мұрасына әр қырынан үлес қоса білді.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Түркі халықтарының мәдениетінің ғана емес, сонымен бірге бүкіл дүние жүзі мәдениетінің тарихында елеулі орын алатын ескерткіштердің бірі – бүкіл әлемге әйгілі болған VIII ғасырдағы Орхон ескерткіштері. Орхон ескерткіштері қатарына VII ғасырдың аяғы мен VIII ғасырдың бас кезіндегі Орхон, Сэлэнгі, Тоғула (Тула) өзендерінің аңғарларынан табылған Құтлық қаған, Білге қаған, Күлтегін, Тоныкөк, Күллі Чор ескерткіштері жатады. Ондағы жазулар көбіне оңнан солға қарай, жоғарыдан төмен қарай екі түрлі оқылады. Көне түркі халықтары, яғни біздің арғы ата-бабаларымыз өздері жасаған рухани асыл мұраларын, ерліктерін құлыптастарға, тақтатастарға ойып жазып қалдырған. Орхон-Енисей бойындағы құлыптастардағы жазулардың барлығы халық тарихын баяндап тұр. Онда ел, отан қорғау мотивтері кең орын алған. Сондықтан болар, бұл ескерткіштердегі өлеңдердің басым көпшілігі халқын, жерін жаудан қорғауда және шапқыншылармен болған ауыр шайқаста асқан-ерлік көрсеткен батырларға, сонымен бірге соғыста мерт болған жауынгерлерді мадақтауға арналған.

«Тәңірі» сөзінің ежелден түркі тілдеріне меншікті сөз екендігін түркі халықтарының мәдениетінің ғана емес, сонымен бірге бүкіл дүние жүзі мәдениетінің тарихында елеулі орын алатын, бүкіл әлемге әйгілі болған Орхон ескерткіштеріне (VIII ғ.) арналған құлыптастағы жазулардан көруге болады. Дания ғалымы Копенгаген университетінің профессоры Вильгельм Томсен Орхон жазуының «кілтін» тауып, сырын ашады. Орхон өзені

бойындағы табылған үлкен тастағы жазудың ішінен түрік тәңірі деген сөздерді оқиды. В. Томсен ашқан алфавитті қолданып, академик В. В. Радлов 1894 жылы Орхон ескерткіштерін тұңғыш рет орыс тіліне аударып, мәтіннің нұсқасын латын әліппесімен береді.

Мәселен, «Күлтегін», «Тоныкөк» ескерткіштеріндегі:

Күлтегіннің үлкен жазуында:
 Үзе көк теңрі,
 Асра йағыз йір қылынтукда,
 Екін ара кісі оғлы қылынмыс.

Аудармасы:
Биікте көк тәңірі,
 Төменде қара жер жаралғанда,
 Екеуінің арасында адам
 баласы жаралған.
 Адам баласы үстіне ата-тегім
 Бумын қаған, Істемі қаған
 отырған.
 Отырып, түркі халқының
 Ел-жұртын қалыптастырған,
 иелік еткен.

Кісі оғлынта үзе ечум апам
 Бумын қаған, Істемі қаған
 олуурмыш.
 Олурыпан, түрк будуның
 илін, төрүсін тута бірміс,
 іті бірміс.

Күлтегіннің кіші жазуында:
 Теңрі тег, теңріде болмыш
 Түрк Білге қаған,
 Бұ өдке олууртым.

Аудармасы:
Тәңірдей тәңірі жаратқан
 Түрік Білге қаған,
 Бұл шақта отырдым.

Тоныкөк жазуында:
 Теңрі йарулқау!
 Бікүл түрк будунка
 йаруғлуғ йағуғ келтүрмедім.
 Төгүнлік атуғ йүртмедім.

Аудармасы:
Тәңірі жарылқады!
 Бүкіл түркі халқына
 қарулы жау келтірмедім,
 Атты әскер жолатпадым

– деген жазулар соған дәлел [1, 44]. Демек, «Тәңір» – байырғы түркілердің табынатын, жаратушы жалғыз құдайы. Көне түркілердің Тәңірге табынған наным-сенімі – ұзақ дәуірдің жемісі. Түркілердің мына мақалы да осының дәлелі: Түн күн тапұн Тәңірге бойнамағыл, Қорқұп анар еимену ойнамағыл – Бой тартпа, Тәңірге күн-түн табын, Одан қорқып, именгін, ойнамағын. «Күндіз-түні Ұлы Тәңірге табын, түзу жолдан шығып кетпе, бас тартпа; Ұлы Тәңірден именіп, ұял, қорық, ойнама».

Келтірілген деректер бойынша, «Тәңірі» сөзінің бірнеше мағынасы айқындалды. Солардың ең алғашқысы, тұңғыш ұғымы – «аспан, көк». Екінші мағынасы, кейінгі дәуірлерде түркі тайпаларына араб, парсы тілдерінен ауысқан – «Алла», «Құдай» атаулары орнына жұмсалған. Мұның өзі «табиғат пен адам баласын билейтін құдіреттің мекені – аспан, көк» деген сенімнен туғаны күмән туғызбайды.

«Тарихи деректерге қарап «тәңірі» сөзінің көне түркі жазбаларында екі түрлі мағынада қолданылғанын көреміз. Алғаш ол биік тау шыңына қатысты айтылса керек. Кейін ислам дінінің әсерімен семантикалық өзгеріске түскен. Сөйтіп бізге мәлім «кұдай», «алла» деген мағынаға ие болған, – дей келе, Т. Қоңыратбаев «Көкке табыну культін біз Қытай жазбаларынан да жиі ұшыратамыз. Олардағы атауы – шань. Демек, «Тянь-Шань» – тау шыңы, «шаньжүн» – тауды мекендейтін тайпа (жүн) атауы болмақ. Мұны біз Сымя Цяньның тарихи жазбаларынан анық көреміз» – деп өз ойын білдіреді [2, 62]. Ежелгі түрік әулеті өздерінің ұғымындағы ең биік шыңды Хан Тәңірі деп атауы кездейсоқ емес. Бұл да – Тәңірге табыну мен қастерлеудің бір түрі.

«Көк Тәңірі» мен «Аспан» екеуі екі ұғым. Түріктанушы Қ.Сартқожаұлы «Тәңірі» мен «көк аспан» бір ұғымда жұмсалмайтындығын былай түсіндіреді: «*Teñir*» (Тәңір) – бұған дейінгі барлық аудармашылар «көк аспан» деп аударып келді. «Тәңір» – байырғы түркілердің табынатын, жаратушы жалғыз құдайы. Тәңір, адам, табиғат жанды, жансыз дүниенің жаратушысы. «*Teñir teg teñiride jaratmyş Türük bilige qayan*» деген сөйлемді барлық зерттеушілер «Небопадобный, небожженный Бильге каган» Н. Х. Оркун «*Gode benzer gokte (mevcud)olmus bilge hakan*» деп аударған. Бұлардың аудармасы бойынша «аспан іспеттес, аспаннан жаралған» боп келеді. Тәңір – көк аспан емес. Сондықтан, біз «Тәңір текті, Тәңір жаратқан» деп аудардық. Байырғы түркі, парсы қытай деректеріндегі «Нұрдан жаралған» дегеннің көне аналогы болмақ» [3, 120]. Демек, тәңірі – исламнан бұрынғы түркі халықтарының негізгі діні. Олар ата-бабаның аруағына сыйынып, аспанға, күнге, айға табынды және отты тазартушы күш ретінде таныды.

Біздің ойымызша «**Тәңірі**» – байырғы түркілердің табынатын, жаратушы жалғыз құдайы. Тәңірге табыну дінінде – бүкіл әлемді, ондағы тіршілік атаулыны, яғни жаратылыстың бәрін жасаушы жалғыз құдіретті күш бар екені мәлімденген. Сондықтан болар көне түркілер бағзы заманнан қуанса да, қайғырса да, қиындыққа душар болса да, алдағы мақсатына, арманына жетуді көздесе де, бір нәрсені атқарса да, алысқа жол жүретін болса да, аманшылық, денсаулық тілесе де, көкке қарап тағзым ететін болған. Түркі тектес халықтардың дәстүріне сіңісіп кеткен бетке перде ұстау ғұрпы, қазақ халқында келін түсіргенде, келіннің бетіне ақ перде жауып келіп, қайын атасы, қайын енесі, қайын ағалары мен қайын апаларына сәлем бергізу кезеңіндегі оң тізілерін үш рет бүгетіні Тәңірге сыйынып, күнге құрмет көрсетуден бастау алған.

Тәңірлік діннің негізі халықтың дүниетанымынан туындаған, табиғатқа табыну, табиғатты ардақтау салты, аспан денелеріне сыйыну, ата-бабаны ардақтау, ата-баба аруағына сыйыну салты құрайды. Ата-ананы сыйлап пір тұту халқымыздың асыл қасиеттерінің бірі. Аруаққа сыйыну – тіршілікте

тындырған істеріне байланысты айрықша қасиет иесі саналған ардақты аталардың рухымен қанаттану, тең болуға талаптану ұғымын білдіреді. Қазақтарда аруақты қастерлеу салты қазіргі күнге дейін өз күшінде.

Тәңір сөзі түркі халықтарында, мәселен, қырғызша – «теңир», «теңир», ұйғырша – «тәңри», өзбекше – «тангри», татарша – «тенре», қарақалпақша – «теңир», алтайша – «тенгри», якутша – «тангара», хакасша – «тигир», «тер», карашай-балқарша – «тейри», құмықша – «тенгри», «тенгири» және монғолша – «тәнгэр» деп аталады.

Қазақ тіліндегі «*Тәңір жаратқан*», «*Тәңір жарылқасын!*», т.б., қырғыз тіліндегі «*Теңир жарылқасын!*» «*Теңир жалғасын!*», – сөзбе-сөз: «тәңірі (құдай) ондасын, жолы болсын», қазақ тіліндегі «*Тәңір қолдасын!*», қырғыз тіліндегі «*Теңирим колдосун!*» – сөзбе-сөз: «тәңірі ондады, жарылқады», т.б. және «*Тәңір алғыр!*», «*Тәңір ұрсын!*», қырғыз тілінде «*Теңир урсун!*» – сөзбе-сөз: «құры, жоғал, өл» деген мағынадағы қарғыс, т.б. сияқты Тәңір теонимінің қатысуымен жасалған фразеологизмдер қазақ-қырғыз халқының дәстүрлі тәңірлік танымын танытатын, ұқсас бейнелі тіркестер болып саналады. Мифологиялық түсінік бойынша бүкіл ғаламды жаратушы, оны билеп төстеуші, табиғаттан тыс бір ғана құдіретті күш ретінде бейнеленетін жаратушы күш Тәңірінің тілдік көріністерін «**Әлем ↔ Тәңірі ↔ Өмір ↔ Өлім ↔ Адам**» мифологемалары аясында қарастырамыз.

Тәңірі лексемасы тілдік ұжымның когнитивтік санасында тірек сөз концепт ретінде танылып, оның аясына: *тәңір алғыр, тәңір атсын, тәңір жазды, тәңір жарылқасын, тәңір тұтты, тәңір пана болсын, тәңір жар болсын, тәңір бұйрығы, тәңір құдіреті, тәңір береке берсін, тәңір жолы, тәңірінің күні, тәңірінің құлы, тәңір сақтасын, тәңірге сыйыну, тәңірге табыну, тәңірден тілеу, тәңірі тізгін оңдаса, тәңірі ісі, т.с.с.* мағынасымен байланысты мәнділік ақпараттарды топтастырған. *Тәңір алғыр! тәңір алсын! тәңір атқыр! тәңір берсін! тәңірден тап! тәңір жүзіңді аулақ қылсын! тәңір кессін! деген сияқты тіркестер қарғыс мағынада қолданылады. Ал, Тәңір бағыңды ашсын! Тәңір береке берсін! Тәңір жарылқағыр! Тәңір жарылқасын! Тәңір ием жар болсын! Тәңір қолдасын! Тәңір қуат берсін! Тәңір пана болсын! Тәңір оңдасын! Тәңір тілеуіңді берсін! деген сияқты тіркестер алғыс, тілек мәнде қолданылады.*

Концептілік өріс аясына кіретін «**Тәңірі**», «**Құдай**» **культтік** лексемасын тілдік санада кейде бірін-бірі ауысырып та қолданылады, синонимдес сөздер, сөйлемде атқаратын қызметтері де бірдей. «**Тәңірге арнап құрбандық шалу**» немесе «**Құдайға арнап құрбандық шалу**» – тәңірді атап мал садақа берді дегенді білдірсе; «*Тәңірден мойнына бұршақ салып сұрап [тілеп] алды*» немесе «**Құдайдан мойнына бұршақ салып сұрап [тілеп] алды**» – құдайға мал, жан атап жүріп тапты деген мағынаны білдіреді. «**Тәңірден сұрап**

– әлпештеген сүйіктісі дегенді білдіреді.

Түркі халықтарының мәдениетінде адам есімдеріне де үлкен көңіл бөлінген. Культтік лексемалардың антропонимиялық қордағы үлесін қазақ тіліндегі есімдер ғана емес, араб, парсы тілдерінен енген антропонимдер де құрайды. «Алла» араб тілінен, «Құдай» парсы тілінен енген, «Тәңірі» көне түркі тілінен, «Жаппар», «Жаратушы» қазақ тіліндегі баламасы. *Аллаберген, Құдайберген, Тәңірберген, Аллаберді, Құдайберді, Тәңірберді, Құдайқұл, Тәңірқұл, Жаппар, Жаппарқұл, Жаппарәлі* деген сияқты жаратушы күштерге қатысты туындаған ер адамдардың есімдері қазіргі таңда да өте сирек кездеседі.

Дәл осындай ұқсастықтар басқа да түркі тілдес халықтарда да бар. «Алла», «Құдай», «Тәңірі» культтік сөздері түркі-татарлардың да адам есімдерінде: *«Аллабирде, Аллабиргән, Аллагол, Ходайбирде, Құдайбакты, Ходайбакты, Тәңребиргән, Тәңребирде, Тәңрекол, Тәңребирдиев, Тәңребирдин, Тәңрегулов»* деп кездессе, қырғыз халқында да жаратушы күштерге байланысты қойылған *«Алдаберди, Теңирберди, Құдайберди»* деген адам есімдері кездеседі, «алла биргән», «алла биргәнем», «алла бабасының улы/кызы» деген когнитивтік бірліктер балаларын еркелеткенде жиі айтылады. *«Аллаберген, Тәңірберген, Жасағанберген, Құдайберген»* сөздеріне мәндес *«Тілепберген, Тілеуберген, «Тілеуқабыл»* деген кісі есімдерінің де негізгі мәні – баланы алладан тілеп жүріп көргені мен тілегенінің қабыл болғаны деген мағынада жұмсалады. Атаудың екінші сыңарындағы *«берген», «қабыл»* сөздерінің де туынды сөздің мағынасына қосатын сөзжасамдық мәні бар. Жоғарыда келтірілген түркі тілдеріндегі адам есімдерінің мағыналарында ортақ ұғымдық, дүниетанымдық байланыс бар екені аңғарылды. Бұл үш тілдегі адам есімдерінің айтылуы жағынан фонетикалық өзгеріске түскенімен, семантикалық мағынасы бірдей.

ҚОРЫТЫНДЫ

Бұл мақалада Орхон-енисей ескерткіштері бір емес, бірнеше түркі тілдеріне ортақ, жалпы түркілік мұра туралы және онда негізінен VI-VIII ғасырдағы тарихи деректерді баяндаумен қатар, түркі тайпаларының салтын, мәдениетін, күн көру жайларын сөз етеді. Ескерткіштердің негізгі идеясы – түркі тайпаларының ғасырлар бойы аңсаған мақсаты, өз елінің тәуелсіздігі мен өз халқын, жерін ішкі-сыртқы жаулардан қорғау. Сондай-ақ, Күлтегін, Тоныкөкке арналған ескерткіштегі жазулардан көне түркі халықтарының Тәңірге, күнге, суға, Ұмай анаға табынып, тағзым еткенін аңғардық.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 Күлтегін: Көне түркі жазба ескерткіші [Текст] / Көне түркі тілінен аудар. М. Жолдасбеков. – Алматы : Жалын, 1986. – 80 б.

2 **Қоңыратбаев, Т. Ә.** Ә.Қоңыратбаев зерттеулеріндегі түркология мәселелері [Текст]. Кан. дисс. – Алматы, 1993. – 139 б.

3 **Сартқожаұлы, Қ.** Орхон мәтіндерінің аудармасы [Текст] // Тіл және қоғам. – 2004. – № 1. – Б. 108-121.

4 **Жанұзақов, Т.** Қазақ есімдерінің тарихы [Текст]. – Алматы, 1971. – 218 б.

5 **Галиуллина, Г. Р.** Татарская антропонимия в лингвокультурологическом аспекте [Текст] / Автореферат дисс. ...доктр. филол. наук. – Казань, – 2009.

6 **Осмонкулов, Ж.** Теңізбай журту жөнүндө [Текст] // <http://sanjira.ru/sanjira126.html>.

7 **Бегметов, Э.** Антропонимика узбекского языка [Текст]. – Ташкент, 1965. – С. 18.

8 **Rysbayeva, G.** Personal names in the anthroponomical picture of the world [Текст] // «II Түркі әлемі зерттеулері» Халықаралық симпозиумы. – Алматы : «Қыздар университеті» баспасы, 2015. – Р. 87-91.

Материал 31.05.17 баспаға түсті.

Г. К. Рысбаева

Духовные ценности культуры тюркских народов

Казахский государственный женский педагогический университет, г. Алматы.
Материал поступил в редакцию 31.05.17.

G. K. Rysbayeva

The spiritual values of the Turkic peoples' culture

Kazakh State Women's Teacher Training University, Almaty.
Material received on 31.05.17.

В статье рассматриваются исследования о древне-тюркских верованиях со стороны теории «Языковая картина мира». Орхон-енисейская письменность является общим наследием не только для одного языка, но и для всех тюркских языков. Статья посвящена антропониме арабо-персидского происхождения, которая, посвящена культу «Алла», «Кудай», «Тенгри» и связанным с ними когнитивным фразеологизмам в тюркских языках. Центральное место из древних

верований всех тюркских народов (казахов и тюрков-татар) до принятия Ислама было занято культом Тенгри, который был верховным божеством. Слова «Кудай», «Алла», «Тенгри» синонимичные культовые слова среди тюркских народов. На основе корней большинство из них часто встречаются в мужских именах. Они объясняются следующим образом: Аллаберген, Тәңірберген, Кудайберген, Жасаганберген, Аллабери, Кудайберди, Танирберди.

The article considers the research of ancient Turkish beliefs from the point of «Linguistic Map of the World» theory. Orkhon-Enysei inscription is the general heritage of not only one language, but for all the Turkic languages. And the article considers anthroponomy of the Arab-Persian origin that are devoted to the cults of the «Alla», «Kudai», «Tengri» and related to them cognitive phraseologies in Turkish languages. The central place of the ancient beliefs of all Turkic people (Kazakhs and Turki-Tatar) before the Islam acceptance was occupied by a cult of Tengri, which was the Supreme deity. Words «Kudai», «Alla», «Tengri» among the Turkish people are synonymous cult words. The majority of male names has these roots at their basis. They are explained as follows: Allabergen (Аллаберген), Tanirbergen (Тәңірберген), Kudaibergen (Кудайберген), Zhasaganbergen (Жасаганберген), Allaberdi (Аллаберди), Kudaiberdi (Кудайберди), Tanirberdi (Тәңірберди).

ЭОЖ 811.512.122

Қ. С. Саммухамбетова¹, А. С. Әділова²

¹магистранттар; ²ф.ғ.д., профессор, Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағанды қ.
e-mail: k.sametovna@gmail.com

ТЕЛЕЖҮРГІЗУШІЛЕР ТІЛІНДЕГІ МОДАЛЬДІЛІК КӨРІНІСІ

Бұл мақалада автор тіл біліміндегі модальділік және модаль сөздер туралы пікірлерге шолу жасай келіп, олардың сөйлеуде адресаттың, атап айтқанда телехабар жүргізушілерінің өзі хабарлап отырған дерек, құбылыс, оқиғаға субъективті көзқарасын, бағалауын білдіретінін нақты мысалдармен дәлелдейді.

Кілтті сөздер: модальділік, модаль сөздер, субъективті модальділік, бағалау, тележүргізушілер тілі.

КІРІСПЕ

Қазақ тілі – халқымыздың тарихы мен бүгінгі, болашағына жол сілтер құнды қазына. Ұлтсыз тіл жоқ, тілсіз сол тілде сөйлейтін, тіпті, сол тілді дамытатын жалпы жер бетінде халықтың болуы мүмкін емес. Сол себепті халқымыздың тағдыры да қазақ тілімен тікелей байланысты. Осы кезекте қоғамның санасына өзіндік әсері бар төртінші билік көзі болып табылатын бүгінгі күні өзекті мәселелердің бірі – бұқаралық ақпарат құралдары. Кез келген ұлттың тілі, жалпы хал-ахуалы, әлеуметтегі орны сол ұлттың бұқаралық ақпарат құралдары, соның ішінде телехабарлар мен газет-журналдар тілінен өзіндік көрініс табады. Ал, телехабарлар тілі – көпшілік көрермен қауымға бағытталған, ой-санасына негізделген ауызша әдеби сөйлеу тілінің бірі болып табылады. Жалпы, әдеби тіл көркем әдебиеттің тілі ғана емес, ол халықты білім мен ғылымға, өнерге бағыттайтын баспасөз тілі. Әдеби тіл баршаға бірдей ортақ, яғни бұл ұғымда диалект, жаргон сөздер қолданылмайды. Ал, ауызша әдеби тілі әр кезеңде жаңа сөздермен толығуы заңды құбылыс. Осы жайында академик Мұхтар Әуезов: «Халық арасында небір жаңа сөз, жаңа терминдер туып жатады, бұл – табиғи процесс. Солардың шала туғандары өліп, мезгілін біліп туғандары қанаттанып, азаматтық сөздер қатарына қосылады. Құдайға шүкір, сөздік қоры жағынан қазақ тілі ешкімнен де кедей де кем де емес, әдебиетіміздің қаулап өсуінің бір себебі осында жатқан сияқты» [1] деген. Бұл жолдардан ғұлама ғалымның ауызша сөйлеу тіліне бағытталған бұқаралық ақпарат құралдарының тілдік дамуға тигізер әсері мен септігі зор екендігі жайлы сөз еткендігі айқындалып тұр.

Телехабарлар тілін, оның стильдік ерекшеліктерін зерттеу бүгінгі таңда өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Телехабарлар тіліне, олардың стильдік ерекшеліктеріне қатысты зерттеулер академик М. Серғалиевтің 1994 жылы «Халық кеңесі», «Егемен Қазақстан», «Ана тілі» сияқты басылымдарда жарық көрген «Көгілдір экраннан айтылар сөз немесе осы төңіректегі кейбір ойлар», «Ой мен сөздің жарасымы немесе телехабарлар тіліндегі кейбір кемшіліктер туралы», «Радио және телехабарлар тілі туралы» сияқты мақалаларынан бастау алады. Уақыт өте келе, 1999 жылы «Мемлекеттік тіл: терминология іс қағаздары мен бұқаралық ақпарат құралдарының тілі» жинағында жарияланған «Хабар бағдарламасының стилі мен тілі туралы» атты мақаласы және 2004 жылы академик М. Балақаевпен бірігіп жазған «Қазақ тілінің мәдениеті» атты оқулығы толықтырылып жарық көрді. Бұл ғылыми еңбектерде ғалым қазақ тіліндегі телехабарлар, бұқаралық ақпарат құралдарындағы жалпы тіл мәдениетіне, эстетикасына, этикалық қағидаттарына, сөздердің қолданылу заңдылықтары мен ерекшеліктеріне тоқталып, өз ой-пікірлерін білдірген болатын.

Бұқаралық ақпарат құралдарында негізгі хабар беруші, тілдік қатынасқа түсуші - телехабар жүргізушілері. Олардың сөйлеу мәнері, сөйлеу дағдысы, сөз қолдану реті ең басты орында болады. Мәселен, журналист белгілі бір контекстегі мәгінді оқу барысында сөздің мәнін, мағынасын ашу үшін үтір, нүкте, қос нүкте, нүктелі үтір, сұрақ белгісі, леп белгісі арқылы сөздің эмоционалды-экспрессивті болуын қамтамасыз етеді. Ақпарат таратушы журналист ақпарат қабылдаушыны өзінің дауыс ырғағымен, саздылығымен, әуезділігімен, табиғи мәнерімен, сөйлеу мәнерімен өзіне тартып баули білуі керек. Ал, бұл ұғымдардың барлығы тіл мәдениетінің негізгі түсініктері болып табылады. Ғалым М. Балақаев бұл жайында: «Тіл мәдениеті дегеніміз – сөйлеудегі, жазудағы сыпайылық, ізеттілік қана емес, сонымен қатар ойлылық, сөзді дәл айту шеберлігі, сөйлеу өнеріне шыныққандық, сауаттылық», – [2] деп айтқан.

Орфоэпиялық норма – тіл мәдениетінің бір саласы ретінде қарастырылады. Бұл туралы ғалым М. Серғалиев: «Радио мен теледикторларға, комментаторларға, жалпы эфир арқылы ақпарат берушілерге арналған орфоэпиялық сөздік жасаудың кезі келді. Ондай сөздікті бір немесе екі автордың құрастыруы, тіптен жеткіліксіз, өйткені мұндай сөздік қазақ сөздерін түгел қамтамасыз да, басым көпшілігін жинауға тиіс; оның үстіне жаңадан пайда болып жатқан сөздердің енгізілуі жөн; мыңдаған жер-су атаулары, ел, мемлекет аттары сөздіктен сырт қалмағаны жөн» [3] – деп қазақ тілінің әдеби нормасының дұрыс қолданылуына, тазалығына, көркемділігіне, мәнерлілігіне ерекше назар аударып, айтып өткен.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Жалпы, айналада үнемі болып жатқан әртүрлі құбылыстар, өмірдегі сан-сала болмыс түрлеріне сөйлеушінің хабар туралы пікірі, яғни сөйлем мазмұнының ақиқат шындыққа қатынасы жөніндегі оның жеке көзқарасы қоса білдіріліп отырады. Міне, осы сөйлем мазмұнының ақиқат шындыққа қатынасы және сөйлеушінің ол жөніндегі пікірі тіл білімінде латын тілінен шыққан «модаль», «модальділік» деп аталады.

Лингвистикада «модальділік – субъектінің ақпаратты қабылдаудағы өзіндік көзқарасын, бағалауын даралап, субъектаралық қатынастың астарын нұсқап, сөйлемаралық қатынастан, тілдік бірліктердің функциялық бірігуінен дараланатын күрделі семантикалық санат» [4, 10] деп түсіндіріледі.

Модальділік категориясы жайлы лингвистикалық тұрғыдан алғаш ой айтқандардың бірі Ш. Балли сөйлем мазмұнын диктум, субъектінің сөйлем мазмұнына көзқарасын модус деп, модальділікті сөйлемнің «жаны» ретінде қарастырды.

«Модальділік» терминін тіл біліміне алғаш енгізіп, оны тілдік категория ретінде тану В.В. Виноградовтың еңбектерінен бастау алады. Ғалымның «О категории модальности» деген еңбегінде модальділік санаты өзінің даму сатысында, эмоциямен үнемі ұштасып отырылатыны, субъекті іс-әрекетке қатысты өз көзқарасын білдіруде, екінші бір субъект ісін бағалануын әртүрлі көңіл-күйде қабылдайтыны айтылады.

Тіл білімінде модальділік түсінігі модаль сөздермен тығыз байланысты. Ол сөйлеуші ойының шындыққа сәйкестігі туралы көзқарасты бейнелеу жолында үлкен рөл атқарады. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігінде бұл ұғымдар жеке-жеке сипатталынған. Модальділік айтылған пікірдің шындыққа қатысын, сонымен қатар оған сөйлеушінің әртүрлі субъективтік бағасын білдіретін функционалды-семантикалық категория деп түсіндірілсе, ал модаль сөздер айтылған пікірдің шындыққа қатысы туралы сөйлеушінің көзқарасын білдіретін сөздер ретінде қарастырылған. Демек, бұл тұжырымдамалардан шығатын қорытынды модаль сөздердің модальділіктің берілу жолында алар орны зор.

Е. И. Убрятова, Н. А. Баспанов, Ж. Дмитриев, А. Н. Кононов, В. В. Виноградов, Г. А. Золотова, Т. П. Ломтев, А. В. Бондарко, Н. Е. Петров, В. Н. Бондаренко сияқты ғалымдар модаль сөздерді өз еңбектерінде сөйлемде айтылған ойдың мазмұнына, болған шындыққа айтушының көзқарасын білдіретін сөздер деп бөлек қарастырады.

Қазақ тіл білімінде модальділік мәннің грамматикалық құрылымдар аясында көрініс беруі А. Байтұрсынов, О. Төлегенов, С. Исаев, Қ. Мамаділов еңбектерінде модаль сөздер, рай тұлғаларына қатысты талданып, сараланған. Рай санаты мәселелері жөнінде Л. Дүйсенбекова, Б. Доскеева еңбектерінде көп мәселелер айтылған.

Модальділік сөйлемде және мәтінде түрліше көрінеді. Ол туралы И. Гальпериннің мынадай пікірі бар: «Фразалық модальділік грамматикалық немесе лексикалық құралдармен берілсе, мәтін модальділігін ерекше тәсілмен жұмсалған осы құралдармен қатар кейіпкерлер мінездемесі, айтылымдардың предикат және релятив бөліктерінің өзінше орналасуы, сентенциялар, нақыл сөздер, мәтіннің жекелеген бөліктерінің өзектенуі және т.б. көрсетеді» [5, 115].

Е. Жанпейісов кейбір сөздердің модальді реңі бірден көзге түссе, кейбір лексика-грамматикалық амалдардың бұл қызметі сөйлем аясында, сөйлемаралық байланысты салыстырудан аңғарылатынын айтады.

С. Кенесбаев қазақ тіліндегі модаль сөздердің жеткілікті зерттелмегендігін айтса [6, 63], Е. Жанпейісов «Қазіргі қазақ тіліндегі модаль сөздер» атты кандидаттық диссертациясында модаль сөздердің тілдік табиғатына толығырақ тоқталған. Ол қазақ тілінде модальдік мағынаны білдіруде етістіктің райларын, интонация, қыстырма сөздер, модаль сөздер, кейбір демеулік шылаулар қолданылатынын айтып өткен.

1968 жылы жарық көрген «Қазақ тіліндегі сөздер мен таптарының морфологиялық құрылысы» атты еңбегінде Т. Ерғалиев қазақ тілі сөздерін алдымен негізгі сөз таптары, көмекші сөздер, азат сөздер деп бөліп қарастырады. Әрі қарай олардың бірнешеуінің басын қосатын сөз таптары пайда болады дейді. Ол көмекші сөздерге шылауларды жатқызса, азат сөздер тобы ретінде модаль сөздер мен одағайларды атайды.

Қазақ тіл білімінде модаль сөздерді зерттеу кешірек қолға алынды. Саны жағынан аз ғана сөздерді жеке сөз табы ретінде қарау-қарамау туралы әр түрлі пікірлер болғанымен, модаль сөздер 2002 жылдан бастап «Қазақ грамматикасына» енгізіліп, жеке сөз табы ретінде қарастырылып келеді.

Модаль сөздер алғаш рет С. Исаевтың еңбегінде сөз табы ретінде көрсетіледі [7]. Кейін «Қазақ грамматикасы» атты еңбегінде: «атаушы сөздерден басқа көмекші сөздердің бір түрі шылаулар және одағай сөздер мен модаль сөздер жеке сөз табы болып қаралады. Себебі, олардың жеке лексикалық мағыналары болмаса да, өзі қатысты сөзге я сөйлемге қосымша грамматикалық мән береді немесе ойға қатысты мәндер қосатын сөздер» екенін айтады [8, 440].

Қазақ тіліндегі модаль сөздер туралы А. Ысқақов: «Бұл сөздердің шығу төркіні, өз алдына категория болып қалыптасу ерекшеліктері мен жолдары, олардың қазіргі құрамы мен құрылымы және басқа морфологиялық (үстеу, одағай, шылау сөздермен), синтаксистік (қыстырма сөзбен, сөйлеммен, сөйлем мүшесімен) категорияға қарым-қатынасы мен арақатынасы, олардан бөлінетін ерекшелігі деген сияқты мәселелер арнайы тексеруді, тиісті шешімін табуы қажет етеді» [9, 44], – деді.

Қазіргі қазақ тіл білімінде Н. Оралбай 2007 жылғы «Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы» атты еңбегінде «аналитикалық форманттың құрамында модальдық категорияның көрсеткіші болғандықтан, қосымшалар сияқты грамматикалық көрсеткіштер қатарында қалатынын, саны аздығынан» [10, 63] модаль сөздерді сөз таптарына қоспайды. Ал, Б. Қасым керісінше, модаль сөздерді «сөйлемге қосымша (модальдық) мән қосатындықтан» [11, 212] жеке сөз табы ретінде қарастырады.

А. Салқынбай 2007 жылғы «Қазіргі қазақ тілі» еңбегінде «тілімізде модаль сөздер бар, сондықтан оны бір сөз табы ретінде санау қажеттілік» [12, 217] деп есептейді де, «модаль сөздерді жеке сөз табы ретінде танытатын басты белгі – оның жалпы категориялық мағынасының болуы» деген ой айтады.

Субъектінің белгілі бір іс-әрекетті қабылдаудағы көзқарасы бағалау арқылы модальділікте көрініс береді. Бағалау, тіпті, субъектаралық қарым-қатынастың астарынан хабардар етіп, бүкіл құрылымның, ондағы синтагмалық қатынастағы бірліктердің мағынасын мәнмәтін аралық қашықтықта саралауға да әсер етеді. Субъектаралық коммуникация, қарым-қатынас негізінде пайда болатын бағалау тәсілі – астарлы сипаты басым, күрделі құбылыс. Өйткені субъектіге қатысы тұрғысынан ажырата қарасақ, сөз шеберінің кейіпкерді бағалауы мен оқырманның, тыңдарманның бағалауы, қалыпты коммуникациялық қарым-қатынастағы субъектаралық бағалауды байқаймыз [4, 13]. Бағалауда эмоционалдық-экспрессивтілік үнемі көрініп жатады. Бұл, әсіресе, тележүргізушілер тілінде жиі байқалады.

Қазіргі күні елімізде «Қазақстан» ұлттық телеарнасы талай уақыттан бері республика көлемін қамтитын хабарлармен көрерменін қуантып келеді. Тележурналистердің сөйлеу мәнеріне тоқталу үшін осы телеарнадағы рейтингі жоғары, өзінің көрермендерін тапқан телебағдарламаларға назар аударғанды жөн деп санадық. Соның бірі, тарихы тереңде жатқан, бүгінде дүйсенбі мен жұма күндері аралығында тікелей эфир арқылы өтетін «Таңшолпан» ақпараттық-сазды бағдарламасы. Жақында бағдарламаның кезекті бір санында әнші, қазіргі күні бағдарлама жүргізушісі Гүлнұр Оразымбетова «Иә, арқада қытымыр қыстың алғашқы белгілері байқала бастады. Қымбатты ағайын, оны өздеріңіз де сезіп отырған боларсыздар», «Электронды әмиян дегенді естуіңіз бар ма? Қала тұрғындарының дені бүгінде электронды ақшаны кеңінен қолдана бастады», «Олай болса, қымбатты көрермендер, тіл тазалығын өзіңіздің табалдырығыңыздан бастаңыз, деп өзіңізге ескертіп кетейік», «Ләззат Жеңісбайқызындай жұмысын жақсы көретін қызметкерлерді көріп, қазір пошташылардың заманы өтіп кеткен деген қасаң пікірдің терістігін түсінгендей боласың», «Талантты балалар тасада қалмауы керек. Өзара бауырластық пен достықты ту еткен бұл фестивальда

ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығына және Алматы қаласының 1000 жылдығына орай халықаралық «Жібек жолы» қоры ұйымдастырылып отыр» деген сияқты жарияланған ақпараттарда модальділіктің көрініс тапқаны байқалады. Яғни, алғашқы сөйлемде «қытымыр» сөзін қыс сөзімен байланыстырып, қыс мезгілінің қатты суығын адамның қатты мінезімен салыстыра отырып, адамды сипаттауға қолданылатын сөзді табиғаттың көрінісін бейнелеп, модальділік ішкі наразылық пен шынайылық мағынасында беріліп тұр. Әрі қарай қарасақ, келесі сөйлемде «қала тұрғындарының дені бүгінде электронды ақшаны кеңінен қолдана бастады» деген ақпар берілген. Тұрғындардың жартысынан артығы, басым көпшілігі деген ой «дені» сөзімен ауыстырылып, сөйлемге өзінше рең беріп, модальділік мағына бір дерек негізіне сүйеніп айтылып тұр [13, 198].

Үшінші сөйлемде, «тіл тазалығын өзіңіздің табалдырығыңыздан бастаңыз» деген сөйлем кездеседі. Мұнда, тіл тазалығын бесіктен, отбасыдан бастаңыз деген мағынаны білдіріп тұр. Тележүргізуші өзінің жеке пікірін ақпаратпен бірге толық жеткізу үшін «табалдырығыңыздан бастаңыз» деп әсерлі түрде айтып, модальділік тілек пен сенім мағынасын айқындап тұр. Келесі сөйлемге назар аударсаңыз, «қатып қалған заңдылық», «бұрыннан қалыптасқан пікір» деген ой «қасаң пікір» деген тіркеспен жалғанып, тележүргізуші сөзінен пошташының жұмысына құрметпен қарайтыны, сүйсіну мен құптау мағынасы айқын көрініп тұр. «Талантты балалар тасада қалмауы керек» деген соңғы мысалда өнерлі балалардың өнерін бағалау жөніндегі ойын «тасада қалу» тіркесімен байланыстырған. «Таса» сөзінің түпкі мағынасы қағаберіс жер, қалтарыс дегенге сәйкес келеді. Яғни, талантты балалар қалтарыста қалмауы тиіс деген ойды меңзеп, міндеттілік модальділік мағынасында жұмсалып тұр.

Келесі, өзіндік көрерменін тапқан бағдарламалардың бірі – «Әйел бақыты». Бұл бағдарлама да тікелей эфирде аптасына 5 рет жүргізіледі. «Қорланған тағдырлар» тақырыбындағы бағдарламаның кезекті санында тележүргізуші Ләйлә Сұлтанқызы тақырыпты аша түсу үшін «Мүмкін, шынында да сіздің әлсіздігіңізді пайдаланып, шу шығармайды. Ол жасырын емес. Қазірдің өзінде «бұл кісінің қолынан не келеді?» деп қыруар жұмыс тұрғанда, прокурорлар мән бермей немесе біреу селқос қарап жатқаны кейбір оқиғаларда жасырын емес» сияқты ойлар айтса, бағдарламаның түйінін «Тағдырларыңызды қиындатпау жолы, мүмкіндігі болып жатса, онда қолға алыңыздар. Тағдыр басқа салса, баспақшыл. Сіз бақытқа лайықтысыз! Күресіңіз!» деген сөздермен аяқтайды. Алғашқы сөйлемде белгілі бір істің болу-болмау ықтималдығын «мүмкін» сөзі арқылы өз ойын шынайылықпен қабаттастыра жеткізіп, болжамдылық мағынаны меңзесе [13, 605], соңғы сөйлемдердегі «баспақшыл» сөзінің негізгі мағынасы «көнгіш, көнімпаз»

дегенге сай келеді [13, 113]. Яғни, үміт пен күйзеліс сезімі қатар жүріп, артынша сенім мағынасындағы модальділік көрініс тапқан.

Ал, Бейсен Құранбек жүргізетін дүйсенбі мен бейсенбі күндер аралығында өтетін «Айтуға оңай...» бағдарламасы қоғамда болып жатқан өзекті мәселелерді қозғап, көрермендерін тапқан бағдарламалардың бірі. Бағдарламаның атауының өзі күдікпен бірге адам бойына үміт отын жағатындай көрінеді. Яғни, модальділіктің көрініс тапқанын байқаймыз. Бағдарламаның әр санында тележүргізуші шешендікпен көрермендерді өзіне баулиды. Мысалы, «Қарындастың көз жасы...» тақырыбын

«Қыз баланың көз жасы – әлемге көрік бермейді,

Бүлініп кеткен қыз тағдыр – көбіне түзеуге келмейді» - деген жолдармен көрерменге негізгі қозғалатын ойды анық жеткізіп тұр. «Бүлініп кеткен қыз тағдыр – көбіне түзеуге келмейді» деген сөйлемде жалпылама метафоралық фраза қолданылып тұр. Сонымен қатар, қыз баланың тағдыры мен көз жасын үлкен мәселе ретінде қарастырып, күйзеліс пен өкінішке толы эмоциялы модальділік көрініс табады. Бағдарламаның осы тақырыбын қорыту мақсатында «Әрбір бала тәрбиелеп отырған ата-ана сол баласының «күзетшісі» болуы керек. Айтуға оңай...» деген сөздермен аяқтады. Бұл сөйлемде «балаға көзінің қарашығындай қарауы тиіс» деген ойды айту үшін «күзетші» сөзімен әсірелеп жеткізіп тұр. Шындығына келгенде, адам өмірінің күзетшісі болмайды. Демек, бұл сөйлемде «күзетші» сөзі әр ата-ана бала өміріне сақ болуы керек деген ойды айқындау мақсатында ауыспалы мағынада қолданғанын және міндеттілік модальділіктің көрініс тапқанын байқаймыз [13, 424].

Журналистикада өзіндік ерекше орны бар, атақты тележүргізуші Дана Нұржігіттің «Дара жол» ақпараттық-танымдық бағдарламасына тоқталсақ. Жексенбі күндері көрермендеріне жол тартатын бұл бағдарламаның кезекті қонағы Рақымжан Отарбаев болды. Сұхбат барысында «Мысалы, «Көлеңкесіз жолаушы». Бір отбасының трагедиясы, менің айтайын дегенім. Анадай биікте, Бейбарыстан кейін, Махамбеттен кейін, Жәңгірден кейін шағын ғана отбасының, әке мен баланың ортасындағы диалог. Іс насырға шапқандағы, жастардың санасының уланғаны, тәнінің уланғаны жайлы. Осындай тақырыптарды қалай таңдайсыз? Прототипі болды ма? Сондай әулиетті көрдіңіз бе, көзіңізбен?» деген сияқты сауалдар қойылды. Бұл сөйлемдерде тележүргізуші сөзінен нақты бір деректердің негізінде көрініс табатын модальділікті байқаймыз. Нактырақ айтсақ, ол «насыр» сөзін қолдана отырып, бір нәрсенің бағдары шиеленісіп, соңы үлкен қайғыға айналғанын тұспалдап ойын анық жеткізіп тұр [13, 614]. Бұдан бөлек, «сананың улануы» тіркесі қолданылған, улану сөзі сана сөзімен тіркесіп ауыспалы мағынада қолданылып, модальділік күйзеліс мағынасында жеткізіліп тұр.

Бағдарламаның тағы бір санында қонақта Қанат Ислам болды. Бұл жолы бағдарлама мынадай сөздермен көркемделіп, көрермен назарына ұсынылды: «Армысыздар, қымбатты көрермен! Қанаттың рингтегі соққыларын көрген сайын әр бала өзіне қамшы салып, қайралатын тәрізді маған». Бұл сөйлемдерде «қамшы салып» тіркесі арқылы әр баланы жігерлендіреді деген ой айқындалып, «тәрізді» модаль сөзі арқылы өз пікірімен қоса, шынайы шындықты жеткізіп тұр. Яғни, бұл жерде үміт пен болжам, қуаныш сезіміне толы модальділік айқын көрінеді. Бағдарламаның әр саны «Әркімнің өмірде өз жолы бар. Ал, оны дара ету өз қолымызда!» деген фразалармен аяқталады. Бұл сөйлемдерден сенім мен үміт мағынасындағы модальділікті байқай аламыз. Осы сөйлемдер арқылы тележүргізуші өзінің жеке пікірмен қоса, көрермендерге ой салып отыр.

ҚОРЫТЫНДЫ

Студияда айтылатын журналист сөзі әркез мәдени сипатымен, мағынасымен беріліп жатса абзал. Шебер де, тәжірибелі журналистер мәдени сөздердің табиғатын таныта беретініне күмән жоқ [14, 75]. Жоғарыда айтып өткеніміздей, тележүргізушілер тілінде модаль сөздердің, модальділіктің көрінуі ақпаратты субъективтік көзқарасы арқылы нақты жеткізе алады. Сөйлеуде модальділіктің көрініс табуы айтылар ойды әсерлі және оның айқын болуына өз септігін тигізеді.

Тіл мәдениеті халық мәдениетінің деңгейінен хабар беретіндіктен, сөйлеу мәдениетінің сапалық факторы жоғарылаған сайын әдеби тілдің де мәдениеті арта түсері хақ. Әсіресе, көгілдір экран қызметіне оның ішінде тележүргізушілер тіліне, яғни олардың сөйлеу мәнері, сөз дағдысы, жалпы журналистік этикадан бөлек, сөйлеу мәдениетіне, сонымен қатар, сөйлеу тіліне назар аударған жөн. Себебі, БАҚ-тан басқа ешқандай құрал халықты әлеуметтік-саяси тұрғыда жан-жақты, жылдам түрде әртүрлі хабарлармен қамтамасыз етіп көрген емес.

Қорыта келгенде, стилистикадағы модальділіктің алатын орны, өзіндік ерекшеліктері бар. Модальділік сөйлем мазмұнына сөйлеушінің көзқарасын білдіріп, бағалауын көрсетеді. Яғни, тележүргізушілер тілінде модальділіктің көрініс табуы олардың жариялайтын ақпаратты айқын жеткізіп, көрермендерге өзіндік ой салуына мүмкіндік береді.

Телеарна тілінің жоғары сапалық көрсеткішке ие болуы үшін жоғарыда айтып өткендей, тележүргізушілер сөйлеу мәнері мен сөйлеу әдебін сақтауы тиіс. Сондықтан, телеарна қызметінде тіл мәдениеті ұғымын қамтитын аталмыш мәселелер толық қамтылуы керек.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Оразалы, Ш., Нұртазин, М.** «Тілге де тірек керек». – Астана, 2003. – 24 б.
- 2 **Балақаев, М., Серғалиев, М.** «Қазақ тілінің мәдениеті». – Алматы, 2004. – 43 б.
- 3 **Серғалиев, М.** «Көгілдір экраннан айтылар сөз немесе осы төңіректегі кейбір ойлар». – Халық кеңесі, 1994 ж., 5 наурыз.
- 4 **Құсайынова, Ж.** Қазақ тілі синтаксисінің модальділік аспектісі. Автореф. – 2010. – 43 б.
- 5 **Гальперин, И. Р.** Текст как объект лингвистического исследования. – Москва : Наука, 1981. – 137 б.
- 6 **Кенесбаев, С. К.** Қазақ тілінің грамматикасы. I бөлім. – Алматы, 1956.
- 7 **Исаев, С., Нуркина, Г.** Сопоставительная типология казахского и русского языков. Учебное пособие. – Алматы, 1996. – 272 б. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 2008. – 961 б.
- 8 Қазақ грамматикасы. – Астана, 2002.
- 9 **Ысқақов, А.** Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы, 1974.
- 10 **Оралбай, Н.** Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы. – Алматы, 2007. – 388 б.
- 11 **Оразбаева, Ф. Ш., Сағидолла, Г., Қасым, Б.** Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, 2001. – 534 б.
- 12 **Салқынбай, А.** Қазіргі қазақ тілі. – Алматы, 2008. – 462 б.
- 13 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 2008. – 961 б.
- 14 **Бекниязов, Т.** «Журналистің шығармашылық шеберлігі». – Алматы, 2004. – 172 б.

Материал 31.05.17 баспаға түсті.

К. С. Сатмухамбетова, А. С. Адилова

Явления модальности в речи телеведущих

Карагандинский государственный университет
имени академика Е. А. Букетова, г. Караганда.

Материал поступил в редакцию 31.05.17.

K. S. Satmukhambetova, A. S. Adilova

The phenomenon of modality in the speech of TV presenters

Academician E. A. Buketov Karaganda State University, Karaganda.

Material received on 31.05.17.

В данной статье автор рассматривает в языкознании мнения о модальности, о модальных слов, и их явления в разговорной речи адресанта, а именно, означающее субъективные мнения, субъективные оценки телеведущих на события, явления, факты что сами оповещают и доказывают, приводя конкретные примеры.

In this article, the author considers linguistic views on modality, on modal words, and their phenomena in the colloquial speech of the addressee, namely, signifying subjective opinions, subjective assessments of TV presenters on events, phenomena, facts that themselves are notified and proven by citing specific examples.

ӘОЖ 821.512.121

Б. М. Сұлтанова

ф.ғ.к., қауым. профессор, м.а., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ.

ДУЛАТ ИСАБЕКОВТИҢ «ТОР» ПЬЕСАСЫНДАҒЫ ДӘУІР ШЫНДЫҒЫ

Қазақ әдебиетінің негізгі бір саласы – қазақ драматургиясы әлемдік классикалық дәстүрді шығармашылықпен қабылдай отырып, осы өнердің өркендеуіне жаңашылдықпен үлес қосып келеді. Қазақстан Республикасы өз тәуелсіздігін алғаннан бергі жылдары жазылып, сонымен қатар театр сахналарында қойылып келе жатқан әртүрлі тақырыптардағы пьесалар классикалық драматургия жанрларының өміршеңдігін айғақтайды.

Кілтті сөздер: пьеса, қойылым, театр, драматургия, сюжеттік-композициялық құрылыс, көркем шығармадағы диалог

КІРІСПЕ

Елімізде әдеби-мәдени мұраны эстетика, көркемдік таным, ұлттық сананың қалыптасуы, тарих тұрғысынан зерделей зерттеу қажеттігі күшейіп отыр. Ұлттық әдебиеттің адамзаттық өркениет құбылыстарымен тікелей, тығыз байланыстылығын қарастыру, қазақ ұлтының руханият дүниесінің белбелесін айқындау қажеттігі туып отыр. Әдебиет пен өнерде тарихи тұлғаның дәуір аренасына шығуы, қоғамның өткені мен болашағы, тіршіліктің мәні

сияқты бүкіл адамзаттық мәселелер әр кезеңде әр қырынан көрінді. Әсіресе ұлттық әдебиет пен мәдениеттің өмірге, қауымға, жеке тұлғаға ықпал әсері де ересен зор екендігі уақыт өткен сайын айқындала түсті. Осындай тарихи кезеңде қазақ әдебиеті де қоғам талабын талапқа сай орындауда.

Қазіргі қазақ әдебиетінің бір саласы – қазақ драматургиясы әлемдік классикалық дәстүрді шығармашылықпен қабылдай отырып, ұлттық топырақтағы осы өнердің өркендеуіне жаңашылдықпен үлес қосып келеді. Қазақстан Республикасы тәуелсіздігі салтанат құрған жылдары жазылып, бірқатары театр сахналарында қойылып келе жатқан әртүрлі тақырыптардағы пьесалар классикалық драматургия жанрларының уақыт пен кеңістіктегі өміршеңдігін айғақтайды. Бүгінгі күнге дейін осы жанр туралы «Қазақ драматургиясы кенже қалған жанр» деген тәрізді түрлі көзқарастар, пікірлер кейде айтылып қалатынына қарамастан, қалай десек те, қазақ драматургиясы жан-жақты жетіліп, дамып, соны ізденістерге жол аша бастады. Сондықтан да әдебиетіміздің бір тармағы драматургия да қазіргі талғам мен талапқа жауап береді деуімізге болады.

XX ғасыр басында ұлттық драматургиямыздың негізін қалаған Ж. Шанин, Ж. Аймауытов, М. Әуезов, Ә. Тәжібаев, Ғ. Мүсіреповтер бастап [1.] одан кейінгі кезеңдерде С. Шаймерденов, Т. Ахтанов, Қ. Мұхамеджанов, Әлжаппар Әбішев, Ә. Тарази, С. Жүнісов, Қ. Ысқақов, Д. Исабеков, О. Бөкей, Т. Нұрмағамбетов Исаил Сапарбай, Баққожа Мұқаев, Талаптан Ахметжан, Иран-Ғайып т.б. болып жалғастырған ұлттық драматургиямыз біршама өркендеді, өсті.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Драматургия саласында тынбай еңбектеніп жүрген драматург Дулат Исабековтің пьесалары да әралуан тақырыптық, жанрлық ерекшеліктерімен әдебиетіміздің драматургия саласын дамытуда. Драматургтің «Ректордың қабылдау күндері» (1975), «Әпке» (1982), «Ертеңді күту» (1979), «Мұрагерлер» (1982), «Алыстан келген ананас» (1984), «Кішкентай ауыл» (1986), «Анасын аңсаған қыз», «Ескерткіш операциясы», «Алтын тордағы топты» («Актриса»), «Ескі үйдегі екі кездесу», «Тор» пьесалары республикамызда ғана емес, алыс, жақын шетел театрлар сахналарында үздіксіз қойылуда. Қаламгердің «Жеті желкен» (1987) атты таңдаулы пьесалар жинағы жарық көрген. «Өкпек жолаушы» деген пьесасы Санкт-Петербургте, ал «Ескі үйдегі кездесу» («Өкпек жолаушы» пьесасының екінші атауы) Омбы губернаторы Полежаевтың сүйікті театры «Бесінші театрда», одан кейін Лондон қойылды. Одан әрі бұл пьесаны Нартай Бекежанов атындағы Қызылорда музыкалық драма театры Ұлыбританияда қазақ тілінде сахналады. Спектакль Британ Корольдігінің музыка колледжінде қойылды. «Өкпек жолаушы» пьесасы Лондон сахнасында бірнеше рет сахналанды. Ағылшын тіліндегі спектакльді қойған режиссер әрі театрдың директоры Юлдош Журабаев деген өзбек азаматы.

«Режиссері өте мықты адам екен. Ол бір ғана театрда жұмыс атқармайды. Одан бөлек, бірнеше ағылшын театрларында режиссер болып қызмет атқарады. Жастайынан Лондонда тәрбиеленген. Орысшасы да тәп-тәуір. Осының арқасында спектакль қазақы болып тұр. Тілшілер актрисадан: «Қазақ әйелінің ролін ойнау қиын тиген жоқ па? Осы спектакльде ауыр тигені не болды?» – деп сұраған екен. Сонда актриса: «Маған ең қиын болғаны, қойылымда бірге ойнаған жұбымның көзіне тура қарамағаным. Ағылшындарда ондай жоқ. «Көзге тура қарамау» деген бізде өтірік айтып тұрған сияқты көрінеді. Қазақ әйелі ер азаматтың бетіне тура қарап сөйлемейді екен. Әсіресе, бейтаныс адамның бетіне мүлдем қарамайды. Мен байқамай, көзіне тура қарап қоямын. Оған режиссерім ұрсады», – депті» [2].

Драматург Д.Исабековтің кейінгі жылдары жазылған драмалық туындылардың бірі – «Тор» пьесасы. М. Лермонтов атындағы академиялық орыс драма театры бұл шығарманы сахнаға шығарған болатын. Бұл пьеса ҚР Мәдениет ақпарат және спорт министрлігі өткізген конкурста үздік драматургиялық шығарма деп танылып, Бас жүлдені жеңіп алған болатын. Қойылым көрермен қауымның көңілінен шықты. «Сол театр Ресейге гастрольге барғанда Малышицкий театрының режиссері көріп, «Торды» өздері қоймақшы болып сұрап алған. Менің дүнием Ресейге осылай жол тартты. Алғаш осы әңгімені естігенде: «Өңім бе, түсім бе?» деп таң қалдым. Ал Ресейдегі режиссерлерге пьесаңды қойдыртпақ түгіл, оны оқытудың өзі оңай шаруа емес. Театрдың әдебиет бөлімінің меңгерушісінің рөлі жоғары, жеке қабылдау бөлмесі, қарамағында бірнеше қызметкері және бар. Кітапханаларында шетел, орыс, ТМД елдері драматургтерінің шығармалар тұр. Ішінде Оралхан Бөкей екеуіміздің кітаптарымыз да бар екен. Егер пьесаң әдебиет бөлімінің меңгерушісінің ойынан шықса, онда шығармаңның 50 пайыз қабылданғаны деп есептеуге болады» – дейді драматург осы пьесаның Ресейдегі қойылымы туралы сұхбатында [3].

Бұл пьеса Санкт-Петербургтегі Владимир Малышицкий театрында қазақша «Тор», орысша «Сети дьявола или Жизнь Михаила Булгакова» деген атпен сахналанды. Қойылымға қарап қазақ драматургиясының қазіргі деңгейінің жоғары екендігін айтты Санкт-Петербургтің театр сыншылары. Шығарма белгілі орыс жазушысы М. Булгаковтың творчестволық бейнесіне арналған. Драматург көпшілікке белгілі көркем сөз шебері М. Булгаковтың жеке ғұмырбаяны мен шығармашылық шежіресі туралы көркем шындықты ұсынған. Автор ХХ ғасыр басындағы бұрынғы Кеңес елдерінде орын алған қоғамдық-саяси ахуалды суреттейді. Пьесадағы оқиға саяси жағдайдың әдеби ортаға билік айтып, сес көрсете бастаған кезін бейнелейді. Пьесада ұлттық, әрі халықтық жалпыға ортақ проблема көтерілген. Бүкіл адамзатқа ортақ мәселе бар. Ол орталық кейіпкерлердің кісілік, адамгершілік қасиеті арқылы көрінеді.

Саясат сахнасы мен мәдени өмірде аласапыран шақ орнаған: Мендельштам жер аударылған, Пастернак екі ай абақтыда отырып шыққан. Уборевич пен Тухачевскийлер қамауға алынған. Ахматованың үш жүз беттік кітабы күзеле-күзеле отыз бет болып шықты. Біраз уақыттан соң акынның күйеуі мен ұлы – Гумилевтар сотталды. Есенин мен Маяковский өздеріне қол жұмсаған. Орыс ақын, жазушыларының, жалпы интеллигенция өміріне арналып жазылған көркем дүние және айтары мол туынды.

Кейіпкерлер өз дегендеріне жеткен, атақ-даңққа да кенде емес. Дегенмен, мына тағдыр тым-ақ қатал. Ол сенің атақ-даңқыңа, бедел-биігіңе, талантыңа бас имейді. Кезі келгенде тобықтан қағып жіберіп, тоңқалаң асыруы да, есіңнен тандырып, тәубаңа келтіре салуы да аяқ астынан. «Тор» – пьесасы Дулат Исабековтың өнер, шығармашылық тұлға тақырыбындағы сәтті жазылып, республикалық, шетелдік театр сахналарында табысты қойылып жүрген туындыларының бірі.

Автор ХХ ғасыр басындағы бұрынғы Кеңес елдерінде орын алған қоғамдық-саяси ахуалға, сол кезеңге байланысты сөз қолданыстары кеңінен қолданылған. Пьеса лексикасынан сол дәуірге тән сан-алуан сөздік үлгілерін табамыз. Мысалы Советтер Одағының информбюросы, пленум, Орталық комитет, капитализм бұғауы, коммунизм идеялары, еңбекші халық, коммунистік рух, совет жазушылары, СССР, мәдениет майданы, ақ гвардияшылар, ұсталу, атылу, қара күртешелілер т.б.

ХХ ғасырдың 20-жылдарындағы орыс интеллигенциясы. Ұнжырғасы түспеген, мойындарына су кетпеген, ер кеуделі жандар.

Шағын көріністер тез-тез ауысады. *Булгаков* өмірінің әр қырын асығыс шалып қалғандай боласың.

«Тор» – пьесасының сюжеттік-композициялық құрылысы жанр ерекшелігіне қатаң бағынған, киносуреттеме тәрізді үзік-үзік бөліктерден тұрады. Шығармашылық адамының бар болмысы, түрлі қайшылығы пьесада сәтмен көркемдік функция атқарып тұр. Соған сәйкес сөйлемдердің де құрылысы да көбінесе қысқа-қысқа. Олардың ішінде атаулы сөйлемдердің, есім баяндауышты сөйлемдердің жиі кездесуі де сондықтан. Қысқа құрылған жай сөйлемдер жанр табиғатынан туындайтын ерекшелік деуге болады. Мысалы:

«Елена. Сонан соң?»

Булгаков. Ол жылады.

Елена. Жылады? Не, оны оны жын қақты ма, неге жылайды? (32 б.) немесе,

Елена. Сіз тура жауаптан қашпаңыз. Сонымен Нина екеуіңіздің араларыңызда бірдеңе болып па еді?

Булгаков. Жай... Әуесқой сезім ғана.

Елена. Әуесқой сезім? Сонда... Әуесқой махаббат деген де бола ма?

Булгаков. Демек, болғаны ғой.

Елена. қашан?

Булгаков. «Турбиндер күндерінің» үшінші премьерасынан соң.

Елена. Тура театрда ма?

Булгаков. Преьмерадан соң Анна Ахматованың үйіне барғанбыз.

Елена.

Булгаков. Ол жылады...

Елена. Анна Андреевнаның?

Булгаков. Иә.» [21, 31 б.].

Пьеса мәтінінің синтаксисі ең алдымен драматургтің не айтқысы келетінін, қандай ойы бар екенін, анығырақ айтқанда шығарманың идеясын білдіруге, соны ашуға көмектеседі. Сөйлем құрылыстары, оның неше алуан түрлері, сөйлем ішіндегі сөздердің орналасуы, интонация – бәрі соған, яғни авторлық идеяға қызмет етеді.

Драматургияда адамдар қарым-қатынасы сахнаға қойылу үшін және театр үшін жазылады, ал прозалық шығарманың табиғаты сәл өзгешелеу. Сондықтан драмалық шығарманың құрылысы да өзгешелеу болады: Авторлық түсінік-монолог-диалог-диалог-полилог-монолог тағы басқа. Драмада тек сөзге ғана емес, сөздің әрекетпен үйлесе шығуына басты назар аударылады. «Тор» пьесасы осы талаптардың бәріне жауап береді.

Кейіпкер тілінің берілуінің келесі аса сенімді, ұтымды тәсіліне тоқталар болсақ «Диалог» (**dialogos – сөйлесу, әңгімелесу**) – **екі адамның тіл қатысуы**. Көркем шығармадағы диалогтің көтерер жүгі ерекше. Ол кейіпкердің бейнесін ашуда үлкен қызмет атқарады. Бірақ диалог тек образ даралау, образ ашу емес, жалпы шығарманың әсерлі шығуы үшін оны құрушы, оны түзуші ең басты құрал, элемент. Белгілі әдебиеттанушы ші ғалым З.Қабдолов: «Драматургиялық шығарма тек қана диалог пен монологтан құралады. Шындық пен образ тек қана диалогқа, монологқа негізделеді. Сахнада сөйлейтін тек персонаж ғана, автор сахна сыртында, залда қалады. Үнсіз, тілсіз, қай сөзді қалай айту керектігін режиссер мен жақшада көрсеткені болмаса, дәл спектакль үстінде автор дәрменсіз» (1, 329), – деп драмадағы кейіпкер тілінің маңызын нақ көрсетіп береді.

Пьеса мәтінінің ең алдымен тыңдаушыға, яғни сахнаға арналып жазылатындығын, жанр ерекшелігін ескерсек, мәтіннің тынысы, әуені, интонациясы, тұтасымен оның синтаксистік құрылысына тәуелді. Пьесадағы сөйлемдердің мазмұны ғана емес, құрылымы да драматургтың ойын беруге қызмет етеді.

«Тор» пьесасының бас кейіпкері – белгілі көркем сөз шебері М. Булгаковтың кеңес өкіметі орнағаннан кейінгі өмірі мен шығармашылығын

суреттеу арқылы драматург қоғам шындығын сахнаға шығарған. Осыдан біраз уақыт бұрын күллі Мәскеу халқы «Турбиндер күніне» билет алу үшін кезекке тұрып жатса, қазір Булгаковтың барлық пьесалары сахнадан алынып тасталған. «Известия» газеті бұл жағдайды театрдың онды өзгерісі деп бағалапты. Есесіне «Турбиндер күні» Америкада, Нью-Хевен қаласында «Ақ гвардия» деген жаңа атаумен үсті-үстіне қойылып жатыр. Өз елінде керексіз болып қалған Булгаковтың жаңа кітабын шетелдіктер жарыққа шығарып жатқандығы пьесаның негізгі арқауы болған.

Драмадағы шала дарын иесі, кез келген шарудан пайда таба білетін, епті, шапшаң – Жуховицкий бөлекше кейіпкер. Бұл тың образ емес. Көрерменге жақсы таныс.

«Жуховицкий. Айтпақшы, бүгін кешке сіздің үйге композитор Сольовев – Седой мен дирижер Самосуд келеді.

Булгаков. Бұл күтпеген жаңалық екен! Олар не үшін келмек?

Жуховицкий. Сіздің қаржы жағынан қиналып жүргеніңізді Үлкен театрдағылар жақсы біледі. Сіз колхоз тақырыбына арнап либретто жазуға шартқа отырсыз. Қаламақысын шартқа қол қойған күні береді.

Булгаков. Павел, сен жазушы адамсың, әрі еті тірі мәдениет қызметкерісің. Бірақ осының бәрін шын айтып тұрсың ба? Колхоз өмірінен... Мен оған дайын емеспін ғой.

Жуховицкий. Либретто жазудың еш қиындығы жоқ. Бас-аяғы оншақты – ақ бет. Қаламақысы пьесада көп. Операда мазмұн емес, мазмұнның идеясы қымбат. Мәселен, сопрано алады да былай деп әндете береді (*ол ерекше көңілді күйге түсіп, ыңылдап ән айтады*): «Ля- ля- ли -ля! О, Миша а. Михаил А-а –фа- на-сье-вич! Мен Сіз-ді-і сүй-емін... Сіз сіз... өмір сү-ре алмай-мын». Михаил Афанасьевич айтады: (*тенормен*) О, Елена- а, о, сүй-ік-ті сәу-ле-мм... мен де сіз-ді сүй-емі-ін. Әй-елім-ді тас-та-ап сізге қайт-сем-де үй-ле-не-мін!» Ақыр соңында махаббат жеңіп шығып, екеуі қосылады. Біреуі тракторшы, біреуі сауыншы. Операға бұдан басқа сюжеттің керегі жоқ.

Булгаков. (*шын ықыласымен күліп*). Рахмет, саған Павел! Мен көптен бері бұлай күлмеп едім. Сен барып тұрған артист екенсің! Әрі тенор, әрі сопрано (күлуін жалғастыра беріп). Сен... сен жаз... мен үстінен қарап шығайын (46 б.)

Бұл диалог, олардың арасындағы авторлық ремарка бір жағынан Булгаков пен Жуховицкийдің кесін-кейпін шынайы бейнелеуге қызмет етсе, екінші жағынан дәуір тынысын аңғартып тұр. Жуховицкий сөзі өзінің және Булгаковтың мінездемесін жасап тұр. Бұл диалогтағы негізгі мазмұнды бейнелеп тұрған сөздер мен сөз тіркестері: Қаламақысы көп, колхоз тақырыбы, мәдениет қызметкері, опера, сопрано, тенор. Музыкалық лексика кейіпкерлеріміздің тұлғалық ерекшелігін білдіру үшін қолданылып

тұр. Жуховицкидің Булгаковты «колхоз тақырыбына арнап либретто жазуға шартқа отыруға» үгіттеуі, оның «қаламақысының пьесадан көп» екендігін есептеуі Жуховицкидің бейнесін ашып қана қоймайды сол дәуірдің шындығы.

Көркем шығарманың стильдік даралығын ұйымдастырып беруде тілдің құрылымдық, көркемдік құралдарының қызметі ерекше. Драматург үшін сөйлемдерінің құрылысы мен көлемі, байланысу тәсілдері мен орналасу реттері үлкен қызмет атқарады. Сондай-ақ сөйлем ішіндегі сөздердің орын тәртібі, айтылу ырғағы, тіпті тыныс белгілеріне дейін белгілі бір жүк арқалап, стильдік-көркемдік қызмет атқарып тұрады. Шығармада сөздердің үйлесімін тауып, олардың әрқайсысын өз орнында қолдана білу үлкен шеберлікті қажет етеді.

ҚОРЫТЫНДЫ

Д.Исабеков пьесаларында жанр табиғатына орай жай, жалаң және құрмалас сөйлемдер жиі кездеседі. Олар автордың идеялық мақсат-мұратын, өзі суреттеп отырған өмір құбылыстарына көзқарасын, қарым-қатынасын әсерлі де көркем жеткізу үшін қолданылады.

Д.Исабеков синтаксисіне тән бір ерекшелік – мазмұны жағынан да, құрылымы жағынан да біртұтас болып ұйымдасқан күрделі синтаксистік тұтастықтың жиі ұшырасуы. Ондай тұтастықтардың бірінші сөйлемінің кейінгі болар оқиғаға алғышарт болып, кейінгі сөйлемдерде оның мазмұны сабақтала түсіндірілетіндігін айтады белгілі профессор Б. Шалабай. Мысалы, «Бұл кісі ертең Лондонға ұшады. Михаил Афанасьевичтің сондағы қойылып жатқан «Зойканың пәтері» спектаклін көріп кетпекші. Егер уақыты қалып жатса Парижге де соқпақ ойы бар...» (26 б.), немесе «Сабыр етіңіздер ағайындар, ұстамдылық танытыңдар. Сендер, қазақтар, мемлекет құраушы халықсыңдар, сондықтан, өзге ұлттарға құрмет көрсетіп, қамқорлық жасап отыру басты міндеттері...» («Тор» пьесасы 142 б.). Бұл берілген үзіндідегі алғашқы сөйлем бұл кісінің Лондонға ұшатынын хабарлап тұр. Ал одан кейінгі сөйлемдерде осы сапардың мазмұны түсіндіріліп отыр. Сапар мақсаты «Зойканың пәтері» спектаклін көру, егер уақыты қалып жатса Парижге де соқпақ ойы барын түсіндіріп, тарата айтып тұр.

Енді бірде ондай синтаксистік топтардың соңғы сөйлемі алдыңғы айтылғандарды жинақтап, қорытындылап тұрады. Пьеса заңдылығына сай ондай қорытынды тұжырымды автор кейіпкер сөзімен береді.

«Булгаков. Киевте мединститутта оқып жүрген кезімде бір кәнігі аңшымен танысып едім. Өзінің ұлты қазақ, аты не Есентай, не Сантай, сондай бірдеңе болатын. Ондай ұлттың өкілін бірінші рет көруім. Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында әлдеқалай бір бүлікке қосылғаны үшін

Сібірге айдалып, мерзімін өтеген соң айдауда жүріп қосылған украин әйелінің соңынан еріп, Киевтен 70-80 шақырым жердегі бір деревняда тұрақтап қалды. Біз картоп жинауға барғанбыз. Өзімен сонда таныстым. Қапсағай денелі, қою қара мұрты бар, алпысты алқамдап қалса да жүзінен нұры таймаған, жанары ызғарлы, кез келген бүлікке қазірдің өзінде ойланбай қойып кетуге дайын, қыңыр мінезділеу адам еді. Сол адам айтатын: «жүйрік тазы тойып тамақ ішеу керек. Ол аш жүргенде ғана тазы, ал, қарны тойса түлкі алмайды. Иесінің бұйрығына пысқырып та қарамайды», – деп. Орыс жазушылары да әлгі тазыдай аш жүруі керек. Тоқ жазушы – тәуелсіз адам. Ол бұйрықты орындамайды, айтаққа жүгірмейді. Ол – қауіпті. » (28-б.), немесе, «Ойбай- ау, қазақ қалаған там құлап қала ма? Қайда барсақ та қазақтардың қажеті жоқ дейсіңдер. Енді біз қайда барып кун көреміз?» (142 б.)

Бұл үзіндідегі негізгі идея соңғы сөйлем арқылы берілген. «Тоқ жазушы – тәуелсіз адам. Ол бұйрықты орындамайды, айтаққа жүгірмейді. Ол – қауіпті».

Осы орайда ұлы Абайдың:

Тәуекелсіз, талапсыз мал табылмас,

Еңбек қылмас еріншек адам болмас.

Есек к... жусаң да мал тауып кел,

Қолға жұқпас, еш адам кеміте алмас – деп адал еңбек етуге шақырады да, ойын одан әрі:

Өз үйіңнен тоярға қолың қысқа.

Ас берер ауылды іздеп жүрсің босқа.

Бір жілік пен бір аяқ қымыз берген,

Дереу сені жұмсайды бір жұмысқа.

Ақынның айтуынша, малың болмаса, яғни дүниең болмаса басыңда еркін болмайды, «бір аяқ» ас бергеннің құлысың дейді.

Ұлы Абай ойымен орайлас негізгі идеяны, тұжырымды Булгаков сөзі арқылы драматург соңғы сөйлем арқылы беріп отыр.

Алдын ала дайындық жасаушы және қорытындылап тұрушы сөйлемдер мағыналық, стильдік аса маңызды жүк көтеріп, автор мен кейіпкердің көңіл-күйі, сезімін, суреттеліп отырған жайға олардың көзқарасын беруге бағытталған. Әр түрлі саяси сенімдер жолындағы адамдардың қат-қабат кезеңдегі рухани тірлігі шытырман психологиялық астарлар, сан алуан күрес тәсілдерін характерлердің қақтығысы арқылы бейнелеу көркем шығармада өте үлкен жүк көтеріп тұр.

Көркем әдебиетте драмалық шығармалардың ерекшелігі — тұтасымен сөйлеушілердің сөздері болып келетіндігінде. Диалог кейіпкер болмысын танытатын тілдік амал ретінде орыс тіл білімінде Л. В. Щерба,

Л. П. Якубинский, В. В. Виноградов, Г. О. Винокур, Т. Г. Винокур, А. Н. Гвоздев, М. М. Бахтин, В. М. Лагутин, тағы басқа ғалымдардың ғылыми еңбектерінде зерттеу нысаны болды. Драмалық шығармаларда жазушының сипаттауы, баяндауы болмайды. Сөйлеу тілінің басымдылығы — драматургия жанры мен стиліне тән басты нәрсе. Драмадағы оқиға желісі кейіпкерлердің диалогіне сай негізделіп шешіледі. Драматург оқиғаны, іс-әрекетті сахна талаптарына сай дамытады. Драмалық шығармаларда кейіпкер бейнесі тартыс үстінде ашылады. Драматург үшін іс-әрекет арқылы ғана емес, тіл қатысы арқылы да мінез ерекшелігі көрінетін кейіпкерді ұсыну оңай емес. Драмалық шығармаларда образ жасауда кейіпкерлер тілінің орны ерекше болып келеді. Кейіпкерлердің тілінен олардың бейнесі көрінеді. Кейіпкерлер тілінің мазмұны нақты, құрылымы қысқа болып келетіні белгілі.

Драмалық шығарманың тілі дегеніміз – шығармадағы кейіпкер тілі. Жазушы кейіпкеріне ұтымды сөз салу арқылы кейіпкерінің образын ашады.

Енді кейіпкер тілінің берілу тәсілдеріне тоқталар болсақ, жалпы драмалық шығармаларда ең жиі кездесетін тәсілдерге монолог жатады. Монолог (monos-бір, logos-сөз) - белсенді сөйлеу қызметінің нәтижесінде орындалады.

Драматургия бір жағынан әдеби тіл дамуының көрсеткіші болса, екінші жағынан, ол көркем-поэтикалық тіл дамуының да деңгейін көрсетеді. Сондықтан драматургия өзара байланысты екі жақты ұғымнан тұрады.

Драмалық шығармаларда сөйлемнің құралуы, ондағы ауытқулар да, құрылымдық өзгерістер де автор идеясына қызмет етеді. Сұраулы сөйлемдердің грамматикалық көріністері, жұмсалы ерекшеліктері тек сөйлеу тілінде ғана емес, көркем әдебиет тілінде де әр қырынан көрінеді. Сұраулы сөйлем белгілі бір оқиға жайынан хабар алу үшін жұмсалады. Ғалым К. Ахановтың сөзімен айтқанда, «Сұраулы сөйлем коммуникативті қызметі жағынан басқа бір хабардың келіп тууын қажет ететін хабар болып саналады» [22, 209 б.]. Сұраулы сөйлем басқадан жауап алу, тыңдаушының ой-пікірін білу мақсатымен айтылады. Сондықтан сұраулы сөйлемдердің жасалу жолдарына қарай, оларға қойылатын сұрақтың мазмұны да алуан түрлі болып келеді. Сұрақ құрылымдық тұрғыдан не сұрау сөз, не демеулік шылаудың болуымен сипатталады. Осылардың ішінен Дулат Исабеков пьесаларында сұраулық шылаудың кірігіп жіктік жалғаулардан бұрын келуі арқылы сұраулы сөйлем жасалуына назар аударамыз: сен келесің бе? – сен келемісің? Сұраулы сөйлемдер қимыл иесінің түрлі күйіне, қалпына, іс-әрекетіне қарай сұрай айтылып, логикалық мазмұнға сай құрылады. Сұраулы сөйлемнің құрамында оның сұрау мағынасын айқындай түсетін сұраулық шылаулар, сұрау есімдіктері жиі қолданылады. Сондай-ақ, сұраулы сөйлем айтылуына қарай интонацияның көмегімен, кейде кейбір көмекші етістіктер мен қосымшалар арқылы да жасалады. Мысалы:

Булгаков. Сіз мені бұл жерге тергеу жүргізу үшін шақырдыңыз ба?

Елена. Сіздердің сүйіскендеріңізді Анна көрді ме?

Булгаков. Көргенде қандай! Біз сүйісіп болғанша бокалын ұстап күтін отырды.

Елена. Сонан соң?

Булгаков. Сіздер үшін деп Анна бокал соғыстырды. («Тор» пьесасы 32 б.), немесе,

Булгаков. Қалай дегенмен де Жуховицкий әулие екен.

Шиловский. Кім дедіңіз? Жуховицкий? Ә-ә, менің көршім ғой? Иә, ол қандай сәуегейлік айтып еді?

Булгаков. Ол сіздің осында келетініңізді бүгін ғана ескертіп еді.

Характерлердің даралануы жоғары деңгейде. Психологиялық анализ, жан тереңіне сунгумен қатар ашық пікірлерді кейіпкерлер аузына көбірек салады. Тақырып сонылығымен, объектінің маңыздылығымен, бұл пьеса соңғы жылдардағы қазақ драматургиясының белгілі шығармасы қатарында десек қателеспейміз.

Пьесада орыс интеллигенциясының өткен ауыр жолдары жайлы көп сырлар бар.

XXI ғасырдың басында дүниеге келген қазақ драматургиясы замана тынысынан алшақтап, дәуір проблемаларынан бойын аулақ салған жоқ, мезгілдің көкейкесті мәселелері, кезеңнің толғақты сырлары сан алуан пьесалар тудырып отыр. Тарихи тұлғалар, тарихи тақырып туралы жазылған көптің көңілінен шыққан шығарма.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Нұрғали, Р.** Драма өнері, – Алматы : «Санат» баспасы, 2001. – 480 б.
- 2 **Бектас, Г.** Лондон төріндегі «Өкпек жолаушы» \ Түркістан, 2014., 17 сәуір.
- 3 **Қонақбаева, А.** Ақтөбеге келгеніме өкінбеймін \ Ақтөбе, 09.06.2012 ж.
- 4 **Исабеков, Д.** Жеті томдық таңдамалы шығармалар. – А., 2012.
- 5 **Сұлтанова, Б.** М.Әуезов пьесаларындағы ұлттық мұрат. Абай ат. ҚазҰПУ Хабаршысы. № 9. – Алматы, 2009.
- 6 **Сұлтанова, Б.** Ерлік пен елдіктің драмадағы көрінісі \ «Әлемдік рухани құндылықтар және қазіргі қазақ әдебиетінің өзекті мәселелері» ХҒПҚ. ҚазМемҚызПУ, – Алматы, 2007. – 158-164 бб.

Б. М. Сұлтанова

Истина эпохи в пьесе Дулата Исабекова «Сетка»

Казахский государственный женский университет, г. Алматы.
Материал поступил в редакцию 31.05.17.

B. M. Sultanova

Truth of the era in the play of Dulat Isabekov «Grid»

Kazakh State Women's University, Almaty.
Material received on 31.05.17.

Данная статья посвящена анализу произведения «Сетка» известного казахского писателя, драматурга Дулата Исабекова. В данной статье рассматривается настоящая истина эпохи. На основе анализа исследований автор статьи выдвигает и обосновывает собственный научный взгляд на изучаемую проблему.

This article is devoted to analysis «Grid» by the famous Kazakh writer, playwright Dulat Isabekov. This article discusses the present era of the truth. On the basis of research the author puts forward and justifies his own scientific view of the problem under study.

Ж. С. Таласпаева¹, Ж. Т. Қадыров²

¹ф.ғ.к., профессор, ²ф.ғ.к., профессор, М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Петропавл қ.
e-mail: talaspaeva@inbox.ru

**МӘДЕНИЕТТЕР ТОҒЫСЫНДА ҚАЛЫПТАСҚАН
ТҮР-ТҮС АТАУЛАРЫ**

Мақалада әр халықтың тілі мен болмысына қатысты түр-түстердің алатын орны мен беретін контекстік мағыналары қарастырылды. Бірнеше тілдердің материалдарын салыстыру арқылы авторлар түс атауларының айқын көзге түсетін коннотациялық белгілеріне түсініктеме береді.

Кілтті сөздер: түр-түс, символ, ассоциация, әлем бейнесі, эмоциялық реңк, мәдениетаралық коммуникация.

КІРІСПЕ

Адам баласының ой-санасы, сол арқылы істеген еңбегі, мінез-құлқына сай табиғатың қалыптастыруы, өз танымына сай өмір салтын қалыптастыруы тұтастай бір мәдениеттің дүниеге келуінің үлкен себепшісі. Өлемдік лингвистикадағы көптеген ғалымдар концептілердің табиғатын танудың басты жолдарының бірі – бірнеше тілдердің материалдарын салыстыру деп атайды, ал бұл туралы ғалым Ш. Жарқынбекова түйінді ойын былайша білдіреді: «Сопоставительный анализ концептосфер разных культур позволяет уже сегодня со своей очевидностью увидеть особенности развития национально-специфического сознания человека, в частности зафиксировать особенности, отраженные на вербальном уровне, отличия и сходства мыслительной деятельности того или иного народа, специфику его ментального мира и национального характера» [1, 152 б.].

Осыны айта келе, ғалым екі тілдегі түр мен түс атауларының концептуалдануы мен вербалдануын салыстырады. Автордың айтқан пікірлері бойынша қазақ және орыс мәдениетіндегі түс семиотикалық феномен болып табылады, түс атауларының айқын көзге түсетін коннотациялық белгілері бар. Соңғы жылдары әлем тілдерінде түр-түс атауларын беретін лексикалық тілдік бірліктер құрамы мен саны жағынан күрт өзгеріске ұшырады. Бұған ағылшын тіліндегі лексикалық модельдердің әсері болып отыр. Ағылшын тілінде, әсіресе, жарнама терминдерін беру кезінде сипаттама түр-түс атаулары жиі қолданылады: олар мәдениетаралық

қарым-қатынас бойынша орыс тіліне де өтіп, колоростика терминдерінің қатарын толықтыруда.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Орыс тілінде негізгі түр-түс атауларымен қатар объектінің түсін нақтылайтын атаулар (*изумрудный, малиновый, сиреневый*), түстің реңктерін айқын көрсету үшін приставка қосылып жасалған атаулар (*ярко-синий, светло-коричневый, бледно-розовый*) қолданылады.

Эмоциялық реңк үстемеленген атаулар (*вызывающе розовый, темно лиловый, крутой красный*), заттың атауы мен тіркескен сөздер (*цвет морской волны, цвет слоновой кости, цвет асфальта, цвет кофе с молоком, пепел розы, пьяная вишня, бежевый иней, мокрый асфальт*), ассоциацияға негізделген атаулар қазір жиі қолданыста. Мәдениеттердің өзара тығыз байланысы нәтижесінде аталған түр-түстер қазақ мәдениетінен де орын алды. Алайда тұрмыстық-әлеуметтік қарым-қатынаста түр-түстердің орысша атаулары қолданылады (*Көйлек сатып алдым. Түсі өте әдемі – цвета морской волны – ауызекі сөйлеу тілі*). Қазақ көркем әдебиетінде жоғарыда аталған түр-түс атауларының қазақша баламалары мүлдем кездеспейді деуге болады, қазақ суреткерлері негізгі түр-түс атауларын пайдаланады. Жазушы Ғ. Мүсірепов «*Кофе с молоком*»-дегенді «*кофе түстес*» деп тілге біртіндеп енгізе беру керек шығар» деп айтқан болатын.

Түс атауларын білдіретін лексикалық топтың құрылымы мен құрамы едәуір өзгеріске ұшырады. Бұған әсер етіп отырған жағдайлар:

- а) экономикалық, әлеуметтік-мәдени байланыстар аясының кеңеюі;
- ә) жанрдың жеке типі ретінде жарнаманың дамуы;
- б) әлеуметтік-мәдени байланыстардың негізінде туындаған мәтіндер мен жанрлар типтерінің қазақ тіліне кеңінен аударыла бастауы және осының нәтижесінде өзге тілдердегі түр-түс атауларының қазақша баламаларының ұсынылуы.

Ең алдымен, қазақ тілі лексикографиялық еңбектерінен, нарықтық тауарлардан, жарнама үлгілерінен жинақталған түр-түс атауларын бірнеше топтарға жіктестіріп көрсетеміз:

1-інші топ. Қазақ мәдениетіне тән негізгі түстер: *ақ, қара, көк, қызыл, жасыл, қоңыр, сары, сұр, боз*;

2-інші топ. Негізгі түстердің атаулары арқылы жасалған қазақ ұлтына тән сөздер: *ақшыл, қызғылт, алқызыл, сарғыш, қара күрең, қара торы, қоңыр қызыл, көгілдір, ақ сұр, шымқай қара, ақ боз және т.б.*;

3-інші топ. Қоршаған орта, зат, жануарлар түстеріне қатысты атаулар: *ақ шарбы (бұлт), тарғыл құла, шабдар торы, шұбар, қылаң, көк қасқа, қара ала, бурыл, жирен, (мал атаулары) және т.б.*;

4-інші топ. Бұл топқа өзге тілдердегі (әсіресе, орыс тіліндегі) зат атауымен тіркескен түр-түс атауларын қамтиды: *қоңыр қызғылт, шие түстес (малиновый), қоңырлау (кремовый), қызғылт сары, каштан түстес (каштановый), қою жасыл (цвета морской волны), ақшыл қоңыр (светло-коричневый), ақшыл жасыл (салатовый), қара қоңыр (цвета какао), қою қызыл (бордовый), ақшыл қоңыр (бежевый), ашық көк(ярко-синий), ақшыл сары (оранжевый).*

Біздің ойымызша, ассоциациялық тұрғыдан, заттың түсін нақты көрсетіп, түр-түс атауын жасау үшін сол зат ұлттың мәдениетінде бар немесе мәдениеттердің ықпалы арқылы әлеуметтік-экономикалық шындыққа енген болуы қажет. Мысалы, қазақтың ұлттық мәдениетінде бар болғандықтан, қазақ тілінің иеленушісі *бидай өңді, селеу түстес, екі беті алмадай қып-қызыл, күлгін түстес, сүттей жарық, қарақаттай көздері, бота көз* деген сипаттамаларды естігенде (оқығанда, қабылдағанда) нақты бір ассоциация тудыра алады.

Сонғы кезде адамның эмоционалдық әсерлену мәселесі, оның қоршаған болмыстың құбылыстарына аксиологиялық (аксиология – *философ. «құндылық»*) көзқарас лингвистиканың антропоцентрлік жол шеңберінде басты міндеттердің бірі болып табылады, оның көздеген мақсаты – тілдік-мәдениеттанымдық және когнитивтік көріністі ескеруімен, ұлыстың бірлігі ретінде жеке адамның эмоционалдық әлемді тануы.

Қазақ тіл біліміндегі Ә. Қайдар, Ж. Манкеева, Г. Гиздатов, Қ. Жаманбаева, Қ. Ғабитханұлы т.б. ғалымдардың тілге танымдық тұрғыдан келген зерттеу еңбектерін, сондай-ақ қазақ тіліндегі түр-түс атауларының этнолингвистикалық сипатын талдаған ғылыми еңбектерге сүйене отырып қазақ тіліндегі түр-түс атауларының білдіретін мағыналарына қысқаша тоқталуға болады.

Түр-түс атауларын зерттеген ғалымдардың тұжырымдауына қарағанда, табиғатта *ақ* пен *қарадан* басқа таза, қоспасыз түс жоқ. Жан-жануарларға тән түр-түстерді талдау негізінде зерттеушілер дәстүр бойынша «негізгі түс» және «түс реңктері» деп алудың өзі шартты екендігі, негізгі жеті түстің (не он) әртүрлі мөлшерде араласқан белгілі түстердің қосындысы екендігі көбірек байқалатындығын тәжірибе арқылы көз жеткізген [2].

Қазақ тіл білімінде түр-түс атауларын жаңа қырынан зерттеген ғалым академик Ә. Қайдаровтың есептеуінше, тілімізде заттық негізге сүйену принципі арқылы жасалған бір буыннан тұратын жүз елудей түр-түс атаулары бар. Бұларға *қан қызыл, шиедей қызыл, қырмызы қызыл, алтын сары, аспан көк, шойын қара, қоңыр қаз /жай* т.б. Бұл принцип арқылы тіліміздегі түр-түс атаулары үнемі толығып отырады сөзсіз.

Мәселен, орыс тілінде бұл модель бойынша көптеген түр-түс атаулары жасалынған: *кофейный, молочный, салатный, сиреневый, терракотовый,*

небесный, горчичный т.б. Қазақ тілінде, керісінше, бұл тәсілмен жасалған түр-түс атауларының саны онша көп емес.

Түр-түстер адамға «жылы», «суық» көрініп әсер ететіндіктен, олар «жылы», «суық» болып бөлінеді. Мысалы, *қара, көк, жасыл* түстер адамға «суық» әсер етсе, *қызыл, қызғылт, сары* түстер адамға «жылы» болып көрінеді.

Ағылшын тіліндегі түр-түс атаулары қалыптасқан өріс принципі бойынша және жалпы тілдік жүйелік қасиетін қамтитын (орталық (центр) және перифериялық жүйе ғана емес, сонымен қатар шағын жүйелердің ерекшеліктері мен олардың жиынтығы дәйектейтін сипатты да береді.

Түр-түс атауларының орталық тобына негізгі түр-түс атаулары (*red-қызыл, green-жасыл, yellow-сары, white-ақ, black-қара, blue-көк*) жатады; қалған (реңкті) түр-түс атаулары перифериялық орын алады. Мәселен, *red* қызыл түстің шағын жүйесі қызыл түсінің әртүрлі реңктерін беретін түр-түс атауларының бірнеше топ бөліктерін қамтиды: *light red-ақшыл қызыл (delicate pink-нәзік қызғылт, meat-coloured-ет түсі, coral-red-қып-қызыл); dark red- қою қызыл (purpur-қызылкүрең, wine-coloured-шарап түсі)*. Түр-түс атауларының орталығының төңірегінде перифериялық нысандарды бөлу жүйесі (түс қанықтығы деңгейлерінің) семантикалық маңыздылығына, стилистикалық мүмкіндіктеріне, қолданыс деңгейлеріне байланысты.

Ә.Қайдаров өз зерттеулерінде табиғаттағы түр-түстерге, олардың жер-су атаулары құрамындағы мағыналық ерекшеліктеріне шолу жасап, төрт түлік мал түстеріне қатысты атаулардың семантикалық және этнографиялық сөз орамдарына негіз болуын жан-жақты қарастырады [3, 15 б.].

Сонымен тіл тілдегі түр-түс атауларының негізгі атауыштық мағынасынан басқа әр түрлі лексикалық-семантикалық, символдық мағыналары халық болмысындағы әмбебап категория екені даусыз. Бұл мағыналар бір ұрпақтан екінші ұрпаққа жетіп отырғаны белгілі. Тілдердегі түр-түстер өздерінің символикалық қасиеттері арқылы түр-түске тіпті қатысы жоқ немесе қазіргі кезде мүлдем алыс ұғымдар мен мағыналарды білдіреді.

Түс концептісін табиғат концептісімен байланыста қараудың қажеттігін А. Вежицкая «Тіл, мәдениет, таным» деген еңбегінде былай деп түсіндіреді: «В данной работе я предположила, что универсальные тенденции в нашем понимании цветовых категорий могут быть связаны универсалиями человеческого опыта вообще и в особенности – с универсальными чертами жизни человека на земле. И я истолковала цветовые концепты через понятия окружающей среды, такие которые заключены в английских словах *fire 'огонь', sun 'солнце', sky 'небо', grass 'трава', sea 'море', ground 'земля'*. ...они тоже рассматриваются как конструкты, построенные людьми на базе их жизненного опыта, полученного на земле» [2, 54 б.].

Расында да «Айналадағы табиғатты біршама танып болған адам өзін танып-білуге көп әрекет етіп келеді. Ол өзінің адамдық қасиетін, рухани дүниесі мен мінез-құлқын, жүріс-тұрысы мен т.б. ерекшеліктерін танып-білумен ғана шектелмей, сыртқы пішінін, бет-әлпетін, реңін, шырайын, денесінің (көзінің, қас-кірпігінің, шашының, сақал-мұртының т.б.) түсін анықтауға да көп көңіл бөлген. Осының нәтижесінде тілімізде жүздеген түр-түстік тіркестер, теңеулер, салыстырулар пайда болған».

Поэтонимдердегі түр-түстің символдық таңбасын қарастырған тараушасында Г. Қ. Қортабаева табиғатта жай көзбен және арнаулы аспаппен көруге болатын 2000-нан 30000 мыңға дейін түр-түс бар деген деректер келтіреді. Табиғатта кездесетін әр алуан түстің барлығы әрқашанда зат пен құбылыстың атауын бере бермейді. Олар кейде мүлдем түске қатысы жоқ мағыналарды білдіре алады. Түр мен түстің тура мағынасынан басқа ауыспалы, қосымша ақпарат беретін символдық мағыналары да болады. Түстердің діни мағыналары да бар, ақты – христиандар, жасылды – мұсылмандар, сарғыш қызылды – буддаға табынушылар қасиет тұтады. Әр халықтың, әр ұлттың жанына жақын, айрықша қастерлейтін өз бояуы, өз түсі болады.

Түр-түстердің символдық мәні туралы Ә. Марғұлан: «Көк түс – көкке табынудың, аспанның символы, *қызыл* – оттың, күннің, *ақ* – шындықтың, қуаныштың, бақыттың, *сары* – ақыл-ойдың, *қара* – жердің, *жасыл* – көктемнің, жастықтың символы», – деп түсіндіреді [4, 14 б.]. Әрбір халықтың өз дүниетанымында түр-түске қатысты символдық мән қалыптасқан. Мәселен, халқымызда ақ қасиетті түс болып саналады, бар игілікті, жақсылықты, қуанышты, тазалықты, пәктікті, әділетті білдірсе, қара, керісінше, жамандықты, қайғы-қасіретті, қарапайымдылықты, ниеті бұзықты, қатыгездікті, көңілсіздікті білдіретін түс.

Қазақ ұғымында *әдемі қыздың жүзі жарқын, ашық, яғни беті ақ, ақшыл болып суреттеледі, ең әдемі мөлдір көздер ол: мөлдіреп тұнған қара және қоңыр көздер*. Орыс тілінде сұлулық эталоны ретінде қолданылатын *белолуцая, кровь с молоком, синеглазая, златоволосая* деген тіркестер мен біріккен сөздер ақ, қызыл, сары (алтын түсті) деген мағынаны білдіретінін, қазақ тілінде сұлу қызды суреттеуде *аласы аз қара көзі, нұрлы үлкен көзі, қой көз, қарақат көз* немесе *қарақаттай қап-қара көз, көзі көмірдей қара, жібектей қара шаш, аққұба жүз, ажары ақшыл қызыл, ақ құбаша бет, аппақ қардай бет, ақшыл сары нұрлы өң, қызылы қызыл, ағы ақ жүз, ақ тамақ, қызыл ерін* деген секілді тіркестерде 3 негізгі түс пайдаланылғанын көруге болады. Халқымыздың танымында *ақ, қара, қызыл* түстердің беретін басты мағынасы – әдемілік, сұлулық, жастық. Мәселен, бойжеткеннің көзі қара үлкен болса, ондай көзді қарақатпен теңейді. «Қарақат сөзінің сүйкімді, тартымды, жылуы мол мейірімді деген мағыналары әдемі көзді суреттеуде уәжді қолданыс табатынын» М. Б. Абдрахманова өзінің

ғылыми жұмысында дәлелдеп көрсетеді. Зерттеуші «көру» концептісін жан-жақты талдау негізінде қара түс келесідей сипатқа ие екендігіне көз жеткізген.

Дегенмен бұл түстердің кейде әртүрлі мағынада қолданылатыны да белгілі. Ақын-жазушылардың шығармалары тілінде түр-түс атауларының өте шебер, орынды, белгілі бір стильдік мақсатты көздеп қолданылатынына көптеп мысал келтіруге болады. Мәселен, Абай шығармаларында шартты түрде ақ – ақылдылықты, сары – байлықты, ал қызыл – жеңілтектікті білдіреді. Сондай-ақ күнделікті тілімізде жиі қолданылатын «қара көз» әдемі әйелге қатысты айтылса, жазушылар кейіпкердің ұсқынсыздығын бейнелеуде аққа қарама-қарсы түс – қара түсті жұмсайды. Мысалы: «..Әкем айттырған Жаманбаланың шотбақ қара қызын менсінбей, Мамырбайдың Ақбілегін елден таңдап айттырып едім..» (Ж. Аймауытов. Ақбілек, 150-б.), ал «қара бет» тіркесі әдетте ауыспалы мағынада «ұятсыз» деген мәнде де қолданылады.

Ал түркі тілдеріндегі түр-түс атауларының мағынасын арнайы зерттеген академик А. Н. Кононов «қара» сын есімінің 20 шақты қосымша, ауыспалы мағыналары бар екенін дәлелдесе, Ә. Т. Қайдаров, З. Ахтамбердиева, Б. Өмірбеков «қара» атауының 23 түрлі ауыспалы мағынасы бар деп көрсетеді.

Түркі халықтары, оның ішінде қазақ халқы үшін «көк» сөзі киелі мәнге ие, сондай-ақ көк түс киелі түс болып саналады.

«Көк» сөзі түркі халықтарында парсы тілінен кіргенге дейін «аспан» деген ұғымды білдірген. Қазір көтеріңкі пафоста да қолданылады. Сондай-ақ көк түс әртүрлі тұрақты тіркестер құрамында басқа да көптеген мағыналарды білдіреді: *жасыл – көк шөп; ауқатты, бай – көк етікті; арық – көк ет; ақылсыз, топас – көк ми; ұрысқақ, ашушаң – көк долы; мылжың – көк езу; қайсар, өжет – көк бөрі; кездейсоқ – көлденең көк атты; еріншек – көк жалқау; піспеген – көк алма* т.б.

ҚОРЫТЫНДЫ

Сонымен түр-түс атаулары әрбір халықтың лексикалық қорында көптеп кездеседі. Әрбір тілдегі түр-түс атаулары белгілі бір заттың сапалық сынын білдіретін, сондай-ақ белгілі бір халықтың мәдени өмірі мен тарихынан, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпынан мол мәлімет беретін күрделі категория болып саналады. Әрбір халықтың ұлттық дүниетанымында қалыптасқан түр-түстік символдар арқылы сол халықтың салт-дәстүрін, менталитетін, мінезін тануға болады.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 **Жарқынбекова, Ш.** Концепты цвета в казахской и русской культурах. – Алматы : Қазақ университеті, 2004. – 226 с.

2 **Вежбицкая, А.** Обозначения цвета и универсалии зрительного восприятия// Язык. Культура. Познание. – М. : Русские словари, 1997.

3 **Қайдаров, Ә., Ахтамбердиев, З., Өмірбеков, Б.** Түр-түстердің тілдегі көрінісі. – Алматы : «Ана тілі», 1992. – 160 б.

4 **Сегизбаев, О. А.** Мировоззрение Чокана Валиханова. – Алма-Ата : КГИ, 1959. – 56 б.

Материал 31.05.17 баспаға түсті.

Ж. С. Таласпаева, Ж. Т. Кадыров

Названия цветов на стыке культур

Северо-Казахстанский государственный университет
имени М. Козыбаева, г. Петропавловск.
Материал поступил в редакцию 31.05.17.

Zh. S. Talaspaeva, Zh. T. Kadyrov

The names of colors across cultures

M. Kozybayev North Kazakhstan State University, Petropavlovsk.
Material received on 31.05.17.

В статье рассматривается роль цветов в культуре разных народов. Путем сравнения нескольких языков в контексте, авторы исследуют значение цветов с точки зрения концептуальности.

Language realia of each nation as for colors range and context meaning are considered in the article. Comparing some languages' materials the authors explain exact connotation signs of colors names.

Е. Е. Түйте¹, А. Х. Кенжебеков²

^{1,2}Академик Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағанды қ.

e-mail: ¹eldos_t_e@mail.ru

КӘСІБИ БЕЙВЕРБАЛДЫ АМАЛДАР

Адамдардың кең көлемде бір-бірімен қарым-қатынас жасау құралы тіл екенін білеміз. Ол қоғамның барлық саласында байланыстырушылық қызмет атқарады. Адамдар арасындағы тілдік коммуникация вербалды және бейвербалды болып екіге бөлінеді. Аталмыш мақалада бейвербалды амалдардың әртүрлі мамандық және кәсіп саласындағы қолданысы жан-жақты сөз болады. Кәсіби бейвербалды амалдардың түрлері, олардың адамдар арасындағы тілдік қарым-қатынасты қалай жүзеге асыратындығы, өзіндік ерекшеліктері көрсетіледі. Педагогикалық үдерісте, спорттық ойындарда, дирижерлік қызметте, әскери салада және сүңгуірлердің су астында қолданатын ым-ишаралары қарастырылып, білдіретін мағыналары түсіндіріледі.

Кілтті сөздер: вербалды, бейвербалды, ресми, кәсіби, педагогика, уәждеме, коммуникация, ым-ишара, тактильді байланыс, психологиялық белсенділік.

КІРІСПЕ

Тіл – қоғам өмірінде маңызды орын алатын күрделі құбылыс, сондықтан ол әрдайым қоғаммен бірге дамып отырады. Себебі тіл адамдардың бір-бірімен қатынас жасау, ой-пікір бөлісу, өзара түсінісу құралы ретінде сипатталады. Бұл ұғым бүгінгі таңдағы ғылыми ортада «коммуникация» терминімен түсіндіріледі. Аталмыш термин көп мәнді болғандықтан, қазақ тілінде «байланысу, сөйлесу, пікірлесу, ақпарат беру, қарым-қатынас жасау» деген мағыналарға саяды.

Тіл – қарым-қатынас құралы ғана емес, сонымен қатар ол ойдың санада пайда болу, қалыптасу құралы екені дәлелденген. Мәселен, неміс ғалымы В. Гумбольдт: «Тіл – ойды құраушы орган» – деп, сипаттап тілдің дүниетанымдық және ақпараттық функциясы барын айтады [1, 33].

Коммуникацияны шартты түрде вербалды (тілдік) және бейвербалды (тілдік емес) деп екіге бөліп қарастырамыз. Вербалды коммуникация тілдік дыбыстар мен фонетикалық белгілер арқылы берілетін сөйлеу нәтижесінде

жүзеге асырылса, бейвербалды коммуникация сол сөйлеуді толықтырып, сөйлеумен қатар қолданылатын түрлі ым, ишара, дене қалыбы және т.с.с. паралингвистикалық элементтер арқылы көрініс табады. Демек, бейвербалды қатынас түрлері тілдік қатынастың негізгі қосымша құралы ретінде сипатталады. Себебі, «коммуникация» терминін зерттеуші ғалымдар адамға ақпараттың 35 пайызы сөз арқылы берілсе, қалған 65 пайызы бейвербалды амалдар арқылы берілетінін дәлелдеген [2].

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Бейвербалды амалдар күнделікті өмірде белгілі бір мамандық немесе кәсіп шеңберінде де қолданылып жатады. Тіл білімінде мұны **ресми** немесе **кәсіби бейвербалды амалдар** деп атайды [3]. Қазақ тілінде бейвербалды амалдардың бұл түрі көп зерттеле қоймаған. Тақырыпты зерттеу барысында кәсіби бейвербалды амалдардың төмендегідей түрлеріне талдау жасадық. Олар:

- 1) Педагогикалық үдерісте қолданылатын ым-ишаралар;
- 2) Спорттық ойындарда қолданылатын ым-ишаралар;
- 3) Дирижерлік қызметте қолданылатын ым-ишаралар;
- 4) Әскери салада қолданылатын ым-ишаралар;
- 5) Сүңгуірлердің су астында қолданатын ым-ишаралары.

Енді әрқайсысына жеке-жеке тоқталып өтейік.

1) Педагогикалық үдерісте қолданылатын ым-ишаралар

Бейвербалды амалдар педагогикалық қызмет түрлерін (уәждеме, жаңа материалды түсіндіру, кері байланыс орнату және т.б.) жүзеге асыруда жиі қолданылып, сол арқылы педагогикалық үдерістің нақтылы және ұтымды болуына септігін тигізеді. Осындай педагогикалық міндеттерді орындау барысында педагог маманның бейвербалды амалдарды тиімді қолдана білуі өте маңызды. Әсіресе оның сөйлеу шеберлігі, қимыл-қозғалысы, киімі, түрлі жағдайға байланысты дауысының ырғағы, кідірісі мен екпіні – бәрі-бәрі педагогтың коммуникативтік мәдениетін танытады. Ал, бұл өз кезегінде оқушыға үлгі болуға және білім мен тәрбие беру процесін жетілдіруге оң әсерін тигізеді. Егер педагог маман вокалды бейвербалды амалдарды орынды қолдана алмаса, мысалы, мұғалім жаңа сабақты түсіндіру кезінде тым тез немесе өте баяу сөйлесе, сондай-ақ сөз арасында «а», «э» деген секілді көп кідіріс жасаса сабақтың мақсаты орындалмауы мүмкін. Жоғарыда атап өткеніміздей, педагогикалық қарым-қатынас барысында бейвербалды элементтердің (ым, ишара, дене қалыбы және т.б.) барлығы дерлік қолданылып, педагогикалық тәсілдің құрамдас бөлігі ретінде көрініс табады. Зерттеуші Е. А. Петрованың айтуынша, педагогикалық қызметте *нұсқау, назар аударту, жағымды және жағымсыз жауап беру, өтініш білдіру,*

тыйым салу және маңызды бір нәрсеге көңіл аударту мәнді бейвербалды амалдар жиі қолданылады екен [4]. Көптеген зерттеушілер анықтағандай, педагогикалық үдеріс кезінде визуалды (көзбе-көз) байланыстың маңызы зор. Мысалы, мұғалімнің оқушыға көзін алмай қарап, қос қолын иегінің астына қоюы – мұқият тыңдап отырғандығының белгісі, сол секілді мұғалімнің оқушыдан көзін қай-қайта бұрып әкетуі – жіті мән бермей отырғандығын көрсетеді, ал бұл өз кезегінде оқушының көңіл-күйіне кері әсерін тигізуі мүмкін. Кейбір зерттеушілердің пікірінше мұғалімдердің көбі баланың назарын өзіне аудартып, әсер ету үшін «арнайы бет әлпетін» жасап алуды жөн көреді. Мысалы, маңдайы түксиген, қабағы түйілген, еріндері шүйірілген мұғалімнің алдында қандай оқушы болмасын, тәртіп сақтауға тырысады. Ал, мұғалімнің мұндай жасанды бет әлпеті сынып ішіндегі тыныштықты сақтап, оқушыларды басқаруға септігін тигізеді. Келесі бір кең таралған құбылыс – «белгілі бір оқушыға белгілі бір бет әлпеті». Мысалы, сабаққа тыңғылықты дайындалып келген оқушыға күлімсіреп қарау немесе сыныптың тыныштығын жиі бұзатын тәртіпсіз оқушыға қабақ шытып қарау деген секілді. Педагогикалық үдеріс кезінде тактильді байланыстың, яғни балаға жанасу арқылы әсер етудің де өзіндік орны бар. Әсіресе, бейвербалды коммуникацияның бұл түрі кішкентай балаларға білім мен тәрбие беруде маңызды болып табылады. Тактильді байланыс арқылы кішкентай баланың назарын аударту, онымен байланыс орнату және оған қарым-қатынасыңды білдірту жүзеге асырылады. Мәселен, мұғалім көңілі алаңдаулы оқушының қасына келіп, қолын иығына салу немесе қолын қолына тигізу арқылы оның сабаққа назарын қайта аударта алады немесе ашулы болса, сабасына түсіре алады.

Неміс психологы Д.Шпанхельдің тұжырымынша, бейвербалды қарым-қатынас 8 түрлі дидактикалық қызметті жүзеге асыруда қолданылады:

1) *уәждеме (мотивация)*; 2) *жаңа ұғымдармен таныстыру*; 3) *оқушылардың психологиялық белсенділігін арттыру*; 4) *міндеттің немесе соңғы күтілетін нәтиженің қойылуы*; 5) *оқушылардың зерделік әрекеттерін (интеллектуальная деятельность) басқару*; 6) *оқушылардың білімдері мен қабілеттерін жаңа материалға икемдеу*; 7) *оқушылардың жетістіктеріне бақылау жасау*; 8) *кері байланыстың орнауына қол жеткізу* [5].

2) Спорттық ойындарда қолданылатын ым-ишаралар

Коммуникациядағы бейвербалды амалдар спорт жаттықтырушылары мен психологтарының да назарынан тыс қалмайтынын аңғару қиын емес. Өйткені, бапкер үшін де, спортшы үшін де жаттығу немесе жарыс кезінде тілсіз қарым-қатынас элементтерін біліп, қажет жағдайда қолдану керек. Себебі, спорт – әлеуметтік мәдениеттің бір бөлшегі болғандықтан, адамдар арасындағы қарым-қатынас қажет ететіні белгілі. Сол себепті спорт саласында

тілдік қатынаспен қатар тілсіз қарым-қатынас қатар жүреді. Жоғары нәтиже беретін спортшыны дайындау ісінде бейвербалды ым-ишараларға зор мән беру қажет. Өйткені, қарсылас спортшының ым-ишаралары оның психикалық жай-күйінен хабар беріп, соған байланысты шешім қабылдауға немесе жеңіске жеткізетін жағдай жасауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар ым-ишаралар жаттығу немесе жарыс кездерінде қашықтықта тұрып қарым-қатынас жасауға ыңғайлы болып келеді. Спортшылардың оқу-жаттығу жиындарында бапкер-жаттықтырушылар басмы көпшілігі 1972 жылы П. Экман мен В. Фризен ұсынған ым-ишаралардың төмендегідей классификациясын қолданады [6]:

1) *танымбелгі-ишаралар – тілдік баламасы және сол әлеуметтік топқа (спортшылар) тән мағынасы бар ишаралар*;

2) *көрнекі ишаралар, оның өзі 7 топқа бөлінеді: дирижерлік, айқындаушы, нұсқаушы, ырғақты, кинематографиялық, пиктографиялық және эмблематикалық*;

3) *байланыстырушы ишаралар – ішкі немесе сыртқы қобалжуды түсіретін ишаралар*;

4) *реттеуіш ишаралар – қарым-қатынасты бақылау және үйлестіру ишаралары*;

5) *толқу ишаралары – адамның көңіл-күйі мен сезімін танытатын ишаралар*.

Спорттың көптеген түрлерінде, әсіресе футбол, волейбол, хоккей, күрес (қазақша, еркін, грек-рим), гандбол ойындарында төрешілер бірқатар ишараларды қолданатындығы белгілі. Мысалы, ұлтымыздың төл спорты – қазақ күресінің ережесі бойынша төреші оң немесе сол қолын иығының деңгейіне көтеріп, алақанын қырымен төмен ұстаса – «жартылай жеңіс» ұпайы беріледі (1-сурет). Ал, егер оң немесе сол қолын жоғары көтеріп, алақанын алдына қаратып ұстаса, палуанның «таза жеңіске» жеткенін білдіреді (2-сурет). Ал, енді футбол ойының төрешісі егер оң немесе сол қолын жоғары көтеріп, алақанын алдына қаратып ысқырық шалса, футболшының еркін соққы жасау керектігін меңзейді (3-сурет) [7]. Волейбол спортында да осыған ұқсас ишара бар, яғни волейбол төрешісі қос қолын жоғары көтеріп, алақандарын алдына қаратып ұстаса, тосқауыл қою кезінде қателік орын алғандығын білдіреді (4-сурет). Сондай-ақ, спорттағы кейбір ишаралар кейбір ұлттарда мүлде басқа мағына беруі мүмкін. Мысалы, оң қолды көлденең кеуде тұсында ұстап, сол қолды тігінен оң қолдың алақанына тигізу – спорттағы «тайм-аут» ұғымын білдірсе (5-сурет), дәл осы ишара жапон халқында төлем есебін (счет) сұрауды білдіреді.



Сурет 1 Сурет 2 Сурет 3 Сурет 4 Сурет 5

Төрешілерден бөлек, жеке спортшыларға тән ым-ишаралар да кездеседі. Демек, кез келген спортшы тілсіз қарым-қатынас арқылы байланысып қана қоймай, өзінің ішкі психологиялық және сыртқы эмоционалдық құбылысын білдіріп қояды. Спортшылардың жүздеріндегі ымдары мен дене мүшелерінің қозғалысы арқылы жүзеге асатын ишараларынан олардың қуанышын немесе қорқынышын, сенімділігін немесе сенімсіздігін байқап, бағамдай аламыз.

3) Дирижерлік қызметте қолданылатын ым-ишаралар

Ым-ишаралар өте көп қолданылатын мамандықтың бірі – дирижерлік қызмет. Белгілі ресейлік хор дирижеры К. А. Ольхов: *«Ведущими средствами управления коллективом исполнителей (дирижирования) становятся визуальные – жест и мимика»*, – десе, ленинградтық дирижерлік мектептің негізін қалаушы И. А. Мусин: *«Жест дирижера заменил ему речь, превратившись в своеобразный язык, с помощью которого дирижер говорит с оркестром и слушателями о содержании музыки»*, – деп ым мен ишараның музыканың мазмұнын жеткізудегі басты құрал екендігіне көңіл аудартады [8]. Осы тұрғыдан алып қарағанда «дирижерлік аппарат» ұғымы келіп қалыптасады. «Дирижерлік аппарат» құрамына қос қол, бас (бет пен көз), кеуде мен иық және қос аяқ кіреді. Міне, дененің осы мүшелері арқылы дирижер негізгі қимылдарды жасай отырып, хор немесе оркестрді басқарады.

Дирижерлік өнерді зерттеушілердің басым бөлігі, атап айтсақ, М. Багриновский, Д. Варламов, Н. Малько, И. Мусин, Б. Смирновтардың пікірінше дирижерлік ишара – жоғары шығармашылық жетістікке жетудің бірден-бір құралы болып табылады. Дирижерлік жестикуляцияның мұндай басымдылығы оның көркемдік қызметінің көпқырлылығымен түсіндіріледі. Дирижерлік ишараның көркемдік қызметінің көпқырлылығы бір жағынан дирижердің эмоционалдық жай-күйінің ерекшелігін, екінші жағынан музыкалық шығарма мазмұнының көркемдік-мағыналық қырларын анықтауға мүмкіндік береді. Дирижердің музыкалық шығарма мазмұнының көркемдік-мағыналық қырларын тыңдарманға жеткізу үшін бір-бірімен тығыз байланысты, қозғалысқа түрткі болатын мынадай ишаралардан тұрады: импульс-сермеу (қозғалысқа дайындық ишарасы), импульс-ұмтылу (қозғалысқа бағыттаушы ишара), импульс-нүкте (қозғалыстың орындалу

сәті), импульс-бейне (шыққан дыбыстық нәтижені растау немесе терістеу көрінісі) [9]. Сызба түрінде бұл төмендегідей көрінеді (6-сурет):



Сурет 6

Енді дирижерлік қызметте қолданылатын бірнеше ишаралардан мысал келтірейік. Дирижер сол қолының бас бармағы мен сұқ саусағын түйістіріп, қалған саусақтарды олардан жоғары ұстау арқылы үрлемелі аспаптардың ойнауын меңзейді; ал енді бас бармақ пен ортаңғы саусақты түйістіріп, қалғанын тік ұстау жеке орындаушылардың (солист) әуенді батыл орындау керектігін меңзейді. Дирижерлік таяқша (баттута) көп жағдайда дирижердің оң қолында болып, негізгі қимылдарды көрсетеді, алайда сол жақ қолдың өзіндік атқаратын 26 түрлі қызметі бар екен [10].

4) Әскери салада қолданылатын ым-ишаралар

Әскери салада қызмет етушілердің арасындағы коммуникацияда дене қозғалысы кеңінен қолданылатыны белгілі. Әскери шерулерде немесе ішкі істер органдарында әскери атағы кіші адам атағы жоғары адамға тікесінен тік тұрған күйі немесе қозғалыс кезінде оң қолын бастың оң жақ қырына қойып, алақанын көлденең ұстап сәлемдесетінін білеміз. Демек, бейвербалды амалдар әскери саладағы қарым-қатынас кезінде қосымша көмекші құрал ретінде қолданылады. Жалпы, әскери салада бейвербалды амалдар мынадай қызметтерді атқарады:

- тілдік қатынасты толықтырып, қосымша құрал ретінде пайдаланылады;
- барлау операциялары уақытында, әскери іс-қимылдар кезінде, су асты қайықтарындағы қызмет барысында тілдік қатынасты алмастырады;
- сөз бен сөз тіркестерінің орнына арнайы белгілер ретінде қолданылады (Морзе әліппесі, жалаулы белгілер және т.б.);
- әскери рәсімдерді атқару барысында қолданылады;
- бейбітшілік орнату операциялары кезінде шетелдік тілдердің орнына шартты белгілер, арнайы ым-ишаралар қолданылады.


Сонымен қатар, тілсіз қарым-қатынасқа негізделген сигналдар жүйесі әскери салада қорғаныстық, ұйымдастырушылық және моральдық функцияларды жүзеге асыруда пайдаланылады [11]. Біз білетін әскер

түрлерінің (құрлық, теңіз, әуе) өзіндік киім үлгілері (униформа), эмблемалары, ұрандары, әскери рәсімдері, жалаулары – бәрі олардың әскери символдары болып табылады. Ал, әскери символдар тілсіз коммуникацияның құрамдас бір бөлігі.

Бейвербалды коммуникацияны өте қажет ететін әскери салалардың бірі – арнайы жасақ бөлімі (спецназ – отдел специального назначения). Арнайы жасақ бөлімінің әскерилері барлау операциялары, патрульдік қозғалыс және шабуыл жасау кезінде қолдың спецификалық қозғалысы арқылы бір-бірімен қарым-қатынас жасайды. Мұндай спецификалық қозғалыстар 400 м қашықтықта ақпарат алмасуға мүмкіндік береді. Арнайы жасақ бөлімі қызметкерінің ишара тілі сандық және саптық категориядан тұрады:

1 Сандық категория 1-ден 10-ға дейінгі сандардан құралады (7-сурет) және дұшпанның санын, шабуыл уақытын, оқ немесе жарылғыш заттың санын білдіруде қолданылады.


2 Саптық категория әскери қозғалыс тәртібін (баған, қатар, сап, шеп) орнатуда қолданылады.



Сурет 7

Арнайы жасақ бөлімі жауынгерінің (спецназ) сандық сигналдары

Енді арнайы жасақ бөлімі жауынгерінің тілсіз қарым-қатынасын құрайтын ишараларымен таныс болайық.



Сурет 8

8-суретте көрсетілген арнайы жасақ жауынгерлерінің ишараларының мағынасы төмендегідей:

- 1) жауынгер сұқ саусағын өзіне қаратса, «мен» деген белгіні береді;
- 2) жауынгер қолын артына созып, сұқ саусағымен нұсқаса, «сен» деген белгіні береді;
- 3) қолының алақанын ашық күйде құлақ тұсына қойса қандай да бір дыбыс естігенін білдіреді немесе серіктестерін естілген дыбысқа құлақ салуға белгі береді;
- 4) қолын шынтақ тұсынан жоғары көтеріп, жұдырығын жартылай қысқан ишарасы асығу немесе жылдам жүру керектігін білдіреді;
- 5) қолын артына созып, алақанын жазып ұстау арқылы «Токта!» белгісін береді;
- 6) қолын шынтақ тұсынан жоғары көтеріп, саусақтарын бүгу ишарасы орнында «қатып қалу» бұйрығын көрсетеді.
- 7) жақын маңда дұшпанның барын білдіретін белгі;
- 8) кепілдікке алынған адамдардың барын білдіреді;
- 9) арнайы операция барысында итті көргенде көрсетілетін белгі;
- 10) сол қолды жоғары көтеріп, сұқ саусақты дөңгелете айналдыру ишарасы жасақ жауынгерлеріне тез арада белгіленген жерге жиналу керектігін білдіреді;
- 11) сол қолды шынтақ тұсынан жоғары көтеріп, жұдырығын тас түйіндей жұмып ұстау ишарасы транспорттық құралдың бар екенін аңғартады;

12) жалпыхалыққа түсінікті ишара – «бәрі жақсы» мағынасында жұмсалады. Жауынгер бұл ишара арқылы тапсырманың мақсаты түсінікті ері айқын екенін көрсетеді.

Жалпы, арнайы жасақ жауынгерлері қолданатын ишаралар мағыналарына қарай саптық, шарттық, бұйрықтық, ескерту белгілері болып бөлінеді. Одан бөлек арнайы жасақтың тактикалық тобына арналған 27 түрлі базалық ишара белгілер бар екенін де атап өткен жөн.

5) Сүңгуірлердің су астында қолданатын ым-ишаралары

Су астында (мұхит, теңіз, көл) адамдардың бір-бірімен тілдесу немесе ымдасу арқылы ақпарат алмасуы және қарым-қатынас жасауы мүлдем мүмкін емес екені белгілі. Сол себепті де су астында мыңдаған метр тереңдікте жүретін кәсіп иелері – кәсіби сүңгуірлер де бейвербалды коммуникация арқылы өзара түсініседі. Сол үшін де сүңгуірлер өздеріне ұғынықты арнайы ишаралар жүйесін қалыптастырған. Олардың ішінде құрлық бетіндегі жалпы халыққа түсінікті ишаралар да бар, сондай-ақ, тек сүңгуірлерге ғана тән спецификалық ишаралар да кездеседі. Сүңгуірлердің кәсіби тілінде мұндай ишаралар **дайв-белгілер** деп аталады. Дайв-белгілерді көрсетуде қос қол, қол шам (фонарь) және жіп қолданылады. Сүңгуірлер осы үшеуі немесе үшеуінің біреуі арқылы тілсіз қарым-қатынас жасайды. Енді суреттердің көмегімен мысалдар келтіріп көрейік.




Сурет 9

Суреттерде көрсетілген ишаралардың мазмұны төмендегідей:

- 1) бас бармақты жоғары қарату – «жоғарыға қалқып жүзу»;
- 2) бас бармақты төмен түсіру – «төменге сүңгіп жүзу»;
- 3) бас бармақ пен сұқ саусақты дөңгелетіп, қалған саусақтарды тік ұстау – «менде бәрі жақсы!» немесе «менде бәрі жақсы ма?»;
- 4) ашық алақанды төмен ұстап, айналдыру – «менде қиындық туып тұр»;
- 5) өзін-өзі құшақтау – «тоңып қалдым»;
- 6) қос қолдың сұқ саусақтарын бір-біріне жанастыру – «бірге жүзесіңдер!», «жұптасып жүзесіңдер!». Бұл белгі сүңгуірлердің бір-біріне 1-1,5 метр жақын қашықтықта жүзу керек екендігін білдіреді.
- 7) қолды созып, жұдырықты жұмып ұстау – «Қауіп!». Қолдың бағыты қауіптің қай бағыттан екенін білдіреді.
- 8) қос қолдың сұқ саусақтарын қатар айналдыру – «Қайтала!» (соңғы қозғалысты, ишараны немесе т.б.)
- 9) сұқ саусақты бұғу – «Менің сұрағым бар», «Не істейміз?», «Не болды?» және т.б.

Ал, енді қол шам (фонарь) арқылы берілетін белгілердің мағынасын ашайық.



Сурет 10

- 1) Қол шамның жарығын шеңбер етіп бейнелеу – «Менде бәрі дұрыс» немесе «Сенде бәрі дұрыс па?»;
- 2) Қол шам жарығын тік сәуле бойымен түсіру – «Назар аудар!» немесе «Маған назарыңды сал!» белгісі.

Сүңгуірлер тым тереңдеген кезде көз алдындағы құбылыстың өзі нашар көрінетін жағдайда бір-бірімен байланысу үшін жіп қолданады. Су астына сүңгуші мен жоғарыда оның қауіпсіздігін қадағалаушы адам жіп арқылы ақпарат алмасады. Мәселен:

- жіпті бір рет тарту – «дәрі дұрыс па?» немесе «бәрі дұрыс» мәніндегі белгі;
- жіпті екі рет тарту – «тоқта!» немесе «діттеген жерге жеттім» дегенді білдіреді;

– жіпті үш рет тарту – «сүңгі» немесе «сүңгимін» белгісі;
 – жіпті төрт рет тарту – «жоғарыға жүз» немесе «жоғарыға жүземін» белгісі;
 – жіпті бес рет тарту – «қауіп бар» немесе «мәжбүрлі түрде жоғарыға жүземін» белгісі.

Сүңгуірлер үшін бұл ишаралар мен белгілерді білу өте маңызды және тек мағынасына қарай қолдану міндетті болып саналады. Себебі, су астында артық іс-әрекет жасау сүңгуірлер кәсібінде құпталмайтын іс [12].

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта келе, коммуникациядағы бейвербалды амалдар, әсіресе ишаралар (жесты) қоғамның әлеуметтік салаларын қамтитын мамандықтарда өте көп кездесетінін байқауға болады. Жоғарыда көрсетілген кәсіп түрлерінде қолданылатын ым-ишаралардан бөлек, дәрігерлік ым-ишаралар, дін қызметкерлерінің ым-ишаралары және т.с.с. деп қарастыра беруге болады. Сондықтан коммуникациядағы кәсіби бейвербалды амалдар әлі де зерттеуді қажет етеді.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Тұрғанбаев, Ә. Х.** Тілаларлық байланыстар мен қатынастар диалектикасы. – Алматы, 2005. – 216 б.
- 2 **Момынова, Б.** Лидерлер имиджін қалыптастырудағы бейвербалды элементтер. – Алматы, 2003. – 167 б.
- 3 **Өмірбекова, Ж. Қ.** З.Ахметованың «Шуақты күндер» атты естелік-эссесіндегі ер адамдарға қатысты бейвербалды амалдар. ЕҰУ Хабаршысы. Филология сериясы. № 7. 2009.
- 4 **Петрова, Е. А.** Жесты в педагогическом процессе / Е.А. Петрова. – М. : Высшая школа, 2006. – 132 с.
- 5 Стиль и методы управления коллективом [Электронный ресурс]: <http://lib.nspu.ru>.
- 6 **Савенков, Г. И.** Психологическая подготовка спортсмена в современной системе спортивной тренировки: учебное пособие / Г. И. Савенков. – М. : Физическая культура, 2006. – 96 с.
- 7 **Иманбетов, А. Н.** Футболдан жарысты ұйымдастыру. – Қарағанды : ҚарМУ баспасы, 2015. – 108 б.
- 8 **Безбородова, Л. А.** Дирижирование. – М. : Просвещение. 1990. – 159 с.
- 9 Тремзина О.С. Дирижёрский жест как художественный феномен: Автореферат. – Саратов, 2014. – 31 с.
- 10 **Сорокин, И. Н.** Роль выразительных средств в дирижировании. – Воркута, 2009. – 12 с.

- 11 **Чиркова, Е. И.** Внимание, невербалика! – СПб. : КАРО, 2009. – 272 с. – Серия «Психологический взгляд».
- 12 **Рассел, Д.** Сигналы (дайвинг). – М. : Издательство «VSD», 2012. – 102 с.

Материал 31.05.17 баспаға түсті.

Е. Е. Туйте, А. Х. Кенжебеков

Профессиональные невербальные средства

Карагандинский государственный университет
 имени Е. А. Букетова, г. Караганда.
 Материал поступил в редакцию 31.05.17.

Y. Y. Tuite, A. H. Kenzhebekov

Professional nonverbal tools

E. A. Buketov Karaganda State University, Karaganda.
 Material received on 31.05.17.

Язык является важнейшим средством человеческого общения. Он также выполняет связующую роль во всех сферах общественной жизни. Языковая коммуникация между людьми делится две группы: вербальные и невербальные средства общения. В данной статье рассматриваются невербальные средства общения в профессиональной сфере взаимодействия людей. Анализируются некоторые виды невербальных средств общения, определяются их особенности, а также характеризуется место и роль невербальных средств общения в языке. Объясняются значения таких компонентов невербальной коммуникации, как мимика, интонация, жесты, взгляд и т.д. в педагогическом процессе, спортивных играх, дирижёрской деятельности, военной сфере и в сфере подводников.

Language is the most important means of human communication. It also carries out a binding role in all spheres of public life. Language communication between people shares two groups: verbal and nonverbal means of communication. In this article nonverbal means of communication in the professional sphere of people interaction are considered. Some types of nonverbal means of communication are analyzed, their features are defined, and also the place and the role of nonverbal means of communication in language are characterized. Values of such components of nonverbal communication as mimicry, intonation, gestures, look, etc. in

ӨОЖ 821.512.122:82.02

А. Ә. Үсен

ф.ғ.д., профессор, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.

e-mail: aierke 0102@mail.ru

ҚАЗАҚ ӨЛЕҢІНІҢ ГРАФИКАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

Бұл мақалада қазақ өлеңінің графикалық дамуы ғылыми сараланады. Өлеңдердің сыртқы графикасы мен оның мағынасы, құрылысының өзара сабақтастығы талдананады. Өлеңнің графикасы мен интонациялық, ырғақтық, семантикалық ерекшелігінің байланысы поэзиялық мәтінді талдау негізінде айқындалады.

Кілтті сөздер: өлең, графика, интонация, семантика, ырғақ.

КІРІСПЕ

Поэтикалық және прозалық мәтіннің айырмасы құрылымдық қабаттардың саны мен қалыпты тілде жасырын және айтушыға алдын ала белгілі олардың маңызды бөлшектері құрайды. Поэзиялық мәтінде тыңдарман мен оқырманға ұсынылған мәтін реттейтін кодтық жүйе жиынтығының мәнін табу қажет. Сондықтан заңдылықтардың кез-келген жүйесінің поэзияда ерекше маңызы бар. Өлеңнің графикалық реттілігі поэзиялық мәтін ерекшелігін жүзеге асырудың үлгісі.

Қазақтың ауыз әдебиеті үлгілерінде, атап айтқанда жыр-дастандардың графикалық суреті оның мазмұндық өрісіне сай құрылған. Үзіліссіз өрістейтін сюжеттік желісіне сәйкес оның графикасы да үзіліссіз өрбиді. Жыраулар поэзиясы да осы үлгіде ой ағысына сай құрылады.

Поэзиялық мәтіннің дамуындағы көрнекті кезең XX ғасырдың басында болды. Қазақ жазба әдебиетінде өлеңнің графикалық жасақталуы ерекше қатаң сақталды. Өлеңдердің шумақтарға жинақталып, бірыңғай кестеленуі барлық поэзиялық мәтінге тән болды. Абайдың және оның кезеңіндегі ақындар мен жалпы XX ғасырдың басындағы ақындардың поэзиялық мәтіндері бірыңғай төрт тармақты қалыпта шумақталып берілді. Өлеңнің шумаққа телінген қатаң формалары осы кезеңде пайда болды. Бұл кезеңге дейінгі поэзия еркін, ой орамы мен интонация билегіндегі еркін кесте еді.

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

Қалыптасқан поэтикалық графикалармен қатар түрлі дербес графикалық жүйелер қалыптаса бастады. Оның көрнекті үлгісі Абайдың «Сен мені не етесің?» және Шәкәрімнің «Бұл ән бұрынғы әннен өзгерек» сияқты өлеңдерінің құрылымдық жағынан тым күрделі, аса сұлу өлең қазіргі қазақ поэзиясында жоқ дерлік. Қазіргі поэзиядағы графикалық өлеңдердің барлығы айнымалы ырғаққа құрылмаған, олардың көпшілігінде дәстүрлі он екі, он бір, сегіз, жеті буынды өлшемдер екі немесе бірнеше тармаққа жіктеліп, тасымалданып беріледі. Осындай құрылымы қайталанбайтын бірегей өлеңдердің жазылмауы қазіргі ақындардың тарапынан өлеңнің құрылымдық сапасына ерекше мән берілмеуінен болар. Бұл аталған өлеңдердің сыртқы графикалық өрнегі мен семантикалық өрісі де өзгеше. Абайдың өлеңінде сүйген жанның жан азабы ерекше эмоционалдық сипатта беріледі. Ақындар үшін өлеңнің ішкі тақырыптық-идеялық, көркемдік бейнелілік сипаты маңызды.

Шәкәрім өлең құрылымына немқұрайды қарамай, керісінше, өлеңнің ішкі сарайын ашатын кілт ретінде таныған. Өлеңнің көркемдік қуатын әдемі сөз кестесінен іздемей, ырғақтық-интонациялық жүйесінен іздеген. Оның жаңаша өрнектелген жүйеге негізделген өлеңдері сөзге сараң, ой мен сезімге бай, интонациясы құнарлы болып келетіні де осыған байланысты. Осы аталған интонационалдық құрылымына сай оның өлеңдерінің графикалық кестесі де алуан түрлі болды. «Қорқыт, Қожа Хафиз» және «Адамның еркі» сияқты өлеңдерінің ырғақтық-интонациялық құрылымының күрделілігіне сай графикасы да өзгеше сипат алды. Ішкі құрылымға сай оның графикалық суретіне еркіндік тән болды.

Ал Мағжан қысқа өлшемдерді мазмұнға сай түрлендіріп қолданылу жағынан да үлкен шеберлік көрсеткен ақын. Оның «Қайың» деген өлеңінің құрылымдық жүйесі ақынға дейін қазақ поэзиясында жүйе болып орнықтаған бес және төрт буынды бунақтардың жүйесіз сабақтастығына құрылған. Бұл өлеңнің графикалық кестесіне тән ерекшеліктер оның грамматикалық формасынан да көрініс табады.

Қайғылы қайың!

Аяныш жайың.

Сыбырлайсың,

Дірілдейсің,

Еңкейесің,

Күбірлейсің

Бізғарлы жел

Соққан сайын [1,74].

Өлеңнің кей тармақтары бір синтаксистік-семантикалық құрылымдар болып құрылады. Өлең ұйқасы тармақтары жүйесіз үндесетін аралас ұйқасқа негізделген. Аяз қарып, суық жел соққан қайғылы қайыңның аянышты жайын бірінен-екіншісіне өте жылдам ауысатын ырғақтық бірліктердің жеңіл тербелісіне негізделген өлеңнің мелодикалық динамикасы жаурап, суықтан діріл қаққан қайың қимылын, оның дірілін сездіргендей. Өлеңнің тұтас бойын қамтитын құрылымдық мелодикасы өлеңнің ішкі мазмұнымен тығыз сабақтастықта өрбиді. «Біраз Фетше» өлеңінде тармақтардағы буын саны қысқарып, үш буынға жетеді. Өлең арқауы – екі жастың сүйіскен ләззатты шағы. Екі жасты қоршаған бүкіл табиғат сол жастардың түйінуі, сол жастардың сезінуі арқылы көрінеді. Ол екеуінің жан әлемнен жасырын құпиясы, рахатты сәттегі тым сезімталдығы осы өлеңнің мелодикасынан айқын сезіледі. Жібек түннің тынымсыздығы, құпиялылығы, ләззаты, қас-қағым қысқалығы барлығы өлеңнің ырғақтық-интонациялық жүйесі танытып, болмысын шынайы жеткізе алады.

Ақын С. Сейфуллиннің шығармалары жыр үлгісі мен қара өлең үлгісіне негізделсе, «Альбатрос», «Социалистан», «Қызыл ат» ақын дәуірінің жаңа лебі болып енген тарихи-саяси бетбұрыс арқау болған поэмалары жаңа интонацияға құрылып, соны әуен, тың өрнек әкеледі. Сәкен өледеріндегі «баспалдақтар» орыстың төңкерісшіл ақыны Маяковскийдің әсерімен жазылған. Мұндай кесте ақынның жаңа заман жаңалығын арқау еткен поэма тарауларында орын алған. Қазақ даласына еніп жатқан техника, ашылып жатқан зауыт, фабрикалар, салынып жатқан жолдар мен үйлер қазақ даласының даму қарқыны мен алға, биікке өрлеудің символындай еді.

7-8 буынды өлшеммен жазылған жлдар екі тармаққа тасымалдану арқылы баспалдақ кестесімен түзіледі.

Гулеп, үдеп

Жаңа күйін

Гүрсілдетед

Екпін биін.

Ұсталықты

Мәшине үйі –

Жаңа завод мыңдаған [2,168].

Маяковскийдің «баспалдақтарының» әсерінен туындаған жаңа өрнек негізі дәстүрлі жеті-сегіз буынды өлшемдер. «Баспалдақтар» ретінде қаланған төрт буынды тармақтар сегізбуынды өлшемнің 4+4 өрнегі. Шалыс ұйқасқа құрылған алты тармақты 4+3 жеті буынды өлшемнің өрнегіне құрылған өзара ұйқасатын тармақтармен тиянақталып отырады. «Сәкен эпика саласында да айшықты ізін қалдырып кетті. Соның ең ірісі де, өнегелісі де – «Советстан».

Өлең мазмұны қазір қабылдана қоймағанмен ақындық жаңалығы, қазақ өлеңіне қосқан өлшемдері мен мақамдары қазіргі поэзиямызда сайрап жатыр», – деген [3, 215] академик С. Қирабаев пікірі қазіргі қазақ поэзиясындағы дәстүрлі өлшемдердің интонацияны құнарландырып, эмоционалдық мазмұнын табу үшін тармақтарға тасымалданатын аса кең жайылған құбылысты меңзеп отыр. Қазіргі қазақ ақындары дербес он бір буынды немесе одан көп буынды өлшемдерді екі немесе бірнеше тармақтарға тасымалдау арқылы әрбір сөзге логикалық немесе эмоционалдық екпін түсіре отырып, өлеңнің интонациялық жүйесін мазмұнға сай түрлендіреді. Бұл құбылыстың басы Абайдың «Сен мені не етесің?» деген өлеңі болғанмен, Сәкен оны дамытып, поэзияда жаппай үрдіс алып, берік орнығу мүмкіндігін ашты. Футуристік ағымдағы өлеңдерді жаңа өзгеге ұқсамайтындай графикамен өреді.

Шәкәрімнің өзінде де, өзге ақындардың шығармаларында да бұл кесте қайта көрінбеген-ді. Сегіз және бес буынды өрнектер бір-бірін нақтылап, шумақтағы ой субъектісі болса, оның қимылы мен бағыт-бағдарын айқындайтын негіз тоғыз буынды өлшеммен берілген.

Ақын С. Мәуленов «Түбірлер» өлеңінде ормандағы түбірлерді соғыс салған қасіреттің символындай бейнелейді. Күрсініс пен күңіреніске толы ауыр тақырыпты ақын Сәкен салған тоғыз буынды өрнектерді тасымалдың түрлі бунақтық позициясын жасай отырып, жеңіл де, ширақ мәнермен жырлайды.

Көрінеді //

Орманнан //

Түбірлер. //

Айрылған

Аяқ-колдардан

Түбірлер.

Мүгедек солдат // секілді

Түбірлер.

Оқ жүлғандай // етімді

Жүрегім // тулап // дүбірлер,

Соғыс не?! //

Менен біліңдер, –

Деп тұрғандай // түбірлер [4,118].

Ақын бұл өрнек тудыратын мәнер арқылы түбірлер қорқынышының сазын естірткендей. Өлең мәнері, ширақ болғанмен, толқынды емес, кілт тоқтағандай әсері бар. Қазақ поэзиясында соғыс салған жараларды шынайы, анық, бейнелі, әрі өзіндік үнімен жеткізудің сәтті үлгілерінің бірі осы өлең. «Түбірлер» деген сөзді реди́ф ете отырып, бір ырғақтық-интонациялық жүйені екі немесе үш тармаққа тасымалдайды. Ақын өлеңнің тақырыптық-

идеялық сапасы мен тілдік, ырғақтық, мелодикалық сипаты үндестіреді. Осы мақсатқа орай графикасы да еркін өріледі.

С. Мәуленов поэзиясы лиризмге толы, адамның ең ізгі сезімдерінің жасампаздығын танытатын шығармалар. «Сырбай тек өз мектебі бар ақын ғана емес, қазақ поэзиясын жарқыраған кезеңге көтеріп бере алған кемел құбылыс. Бұл тұрғыдан келгенде, Сырбай қазақтың ұлттық әдебиетінің классигі... Тек қана өзі емес, бүкіл ұлттық әдеби болмысқа өзінің өзінің ізін, әдеби өнегесін тастаған адам ғана осындай атқа лайық болуға тиісті» деген көрнекті жазушы Ә. Кекілбаевтың ақын туралы тұжырымы оның талантының өлшемі іспетті. Сырбай лирикаларының ішкі тақырыптық тараулары мен көркемдік жүйелері көп ғалымдардың зерттеуіне арқау болып, өз деңгейінде талданған-ды. Ал оның түршілдік шеберлігі, өлеңінің ішкі сезіміне сай өрнегінің өрілу ерекшелігі жіті зерделуді қажет етеді. Ол өз кезеңінің құрылымдық деңгейін көрсете алардай дәрежедегі түршілдік шеберлігі жетік ақын.

Ақын Ф. Оңғарсынованың «Алмас қылыш» поэмасы үш кездесуге бөлінген үш бөлімнен тұрады. Олардың барлығы Махамбет ақынның монологына құрылған. Өлең айнымалы ырғақтарға құрылған, тармақтардағы буын саны бестен жиырма буынға дейін жетеді. Өлең шумақтарындағы тармақ сандары да айнымалы. Махамбеттің бірінші монологы жасық күйбең тірліктің күйін тартып, алдамшы сезімнің сиқырына арбалған жасық ақын ұрпағына деген ызасы мен күйініші ақтарылады. «Елімнің азат өмірін ойлап дертті едім, Әділетсіз сонда алдамшы мынау өмірге сол үшін ғана кекті едім» деп өзінің халық үшін кешкен азабы мол өр жолын ұрпағына өнеге етеді.

Өлеңнің ырғақтық-интонациялық композициясында шығарманың мазмұндық өрісімен біте қайнасқан тұтастық бар. Ұрпағына қарата айтылған шумақтар мазмұндық екі бөліктен тұрады. Барлық шумақтың алғашқы бөлігінде қалғыған ұрпағын оятпақ ниеті баяндалса, мамыражай ұрпағымен өзін салыстырған тұста салмақты мазмұндық өріс ширғығып, өзінің арман-тілегін айтқан жолдарда тіпті шамырқанып, аса қанық экспрессивтік бояуы көрініп, ең жарқын эмоционалдық күй кешеді.

Жатқаның мынау тұнжыр түндерде
Ұйқыға батып албырап,
Осындай дәурен тұрғанда саған,
Хақың жоқ сенің қалғымақ!
Ұмыттың ба әлде сонау заманда елің жатқанда қалжырап,
Игілігі боп дұшпанның ғана далаңдағы шалғын, бал құрақ,
Бақыт тапсам деп сары дала жонда сарғайып жатқан халқыңа,
Азаттық іздеп шарқ ұра
Арманмен бабаң аласұрғанын аш арыстандай қалжырап?

Намыской, өршіл асқақтығымды менің, ұрпағыма мәңгі мұра ету –
Осы емес пе еді бабандағы арман, бар мұрат?!
Отты үнің қайда, өртті үнің қайда
Жүректі асаудай тулатқан,
Кеуденді соғып «ақынмын» дейсің – сандырақ! [5,183].

8-10 буынды тармақтардың сабақтастығына негізделген алғашқы төрт шумақтардағы ой өрісі ұйқыда маужыраған ұрпақ төңірегіне жинақталған.

Ой ағысы өзге арнаға, азаттық іздеп жанталасқан ақынның өзіндік тұлғасына ауғанда тармақтардағы буын саны бірден артып жиырмаға дейін жетіп, интонациясы ширғығып кетеді. Шумақтағы ой ағыны үш топқа жіктеледі. Әрбір жаңа ой бөлшегі бас әріппен басталады. Шумақтағы барлық тармақ бас әріппен бастала бермейді. Жаңа ой басталатын тармақ қана бас әріпті еншілейді. Ақынның кесек-кесек кемел ойларына, өр де асқақ рухын бар болмысымен жеткізу үшін ырғақтық-интонациялық жүйесі мен синтаксистік құрылысы өзгеше құрылады. Бірінші бөлімнің құрылымдық өрнегі мен синтаксистік құрылысы киыннан қиыстырылған тұсы шығарманың ой өрісінің де аса жарқырай ашылып, эмоционалдық деңгейінің де ерекше ширыққан шағы. *Игілігі боп дұшпанның ғана далаңдағы шалғын, бал құрақ, сонау заманда елің жатқанда қалжырап, бақыт тапсам деп сары дала жонда сарғайып жатқан халқыңа, азаттық іздеп шарқ ұра аш арыстандай қалжырап арманмен бабаң аласұрғанын әлде ұмыттың ба?* Осындай күрделі ой жүйесі үзілмей, шашырамай өзіне сай әуенін тауып шымыр жеткізілуі ақынның үлкен талантын танытады.

Қазақ өлеңінің білгірі академик З. Ахметов тоникалық өлеңнің сипаттары қазақ өлеңінде болуы мүмкін құбылыс екендігін, Сәкен өлеңдерінің ерекшелігі қазақ өлеңін интонациялық тұрғыдан жаңа сапаға көтере білгендігінде деген тұжырым айтқан-ды. Ғалымның «Маяковскийдің өлеңдері тоникалық жүйеге негізделген, ал қазақ өлеңі буындық қатары бар силлабикалық жүйеде екендігін ескеру қажет. Бірақ бұл силлабикалық өлең жүйесіне негізделген қазақ поэзиясында тоникалық жүйеде шығарма тудыру мүмкін емес деген тұжырым емес»[6,142] – деген пікірі қазақ өлеңінің құрылымында сапалық өзгерістердің болатындығын болжайды. Иран-Ғайыптың өлеңдеріндегі ерекшелік тек сыртқы суретпен шектеліп қалады да, өлеңнің ырғақтық құрылымында ешбір сонылық танылмайды. Дәстүрлі он бір буынды кара өлең ұйқасымен кестеленсе де бұл өлеңнің тақырыптық-идеялық сапасы өзгермес еді. Шығармашылық индивидуалды, яғни жеке тұлғалық мәселе болғандықтан бұл өлеңді графикалық кестелеу де қазақ поэзиясында әрқилы шешіліп жүр. Яғни, өлеңнің графикалық кестесінің түрленуі ақын өлеңнің ойы мен мазмұнына қажетті интонация, дауыс ырғағы мен эмоционалдық-экспрессивтік бояуын жеткізудегі қосымша

амалдар болып табылады. Бұл туралы орыс өлеңінің маманы академик М. Гаспаровтың пікірі мынадай: «Көркемдіктің жаңа ырғақтық амалдарын іздеу ХХ ғасыр басындағы ақындарды өлең мәтінін графикалық жасақтау сияқты сыртқы аспектіге назар аудартады. Ол негізгі ырғақтық жүйені толықтыратын көп интонациялық деталдарды беруге мүмкіндік тудырды»

Қала.

Үй.

Балкон.

Ұйқым келмейді.

Көңіл кәсібі уайым ба?

Тірлікке ой да сүйкім бермейді,

Сүйкім бермейді ойын да [7,87].

Ақын Т. Ешенұлының түрлі тармақтарға тасымалданған төрт тармағын дербес ырғақтық-интонациялық бірлік деуге болмайды. Әр тармақ синтаксистік байланысы жоқ дербес атаулы сөйлемдер болса, ырғақтық кестесі тұрғысынан 1-2-3 тармақтар да дербес ырғақтық бірліктер болса, төртінші тармақ оларды жинақтап, келесі тармақтармен бунақ санының сәйкес болуы және өзара ұйқасуы арқылы алтыншы тармақтағы ұйқас негізімен ырғақтық жүйе жасайды. *Қала. Үй.* Балкон деген жеке тармақтарды бір тармаққа жазса да, оның ырғақтық-интонациялық кестесі өзгермейді. Дербес тұрғанда олардың экспрессивтік бояуы қанық болады да, эмоционалдық екпін түседі де, оқырман ол сөздерден ерекше мән іздейді. Осы жеке тұрған үш сөз арқылы лирикалық кейіпкердің жан-дүниесіне ерекше үнілдірмек.

– Бал ашсам ше?

– Аш! Өзінде құлағым...

– Сауалым бар...

– Жауап берем – сұрағын!

– Есігіңді қағайын ба?

– Ашамын!

– Шақырсам ше?

– Сенен қайда қашамын? [8,211].

Шумақтағы сұрақ пен жауап бір ғана ырғақтық құрылым. Төрт сұрақ пен оның жауабы егіз ұйқас арқылы жүйеленген он бір буынды өлшемнің 4+4+3 өрнегі. 1-2, 3-4, 7-8 тармақтарға бөлшектенген 1, 2, 4 он бір буынды ырғақ өрнектерінде төрт буынды бунақ сұрақ ретінде беріліп, 4+3 жеті буынды жартысы жауап ретінде көрінеді. Тек 5-6 тармақтарды қамтитын ырғақтық құрылым ғана 4+3 сұрағы, 4 буынды бунағы жауабы ретінде көрінеді. Осы тұста шумақтың эмоционалдық бояуы барынша қанық көрінеді. Бунақтардан кейінгі тыныс белгілер жүйесі мен ішкі ұйқастар бунақаралық жікті тереңдете

түсіп, интонацияны ширақ, жеңіл, сымбатты етеді. Өлеңді жеті буынды өлшемнің тасымалдануы бір ғана тұста көрінеді:

Бұл күнде он бір буынды өлшемнің екінші тынысы ашылды. Бұл өлшем қазақ поэзиясында қолданысы жағынан өзінің алдыңғы позициясын әлі берген жоқ. Қазіргі қазақ ақындары ой екпінін түсіріп ырғақтарды бөлшектеу арқылы, өзге де тілдік құбылыстар арқылы мәнерлілік мүмкіндігін молынан ашты.

Абай мен Шәкәрімнен бері үзіліс жасаудың негізгі жолы сөздерді тасымалдау болған. Ал қазіргі поэзияда тыныс белгілер жүйесі де үзіліс жасаудың өнімді тәсіліне айналған. Мысалға алынған Ф. Оңғарсынованың шумағында тармақаралық үзілістен басқа төрт үзіліс көрінеді. Оның үшеуі тыныс белгілері нүкте мен үтір арқылы, біреуі тасымалдау арқылы. Үтірлердің семантикалық ролі байқалмайды. Негізінен он екі-он үш буынға құрылған тармақтарға серпіліс беріп, түрлендіріп тұрған осы тармақтардың бунағы болып табылатын нүктемен тиянақталған бөлшектері. *Дуние быт-шыт. Жүрегім дал-дұл келем мен.* Лирикалық кейіпкердің терең тебіренісін сезіндірер бұл күйлерді үтірмен бөлуге де болар еді. Бірақ нүкте қою арқылы автор үзілістің ұзақтығы арқылы сезімнің тым тереңдігін, кейіпкер жүрегіндегі күйдің ширыққандығын білдіруді мақсат еткен.

Қазіргі поэзияның көрнекті өкілдерінің бірі Байбота Қошым-Ноғай шығармашылығында Абайдың құрылымдарын қаншалықты түрлендіріп, оның жаңа мүмкіндіктерін пайдалануда үлкен шеберлікпен көрсетіп, оның сан алуан ырғақтық-интонациялық жүйесін жасап, мелодикасын өзгеше түрлендіріп, бірі-біріне ұқсатпай өруде.

Жаным, (2)

Қайғы

зәрін

жайды

денеме! (3)

Жүрек (2)

шіркін

жүдеп

бір күн

семе ме? (3) [9,214].

Ақын өлеңіндегі Абай алты аяғының жалпы сипаты сақталғанмен, тармақтар саны, оның буын сандары өзгерген. Екі буынды бунақтар ішкі ұйқастар арқылы шалыс ұйқас ретімен сабақтасып, бір синтаксистік және семантикалық құрылым бес тармаққа тасымалданады. Бес тармақ бір ғана ырғақтық-синтаксистік құрылым. Әр шумақ екі дербес осындай екі құрылымнан тұрады және тармақтар өзара Абай алты аяғындай негізгі желілі ұйқас пен жанама шалыс ұйқас арқылы байланысады. Ақын алты аяқтың

ырғақ жүйесін күрделендіре түседі. Қысқа тармақтың аса қысқартылып берілуі және тармақтардың онға дейін көбеюі стильдік мақсаттан, мазмұндық ерекшеліктен туындаған. Сүйген жанның ғашығына қолы жетпей, үздіккен ішкі жүрек сөзін жеткізуге осы қысқа-қысқа үзілген ырғақтарды пайдалануы өлеңнің ішкі жүйесінен туындаған.

Талданған шумақтар алты аяқтың ырғақ жүйесінің ойға сай құбылып, өзіне лайық мәнер тауып, эмоционалдық әр бере білетін мүмкіндігінің молдығын байқатады.

Ал Гүлнәр Салықбайдың келесі бір өлеңінде тоғыз буынды өлшемнің 4+4+1 өрнегін жасау арқылы өз өлеңінің ойы мен сезіміне үйлес өрнек табады. «Айналамда аңыраған жел» деген өлеңінің негізі тоғыз буынды өлшемнің аса сирек кездесетін өрнегі – 4+4+1. Жеке тармаққа тасымалданған сөздерге ой екпіні түсіп, ерекше эмоционалдық мән беру үшін ақын графикасын кестелеуді ырғақтық деңгейде шешеді.

Мені ұшырған // бақыт, әлде //
 сор
 Тоқтата алмай //ешбір темір //
 тор
 Құлау үшін // кетіп барам –
 көр... [10,67].

Ақын талданған өлеңде тоғыз буынды өлшемнің 4+5 өрнегін бес буынды бунақты 4+1 етіп жіктеу арқылы, семантикалық бірліктерді осылай құру арқылы жаңа ырғақ жүйесін жасаған. Мұнда соңғы бір буынды сөздерге ерекше логикалық екпін түсіп, оқшау айтылады. Дауыс ырғағындағы мұндай көтеріңкі леп өлеңнің ішкі сезім-түйсігінен тамыр тартып отыр. **Жел – өл – кел, сор – тор – көр, құн – шын – түн** деген үш шумақтың ұйқас негіздері болатын сөздердің семантикалық, эмоционалдық салмағы күшті. Брғақты 4+1 етіп құруы, яғни сабақтасушы бунақтардың арасындағы буын сандарының айырмашылығының күшті сезілуі интонацияны шарт үзіп, кілт тоқтатқандай әсер етіп, соңғы бір буынды сөздің оқшаулығы ерекше сезіледі. Ол лирикалық кейіпкердің жүрегіндегі ашу, ыза, реніш сияқты сезімдер арпалысын дәл жеткізуге орайлас құрылған. Айтатын ойды аз сөзбен, қажетті эмоциялық күймен, өзіндік қайталанбас мәнерімен жеткізу бұл Гүлнәр өлеңдерінің «мінезі».

Ішкі ұйқастар арқылы өлшемдердің ырғақ жүйесін түрлендіріп, ұйқасушы сөздерді жеке тармақтарға тасымалдау құбылыс деңгейінен үрдіс дәрежесіне көтеріліп, барлық ақындардың шығармаларынан көрініс тауып, дәстүр болып бекінді. Осындай үрдісті әр түрлі өлшемдерге қатысты жандандырып қолданатын шебер ақындардың қатарында Г. Салықбайдың орны ерекше. Оның жоғарыда талданған өлеңінен өзге «Тереземді жаңбыр

қақты», «Жүректің сөзі», «Сезім жоқ», «Кеш» деген өлеңдерінде бір-біріне ұқсатпай жасалған осы құбылыстарды көруге болады. Оның ішінде ырғақтық-интонациялық жүйесі ең күрделісі – «Кеш» өлеңі.

Кеш.
 Дүние – бос,
 Жып-жылы жүрегімді мұзға тастадың,
 Және қашпадың.
 – Өш !
 Хош. [10,95].

Гүлнәр өлеңінде Шәкәрім өлеңінен көрі еркіндік байқалады. Жеке тармақтарға орныққан сөздер бір дербес құрылымның бөлшегі емес, өздері жеке құрылым. Бірінші шумақта негізгі мазмұндық жүкті айқындайтын 2-3-4 тармақтардағы семантикалық құрылымдарда суынған сезім туралы айтылып, қоштасса, келесі шумақта қайта жанданған сезім 2-3-4 тармақтардағы семантикалық бірліктерден көрінеді. «Өш», «Хош» деген қоштасу сөздерімен басталған сөнген сезім драмасы келесі шумақта қайта үмітке жалғанған

Бұл шумақтарда ақын дәстүрлі өлшемдерден алшақтап, өлең тұңғиығындағы сырға сай мәнер табады. Шумақтардағы тармақтардың бір-біріне ырғақтық-синтаксистік тәуелділігі жоқ. Мұнда Сәкен өлеңінің үрдісі байқалады. Мұндағы үзік-үзік жолдардың арғы жағында, көлеңкесінде лирикалық кейіпкердің теңіздей терең сыры мен ғаламдай үлкен қасіреті байқалады.

Маусымның он үшінші жаңасында
 Өзен жағасында,
 Шалғын арасында.
 Мөлдір шық...
 Кірпік ілмей түніменен,
 Көз жұмды таңға жақын.
 нанасың ба? [11,253].

11-6-6-3-8-7-4 ырғақтық құрылым. «Мөлдір шық кірпік ілмей түніменен, Көз жұмды таңға жақын нанасың ба?» деген 4-5, 6-7 тармақтар біртұтас ырғақтық-интонациялық, логикалық бірлік. Ақын Е. Раушанов оларды дербес тармақтарға қондырғанда осы тұстарға ерекше мән беріп, оқырманның да өз жүрегіндегіні дөп ұғуын діттеген сияқты. Мөлдір шықтың жайына ерекше назарды көп нүкте арқылы аударады. Жеке тұрған сол бір сөз бен осы бір үш нүкте өлеңді тым тереңдетіп, жүректің тереңіне жетелейтіндей. Бұл жерде ақын үзіліс арқылы мөлдір шық драмасын әсерлендіре түскен.

ҚОРЫТЫНДЫ

Осы ой-тұжырымдарды қорыта келе қазақ поэзиясының графикалық құрылымы оның идеялық-тақырыптық, тілдік-көркемдік ерекшеліктеріне

қарай түрленіп, даму үстінде. Дәстүрлі қазақ өлеңдерінде 7-8 буынды түйдектер мен қара өлең ұйқасы арқылы байланысатын төрт тармақты қара өлеңдердің құрылымдары белгілі еді. Қазақ поэзиясында өлеңнің ішкі идеялық-мазмұндық жүйесіндегі еркіндік оның сыртқы ырғақтық-интонациялық, графикалық жүйесінен де көрініс тауып отыр. Қазіргі қазақ өлеңі графикалық тұрғыдан еркін кестеленіп, күрделі ырғақтық-интонациялық жүйені көрсетіп отыр.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

- 1 **Жұмабаев, М.** Шығармалары. – Алматы : Жазушы, 1989. – 448 б. – ISBN 5-605-00814-5.
- 2 **Сейфуллин, С.** Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы, 1987. – 389 б. – ISBN 9965-06-056-7.
- 3 **Қирабаев, С.** Тәуелсіздік өрісі: әдеби зерттеулер. – Алматы : Қазақпарат, 2008. – 250 б. – ISBN 978-601-7816-08-7.
- 4 **Мәуленов, С.** Сыр мен жыр.– Алматы : Жалын, 1998.- 392б. – ISBN 9965-05-813-Х.
- 5 **Оңғарсынова, Ф.** Өлеңдер. – Алматы : Жазушы, 1987. – 258 б. – ISBN 9965-07-816-8.
- 6 **Ахметов, З.** Өлең сөздің теориясы. – Алматы : Ғылым, 1973. – 431 б. – ISBN 978-601-7816-08-7 310.
- 7 **Жас ақындар жырының антологиясы.** – Алматы : Өлке, 2000. – 320б. – ISBN 978-601-7816-08-7.
- 8 **Ақсұңқарұлы, С.** Адам ата Хауа ана. – Алматы : Жазушы, 2002. – 345 б. – ISBN 9965-7-524-35-1.
- 9 **Қошым-Ноғай Байбота.** Тәңір таразысы. Өлеңдер, балладалар. – Алматы : Жазушы, 2005. – 438 б. – ISBN 9965-3-02-011-2.
- 10 **Салықбай, Г.** Аспандағы аңсарым. – Алматы : Жалын, 2001. – 156 б. – ISBN 9965-05-633-1.
- 11 **Раушанов, Е.** Қара бауыр қасқалдақ. – Алматы : Жазушы, 2002. – 359 б. – ISBN 978-601-7504-20-5.

Материал 31.05.17 баспаға түсті.

A. A. Ussen

Графическое развитие стиха

Евразийский Национальный университет
имени Л. Гумилева, г. Астана.
Материал поступил в редакцию 31.05.17.

A. A. Ussen

Graphic verse development

L. N. Gumilyov Eurasian National University, Astana.

Material received on 31.05.17.

В статье рассматривается графическое развитие казахской поэзии. Также анализируется взаимосвязь графического образа и идейно-содержательной системы стиха. На примере стихов раскрывается единство графической системы стиха и его смысловой, ритмико-эмоциональной стороной.

The article discusses the development of a graphical image of Kazakh poetry. The research analyzes the relationship of graphic images and the ideological content of the text system. Through verse analysis the unity of the graphics system and its meaning, rhythmic and emotional side proved are.

ӨОЖ 37.02; 811. 512. 122

С. К. Шабжанова¹, А. Ш. Картоева²

¹аға оқытушы, мұғалімнің кәсіби дамуын психологиялық-педагогикалық қостау кафедрасы, «Өрлеу» БАҰО АҚФ Павлодар облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты; ²қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, №3 ЖОББМ, Павлодар облысы, Шарбақты ауданы
e-mail: urker_pvl@mail.ru

ТЫҢДАЛЫМ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ ДАМУЫНЫҢ ӘДІСНАМАСЫ МЕН ТӘЖІРИБЕСІ

Бұл мақалада тілдік дағдылар, оның ішінде тыңдалым дағдыларын жақсартудың әдіснамасы мен тәжірибесі қарастырылады. Мақалада тыңдалым дағдыларын жақсартудың ғылыми аспектілеріне тоқтала отырып, оны тәжірибеде жетілдірудің тәсілдері ұсынылады.

Кілтті сөздер: дағды, технология, коммуникация, тілдік қатынас, сойлеу, тыңдалым.

КІРІСПЕ

XXI ғасыр адамына қажетті басты дағдылар – білімді функционалды және шығармашылықпен қолдана білу, сыни ойлау, жобалау және зерттеу

жұмыстарын өткізу, ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдану, коммуникациялардың, оның ішінде тілдің алуан тәсілдерін қолдану, жеке және топпен жұмыс жасай білу – соңғы уақыттарда педагогикада кең ауқымды дағдылар деп аталып, үлкен маңызды да өзекті мәселеге айналып отыр. ХХІ ғасырдың азаматтарын табысты ететін де осы дағдылар деп көрсетілген. Бұл – қазақстандық ғана емес, әлемдік талап пен үрдіс. Сондықтан да жана кезеңде тілдің коммуникативтік ықпалы артып, соған баса назар аударылып отыр. Коммуникация соңғы уақыттарда ғылымның барлық саласында кеңінен қолданылып келеді. Ф. Оразбаеваның пікірінше, лингвистикада «сөздің тілге, сөйлеуге қатысты алғашқы мағынасы «қарым-қатынас», тіл арқылы түсінісу, пікірлесу» дегенге саятын болса, кейінгі кезеңдерде бұл ұғым әлдеқайда тереңдей түсті» деп баға береді. Ғалым «коммуникация арқылы адамдар сөйлесіп, бір-біріне ойын жеткізіп, белгілі бір нәрсені хабарлап қана қоймайды, сонымен қатар олар өзара түсініседі, пікір алмасады, бірінің ойын екіншісі тереңінен ұғынады» деп тұжырымдайды. Бір адам түсінсе, ол жанындағы адамдарға, ал жанындағы адамдар жалпы қоғамның жетілуіне әсер ететін болады. Бұл тілдің қоғамдық ғана емес, әлеуметтік құбылыс екендігін тағы да бір дәлелдей түседі.

Тілдің коммуникативтік қызметіне тоқталмас бұрын, оның ғылыми негізіне үңілетін болсақ, лингвист ғалымдар Р. А. Абузьяров пен З. И. Туева «Коммуникация – сообщение, общение. Коммуникативный принцип заключается в обучении русской речи как средство общения в наиболее типичных коммуникативных ситуациях. Коммуникативные ситуации- ситуации общения» деген түсініктеме берген.

Қазақстандық білім беру жүйесінің алдында тұрған өзекті мәселе де осы, екінші тілді оқытуда коммуникативтік дағдыларды дамыту болып табылады. Білім мазмұнының жаңаруы жағдайында да тілдің коммуникациялық мәні мен маңызы күшейе түседі. Екінші тілдің оқыту әдістемесін зерттеген Ф. Оразбаеваның «Коммуникация» сөзінің негізгі мазмұны жалпы қарым-қатынас, араласу, хабарласу, байланыс деген сияқты мағыналарды білдіре келіп, адамдардың тіл арқылы сөйлесу процесін, тілдесу ерекшеліктерін, тілдің әлеуметтік мәні мен қоғамдық қызметін, адамдар арасындағы қарым-қатынасты, өзара түсінушілікті көрсетеді» деген тұжырымы пікірімізді дәлелдей түседі.

«ХХІ ғасырдың оқушысы табысты болуы үшін нені оқыту керек?», «Оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамыту үшін қандай әдіс-тәсілдер тиімді болмақ?» деген сауалдар білім мазмұнын жаңарту бағдарламасында көрсетілгендей өзекті болып қала бермек. Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде орыс тілді мектептердегі «Қазақ тілі» пәні бойынша педагогика кадрларының

біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасында «Орыс тілінде оқытатын мектептерде қазақ тілін оқыту аясында оқылым, жазылым, айтылым, тыңдалым дағдыларын дамыту нәтижесінде оқушылар алған білімдері мен үйренген дағдыларын кез келген орта жағдайында бәсекеге қабілетті болуға, қарым-қатынас үдерісінде тиімді қолдануға мүмкіндік беретін білім алады» деп көрсетілген [3,12].

НЕГІЗГІ БӨЛІМ

«Тілдік қатынас – сөйлеу тілі арқылы ұғынысу, түсінісу дегенді нақтылай келіп, жай ғана қарым-қатынас дегеннен гөрі тамыры тереңге кеткен, өмірде өзіндік орны бар, қоғамның дамуы үшін ең қажетті қоғамдық-әлеуметтік ақпараттардың жиынтығы арқылы адамдардың бір-бірімен пікір алмасуы, адамдар қатынасының түп қазығы дегенді білдіреді» [3;8]. Педагогикалық шеберлік орталығында мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламалары аясында Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) әзірлеген Құзыреттерді анықтау және іріктеу жобасының шеңберінде жасалған құрылым пайдаланылады. Бұл ретте құзырет «жай ғана білім мен дағдыдан анағұрлым күрделі. Ол белгілі бір жағдайларда психологиялық ресурстарды (оның ішінде дағдылар мен өмірлік ұстанымдарын) жұмылдыра және соған сүйене отырып, күрделі міндеттерді шеше білу қабілетін қамтиды. Мысалы, тиімді қарым-қатынас құру қабілеті жеке адамның тіл білуіне, ақпараттық технологиялар саласындағы тәжірибелік дағдыларына және оның өзгелермен қарым-қатынас құра алуына сүйенетін құзырет болып табылады». Бұл тұжырымдардың барлығы да тілдік дағдыларды дамытудың маңыздылығын айғақтай түседі [4,13].

Ф. Оразбаева тілдік қатынастың дағды бойынша тармақталуын келесі сызбамен көрсетеді (1-сызба).



Сурет 1

Тілді үйретудің бірқатар әдіс-тәсілдерін біз жаңарған білім беру бағдарламасы аясында да қарастырған болатынбыз. Бұл тұжырымдарға сүйенетін болсақ, тілді үйретудің ең бір тиімді тәсілдері бихевиористикалық тәсіл болып табылады. Бұл тәсіл негізінде грамматикаға баса назар аударылмайды, ана тілін үйрену ұқсату, еліктеу, тәжірибеде үйрену, өзінде бар дағдыларды қолдану арқылы үйретуге негіздейді. Тілді үйренуші тұлға біртіндеп тілді өзіне ыңғайлы тәсілмен қабылдай бастайтын болады, бұл өз кезегінде тіл үйренушінің өзіндік тәжірибесін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Ал тағы бір лингвист ғалым Чомский ана тілін баланың туа біткен тіліне – санадағы арнайы модульге негізделеді деп оны «эмбебап грамматика» деп атайды. Лингвист ғалым Чомскийдің пікірінше, тіл үйретуді грамматикалық құрылымның әртүрлілігіне негіздеуді ұсынады. Сонымен бірге тілді үйретудің тиімді тәсілі ретінде Хэттидің сындарлы оқыту тәсілін де айтуға болады. Сындарлы оқыту тәсілдері оқушылардың жаңа білімді алдыңғы білімдерімен ұштастыра отырып игеруін көздейтін тұжырымдамаға негізделеді [3,6]. Бұл жерде тілдік дағдыларды дамытудың маңызы айрықша. Тілдік дағдылар қалыптаспайынша оқытудың тиімді жүзеге асуы мүмкін емес. Ендігі кезекте тілдік дағдыларға тоқталайық.

Екінші тілді оқытудың өзекті мәселесімен айналысып жүрген Ф. Оразбаева тілдік қатынасқа байланысты іске асатын сөйлеу әрекеті 5 түрге бөлінеді – оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым, тілдесім десе, Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде орыс тіліндегі мектептердегі «Қазақ тілі» пәні бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасында тілді үйретудің 4 дағдысы тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылымды көрсетеді. Бұл бағдарлама аясында Фаузия Шамсияқызы жеке-жеке қарастыратын айтылым мен тілдесім дағдыларын біріктіріп қарастырылып отыр. Сонымен, біз жалпы білім беретін мектептерде, оның ішінде жаңарған оқу бағдарламаларымен жұмыс істеп жатқан 1-сыныпта 4 дағдыны дамытудың негізгі аспектілеріне тоқталатын боламыз.

Тілдік дағдылардың ішінде алдымен жүретіні – тыңдалым. Тыңдалым-танымдық үдеріс. Оқушы тыңдалым кезінде жаңа ақпаратпен танысады, өзіне қызықты мәліметтерді алады. Тыңдалым бұл тек есту емес, ол ақпаратты «есту арқылы қабылдау және ұғу». Бұл тұжырымды тіл зерттеушісі Шармо да қарастырады. Шармонның тұжырымына сәйкес ақпараттың тыңдаушыға жететін 3 кезеңі бар: қысқа мерзімді, орта мерзімді, ұзақ мерзімді жады. Ф. Оразбаева тыңдалым дағдыларын жетілдіру үшін алдымен мынадай психологиялық қасиеттерді жетілдіріп алуды ұсынады:

1 Есту қабілетінің алғырлығы

2 Айырықша ынта мен есте сақтауды қалыптастыру.

3 Сөздің мәнін тез болжап, тануға деген бейімділік.

4 Ішкі сөйлеудің даму деңгейі [5, 67].

Бұл әсіресе, 1-сынып жағдайында аса маңызды болып табылады. Оқушының тыңдалым кезінде белсенділігін арттыру үшін олардың тілдік мүмкіндіктерін, қажеттіліктері мен қызығушылықтарын да ескеру қажет. Ф. Оразбаева тыңдалым кезінде хабарлаушыға қоятын бірқатар талаптарға да тоқталып өтеді: дауыстың ырғағы дұрыс, байыпты болуы... дауыстың фонетикалық нормаларға сәйкес, темпі орташа, сөйлем мен сөйлемнің арасындағы үзіліс анық, сөздің екпіні айқын қойылуын талап етеді. Сол сияқты тыңдалым процесі өтетін дәрісхананың, орынның жақсы болуы да оған әсер етеді» [5,67]. Бұл аспектілерді тыңдалымды жүргізетін мұғалім ескеруі керек. Тыңдалым сол кезде ғана тиімді жүзеге асатын болады. Тыңдалым кезіндегі тағы бір маңызды аспект түсінумен байланысты. Ғалымдар түсінудің 3 мақсатын көрсетіп береді: мазмұнды толық түсіну, ең басты ойды түсіну, бөлшектеп түсіну. Сонда мұғалім тыңдалымға ұсынып отырған ақпаратпен жұмыс жасамас бұрын, оның негізгі мақсатын анықтап алуы керек. Ең басты ойды түсіну кезінде тыңдалатын мәтіндегі бейтаныс сөздер 2 %-ды құрайтынын көптеген мұғалімдер ескере бермейді. Мәтіннің мазмұнын толық және бөлшектеп түсіну үшін біз соңғы уақыттарда белсенді қолданып жүрген графикалық органайзерлерді пайдалану тиімді болады. Бұл мәтіннің негізгі ойын түсінуге, ондағы қажетті бөлшектерді талқылауға, сол арқылы негізгі идеяға шығуға мүмкіндік береді. Тыңдалым үдерісі кезінде оқу кабинетінің жабдықталуы да маңызды болып табылады. Оқушы тыңдалым үдерісін өзіне ыңғайлы жағдайда, қажетті құрал-жабдықтарды пайдалана отырып жүргізуіне мұғалім жағдай тудыруы керек.

Ф. Оразбаева тыңдалымға терең үйретудің әдістемелік екі жолын ұсынады: көзбен көретін көрініс, көрнекілік. Тілді зерттеуші ғалымдардың бірі Мендельсон да «оқушыларды тиімді тыңдауға үйрету, яғни ақпаратты түсіну үшін онымен не істеу керек екенін үйрету болып табылады» деп тұжырымдаса, Рубин (1975) жақсы тілдік әдіс-тәсілдер тілді жақсы меңгерген оқушыларды дайындауға мүмкіндік береді деп есептейді. Яғни бұл жерде тыңдалым тиімділігін арттыратын әдіс-тәсілдерді меңзеп отыр. Сонымен тыңдалым дағдыларын жақсартатын қандай әдіс-тәсілдер бар? Біз оларды қалай пайдаланамыз? Осы сұрақтарға жауап беріп көрейік. Ол үшін тәжірибеге жүгінейік.

1-сыныпта тыңдалым дағдыларын қалыптастыру мен дамыту үшін дидактикалық материалдың алуан түрлілігі мен оқушының жас ерекшелігіне сәйкестігі маңызды рөл атқарады. Мұғалім алдымен тыңдалым алды, тыңдалым кезіндегі, тыңдалымнан кейінгі әдіс-тәсілдерді іріктеп алуы тиіс.

Тыңдалым алды кезеңде оқушының уәжін тудырып, тақырыпты жеңіл түсінуі үшін иллюстрациялық суреттердің мәні мен маңызы ерекше.

Иллюстрациялық суреттер тізбегін көрсету арқылы оқушыларға «миға шабуыл» әдісін пайдаланып, тақырып туралы өз болжамдарын айтуға мүмкіндік беруге болады. Берілетін аудио, бейне материал шағын, сапасы жоғары, дыбыстық сүйемелдеуі бар болса, оқушының қызығушылығын ғана тудырып қоймайды, сонымен қатар оны түсінуіне де өз ықпалын тигізетін болады.

Тыңдалым кезінде оқушыға мәтінді бірнеше мәрте тыңдату орынды болады. Бұл оқушының жаңа материалды есте сақтауына, түсінуіне мүмкіндік береді. Мәтінді тындап отырған сәтте «стоп-кадр» әдісін пайдалану өте тиімді. Себебі ол оқушының назарын негізгі ойға аударуға ықпал етеді. Сонымен қатар тіке тыңдалым әдісін пайдалану 1-сынып оқушыларының тыңдалым дағдыларын жақсартуға қолдау көрсетеді. Себебі тіке тыңдалымда «сөйлеушінің бет-пішінін, еріндерінің қимыл-қозғалысын, ымдаған, ишарат білдірген дене қимылын көріп, соған қарап та ойды түсінеді, мағынаны қабылдайды» [5;68]. Тіке тыңдалымды көбінесе, сынып жағдайында мұғалім жүргізеді, немесе сюжетті бейнефильм, мультфильмдерді пайдалануға болады. Ал тыңдалымды жүзеге асырудың екінші түрі аралық яғни, бейне, аудиожазбалардың көмегімен тыңдауды жүзеге асырады. Бұл оқушылардың сыртқы мотивациясын тудыруға өте зор ықпалын тигізеді. Себебі бұл 1-сынып оқушылары болғандықтан, олар көбінесе, ақпаратты визуалды қабылдауға бейім болады.

Тыңдалымнан кейінгі кезеңде оқушыларға көмек ретінде тірек сызбаларын беруге болады, бұл тірек сызбалар оқушының сөйлемді құрап көріп, оның мағынасын түсінуіне ықпал етеді. Қосымша сұрақтар құрастыру, оның жауаптарын қайталату да маңызды болмақ. Тыңдалымнан кейін мұғалім оқушылармен бірге осы ақпарат бойынша саяхат әдісін пайдаланып, тапсырмаларды қайталатуына болады.

«Ана тілінен басқа екінші тілді үйрену кезінде қимыл-әрекетпен ұштасқан ассоциациялық жадыны қолдану арқылы баланың есте сақтау қабілетін жаттықтыруға болады, әсіресе, бұл әдісті кіші жастағы оқушыларға немесе бастауыш сынып оқушыларына қолданған тиімді. Осылайша, 1960 жылы Ашер ойлап шығарған «Тыңдау-көру-орындау» (ТКО) әдісі басқа әдістермен кіріктіріліп, тиімді қолданылған жағдайда мұғалімдер үшін аса тиімді әдістердің бірі болуы мүмкін».

ҚОРЫТЫНДЫ

Баланың тыңдалым дағдыларын жақсарту үшін Крашеннің «Табиғи тәртіп» және Ашердің «Тыңдау-көру-орындау» әдістері аса тиімді болады. Мәселе, «Тыңдау-көру-орындауда» мұғалім қарапайым командалар береді де, оқушылар соны орындайды немесе сұрақты қойып, ол сұраққа кімнің

суреті дұрыс жауап беретінін көрсетуін сұрайды. Мұндай қарапайым тәсілдер оқушының ақпаратты түсінуін және сол арқылы есте сақтауын жеделдетеді. Осы әдістің тағы бір түрі бірнеше сурет беріп, соның тыңдаған мәтінге қайсысы қатысы бар екендігін көрсетіп отыру арқылы түсінуін жақсартуға болады. «Тіл үйренушілер қоғамындағы» пазл әдісі де 1-сынып оқушыларының тыңдалым дағдыларын топ болып шешуге жұмылдыруға мүмкіндік береді.

Тыңдалым оқушылардың басқа дағдыларын қалыптастыру мен дамытудың негізі болып табылады. Тыңдалымды жақсартпайынша басқа дағдыларды дамытуға мүмкіндік болмайды. Сондықтан да ХХІ ғасырдың кең ауқымды дағдыларын игеру үшін алдымен тыңдалым дағдысын қалыптастыру мен дамытуды зерттеп, зерделеп алуымыз керек. Тыңдай білу – мәдениет мәйегі. Талмайтын жаққа тыңдайтын құлақ керек. Ендеше, тыңдай білуге үйрету – бүгінгі мұғалімге сын.

ПАЙДАЛАНҒАН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1 ҚР «Білім туралы» Заңы. Астана, Ақорда, 27 шілде 2007 ж. №319-3 РК // Білім беру мекемесі басшысының анықтамалығы 2007. – №9 (<http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>).

2 ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы Астана, 2010 (http://nkaoko.kz/documents/law_of_education/).

3 Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде орыс тілді мектептердегі «Қазақ тілі» пәні бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016.

4 Қазақстан Республикасында орта білім мазмұнын жаңарту шеңберінде орыс тілді мектептердегі «Қазақ тілі» пәні бойынша педагогика кадрларының біліктілігін арттыру курсының білім беру бағдарламасы. Мұғалімге арналған нұсқаулық. Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2016

5 **Оразбаева, Ф.** Тілдік қатынас: теориясы және әдістемесі, – Алматы, 2000.

Материал 31.05.17 баспаға түсті.

Методология и практика формирования и развития навыков аудирования

¹АО «НЦПК «Орлеу» Институт повышения квалификации педагогических работников по Павлодарской области, г. Павлодар;
²СОШ №3, с. Щербакты, Павлодарская обл.
 Материал поступил в редакцию 31.05.17.

S. K. Shabazhanova¹, A. Sh. Kartova²**Methodology and practice of forming and developing listening skills**

¹Branch of JSC «NCPD «Orleu» Institute for Professional Development of Pavlodar Region, Pavlodar;
²School № 3, Scherbakty, Pavlodar region.
 Material received on 31.05.17.

В статье рассматривается методология и практика развития языкового навыка слушания. В данной статье подробно раскрывается научная сторона навыка слушания и методы совершенствование данного навыка на практике.

The article discusses the methodology and practice of development of language skills of listening. This article reveals the scientific side of the skill of listening methods for improving this skill in practice.

Н. А. Шахметова¹, Г. С. Самсенова²

¹к.ф.н., ассоц. профессор; ²м.г.н., преподаватель, Павлодарский государственный университет имени С. Торайгырова, г. Павлодар
 e-mail: ¹n.shakhmetova@mail.ru; ²gulzhan_samsenova@mail.ru

КОГНИТИВНАЯ ИНТЕРПРЕТАЦИЯ МЕТАФОРЫ В УСЛОВИЯХ ПОЛИТИЧЕСКОЙ КОММУНИКАЦИИ

В статье освещается когнитивный аспект метафоры в условиях политического дискурса. Определяется роль метафоры в формировании личностной модели мира, в отражении особенностей национально-культурного миропонимания, тем самым, в формировании когнитивной модели «Казахстан – государство».

Ключевые слова: метафора, политическая метафора, понятийная сфера область-источник, область-мишень, когнитивная модель, метафорическая модель.

ВВЕДЕНИЕ

Когнитивный подход к языковым фактам рассматривает метафору как один из способов мышления о мире и познания мира.

Метафора пронизывает всю человеческую жизнь. В познавательной деятельности человек осознает неизвестное через известное, абстрактное – через конкретное, то есть происходит перенос знаний из одной содержательной области в другую. Это свидетельствует о том, что метафоры существуют в понятийной системе человека.

Понятийная сфера определенной области знания представляет собой совокупность всех понятий данной области знания. В основе каждой понятийной сферы лежит концептуализация человеком мира в процессе когнитивной деятельности. Изучение метафор поэтому – это вклад в решение более широкой проблемы – взаимосвязи между языком и культурой, так как метафоры отражают особенности национально-культурного мировидения. Целью нашего исследования является определение когнитивной основы метафоры в условиях политического дискурса.

В работе мы попытаемся произвести анализ речи казахстанских политиков, владеющих русским языком и говорящих на данном языке.

В когнитивной лингвистике язык рассматривается как один из видов когнитивной деятельности человека, инструмент когниции, с помощью которого человек кодирует и декодирует информацию, заключенную в

языковых единицах. В языке мыслительные структуры существуют не сами по себе, а материализуются в виде знаков со своей определенной формой. Эта двойственность языка отличает его от других видов когнитивной деятельности человека. Поскольку язык является системой знаков, в которых репрезентируется и обрабатывается информация, его изучение предполагает взаимодействие семиотических и когнитивных подходов. Иными словами, в когнитивной лингвистике речевая деятельность рассматривается как манипулирование внутренними когнитивными структурами сознания (когнитивными моделями, ментальными репрезентациями и т.п.) [см. работы М. Минского, У. Чейфа, Е. С. Кубряковой, З. Д. Поповой, И. А. Стернина, В. А. Масловой, М. В. Пименовой, А. П. Чудинова; С. Е. Исабекова, З. К. Темиргазинной и др.].

В когнитивном аспекте особый интерес представляет изучение единиц метафорического плана, так как метафора является способом познания мира. «Метафора в лингвистике является таким объектом, на котором пересекаются все указанные проблемы, она напрямую связана с мышлением и особенностями его языковой реализации», – отмечает российский исследователь С. А. Хахалова [1, с. 7]. Анализ культурной и научно-исторической традиции изучения метафоры, складывавшейся на протяжении ряда столетий, дает возможность выяснить философские основания методологического характера, без которого невозможен подлинно научный анализ метафоры в теории языка. Феномен метафоры рассматривается именно с этой позиции и вводится ее определение: **метафора** – это ментальная операция, которая объединяет две понятийные сферы и создает возможности использовать потенциал сферы-источника при концептуализации новой сферы, сферы-мишени. Здесь уместно отметить, что область-источник – исходное значение, дающее стимул возникновению вторичного значения, область-мишень – результат метафорического переноса.

Таким образом, исследование метафоры – это понимание процесса мышления, понимание представления картины мира, так как изучение ее в практической речи – это обращение к мышлению, познанию и сознанию человека. «Метафора – это ключ к пониманию основ мышления и процессов создания не только национально-специфического видения, но и его универсального образа» [2, с. 6].

ОСНОВНАЯ ЧАСТЬ

В настоящей статье мы попытаемся построить когнитивную модель «КАЗАХСТАН – ГОСУДАРСТВО» на основе выявления следующих метафорических моделей: «КАЗАХСТАН – ПРИРОДА», «КАЗАХСТАН – АРТЕФАКТ», «КАЗАХСТАН – ЧЕЛОВЕК». Выявленные метафорические

модели формируются на основе понятийных сфер «Природа» – 19,66%, «Артефакты» – 10,85%, «Человек» – 69,49% (см. рисунок 1).



Рисунок 1




Рисунок 2

Метафорическая модель «КАЗАХСТАН – ПРИРОДА» построена на основе понятийной сферы «Природа», которая делится еще на 2 подсферы: **неживая природа** (11,86 %) и **живая природа** (7,8 %).

В примеры, составляющие неживую природу, входят метафоры, характеризующие состояние земли, формы рельефа, особенности почвы, климата и погоды, метеорологические условия, богатства недр Земли, различные стихии. Например: *Уверен, на этой вот благодатной почве и возник «шанхайский дух»* (Н. Абыкаев // КП. 2011. № 187); *Без сомнений, вызовы энергетической безопасности и экологической устойчивости поменяют энергетический ландшафт* (К. Бурханов // КП. 2011. № 319); *История казахстанско-китайской границы в прошлом таила в себе немало «закрытых» страниц, в недрах которых остались и взаимные претензии, пограничные конфликты, недопонимания...* (К. Султанов // КП. 2014. № 131).

Языковой материал, представляющий живую природу, состоит из **зооморфных** и **фитоморфных** метафор.

Зооморфная метафора является одной из наиболее популярных моделей метафорической номинации, когнитивным источником которой служит образ животного, перенесенный на человека. В ней, с одной стороны, образу животного приписываются антропоморфные свойства (черты характера, поведения, образа жизни человека), с другой стороны, этот образ проецируется на человека, которому приписываются зооморфные характеристики (повадки, нрав, внешний вид животного). Например: *При этом, глядя на то, как Астана простирает свои крылья над прошлым, настоящим и будущим, можно сказать, что сегодня она является столицей не только казахского государства, но и становится ею для всего Евразийского пространства* (Ж. Ергалиев // КП. 2014. № 126); *Учитывая, что влияние религии будет усиливаться во всем мире, нам надо не плестись*

в хвосте событий, а работать на опережение (К. Бурханов // КП. 2011. № 278); *За годы независимости Казахстан вошел в число динамически развивающихся государств, а по ряду показателей «поджимает» азиатских «тигров»* (Б. Сагинтаев // КП. 2011. № 267).

Следует отметить, что зооморфная метафора понимается как зооним, используемый в качестве номинации для метафорической характеристики кого-либо или чего-либо. В нашем случае – государства. Использование ее в политической коммуникации заключается в том, какие реалии необходимо обозначить и какие эмотивные смыслы востребованы той или иной политической ситуацией.

При сравнении Казахстана как государства с растением происходит перенос признаков растения на всю страну.

Традиционно *корни* символизируют источник силы и могущества дерева, именно благодаря корням живет верхушка дерева, развиваются его ветви. В политической метафоре при помощи этого образа часто отражаются причинно-следственные связи, ср.: *Глава государства всегда смотрел в корень вопросов по становлению судебной системы и принимал максимальные меры по их решению на текущий момент* (К. Мамаи // КП. 2014. № 118); *Однако это – следствие, а причины явно уходят своими корнями гораздо глубже...* (С. Нугербекоев // КП. 2014. № 113).

Образ ветви, имеющий место в политическом дискурсе, – это ветви власти. Обычно эта метафора акцентирует некоторое «равноправие ветвей», что предполагает связь, сотрудничество: *В Конституции были четко разграничены три «ветви» власти – законодательная, исполнительная и судебная* (А. Жолшибекоев // КП. 2011. № 308-309); *Депутаты Парламента обеспечивают постоянную связь законодательной ветви власти с гражданским обществом* (К. Мамаи // КП. 2013. № 217).

Семена и зерна, как и корни, часто метафорически обозначают причины каких-то процессов; соответственно цветы, и особенно *плоды*, – это символ результатов. Ср.: *Сейчас мы, можно сказать, на пике религиозности, которая пришла в страну после десятилетий атеизма, наш народ в целом становится более образованным, и я думаю, он сможет отделить зерна от плевел* (К. Бурханов // КП. 2011. № 278); *Глава государства справедливо отметил, что действующая Конституция является «золотой спорой» нашей государственности* (К. Мамаи // КП. 2011. № 272-274).

Жизненный цикл растения обозначает динамику развития страны. Экономическое благополучие государства рассматривается как его рост и концептуализируется как нечто положительное: *Наша страна имеет серьезные основания и обладает огромным потенциалом для «зеленого» роста* (М. Елеусизов // КП. 2012. № 201-202). ...*Неутомимой энергией*

созидания Нурсултан Абишевич работает и достигает цели во имя процветания своего народа во всех направлениях современных вызовов (К. Султанов // КП. 2014. № 131).

Отождествление страны с растением происходит по признаку вертикального расположения в пространстве.

Рост – это движение вверх, то есть, можно сказать, что любая страна в целом наделяется пространственными признаками: у нее есть некий *низ*, обозначающий ухудшение, изменение ситуации к худшему, и есть *верх*, обозначающий благо: *Экономика – дама чрезвычайно осторожная и расцветает только под охраной неукоснительно исполняемых умных и суровых законов. Она не любит «чрезвычайщины» и быстро чихнет от административных мер* (Г. Касымов // КП. 2014. № 131).

Мировидению казахского народа, как и русского, свойственно представление взаимоотношений людей внутри социальной системы именно в виде вертикальной оси, на которой «располагаются» группы от руководителя государства до населения снизу вверх по принципу подчиненности.

Дж. Лакофф и М. Джонсон описали концепт власти в терминах вертикальной оси: «В терминах вертикали обладание властью – это верх, объект власти – это низ. Физический размер коррелирует с физической силой, и победитель в битве типологически «располагается вверху» [3, с. 388]. Обладая властью Президент Казахстана, как и российский президент, воспринимается носителями языка как находящийся наверху, а все, что ему подвластно, – внизу. Таким образом, власть – это верх, ср.: *Степашину откроется прямая дорога на думский верх. Геннадий Андреевич никогда не искал путей наверх*.

Конечной точкой движения политических субъектов является, как правило, некая субстанция, обозначенная лексемой 'верх'. Наверх стремятся все политические деятели, без исключения.

«Хорошо – это верх; плохо – низ; счастье, здоровье, жизнь, власть – все, что хорошо для человека – концептуально соотносится с верхом» [там же, с. 388-389].

Метафорическая модель «КАЗАХСТАН – АРТЕФАКТ» построена на основе понятийной сферы «Артефакты», которую составляет 32 примера из всего языкового корпуса. Понятийная сфера «Артефакты» подразделяется на *целое* и *механизм* (см. рисунок 2).

Казахстан как целое представлен в образе дома: *Все эти годы журналисты своим талантом и энергией, высокой ответственностью и активной гражданской позицией вносили достойный вклад в укрепление мира и согласия в нашем общем доме...* (К. Саудабаев // КП. 2011. № 202);

Мы находимся на стыке экономик и культур, эта страна – дом для людей различных религиозных и расовых происхождений, и поэтому в регионе, который отличается нестабильностью, мы, Казахстан, – единственное стабильное государство (К. Масимов // КП. 2011. № 183–184) и др.

Дом / үй / шаңырақ – важнейший концепт в человеческом сознании. На наш взгляд, он обладает всеми признаками для метафорического моделирования:

1) домашнее пространство четко структурировано. Организация его повторяет структуру внешнего мира, трехчленную модель мира;

2) концепт «дом» обладает высоким культурным ореолом (оттенки значений, ассоциации). Дом как символ семейного благополучия находится в кругу «вечных» интересов человека;

3) как концепт дом обладает высоким эмоциональным потенциалом: отчий дом, собственный дом, семейный очаг, домочадцы, семейный быт, обустройство дома / шаңырақ, қара шаңырақ, енші, ұрпақ, ұрпақ жалғастығы, ұрпақ сабақтастығы и т.д.

4) дом – это основная, наиболее естественная и комфортная сфера существования человека и его семьи.

Дом является важным концептом в системе человеческого опыта. Метафорическое представление общественных реалий в виде дома является традиционным для казахстанской политической речи образом, который связан с описанием казахстанского государства и системы общественного устройства страны. Дом в целом часто выступает в качестве целостной государственной системы. При этом казахстанское государство характеризуется как большой жилой дом, в котором дружно проживают народы Казахстана: *Ведь именно под его выдающимся лидерством за годы независимости в нашем общем многонациональном доме царят мир и согласие, стабильность и созидание* (М. Кул-Мухаммед // КП. 2011. № 179) и др.

В политическом дискурсе Казахстан представляется как механизм в различной степени его эффективности:

1) Государство как отлаженный механизм: *Именно поэтому межконфессиональный и межкультурный диалог становится все более востребованным инструментом выстраивания цивилизованных отношений между различными частями света, важным фактором единства и согласия в мировом масштабе* (К. Мамаи // КП. 2011. № 195); *Но в процессе, конечно, возникает много вопросов, механизм нужно улучшить* (К. Масимов // КП. 2011. № 190-191); *Конечно, задача стоит непростая. Есть инструменты и опции, которые, может быть, требуют «доводки»* (М. Пшембаев // КП. 2011. № 318); *Опыт взаимодействия государства с*

религиозными объединениями и представителями различных конфессий высвечивает несколько «слабых звеньев» в этом процессе (С. Ибрагимов // КП. 2011. № 313) и др.

Анализ языкового материала показывает, что механизм (это может быть какой-либо инструмент), лежащий в основе метафоры, может использоваться в контекстах, связанных с призывами проанализировать причины каких-то негативных моментов, мешающих развитию страны, и, наконец, отладить работу механизма, то есть государства в целом.

2) Государство как мощный движущийся механизм: *Но благодаря решительности и воле Президента механизм реформ все же был запущен, и вскоре они стали необратимыми, послужив основой строительства демократического общества* (К.-Ж. Токаев // КП. 2014. № 130); *Отказываясь от интеграции со старыми и надежными партнерами, мы тем самым опять становимся в позицию «догоняющих» теперь уже мировой «лайнер» экономического и социального прогресса, так как сами будем пытаться стать всего лишь национальным экономическим локомотивом* (Е. Сагиндыков // КП. 2014. № 17); *Вот, скажем, в советское время работала идеологическая машина, хорошая или плохая, это уже другой вопрос, но она работала* (К. Бурханов // КП. 2011. № 278).

В данной модели государство и властные структуры, та или иная политическая партия (движение, объединение, группа единомышленников) представляются политиками как мощный механизм, опережающий, «догоняющий» другие страны, партии, целые регионы. Такой обобщенный образ может конкретизироваться в виде лайнера, локомотива и т.д.

3) Вовлечение субъекта в управление государством как механизм: *И Глава государства имеет полное право и все фундаментальные рычаги, чтобы принимать адекватные меры* (Е. Ертýсбаев // КП. 2011. № 411); *Нам удалось сделать главное – раскрутить «маховик» развития инноваций настолько, что эта идея стала овладевать мышлением населения и стилем экономики Казахстана* (А. Исекешев // КП. 2011. № 394-395); *Реформа «перезагрузит» все субъекты технического регулирования...* (С. Нокин // КП. 2013. № 218–219); *Сложившаяся ситуация позволяет сделать вывод, что национальной системе образования нужна основательная перезагрузка* (В. Бишимбаев // КП. 2014. № 134).

